

**2022 ЖЫЛЫ 2 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН  
«ХХ Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК  
ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-  
СҮРГІН: ЖАҢАҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМ  
КӨЗҚАРАСЫМЕН ЗЕРДЕЛЕУ МЕН  
ЗЕРТТЕУ»АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ«ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ  
В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ В  
ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ ХХ В: ИЗУЧЕНИЕ И  
ИССЛЕДОВАНИЕ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ  
НОВОКАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА»**

УДК 94(574)  
ББК 63.3(2)  
Ж66

2022 жылы 2 желтоқсан күні өткізілетін «XX ғ. бірінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңақазақстандық қоғам көзқарасымен зерделеу мен зерттеу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022. – 312 б.

СБОРНИК ТРУДОВ научно-практической конференции «**Политические репрессии в Южно-Казахстанском регионе в первой половине XX в: изучение и исследование с точки зрения новоказахстанского общества**» - Шымкент: Типография «Әлем», 2022. – 312 с.

#### **РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

##### **Бас редактор:**

Қожамжарова Д.П., М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма басшысы - ректор, тарих ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Шымкент қаласы әкімдігінің жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия мүшесі

##### **Редакциялық алқа мүшелерінің құрамы:**

Жанысбекова Г.А., Шымкент қаласы әкімдігінің жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның жұмыс тобының жетекшісі, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғ.к.; Исабек Б.Қ., ОҚМПУ Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор, тарих ғ.к., доцент, профессор м.а.; Әлібек С.Н., М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры, тарих ғ.д., профессор; Найманбаев Б.Р., т.ғ.д., профессор; Айтай Б.С., «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының доценті, тарих ғ.к.; Таштанов Ж.Ә., М.Әуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторант; Пазилов Е.Ж., М.Әуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторант; Орынбасарова Г.Ж., ОҚМПУ «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғ.к.; Жұмабеков М.У.-М.Әуезов атындағы ОҚУ «Саясаттану» кафедрасының доценті, тарих ғ.к.

#### **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

##### **Главный редактор:**

Қожамжарова Д. П. Председатель правления – ректор ЮКУ им. М.Ауэзова, д.и.н., профессор, академик НАН РК; член комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий при акимате города Шымкент

##### **Состав членов редакционной коллегии:**

Жанысбекова Г.А., руководитель рабочей группы комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий при акимате города Шымкент, к.и.н., руководитель Центра «Рухани жаңғыру и Ассамблея народа Казахстана» ЮКУ им. М.Ауэзова; Исабек Б.К. Член правления ЮКГПУ-проректор по стратегическому развитию и социальным делам, к.и.н., доцент, и. о. профессора; Алибек С.Н., директор колледжа ЮКУ им. М.Ауэзова, д.и.н., профессор; Найманбаев Б.Р., д.и.н., профессор ЮКГПУ, Айтай Б.С., доцент кафедры «Всемирная история и религиоведение» ЮКГПУ, к.и.н., Таштанов Ж.А., старший преподаватель кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М. Ауэзова, PhD докторант, Пазилов Е.Ж., старший преподаватель кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М.Ауэзова, PhD докторант; Орынбасарова Г. Ж., заведующий кафедрой «Всемирная история и религиоведение» ЮКГПУ, к.и.н., Жұмабеков М. У., доцент кафедры «Политология» ЮКУ им. М. Ауэзова, к.и.н.

**ISBN 978-9965-865-43-5**

## **ҚОЖАМЖАРОВАДАРИЯ ПЕРНЕСҚЫЗЫ,**

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма басшысы-ректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Шымкент қаласы әкімдігінің жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия мүшесі, «Аманат» партиясы Шымкент қалалық филиалының Партиялық бақылау комиссиясы жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы**

### **ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1997 жылы Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялады. Осыған орай тарихымыздың көлеңке беттері қайтадан ашылып, елеусіз, ескерусіз келген халқымыздың біртуар азаматтарының көптеген еңбектері жөнінде біле бастадық. Олардың еңбектері көп зерттеуді қажет етеді. Ал біздің шарықтап көкке желбіреткен еліміздің тарихы тереңде жатыр. Тарихқа үңілмей, болашаққа жол тарту мүмкін емес. Қазіргі осы күнге жету үшін қандай бұралаңдаған жолдар өткенін білу жас ұрпақтың міндеті деп білеміз.

2020 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Осыған орай Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік республикалық өңірлік комиссиялары құрылды. Бұл дегеніміз тарихи әділдікті қалпына келтіру ісіндегі еліміздің кезекті нақты қадамы. Сол жылдардағы қуғын-сүргін кезіндегі істердің бұқаралығы, жабықтығы, құпиялығы өкінішке орай, еліміздің тарихында көптеген ақтаңдақ қалдырды.

Қазақ халқының тарихында еліміздің, ұлтымыздың болашағы үшін күресіп, барынша тер төккен азаматтарымыз аз болмады. Дегенмен, ұлтының көсегесін көгертпек болған

арыстардың есімі сол кездегі сұрқия саясаттың ықпалымен ұзақ жылдар бойы тасада қалып келді. Қазақстан аумағы жаппай қуғын-сүргінге ұшырағандар мен жер аударылған әлеуметтік топтар мен «сенімсіз» халықтардың көшірілу нысанына айналды. Бұл қасіреті қазақ халқының тарихында мәңгі қалатыны даусыз. Өйткені, саяси репрессияның салдарынан қаншама жазықсыз азаматтар «халық жауы» деген атпен атылып, олардың отбасы ойран болды. Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік-тоталитарлық идеология үстемдік құрып тұрған кезде, бұл тақырып зерттелгенімен де оның төңірегіндегі ақтандақтар толық ашылмағаны бәрімізге мәлім. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі түбегейлі өзгерістер қоғамда мүлдем жаңа жағдайды қалыптастырды. Ұзақ уақыт бойы тұмшаланған ақиқат ашылып, шынайы тарихи зердені біртіндеп қалыптастыру жүзеге асырылуда. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялылары мен сол тақырып төңірегіндегі ақтандақтарға тарихи шындық тұрғыдан зерттеулер жүргізілуде.

1993 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңға қол қойды. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау тек Қазақстанның өз тәуелсіздігі мен егемендігін алғаннан соң мүмкін болды. Сондықтан саяси қуғын-сүргін құрбандары мен ел бостандығы мен гүлденуі жолында құрбан болған қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерін, тарихи тұлғаларды ардақтау, олардың есімдерін халық есінде мәңгі қалдыру мақсатында республикамызда саяси қуғын-сүргін музейлері құрылды. Аталмыш мақсатта Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында ашылған саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі мен оның бүгінгі тыныс тіршілігін қарастырамыз. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жыл толуына орай 2001 жылы 2 қарашада Шымкент қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі ашылды. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау тек Қазақстанның өз тәуелсіздігі мен егемендігін алғаннан соң мүмкін болды.

XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін қазақ халқының тарихында қасіретімен мәңгі қалатыны даусыз. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдарынан бастап қазақ даласында жаңа тұрпатты мемлекет құруға қадам жасады. Ал оның жемісті дамуына, отандық мәдениетіміздің ілгерілеуіне барынша ат салысқан қазақ зиялылары, қоғам қайраткерлері сталиндік тоталитарлық режимнің қысымына ілінді. Оларға «буржуазияшыл», «ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, жер аударылды. Сол қанды да қасіретті зұлматқа келесі жылы 80 жыл болады. Осындай ауыр қасіреттің, нәубеттің тарихын, маңызын білмей, тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, құндылығын түсіне алмаймыз.

Шымкенттегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі тарихымызбен етене байланысы бар мекеме, сондықтан мұнда қаңқұйлы жылдардың оқиғасы, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдері, қазақ зиялыларының демократиялық мәндегі еңбектері мен ұлттың мәдени құндылықтарымен толық танысуға негіз бар.

Қазақ зиялыларының тағдырына ауыр соққылар, тоталитаризмнің кешірілмес қылмыстары Голощекиннің 1925 жылы өлкелік партия комитетіне келуімен басталды. Артынша ол Алаш қозғалысының басшыларына қарсы күресті қолға алып, 1929-1931 жылдары ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессияның бірінші толқынын ұйымдастырса, 1932 жылы қолдан ұйымдастырған аштықпен халықтың жартысын қырып жіберуге қол жеткізді. Әмірші-әкімшіл жүйенің барша мәнді белгілері-саяси қуғын-сүргін, шаруаны меншіктен ажырату, еш кінәсі жоқ адамдардың өмірін қию, ұлттық мәдени құндылықтарын аяқ асты қалдыру, бір адамның шексіз билігін орнату, тағы басқалар Голощекин басқарған жылдары Қазақстан үшін қалыпты тәртіпке айналады. 1930 жылғы 19 ақпанда БК (б) П Орталық Комитеті Қазақстанда «Қуатты шаруалар мен байларға қарсы күрес жүргізу туралы» шешім қабылдады. Осы шешім негізінде Қазақстан аумағында қуатты шаруа және байларға қарсы күрес науқаны басталды. Күштеп зорлықпен ұжымдастыруға жергілікті халық қарсылық көрсетті. Сондай шаруалардың ірі көтерілісі Оңтүстік өңірінде болған Созақ көтерілісі еді. Көтеріліске қатысты құжаттар көшірмесі, еңбектер, естеліктер, фотосуреттер музейдің экспозиция залына қойылған.

1932 жылы Қазақстандағы жаппай ашаршылық, одан қырылған қазақтар саны 2 миллионға жуық болса, қазақ даласынан шет жерлерге (Орта Азия, Ресей, Қытай, Иран) көшіп кеткен босқындар саны 1 млн 100 мыңдай шамасында болды. Ал, 1937 жылы жүзеге асырылған «халық жауларына» қарсы күрес белгілі қоғам, мемлекет, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерімен қатар сан мыңдаған қатардағы азаматтарды қамтып, оларды ұзақ мерзімдерге ГУЛАГ лагерьлеріне айдады, түрмелерге жабты, ату жазасына кесілді. Қазақстанда Карлаг, Степлаг, АЛЖИР сияқты лагерьлер жүйесі жасалды. 1937 жылдың қуғын-сүргінінде жазықсыздан жала жабылып, қазақ азаматтарын «халық жауы» есебінде атылып қана қоймай, олардың туған-туыстары да репрессияға ұшырап жатты. Осы жантүршігерлік оқиғалар заңдылық жүйелердің бірі НКВД басшысы Н.Ежовтың 1937 жылдың 15 тамызындағы №00486 жасырын бұйрығы. Мұнда әскери трибунал Отанға опасыздық жасады, тыңшылдық-диверсиялық ұйымдардың мүшесі болды деп есептеген, сөйтіп ату жазасына кесілген немесе он жылға сотталған қылмыскерлердің отбасын жауапқа тарту көзделген. Жаппай қуғын-сүргін мен террор кеңестік жүйенің сұрақы саясаты болды. «Жүгенсіз» идеология мен таптық күрестің әдісі, үкімет билігін бір қолға жұмылдыру адам өмірінің бағасын құлдыратып жіберді де халықтар мен әлеуметтік топтардың, әртүрлі таптардың сан алуан мүдделері мен пікірлерін аяқасты еткені тарихтан белгілі.

Комиссияның Шымкенттегі өкілдері бірқатар жұмыстар атқаруда. Олар Түркістан облысы мен Шымкент қаласының архивтеріндегі құжаттарды зерттеп жатыр. Оның ішінде «Созақ көтерілісіне» қатысқандар, қуғынға ұшырағандар, тағы басқа да босқындар бар. Біз өз өңірімізде қуғынға ұшырағандарды тарихи тұрғысынан да, заңды түрде де толық ақтауымыз керек. Айта кетейік, Шымкент қаласында құрылған комиссия құрамында 18 тарихшы бар. Олар – 1921-1954 жылдар аралығындағы тарихи оқиғаларды зерттеп жүрген арнайы мамандар.

Ұлттық сана мен ұлтжандылықты Қазақстан халқының бойына дарыту үшін Ұлы дала тарихын ұрпақ санасында сіңіру керек. Қазіргі таңда сол ашаршылықтың құрбандары мен қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мақсатында биыл Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастама көтеріп, арнайы комиссия құру арқылы көптеген шаралар жүзеге асырылып келеді.

## **ҚАСЫМОВ САБЫР АХМЕТЖАНҰЛЫ,**

**Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі,**

**Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің басшысы,**

**Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, заң ғылымдарының кандидаты**

### **ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!**

Бүгінгі «XX ғасырдың бірінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңақазақстандық қоғам көзқарасымен зерделеу мен зерттеу» атты конференцияның Шымкент қаласында өткізілуі өте маңызды. Өйткені бұл өңір, қазақ халқының тарихи оқиғаларына толы қасиетті жер. Кеңестік кезеңдегі ұлттық құндылықтардың басылып, атеизмнің дәуірілеп тұрған уақытында, қазақ халқы тығыз орналасқан, тілін және ұлттық болмысын сақтап қалған өңірлердің бірі және бірегейі оңтүстік өңірі екені баршамызға белгілі. Бүгінгі күнде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысының келесі 2023 жылы да жалғасып, толыққанды жүргізілуіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесші, Мемлекеттік комиссияның төрағасы Е.Кариннің берген бірқатар тапсырмаларында өңірлік комиссиялардың атқарар ролі зор екендігі атап көрсетілген. Осыған орай, қуғын-сүргін құрбандары мен жапа шеккендер әрі қарай зерттеледі деп сенеміз. Бүгінгі күні, қажетті құжаттарды облыстық, қалалық және аудандық архивтерден алуға әлі қолымыз жетпей жатыр. Сондықтан, аталған архивтердегі қажетті құжаттарды көтеруге ұлтжанды жергілікті билік пен өңірлік комиссия ықпал етуі қажет. Мемлекеттік комиссияның Жобалық офісі республика бойынша он бағытта жұмылдырылған ғылыми-зерттеу жұмыс топтарына әдістемелік бағыт бере отырып Шымкент өңірі тарихын зерделеуін басты назарда ұстауда. Мемлекеттік комиссияның 10 тобының 5-і шаруалардың, қарапайым өмірлік тіршілікпен айналысқан ауыл халқының қуғын-сүргінге ұшырауын

зерттеп келеді. Еліміздің өңірлеріндегі, оның ішінде ғылыми зияткерлік қауымның орталығы болғандықтан архивтік материалдар көп жинақталған Шымкент қаласында Өңірлік комиссиясының ұйымдастырылуы да Президент Жарлығының орындалуына бағытталған ауқымды істердің қолға алынуы. Кеңес үкіметіне қарсы көтерілістермен қатар, тәркілеуге, күштеп отырықшылық жасауға, күштеп ұжымдастыруға және басқа большевиктік-сталиндік биліктің авантюралық іс-шараларына қарсы халықтың бас көтерулері әскерилермен қарулы күш қолдану арқылы, аяусыз басып, жаншылғаны анықталуда. Кеңес үкіметінің барлық уақытында Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі және территориялық тұтастығы үшін күресушілерге қатысты жазалау іс-шаралары үнемі жүргізілгендігі бүгінгі тарихшы ғалымдарымыздың зерттеулерімен дәлелденіп келеді.

Осы уақытқа дейін елімізге күштеп әкелінген көптеген басқа ұлттар өкілдері ақталып жатқан кезде, туған елінен қудаланған 1 млн 130 мың өзіміздің қазақ қандастарымыз ақталмаған. Олар көршілес елдер мен алыс шетелдерге шекара асып, бас сауғалап қашып, сол елдерден пана тапқан. Өңірлік комиссия барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, басқа елдерге кеткен босқын қазақтардың санын анықтауы керек. Қазіргі кезде өңірдің мол архив қоры шоғырланған үлкен потенциалы Шымкентте болғандықтан, біздің Түркістан және Шымкент өңірлік комиссияларымыз ғылыми зиялы ортаның мүмкіндіктерді тиімді пайдалана алады деп сенемін.

Бүгінгі күні Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшыларының алдын-ала мәліметі бойынша, әлі де ақталуға жататындардың саны 3 млн-нан асып тұр (құрбан болғандар мен зардап шеккендер).

1928-1932 жылдары большевиктік-сталиндік биліктің «Қазақстандағы Кіші Октябрь» саяси бағдарламасын іске асыруға бағытталған шаралары, Қазақ халқын үлкен қасіретке апарғаны сіздерге белгілі. Сол кезеңдегі Қазақ Автономиялық Республикасының жетекшілерін большевиктік-сталиндік билік бір-біріне айдап салу арқылы ел ішіне іріткі салып, елге тұлға болар көзі қарақты интеллигенцияның бірігуіне қарсы астыртын әрекеттері нәтижесінде олар ұлттық мүдде үшін біріге алған. Мысалы, олар Ходжановшылар, Садуақасовшылар және Нұрмақовшылар деп айыпталды. Ондай құжаттарға тиісті мамандардың әділ бағасы берілетін болады.

Қазіргі кезде Президент Жарлығының талаптарын орындау мақсатында, қуғын-сүргін құрбандары мен жапа шеккендерді анықтау жұмыстарына кедергі келтіретін шектеулер әлі де бар. Сондықтан, Саяси қуғын-сүргін құрбандары толық ақтауға заңды күш беретін заң жобасын әзірлеу жұмысы кезек күттірмейтін мәселе екендігі баршаңызға аян. Еліміздің оңтүстік өңіріндегі жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау – Қазақ халқы үшін саяси және тарихи маңызы бар, өте жауапты миссия болып табылады. Оны абыроймен орындау, бізге табыс етілген ата-бабаларымыздың аманаты деп түсінуіміз қажет. Соған баршаңызды шақырамын.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі тарихи маңызы бар іс-шараларыңыз қарымды ой мен өзіндік ортақ пікір алаңы болатынына сенімдімін.

Конференция жұмысы нәтижелі және жемісті болсын дегім келеді!

**БЕРІК ӘБДІҒАЛИҰЛЫ,**  
**Ұлытау облысының Әкімі, саясаттану ғылымдарының кандидаты**

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Құрметті ғылыми қауым!

Бүгін Оңтүстік өңірі, Шым қалада жаппай саяси қуғын-сүргін мәселелері бойынша ғылыми ойларыңыз бен көзқарастарыңызды ортаға салып, талдау жасауға жиналған екенсіздер. Осындай елеулі, игілікті істеріңізбен баршаңызды шын жүректен құттықтай отырып, конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

«XX ғасырдың бірінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңа қазақстандық қоғам көзқарасымен зерделеу мен зерттеу» деп аты айтып тұрғандай бұл халықаралық ғылыми конференцияның күн тәртібі де, көтерер жүгі де салмақты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның өңірлердегі жұмысшы топтары зерттеу жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізіп келеді деп айтуға толық негіз бар. Еліміздің Оңтүстік өңіріндегі орын алған саяси қуғын-сүргін мәселелерін зерттеп, зерделеу архив құжаттарының негізінде дәйектеліп, ізденістердің жаңа жолына серпін берді. Кеңестік кезеңдегі солақай саясаттың салдарынан қуғын-сүргін көрген, жазықсыз жапа шеккен күні – бүгінге дейін архив қорларында елеусіз жатқан тұлғалардың елі үшін еткен еңбектерін елеусіз қалдырмау бағытындағы істер өз жалғасын таба беруі тиіс.

Олардың елі үшін, халқы үшін сарп еткен өмірі мен қызметтерін кейінгі жастарға жеткізу, елге таныту негізгі міндеттеріміздің бірі.

Сондықтан да мұндай конференцияның алар орны ерекше. Барлық атқарар істеріміз келешек ұрпақ пен еліміздің игілігіне жарай берсін!

Конференция жұмысына тағы да табыс тілеймін!



## **ҚОЙГЕЛДИЕВ МӘМБЕТ ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ**

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі**

### **Қазақстандағы саяси репрессияның сипаты мен ерекшеліктері.**

(Мемлекеттік комиссияға ұсыныс ретінде)

**Кіріспе.** Советтік идеологиялық аппарат Октябрь (1917) революциясына дейін қазақ қоғамында саяси өмір болған жоқ, соған сәйкес саяси басшылық та болған емес, большевиктер партиясы мен Совет өкіметі қазақ халқы үшін атқан таң, шыққан күнмен тең еді деген уағыздан танған жоқ. Осы арнада қалыптасқан қоғамдық пікір қазақ даласынан әлі де біржола кете қойған жоқ.

Мемлекет басшысының шешімімен құрылған комиссия қарастырып отырған тақырып советтік идеологиядан қалған жүктен аз да болса құтылуға бастайтын әрекет деп білемін.

Құдайға шүкір, қазақ қоғамындағы тарихи жағдай советтік идеологтар айтқандағыдай емес-тін. 1917 жылдың, яғни совет өкіметінің орнауы қарсаңында қазақ жерінде қазақ деген халық – ұлт болды. Оның өмір сүру салты, өзінің болашағы үшін күрес тәжірибесі де аз емес-тін. Бұл біріншіден.

Екіншіден, XX ғасыр басында бүкіл Азия, шығыс елдерінде байқалған ояну процесі қазақ қоғамында да көрініс тапты. 1909 ж. Санкт-Петербургте Абайдың шығармалар жинағы, А.Байтұрсынұлының «Масасы» және Уфа қаласында М.Дулатұлының «Оян,Қазағы» жарық көрді.

1911 ж. «Айқап» журналы, 1913 ж. «Қазақ» газеті шыға бастады. Осы басылымдар арқылы ендігі уақыттағы ұлттың өмір сүру бағдарламасы дискуссия тақырыбына айналды. Жалпыұлттық сиез өткізу мәселесі күн тәртібіне қойылды.

«Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан шығармашылықтағы күштер қазақ ұлт-азаттық идеологиясын қалыптастыру ісін қолға алды. Қазақ зиялылары арасынан Мемлекеттік думаға депутаттар сайланып, олар парламент мінберінен қазақ мәселесін көтерді, бұл істе олар орыс, поляк және татар демократиясының қолдауына сүйенді. Ресейдің саясат кеңістігінде қазақ, жалпы Түркістан халықтарының саяси құқы туралы мәселе көтерілді. 1916 жылғы бүкіл Орта Азия өңірін құшағына алған ұлт-азаттық қозғалыс тұсында ұлтқа жол көрсету ісінде, дүниежүзілік соғыс даласына қара жұмысқа алынған мыңдаған жұмысшыларға көрсеткен белсенді қызметі арқылы ұлт зиялылары өзін саяси күшке айналғандығын дәлелдеді.

Міне осы келтірілген тарихи фактілер қазақ қоғамында тегеурінді саяси басқарушы күштің өмірге келгендігінің нақты айғағы болатын.

Кезінде советтік идеология айтуға тиым салған бұл тарихи ақиқатты бүгін жоққа шығара алатын күш табыла қояр ма екен! Ондай күш жоқ! Өйткені бұл ақиқатты растайтын тарихи фактілер том-том болып кітап сөрелерінде тұр.

Бұл фактілерді біз не үшін келтіріп отырмыз. Оның мынадай екі себебі бар. Біріншіден, советтік идеология, сондай-ақ оның бүгінгі мұрагерлері ақиқатқа айналған бұл фактілерді әлі де болса тоңмойындық танытып есепке алғысы жоқ, көрсе де көрмегендей сыңай танытады. Екіншіден, қалыптасып үлгерген ұлттық саяси топ империядағы саяси дағдарыс жағдайында ұлт өмірін жаңа арнаға салуға қатысты толық негізді бағдарлама ұсынды.

Қазақ шындығына үйлесімді және заман сұранысына жауап бере алатын мұндай мазмұндағы бағдарламаны бірде-бір империялық партиялар ұсына алған жоқ және ұсына да алмайтын еді. Ондай бағдарлама 1917 жылдың соңында империя көлеміндегі билікке таласқа түскен большевиктер партиясында да болған жоқ-тын. Өйткені ресейлік саяси партиялар қазақ қоғамының ішкі өмірі мен оның табиғи сұраныстарынан мүлдем алыс тұрды. Саяси репрессиялардың себеп-салдарын бүгін алдымен осы себептерден іздеген әділетті болмақ.

### **I. Интеллектуалдық кеңістіктегі қарсыласу. Қазақ шындығына қатысты екі көзқарас, екі ұстаным.**

Бұл мәселені тура түсіну XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы саяси қозғалыстың табиғатын айқындап алуға тәуелді. Қазақ қоғамындағы саяси қозғалыс барлық сыртқы көріністермен ұлт-азаттық сипат алып, күн тәртібіне қазақ өміріне қатысты ең өзекті деген екі мәселені бетке шығарды. Олар, біріншіден, ресейлік билік тарапынан қарқынды түрде жүргізілген қазақ жерін отарлау ісіне шек қою және екіншіден, қазақ халқына ішкі мәселелерін өзіне шешуге мүмкіндік беретін мемлекеттік басқару түріне қол жеткізу болды.

Міне бұл екі доминантты мәселе жалпыимпериялық күшке айналған большевиктер партиясы мен қазақ азаттық қозғалысы басшылығы арасындағы бітіспес қайшылыққа жолықты, сондай-ақ олардың мұндай қайшылыққа жолығуы толық заңды да еді.

1. **Марксистер** адамзат тарихы – бұл тапаралық күрес тарихы, өз ретінде ол пролетариат диктатурасының орнауына соқтырмай қоймайды деген ұстанымда болып, ал большевиктер партиясы бұл қағиданы империя құзырындағы барлық халықтардың өміріне енгізу жолына түсті.

2. Өз ретінде Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған **азаттық қозғалысының басшылығы** коммунизм идеясын қазақ қоғамына мезгілсіз жеткен «жат идея» есебінде қарастырды және оны антиколониалдық күрес кезеңінде тұрған елдерді әлсіретуге соқтыратын арандатушылық әрекет есебінде қабылдады.

Яғни, большевиктер бұл көздеген мақсатына жұмысшы табын және басқа таптық қанаудағы бұқараны азат етуді пролетариат диктатурасы аталатын билік жүйесін орнату арқылы жетуді көздеген болса, алаштықтар қазақ қоғамындағы белгілі бір қоғамдық тапты ғана емес, жалпы қазақ халқын отарлық тәуелділік пен күні өткен қоғамдық тәртіптен жаңа сұраныстарға жауап бере алатын мемлекеттілігін жаңғырту арқылы жеткізуді көздеді. Азамат соғысы жылдары империядағы түрлі саяси күштер мен жақындасу әрекетіне бара отырып осы мақсатты көздеді.

Жалпыимпериялық сипат алған большевизм қозғалысы мен Алаш – Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы арасындағы принциптік айырмашылық олардың міне осы көздеген мақсат-мұратынан, соған сәйкес айналымға қосқан әдіс-құралдарынан бастау алды. Бұл екі ағым арасындағы іргелі айырмашылық мемлекеттік комиссия тарапынан қабылданатын құжатта баяндалғаны жөн болар еді.

### **II. Қазақ қоғамының өсіп-өнуге байланысты бағыт-бағдарын анықтау – ұлт саяси басшылығының іргелі құқы.**

Сонымен, Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы антиколониалдық және антифеодалдық арнада тұрды. Соған байланысты қазақ азаттық қозғалыс басшылығы 1917 жылдың қарсаңында және осы жылдың аласапыранында жол таңдау мәселесімен бетпе-бет келді. Осы ұлттық негізде жүрген шығармашылық ізденістер нәтижесінде өмірге келген Қазақ комитеттері, Алаш партиясы мен Алашорда өкіметі іс жүзінде Большевиктер партиясы мен Совет өкіметіне балама ұлттық саяси құрылымдар болатын. Ал олардың өмірге келуі, біріншіден, қазақ жеріндегі ресейлік отарлық әкімшілік қызметінің терең дағдарысқа келіп

тірелгендігінің көрінісі болса, екіншіден, азаттық қозғалыс басшылығының қазақ қоғамының заман талабына лайық өзгеруін қамтамасыз ете алмаған отарлаушы жүйеге берген жауабы еді.

Сонымен, лениндік ұстанымдағы большевиктер партиясы пролетарлық революция және оның нәтижесінде орнығатын пролетариат диктатурасы аталатын билікті барлық қоғамдық мәселелердің тура шешімін білетін универсалды саяси құрал ретінде танытуға күш салса, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшылығы – алаштықтар қазақ шындығын теориялық тұрғыдан қорыту арқылы оған табиғатына лайық жол анықтау әрекеті арнасында тұрды.

Өкінішке орай, империялық оңшыл және солшыл ағымдағы саяси күштер қазақ саяси басшылығының мұндай әрекетке баруға фундаменталды құқы бар екендігін мойындаудан үзілді-кесілді бас тартып, оған тек өздеріне тиімді басқару түрін мойындатуға күш салды.

**III. Ұлттық саяси басшылықтың талабы: билік түрі қоғамның әлеуметтік құрылымы мен ішкі сұраныстарына сәйкес болуға тиіс.**

1920 жыл. Мамыр-шілде. Қазақ әскери революциялық комитеті тарапынан Қазақ совет автономиясын жариялау және оның үкіметін құруға даярлық жүргізілді. Бұл істе тізгіннің ұшы Мәскеудегі орталық билікте, оның ұлт істері бойынша комиссариатының қолында болды. Жұмыс барысында Совет үкіметінің төрағасы В.И.Ленин атына құрылмақ Қазақ совет өкіметінің мазмұнына байланысты бірнеше ұсыныс-хат келіп түсті.

**1. А.Байтұрсынұлы В.И.Ленинге жолдаған хатында** (1920 ж. мамыр) қазақ жеріне Орталық үкімет тарапынан жіберілген Қазақ революциялық комитеті басшысының Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сүйенген белгілі бір көзқарасы жоқ екендігін, ондай көзқарастың болмауын «Ресей халықтарының құқы туралы декларация» мен РК(б)П бағдарламасындағы мынадай болуға тиіс деген нұсқаулардан басқа Орталықтың өзінде де жоқтығымен байланыстырды. Бұл жағдайдың Орталық өкілі мен жергілікті халық арасында өзара түсіністіктің орнауына кедергі жасап отырғандығы айтылды.

Жаңа үкіметке бұл мәселені шешудің мынадай жолдары бар екендігін де білдірді. Яғни, бір жолы, күшке сүйеніп қазақтардан жаңа билікке үнсіз бағынуды талап етіп, барлық өңірлерге патшалық кезеңдегідей диктатор губернаторлар мен генерал-губернаторларын тағайындау болса, екінші жолы, қайткенде де қазақ еңбекші бұқарасының сеніміне кіру. Бірінші жол анық та түсінікті, ол қазақ жерінде әмірін жүргізген түрлі патшалар тарапынан сыннан өткен. Екінші жол біршама күрделілеу, сондықтан да түсіндіруді талап етеді. Бірінші жолды таңдаған күнде қазақ қоғамындағы советтік құрылыстың іргесі құмға салынғанмен тең, ал екінші жолды таңдаған күнде құрылыстың ірге тасы берік болмақ. Хат иесі ұсынысына байланысты мынадай уәж келтірді. Қазақ қоғамында халқының сеніміне ие зиялылар буыны бар, олардың қателесуі немесе адасуы мүмкін, ал бірақ олар өз елін ешқандай да жеке бас пайдасы үшін сатпайды. Қазақтардың сеніміне кіргісі келетін орыс пролетариатына тіке жол осы ғана. Ол үшін қазақ зиялылары совет өкіметінің сеніміне кіруге тырысқаны жөн. Қазақ мәселесіне қатысты барлық қиындық мынадай жағдайға тіреліп отыр: қазақтар кешегі қанаушыларына сене алмайды, ал совет өкіметі болса кешегі қарсыластарына сенгісі келмейді.

Қазақтарға не керегі – деп көрсетті ол, – анық және түсінікті. Ғасырлар бойы империялық езгіде болған халық өз билігі өзіне тисе екен дейді. Ал совет өкіметіне қазақтардан не керек екендігі бізге әзірге түсініксіз болып тұр, күн өткен сайын бұл мәселе күрделене түсуде.

Автор мәселені қиындата түскен тағы бір екі жағдайға тоқталды. Ғасырлар бойы үстем ұлт рухында тәрбиеленген орыс халқы жақын арада басқа халықтармен қатынаста бұл пиғылынан аяқ тарта қоймас. Ол үшін біраз уақыт қажет. Сол сияқты қазіргі уақытта кездескен екінші бірі өзін коммунист санайды. Міне осындай кездейсоқ элементтерге жол ашқан биліктің болашағы не болмақ?

Қалыптасқан жағдайды баяндай келіп А.Байтұрсынұлы Қазақ жеріндегі билікті сыннан өткен таза идеалды қазақ зиялыларына және нағыз коммунистерге сеніп тапсырып, халықтың өзін-өзі басқаруға ұмтылысын іс жүзінде мойындауды талап етті.

**2. Екінші ұсыныс-хат «Қазақтардың Ленинге үндеуі»** аталады. Үндеуде өзекті мәселенің бірі ретінде жаңа өкіметтің қызметін қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен ішкі сұраныстарына сәйкестендіру мәселесі қойылды. Тура осы ойды сәл өзгешелеу мазмұнда аталған адреске 1920 жылғы мамырда Түркістан Республикасынан арнайы келген делегацияда «Түркістан Республикасының жағдайының жоспары» аталатын баяндамасында жеткізген еді. Баяндама авторлары ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы белгілі декретте мәлімделген ұстанымды өмірлік шындыққа айналдыруды, осы ретте ең алдымен Түркістанға орыс әскерін жіберу арқылы жасанды түрде таптық жіктелуді енгізуге шек қоюды талап етті.

Қазақтардың үндеуінде Октябрь революциясына байланысты өзгерістер өз иіріміне қазақ халқын бірден тартып кете алған жоқ, бұл жағдай оның санасында ұлттық сезімнің таптық сезімнен басым түсуімен байланысты екендігі айтылды.

Үндеуде, мәселен, қазақ қоғамының әлеуметтік құрамына байланысты мынадай мәліметтер келтірілді<sup>1</sup>: кедейлердің үлес салмағы орта есеппен 78.2, орташалардың – 14.6, ауқаттылар мен байлардың (25-тен жоғары малы барлары) үлес салмағы 7.2 пайыз, ал соңғыларының, яғни байларға жатқызылғандарының жылқы малына шаққанда 100 бастан артық малы барлары 1.0 пайыз, 300 бастан артық малы бары 0.2 пайызды құрады.

Ұлт-азаттық қозғалыс басшылығының В.И.Ленин атына тапсырған қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына қатысты бұл мәліметі Семей өкіметін өзі жақсы білмейтін елде радикалды әлеуметтік конструкциялық шаралар жүргізуден сақтандыруы еді. А.Байтұрсынұлы, мәселен, экспроприация саясатын қазақ қоғамы көтере алмайтын Октябрь төңкерісінен кейінгі екінші сын есебінде бағалады.

Міне бұл келтірілген фактілер қазақ қоғамына байланысты большевиктер өкіметі ойластырған «социалистік экспериментті» ақылға қонымды басқа саяси-әлеуметтік шаралармен ауыстыруды ұсынған ұлттық саяси басшылықтың нақты әрекеттерінің болғандығының көрінісі еді. В.И.Ленин басқаратын орталық үкімет тарапынан қазақ саяси басшылығының бұл ұсыныстарына қатысты жауап әрекет байқалмады, анығырақ айтқанда ондай ишара болған да жоқ-тын. Керісінше, ұлттық басшылық тарапынан жасалған бұл ұсыныстарды Мәскеулік орталық «буржуазиялық ұлтшыл интеллигенцияның» контрреволюциялық қарсылығы есебінде бағалап, «2-нші парламент» аталатын чекистік операцияны бастап, оның орбитасына, түрік-мұсылман республикаларының басшылары тартылды.

Қорыта айтқанда, қазақ және басқа мұсылман республикаларында жүргізілген репрессиялық шаралардың астарында орталық билік тарапынан жергілікті басшылыққа сенбеушілік пиғылы жатты.

#### **IV. Қазақ совет автономиясы үкіметін құрушылардың ұстанымы туралы**

1919 жылы 10 шілдеде советтік басшылықтың шешімімен Қазақ өлкесін басқару үшін Революциялық комитет құрылды (бұдан былай Қазревком - авт.). Оған жүктелген міндет Қазақ өлкесінде Совет өкіметінің мекемелері мен коммунистік партияның қызметін ұйымдастырып, оны жариялау еді. Азамат соғысы жағдайында қабылданған бұл шешім совет үкіметі тарапынан де-факто қазақ ұлт-азаттық қозғалысын (бұдан былай ҚҰАҚ - авт.) мойындаудың көрінісі еді.

Сонымен бірге он бес айға – 1919 ж. 10 шілдеден 1920 ж. қазанына дейін - созылған Қазревкомның қызметі тұсында-ақ орталықтандыру (централизация) ең жоғары деңгейде жүрді. Мәскеу Қазақстандағы билікті басқа балама ұстанымдағы күштермен бөлісуге үзілді-кесілді қарсы екендігінен анық байқатты.

Орталық биліктің бұл большевиктік-таптық ұстанымы ұлтшыл-большевизм ұстанымымен астарласып жатты. Оның бұл ұстанымы Қазақстанда советтік автономия мен оның өкіметінің орнағанын жариялауға тиіс болған советтердің бірінші Құрылтай съезіне делегаттар сайлау шарасынан анық байқалды. Мәселен, Қазревкомның 1920 жылы 27 сәуірдегі (хаттама №24) отырысында советтердің «Жалпықазақ съезін шақыру туралы ережені» бекіту туралы мәселе қарап Т.И. Седельников төрағалық жасаған комиссияның даярлаған ережесін ұлтшылдық ұстанымдағы ереже есебінде бекітпей тастап, ревком

<sup>1</sup> Он уез мысалында...

қызметкерлері А.Н.Кулаковтың ұсынған ережесін негізге алады. Т.И. Седельников ұсынған ереже бойынша съезге делегаттар елдегі кәмелетке толған (18 жас) азаматтардың дауыс беруімен сайлануға тиіс еді. Бұл тұрғыдан алғанда делегаттардың ұлттық құрамы республика халқының ұлттық құрамына (шамамен қазақтар 57,5%, орыстар мен украиндар 33,3%) сәйкес болуға тиіс-тін (6-ая Всеказакская конференция ВКП(б) 15-23 ноября 1927 года:стенографический отчет. - Кзыл-Орда.1927. С.385).

А.Н. Кулаков ұсынған ереже бойынша съезге делегаттар мынадай құрамда сайланған еді: қазақ облыстарынан барлығы 273 делегат, бұларға қосымша Алтай губерниясындағы қазақтардан 6 делегат сайланды. Сайланғандардың 128-і қазақ, 127-і орыс, 18 делегат басқа ұлттардан, олардың 197-і коммунистер, ал 4-і коммунистерге ықылас танытушылар, коммунистердің құрамында қазақтар азшылық болды (История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) в 5-ти томах, Т.4., Алматы, 2009, с.768).

Мәскеулік орталық біріншіден съезд делегаттарына жаңа советтік империяда үстемдік сол бұрынғыдай орыс ұлтында болатындығын ескертуді қажет санады, екіншіден, жаңа құрылған қазақ үкіметінің қызметінде жергілікті ұлттың мүддесі басымдық алып кетпеуі де қарастырылған еді. Советтердің жалпықазақстандық съезіне байланысты мынадай жағдайды елеусіз қалдыру тарихи шындыққа жасалған қиянат болар еді. Ол съезге алаш-қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің шақырылмауы еді. Бұл ұстанымның, әрине, Мәскеудегі ұлт істері бойынша комиссар И.Сталинмен келісілгені анық. Советтердің бірінші жалпықазақ съезін ұйымдастырушылардың есебі бойынша бұл жиын большевиктер партиясы мен совет өкіметінің қазақ жеріндегі салтанат құрғандығының, ал керісінше Алаш партиясы мен Алашорда өкіметінің жеңіліс тапқандығының көрінісі болуға тиіс еді. Осы ұстанымды басшылыққа алған съезд ұйымдастырушылары тіптен Әлихан Бөкейхановты шақыруға да үзілді-кесілді қарсылық танытты. Қазревкомның мүшесі А.Байтұрсынұлының жігерлі талабының арқасында ғана Ә.Бөкейхановқа делегаттық билет берілді. Бірақ бұл мандаттың күші азамат соғысына қызылдар жағында қатынасқан қазақ делегаттарының ұсынысымен жойылды, Әлекең съезге шақырылған қонақ ретінде ғана қатынасты. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына байланысты большевиктік теріс пікір Қазақ Орталық атқару Комитетінің төрағасы мен төралқасын сайлау барысында да байқалды. Төрағалыққа ұсынылған А.Байтұрсынұлы мен Ә. Жангелдин тиесілі дауыс жинай алмағандықтан екеуі де сайланбады. Бұл арада, әрине, азаттық қозғалыстың басшыларының бірі ретінде қазақ қоғамында кең танылған А.Байтұрсынұлының беделі большевиктік басшылыққа қауіпті көрінді. Ал Қазақ Орталық атқару комитетінің төралқасына сайланған 10 адамның жартысы қазақтардан, ал екінші жартысы еуропалықтардан тұрды. Қазақ Халық комиссарлар советінің төрағасы қызметіне 1898 жылдан компартия мүшесі В.А. Радус-Зенькович бекітілді.

Міне бұл тағайындаулардан орталық үкіметтің қазақ қоғамындағы пікірмен, азаттық қоғалыспен, ұлттық сезімі мен көңіл-күйімен, есептесуді қатеріне де алмағандығын, оның әрекетінен тіптен өзіншіл тәкаппарлықтың екпінін аңғару қиынға түспейтін еді. Басқаша айтқанда, көп ұзамай-ақ ұлтты апатқа ұрындырған саяси ұстаным биліктің осы кезеңдегі шешімдерінің жемісі еді.

#### **V. Партия-басқару құралы**

Орталық өкімет тарапынан Қазақ ревкомының төрағасы С.С. Пестковский жүктелген екі міндеттің бірі Қазақстанда Ресейлік большевиктер партиясының ұйымын құру болды. 1920 жылы 30 сәуірде Ресей коммунистік (большевиктер) партиясының қазақ облыстық бюросы ұйымдастырылып, оны С.С. Пестковский басқарды. Осы мезгілден бастап партияның Қазақ облыстық ұйымының (партия ұйымы ресми түрде осылай аталған-авт.) қызметінде мынадай екі үрдіс байқалды. Біріншіден, ол жергілікті ел өміріне байланысты қабылдаған шешімдерін міндетті түрде партияның Орталық Комитетінің ұстанымен үйлестіріп отыруға тиісті болды. Басқаша айтқанда коммунистік партия қызметінде бірінші күннен бастап-ақ орталықтандыру үрдісі ең жоғарғы деңгейде жүрді. Яғни, коммунистік партия қатал түрде орталықтандырылған жаңа советтік мемлекеттік жүйе құру ісінде аса тиімді саяси құрал міндетін атқара бастады. Екіншіден, біз қарап отырған мезгілден бастап-ақ коммунистік партия Қазақстандағы қызметін ЧК-ОГПУ органдарымен тығыз үйлесімдікте жүргізуді жолға қойды. Төтенше комиссия (ЧК) басшысы міндетті түрде орыстан немесе

басқа еуропалық ұлттың өкілінен белгіленді. Яғни партия көздеген мақсатына жету ісінде репрессиялық аппаратқа сүйенді. Коммунистік партия мен Төтенше комиссия (ЧК) арасындағы бұл альянс әлгінде ғана өрлеу сәтін басынан кешірген жергілікті ұлттың антиколониалдық ұстанымдағы сезімін сөндіруге бағытталмай қоймайтын. Бұл істе партияның облыстық бюросы мен Қазревком бір ұстаным танытты. Советтік биліктің алғашқы жылдары жергілікті ұлттың мүддесі жағында болып, оған араша түскен Г.Сафаров, Т.Сидельников сияқты тұлғалар партияның Орталық Комитеті тарапынан кері шақырылып мүлдем басқа өңір, елдерде қызметке жіберілді. Тура осы саясат сәл ғана өзгешелікпен Алаш партиясы мен Алашорда өкіметі қызметінде болған қазақ қайраткерлеріне байланысты қолданысқа түсті. Мақсат, әрине, қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсірету, оны алған бетінен қайтару еді. Облбюро 1920 ж. 21 маусым күнгі отырысында мәселен Батыс Алашорда өкіметінің қызметіне атсалысқан қазақ зиялылары туралы мынадай мазмұндағы шешім қабылдайды: «Подтвердить телеграмму в ЦК о недопустимости возвращения членов правительства Алаш-Орды для работы при Кирревкоме. Гр. Кашкимбаева отправить с особой характеристикой в распоряжение Заволжского округа. Гр. Джаленова передать в распоряжение Кирземотдела». Облбюро осы отырысында заңгер А.Теміров туралы қабылдаған шешімінде қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатынасқан тұлғаларға байланысты мынадай мазмұндағы ұстанымын білдірді: «Подтвердить для руководства КирЧК прежнее постановление Ревкома о том, что уголовные преступники из алаш-ордынцев подлежат обычной ответственности и не подходят под общую амнистию, для политических преступников. В случае же совершения преступления в добавление к совершенным ранее после перехода на сторону Сов.власти, их ответственность усугубляется».

1920 жылы құрылған Облыстық партия комитетіне жүктелген негізгі міндеттердің бірі Совет өкіметінің жергілікті қазақ халқына қатысты саяси ұстанымын белгілеу болды. РК(б)П-ның Облыстық комитеті 1920 жылғы 5 шілдедегі отырысында «Қазақ мәселесі бойынша тезистер туралы» деген күн тәртібіне қойылған тақырыпты талқылап, тезистермен жұмыс істеу үшін құрамында Пестковский, Айтиев және Мюрат бар комиссия белгілейді. Партияның облыстық бюросы осы жылғы 6 қыркүйектегі отырысында Қазревкомның жер бөлімінің меңгерушісі Кулаковтың совет өкіметінің қазақ қоғамындағы ұстанымына байланысты даярлаған тезистерін тындап мынадай мазмұндағы қаулы қабылдайды:

- бірінші тезис бойынша: Қазақстанның қалың бұқарасы арасында ұлттық тұтастыққа ұмтылушылық жоқ, тек патшалықтың жүргізген саясатының нәтижесі ретінде қалыптасқан қазақтар мен өзге ұлт өкілдері арасында ұлттық антоганизм ғана байқалатындығынын мойындаған жөн;

- екінші пунктке байланысты: қазақ зиялыларының топ ретінде қазақ бұқарасы арасында беделі жоқ, соған байланысты қазақ зиялыларымен саяси топ ретінде одақ құрудың қажеті жоқ, оларды тек техникалық күш ретінде ғана пайдалануға болады деп мойындалсын;

- үшінші тезистер бойынша: қазақ тұрғындары экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан біркелкі емес, соған байланысты біздің саясатымыз қазақ кедейлері мен орташаларын Кедейлер комитеті және кәсіподақтар арқылы ұйымдастырып өзімізге тартуға бағытталғаны жөн.

Бұл тезистердің астарында қазақ қоғамы ұлт ретінде қалыптаспаған, онда ұлттық бірлікке ұмтылушылық та жоқ, ал оның санасында қарабайыр ұлтшылдық қана байқалады, бұл біріншіден;

екіншіден, ұлттық бірлік, ұлттық тәуелсіздік және мемлекеттілік туралы мәселе көтеріп жүрген аз ғана топ - ұлттық зиялылар ғана, ал олар мен қазақ халқы арасында өзара түсініктік жоқ, сондықтан да совет өкіметіне кешегі ұлттық автономия туын көтерген ұлт-азаттық қозғалыс басшылығымен өзара ымыраға келуге ұмтылыс жасаудың қажетілігі жоқ;

үшіншіден, қазақ зиялыларының халықты ұлттық бірлікке шақырған үндеуіне біз, яғни большевиктер партиясы қоғамды таптық негізде жіктеу сол арқылы қазақ кедейлері мен орташаларын ұлттың зиялылары мен ауқаттылары билігіне қарсы қойып, оларды өзімізге еретіндей халге жеткізуіміз қажет деген тұжырым жатты.

Кулаковтың бұл саяси ұстанымы осы тарихи кезеңдегі большевиктер партиясы қатарындағы біраз еуропалықтардың көзқарасын білдіретін еді. Сондай-ақ ол тез арада Орынбордағы Қазақ басшылығы арасында тарап, наразылық толқынын тудырып, Кулаковтың Қазақстандағы партиялық басшылықтан кетуіне негіз болды. Дегенмен, Кулаков тезистерінде баяндалған принциптер кейінгі кезеңдерде де өзінің өміршендігін танытқандығын атап айтқан артық емес. Коммунистік партияның жергілікті комитеті Қазақстандық аталғанымен шын мәнінде онда атына сәйкес еркіндік болған емес. Ол жоғарғы партиялық басшылықтың шешімдері мен нұсқауларын қоғамның төменгі бөлігіне жеткізу міндеті жүктелген, жалпы алып империяны басқару ісі үшін құрылған механизмнің буыны есебінде еді. Ұлттық республикадағы партияның бұл міндетін одақтағы эмиссарлық жүйенің типтік өкілі Ф.И. Голощекиннің «Мен біздің саяси бағыт - партияның Орталық Комитетінің бағыты деп санаймын. Біздің басқа ешқандай да саяси бағытымыз жоқ», - деген Қазақстан партия ұйымының қызметіне байланысты айтқан пікірінен анық байқауға болатын еді.

Республикалық партия ұйымының бұл орталық өкіметке тәуелділігі совет өкіметі ыдырағанға дейін ешқандай өзгеріссіз сақталды. Яғни Қазақстан коммунистік партиясы атауы оның тәуелсіз шешім қабылдау құқы бар дегенді білдірмейді, шын мәнінде ол Орталық биліктің тапсырмасын бұлжытпай орындаушы оның жергілікті филиалы міндетін атқарушы буыны ғана еді.

#### **VI. Басшылықтағы еркін ойлы азаматтарды отанына қызмет жасау құқы мен еркінен айыру саясаты.**

Ұлттық саяси басшылыққа байланысты жүргізілген саяси репрессия әуелде жоғарғы билікте жүріп өзінің «ұлтшылдық» ұстанымымен көзге түскен қайраткерлерді басшылықтағы қызметінен ашық түрде ығыстырып, орталыққа «білімін» көтеруге жіберу немесе тәжірибе жинауға орталық аппараттағы инструкторлық қызметте ұстау сияқты құйтырқы саясаттан басталды. Бұл, әрине, ұлт-азаттық идеология арнасында тұрған саяси элитаның толық негізді ұстанымына большевиктік идеологиялық аппарат тарапынан жасалған шабуылдың өзі еді. Басқаша айтқанда, большевиктік орталық, осы ұстанымы арқылы біріншіден, қазақ «ұлтшылдарына» нақты билік кімнің қолында екендігін танытуды көздесе, екіншіден, осы әдіс арқылы орталықтың түрлі директиваларын бұлжытпай орындауға машықтанған «жаңа типтегі» қызметкерлер буынын қалыптастыру болды. Советтік орталыққа жергілікті мүддені тура бағамдап, оны орындауға күш салатын ұлттық элитаның қажеті жоқ-тын. Советтік тарих кезеңінде қазақ басшылығы арасынан бірде-бір реформаторлық ұстанымдағы тұлғаның шыға алмағандығы осы орталық билік жүргізген кадр саясатының нәтижесі болатын.

Ұлттық идея ұстанымындағы ұлттық саяси элита өкілдерін Мәскеуде ұстау жаңа заманда Ә.Бөкейхановтан басталды. Азаттық қозғалыс басшысы 1922 жылдан бастап Мәскеуде бір бөлмелі пәтерде саяси полиция тарапынан орнатылған бақылау жағдайында тиіс болды. Қазақстанның билікті басшы кадрларға зәру екендігіне қарамастан 20-30-ншы жылдары Мәскеудегі түрлі орталық мекемелерде Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, С.Меңдешев, Ә.Досов, С.Сәдуақасов, И.Тоқтыбаев және басқа белсенді тұлғалар еңбек етуге мәжбүр болды. Сондай-ақ осы арнадағы кадр саясатын Орталық билік өзі жіберген эмиссарларымен бірлікте іске асырды. Мәскеуге қызметке баруға тиіс болған С.Қожанов өлкелік партия комитетінің бюросында «Москваға мені, әрине, жұмыс бітіру үшін емес, жұмыссыздық үшін шақырып отыр», ал «мен әр уақытта өз елімнің ортасында болып, оған қызмет еттім» деген ойын білдіріп, өзі үшін бұдан зор мәртебе жоқ екендігін мәлімдейді.

## **ӘБЖАНОВ ХАНКЕЛДІ МАХМҰТҰЛЫ**

**Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры, «Рухани жаңғыру» бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі**

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Социалистік даму жолына түсу үшін революцияны жүзеге асыру міндетті емес екенін Қазақстан және сол деңгейдегі басқа бірқатар елдер тәжірибесі дәлелдеді. Пролетариаты қалыптаспаған елге революцияны экспорттаса немесе найзаның ұшымен әкелсе, ең аз дегенде мемлекеттік билікті басып алса жетіп жатыр. XX ғасыр басындағы Ұлы далада 6 млн. қазақ өмір сүріпті, ал жалдамалы жұмысшылары солардың 1 пайызын да құраған жоқ. Демек, социализмге зәрулік күн тәртібінде тұрмады. Ұлттық аймақтағы кеңестік билік легитимді емес деген М.Шоқайдың сөзінде жан бар, байтақ зерттеуді талап ететін пайым.

Ресейдей алпауыт елде 1917-1918 жылдары эволюциялық та, демократиялық та жолмен орнамаған большевиктік билік өзінің ғұмырын ұзарту үшін сансыз айла-тәсіл мен қулыққа барды. Теория мен практикада екі амалға басымдық берді. Біріншісі – адамды адам қанамайтын еңбек қоғамын құру идеологиясымен сананы жаулау, тартымды мәңгілік құндылыққа жымысқылықпен арқа сүйеу. Әділдік пен теңдік адам баласының ежелден келе жатқан арманы ғой. Екіншісі – аяусыз қуғын-сүргінмен билік басындағы ат төбеліндей топқа жеті атасынан бері түсіне кірмеген жұмақ орнату, байлық пен биліктен шеттетілгендердің жүрегіне үрей мен қорқыныш ұялату. Бейнелеп айтар болсақ, большевиктердің улы тәттісі мен дырау қамшысы қазан төңкерісімен бірге келді, құлағанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де қоғамдық санадан өше қойған жоқ. Егер Қазақстандағы социализм тарихын осынау екі мәнді белгіні теориялық-методологиялық басшылыққа алумен зерделейтін болсақ, екі дәуірді көреміз. Бірінші дәуір 1917 – 1954 жылдарды қамтып жатыр. Жеке басқа табынуды сынаған КОКП XX съезіне дейін қазақ даласында орын алған бетбұрысты өзгерістер – аграрлық реформалар, индустриализация, мәдени революция, ұлт мәселесі, әкімшілік-аумақтық қайта құрулар, барлық үлкенді-кішілі науқандар Мәскеудің қалауымен қолға алынды, қажетті алғышарттар пісіп жетілгені-жетілмегені, балама шешімнің бар-жоғы есепке алына бермеді. Есесіне күш қолдану, қуғын-сүргінге сүйену шарықтау шегіне жетті. Сталинизмнің айыпталуымен қуғын-сүргіннің бәсеңдегені, күштік құрылымдардың жүгенсіздігі толық тыйылмаса да шектелгені ақиқат. Бірақ жүйе қажет санағанда жыртқыш аңдай қатыгездікке бара алды. Бұған әйгілі желтоқсан (1986) көтерілісі барысында және одан кейін жазаға тартылған жүздеген, мыңдаған жас қыз-жігіттердің тағдыры бұлтартпас айғақ. Кеңестік қуғын-сүргін машинасы омырауы орден-медальдарға толы, кеше ғана жүйенің беделді қайраткері болған ардагерді де аямады. 1989 жылы Бішкектегі сот процесінде социалистік еңбек ері, 27 жыл бойы үш облысты басқарған, айыпталушы Асанбай Асқаровтың былай дегені бар: тергеуші «Калиниченко В.И. мне сказал, что я не понимаю, ничего не хочу понять... От вас все отказались, вы кусок мяса, отданный нам на съедание, как хотим, так и



будет. Такого оскорбления я никогда в жизни не слышал. Это было впервые из уст следователя по особо важным делам. Он еще добавил «вы еще пожалеете об этом». Меня повели в камеру. Я заболел и находился в состоянии депрессии». Ұлт мақтанышына қарсы мұндай қорлықты КСРО Бас прокурорының көмекшісі Каракозовтан басқа 23 жыл түрмеде отырған қарақшы И.Рязанскийге дейін ұйымдастырады. Сонымен, әрісі Кеңестер Одағын оттай шарпыған, берісі Қазақстанның басты байлығы адамдарды баудай түсірген тоталитарлық қуғын-сүргін жалпы мемлекеттік ауқымда өрбіді. Ал Камчаткадан Қорғасқа дейін бәріне ортақ сипаты қандай еді? Олар, біздің ойымызша, мынадай:

1. Қуғын-сүргін объективті қажеттіліктен туындаған жоқ. Ол мемлекеттік билікті кездейсоқ қолға алған ашкөз қауымның өзін-өзі қорғағаны. Большевиктер қондырма деп атаған саяси-идеологиялық жүйе қуғын-сүргіннің қайнар бұлағы, локомотиві, ұйымдастырушысы әрі дем берушісі миссиясын атқарды. Партия басқарған бұл жүйе бар жерде бірін-бірі қайталаған егіздің сыңарындай еді. Қазақстандағысының көрші Өзбекстан мен Ресейдегіден, іргесі бөлек Украина мен Кавказдағыдан тарыдай айырмашылығы болған жоқ. Заңсыздығы мен қатыгездігі шектен шыққан жұмысқа жөндеттерден басқабілетті, талантты адамдар тартылды, басымдық славян тегіне, бірінші кезекте орыстарға берілді.

2. Қуғын-сүргін барынша жабық әрі құпия режимде жүзеге асты. Оның кадрлық әлеуеті, ішкі құрылымы, қаржыландырылуы, құжаттары – бәрі-бәрі ешқашан және ешкімге қолжетімді болған емес. Тоталитаризмнен теріс айналғанымызға 30 жылдан астам уақыт өтсе де, қылмысын әшкерелейтін тарихи құжаттар жабық күйде сақталуда. Миллиондардың өмірін жалмаған қылмыс тарихы ақтандақтардан арылмай әділетті қоғам құрылмайды.

3. Қуғын-сүргіннің нормативтік-құқықтық негіздері мен қолданылуы барлық республикаларда бірдей еді. Большевиктер тап осы мәселеде өздері сан мәрте уағыздаған артта қалған халықтарға дамыған халықтардың көмегі, капитализмге соқпастан социализмге өту, ұлттардың өзін-өзі басқару теориясымақтарын оп-оңай ұмыта салды. Монополиялық билік иесі болған партия қандай аурумен ауырса, сол дертпен барша қоғам ауырмай қалмайды екен.

4. Әрқашан саяси-идеологиялық өктемдікпен және материалдық-тұрмыстық тапшылықпен толыққан қуғын-сүргін кеңес адамдарының менталитетін ұлттық табиғатынан ажыратты немесе ажыратуға шақ қалды. Мәңгүрттенген өмір салты, қарым-қатынас, тіпті сөздік қоры, есімдер дүниеге келді. Homo soveticus терминінің пайда болуы әсте кездейсоқтық емес.

5. Кеңестік қуғын-сүргін үздіксіз жүрді. Адамдарды бір-біріне айдап салу, аңдыту, арандату, өсек тарату, баланы әкеге, әкені балаға қарсы қою, қастандық ұйымдастыру тәрізді лас айла-шарғылар кеңінен қолданылды. Коммунизмнің белсенді құрылысшысы саналатын жұмысшы табын да айналып өтпеді. Ол қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай көрінетін Брежнев тұсында да тоқтаған жоқ. Нәтижесінде былық-шылықтың, тіпті қылмыстың басы-қасында жүрген зиялы қауымның екі тобы басқалардан өзгешелеп тұратын әлеуметтік-кәсіби және мәдени-имандық қасиеттерінен айырылды, шын мағынасындағы саяси-басқарушы және құқық қорғау зиялылары қалыптаспады. Мәскеу мақұлдаған саяси және құқықтық номенклатураға кіре тұрып, ұлттық мүддені мезеттік мансап-лауазымнан жоғары қоя алған Т.Рысқұловты, І.Омаровты, Ж.Тәшеновты төбеге көтеруіміздің құпиясы - осы. Қаңтар оқиғасынан кейін бетпердесі сыпырылған жемқорлықтың, кландық капитализмнің, екіжүзділіктің, мемлекеттік сатқындыққа барудың себеп-салдары отансүйгіштіктен жұрдай елтұтқалардың азғындағанында. Қуғын-сүргіннің эволюциясы мен тарихында, ортақ сипатпен қатар, әр республиканың өзіне тән айырым белгісі болды. Мәселеге ғылыми бойлаудың үлгісін ҰҒА академиктері М.Қозыбаевтің, К.Нұрпейістің шығармаларынан, М.Қойгелдиевтің «Қиянат анатомиясы», профессор Т.Омарбековтың «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері», жазушы Б.Қойшыбаевтің «Ұлттық апатты тану» кітаптарынан көреміз. Тарихнамадағы жетістіктерді қабылдай отырып, өз ойымызбен бөліскенді де артық санамадық. Қуғын-сүргіннің қазақстандық ерекшеліктерін мынадай тармақтарға топтастырдық.

1. Социалистік құрылыс жылдарында Кеңестік Қазақстан басшылары одақ деңгейіндегі бірде-бір жағымды-жағымсыз бастамаға мұрындық болған емес. Бәрін Мәскеу шешетін. Қуғын-сүргінді де билікке таласқан Кремль қожайындары бастады. Бүгінде БАҚ беттерінен 1937 жылы Әліби өйтіпті, Сәбит бүйтіпті, анау жазыпты, мынау көрсетіпті деген сөздер көп айтылатын болды. Иә, дегендері рас. Бірақ шекелері қызғаннан айтқан жоқ. Тағдыры қылыш үстінде қылпылдағаннан айтылған сөздер екенін түсінуіміз керек.

Қысқасынан қайырсақ, Қазақстандағы қуғын-сүргіннің саяси, құқықтық-нормативтік, ұйымдық сценарийі Мәскеудің, НКВД-нің өктемдігімен, басшылығымен түзілді, мүлтіксіз орындалды.

2. Қуғын-сүргіннің бастау бұлағы ресейлік социалистік идеяда, сол ілім аясында есейген КОКП мен тотаритарлық режимде жатыр. Бұлар қазақ қоғамының қойнауында пайда болмақ түгілі қазаққа мүлде жат еді. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, шақырусыз келген қонақтай болатын. 20-30-жылдарғы қазақ басшылары марксизм-ленинизмді, социализмді ілім ретінде түсінген жоқ. Бұлар қуғын-сүргіннің шын мағынасында ұйымдастырушысы немесе басшысы санатына жатпайды. Мәскеудің бұйрығын, талабын көзсіз орындаушылар ғана. Төбесінен Кремль жіберген кіші қожайындар қадағалап тұрғандықтан ауыздағы сөздерін де айтуға жарамады. Айта алғандары – Алаш қайраткерлері, Т.Рысқұловтай, С.Сәдуақасовтай дарындар аяусыз жойылды.

3. Қуғын-сүргін қазақ зиялыларын баудай түсірді. Басқа бодан ұлттар мұндай шығынға ұшыраған емес. Мұның да өз себебі бар. XX ғасыр басында Ресей империясындағы қазақтар түркі халықтарының құрамындағы ең көбі болумен қатар интеллектуалды әлеуеті, қоғамдық-саяси белсенділігі тұрғысынан көш басында тұрған еді. Алаш қозғалысы әлемдік құбылыс екенін енді түсінудеміз. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, М.Әуезов әлемдік ойшылдармен қатар тұра алатын даналар. Қандай дара да дана тұлғалардан айрылғанымызды кеңестік қазақ үкіметін басқарған, Алашқа бүйрегі бұрылмайтын В.А. Радус-Зенковичтің Бөкейхан жайлы 1921 жылы РКП(б) 1 Қазақстан партия конференциясында айтқан сөзінен аңғаруға болады. «Он лучший знаток края,- депті Мәскеу эмиссары.- Его влияние, может быть, имеет и далее влияния рядового технического работника, но он быстро ориентируется в местной обстановке, что оказывает большую помощь. Он настоящий энциклопедист по части киргизского быта, истории края вообще. Никакие книги не могут его заменить».

Бұлардың артында қалың жұрты бар еді. XX ғасыр басындағы 6 млн. қазақтан 1939 жылы тарихи отанында 2,3 млн. ғана қалды. 1926 жылғы санақта бізден әлдеқайда аз өзбектер 13 жыл ішінде 4,8 млн-ға жетіпті. Ақиқатына көшсек, Сталин мен оның айналасындағылар орыстан басқаның күшті ұлт болғанын қаламады.

4. Қуғын-сүргіннің жаппай сипат алуы Қазақстанда, КСРО бойынша алғанның өзінде, Голощекин факторымен ертерек басталып кетті. 20-жылдардың екінші жартысындағы «Кіші қазан» науқаны, қолдан жасалған жаулармен күрес, елден ығыстыру, Алашорда басшыларын жаппай қамау осының айғақ-дәлелі. Тіпті Мәскеудің өзінде Бухаринді, Каменевті, Зиновьевті саяси тұғырдан түсіру 30-жылдары жүзеге асқаны белгілі. Одақ көлемінде кәмпеске науқаны күштеп ұжымдастыру жылдарында орындалса, бізде оған дейін-ақ, әрі 1928 жылғы 2-3 ай ішінде жүзеге аса қалды. Бұған әлденеше халықтарды Қазақстанға депортациялауды қоссақ, қуғын-сүргіннен бір мысқал кем емес ұлттық, тілдік қысымның зардап-салмағын ұға аламыз. Төніп келген апаттан қазақты сақтап қалған құдірет не десек, ол бабалардан қалған мол рухани қазына, бірінші кезекте тілі, аналарымыздың демография тасқынын толастатпағаны.

5. Қазақ басшыларының әсіре қызыл большевизмі, Мәскеу билігіне табынуы, саяси-идеологиялық шолақ белсенділігі бекер кетпеді. Біріншіден, қуғын-сүргіннің асыра сілтеумен жүзеге асуына әкелді. Екіншіден, басқа Одақтас республикалардағы байырғы халықтардың менталитетінің, мемлекетшіл санасының өзегінде ұлттық мүдде тұрса, Қазақстанда олардың басын біріктіруші фактор рөлін шектен шыққан қызыл социалистік идеология атқарды. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілді орнықтырудағы, ұлттық идеологияны түзудегі, қазақша жарнамалардағы сорақылықтар, жаңа буын оқулықтары

олқылықтар осының салдары. Дегенмен қазақтың өмірге күштарлығы, ғасырлар бойы шыңдалған бәсекелік қабілеті қуғын-сүргіннен өміршең болып шықты. Мұнсыз жұтылып кетер едік. Ал жұтылып жоғалғандар, жоғалу үстіндегілер аз емес. Осы орайда қуғын-сүргіннің қасіретін кім әшкереледі деген сұрақ туындайды. Ә.Бөкейханды, М.Шоқайды, С.Сәдуақасовты, т.б. ауызға алып жатамыз. Дуалы ауыздан шыққан сөз далада қалмайтыны рас. Бірақ тоталитарлық қылмысқа қарсы күрескен де, ақиқатты батыл айта алған да бұқара халық, қарапайым жандар екенін ресми де, ғылыми да мойындауымыз керек. Саяси шешімдермен, биік мінберлерден айтатын уақыт келді.

Ұлы отан соғысынан кейін халық қарсылығы мазмұны мен түрі жағынан жаңғырды. 50-жылдардағы Бекмаханов құбылысы, 60-жылдардағы «Жас тұлпар» мен О.Сүлейменов феномені, 70-жылдардағы «АЗиЯ» мен Целиноград оқиғасы, 80-жылдардағы желтоқсан көтерілісі ұлттық тарих сахнасына жаңа менталитет пен жаңа қазақ баласы көтерілгенін паш етті. Осыдан кейін тарихты жасаушы халық пен оның зиялысы екеніне көзің жетеді.

Қазақстан – КСРО құрамынан ең соңында шыққан мемлекет. Байқап тұрсақ, ұлттық мемлекет биігіне де кешеуілдеп көтерілетін тәріздіміз. Алда ұлан-ғайыр міндеттер тұр. Солардың бір де болса бірегейі тарихи әділеттілікті қалпына келтіру. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы тапсырмасы мен шешімі қоғамдық санаға және отандық тарих ғылымына серпіліс берді. Тарихи әділдік қалпына келмей, тәуелсіздік миссиясы діттеген мақсатына жетпейді. Жаңа Қазақстанды басқаша құра алмаймыз.

## **НҰРЫМБЕТОВА ГҮЛШАТ РАМАЗАНҚЫЗЫ**

**Қазақстан Республикасы Президенті архиві, ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығының басшысы, саяси ғылымдар докторы, профессор**

### **ҚАСІРЕТТІ ӘШКЕРЕЛЕГЕН ҚҰЖАТТАР**

Қазақстан Республикасы Президенті архивінің құрылымында 2021 жылы қазан айында Президент Әкімшілігінің шешімімен «ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығы» құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Орталықты құру идеясы 2020 жылдың мамыр айында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың кеңестік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісін жалғастыру тарихи әділдіктің салтанаты екенін мәлімдеуінен бастау алады. Көп ұзамай-ақ, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығымен ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі. Республикалық комиссия құрамына белгілі қоғам қайраткерлері мен тарихшы-ғалымдар кірді. Комиссия қызметінің басты мақсаты кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын «толық ақтау», оларға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын ақтау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау деп анықталды. Осы жұмыстарды жүзеге асыру аясында жер-жерлерде өңірлік, қалалық комиссиялар құрылды. Осы орайда, саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттар қайда, кімнің қолында сақталған деген сұрақтар туындағаны сөзсіз. ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттар негізінен үш мекеменің арнайы мемлекеттік архивтерінде сақталып келген. Бұлар ҚР Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ПМ), ҚР Бас прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - ҰҚК). Жалпы саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттар Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтерінде сақталып келген. Бұл түсінікті де. 2014 жылы ҚР ҰҚК мен ПМ біріккен бұйрығының негізінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы мемлекеттік архивіндегі саяси қуғын-сүргінге қатысты 176 мың бірлік құжаттар ПМ арнаулы архивіне берілген. Мемлекеттік комиссия мүшелері архив қойнауларындағы құжаттарды ақтарып, жұмысты бастағанда ХХ ғ. 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттарды сақтауда түйткілді мәселелер бар екені анықталды. Бұл құжаттардың жүйеленбей, архив құжаттарын сақтауға қойылатын талаптардың орындалмай, әр түрлі архивтерде, әр түрлі жағдайда жатқаны белгілі болды. Істердің бұлай сақталуы зерттеушілердің жұмысына кедергі келтіріп, архив құжаттарын зерделеуде қиыншылықтар тудырды. Бұл құжаттарды бір жерге жинап, реттеу мәселесі қазір шешілмесе, ертеңгі күні біз олардың ізін таппай қалуымыз да әбден мүмкін еді. Осыған байланысты арнаулы мемлекеттік архивтерде сақталған саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттар мен материалдарды ҚР Президент архивіне өткізу, оларды бір жерге

шоғырландыру туралы шешім қабылданды. Президент архивінде құжаттарды сақтау, жүйелеу мен цифрландыру үшін қажетті барлық ресурстар мен жағдай бар. Архив заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Кезінде ақын айтқан «Шаң басқан архивтерден табылармыз» деген өлең жолдары бәрімізге жақсы таныс. Көпшілік архив десе сөрелерде шаң басып жатқан құжаттарды көз алдарына елестетері сөзсіз.

Алайда, бүгінгі күнгі архив жағдайы бұдан тіптен басқаша. Айтпағым, ХХІ ғасыр архив туралы түсінікті де түбірімен өзгертті. Біздің күнделікті өмірімізге жаңа технологиялар мен байланыс құралдары, онлайн мемлекеттік қызмет көрсету қалай еңсе, архивте де осындай өзгерістер баршылық. Орталықтың Қазақстан Республикасы Президенті архивінде құрылуының басты себебі Архивте құжаттарды қабылдап, сақтауға барлық мүмкіншілік те, жағдай да бар. Құжаттарды орналастыратын барлық талаптары (температуралық режим және т.б. ) сақталған қойманың болуы, сондай-ақ архив оларды арнаулы өңдеуден өткізіп, өңдейтін заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Орталықты ұйымдастыру барысында материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте шешіліп, қызметкерлер жұмыс орнымен, құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді. Айта кеткен жөн, Президент архиві Орталықты құруға үлкен жауапкершілікпен қарауда. Орталықты ұйымдастыру мәселелерін шешуде Архив қызметкерлерінің осы мәселеге қатысты алыс-жақын шетел тәжірибесімен жақын таныс болуы да маңызды роль атқаруда. Осы тұрғыдан алғанда Президент Архивінің ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың 19-21 қазан айында өткен архивистер конгресі де септеседі деп ойлаймын. Конгреске алыс-жақын елдердің архив өкілдері қатысып, тәжірибе алмасу жүзеге асты.

Сонымен Орталықты құрудағы басты мақсат ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты материалдар мен құжаттарды бір жерге шоғырландыру, жүйелеу. Орталық бірінші кезекте арнайы мемлекеттік архивтердің құжаттарын қабылдаумен, одан кейін ғылыми-техникалық сараптама жүргізу, құжаттарды жүйелеу және қорларға бөлу, оларға қажет ғылыми-анықтамалық аппаратты дамыту, құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және ғылыми айналымға енгізу, құжаттарды электрондық түрге көшіру және электрондық деректер базасын құру, ХХ ғ. құжаттарымен архивтік жұмысты ғылыми және әдістемелік сүйемелдеу, ғылыми-зерттеу қызметі, әлеуметтік-құқықтық сұранымдарды орындау тәрізді өзекті істермен айналысады.

Бүгінгі күні Архив ПМ, ҰҚК, Бас прокуратурамен арнайы мемлекеттік архивтердегі құжаттарды тапсыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы келісімдерге қол жеткізді. Бұл құжаттар құрамы мен саны туралы мәліметтер нақтылануда. Жалпы 700 мыңнан астам құжаттарды қабылдау жоспарлануда. Қазіргі кезде Орталық қызметкерлері осы арнаулы архивтердегі ХХ ғ. 20-50 жж. саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттарды қабылдаумен айналысуда. Атап айтқанда, ҚР ПМ Алматы қ., Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары бойынша арнаулы мемлекеттік архивтерінен 85 мыңнан астам құжаттар тапсырылды. Сонымен қатар, ҚР Бас прокуратурасының Алматы қ., Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы облыстары бойынша арнаулы мемлекеттік архивтерінен он екі мыңнан астам құжаттар қабылданды.

Құжаттардың мазмұндық сипатына келер болсақ, бұл құжаттардың денін кеңестік дәуірде ақтауға жатпайтын тұлғаларға қатысты қылмыстық істер, сот органдары ақтаған қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты қылмыстық істер, Германиядан оралған бұрынғы КСРО азаматтары мен бұрынғы әскери тұтқындарға қатысты іріктеу және трофейлік материалдар, қарсы барлау істері, арнайы қоныстанушыларды есепке алу бойынша архивтік істер, қауіпсіздік органдарының хат алмасулары, саяси қуғын-сүргін бойынша материалдар мен құжаттарды іздеуге қатысты нормативтік құқықтық актілер мен өкімгерлік құжаттар құрайды. Аталған құжаттардың тарихи құндылығы жоғары, олар жаппай қуғын-сүргін тарихының ғылыми қауымдастыққа беймәлім жаңа қырларын ашып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы қорытынды қабылдауға құжаттық негіз болып табылады.

Жалпы XX ғ. 20-50 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарының құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеу, жүйелендіру, қорға бөлу жұмыстары үлкен ыждаһаттылықты, ұқыптылықты талап етеді. Қолға алмақ істеріміздің бірі – бұрын құпия болып келген құжаттарды құпиясыздандыру. Бұған түрлі мекемелер мен ведомстволар мамандарын тарту арқылы қол жеткізуге болады. Осы жағын да ойластырып жатырмыз.

Орталық XX ғ. 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттарды жинақтау, зерттеушілерге қолжетімді етумен қатар болашақта осы мәселені жан-жақты зерттеумен де айналыспақ.

Тоталитарлық режим әкелген апаттар – қуғын-сүргін және ашаршылық қайталанбауы үшін олардың тарихы тереңінен зерттелуі қажет. Бұл Орталықтың алдында тұрған келесі бір үлкен міндет. Оны жүзеге асыру үшін зерттеушілердің жаңа буыны сапқа тұруы керек. Біздегі құжаттар десте-дестесімен жарық көріп, көпшілікке қол жетімді болса XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы қасірет қайталанбас деп ойлаймын.

## **КАБУЛЬДИНОВ ЗИЯБЕК ЕРМУХАНОВИЧ**

**Директор института истории и этнологии им. Ш.Валиханова, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК**

### **ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРЕСЛЕДОВАНИЯ БАЕВ И ДРУГИХ КАТЕГОРИЙ АУЛЬНОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ 20-Х ГОДОВ XX ВЕКА»**

В августе 1928 года началось тотальное разрушение почти 6 тысячелетней традиции скотоводческой цивилизации, который берет, в основном, отсчет с политикой конфискации и высылкой байских хозяйств из прежних округов проживания и далее продолжилось политикой массовой коллективизации аула и завершилось трагедией казахского аула – голодом.

Практически до начала XIX века, до отмены ханской власти в 1822 и 1824 годах, казахи были весьма состоятельны и богаты. Личная свобода, честолюбие, отсутствие рабства и крепостного права, преимущественно скотоводческий образ жизни, наличие огромных степных пространств и богатейших пастбищ, низкая плотность населения, создали культ самодостаточных и практически поголовно богатых жителей. Более того, казахи были все поголовно вооружены и имели опыт силовой защиты своего основного богатства: скота – семьи (рода) – земли.

Хорошо проявили они себя и в период зарождения мощного алашского движения в начале XX века, финансово помогая представителям возрождающей казахской государственности в условиях распада Российской империи: Каражан Укибаев, Медеу Оразбаев, Ике Адилев, Хасен Акаев, братья Бекметовы, Ыбрай Акпаев, дети бая Мамана, Иса Копжасаров, Салык Омаров, Тобанияз Алниязов, Алти, представлявшие практически все регионы Казахстана. К примеру, бай Барлыбаев Алти принимал у себя в своих кочевьях в июле 1918 года лучших представителей алашского движения в количестве более 100 человек.

С самого начала установления советской власти большевики объявили курс о введении диктатуры пролетариата и идею классово-борьбы, где зажиточное аульное (сельское) население стало врагом «№ 1». Учитывая, что казахи жили отдельными аулами – родами, то по их мнению, трудно было строить советскую власть, не противопоставляя одну часть родственников другой. В партийных органах также присутствовали близкие родственники баев. Немало был их и среди выборных органов власти.

Поэтому, Ф.И. Голощекин, который пришел к власти в Казахстане в 1925 году, объявил твердый курс на борьбу с баями, состоятельными и влиятельными людьми, объявив о начале строительства и своего «Малого Октября», которого по его мнению, в крае еще не было. Он взял курс на конфискации и высылку баев, резко противопоставив бывших родственников друг другу. Они – т.е., бай для Ф.И. Голощекина представляли повышенную угрозу при проведении советизации аула. Политика воздействия на них через наспех созданную милицию из числа местных казахов ни к чему не привела. Имея низкую зарплату, слабую

подготовку и состоя в родственных отношениях с родоправителями, они не сумели в корне изменить ситуацию в ауле.

**Подготовка Голощекина к высылке баев.** На полный подрыв основ хозяйственной самостоятельности баев и внеэкономическое воздействие их на остальное аульное население, **были направлены ряд подготовительных административных и нерыночных мер, принятых большевиками:**

**Первое.** в 1926-1927 годах произошел волонтаристский передел пахотных и сенокосных угодий, но она своей цели не достигла: значительная часть скота оставалась за баями, а безскотыным или малоскотным беднякам и батракам большое количество пастбищ и сенокосных угодий не нужна была .

**Второе.** Состоятельная часть аула подверглась лишению избирательных прав накануне проведения перевыборов в Советы в 1927 году, когда они стали массово переходить в разряд так называемых «лишенцев».

**Третье.** Нелегким был прогрессирующий налог в отношении богатых и зажиточных хозяйств аула и села.

**Четвертое.** Происходило очищение партии и соваппарата от «националистических элементов», начались так называемые «партийные чистки» с заведением «партийно-следственных дел», по которым из партии исключались преимущественно баи, бывшие волостные, султанское сословие, а также их близкие родственники.

**Пятое.** Началось принятие законов против «бытовых форм угнетения трудящихся аула со стороны байства».

Для борьбы с баями были назначены так называемые «уполномоченные» по проведению конфискации в округах республики, создававшие на местах комиссии содействия, численность которых составило 4700 человек. Механизм осуществления «конфискации» сводился к двум основным составляющим:

а) экспроприация скота;

б) изоляция баев путем выселения из районов прежней их хозяйственной деятельности в другие округа.

Как видно из совершенно секретной «Сводки ПП ОГПУ по КАССР о настроении и активности байства в связи с предстоящей конфискацией имущества от 10 августа 1928 года было выявлены следующие три тенденции в развитии байских хозяйств в условиях новой компании от 20 августа 1928 года: «Деятельность байства в связи с предстоящей конфискацией их имущества, в данном промежутке времени особенно ярко проявлена по трем основным пунктам:

а) по пути массовой распродажи скота в целях сохранить ценность своего имущества в форме валюты;

б) по пути дальнейшего дробления своих хозяйств мерами распределения скота между близкими и дальними родичами и наконец, просто между беднотой, пользующейся известным доверием баев;

в) по пути решительных попыток к переходу за границу со своими стадами и имуществом.

Этими же моментами определяется и политическое настроение байства» [1].

**Протоколом № 10** заседания партийной комиссии при Казахском краевом комитете ВКП(б) от 30 августа 1928 года были определены районы выселения и переселения байских хозяйств:

1) Выселенные из Сыр-Дарьинского и Джетысуйского округа переселяются в Уральский округ;

из Уральского – в Джетысуйский;

из Гурьевского – в Петропавловский;

из Каркаралинского – в Кустанайский;

из Павлодарского – в Актюбинский;

из Семипалатинского – в Чимкентский;



из Петропавловского – в Актюбинский;  
из Кзыл-Ординского – в Адаевский;  
из Акмолинского – в Гурьевский;  
из Актбинского – в Каркаралинский;  
из Кустанайского – в Семипалатинский.

Из выселяемых «не должны образовываться отдельные аулы; вселять их в существующие аулы» [2].

Имели место откочевки баев со скотом из одного округа в другой во избежание конфискации. Поэтому от 02 октября 1928 года за подписью председателя СНК КАССР Нурмакова было сделано телеграфное указание всем окрисполкомам о конфискации хозяйств перекочевавших в другие округа баев.

«Имеются случаи перекочевания баев, подлежащих конфискации, из одного округа в другой. Предлагаем оказывать полное содействие при конфискации перекочевавших» [3].

В республиканском центре политикой конфискации и выселении баев преимущественно занимались лица некоренной национальности, о чем свидетельствует один из протоколов заседания СНК КАССР от 30 октября 1928 года «О пересмотре норм подлежащего конфискации скота для некоторых хозяйств оседлых районов, разрешении выселяемым лицам работать по специальности по месту выселения», когда присутствовали: **«Хлыновская, НКЮ Жалнин, КЦСНХ Карнюшин, НКПрос Баруличев, НКЗдрав Стаинский и другие»**. Председательствовал – Новолоцкий, а секретарем был Родневич. Видимо, был элемент недоверия к чиновникам, партийным и советским работникам из числа коренной национальностей из-за опасности утечки информации [4].

28 февраля 1928 года вышло решение секретариата Казкрайкома ВКП(б) за подписью секретаря Дейнеги «Об организации комиссии по проработке декрета об экспроприации байства», когда было поручено «комиссии в составе тт. Исаева, Нурмакова и Сафарбекова разработать проект декрета об экспроприации с последующим его утверждением на бюро» [5].

14 марта 1928 года в Москве вышло «постановление Президиума Всероссийского ЦИК «О лишении права на землепользование и проживание в местах постоянного жительства крупных баев и скотопромышленников с семьями и конфискации их имущества» с грифом «совершенно секретно» [6].

Первую и ведущую роль при преследовании баев играл сам Ф.И.Голощекин, который **15 мая 1928 года** подготовил документ под названием «Докладная записка Казкрайкома ВКП(б) в ЦК ВКП(б) «О конфискации средств и орудий производства у крупных байских хозяйств и лиц из бывших привилегированных сословий и родовых групп».

**КАТЕГОРИИ БАЕВ.** 1. Для первого типа хозяйств предельный минимум скота устанавливается в 200 голов в переводе на крупную единицу, а предельная норма, при которой хозяйство подлежит безусловной ликвидации – в 300 гол. в переводе на крупную единицу.

2. Для второго типа хозяйств соответственно принимаются нормы в 100 и 200 голов.

3. Для третьего типа – 50 и 100 голов» [7].

В июне 1928 года председатель казахского ЦИКа отправил телеграмму всем секретарям окружкомов о разработке закона о конфискации имущества крупных баев-полуфеодалов, в котором просил принять срочные меры по разработке отдельного закона о конфискации и необходимости высылки в первую очередь крупных баев: «За последнее время антисоветскими элементами распространяются провокационные слухи о характере предполагаемой конфискации имущества байских хозяйств. Под выяснением этих слухов, наблюдаются случаи распродажи скота даже трудовыми скотоводческими хозяйствами, что влечет за собой недопустимое ослабление этих хозяйств и создает угрозу дальнейшему успешному развитию народного хозяйства. Президиум КазЦИКа извещает всех трудящихся Казахстана разработка Закона о конфискации ведется в направлении выселения и конфискации имущества тех крупных байских хозяйств, которые на 1 апреля 1928 года имели тысячные стада (в несколько сот голов в переводе на крупный) и которые являются

явно враждебными Советской власти. В первую очередь это касается крупнейших баев из среды потомства бывших ханов и султанов» [8].

В июне 1928 года вышел проект постановления ЦИК и СНК КАССР о конфискации хозяйств и выселении наиболее крупных скотоводов из коренного населения с грифом «совершенно секретно»: «Провести в Казахской АССР выселение тех наиболее крупных скотоводов из коренного населения, которые, сохраняя полуфеодалские, патриархальные и родовые отношения, своим имущественным и общественным влиянием препятствуют советизации аула» [6, л.54-56].

21 июня 1928 года вышло постановление Казкрайкома ВКП(б) вопросам конфискации, адресованный всем уполномоченным по проведению конфискации с грифом «совершенно секретно» со следующими тезисами: «Крайком полагает положить в основу изменение дореволюционных социально-экономических отношений аула на основе ликвидации остатков полуфеодалских отношений и удара по родовым отношениям. Издать постановление необходимо немедленно, т.к. идет массовая распродажа скота байством» [6, л.11].

Решением от 15 августа 1928 года за протоколом № 60 Казкрайкома ВКП(б) было принято решение о создании Партийной комиссии для руководства конфискацией: «1. Создать для руководства конфискацией Партийную комиссию в составе: т. Ерназарова (председатель), членов тт. Исаева (с заменой до его приезда т. Ноготовичем), Нурмакова, Токтабаева, Волленберга, Алиева, Атрауова, Тимофеева, Богданова, Тогжанова, Джандосова и советскую комиссию в составе, предусмотренном декретом СНК РСФСР» [6, л.12].

В первую очередь было принято конфисковать байские хозяйства в приграничных районах, что видно из Выписки из строго секретного протокола № 61 бюро Казкрайкома ВКП(б) о сроках проведения конфискации в пограничных районах от 18 августа 1928 года: «В пограничных районах конфискацию провести в кратчайший срок и оставить минимум выселяемых хозяйств». Видимо, это было сделано в связи попыткой баев откочевать в сопредельные республики и страны (Китай) [6, л.12].

30 августа 1928 года вышла еще одна «Инструкция по применению постановления ЦИК и СНК КАССР от 27 августа 1928 г. о конфискации и выселении байских хозяйств» за подписью Председателя Совнаркома Нурмакова, в котором содержались следующие пункты:

1) «лица, принадлежавшие ранее по своему положению к привилегированным группам, как то: султанские и ханские потомки,

2) бывшие несменяемые волостные управители, получившие от царского правительства особые награды, то есть звание личных или потомственных граждан, медали и другие знаки отличия за усердную службу или особые грамоты о предоставлении им тех или иных привилегий и преимуществ, причем эти лица подлежат выселению вне зависимости от их имущественного положения» [11, л.117-124].

Согласно этой же инструкции баям оставался самый минимум: «При конфискации скота, принадлежащего выселяемым лицам, указанным в п. 1 настоящей инструкции, оставляется в их собственности необходимое количество для ведения трудового хозяйства по нормам: в кочевых районах – по 5 голов скота в переводе на крупный скот на едока, но не свыше 25 голов на хозяйство; в полукочевых по 3 на едока, но не свыше 16 голов на хозяйство и в оседлых по 2 на едока, но не свыше 11 голов на хозяйство. Оставляемый скот должен быть средней ценности... Из мертвого инвентаря, принадлежащего тем же выселяемым лицам, подлежат конфискации все сеноуборочные и жатвенные машины, триера, молотилки всех видов, сеялки, веялки, трактора и фургоны (немецкого образца), а также подлежат конфискации все жилые помещения с надворными постройками, сады и клеверники» [11, л.117-124].

Здесь же определялся порядок раздачи конфискованного скота беднякам, тем самым а ауле был искусственно создан классовый антогонизм: «Конфискованный, согласно закону, скот в большей части (60-70%) распределяется между беднейшими хозяйствами из коренного населения данного района в целях их укрепления. Бесскотным хозяйствам дается

по норме: 1 голова крупного скота на едока, но не свыше 5 голов на хозяйство в оседлых районах; 2 головы на едока и не свыше 8 голов на хозяйство в полукочевых районах и 3 головы на едока, но не свыше 15 голов на хозяйство в кочевых районах. Хозяйствам, имеющим скот меньше 5 голов в оседлых районах, 8 голов в полукочевых и 12 голов в кочевых районах, получающим конфискованный скот, додается до этой нормы. Остальная часть (30-40%) конфискованного скота передается существующим колхозам коренного населения и совхозам. Конфискованные ценные ковры, золотая и серебряная посуда поступают через местные органы Наркомфина в республиканский фонд на нужды народного образования данного района. Кошмы распределяются между бедняцкими хозяйствами. Все постройки и строения, кибитки, принадлежащие выселяемым, поступают в распоряжение риков и обращаются для общественных надобностей – школ, больниц, изб-читален, красных юрт и др.» [11, ЛЛ.117-124].

В соответствии с этим и во исполнение постановления КЦИК и СНК от 27 августа 1928 г. установить нижеследующее распределение КССР на районы по типам сельского хозяйства:

#### I. Кочевые районы

Сыр-Дарьинский окружные районы: 1. Кызыл-Кумский, 2. Сузакский, 3. Сары-Суйский, 4. Чуйский.

Кзыл-Ордынский окружные районы: 1. Аральский, 2. Казалинский, 3. Аламесекский, 4. Карсакпайский

Алма-Атинский окружной район: Балхашский

#### II. Полукочевые районы

Гурьевский окр. районы: 1. Новобагатинский, 2. Ямангалинский, 3. Испульский, 4. Доссорский, 5. Кызыл-Кугинский, 6. Жилокосинский, 7. Денгизский.

Уральский окр. районы: 1. Джамбейтинский, 2. Тайпакский, 3. Кара-Тюбинский, 4. Чижинский 5. Джангалинский, 6. Сламихинский, 7. Чапчачинский.

Кустанайский окр. районы: 1. Тургайский, 2. Батбакаринский, 3. Убаганский, 4. Аманкарагайский, 5. Джетыгаринский, 6. Наурзумский.

В соответствии с этим и во исполнение постановления КЦИК и СНК от 27 августа 1928 г. установить нижеследующее распределение КССР на районы по типам сельского хозяйства:

#### I. Кочевые районы

Сыр-Дарьинский окр. районы: 1. Кызыл-Кумский, 2. Сузакский, 3. Сары-Суйский, 4. Чуйский.

Кзыл-Ордынский окр. районы. 1. Аральский, 2. Казалинский, 3. Аламесекский, 4. Карсакпайский.

Алма-Атинский окр. Район. 1. Балхашский

#### II. Полукочевые районы

Гурьевский окр. районы: 1. Новобагатинский, 2. Ямангалинский, 3. Испульский, 4. Доссорский, 5. Кызыл-Кугинский, 6. Жилокосинский, 7. Денгизский.

Уральский окр. районы: 1. Джамбейтинский, 2. Тайпакский, 3. Кара-Тюбинский, 4. Чижинский 5. Джангалинский, 6. Сламихинский, 7. Чапчачинский.

Кустанайский окр. районы: 1. Тургайский, 2. Батбакаринский, 3. Убаганский, 4. Аманкарагайский, 5. Джетыгаринский, 6. Наурзумский.

Актюбинский окружные районы: 1. Темирский, 2. Иргизский, 3. Челкарский, 4. Карабутакский.

Акмолинский окр. районы: 1. Асан-Кайгинский, 2. Кургальжинский, 3. Промышленный, 4. Карагандинский, 5. Азатский, 6. Еркеншлыкский, 7. Нуринский, 8. Атбасарский, 9. Акмолинский.

Павлодарский окр. районы: 1. Кызыл-Агачский, 2. Теренгульский, 3. Баян-Аульский, 4. Сейтеновский, 5. Павлодарский.

Каркаралинский окр. районы: 1. Абралинский, 2. Аксаринский, 3. Беркаринский, 4. Балхашский, 5. Четский, 6. Чубартавский, 7. Кувский.

Петропавловский окр. районы. 1. Кзыл-Туский, 2. Тонкерекский, 3. Бейнеткорский, 4. Эмбекшильдерский, 5. Октябрьский, 6. Кокчетавский.

Семипалатинский окр. районы: 1. Чингисский, 2. Аягузский, 3. Тарбагатайский, 4. Маканчинский, 5. Кзылтанский, 6. Чингистайский, 7. Бескарагайский, 8. Джарминский, 9. Кзыл-Тасовский, 10. Уланский.

Сыр-Дарьинский окр. районы: 1. Таласский, 2. Аулие-Атинский, 3. Меркенский, 4. Караспанский, 5. Яны-Курганский, 6. Арысский, 7. Тулькубасский, 8. Чайновский.

Кзыл-Ординский окр. районы: 1. Кармакчинский, 2. Кара-Узякский, 3. Кзыл-Ординский, 4. Чиилинский.

### III. Оседлые районы

Уральский окр. районы: 1. Зауральный, 2. Челкарский, 3. Джаныбекский, 4. Таловский, 5. Урдинский.

Актюбинский окр. районы. 1. Магаджановский, 2. Хобдинский, 3. Илекский, 4. Актюбинский, 5. Чиликский.

Кустанайский окр. районы. 1. Мендыгаринский, 2. Каинды-Кумакский, 3. Карабалыкский.

Петропавловский окр. районы. 1. Кзыл-Аскерский.

Семипалатинский окр. районы. 1. Маркакульский, 2. Кур-чумский, 3. Зайсанский, 4. Жанасемейский, 5. Бельгагашский.

Сыр-Дарьинский окр. районы. 1. Туркестанский, 2. Келесский, 3. Бадамский, 4. Каратасский, 5. Ирджарский, 6. Джувальинский [11, лл. 116].

Советская власть, выслав баев из округов прежнего проживания в пределы Казахстана, решила пойти дальше, желая даже выселить их из республики. Об этом свидетельствует протокол закрытого заседания президиума КазЦИК «О выселении наиболее социально опасных и вредных баев за пределы Казахстана» от 23 марта 1929 года, на котором присутствовали члены Президиума КЦИК тт.: Асылбеков, Голощекин, Интин, Султанбеков, Курбанов, Рузиев, Татимов, Кравченко, а также кандидаты в члены Президиума КЦИК представители: от НКЮ Садвокасов, ПП ОГПУ Альшанский, на котором постановили:

«Принимая во внимание что высланные, согласно вышеозначенного декрета, баи находятся в близлежащих округах от КАССР и что оставление указанных опасных и вредных баев в таких районах не лишает влияния их на батрачество и бедноту, откуда они высланы, предложить ПП ОГПУ по КАССР возбудить ходатайство перед Коллегией ОГПУ о прикреплении этих лиц в отдаленные округа от КАССР» [12].

Против нововведений и его непродуманной политики выступил ряд советских управленцев, которые незамедлительно были обвинены в «национал-уклонизме», вскоре многие из них были высланы из республики. Некоторые из них оказались без работы. Особо противились курсу Ф.И. Голощекина С. Садвакасов, С. Ходжанов, С. Сейфуллин, Н. Нурмаков, С. Мендешев, которые в недавнем прошлом занимали высокие посты в руководстве республики. Часть казахской партийно-советской элиты не согласилось против этой политики (Ф.И. Голощекин: «Само это мероприятие, подготовленное нами секретно, при необходимости времени для преодоления пассивности, а в некоторых случаях и сопротивления среди самой организации (садвакасовщина и т.д.) не могло остаться неизвестным баям, имеющим и поныне большую зацепку в нашем советском, а иногда и партийном аппаратах, что, несомненно, позволило некоторым баям предпринять предупредительные меры») [13, л. 141-148].

Для того, чтобы предотвратить массовое выступление казахской молодежи, начался их массовый призыв в армию: «Призыв казахской молодежи в Красную Армию (впервые в истории казахов) дал 100% явку и огромное количество добровольцев, несмотря на агитацию против призыва баев» [13, Лл. 141-148].

Об этом свидетельствует секретное Постановление Президиума ВЦИК Председателя ВЦИК М. Калинина «О незаконных мероприятиях, допущенных при проведении сельскохозяйственных кампаний в бывшей Семипалатинской губернии Казахской АССР» от

25 октября 1928 года: «Заслушав доклад Комиссии, Президиум Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета, в целях исправления общей линии в работе советского аппарата и устранения, установленных Комиссией нарушений революционной законности и директив высших органов советской власти на территории бывшей Семипалатинской губернии Казахской АССР при проведении кампаний по сбору сельхозналога, хлебозаготовкам, самообложению, размещению крестьянского займа, а также при проведении выселения баев и конфискации их имущества [14].

Массовая высылка баев и конфискации их имущества в пользу новых колхозов и бедняков привели к следующим негативным результатам:

1) Было выслано 1055 хозяйств.

2) У баев было изъято в переводе на крупный скот 145 тысяч голов.

3) Советская власть нанесла окончательный удар и по потомкам казахских ханов и султанов, а также бывшим волостным управителям, получавшие особые награды от бывшего царского правительства. По сути, советская власть окончательно уничтожила потомков Чингисхана, с которыми активно боролось и царское правительство, видя в них угрозу новому строю.

5) Заметно сократилось поголовье скота: если в 1929 году насчитывалось 40,5 млн голов скота, то к 1933 году это составляло всего лишь 4,5 млн.

6) Из-за конфискации скота и уничтожения сословия баев начался массовый голод: из 6,2 млн человек в республике погибло по некоторым оценкам около 2,1 млн человек, по другим – до 4 млн. человек.

7) Произошел массовый отток населения, и не только баев, в другие республики и даже страны (Китай, Афганистан, Иран). Многие из которых не вернулись на родину и до сих пор. около 1 млн.

8) Коллективизация шла с «плановым» и искусственным оседанием вчерашних кочевников. Скотоводческое хозяйство, возраст которого насчитывал более 6 тысяч лет, прекращал свое существование, причем – волюнтаристически, без учета почвенно-климатических особенностей края.

9) Во время конфискации началось такое редкое ранее явление как разводы, что было сделано с целью сохранения скота и спасения членов семьи: жен и детей от высылки. До 25% байских браков находились в разводе. Надо было часть семьи - детей и жен - спасти от высылки и сохранить остаток скота.

10) Довольно интенсивную форму противодействия предстоящей конфискации была распродажа байством скота, считая, что укрыть от конфискации деньги легче, чем огромные стада скота [1, Л.Л. 53-59].

11) Байы выселялись из одного округа в другой, при этом в новых местах проживания не имели права создавать отдельные поселения [2, Л.Л. 10-11].

12) Часть казахов, проживавших ранее в приграничной зоне, позднее откочевавших в Китай, но через несколько лет вернувшихся были подвергнуты выселению из районов прежнего проживания за 100 км. Власть опасалась, что они успели обзавестись связями с той стороной, что вызовет нарушение пограничного режима [15].

13) Конфискации байских хозяйств вызвала и межэтнические трения, когда казахское население обращалось к властям с вопросом: почему идет конфискации только одних хозяйств богатых казахов, при этом почему-то власти не задевают кулацкие семьи представителей других национальностей [16].

14) В местах прибытия им выбирали разные населенные пункты, не допуская их компактного проживания: «Зачисляются в состав определенного земельного объединения с размещением в одном ауле не более двух хозяйств» [17].

15) Были нарушены права баев, членов их семей, в том числе в карьере, роста по службе, вступлении в партию и так далее в последующие десятилетия («Недопущение

**кулацких элементов на руководящую работу в колхозах** (в органы управления и контроля, на другие выборные должности, заведование отраслями хозяйства и пр.) [18].

16) **Произошел рост преступности среди аульного населения**, преимущественно среди бедняков и батраков, что объясняется тем, что баи – в одном лице были и нередко биями, следящими за порядком, выступающими гарантами спокойствия и безопасности.

17) **Начался процесс исключения из учебных заведений детей и близких родственников баев и других групп аульного населения.**

18) Широкое распространение получила **система доносов, поощряемая органами Народно-комиссариата внутренних дел (НКВД) и уполномоченными.**

19) Более того, **уполномоченные**, прибывшие из других аулов, имея низкие морально-нравственные качества, **создали взрывоопасную ситуацию, позднее приведшая к восстаниям.**

20) **Расправившись с баями-родоправителями**, которые по сути были наиболее зажиточной частью аула, большевики принялись за массовое вовлечение бедняков и середняков в колхозы, насильно переводя их на оседлый образ жизни. В 1928 году, когда началось конфискация и выселение баев, в республике в колхозы вступило около 2% всех хозяйств, то к 1 апреля 1930 года уже 50,5%, к осени 1931 года – 65%, в 1934 году – 89,9%. То есть аул остался обезглавлен.

#### **Список использованной литературы и источников:**

1. ЦГА РК Ф. 5. Оп. 10. Д. 88. Л. 69-73.
2. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2289. Л. 10–11.
3. ЦГА РК. Ф. Р-135. Оп. 1. Д. 1. Л. 65
4. ЦГА РК Ф. 30. Оп. 7. Д. 31. Л. 3 8 и об.
5. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1827а. Л. 153.
6. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1687. Л. 38-41
7. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1842. Л. 231-241.
8. ЦДНИ ВКО. Ф. 1. Оп. 1. Д. 1583. Л. 87
9. «Советская степь». 1928. 22 июня
10. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2067. Л. 1-10
11. ЦГА РК. Ф. Р-30. Оп. 1. Д. 813. Л. 115.
12. ЦГА РК Ф. 5. Оп. 21. Д. 8. Л. 91 и об.
13. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2968. Л. 141.148.
14. ГАВКО Ф. 788. О. 1. Д. 27. Л. 34-35.
15. ЦГА РК Ф. 5. Оп. 20. Д. 87. Л. 125.
16. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2058. Л. 130-16
17. ЦДНИ ВКО. Ф. 74. Оп. 3. Д. 36. Л. 1-22
18. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926 – июнь 1941 гг.): документы и материалы / под ред. А. Б. Турсунбаева. Алма-Ата: Казахстан, 1967. Ч. 1. 576 с.
19. ЦГА РК Ф. 1380. Оп. 1. Д. 3. Л. 98-101.

## **АХМЕТ АҚҚАЛИ**

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау  
жөніндегі мемлекеттік Атырау облыстық комиссияның бағыт жетекшісі**

### **ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЕРІ Ғ.БЕЙІСОВ МҰСТАФА ШОҚАЙ ХАҚЫНДА**

Түркістан легионері Ғайпен Бейісовтың\* (1921-2007) «Тамұқтан өткен тағдыр» атты деректі әңгіме кітабындағы басты тұлғалар екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тарихтың «ақтандақтар» беттерінен ойып, өз орындарын алатын қайраткерлер екендігін кәрі тарихтың өзі дәлелдеп берді. Естеліктерін 1955 жылы Қоянды басқармасы лагерінің 3-ші бөлімінде жүріп жаза бастаған. Көп күрсінткен күрең жылдар Ғайпекеннің жадынан қалай өшсін.

Кітаптың алғы сөзінде автор: «Мені Кеңес үкіметі соттады екен деп табалап, жоқты бар, болмағанды болды қылып жазу ойымда болған да, келген де емес. Тарих бетіне батпақ жағып, тас лақтыру не өзгертуге тырысу, өңін айналдыру. Ол тарихқа қастандық жасаумен тең деп түсінемін. Мақсатым – жеке басымнан өткен, нақты естіген-білгендерімді қағаз бетіне түсіріп, келешек ұрпаққа қалдырып кету. Осынау белгісіз, еңбектері еш кеткен жазықсыз жандардың осы уақытқа дейін опасыздар деп аталуына қосылмайтындығымды білдіремін. Егер мен осы естелікті жазбай дүниеден өтсем, барлық күнәні арқалап кеткен болар едім. Бұдан 50 жыл бұрын жазыла бастаған естелік осы жайлы есеп береді», - деп жазды.

Деректі әңгіме кітапта Мұстафа Шоқай, Вели Каюмхан, Хамза Абдуллин (әдеби бүркеншек есімі Сайран), Мәулікеш Қайболдин (Асан Қайғы), Мәжит Аяпбеков (М.Дара), Баймұрза Хайт, Қарес Қанатбаев, Қазі Қазыбеков (Қазі), Мәжит Айтбаев (Қобызшы Қорқыт) т.б. сияқты соғыс кезіндегі Берлиндегі Түркістан Комитетінің көрнекті өкілдерінің қилы тағдырлары жан-жақты әңгімеленеді.

Ғ.Бейісов М.Шоқай туралы 1970 жылдары жаза бастаған. Түркістан легионының сарбазы былай деп жазды: «Түркістан легионы, оның көсемі Шоқай туралы жазылмай, ақтай қалып келді. Күні келгенде түркістандықтар ұлы адамын өздері тауып алады, қадірлейді. Оның сүйегін Берлиннен туған жеріне алып келетініне сенімім мол. Мен өзімді Шоқайдың сарбазымен деп есептеймін. Сол үшін Кеңес өкіметіне он жыл лагерьде отырып ақысын төлеп шыққанмын. Жазбауға қақым жоқ деп түсінемін. Ғасыр өтеді, Мұстафа бек армандап кеткен ұлы Түркістанды ерте ме, кеш пе, орнайтынына сеніп, сеніммен дүниеден өтемін».

Аталған еңбегінде автор көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері М.Шоқайға ерекше тоқталады. Ол туралы кітапта «Мұстафа бек Шоқай», «Мұстафа бек Шоқай жасаған жоба», «Мұстафа бек Шоқай туралы әңгіменің жалғасы» және «Елі ерін ұмытпайды» (Мұстафа бек Шоқайдың туғанына 110 жыл) атты тараулары бар.

Ғ.Бейісов алғаш рет және соңғы рет М.Шоқаймен кездескені туралы: «Желтоқсанның бас жағы, 1941 жылы жерге қар түсе қойған жоқ. Сүзек обасы әбден жайлап алды. Тұтқын полиция бастығы – қалмақ полиция хабарлама жасады. «Қазір жертөлеге бір қазақ генералы келіп қарайды. Сол жақтан жерлерінде жатып, тыңдаңдар. Есік алдына жақындамаңдар.

Жағындандағандарына 25 қамшы дүре соғылады» деп ескерту жасалды. Жертөленің қақпасының алдында тұрып басындағы қоңыр фетр қалпағын қолына алып, басын иіп амандасты. Ұмытпасам, аласа бойлы, сопақ бет, шекесі жалтыраған, шашы жоқ кісі. Бірін естіп, бірін естімейміз. Түркістан деген бір үкіметі айтады. Ол бізге неге керек екенін біліп жатқан біздер жоқ. Ол асықпай, саспай сөйлейтін адам болса керек.

– Амандық болса, мен келіп жағдайларыңды біліп кетіп тұрамын. Жағдайларың жақсарды дегеннен басқа ешнәрсе айтпай кетті. Ол кісі сол кеткеннен мол кетті. Қайта оралмады. Кейін ақыл есіміз кіргенде біліп естісек ол кісінің Мұстафа бек Шоқай екенін аңғардық, - деп еске алады [1, 89 б.]. Оған тұтқындар тарпынан бірнеше сұрақтар қойылған. Бұдан соң Гродно тұтқын лагеріне ауыстырылған тұтқындардың жағдай жақсара бастайды, оған таң қалған тұтқындарға немістердің берген жауабы: «Мұстафа бек Шоқай дегенге рахмет айтыңдар. Сол кісінің сарбазы боласыңдар», - жауап берген. Ал адамгершілікті де, аяушылықты да білмеген Кеңес өкіметі «Бізде әскери тұтқындар жоқ, сатқындар бар» - деді де миллиондаған тұтқындардың тағдырын тозаққа салды.

Потсдамдағы Вермахтының Жоғарғы Бас командованияесі үгіт-насихат департаментінің алты айлық курсынан өткен соң Ғ.Бейісов Мұстафа Шоқайдың түркістандық тұтқындарды қалай пайдалану жөнінде жазған рефератын полковник фон Мронговиюстен алып танысқандығы туралы айтады. М.Шоқай жасаған жоба жазылған кітапша форматы оқушы дәптерінен сәл кішілеу, түсі ақ сұр. Шамасы 70-80 парақтай. Жоба немісше, қазақша, орысша жазылған. Қазақшасы латын әріпімен жазылған. М.Шоқай неміс жерінде уақытша болса да Түркістан үкіметін құру керектігін басты мәселе етіп қойған деген пікірін білдіреді. Рефератта:

1. Түркістан комиетін құру.
2. Түркістан қарулы күшін ұру.
3. Сарбаздарын тұтқынға түскен еріктілерден топтастыру.
4. Тұтқындар ішінен әскерге жарамайтындарын Алмания зауыт, фабрикаларына жұмысқа ерікті азамат ретінде пайдалану. Мүгедектерін үкімет тарапына заңды зейнеткерлікке шығару.
5. Олардың үй болып кетуіне тиым салмау. Үкімет тарапынан қарыз беру. Бірнеше жылға кесіп.
6. Түркістан командирлер курсын ашу.
7. Түркістан еріктілерін солдат деп атау. Оның киімнің сыртында бөлек «эмбелма» болуы.
8. Түркістан солдаттарының правосы Алман солдаттарымен бірдей болуы.
9. Түркістан солдаттарының ішінен Алман нұсқаушыларын қою.
10. Қала транспортына тегін жүру.
11. Түркістан ұлттық баспасөзін ұйымдастыру.
12. Радио хабарлар ұйымдастыру.
13. Түркістан ұлттық ансамблін ұйымдастыру.
14. Тұтқынға түскен түркістандықтарды тұтқын дер санмай, оларды еріктілердің «резерві» деп санау.
15. Мұсылман діні жолымен тәрбиелеу: Солдаттарға бес уақыт намаз оқуға мүмкіншілік туғызып, уақыт белгілеу.
16. Молдалар курсын ашу. Әрбір бөлімшелерде молда болуына рұқсат ету.
17. Келешек Түркістанның дипломаттық кадрлерін осы бастан Алман жоғары оқу орнында оқытып, үйрете беру.
18. Түркістан солдаттарын шығыс майданға жібермеу. Орыс жері Түркістан жері емес екенін ескеру. Түркістандықтарды өз Отанының шекарасына барғанда майданға кіруге рұқсат беру.
19. Түркістандықтар үшін олардың батыр ерлігін көрсететін медаль, Түркістан ордендерін шығару.



20. Түркістан пропаганда мектебін ашу. Оларды Түркістан тылына түсіру [1, 113-114 бб.].

Бұл жоба туралы Ғ.Бейісов түркістандықтардың ішінде білетін кім бар екен деп жүрген кезінде Берлинде Түркістан комитетінде татар эмигранты Ғалымжан Идрисимен танысып, жақсы қарым-қатынаста болады. Олардың жиірек кездесуінің себебі Түркістан мен Еділ-Орал комитеті бір үйдің ішінде орналасқан еді. Ғ.Идриси Ғайпекеңе «Түркістанда ұлы адам біреу ғана, ол Мұстафа бек. Түркістан біреу ғана, ол бөлінбейтін Мұстафа бектің ұлы Түркістаны» деген болатын. Тағы бірде Ғайпекең реті келгенде Ғалымжан Идрисиден:

– Ұлы адам аламандарды ұната қоймаған сияқты болып көрінеді. Сіздің сөзіңізден де осы әңгіменің ызғары білінеді. Соншалықты идеялы адам неге Түркістан комитетінің жобасын жасаған, - деп ашық сұраған. Сондағы Ғ.Идрисидің жауабы: « Ұлы адам сенімен мен емес. Ол «стратег», «теоретик» адам болатын-ды. Оның өз тактикасы болды. Соның арқасында Вели Каюмхан аты аталмай қаңғып келген, қаңғып қалды. Байқайсың ба, қазір бүгін Еуропада ұлы адамның атағы аталады. Мен саған бір құпия айтайын. Қазіргі Мұстафа бек жазып кеткен жоба деп жүрген жоба, оның жазған жобасы емес. Оның жазып кеткен жобасы немістерге пайдалы емес, зиянды жоба болатын-ды. Немістерге Мұстафанының халықаралық жауға, қызыл большевиктермен өмір бойы күресіп келеді деген атағы керек болды. Атағының өзі жетіп жатты. Ұлы адамды Кіші Азия – Түркиядан бастап Иран, Ауғанстан, Пәкістан, мұсылман шығысы қолдайтындарын білді», - дейді [1, 117 б.].

Одан әрі М.Шоқайдың жобасы жөнінде: « – Түркістан сіздермен қарулас болмайды. Тең праволы одақтастарың болады. Түркістан солдаттары мен неміс солдаттары тең правода болса ғана қолына қару алады дегенін өзім есіткенмін. Ұлы адамның данышпандық сөзі әлі есімнен кетпейді. Егер қызылдарды жеңіп, немістер Түркістанды өзіне қаратып ала қалса, бәрібір басқа ұлтқа билетпейді өздері билейді. Оны мен мына шашы жоқ басымдай білемін. Олай болса Түркістанға бір құлдықтан шығып, екінші құлдыққа мойын ұсынудың қандай қажеті бар. Әуелі түркістандықтар алдын болжап алулары керек дегенін мына құлағым еді есіткен. Мен айтсам ол сөздің ешбір әсері болмас еді. Ал ұлы адам айтты, оныкі көрегендік болып есептеледі. Көрінгенге бүгінгі бір күн үшін қол жаулық болғысы келмеді. Немістерге ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында, бір жағынан ұрса – екінші жағын тосатын кісі керек. Мен оған жарай алмаспын деген еді. Ал немістер болса ұлы адам айтқандай президентті тауып алып қойды. Оны көзіміз көріп отыр, - деп Вели Каюханның атын атамай-ақ түсіндірді», - дейді. Одан әрі ол немістер ұлы адамның ақылдылығынан бұрын, өлімнен қорықпайтын бірбеткей адам екендігінен қауіптенді. Ол кісіні ешнәрсеге қызықтыра алмайтындығын білді. Сатып тағы ала-алмайтын болғасын, кім білген, «сүзек жұқты» етті ме деген қорқынышы туады. Бірақ дәлелдеуге дәлелем жоқ. Дәлелім болғанда мен не істей аламын, қолдан не келеді?»,- өкінішін білдірген. Біріншіден, өзі күндікке тірі қалғысы келді. Екіншіден, мындаған түркістандықтарды, сендерді ажалдан аман алып қалуды ойлады», - деді.

Сол үшін түркістандықтарды шығыс майданға салуға болмайды, орыс жері түркістандықтардың отаны емес, өз шекарасына барғанша күту керек деп уақыт өткізуді ойлады. Ол өз жанын ойламай, түркістандықтардың өмірін ойлады.

1943 жылдың шілде айында Потдстам қаласында Үшінші рейхтың Шығыс министрлігінің арнайы курсына оқып жүрген кезінде Шығыс министрі Розенбергтің кеңесшісі, Түркістан туралы бас маман, профессор фон Менде тыңдаушылардың берген: «Мұстафа бек Шоқай деп жазылғанда бек деген сөз қандай мағына береді?» сұрағына берген жауабы: «Бек деген алмандардың (немістердің – А.А.) фон деген сөзіне пара-пар, фон аты-жөнінің алдына жазылса, түркістандықтарда есімінің соңынан бөлек жазылады. Фон – сері деген сөздің мағынасын береді. Түркістандықтар да одан гөрі жоғары сатыда тұрады. Ханзадан кейінгі орында бек тұрады. Мүмкін ұлы адам дегенге де түсінбейтін боларсыздар. Ол туралы да айта кетейін. Бұл адамзат тарихында Түркістан туралы ой қозғап, ұлы да Үлкен Түркістан идеясын ұйымдастырып, теорияны практикаға ұластырып жүрген тарихтағы ең

бірінші көсем – Түркістан фюрері. Өзі жоқ, өліп кетсе де, атағы қалды. Осы атақтың шығып жүргені оның ұлы адам екенін дәлелдейді» [1, 121-122 бб.].

Түркістан Ұлттық Комитетінің әскери фотокорреспонденті Ғ.Бейісовке М.Шоқайдың «ұлы тұлға екендігі» туралы әңгіме айтқандардың бірі неміс зиялысы Аннемари фон Габен еді. Аннемари фон Габенге (1901-1993) тоқталсақ көрнекті неміс түріктанушысы. Көне түрік жазбалары, қазақ этнографиясы мен лингвистикасы бойынша бірнеше зертеулердің авторы. 1944 жылы қыркүйек айының аяғында «Милли Түркістан» газетінің редакторы Хамза Абдуллин (Сайран) Ғ.Бейісовті аталмыш түріктанушы ғалыммен таныстырған болатын. Сол кездесу барысында А. фон Габен «Мен түркістандықтарды ұнатам, оның ішінде ұлы адам Мұстафа сөйлеген тілді бөлек санаймын. Ұлы адамның несін айтасың, ол туып кеткен бір тұлға еді ғой», - деп өзінің пікірін білдірді деп жазады. Осы әңгіменің үстіне Берлин университетінде профессор болып қызмет атқаратын Иоханнес Бенцинг телефон соғып, хабарласады. Оған фон Габен «түркістандық достарымыз келіп отыр. Сайран келді, қасында өзі сияқты, егіз дерсің, біз таныс емес ұлан келіп отыр. Қазақша сөйлесем десең, келуіңе жол ашық» деп шақырады. Ал Иоханнес Бенцинг (1913-1981) Берлин университетінің түркітану факультетін бітірген. 1939 жылы докторлық диссертация қорғаған. Қазақ тілін жетік меңгерген. Соғыстан кейінгі жылдары университетте сабақ берген, дипломатиялық жұмыста болған. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш неміс тілінде сөйлеткен ғалым. 1929 жылы бір томдық шығармаларын аударған аудармашы.

Өз кезегінде фон Габен И.Бенцингті «ұлы адам Мұстафа бектің досы болған кісі. Мен қазақшаны сол кісіден үйренгенмін. Ол да ұлы адамнан үйренгенін жасырмайды» деп сырттай таныстырып өтеді [1, 123 б.].

Таныстықтан кейін Иоханнес Бенцинг қазақ тілінде Шоқай туралы тебіріне: «Ол кісіні естіп, тыңдаудың өзі бір ғанибет еді-ау. Ұлы адамның ұлылығын мойындамаған адам, ол арсыздардың қатарына кіреді. Сөйтіп жүріп өзін зиялымен деп есептеп, өзі зиялы адам болғысы келетіні күлкілі, өзі сыйлап мойындауды білмесе, оны кім ұлықтайды. Ұлы адам елудің айналасында дүние салды. Бұл жас қарапайым адамға аздау көрінгенімен, ұлы адамға аз жас болмаса керек. Шоқан Уәлиханов, Лермонтов тіпті шикі жас кеткен жоқ па? Сонда да артында қыруар еңбектер қалдыруы осының айғағы емес пе. Ұлы адам барлық ұлтқа ортақ, ал қанға бөлу ерсі. Жалпы бірін-саран болмаса, ұлы адамдар көп жасамайды. Соның бірі Мұстафа бек еді-ау. «Ұлы адам» деп өзі өлсе де, артында жалғастырарлықтай идеясы қалған адамдарды айтамыз. Қалай болған да қара жер бәрібір уақыты келгенде жас деп, кәрі деп талғамай, бірдей қабылдайды», - деп сөйлейді [1, 124 б.].

Бұл туралы т.ғ.д., профессор, шоқайтанушы К.Л.Есмағамбетов: «Бұлай деп М.Шоқайдың жақын серіктері де айта алмаған шығар» деген пікір білдірген болатын.

Өмірі азапты күндер мен қайғылы түндерді бастан кешіріп, болаттай берік, қорғасындай мықтылықта, таусылмас төзімділікте өткен Түркістан легионерлерінің соңғы тұяқтарының бірі Ғайпен Бейісовтың туған халқының дербес өмір сүруі үшін күреске бүкіл ғұмырын сарп еткен Мұстафа Шоқай туралы естеліктері міне осындай еді.



#### **Анықтама\*.**

Ғайпен Бейісов 1921 жылы Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Махамбет (бұрынғы Бақсай) ауданына қарасты Талқайраң ауылында дүниеге келген. Он сегіз жасында партия мүшелігіне кандидаттықа қабылданып, Бақсай аудандық партия комитетінде жұмыс жасайды, әскерге алынып, училищеге оқуға жіберіледі. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, 15-ші қыркүйекте Украинадағы Лоховица қаласының маңындағы ұрыста ауыр

жараланып, неміс фашистерінің қолына түсіп, бірнеше айлар бойы лагерь азабын бастан кешіп Түркістан Ұлттық комитетіне жұмысқа алынады. Соғыс жылдарында Вермахтының Жоғарғы Бас командованияесінің Түркістан насихат бөлімінің әскери фототілшісі болып қызмет атқарып, шығармашылықпен айналысқан. 1945 жылы легионерлердің қашуын ұйымдастырды деген сезікпен Ғ.Бейісов, Х.Абдуллин, Закиров, Е.Қалдыбаев тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Бұл кезеңде кеңес армиясының қарқынды шабуылынан қаймықан неміс-фашисттері шапшаң шегінуде болатын. Тағдырларына қарай үкім орындалар түнінде түрме күзетшілері қашып кетіп, бұлар аман қалады. Неміс түрмесінен босаған соң Қызыл Армия қатарына қабылданып, 1946 жылы әскер қатарынан босап елге оралған Ғ. Бейісов 1946 жылы РКФСР Қылмыс заңының 58-16 бабына сәйкес «сатқын» ретінде 10 жыл бас бостандығынан айырылып, атышулы Сібір, Степлаг, Карлагтың тозақ өмірін бастан кешіп, 1956 жылы босайды. Одан кейінгі жылдары Атырау, Маңғыстау облыстарының кәсіпорындарында инженер қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Тек 60 жылдан кейін Қазақстан Республикасының Бас Әскери Прократурасының № 12/3-06(Р) 2006 жылдың 24 сәуірдегі қорытындысымен ақталып, саяси қуғын-сүргін құрбаны мәртебесін алған. Сол қортындысымен бірге Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті архивінде сақталған 1941 жылы соғыс алдында лейтенант формасында түскен фотосуретін қоса алған. 2007 жылдың 8 мамыр күні бақиға озды. Архивте Ғ.Бейісовтың № 1836 ісі сақталған.

1. Бейісов Ғ. Тамұқтан өткен тағдыр. Деректі әңгіме. – Алматы: «Өлке», 2002, -400 б.

**Адилов Аброр Анварович, доцент, к.и.н.**

Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека. Республика Узбекистан

## **ИЗ ИСТОРИИ РЕПРЕССИЙ СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОТНОШЕНИИ ДУХОВЕНСТВА В УЗБЕКИСТАНЕ**

В 20-е годы XX века в планах советского государства и коммунистической (большевистской) партии принципиальное значение отводилось налаживанию массовой культурно-просветительской и политической работе. С установлением советской власти большое значение имела идейно-духовная борьба с «врагами государства». По этой же причине все национальные организации, которые находились на позиции «культурной автономии» признанию религии неотъемлемой частью туркестанского общества были обвинены во многих враждебных действиях (буржуазный национализм, панисламизм, пантюркизм и др.-автор) и в скорейшем времени запрещены [1,92]. Отличительной особенностью середины 20-х годов XX века в деятельности культурно-просветительских учреждений стало их активное использование 2 борьбы за чистоту марксистско-ленинской теории» [2,94].

Советская власть видела высокий уровень религиозности в Узбекистане, и в целом во всем Туркестане, престиж религии у туземных народов края. Значительная часть коммунистов считали себя мусульманами, а не идейными представителями власти. Отталкиваясь от пресловутого тезиса- «религия представляет опиум для народа» советское государство и компартия жестко требовало от руководства Узбекистана настойчивого ведения атеистической работы и «разоблачении антисоветской ориентации реакционного духовенства». Борьба с религией являлась одним из важнейших участков работы на идеологическом фронте во всей стране советов и в том числе в Узбекистане. Ещё в 1925 году в Москве было создано Всесоюзное общество безбожников, которое считалось опорой в антирелигиозной компании государства. Эта, так называемая организация в конце 20-х начале 30-х годов XX века издавала в советском государстве 18 изданий (журнал и газет) на 14 языках. Еженедельным изданием центра считались газеты «Безбожник», основным журналом «Воинствующий атеизм» [3,20;62-64].

На втором съезде вышеназванного общества, которое состоялось 10-11 июня 1929г. в Москве, было переименовано в общество «Воинствующих безбожников». В Узбекистане

издавалась газета «Худосизлар» («Безбожники») на узбекском языке, тираж которого составлял 4 тыс. экземпляров[4,88-89.] Этот шаг стал одним из решающих шагов антирелигиозной политики государства.

Совет союза «Худосизлар» по договоренности с Главнаукой организовывал в округах, где имелись музеи государственного и местного значения, антирелигиозные отделы, проводил специальные совещания по вопросам методики проведения атеистической пропаганды. Существовала тесная связь между Советами и Союзом «Худосизлар», были организованы секции массовой пропаганды [5,95.]

Союз «Худосизлар» совместно с культотделами советов организовывали пятничные антирелигиозные университеты в крупных промышленных центрах (Ташкент, Самарканд, Коканд, Бухара и т.д.). Для этой работы готовились специальные материалы для докладчиков и отправлялись всем руководителям культотделов. А так же широко развернулась борьба против религии в Средствах массовой информации[6, 95.]

Со второй половины 20-х годов началось ужесточение антирелигиозной политики. «Культурная революция», движение по раскрепощению женщин—«Худжум», против вакуфов, медресе, религиозных школ (мактабы), процессы укоренение советской культуры и советского образа жизни и др., свидетельствуют о жесткой политике государства против религии и духовенства. Об этом свидетельствует записка Восточного фронта ОГПУ «О мерах борьбы с духовенством» №17 (октябрь, 1926г.) и доклад «Мусульманское духовенство в Средней Азии». Данный документ был отправлен в руководство Среднеазиатское бюро(Средазбюро) ЦК ВКП(б) 4 июня 1927 г. от имени уполномоченного представителя Объединенное государственное политическое Управление (далее-ОГПУ) в Средней Азии А.Н.Бельского. Из этих материалов следует, что ОГПУ не доверяло ни одной из известных ему, наиболее «идейно заметных» групп исламских духовных лиц [7,88,97]. Данные материалов подтверждают, что в скором времени советское государство перейдет к решающей борьбе с религией. Заметное место в деятельности партийной организации республики занимала работа по привлечению женщин местных национальностей в социалистическое строительство, усилению соответствующей политико-воспитательной работы среди них: укреплялись женотделы, стали создаваться так называемые женские делегатские собрания, рассматриваемые партийным руководством в качестве «массовой школы общественно-политического воспитания женщин. Здесь систематически делались доклады на общеполитические темы, обсуждались практические вопросы женской эмансипации. Делегатки проводили среди женщин активную работу. В 1924- 1925 гг. в республике постоянно работали 820 делегаток-узбечек и 2000 делегаток других национальностей. К началу 1928 г. количество делегаток-узбечек увеличилось до 2,3 тыс. [8,98-99].

13-15 июня 1927 года состоялся VI пленум ЦК Узкомпартии, выступивший на пленуме первый секретарь ЦК КП Узбекистана А.Икрамов с докладом на тему: «О духовенстве и о школе» обратил особое внимание на резкое ограничение деятельности духовных организаций, полной ликвидации религиозных школ (мактабов) и медресе, на недоверии и борьбу с «прогрессивным духовенством» [9, 304-305].

Это послужило сигналом для массовых репрессий духовенства. Начались гонения на религию, духовенство, начали массово закрывать мечети, церкви, синагоги, религиозных деятелей начали выселять с мест проживания. Репрессии обрушились на религиозных деятелей, духовенство-мулл, казиев, имамов, епископов, раввинов и т.д. и т.п. Например, в 1030 году 22 февраля были обвинены 11 видных уламо в помощи басмачам и их укрывательстве. Все уламо были расстреляны [10,170] Среди них были такие известные деятели, как Ш. Омонов, М.Ишан Исаков, мулла Ф.Акимов, Х.Мирзаалиев и др. В том же году были обвинены в антисоветской пропаганде 110 духовных лиц, которые долгое время находились в изоляторах ОГПУ и были зверски допрошены. В Узбекистане ислам (по сведениям ОГПУ) играл значительную роль в антисоветском движении 1930года. Дехкане, протестовавшие против насильственной коллективизации, выдвигали религиозные требования. В феврале в Коканде выступила группа дехкан (ок. 3,5 тыс.чел.) они встретились с председателем Совета Народных комиссаров (СНК) УзССРФ.Ходжаеваым и вторым

секретарём ЦК КП Узбекистана А.Лепсой, и предъявили помимо экономических требований открытие религиозных школ и проведение бракосочетаний по законам шариата. Такого рода выступлений в начале 30-х годов было много. Возглавляли подобные выступления, в основном духовные лица. Например, в вооруженном отряде Насырхана Камалхактураева, который действовал в части Наманганского уезда, было 33 представителя мусульманского духовенства [11, 28-30].

Кроме того, в целях отвлечения населения от исполнения религиозных обрядов, посещения церквей и мечетей, под руководством отдела пропаганды и агитации (Агитпром) ЦК КП (б) Узбекской ССР, культотделов Советов, Совет профсоюзов, Главный политико-просветительский комитет (Галвполитпросвет) в праздничные дни устраивались антирелигиозные вечера с читкой атеистических лекций и театрализованных постановок с использованием печати, радио и кино. Наряду с указанными формами антирелигиозной пропаганды широкое распространение получила в работе культурно-просветительских учреждений и организация агитационных судов. Например, проводились суды над старой школой, над коммунистами, верующими в бога, над отдельными выступлениями имамов и мулл. Иными словами, религия публично осмеивалась [12,103]

Уже, летом 1930 года в тюрьмах Средней Азии отбывали свои сроки 51 духовных лиц, которые были обвинены в соучастии с басмачами, 59 были обвинены в шпионаже, один был обвинен в нелегальном пересечении границы и один был обвинен в выпуске фальшивых денег [13,177,183].

Таким образом, репрессивная политика советского государства против религии, против служителей церкви, против служителей культа продолжалась практически, до начала Второй мировой войны.

#### **Источники и литература**

1. Ишанходжаева З.Р. Репрессивная политика советской власти и культура Узбекистана: трагедия выживания. 1925-1953. Ташкент: Taffakur, 2011. С92; М.Базаров. Советская религиозная политика в Средней Азии. 1918-1930гг. // <http://w.w.w.alexanderyakovlev.org/personal-archie>; Тилекулов С, Голованов А.А. Оразимбетов Ш., Косанбаев С. Туркестан на историческом повороте 1917-1920гг. - Ташкент: Абдулла Кадири: «Халкмероси», 2002. - С.157-158.
2. Ишанходжаева З.Р. Указ.соч. С 94.
3. Наука и религия, -М., 1985-№12, С.20; Салмаков А.М. Ўзбекистонда мусулмон диний муассасивата шиклотлар фаолият тарихи (1917-1950 йиллар) тарих фанлари илм. Даража учун ёзилган дисс. Тошкент, 2008. 62-64Б.
4. Национальный архив Узбекистана, 3-94. Фонд, опись-1. 642-д. С.88-89.; Покровская С.В. Союз воинствующих безбожников СССР: организация и деятельность (1925-1947) автореферат дисс. кандист.наук., М., 2007. С3-5,7 и др.
5. Ишанходжаева З.Р. Указ.соч. С 95.
6. Ишанходжаева З.Р. Указ.соч. С 95.
7. Ислам и советское государство (1917-1936) Выпуск 2. Сост.авт.пред. и прим. Д.Ю.Арапова. М.: Изд.дом Марджони, 2010, С.88,97.
8. Ишанходжаева З.Р. Указ.соч. С. 98-99.
9. Коммунистическая партия Узбекистана в резолюциях и решениях съездов и пленумов ЦК. Т.1. Ташкент, 1987. - С.304-305.
10. Шамсутдинов Р. Қишлоқфожиаси: жамоалаштириш, кулоқлаштириш, сургун.- Тошкент: Шарк, 2003. - Б.170.
11. Расулов Б.М. Массовое сопротивление дехкан против насильственной коллективизации в 1930-1932 годах в Узбекистане // European research / Серия. Историческая наука. - 2017. - С.28-30.
12. Ишанходжаева З.Р. Указ.соч. С.103.
13. Шамсутдинов Р. Указ.соч. С.177, 183.

**Тұрсұн Хазрет Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**

### **САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫН «СӨЙЛЕТУ» ӘДІСТЕМЕСІ**

Саяси қуғын-сүргін құжаттарын өңдеудің археографиялық ерекшеліктері бар. Соған сай оны ғылыми айналымға ұсынудың, оның деректерінің ақиқаттығын дәлелдеудің және белгілі бір ғылыми тұжырымдар жасаудың әдіс-тәсілдері болады. Архивтерден іздеп табылған құнды құжатты дайын күйінде ұсынғанымызда оны тек бастапқы дерек ретінде ұсынылатындығы есте болуы керек. Тиісті ғылыми талдаусыз, деректік сынаусыз ұсынылған құжаттарды ақиқатқа балап, кейде жаңсақ тұжырымдарға орын беріліп жатады. Осындай жаңсақтыққа жол бермеудің жолы ретінде қуғын-сүргін тарихының кейбір деректерін қалай «сөйлеткеніміз» жайлы тәжірибелерді ортаға саламыз. Бұл мақаладағы басты ой – архив деректерін ауызша деректер – естеліктермен салыстыра отырып, тұжырымдар жасауға қатысты. Сырдария округінен мал-мүлкі кәмпескеленіп, Оралға жер аударылған 96 байдың арасында қазіргі Жаңақорған ауданынан ресми тізім бойынша Ізеев Бидаш, Бидашев Сердали, Аралбаев Жантөре, Толқынбаев Әліп, Арқабаев Әшірбек, Бабашев Дербесбек [ТОМА. Қ.29 тіз., 1, іс 36] туралы толық мәліметтер беріледі. Жасы, отбасы құрамы, мал-мүлкінің саны дегендей. Архив қорларында оларға қатысты мал-мүлкінің есебі, жиналыс хаттамалары, кәмпеске актілері, арыз-шағымдар түріндегі құжаттар да жетерлік. Солай дегенмен осы аталған тұлғалардың толыққанды саяси-элеуметтік портретін жасауға бұл мәліметтер аздық етеді, әрине. Өйткені, архив қорларында олардың күнделікті тұрмысы, отбасылық қатынастары, жер аударылғаннан кейінгі тағдыры туралы мәліметтер кездеспейді.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін де қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтарының естеліктеріне жүгінуге тура келеді. Айталық, Жантөре Аралбаевпен бірге жер аударылған Тұрсынбаев Жәнібек екеуі отбасымен Төменарық стансасынан қызыл вагонға тиелген екен. Сол Жәнібекті белсенділер «Алтын, күмісінді қайда жасырғаныңда айт» деп аузына шоқ қарыған ғой. Айтпаған. Бір шанақ алтын, күмісін есік алдындағы отынның астына көмген екен. Кейін атқосшысы болып қызметінде жүрген інісі поезға мініп бара жатқанда құшақтап, қоштасқан болып, шанақты Жәнібектің қойнына сүңгітіп жіберген екен.

Жүк вагонына тиеліп, алыс жолға аттанған екі байдың жеңгелері «Оралға кеткен ауып екі бегім, Аман бол қайда жүрсең асыл тегім» деп қоштасқандығын білеміз. Біршама көлемді жыр болуы да мүмкін. Бізге жеткені осы екі тармағы ғана. Осының өзі қаншама ақпарат жүгін көтеріп тұр. Ал осы составты Қызылордада күтіп алған Жантөренің баласы, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің хатшылығынан әкесінің кәмпескеленгендігі, шыққан тегін жасырғандығы үшін босап, жұмыссыз жүрген Беғайдар Аралбаев әкесімен бірге жер ауып бара жатқан қарындастары Райхан (14 жаста), Күлжәміш (10 жаста), Нұрқызды (4 жаста), 54 жастағы шешесі Төлейді заң-зәкөнді алға тартып жүріп, вагоннан түсіріп алып қалған. Бұл

әңгімелерді Бегайдардың әйелі Сақыпжамал Жорабекқызы Есенова-Аралбаева айтып еді. Кейін оның осы әрекеті «кеңестік биліктің шешіміне қарсылық жасады» деген айып болып тағылады.

Сырдария округінен жер аударылғандардың дерегін Орал қаласындағы облыстық архивтерден таба алмадық. Семей округінен Сырдарияға жер аударылғандардың құжаттары ТОМА қорларында сақталған. Ал Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде Сырдариядан жер аударылғандардың дерегі шықпады. Мәселенің түйінін естеліктер арқылы тарқатқандай болдық. Сырдариялық жер аударылғандар Соль-Илецк қаласындағы тұз өндірісіне жіберілген екен. Ол жерді батыстықтар «Тұз қала» деп атайды. Ол аудан қазіргі кезде Ресейдің құрамында. Архив деректері де сол жақта қалыпты. Бұл архивтің деректері алдағы уақытта айналымға ұсынылуы керек. Жантөре Жаңақорғанда он екі жыл қатарынан болыс басқарушысы болған. Жантөре айтты деген мына өлең бізге жетті:

Азуы алты қарыс арыстанмын,  
Не жүйрік, не тұлпармен жарысқанмын.  
Ұдайы он екі жыл болыс болып,  
Шәймерден деген ермен алысқанмын.

Сол кезде Жантөреге атқосшы болған Жылқыбаев Молжанның(1885-1973) естеліктерін жазып алған баласы (қызылордалық) Амангелді Молжанұлы көп деректерді бізге табыстады. Молжанның айтуынша Жантөре Соль-Илецкіде қалған-құтқан дүние-мүлікіне түйелер сатып алып, теміржол бекетіне тұз тасып еңбекақы алып, еңбекқорлығымен көзге түскен, шаруасын түзеген. Содан екінші рет кәмпескелеп бір өзін ит жеккенге, яғни Новосібір жағына кукурузникпен апарып тастапты. Айдаудан қашып, 3 ай дегенде елге жақындаған. «Ел көшкен жұрттан оны-мұны кепкен көн сияқтыларды тауып алып, көнді жібітіп аяққа шарық етіп кидім. Дамбал тізеге келді, үстімдегі көйлектің тек жағасы қалды, баста далбай, қолда таяқ. Кездескен бірлі-жарым ел болса, диуана болып жүре бердім. Қарамық деген шөптің басында тарыдай дәні болады, алақанға салып үгітіп-үгітіп ауызға салғанда сары майдай жылжиды» дейді екен.

Тағы бір дерек, Жантөре айдауда жүргенде ауызын орамалмен таңып жүреді екен. Түркістанның жөйіттеріне алтыннан тіс салдырған ғой, соны жасырғандағысы екен. Жантөре болыс туған жеріне қашып келгенде қаңыраған жұртқа тап болады. Есін жиып, Өзбекстанға ауа көшкен ағайына қосылады. Кешегі Жантөре болыс ендігі жерде «Жантөре қалпе» атанады. Дін жолына түскені дүнияуи тірліктен баз кешкені болар, сірә! «Сол Жантөре Өзбекстанда Шыназда қайтыс болды. Жыл өткен соң жалпы Киікші болып бір уыстан жүгері, бидай, маш, сөк, күріш жинап, әйтеуір не керек үлкен қазанмен бір қазан ботқа болды, сол ботқаның дәмі әлі аузымнан кетпейді, «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» депті Молжан ақсақал. «Ел ауа көшкенде Жантөремен ағайын Тұңғышбай биді Тәжікстаннан айдап әкеліп, Шымкенттің түрмесіне салған. Оралға жер аударылған. Содан қайтпады. Әкем Әшірбек «Жеті ұлыңнан жеті уыс топырақ бұйырмады-ау» деп өксіп отыратын» деп еске алады түркістандық Әкім Әшірбеков. Осындай жағдайларға қарап Жантөре болыстың жаназасы шығарылып, арулап көмілгеніне шүкіршілік дейді туыстары. Алматы қалалық полиция департаменті архивінің қорларында 1933-1934 жж тергеуші Нейман (бұл 1937 жылы Мәскеуде Н.Төреқұлов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Нұрмақовтардың ісін жүргізген голошекиндік жендеттің нақ өзі) жүргізген «Бірыңғай кеңеске қарсы ұлтшылдық орталық» деп аталатын істе Б.Аралбаевтың айыптау қорытындысында оны «кәмпескені байларға хабарлап отырды, Жаңақорған ауданындағы елдің ауақөшуін ұйымдастырды» деген айыптар тағылған. Террорға ұшыраған тұлғаларымызды «жазықсыз жапа шекті, жала жабылды» дегенді жиі айтамыз. Әйтсе де, олардың жасаған әрекеттерінде кеңестік билік үшін «жазықты» болатын құрам жоқ емес. Кеңестік билікке жақпағанымен, ол тұлғалардың елі, халқы үшін ондай әрекет жасамасқа лажы да жоқ еді ғой. Бегайдар Аралбаев тергеушінің айыптарын мойындап, қол қойған. Бұл шын мәнінде оған жабылған жала емес, өзі саналы түрде атқарған әрекеті екен. Осы ақпараттың қаншалықты рас екендігін тағы да естеліктерге жүгініп дәйектейміз. Молжан

ақсақалдың айтқандары көп көмескі мәліметтерге айқындық береді. «Қызылорда орталық болып көшіп келгенде үштің бірі, төрттің бірі болып Аралбаев Бегайдар ініміз жүрген. 6-7 атты болып Бегайдарға сәлем береміз деп Қызылордаға келдік. Сонда біз ойлаппыз ғой, осылай мың қойды айдап Қаратаудың баурайы мен Сырдың жағасында жүре береміз деп. Ертеңіне Бірқазан деген жерге дейін шығарып салып тұрып «елдегі ағайынға сәлем айтыңдар. Ал өздерің малдарыңды сатып, алтын-күміс қылып тығып тастаңдар. Кәмпеске деген болады, өз малың өзінді шаян болып шағады» дегенді айтты. Содан Бегайдар інімізді Қызылордадан Жаңақорғанға жеткенше боқтап-бұралап келдік.«Бұ қалай, ініміз деп барсақ, ит өлген жерден, малыңды сат дейді ғой жеті әкенді» деп кеп сөгеміз. Сол айтқандай, екі-үш жылдан кейін кәмпескесі басталып та кетті. Ақырында өз малымызды өзіміздік демей малдан қаштық. Бірақ белсенділер ен-таңбасымен әкеліп мойындатып кедей-кепшікке, қала берді өкіметке салыққа деп екі-үш жылда малды тауысты. Істейтін жұмыс жоқ, бағатын мал жоқ, жейтін тамақ жоқ, аяғы келіп ашаршылыққа ұласты. Бегайдар бауырымыздың кеңесін тыңдағанымыз рас, әрі оның айтқанын тыңдамағанымыз да рас. Осы ақылын істемегінімізге пұшайман болдық қой кейін» дейді.

Оралға 1928 жылы кәмпескеленіп, жер аударылғандардың арасынан елге оралғандар Жантөре Аралбаев пен Сердалы Бидашов қана. Оралдан қашып келген кәмпескеленген байлардың бірі созақтық Жанаділ Исаев. Ол Оралдан 1930 жылдың маусымында қашып шыққан. Өзгелерінің деректері жоқ. Тұғышбай би Күнікеев сияқты қайсысының сүйегінің қай сайда қалғаны белгісіз.Негізінде, 1931-33 жылдардағы ашаршылық тұсында кәмпескеленіп, жер аударылған байлардың шамасы келгендері өздерінің туған жерлеріне қашып кеткен. Қаңыраған елінің жұртын сипап қалған кешегі бай-бағландардың арасынан кеңестік билікке қарсы астыртын әрекеттер жасағандар да болды. Жанаділ Исаев та сондай тұлғалардың бірі еді. Ол Оралдан оралған соң малсыз, күйсіз қалған Созақтағы аз ғана ағайынын бастап, Өзбекстан, одан әрі Тәжікстан асты. Сол жақта жатып, Союзтранстың (Жүк тасымалдау одағы негізінен ауақөшіп барған қазақ кірекештерден құрылған болатын) өкілі ретінде Созақ-Түркістандағы науқан салықтан ыңыршағы айналған елді Жоғарыға көшіріп алумен айналысты. Түркістан облыстық полиция департаменті архивінің қорларындағы деректерге сүйенсек, Жанаділ болыс 1934 жылдың жазында Тәжікстанда қамауға алынып, Шымкенттің түрмесінде алты ай тергеуде болған. 1935 жылдың 23 наурызында КСРО ІХК Ерекше кеңесінің шешімімен бес жыл мерзімге жер аударға үкім шығарылады да 22 сәуірде арнайы этаппен Сиблагке аттандырылады. Баласы Шаһзинда Жанадилов «Айдаудан қайтып келгеннен кейін әкеме Қазақстанда тұруға рұқсат етпеген, сөйтіп түйекеш болып Тәжікстанда жүрген. Самарқандта туылғандықтан есімімді Шаһзинда мавзолейдің атына байланысты қойған. Мен әкемнің алпыс жасында туғанмын, кейіннен біз 1948 жылы Келес ауданына көшіп келдік. Менің әкем 1958 жылы 73 жасында қайтыс болды, ол кісінің паспортында жазылған еді, тұрған ауданынан шығуға болмайды деп. Қашан өле-өлгенше ол кісінің соңынан аңдып жүрді, бақылауда болды» деп еске алады. Саяси қуғын-сүргін процесі бұл күнде тарихқа айналды. Тікелей қуғындалғандар бұл күнде арамызда жоқ. Олардың ұрпақтарының өзі санаулы ғана қалды. Ендігі кезекте естелікті қуғындалғандардың ұрпақтарынан, онда да екінші, үшінші буыннан ғана тыңдай аламыз. Бұл, әрине, тарихи танымды қалпына келтіруге кедергі болатын өте өкінішті ахуал. Ұрпақ алмасқан сайын тарихи оқиғалар көмескі тартып, тарихи жад ескіре беретіні бар ғой. Демек, естеліктерге де барынша сын көзбен қарауымыз керек болады. Ғасырлар бойы қалыптасып, ақиқатты танудың өзегіне айналған хадис ілімінің осы тәсілін қазіргі заманғы тарихи жадты қалпына келтіру процесінде сыннан өткен тәсіл ретінде қолдануға болады. Демек, архив құжаттарындағы қатпары қалың мәліметтерді саралап, талдап, ақиқат деректерді тарихи ойға өзек етудің маңызы арта түседі. Сол үшін де саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау процесінде архив құжаттары мен ауызша деректерді өңдеуде барынша ғылыми негіздерге сүйенуіміз керек болады.



## ЖАНЫСБЕКОВА ГҮЛНАР ӘМІРБАЙҚЫЗЫ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент өңірлік комиссиясының Жұмыс тобының жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

### ОҢТҮСТІК ӨНІРДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНДІ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУ: НӘТИЖЕЛЕР МЕН МӘСЕЛЕЛЕР (Жұмыс тобының есептік баяндамасы)

Шымкент қаласы өңірлік жұмыс тобының қызметінің қорытындыларына келер болсақ – 3 бағыттан құралады.

#### 1. ҰЙЫМДАСТЫРУ-АТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

ШЫМКЕНТ ЖҰМЫС ТОБЫ-ның құрамында Мемлекеттік комиссия көрсетіп берген маңызды тапсырмаларды, яғни:

- а) Шымкент қаласы аумағындағы XX ғасырдың I жартысындағы тарихи шынайылықты қалпына келтіруді архивтік және экспедициялық зерттеу нәтижесінде жүзеге асыратын;
- б) Шымкент қаласының кеңестік саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу жұмыстарын жүргізетін тарихшы ғалымдар біріктірілген.

**Кесте №1 – Шымкент Жұмыс тобының құрамы:**

№	Зерттеушілердің ғылыми дәрежесі мен қызметі	Саны
1.	Тарих ғылымдарының докторы, профессор м.а.	2
2.	Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.	1
3.	Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент	6
4.	Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы	1
5.	PhD докторы, аға оқытушы	2
6.	PhD докторант, аға оқытушы	5
7.	Жоғары білімді тарихшы, аға оқытушы	1
8.	Жоғары білімді маман, Саяси қуғын-сүргін музейі директорының орынбасары	1
9.	Жоғары білімді маман, араб және төте жазу аудармашысы	1
10.	Жоғары білімді маман, медиаілгерілетуші	1
11.	Магистр	6
12.	Магистрант	2
Барлығы:		29

#### Ұйымдастырылған отырыстар саны 2021-2022 жж.(слайд №)

1. Қалалық деңгейдегі жиналыстар - 10
2. Мемлекеттік комиссияның бағыт жетекшілері және Жобалық кеңсесінің қызметкерлерімен кездесу – 4.

Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің жалпыреспубликалық деңгейде ұйымдастырып өткізілген бағыттық кустолық семинарларына қатысу

3. Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің жалпыреспубликалық деңгейде ұйымдастырып өткізілген бағыттық кустолық 9 семинарға қатысып, баяндамалар жасалды, арнайы алгоритммен орындалған презентациялар көрсетіліп, Жобалық Кеңсе жетекшісі, қоғам қайраткері Қасымов С.А. жоғары бағасына ие болды және ұсынылған жетістіктер мен нәтижелер Президент Аппаратына берілетін Есепке енгізілді.

#### **Тақырыптар:**

- **Бостандық ауданындағы шаруалар көтерілісі құрбандарын анықтау: барысы және туындаған мәселелер.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы, PhD докторант Таишанов Ж.Ә.*

- **XX ғ. басындағы Шымкент қаласы өңіріндегі бай-құлақтарды тәркілеу тарихы бойынша ақпарат жинау тәжірибесімен алмасу.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығының басшысы, т.ғ.к., доцент Жанысбекова Г.А.*

- **Оңтүстік өлкесі тұрғындарының ГУЛАГ лагерлеріне тұтқындалу кейбір мәселелері.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығының басшысы, т.ғ.к., доцент Жанысбекова Г.А.*

- **Шымкент қаласындағы қуғын-сүргінге ұшыраған діни өкілдердің есімдерін анықтау және жұмыс процесі бойынша тәжірибе алмасу.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, Саяси қуғын-сүргін музейінің қор сақтаушысы Әбдіқали Б.*

- **Депортацияланған ұлт өкілдерін Қазақстанның Оңтүстік өңіріне орналастыру барысы.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, «Мирас» университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Найманбаев Б.Р.*

- **Шаруаларды күштеп ұжымдастыру және оның Шымкент қаласы аумағындағы көріністері мен мәселелері.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Айтай Б.С.*

- **1916-1939 жж. түрлі саяси науқандар мен аштық кезінде Оңтүстік өңірден үдере көшуге мәжбүр болған босқындарды ақтау бойынша зерттеу және ұсыныстар (Шымкент қаласындағы архив материалдары негізінде).** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы, PhD докторант Пазылов Е.Ж.*

- **Оңтүстікқазақстандық әскери тұтқындарды ақтау бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары мен тәжірибе алмасу.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің колледжінің директоры, тарих ғылымдарының докторы Әлібек С.Н.*

- **Шымкент қаласындағы зиялы қауымның, қоғамдық және саяси ұйымдардың ғылыми, мәдени және басқа да салалардағы идеялары үшін қуғын-сүргінге ұшыраған өкілдердің есімдерін ақтау және жұмыс бойынша тәжірибе алмасу.** Баяндамашы: *Бағыт жетекшісі, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты Исабек Б.Қ.*

Шымкент жұмыс тобы мүшелерінің ғылыми ізденістеріне толық жағдай жасап отырған осы архивтердің басшылығына, қызметкерлеріне топ атынан **Алғысымызды білдіреміз.**

**Ал, 2023 жылы архивтік ізденістер көрінісі мынадай болады деп күтілуде:**

1. Құпия қорлармен жұмыс жасауға рұқсаты бар зерттеушілер – Президент архивінде зерттеуді жалғастыру үшін Алматы қаласына іссапарлар жасау;

2. Құпия қорлармен жұмыс жасауға рұқсат алынбаған зерттеушілер – Шымкент мегаполисіне қосылған территориялары бар Сайрам, Төлеби, Ордабасы, Отырар аудандары архивтерінде зерттеу жұмыстарын жалғастыру қарастыруды жоспарлау.

Осы орайда, Жұмыс тобын құрып, оның зерттеу жұмысын жүргізуі үшін заңдық, ұйымдастырушылық және материалдық негіз жасап беріп отырған **Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің ұжымына және оның жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Қасымов Сабыр Ахметжанұлына және Шымкент қаласының Әкімдігіне алғыс білдіреміз.**

## **2. ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ІЛГЕРІЛЕТУ ҚЫЗМЕТІ**

### **2.1. Архивтік қорларда жасалған зерттеу жұмысының көлемі:**

1926 жылғы РСФСР ҚК-нің 58, 59, 61, 62, 69, 73, 79, 82, 95, 97, 105, 107, 108, 110, 111 және 371 баптары бойынша жәбірленушілер мен зардап шеккендердің, сотталғандардың қылмыстық істеріне қатысты қорлардың істерімен танысып талдау жасалынды.

#### **Олар:**

- Шымкент қалалық полиция департаментінің архиві бойынша – 31 іс
- Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының коммуналдық мемлекеттік архиві бойынша – 102 іс;
- Түркістан облыстық мемлекеттік архиві бойынша – 35 іс;
- Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі бойынша – 13 іс.

### **2.2. Тақырыптық бағыттар бойынша дайындалған және жарияланған ғылыми еңбектердің, жинақтардың, мақалалардың, зерттеулердің саны**

1. Ғылыми мақалалар жинағы (15 мақала) – 1
2. Жинақтан тыс дайындалып, жарияланған ғылыми мақалалар саны - 10.

#### **2.2.1. Ғылыми мақалалар жинағына (11 мақала) сипаттама**

Жұмыс топ зерттеушілері «**Оңтүстіктегі жаппай саяси қуғын-сүргін: тауқиметті тағдырлар (Ғылыми мақалалар жинағы)**» атты мақалалар жинағын қатты мұқабаммен 500 дана таралыммен жарыққа шығарды.

Ғылыми мақалалар жинағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 2021 жылғы 27-ші қазандағы Ғылыми Кеңесінің шешімімен басылымға ұсынылды. Хаттама №4.

Жинақ әл-Фараби аттындағы Орталық ғылыми кітапханаға және жоғары оқу орындарының кітапханаларына таратылды. Сондай-ақ, 31 мамыр күні «Қасірет» мемориалына жиналған қуғын-сүргін ұрпақтарына 50 дана көлемінде таратылып берілді. Соңғы таратылым осы конференцияға жиналған зиялы қауым арасында болып отырғандығын өздеріңізге қуанышпен жеткіземіз. Бұл жерде 100 дана кітап таратылып отыр. Ал, қолдарыңызға кітап түспей қалған жағдайда онымен жоғарыда көрсетілген кітапханаларда таныс бола аласыздар. Қысқаша таныстырып өтсек (*Библиографиялық мәліметтер*):

*ӘОЖ 94(574), КБЖ 63.3(2Каз), О-61*

*Оңтүстіктегі жаппай саяси қуғын-сүргін: тауқиметті тағдырлар (Ғылыми мақалалар жинағы)/Жауапты редактор Г.Жанысбекова. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2021. – 100 б. Суретші-иллюстратор: О.Бөрібеков. ISBN 978-9965-20-260-57. Тираж 500 экз. Объем 6,25 усл.п.л. Подписан к печати 15.11.2021 г.*

### **Кесте №2 – Жинақтың мазмұны**

Алғысөз (аналитикалық есеп)	5
Жанысбекова Г.Ә. XX ғ. басындағы советтік биліктің қуғын-сүргініне қазақ жастарының қарсыластығы: Шымкент қаласындағы «Қазақшылдар» ұйымы	7
Жанысбекова Г.Ә. Оңтүстік ауылдарындағы қуғын-сүргін	20
Жанысбекова Г.Ә. Ашаршылықтар туралы құжаттар айғағы	
Әлібек С.Н.Легионерлер тартқан тауқымет	28
Әлібек С.Н.Оңтүстікте туып, солтүстікте атылған арда азамат	36

Әлібек С.Н. Легионер молда Машраповтың қилы тағдыры	43
Исабек Б.Қ. Қуғын-сүргінге ұшыраған оңтүстік өңірінің әйелдері	48
Исабек Б.Қ. Тоқжігітова М. Сапарбеков Садықбек қуғын-сүргін құрбаны	52
Исабек Б.Қ. Орынбасарова Г. Оңтүстік өлкедегі тәркілеуге қарсы жеке күрескен тұлғалар	56
Исабек Б.Қ. Орынбасарова Г. Халық қасіреті болған ашаршылық	60
Айтай Б.С. Сайрам ауданында шаруаларды күштеп ұжымдастыру науқанының көріністері	65
Айтай Б.С. Шымкент қаласы және Сайрам ауданының Қарамұрт пен Манкент ауылдарындағы күштеп колхоздастыру науқанының көріністері	70
Алдабергенова М.К. Шымкент аумағында ұжымдастыру науқанының жүргізілуі мен зерттелуі мәселелері	77
Пазиров Е.Ж., Утеева К.К. 1916-1930 жж. түрлі саяси науқандар мен аштық кезінде оңтүстік өңірден ауа көшуге мәжбүр болған босқындар тарихы (Шымкент қаласы архив мекемелері материалдары негізінде)	80
Батырбекқызы Г., Косанбаев С.К. Сузакская трагедия: уроки прошлого	87
Таштанов Ж. Бостандық ауданындағы шаруалар көтерілісі құрбандарын зерттеу барысында туындаған мәселелер	92
Анарбаев Қ. Кеңестік кезеңде саяси саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш қойған ауыл	96

### Ғылыми мақалалар жинағы

Жинақ Жұмысшы топтың архивтік және экспедициялық зерттеу қызметінің алғашқы тұжырымдық нәтижесі. Жинақ 9 зерттеу бағытын қамтитын 17 мақаладан құралады.

Сонымен бірге, Жұмыс тобындағы ғалымдар төмендегі мақалаларды да дайындап, ғылыми тұжырымдамалар жасады:

#### Кесте №4 – 2021 ж. жинақтан тыс дайындалып, жарияланған ғылыми мақалалар

№	Ғылыми мақаланың тақырыбы	Шығарылғандығы туралы мәліметтер	Авторлар
1	Тарихи бағасын алуға лайықты тұлға	Республиканский научный журнал «QAZAQTANY», 3(11)09.2021, Шымкент, 2021 ж.	Әлібек С.Н.
2	«Түркістан легионында» болған оңтүстікқазақстандық әскери тұтқындар тағдыры	Республиканский научный журнал «QAZAQTANY», 3(11)09.2021, Шымкент	Әлібек С.Н.
3	Жазықсыз жапа шеккен ағайынды Үсеновтер	Мың жылдық белес (Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ). Коллективная монография, Шымкент: «Әлем», 2021. 560с.	Әлібек С.Н.
4	Қазақ баспасөз тарихындағы С.Үсеновтың орны	Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «Тәуелсіздік – Мәңгілік ел тұғыры» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия баспасы», 2021 жыл	Әлібек С.Н.
5	Сузакская трагедия: уроки прошлого	Вестник КазНПУ им. Абая. Историческая серия. №4. 2021	Батырбекқызы Г. Косанбаев С.К.
6	Из истории национально-освободительного движения в Бостандыкском районе Ташкентской	«Қазіргі заманғы ғылыми-метриялық зерттеулер контексіндегі Қазақстанның тарих ғылымы»	Батырбекқызы Г. Косанбаев С.К. Таштанов Ж.А.

	области	тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция. 10 ноябрь 2021. Б.	
7	Қазақ зиялысы Нәзір Төреқұлов – саяси құғын-сүргін құрбаны	Жас тарихшыларға арналған «1920-1950 жылдардағы Кеңес саясаты: жас тарихшылардың көзімен» тақырыбында өтетін Республикалық форум. 10 сентябрь 2021. Б.	Батырбекқызы Г.
8	Ұлы дала тұлғаларын зерттеудің әдіснамалық мәселелері	Qazaqtanu. 4 номер. 2021	Батырбекқызы Г.
9	Kazakhstanis in the "Turkestan legion"	Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies and Engineering ICITE – 2021», Volume V. - <b>M. Auezov South Kazakhstan University</b> Shymkent, Kazakhstan <b>November 10-11. Pag.148-151</b>	Калчабек А.Б.
10	Изучение невинных жертв репрессий - вопрос времени	СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ Международной научно-практической конференции «ТӘУЕЛСІЗДІК МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ», посвященной 30-летию Независимости Казахстана и 90-летию юбилею государственного и общественного деятеля, этнографа Узбеки Жанибекова. Шымкент, 19 ноябрь	Орынбасарова Г.Б.

Жалпы саны – 25.

**2022 ж.**

### **2.2.3. Тақырыптық бағыттар бойынша дайындалған және жарияланған ғылыми еңбектердің, жинақтардың, мақалалардың, зерттеулердің саны**

1. Осы конференцияға ұсынылған мақалаларды қосып алғанда жарияланған мақалалардың жалпы саны – 40. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш жоғарылайды деп күтілуде.

2. Көптомдық деректер жинағының алғашқы 300 беттік бірінші томы дайындалып, 500 дана тиражбен басылымға шығарылды. Библиографиялық мәлімет: **Оңтүстік өңірдегі саяси құғын-сүргін. Құжаттар мен материалдар жинағы. Т.1. Кеңестік орталық биліктің директивалық құжаттары / Жауапты редактор Г.Ә. Жанысбекова. – Шымкент, 2022. – 300 б. Таралымы – 300 дана.**

3. Үстіміздегі, 2022 ж. Мемлекеттік комиссияның жоспарына сәйкес шығарылатын 30 томдық деректер жинағының әрқайсысы 430 беттен құралатын 2 томын біздің Жұмыс тобы дайындалып, ұсынылды.

Сонымен, 2 жыл ішінде Жұмыс тобы 1 мақалалар жинағы, 1 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 3 деректер жинағын (жалпы көлемі 1160 бетке, яғни 72,5 шартты баспа табақ) шығарып, ғылыми айналысқа ұсынып отыр.

Жұмыс тобы шығарған барлық басылымдардың көлемі 97,5 шартты баспа табақ.

### **2.3. АУДАНДАРДАҒЫ, АУЫЛДАР МЕН СЕЛОЛАРДАҒЫ ЖҰМЫС ТОПТАРЫНЫҢ ІЗДЕСТІРУ-ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫ жүргізілді**

Іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу мақсатында әрқайсысы 5 зерттеуші және қаладағы 2 мемлекеттік университет студенттерінен таңдап алынған 5 студент-волонтерден құралған 5 экспедициялық топ жасақталды.

#### **Аудандарда жүргізілген экспедициялар**

**Мақсаты:**

Қалаға 2015 жылы енгізілген алаптардың құрамындағы бұрынғы 31 елді мекендер мен ауылдардың тұрғындарының ересек бөлігімен кездесе отырып, олардың жадысында сақталып қалған, қуғын-сүргін көрген ата-аналары мен туысқандары туралы деректерді жинастыру; Шымкент қаласы тұрғындарымен өткізілген сауалнама бойынша видео-, аудиоматериалдарының салмақты дерекқорын құруға қол жеткізу. Дерекқор негізінде Шымкент қалалық мемлекеттік Архивінің, Саяси қуғын-сүргін музейінің де арнайы қорын жасақтауға үлес қосу.

**Кесте №5 – Шымкент қаласы аудандарына ғылыми экспедиция**

Бағыт №	Бағыт нысандары зерттеу	Экспедиция мерзімі	Зерттеушілер	Студент волонтерлер құрамы
1-ші эксп. бағыт	Қайнар Бұлақ - Тассай м/а қарасты 5 елді мекен (ауыл)	15-17.11.2021ж.	1. Жанысбекова Г.А. (5, 8 бағыт) 2. Найманбаев Б. (4, 8 бағыт) 3. Наурызова Қ. (9 бағыт) 4. Әбдіқали Б. (11 бағыт) 5. Қалшабек А. (10 бағыт)	<b>М.Әуезов атынд. ОҚУ:</b> Ермекұлы Бағлан Шымбай Дәулет Сейдалы Ерболсын Абсаттаров Нұржан Кеңесбек Нұрлан
2-ші эксп. бағыт	Акжар – Сауыршы – Көкбұлақ – Ақбұлақ - Алтын Тобе – Ақтас – Айкөл – Жаңаталап – Бадам -1 және -2	15-17.11.2021 ж.	1. Исабек Б. (9, 8 бағыт) 2. Серікбаева Г. (11, 8 бағыт) 3. Әмірхан Е. (4 бағыт) 4. Алдабергенова М. (7 бағыт) 5. Қосанбаев С. (3 бағыт)	<b>ОҚМПУ:</b> 1. Мәлік Айдос 2. Әріпбай Мұхаммедали 3. Әмірхан Мәди 4. Кенжебек Бөрібай 5. Шаданов Мырзабек
3-ші эксп. бағыт	Қарабастау – Жұлдыз – Орманшы – Қаратөбе – Жалын	18-20.11.2021ж.	1. Пазилов Е. Ж. (6, 8 бағыт) 2. Тоқжігітова М. (9 бағыт) 3. Сакова Г. (4 бағыт) 4. Батырбекқызы Г. (7 бағыт) 5. Баймаханов Н. (5 бағыт)	<b>М.Әуезов атынд. ОҚУ:</b> Бердіқожа Избасар Жылқайдар Нұрасыл Амантай Бағдәулет Зукурбаева Багила Ерғараева Ақниет
4-ші эксп. бағыт	Сайрам қала алабы – Өтеміс – Шапырашты – Қызыл су, Мәртөбе қала алабы	21-23.11.2021ж.	1. Әлібек С. (10, 8 бағыт) 2. Таштанов Ж. (7, 8 бағыт) 3. Орынбасарова Г.Ж. (9 бағыт) 4. Түгелова М. (5 бағыт) 5. Айтай Б. (3,8 бағыт)	<b>М.Әуезов атынд. ОҚУ:</b> 1. Абдимаулен Азамат 2. Алтынбек Досымжан 3. Естау Сағадат 4. Тажмет Еркеғали 5. Құдайымберді Оразалы <b>ОҚМПУ:</b> 1. Лесбаев Асылжан 2. Алпысбай Мағжан
5-ші эксп. бағыт	Тоғыс – Елтай – Маятас – Жыланбұзған – Айнатас	18-20.11.2021ж.	1. Анарбаев Қ. (7 бағыт) 2. Утева К. (5 бағыт) 3. Усипов А. (10 бағыт) 4. Алдаберген М. (6 бағыт)	<b>ОҚМПУ:</b> 1. Ханазар Илхамжан 2. Пернебай Ботакөз 3. Садуақас Қойсынай 4. Кахраманова Дилафруз 5. Әмірзақ Нұрсейіт

**Нәтижелер:**

1. 50-ден аса құрбанның іздеушілері табылды.
2. «Тоғыс» тұрғын алабында ХХ ғасырдың 60-шы жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына ҰОС ардагері, генерал Рокоссовскийдің жеке жүргізушісі болған ауыл тұрғыны еңбегімен салынған ескерткіш-стелланың жерді жекешелендіру нәтижесінде қиратылып кеткендігі анықталды. Ауыл тұрғындарының бейне-естелігі жазып алынды. Қираған ескерткіш-стелланың бұрынғы бейнесі сызба түрінде реконструкциялану үстінде.

Тұрғындардың сұранысы – осы стелланы қайтадан бұрынғы тұрған жеріне реконструкциялап орнату.

3. «Қайнарбұлақ» тұрғын алабында дін өкілдерін қудалау кезінде қиратылып кеткен «Көк мешіт» деп аталатын мешіт орны табылды. Бұл бағыттағы зерделеу жұмысы қаңтар айында жалғастырылады.

Жоғарыда көрсетілгендей, экспедициялық топтар Шымкент қаласының аумағына 2015 жылы енгізілген жаңа қалалық тұрғын алаптар – байырғы 31 ауылдың ересек тұрғындарымен диалог алаңшаларында кездесу жасау нәтижесінде 50-ге жуық құрбандардың іздеуші туысқандары немесе туысқандарының өкілдері табылды.

Қазіргі кезеңде Жұмысшы тобының зерттеушілері осы іздеушілердің сұрау салу тұлғаларына архивтік зерттеулерді жүргізуді 2022 жылға жоспарлап отыр.

#### **2.4. ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР:**

Шымкент қаласында орналасқан Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихтың мемлекеттік архиві, Шымкент Полиция департаментінің құпия архивінен және соңғы кезеңде Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Президент Архивінің ХХ ғ. саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығының қорларында жасалған ғылыми ізденістер нәтижесінде:

- Шымкент қаласында 1930 жылдарда қазақ халқына үндеу жариялап, кеңестік билікті әшкерелеген «Қазақшылдар» атты қарсыластық ұйымының жұмыс істегендігі, оның құрамында 8 мүше болып, оның жартысының ғана ақталғандығы (*Зерттеуші: Әшим Ж.*);

- Бостандық ауданындағы көтеріліс жасалып, осы іс бойынша 32 адам сотталғандығы, бірақ олардың ешқайсысы ақталмағандығы анықталды (*Зерттеуші: Таишанов Ж.*);

- Тәркілеу барысында Сыр-Дария губерниясы бойынша 90-нан аса тәркіге түскен әулет болғандығы және олардың аты-жөні анықталып, олардың жартысына жуығы ғана ақталғандығы анықталды (*Зерттеуші: Жанысбекова Г.*);

- Тәркіге түскен отбасылардың мүшелерінің айдауға түскендерінің бірқатары «Арал теңізі» (Барсакелмес) лагеріне (*мүмкін ол концентрациялақ лагерь болуы да мүмкін – қызылордалық зерттеушілерден жауап күтеміз*) қамалғаны қосалқы түрде анықталды (*Зерттеуші: Жанысбекова Г.*).

- Шымкент қаласы бойынша 1931 жылғы сайлауда саяси қуғын-сүргіннің аса бір сорақы, адамның адамгершілік тұлғасына ауыр соққы жасайтын түрі – дауыс беру құқығынан айрылған 800-ден аса адамның аты-жөні анықталды (*Зерттеуші: Жанысбекова Г.*).

- Советтік тәркілеу мен ұжымдастыру кезеңінде пайда болған заңдық актілер қазақстандық тарих ғылымының айналымына қайтадан енгізілуге дайындалып ұсынылды. Оның ішінде:

1. Халық комиссарлар кеңесінің, ВКП(б)-ның қаулылары – 241 құжат

2. Кулактарды қуғын-сүргінге салу бойынша директивалар, бұйрықтар, циркуляры – 5 құжат. (*Зерттеуші: Жанысбекова Г.*).

- Ұжымдастыру барысында 100-ден аса жуық шаруашылық иесі қудалауға түскендігі, оның жартысына жуығы ғана осыған дейін нақталғаны анықталды (*Зерттеушілер: Айтай Б., Таишанов Ж., Батырбекқызы Г.*);

- Оңтүстік өңірінде советтік билік «группировщики» деп айдар таққан, қазақ қоғамының тұтастығын сақтап қалуға барынша ұйымдасқан күрес жүргізгендігі үшін саяси қуғын-сүргінге аса жоғары деңгейде түсірілген топтар анықталды (*Зерттеуші: Әшим Ж.*);

- Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күрескен 6 тұлға табылып, оның 2-і ақталғаны анықталды (*Зерттеушілер: Исабек Б., Орынбасарова Г.*);

- Шымкент қаласы полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінде әскери тұтқындардың жалпы саны – 8504, фильтрациядан өткен және трофейлік материалдар бойынша – 8248 іс сақталған. Ақталмаған әскери тұтқындардың архивтік қылмыстық істері қорының жалпы саны – 356. (*Зерттеушілер: Әлібек С., Досыбай*);

• «Түркістан легионында» болған оңтүстік жерлестеріміздің де жалпы саны – 100-ден асатыны анықталды. (Зерттеушілер: Әлібек С., Досыбай);

• 1939-1945 жж. 300 соғыс тұтқындарының ісі қаралып, оның ешқайсысы ақталмағаны анықталды (олардың 125-нің ақталуы тиіс деп ұсыныс жасалмақшы) (Зерттеушілер: Әлібек С., Досыбай);

• Сондай-ақ, Ұлы ақын Абайдың баласы Тұрағұлдың көп жылдан бері қарай табылмай келе жатқан жерлеу орны және оған 1990 жылы оның қызы Мәкен Тұрағұлқызы қойған көктас қазіргі «SANTO», бұрынғы «Химфармзавод» ауласында екендігі анықталды және оның басына қойылған «Көктас» зауыт қоймасынан 16.03.2021 ж. табылды. Көктас Тұрағұл Ибраһимұлы және оның келіндері Дәмежан, Камалия мен немересі Әубәкірге қойылған. (2021 ж. зерттеуші Қалшабек А.);

• 5 аса ірі дін өкілінің 30-дан аса басқа да молда-ишандардың қудалауға түскені және олардың барлығының ақталғаны туралы деректер нақтыланды (Зерттеушілер Серікбаева Г., Әбдіқали Б.);

• Дін иелерін қуғындау процесі бойынша репрессияға ұшыраған адам саны 97. Оның ішінде Ислам діні өкілдері – 66 азамат, христиан діні өкілдері – 31. Олардың барлығы ақталғандар. (Зерттеушілер Серікбаева Г., Әбдіқали Б.);

• Шымкентке 1938-1960 жылдар аралығында Иран, Түрік, Әзірбайжан, Күрд, Грузин, Шешен, Ингуш, Қарашай және Корей ұлтының өкілдері күштеп көшірілді. Ақталмаған қуғын-сүргін құрбандары анықталу үстінде (Зерттеушілер Найманбаев Б., Мамраимов С., Шаланов Е.);

• 1930-1933 жылдар аралығында Оңтүстік өлкесінен 120 387 қожалық немесе 698 186 адам ауа көшуге мәжбүр болған. 1930 жылмен салыстырғанда 1933 жылы шаруа қожалықтарының саны 64%, халық саны 62,6% азайып кеткендігі анықталды. Бүгінгі күні 11 адамның аты-жөні анықталып, ақтауға ұсынылады (Зерттеуші: Пазылов Е.Ж.);

• Шымкент пен Сайрамнан 128 бай-кулак, ишан, имам, саудагерлердің аты-жөні анықталып, ақтауға ұсынылды (Зерттеуші: Айтай Б.);

• Ұжымдастыру, сатып алу және басқа да саяси науқандарының құрбандары санатына жататын 215 азаматқа қатысты іс-құжаттарын қарастырылып, 98 азамат РСФСР-ның қылмыстық кодекстің 61 бабына сәйкес сотталған, яғни сараланған құжаттардың 45,5 %-ын құрайды. Ал 31 азамат, яғни 14,4 %-ы 58 баппен сотталғандар. Аталған істер бойынша айыпты болғандардың ешқайсысы ақталмаған (зерттеуші Алдабергенова М.)

• Шымкент қаласында ГУЛАГ тізіміндегі лагерлер болмаған. Бірақ тұтқындалған «Халық жауларын» алғаш тергейтін және жаза өтеуге дейін бостандықтарын шектеу орны – «Домзак» (Дом заключенных) және «Ардом» (Арестантский дом) деп аталған тұтқындар үйі болғандығы архив құжаттарымен анықталды және олардың советтік биліктің қуғын-сүргін жасауының негізгі органдарының бірі болғандығы архивтік құжаттармен дәлелденді (Зерттеуші: Жұмабеков М., Түгелова М.);

Мемлекеттік комиссияның дайындап, баспаға ұсынып жатқан 30 томдық жинағына 1 том жинақ (көлемі 430 бет) дайындап, ұсынылды.

### **3. ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ «САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ» ЖОБАСЫН АҚПАРАТТЫҚ-ИМИДЖДІК ІЛГЕРІЛЕТУҚЫЗМЕТІ**

**2021 ж. БАҚ бетінде жарияланған мақалалар. Оның ішінде:**

<b>Республикалық газеттер</b>				
Егемен Қазақстан	Айқын		Жас Алаш	Барлығы
8	1	1	1	<b>11</b>

<b>Жергілікті газеттер</b>	
----------------------------	--



Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Өзбек тілінде	Барлығы
10	1	4	<b>15</b>

Телеарналардағы ақпараттық-имидждік жылжыту

<b>Телеарналардағы интервьюлер мен көрсетілімдер</b>	<b>Көрсетілім саны</b>
Республикалық телеарналарда	2
Жергілікті телеарналарда	10
<b>Барлығы</b>	<b>12</b>

Шымкент қаласы Жұмыс тобы дайындаған видеоөнім

<b>Шымкент қаласы Жұмысшы тобы дайындаған видеоөнім түрлері</b>	<b>Көрсетілім каналы</b>	<b>Көрсетілім саны</b>
5 есептік бейнеролик	Жергілікті телеарналардағы көрсетілім	36
Тұрғындардың 3 мемуарлық бейнеролигі	Әлеуметтік желілердегі көрсетілімдер (ФБ, Инстаграм)	16
Барлығы 8 ролик	5 каналов	52 көрсетілім

Барлық медиаігерілету саны – 91. Оның ішінде:

Газет мақалалары – 25  
Телетүсірілімдер – 12  
Бейнеролик көрсетілімдері – 52

**Кесте. БАҚ 2022 ж. бетінде жарияланған мақалалар. Оның ішінде:**

<b>еспубликалық газеттер</b>				
Егемен Қазақстан	Айқын	Рейтинг	Жас Алаш	Барлығы
5	1	2	1	<b>9</b>
<b>Жергілікті газеттер</b>				
Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Өзбек тілінде	Барлығы	
11	4	3	<b>18</b>	

**Кесте. Телеарналардағы ақпараттық-имидждік жылжыту**

<b>Телеарналардағы интервьюлер мен көрсетілімдер</b>	<b>Көрсетілім саны</b>
Республикалық телеарналарда	1
Жергілікті телеарналарда	12
<b>Барлығы</b>	<b>13</b>

Шымкент жұмыс тобы мүшелерінің ғылыми ізденістеріне толық жағдай жасап отырған архивтердің басшылығына, қызметкерлеріне, Саяи қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесіне жұмыс тобы атынан алғысымызды білдіремін.

## I-СЕКЦИЯ

### XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН: ТӘРКІЛЕУ, ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ

**Жанысбекова Г.Ә.** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**Әшим Ж.Қ.** Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қор сақтау, есепке алу секторының меңгерушісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистранты

### XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӨЦІРІНДЕГІ БАЙ- ҚҰЛАҚТАРДЫ ТӘРКІЛЕУ

Көрсетілген проблематиканың негізгі сұрағына көшпес бұрын Шымкент қаласының тарихын Түркістан облысының тарихынан іргесін ажырата алмауы сынды сауалдың жұмысшы топтың алдында қайта-қайта бой көрсеткендігіне байланысты, бірқатар нақтылануы қажет сәттерді ашып алуға азғана уақыт бөлсек. Бұл біздің әрқарайғы зерттеу жұмысымызды табысты жүргізуімізге мүмкіндік берер еді.

Яғни, бүгінде МЕГАПОЛИС дәрежесінде дербес географиялық, әкімшілік урбанистикалық ерекше нысанға айналған ШЫМКЕНТ қаласы қарастырылып отырылған XX ғ. басында қандай қала болған?

Бұл сауалға жауап беру үшін

1. «Тарихшылық» принципі.

2. Тарихи оқиғаны «уақыт ішінде» және «кеңістік ішінде» орналастыру/шоғырландыру» принципін;

3. Марк Блок. Феодалдық қоғам: «Жүйелілік-құрылымдық» («системно-структурный метод») әдістің негізінде орта ғасырлық қоғамды «ГІРІ ОРГАНИЗМ» ретінде көрсеткен принципін негізге ала отырып, зерттеу нысанын, яғни «ТӘРКІЛЕНЕТІН БАЙЛАРДЫ» кеңістікте орналастырсақ – онда ортағасырлық мал өсіру технологиясы бойынша: «вертикальный, горизонтальный және радиальный» деп аталатын көші-қон бойындағы жаз жайлауы мен қыс қыстауында, күзеу мен көктемеде – яғни, шекарасы қазіргі Түркістан облысынан да тысқары шығып кететін жер аумағын көреміз.

Ал, Шымкент қаласы сол кезеңде (1924 ж.) «Сырдария губерниясы» деп аталған алғашқы әкімшілік-аумақтық құрылымның орталығы болып тағайындалған. Осы «Сырдария губерниясы» құрамында

1) Чимкентский

2) Аулие-Атинский (24 болыс)

3) Ак-Мечетский

4) Туркестанский

5) Казалинский уездері

6) Ташкентский (11 болыс) уездері яғни - қазіргі Қазақстан Республикасының 3 облысы (Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) және 1 мегаполисы (Шымкент қаласының өзі), сонымен қоса, Өзбекстан Республикасының астаналық облысы болғандығын көреміз.

Сөйтіп, Шымкент қаласы осы құрамдағы ұлан-ғайыр аумақты міндетті түрде толық басқарып, олардың өмір-тынысын «кеңестендіру», ал «кеңес өкіметін жергіліктілендіру» тірек-бекетіне айналғандығы белгілі[1].

Кеңестік-большевиктік билік үшін осыншалықты үлкен маңыз берілген губерния орталығы (қазіргі мегаполис) Шымкент қаласы – бағыттық зерттеу нысаны болып табылатын «Тап ретінде жойылуы үшін тәркілеу қуғын-сүргініне түсірілген байлар үшін: өз «атқамінерлері» кей-кездерде ғана тек ат үсті соғатын\*сауда-айырбас, хабар алмасу орталығы қызметін ғана атқарған (\*Бұл жерде: «Ат үсті соғу» - қысқа мерзімдік кездесу).

XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы осындай тарихи-әкімшілік-географиялық жағдаятты ескере отырып, келесі ұсынысты жасауға болады: Шымкент қаласы жұмысшы тобы зерттеу жұмысын жүргізуде Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары жұмысшы топтарының іздеу жұмыстарына қосымша материалдар ұсыну жұмысымен айналысуы ұтымды болар еді.

Сырдария губерниясы бойынша 1-ші топты тәркілеу үшін келесі норма бекітілген:

1. Көшпелі аудандарда – 400 ірі мал;

2. Жартылай көшпелі аудандарда – 300 ірі мал;

3. Отырықшы аудандарда – 150 ірі мал

Алайда, тәркі талқысына орташалар мен ешнәрсесі жоқ кедейлер де түсіп кетіп отырған. Оған жауапты Шымкент қаласындағы «Партархивтен» табылған мына құжат жауап бере алады:

Құжат сөздері: «Поскольку в основе могущества полуфеодальных элементов в ауле лежали не только материальные средства производства, но и громадные общественные связи их с населением и не только в лице их ближайших имущих сородичей и родственников, но и в лице определенного кадра их политической агентуры и из среды аткаминеров, представляющей интересы своего патрона:

в родовой вражде,  
при перевыборах Советов,  
в Земельных спорах,  
в тяжбах по бытовым делам и т.п.,

имелось ввиду, при проведении конфискации байства, подвергнуть административной высылке наиболее вредных представителей этой политической агентуры полуфеодального господства в ауле и, притом, НЕЗАВИСИМО ОТ ИХ ИМУЩЕСТВЕННОГО ПОЛОЖЕНИЯ»[2].

Сондықтан, орташалар мен кедейлердің неліктен қуғын-сүргінге ұшырағандығының себебін осы классификацияны негізге ала отырып қарастыруымыз қажет екендігіне назар аударғымыз келеді.

Қуғын-сүргін үрдісінің жаппайлық сипат алуына тәркілеудің тек қана ВКП(б)-ның қарарларында көрсетілген байлар ғана емес, орташалар мен кедейлерді шарпып, сол кезеңдегі қазақ қоғамын толықтай күйретуінде болып отырғандығы белгілі. Бұған не себеп болды? Партиялық құжаттарда тек қана жергілікті асыра сілтеушілікке аударыла салынған бұл сойқан үрдістің партиялық қуғын-сүргін аппараты ХХ ғасырдың 20-шы жылдарындағы әлі де болса патриархальдық қаймағы бұзылмаған қазақ қоғамын бөлшектеу үшін бір-біріне қарсы қою процесін бастап кеткендігінен іздестіруіміз қажет екендігі Түркістан облыстық қоғамдық саяси тарих архиві құжаттары деректерінен анықталды. Сөйтіп, қазақ халқы келесі бөліктерге бөлініп тасталды:

«Аксакалы» - Ақсақалдар, яғни, ХІХ-ХХ ғ. бас кезінде Сырдария губерниясында өмір сүрген Қоқан хандығы кезіндегі «датхалар» ұрпақтары. Ірі туысқандық жүйені басқаратын, қоғамдық қатынас пен өндірістің негізгі ұйымдастырушысы, ықпалды тұлғалар. Кеңестік тәркілеу науқанының басты нысаны.

«Волостные, бий, толмачи» - Болыстар, билер, тілмәштар, яғни, Ресей империясы кезеңіндегі саналуан марапаттарға ие болған кеңестік тәркілеу науқанының басты нысандары.

«Крупные байи» - Ірі байлар, яғни, Сырдария губерниясының ірі байлары - көшпелі аудандарда – 400 ірі мал, жартылай көшпелі аудандарда – 300 ірі мал, отырықшы аудандарда – 150 ірі малы бар ірі шаруашылық иелері. Жалпы алғанда, байлар дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті, әулетті топ. Кеңестік тәркілеу науқанының басты нысандары

«Аткаминеры» - Аткаминерлер, байлардың кедей немесе бай туысы. Байлардың билікпен, саудагерлермен, басқа ру өкілдерімен және т.с.с. сол сияқты қоғамның басқа да топтарымен сыртқы байланысты жасайтын көмекші қызметшілері. Кеңестік тәркілеу науқанының басты нысандары.

«Середняки-родственники баев» - Байлардың орташа туысқандары

«Бедняки-родственники баев» - Байлардың кедей туысқандары

«Середняки-не родственники баев» - Байларға туыс емес орташалар

«Бедняки-не родственники баев» - байларға туыс емес кедейлер

Сондай-ақ, олардың барлығының кеңестік билікке қарсы ұйымдасқан күресіне «ГРУППИРОВЩИКИ» деген ат тағылғанын да айта кету керек.

Нәтижесінде, осы саясатты формальды түрде заңдастыру үшін 1-ші және 2-ші топтағы байлар деген терминдер жасалып, 2-ші топтағы байларды қолдан жасау үшін әулеттегі барлық мал-мүлік біріктіріліп, жағдайлары нашар, орта, ортадан төмен болса да «байлар» тәркіленуге түсіп отырған. Кесте губерния аудандарындағы тәркілеу барысы туралы анықтама береді [3-4]:

№	Шаруашылықтың сипаты	аудандар	1-ші топ (ірі байлар саны)	2-ші топ (орта байлар саны)	Аудан бойынша барлығы	Олардың ішінде ақталғандары
1	Көшпелі сипаттағы шаруашылық (400 ірі мал)	1. Қызыл құм	22	3	25	2
		2. Созақ	3	1	4	1+1
		Шаруашылық	25	4	29	4

		сипаты бойынша барлығы				
2	Жартылай көшпелі шаруашылық (300 ірі мал)	1. Талас	1	-	1	?
		2. Мерке	25	-	25	?
		3. Қараспан	1+4	-	1	0
		4. Жаңа Қорған	5	1	6	2
		5. Түлкібас	-	1	1	0
		6. Шаян	9	-	9	2
		Шаруашылық сипаты бойынша барлығы	41	2	43	4
3	Отырықшы сипаттағы шаруашылықтар бойынша (150 ірі мал)	Түркістан	5+3	-	5+3	0
		Келес	2	-	2	0
		Бадам	4+1	3+1	7+2	2
		Қаратас	2	-	2	2
		Иіржар	1	-	1	1
		Шаруашылық сипаты бойынша барлығы	14	3	17	5
Барлығы		80+8	9	89+8	13*	

Айыпталған және жер аударылған құлақтар, байлар, ауыл ақсүйектерінің, орташалар және шаруалардың саны/тізімі:

#### БАДАМ АУДАНЫ БОЙЫНША [5]

1-ші топ	2-ші топ	Аудан бойынша барлығы
4	3	7
1-ші топ бойынша:		2-ші топ бойынша:
1. Балпиков Сағатбек +		1. Чиналиев Тазбулат
2. Ниязбеков Заидбек –		2. Батырбеков Аргабек –
3. Қамысбеков Ыбрайым –		3. Изенбаев Режеп –
4. Монабеков Сусенбай –		4. Муратов Байгабек -
5. Сурағалиев Алдаберген -		

Яғни, әрбір топқа тағы да 1 адамнан үстеме қосылғанын көріп отырмыз. Сөйтіп, тәркілеуге 7 адамның орнына 9 адам түсуге міндетті болған. Олардың нақты кім екендігі осыдан әрі қарай нақтылайтын боламыз.

#### ҚЫЗЫЛҚҰМ АУДАНЫ БОЙЫНША [6]

1-ші топ	2-ші топ	Аудан бойынша барлығы
22	3	25
1-ші топ бойынша:		2-ші топ бойынша:
1. Умарбеков Абдрахман		1. Тасыбеков Якуб
2. Кубеев Курбан		2. Балапанов Баймухамед
3. Калибеков		3. Сергазиев Мырзабай
4. Рахманкулов		
5. Чукетыров Байбота		
6. Исмурзаев Имечек		
7. Рахметов Калмурза		
8. Батырбеков Казыбагар		
9. Исабеков Мусабай		
10. Усербаев Алимкул-		
11. Бегманов Басымбек-		
12. Усербаев Сергекбек-		
13. Байгубеков Байкунгур-		

14.	Умамбеков Алим-	
15.	Игамбердиев Джапар-	
16.	Рыспеков Умар-	
17.	Джандыбеков Акай-	
18.	Кубеев Камбар-	
19.	Усербаев Мамбек-	
20.	Танжаров Коштай-	
21.	Сергазиев Абылкас-	
22.	Асанов Рахманкул-	

#### ҚАРАСПАН АУДАНЫ БОЙЫНША [7]

1-ші топ	2-ші топ	Аудан бойынша барлығы
1	-	1
1-ші топ бойынша:		2-ші топ бойынша:
1.	Ахимбеков Аллияр	-
2.	Кульбаев Ахимбек	
3.	Бабиров Итаяк	
4.	Кенжебаев Чинали	
5.	Доунбаев Искак	

Яғни, 1-ші топқа тағы да 4 адам үстеме қосылғанын көріп отырмыз. Сөйтіп, тәркіленуге 1 адамның орнына 5 адам түсуге міндетті болған.

#### СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША [8]

1-ші топ	2-ші топ	Аудан бойынша барлығы
3	1	4
1-ші топ бойынша:		2-ші топ бойынша:
1.	Исаев Джанадиль-	1. Оспанов Кокебай-
2.	Тленчиев Дюсебай-	2. Кульжанов Кунгур-
3.	Аппаков Дайырбек-	3. Оспанов Имамберди+1853, 5-ші ауыл. Арест 19.11.1937 ст.58-10,11. Тройка
Тізімде жоқ, сайтта ақталғандардан табылған:		
1.	Исаев Джакуп 1896 ж. 9-шы ауыл. 1930 ж. 22.03. ст 58-2 Тройка	

Яғни, 1-ші топқа тағы да 2 адам үстеме қосылғанын көріп отырмыз. Сөйтіп, тәркілеуге 4 адамның орнына 6 адам түсуге міндетті болған.

#### ТҮРКІСТАН АУДАНЫ БОЙЫНША [9]

1-ші топ	2-ші топ	Аудан бойынша барлығы
8	-	8
1.	Пазылбеков Исламкул-	
2.	Байназаров Игемберді-	
3.	Сигазиев Абдураим-	
4.	Умаров Тагай-	
5.	Таукебаев Мулянкбек-	
6.	Манабаев Байғужа-	
7.	Саймуратов Ташимбай- Тулбеков Тулеберды-	

Яғни, 1-ші топқа тағы да 3 адам үстеме қосылған. Сөйтіп, тәркілеуге 5 адамның орнына 8 адам түсуге міндетті болған. Жалпы алғанда 89 шаруашылық иесі тәркілеуге түскен және жер аударылған. Оның 25-і ақталған.

Ал, тәркілеу кезінде қуғын-сүргінге түскен, жер аударылған отбасылардың құрамы, аудан, ауыл, селолардың адамдық шығындарымен төменде келтірілген аудан бойынша мәліметтер арқылы таныс болуға болады.

## ҚАРАСПАН АУДАНЫ БОЙЫНША [10]

Тәркіленген шаруашылық иесі, бай	Отбасы адамы саны
Ахимбеков Аллияр	13
Кульбаев Ахимбек	16
Бабиров Итаяк	18
Доунбаев Искак	10
Барлығы	57

Шымкент өңірі бойынша тәркіге іліккен 89бай-құлақтар, оның өзінде олардың тек жартысынан аз бөлігі ғана ақталғандығы анықталды.

Осыған орай, зерттеулер негізінде глоссарийге «Аткаминеры», «Средняки-родственники баев», «Бедняки-родственники баев», «Средняки-не родственники баев», «Бедняки-не родственники баев» деген классификациялық сұрыптаулық аталымдармен бірге, «группировки» және «группировочная борьба» деген терминдерді енгізуге ұсыныс дайындалды.

### Пайдаланылған деректер:

1 Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві, 26-шы қор, 1-ші тізбе, 217-ші іс, 3-ші парақ).

2 ТОҚСТА. Қ.29, Т.1. Іс 604, П. 18.)

3 ТОҚСТА. Қ. 29. Т. 1. Іс. 604. П. 24. Отчетный доклад об итогах по конфискации байских имуществ и выселению антисоветского элемента по Сыр-Дарьинскому Округу. 1930 г.

4 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 297. П. 9-10. Протокол №2 Заседания Сыр-арьинской окружной комиссии по конфискации байского имущества от 02.09. 1928 г.

5 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 297. П. 9-10. Уполномоченному по конфискации байских хозяйств по Бадамскому району тов. Джамбулову список утвержденный Правительством Казакстана которые подпадают в обязательном порядке под действие КЦИК и СНК от 27.08. 1928 г.

6 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 245. П. 15. Список баев подпадающих под п.п. 1-й и 4-й постановления Центрального Исполнительного Комитета и СНК Казакской АССР.

7 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 196. П. 1. Уполномоченному по конфискации байских хозяйств по Бадамскому району тов. Джамбулову список утвержденный Правительством Казакстана которые подпадают в обязательном порядке под действие КЦИК и СНК от 27.08. 1928 г.

8 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 190. П. 145. Список утвержденный Правительством Казакстана которые подпадают в обязательном порядке под действие КЦИК и СНК от 27.08. 1928 г.

9 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 190. П. 145. Список утвержденный Правительством Казакстана которые подпадают в обязательном порядке под действие КЦИК и СНК от 27.08. 1928 г.

10 ТОМА. Қ. 74. Т.1. Іс. 196. П. 3. Список баев подключенных конфискации имущества и их скота.

**Айтай Б.С.**

ОҚМПУ-дің аға оқытушысы, т.ғ.к, Шымкент қаласы.

## САЙРАМ АУДАНЫНДА БАЙЛАР ЖӘНЕ ИШАНДАРҒА ҚАРСЫ БОЛЬШЕВИКТІК РЕЖИМНІҢ 1929-1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАСАҒАН САЯСИ ҚУДАЛАУ ШАРАЛАРЫ

Сайрам ауданы ежелден отырықшылықта өмір кешкен. Аудан орталығы Ұлы Жібек жолында пайда болған 2 мыңнан аса жылға ие көне «Исфиджаф-Сайрам» қаласы. Көп жылдар Сайрам музейінде директор болған өлке-танушы Мирахмад Мирхолдор ұғли «Рисала-и Сайрам» атты бір мың жыл бұрын жазылған еңбек бар деп айтып еді. Осы тарихи дереккөзді өзбекшеге аударып «Сайрам тарихы» деген еңбек жазыпты[1]. Аталған еңбектен Сайрамның тарихы еліміздегі ең ежелгі тарихы екендігіне көз жеткізуге болады.

Сайрам ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда Манкент - Сайрам ауданы болып құрылып, құрамына Шымкент уезінің Манкент, Сайрам, Украин болыс-тарының аумақ бөліктері енген. 1930 жылы желтоқсанда Сайрам ауданы болып қайта аталды [2].

Аудан құрамына келесі ауылдық кеңестер енді:

- |              |                  |             |
|--------------|------------------|-------------|
| 1. Базарқапа | 4. Манкент       | 7. Ярғанлык |
| 2. Қарабұлак | 5. Сұлтанрабат   |             |
| 3. Қарамұрт  | 6. Шымкент-қақпа |             |

Түркістан облысы мемлекеттік архивінің *(ары қарай -ТОМА дағы)* «Шымкент қалалық прокуратурасының құжаттары» деп аталған №620 Қор [3] және «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылаудағы істер» деп аталатын №168 Қор[4] және «Сайрам ауданы халық сотының материалдары» атты №505 [5] Қорларда 1929-1931 жылдардағы байлар және ишандарға қатысты құжаттар сақталған. Сайрам ауданында колхоздар құрылысының қалай жүзеге асқаны туралы архив материалдарымен таныса отырып байлар мен кулактар, ишандардың мүлкін тәркілеу және олардың өздерін тап ретінде жою сол жылдардағы тоталитарлық жүйенің басты мақсаты болғанына көз жеткізіп отырмын.

Большевиктер «контрреволюциялық элемент» деп санаған байларды, ишандарды құртпайынша социалистік жаңа қоғам құруға болмайды деген террористік көзқараспен таптық күресті зор қарқынмен іске асырып баққан. Оған «Советская степь» газетінде жарияланған 1929 жылдың 13 тамызында БК(б)П Орталық Комитетінің барлық округкомдары мен аудан-комитет-теріне «Колхоздарды кулактар мен байлардан тазарту туралы» хаты дәлел бола алады[6].

Аудандағы кулактардың кәмпескеге ілінгендерінің тізімдерін №168 қордағы істерден таптық. Оларға қолданылған жазаны облыстық сотының материалдары деп аталатын №217 Қордан[7] іздестірдім. Сол бай-кулактардың көпшілігі жазадан құтылу үшін белгісіз жаққа қашқаны туралы да мәліметтер баршылық. Астық дайындатуды күштеумен жүзеге асырған нег-ізгі шешімдер 2017 жылы Шымкентте жарық көрген №74 Қордан алынған «Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағына» [8] енбей қалған Сайрам ауданына және Шымкент қаласына қатысты сот материалдары жаңа деректер екендігін айта кетуім керек. «Қанаушылар-эксплуататорлар» деп танылған Сайрам ауданында өмір сүрген осынау ірі, орташа байлар, кулактар, саудагер - алыпсатарлар, ишан-имамдарды ақтау-дың қазірде сәті келді деп есептеймін. РСФСР ҚК нің 58.7, 58.10 баптары бойынша оларға «колхозға қарсы үгіт насихат жұмысын жүргізді» және жеке малдарын базарға сатып пұлдады колхозға өткізбеді деген «контрреволюциялық айыптаулар» тағылған.

Олардың кейбіреулерінің істеріне қатысты төмендегіше деректерді келтіруге болады:

Сайрам аудандық прокуратурасына қатысты №168 қорда[4,36] Ешметов бай, кулак болған және алыпсатар саудагер де болған екен. Ташкент және Өзбекстанның басқа қалалардан мата әкеліп сатқан. Қозыларды базардан сатып алып бағып, оларды қой етіп сауда жасаған. Олардың бұл әрекетін алыпсатарлық деп бағалаған. Егін алқабында қосшылар-жалдамалы адамдар салып, олардың «еңбек күшін қанаған» деген айыптау сөз жазылыпты. Барғанлық ауылының кеңестер уәкілі бұл кісіге 100 пұт ет жоспарын орындау тапсырмасын берген. Ол жоспарды орындамай қарсылық көрсеткен. Оны Шымкенттегі домзаққа жабу туралы қаулы шыққан. Кейін халық жауы атанып лагерьге айдалған. Ешметовты саяси ақтауға лайықты деп есептейміз.

Сайрам аудандық прокуратурасына қарасты №168 қорда [4,38п] РСФСР ҚК нің 61 бап бойынша айыптау бойынша қадағалауға алынған байлар Әлиев, Нуралиев, Мадалиевтерге қатысты 1931жылдың қазанында басталған іс бір жыл 1932 жылдың 27-қазанға дейін жалғасқан. Айыптау қорытындысы бойынша Әлиев алыпсатар саудагер эксплуататорлар, салынған салықты төлеуден қашқан және төлемегендігі анықталып отыр. Астық науқанын жүргізуге кедергі келтірген. Әлиев 200 пұт ет жоспарын орындамаған. Тергеуге алынған. Нуралиев кедейлерге күш, зорлық көрсеткен деп көрсетіліпті. Бай, кулак. 150 пұт ет жоспарын орындамаған. Мадалиев үлкен саудагер болған және өз үйінде қосшылар салып адам еңбегін пайдаланған. Оларды егістікте те пайдаланған. Барғанлық ауылынан Мадалиевке 250 пұт ет жоспарын орындау жүктелген. Ет жоспарын орындамай қарсылық танытқан. Қамауға жабылған. Этаппен лагерьге айдалған.

№168 қордағы Қадыр Бекназарұлы мен Халиқұлы туралы деректерде оларға РСФСР ҚК нің 61бабы *(үкімет қаулылары мен шараларын орындамау)* бойынша іс қозғалған. 1931 жылы ОГПУ өкілі Раимұлына түскен арызға сәйкес Бекназарұлы мен Халиқұлына қатысты істі тексеріледі. Қ.Бекназарұлы Қарамұрт ауылында туған. Тұрмысы бай және бірнеше малайлар жалдап олардың еңбек күштерін пайдаланып келген. 1931 жылы 11 желтоқсандағы ауыл кеңесінің 2 ші президиум мәжілісінде оған 200 пұт астық жоспары берілген. Оны төлеуден мүлдем бас тартқан. Жауабында «төлемеймін» деп ашық қарсылық білдіргені үшін айыпталған. Колхоздан шығарылады. Ал Халиқұлы 410 пұт астық жоспары берілгенде ол да төлеуден бас тартқан. Сол үшін айыпталған. Үштік тің уәкілі Раимұлы оларға қылмыстық іс қозғатады. Уақытша абақтыға *(Домзаққа)*

жабылады[9,24]. Ары қарайғы тағдырлары белгісіз. Десек те олардың лагерге этаппен жіберілгендігі анық. Сонымен қатар, бұларға ешқандай амнистия да қолданылмайды.

№168 қордағы Муратожаев Шарипхожа Қожаұлына қозғалған РСФСР ҚК нің 58/7 бабы бойынша айыптау №24 ісінде оның ұлты өзбек, 31 жаста, хат таниды, кәсібі дикан, бұрын мердігер болған, кедей таптан шыққан, коммунистік партияның қатарын тазалаудан өткен, қатын-баласы бар, бір үйде 7 адам, 2 адам іске жарамсыз, қорасы, үй мүлкі, жер-суы бар, бір өгізден басқа малы жоқ. Туған жері Сайрам ауданы деп көрсетілген. Айыптау қарарында Муратожаев 1930 жылы 3 қаңтарда Сайрам ауданының №19 тергеу мекемесінде 1929 жылғы астық даярлау науканының жоспарын орындамаған. Колхозда арнайы комиссия жұмыс істейді. Комиссия жан-жаққа қашқан адамдардың тізімін жасаған. Комиссия хатшысы Розметұлынан осы тізімді «мен жазамын» деп алып барлық қызметкерлерді жамандап жазған. Астық дайындау үкімдеріне: «...сендер байларды құртатын болдыңдар» деп айтқаны үшін Ш.Муратожаев ты халықтық жиынға салып айыптаған. Этаппен лагерге айдалған. [9,77]

Ырысқұл Қасенбайұлы туралы деректерді оқысақ. Ол – бай-кулак баласы һәм өзі де бай болып, шаруа кедейлердің күшінен пайдаланған. Саудагерлік те жасаған, батырақтарды езіп келген және осы уақытқа дейін жасырын алыпсатарлық та жасап келген. Қолдағы бидайды жасырын қоймаға тығып, жасырып келген және науқанға қарсы батырақтар арасында үгіт жүргізіп отырған. Жоспарға сәйкес берілген 100 пұт ет жоспарын төлемейміз деп қашып жүргені үшін 61 баптың Ш-тармағы бойынша айыпты болды. 2 жыл бас бостандығынан айыруға және қылмыстық заңның 36-бабы қолданылып, тағы Сырдария округінен тыс жерге 5 жыл жер аударылады. Мал-мүліктерін кәмпескіленіп, үкімет пайдасына шешіледі[10,16]

ТОМА дағы №168 Қордағы [11] Қарамұрт қишлағындағы сайлауға хақсыздардың тізімін қарасақ (*№1 қосымшадағы*) барлығы дерлік имам-молдалар екен. Бұлардың сайлауға не сайлануға құқын қатаң шектеген.

Қорыта айтсам, тергеу істерінде колхозды мәжбүрлеп құрудағы асығыстық, аштық туралы бір ауыз мәлімдеме не факті кездеспейді. Тек айыпталушылардан алынған төте жазу (арапша) өзбекше мәтінде жазылған түсініктемелерде ғана «бала шағам, туыстарым аш отыр, қазаным қайнамай қалды, егуге бар дәнді колхозға өткізем, соның біразын сұрауға бардым т.б деп көрсеткен мазмұндағы жауаптарды оқуға болады. Оны тергеуші сұрақ хаттамасына себептерін басқаша жазып қоспауына амалы болмаған, өйткені, «ұрладым», «тонадым», «кеңес өкіметінің колхоз құрылысына қарсымын» т.б деп соңынан жаздырып, қол қойдырып алған. Құжаттарды оқып отырсаңыз олардың басты кінәсі тегі бай, колхоз құрылысына қарсы болғандығын байқауға болады. Олар «қанаушы-эксплуататорлар» деп танылды. Бірнеше жылды арқалап лагерге жөнелтіліп жабылып, қара жұмысқа жегіліп кете берді.

Шындығында аталған байлар, кулактар ауылды асыраған, ауылдың тыныштығы мен берекесін сақтаған қайраткерлер болатын. Олардың құғынға ұшырап, яғни күштеп колхоздастыруға ұшыруының себебі, яғни бар кінәсі ауқатты бай болғаны еді. Тоталитарлық жүйе социалистік қоғамға жат элемент саналған байларды, діндарларды құртпайынша жаңа қоғам құру қиын деген теріс көзқарастағы принциппен таптық күресті қатаң іске асырып баққан. Президентіміз Қ.Тоқаевтың «...заңсыз қудалау құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмысын толық ақтауды» [12] тапсыруына байланысты осы кісілерді саяси ақтауға ұсыну заман талабы.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Мирхолдор уғли. «Сайрам тарихи». Чимкент.1991
2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамалық (1928-2011 жж.), II-басылым – Шымкент, 2020, 335 б.
3. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (*ары қарай-ТОМА*).- №620 Қор -«Шымкент қалалық прокуратурасының құжаттары
4. ТОМА.-168 Қор. - «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылауындағы істер», 1- Тізбе, 3 бума, 76 іс. 46 парақ.
- 5 ТОМА- № 505 қор – «Сайрам ауданы сотының материалдары»,., 1-тізбе, 1 бума, 13-іс.1931 қаңтар - ақпан.Бума-4, іс-77., 24 іс.
- 6 «Советская степь» газеті. 1930-1931 жж. №31-34
- 7 ТОМА-№ Қор-168, тізім-10, бума-4, іс-263.-11б.
- 8 Сырдария округіндегі тәркілеу науканына қатысты құжаттар жинағы.- Шымкент, «Нұрлы бейне» баспасы, 2017.-340 б.
- 9 ТОМА.- №217 Қор. - «Оңтүстік Қазақстан облыстық сот материалдары»1 тізім, 19 бума, 2 іс. 108-109 парақтар.



10 ТОМА-№ Қор – 168, тізбе – 1, бума – 4, іс – 128,16.

11. ТОМА., № 168 Қор., 1 тізбе, 21-іс. 1931ж.

12. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы. / Егемен Қазақстан газеті. 21 қараша, 2020 ж.

№1 қосымша

№	Өзінің, әкесінің аты	Барлық жаны	Қайда тұрады	Қашан хақысыз болған	Не себептен хақысыз болған
1	Ташметбай Салымсатұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
2	Ахметжан Момынжанұлы	13	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак болыс
3	Әбдіқадір Әбдірайымұлы	12	Қоқан	1929 ж	Дамолла
4	Төленді Ахметназарұлы	2	Өлген	1929 ж	Дамолла
5	Құлатқожа Байсақожаұлы	6	Ташкент	1929 ж	Дамолла
6	Жалал Нұрметұлы	5	Ташкент	1929 ж	Дамолла
7	Низамхан Камалханұлы	4	Ташкент	1929 ж	Дамолла
8	Құруанбек Әлімұлы	4	Шымкент	1929 ж	Дамолла
9	Камалхан Әбділжанұлы	4	Ташкент	1929 ж	Дамолла
10	Тойшы Момынбайұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай, дамолла
11	Шыман Райымжанұлы	2	Шымкент	1929 ж	Бай, дамолла
12	Әбділлақары Әбдімәуленұлы	2	Ташкент	1929 ж	Бай, дамолла
13	Зәдбіз Буханұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бақал
14	Қажыбек Әзизбекұлы	5	Шымкент	1929 ж	Бақал
15	Атабаба Құланбабаұлы	6	Шымкент	1929 ж	Қасап
16	Жалал Жамалбекұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бақал
17	Ұлман Рысқұлұлы	3	Шымкент	1930 ж	Бақал
18	Мерез Шерметұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бақал
19	Меруипхан Мірғанұлы	6	Ташкент	1929 ж	Дамолла
20	Меллаған Мүсейіұлы	4	Ташкент	1930 ж	Дамолла, дауагер
21	Мықман Мәуленұлы	8	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
22	Аманжан Еркімжанұлы	9	???????	1931 ж	Бай-кулак
23	Нияз Қауиылулы	5	??????	1930 ж	Бай-кулак
24	Әбдірахман Есенұлы	7	Тұтқында	1930 ж	Бай-кулак
25	Кемелбек Әзизбекұлы	6	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
26	Моллакамал Қасымұлы	7	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
27	Ғұлам Момынжанұлы	10	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
28	Өмерхан Әбдірайымұлы	10	Ташкент	1929 ж	Дамолла, ишан
29	Қаралхан Өмерханұлы	4	Ташкент	1930 ж	Дамолла, ишан
30	Бухарауай Бұқабайұлы	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
31	Бекболат Дауранұлы	6	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
32	Дауран Райымұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
33	Мерез Мынауайұлы	5	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
34	Төлен Сәтұлы	6	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
35	Сүйерқұл имам	5	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
36	Анарбай Өзербек	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
37	Садық Кәмілұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
38	Құруанбек Байнашұлы	5	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
39	Бабан Анарбайұлы	6	Қарамұрт	1930 ж	Бай-кулак

40	Сүлейман Анарбайұлы	9	Қарамұрт	1930 ж	Бай-кулак
41	Момын Болатбайұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
42	Тәшейда Даулетұлы	4	???????	1929 ж	Бай-кулак
43	Ғани Момынжанұлы	3	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
44	Акрам Әбдіқадірұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
45	Шанқожа Артыққожаұлы	5	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
46	Олжа Момынжаұлы	3	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
47	Ешматбай Салымсақұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
48	Тонматбай Сәуайұлы	7	Тұтқында	1929 ж	Бай-кулак
49	Құдайберген Мәулән	5	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
50	Жақаш Мәулән	4	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
51	Сұлтан Әметхан	5	Ташкент	1929 ж	Дамолла
52	Айтшон Құнназар	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак, шұнақ
53	Исамат Құнназар	4	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
54	Әбдіғани Мұхаметқұл	3	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
55	Әзім Мәуләнұлы	4	???????	1929 ж	Бай-кулак
56	Тойшы Ырсыметұлы	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
57	Әметхан Әкірамжан	6	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
58	Юлдаш	6	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
59	Сүлейман	4	Қарамұрт	1929 ж	Бай-кулак
60	Шәркім Қайыпұлы	5	Қарамұрт	1929 ж	Бай-кулак
61	Әбдірахман Қолатұлы	5	Ташкент	1931 ж	Ишан
62	Бува Маннатұлы	5	Ташкент	1929 ж	Бақал, ишан
63	Қақхол Арайұлы	5	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
64	Құрбанқол Анарұлы	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
65	Сопы Анарұлы	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак

**Ғ.С. Сүлеймен., Г.А.Турумбетова**  
**Ж.Тәшенов» атындағы университетінің**  
**«Тарих және география» кафедрасының аға оқытушылары**

### **ТАР ЗАМАН ЗАР ЗАМАНҒА ҰЛАСҚАН КЕЗЕҢДЕГІ СЫРДАРИЯ ГУБЕРНИЯСЫ БОЙЫНША ІРІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ АУҚАТТЫ БАЙЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?**

Қазақстан Республикасы Президентінің 24 қараша 2020 жылғы, №456 жарлығына сәйкес «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Соған сәйкес облыс, қала көлемінде мемлекеттік комиссия құрылып, архивтік зерттеу жұмыстары жасалып жатыр. Төмендегі мақалада Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған бай-кулактар тізімі архивтік деректерге негіздеп баян етейік. 20-жылдардың соңындағы қазақ қоғамдағы байлардың тағдыры жайлы бүгінгі күні жаңаша көзқарасқа мұқтаж болып тұрған тарихи кезең болып отыр.

Ия бұл қазақ не күндерді басынан өткермеді десеңші. Соның ішінде ең өзекті мәселелердің бірі Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп ұйымдастыру кезеңі болса керек. Ежелден мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқы үшін бұл тосын тиген нәубет болды. Ең алдымен ұжым құру үшін мал- мүлік болды ма? Ол малды қайдан алмақ? –деген сауалға жауап іздеуіміз керек сияқты. Бұл саяси науқан 1928 жылдың 27 тамыз айында шыққан Орталық атқару комитеті мен Қазақстан халық комиссарлар кеңесінің бірігіп шығарған «байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару» туралы қаулысы қабылданды. Бұл қаулы сол күннен бастап күшіне ене бастады. Қаулы бойынша Қазақстандағы көшпелі аудандарда – 400 бас, жартылай көшпелі аудандарда-300 бас, отырықшы аудандарда – 150 бас ірі қара малдан артық малы барлар тәркіленуі тиіс болды. Сонымен қатар бұл қаулы бойынша тәркіге түсіп жер аударылуы тиіс тұлғалар дауыс беру құқығынан айырылатын болды [1].

Бұл қаулы шығысымен үш күн өте 30 тамыз күні бірден екі қаулы қабылданды. Оның алғашқысы «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу» туралы болды. Қаулыға сәйкес Сырдария губерниясында көшпелі аудандарға: Қызылқұм, Созақ, Сарысу, Шу кірсе; Жартылай көшпелі аудандарға: Талас, Әулие-Ата, Меркі, Қарааспан, Жаңақорған,

Арыс, Түлкібас, Шаян аудандары кірді. Ал отырықшы аудандарға: Түркістан, Келес, Бадам, Қаратас, Іріжар, Жуалы аудандары енді [2].

Түркістан облысының мемлекеттік архивіндегі дерек көздеріне сәйкес; Түркістан ауданы 32 адам, Жаңақорған ауданы 6, Меркі ауданы 22, Қарааспан ауданы 5, Талас 1, Шаян ауданы 9, Бадам ауданы 9, Қызылқұм ауданы 21, Келес ауданы 2, Қаратас ауданы 2, Іріжар ауданы 1, Түлкібас ауданы 1, Әулие-ата ауданы 5 адам кәмпеске тізіміне ілінді [3].

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің деректеріне сәйкес, Сырдария округі, Шымкент уезі, Украин волостында (қазіргі Төле би ауданы) кәмпескіге ұшыраған кулактар анықталынып тәркіленуге ұшырады;

-Георгиевка селосы бойынша отбасымен қосқанда 354 адам,

- Село Блинков отбасымен қосқанда 106 адам,

- Село Қасқасу отбасымен қосқанда 18 адам,

- Село Советское отбасымен қосқанда 45 адам,

- Село К.Маркс отбасымен қосқанда 8 адам,

- Село Манжурия отбасымен қосқанда 22 адам,

- Село Первомайск отбасымен қосқанда 15 адам [4].

Ал екінші қаулыға келсек «27 тамыздағы қаулыға сәйкес жер аударылуы тиіс тұлғалардың аудандарын белгілеу» болып отыр.

Қаулыда Сырдария мен Жетісу аймақтарынан – Орал аймағына ірі байлар жер аударылуы тиіс болды. Сырдария аймағына – Семей аймағынан ірі байлар жер аударылуы керек болды [5].

Сарысу ауданы бойынша Сырдария округінен Орал округіне бір ғана Әлиевтер отбасынан 32 адам жер аударылды [6].

Қаулы қабылданысымен күшке ене бастады. Қазақстанның барлық аймақтарында «Байлардың мүлігін тәркілеу» комиссиялары құрылды. Сонымен қатар, әрбір аудандар мен ауылдарда комиссиялар жедел түрде құрылып, жұмысқа кірісіп кетті.

Қазақстандағы сол саяси науқанды сұрыптай келе, тарих ғылымының докторы, профессор, Т.Омарбеков тәркіленген байлардың әлеуметтік шығу жағынан былайша жіктеді; «а.) болыс басқарушылары хандар, датқалар және т.б. ұрпақтары; ә) атқа мінерлер ақсақалдар, билер (бұрынғы соттар); б) молдалар, ишандар және т.б. ұрпақтары; в) бұрынғы алашордашылар және шенеуніктер» [7].

Негізінен тәркіге түскендер 1928 жылғы 27 тамыз қаулысына сәйкес келмесе де, олар қазақ хандарының, билерінің, болыстарының, датқаларының ұрпақтары болғандығы үшін тағдыр тауқыметін тартуға мәжбүр болды.

Сол кездегі өлкелік комитетінің хатшысы Голошокіннің барлық аймақтарға жіберген жедел хатында «Список замены другими более крупными, вредными, ни в коем случае не выходя за пределы установленных норм» - дейді [8].

Бұл дегеніміз қалайда болмасын тәркіге алынатын байлар санын азайтамын, керісінше көбейтуді көздеп отыр.

Жоғарыдағы келген әр бір жедел хаттар аймақтарға, аймақтардан аудандарға қосымша бұйрықтар мен қоса жеткізіліп отырды.

Сырдария аймағы бойынша тәркілеу барысы төмендегіше көрсеткіш береді. Барлық аймақ бойынша 107 шаруашылық тәркіге ұшырады. Оны аймақ аумағындағы аудандарға бөлер болсақ, отырықшы аудандардан – 21 шаруашылық, 3925 бас ірі қараға шаққанда тәркіленіп әр шаруашылыққа орта есеппен 184 бас ірі қарадан тиді; Жартылай көшпелі аудандарда 50 шаруашылық – 13725 бас ірі қара мал тәркіленіп, әр шаруашылыққа бөлгенде орта есеппен – 274 бас ірі қарадан дөп келді; ал көшпелі аудандарда – 36 шаруашылық -12486 бас ірі қара мал тәркіленіп, әр шаруашылыққа орта есеппен 341 бас ірі қарадан тура келді [9].

Тәркіленген малдардың бір түрінен екінші түріне аудару коэффициентіне назар аударалық. 1928 жылдық 30-шы тамызда жарық көрген Қазақстан халық комиссиарлар кеңесінің «Малдың бір түрінен екінші түріне аудару коэффициенті туралы» қаулы қабылдады. Онда былай делінген: а) бір ірі қараға-жылқы, сиыр, өгіз, және екі жасар түйені тең деген; ә) бір ірі қараға – бес қой, сондай-ақ алты ешкіні тең деп көрсетеді [10].

Сырдария округі бойынша тәркіленген малдардың таратылуына назар аударалық. Округ бойынша 4329 батыраққа – 29060 бас, ал кедейлерге 28984 бас мал бөлініп берілді. 2577 бас мал батырақ-кедейлерің ұжымдық шаруашылықтарына берілсе, 253 бас мал совхоздарға, ал 853 бас мал байлардың күнделікті күн көрісіне қалдырылды [11].

Мұндағы таратылу барысының барлығы дерлік белгілі көлемде таратылды. Тәркіге түскен байлардың ішінде өз адал еңбегімен мал жинағандарда болды. Мысалы келтіре кетсек, Қаратас ауданы Қақпақ ауылының азаматы Ахмет Наушабаевтың арызында былай делінген: - «Мен 1872 жылы туылғанмын. Әкем кедей шаруа болған. Екі жасымда әкемнен жетім қалдым. Отыз жасқа дейін жалдамалы жұмысшы болдым. Жұт жылына дейін 250 қойым бар еді. 170 қойым жұтқа ұшырап бар болғаны 80 қой мен қалдым. 150 қойды өз адал еңбегіме қайта сатып алдым. 1927 жылы 700 қой, 10 жылқы, 8 сиырым тәркіге алынды. Ал менің бар малым ірі қараға шаққанда 150 бас ірі қараға тең болса да, тәркіге алынып отырмын» – дейді [9]. Бұл шын мәнінде А.Наушабаевтың өз адал еңбегінің жемісі болып тұрған жоқ па? Қазақтың сөзімен айтқанда, мұндай мал «бір жұттық» емес пе? Бұл азамат тағдыр тауқыметін тартқандардың бірі ғана. Архив деректеріне сүйенсек, тәркілеу кезінде көптеген олжылықтар анық байқалады. Мәселен 1500 бас қойы бар Шонғай Байтереков 3000 бас қойы бар Бұрта Мұшқалов сынды байлардың кезінде тәркілеу тізіміне түспеуінде болып отыр. Ал керісінше мал мүлкі аз болса да, тәркіге түскендер өте көптеп кездеседі. Жартылай көшпелі аудандар тәркіге түсетін тұлғалардың малдары 300 бас ірі қарадан асса ғана тәркіге түсуі керек болса, Мерке ауданында керісінше көрініс тауып отыр. Мәселен: Ш.Сәрсенбаевты 111 бас ірі қара, М.Сұлтанқұловтың 181 бас ірі қарасы болды. Шын мәнінде бұл азаматтар орта шаруа екендігі айдан анық болып тұр емес пе? Мұндай орта шаруалардың барлығы да тәркілеу тізіміне ілініп, отбасымен қоса Орал округіне жер аударылып кете барды. Бұл тәркілеу саяси науқанның бастамасы болса керек. 1930 жылдан бастап «Бай – кулакты тап ретінде жою» науқаны басталып кетті. Мұнда «бүгінгі орта шаруа – ертеңгі бай» -деген айдармен тегіс тәркіленіп, аймақ ішінде бір ауданнан екінші ауданға жер аударылды. Осылайша Қазақ даласын күңіреткен солақай саяси науқан іске асып, соңы Қазақ ұлтын ашаршылыққа әкеп тіреді.

1920 жылдардың соңындағы Қазақ ұлтының басына түскен, жасанды солақай саясаттың құрбаны болған тұлғалардың тарихы – бүгінгі ұрпақтың алдындағы теңдесі жоқ өз бағасын алады деген сенімдеміз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер мен дерек көздер**

1. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941гг.) ч-I, 169 стр.
2. ТОМА – 74-қ., I-т., 22-б., 185-іс, 18-бет
3. ТОМА қор 74, тізім 163,164,165,167 бума 20
4. ТОҚСТМА қор 29, тізімдеме 1, іс 308, 71-73 беттер
5. ТОМА. -74-қ., I-т., 22-б., 185-іс, 66-бет.
6. ТОМА қор 74, тізімдеме 1, бума 20, іс 165,104, 105 бет
7. Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасереті. Алматы, 1998, 84 бет
8. ТОМА – 74-қ., 2 I-т., 33-б., 351-іс, 48-бет.
9. ТОМА – 74-қ., I-т., 22-б., 185-іс, 12-бет.
10. ТОМА – 74-қ., I-т., 33-б., 351-іс, 47-бет.
11. ТОМА – 74-қ., 2 I-т., 33-б., 351-іс, 49-бет.

**М.Н.Алдаберген**

т.ғ.к.доцент ОҚМПУ.Шымкент.Қазақстан.

#### **XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН АШТЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ**

1924-1925 жылдардағы жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу іс-шараларына сәйкес бұрынғы Түркістан АССР-не қараған қазақ жерлері Қазақ АССР-ның құрамына кіргізіліп жинақталынды. Әкімшілік-территориялық мәселелерімен айналысатын уақытша орган-революциялық комитеттер (ревком) туралы Ережені 21 ноябрь 1924 жылы ҚазАССР Орталық атқару комитеті бекітті[1].

Нәтижесінде бұрынғы Түркістан автономиялық республикасына бағынышты болған Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария Жетісу болыстары Қаз АССР-ң құрамына қосылғандығы туралы тарихи шешім қабылданды. 1924-1925 жылдары көлемінде Қаз АССР құрамына қосылған уездер мен болыстардың шекараларына байланысты мәселелер нақтыланып бұрынғы Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көп бөлігі Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі Қазақстанға қосылды. Нәтижесінде жалпы Қазақстанның өндіргіш күштерінің ирригациялық жүйесі, халқының саны өскен, экономикалық ресурстары дамыған

аймаққа айналуы байқалды. 1926жылғы халық санағы бойынша республикадан қазақ ұлтының үлесі 61,3% нәтижеге жетті.[2.234]. 1925жылы Қазақ АССР құрамындағы әкімшілік-территориялық бірлестіктер қатарында орталығы Шымкент қаласы болған Сырдария губерниясы да бар еді. 1928 жылдың 17-қаңтарында іске асқан бұл жүйеге байланысты губерниялар мен уездер, болыстар жойылып,енді округ, аудан, ауыл болып құрылды.Қызылорда округінде сегіз аудан болды. Олар:Арал,Адамесек,Қазалы,Қармақшы,Қараөзек,Қызылорда,Теренөзек,Шиелі аудандары еді. Сырдария округіне Арыс,Әулиеата,Бадам,Белые воды, Бостандық, Ержар, Жаңақорған, Жуалы, Келес,Қаратас,Қызылқұм, Машат-Сайрам, Меркі, Мойынқұм, Сарысу,Созақ,Талас,Түркістан,Түлкібас,Шаян,Шу аудандары болды.Сырдария округтік комитетінің бірінші хатшылығына Е.Гурин сайланды.Сөйтіп,аудандардың құрылуы 1928 жылдан басталды[2].

20-шы жылдардың ортасында ауыл шаруашылығындағы дамуға одан әрі көңіл бөлінді.Ауыл шаруашылығында 1926 жылдың 25-ші мамырында егіндік және шабындық жерді қайта бөлу науқаны басталып,ол губерниядағы 22 болыста жүретіндігі белгіленді. Бірақ, реформаның жүруі барысында 29 болыста жүзеге асырылды.Бұл реформаның іске асуы нәтижесінде ауыл кедейлері бұрын қазақ байлары мен орыс кулактарының артық пайдаланып келген егіндік және шабындық жерлерін қайта бөліп,өз үлестерін алды.Бұл дұрыс шара болды. Бірақ, көп жерде кедей шаруаларөздерінше жұмыс істеп үйренбегендіктен бөлінген егістік жер егілмей, берілген шабындық жер орылмай қалды.Бұл аз да болса егіндік көлемінің азаюына,алынатын өнімнің көбеюіне алып келді.

Осы кезде социализм құрылысын іске асыру мақсатында жүргізілген үлкен шаралардың бірі 1928 жылдың тамыз айының 27-жұлдызындағы «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» декретті жүзеге асыру болды.Ол бойынша байлардың малдары жаппай тәркіленіп,тартып алынды.Ортаға берілді. Колхоздар құрған болды.Бірақ не бақылау болмады,не малдардың саны есепке алынбады.Егер егіндік және шабындық жерді қайта бөлу мен байлардың малдарын тәркілеу мәселесіне келетін болсақ,мұның өзі жалпы қазақ қоғамына жасалған қастандық деп түсінуге болар еді.Өйткені, біріншісінің жүргізілуінің салдарынан егістік көлемі күрт азайса, екіншісінің жүргізілуі барысында мал басы азая бастады.Жер де,мал да талан-таражға ұшырай бастады.Бұл халықтың жағдайының нашарлай түсуіне әсер етті.

Осы жылдың 30- тамызында қабылданған «Қазақстан көшпелі,жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің арнаулы қаулысында таза көшпелі аудандарға Сырдария округіндегі Қызылқұм, Созақ, Сарысу және Шу аудандары,жартылай көшпелі аудандарға Сырдария округінде 8 аудан,Қызылорда округінде 4 аудан,отырықшы аудандарға Сырдария округінен 6 аудан жатқызылды.Қызылорда округінде отырықшы аудан жоқ деп саналды.

Республиканың оңтүстік өңірінде Қазақстанның басқа да өңіріндегі сияқты тәркілеу науқанын 1928жылы 1-қарашаға дейін аяқтау көзделгенімен, ол 1929 жылдың ақпан айына дейін созылады.Бұл дегеніңіз үш-төрт ай тағы да жаңадан басқа да «байларды» іздеп табу міндетін қойғаны белгілі.Халықтың негізгі бөлігі байларды күштеп тәркілеуді қолдай қойған жоқ. Басқа округтарға қарағанда Сырдария округінде қазақ шаруаларының наразылығы күшті болды. Соның бір мысалын 1928 жылдың қыркүйек айындағы Шаян ауданында болған оқиғадан көреміз.Онда тұрғандар Кеңес үкіметінің тәркілеу саясатында үзілді-кесілді қарсы шыққан болатын [3].

Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіндегі Ф.И.Голощекиннің Мәскеуге жіберген құпия ақпаратында Сырдария округі бойынша «жоспарланған» 89 қожалықтары орнына 106 қожалықтың тәркілендігі жөнінде көрсетілген.Онда ірі байларға 88,жартылай ірі феодалдарға 18 адам жатқызылған.Бірақ,кей зерттеулерге қарағанда округте 160 «байдың» тәркіленгені мәлім. Ал,Қызылорданың Қызылқұм аймағында бұл науқан 1928 жылы қыркүйек айының бас кезінде-ақ басталды.Бұл науқаннан алдын-ала хабардар болған байлардың бір бөлігі бұл науқаннан аман қалу үшін малдарын құм арасына айдап кетті.Кей аудандарда тіпті басқа,көрші елдерге көшіп кету орын алды.Мысалы, Қазалы ауданындағы «Қарақұм» маңындағы байлар малдарын тартып алудан аман алып қалу үшін Бұхара,Хиуа,Самарқанға дейін көшіп кеткен.

Жалпы,алғашқы бір жоспар бойынша округтегі 40 шаруашылықтан 27175 бас мал алыну керек болса, қорытындыда 56720 бас мал тартып алынған. Осы малдардың бір бөлігі жаңадан ұйымдасып жатқан түрлі ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне беріліпті.

Жалпы,осы жылдың соңына дейін қазіргі үш облыстың жерінде тәркіленген 97 ірі байдың ірі қара малға шаққанда 24376 малының 18476-сы кедейлер мен батрактарға, 734-і жаңадан ұйымдасқан артелдерге,1693-і бұрын ұйымдасқан артелдерге,752-сі совхоздар мен коммуналарға берілді.Алайда қазақ байларын тәркілеуден мемлекет те,кедейлер де ештеңе ұтқан жоқ.Бұл науқан қазақ даласындағы дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне алып келді.

Осы жылдары бүкіл елде ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруға бет бұрғаны белгілі. 1929 жылдың күзінен бастап Сырдария округінде де колхоз құрылысында «ұлы бетбұрыс» басталды. Жекелеген аудандарда әлі де экономикалық және саяси алғышарттарының жасалмауына қарамастан олар да жаппай ұжымдастырылатын аудандар тізіміне ілікті. Соның мысалы мұндағы Келес, Мақтаарал, Сайрам сияқты ілгеріден егіншілікпен айналысып келе жатқан аудандардың қатарына Шаян сияқты жартылай көшпелі Қызылқұм, Шәуілдір, Созақ сияқты әлі де бірлестікке тартудың мүмкіндігі жасалынбаған көшпелі аудандар да қосылып кетуі еді.

Көшпелі аудандарда ұжымдастырудың қарқынын шапшаң жүргені сонша, кей жерлерде тіпті олар отырықшы аудандардан озып кетті. Атап айтқанда, 1930 жылдың басында отырықшы саналатын Арыс ауданы 61, Сайрам ауданы 63, Мақтарал ауданы 70 процентке ұжымдастырылса, көшпелі Созақ ауданында оның дәрежесі 80,7 пайызға жеткен екен. Осындай бұрмалаушылықтар мен орын алған қателіктердің және асырып көрсетулердің салдарынан 1930 жылдың ортасынан бастап колхоздар санының азайғанын көреміз. Өтірік ақпарларды тек ұйымдасып жатқан ауыл шаруашылығы бірлестіктері ғана емес, сонымен бірге аудандар да жіберіп жатты. Ол ақпарларда бірлестікке кірген шаруалардың саны, олардың қолындағы малы асыра көрсетіліп жатты. Соның бір мысалы, 1930 жылы Белье Воды ауданында ұжымдық шаруашылықтарға 9100 шаруашылық бірікті деп ақпар берген еді, сөйтсе, аудандағы барлық шаруа шаруашылығы оның сәл ғана жартысынан асатын, 4918 екен. Ал Ленгір ауданындағы қоғамдасқан мал саны 18880 деп көрсетілсе, шын мәнінде одан екі жарым есе кем болып шықты. Сондай-ақ, Сайрам ауданында 24157 десятина екендігі анықталды. Осымен бірге колхоз мүшесінен жаппай кету орын алды. Осы жылы Мерке ауданының Луговое селосындағы «Восток» колхозында 750 адамы бар 130 шаруашылықтан 158 ғана адамы бар 30 шаруашылық қана қалған [4].

1932 жылдың жазында қоныстарынан ауа көшкен босқындарды бұрынғы тұрғылықты елді мекендеріне қайтару іс-шаралары қолға алынған еді. Арнаулы өкілдер қазақтарды эшалондарға отырғызып, қаңырап қалған елді мекендерге жөнелтіп жатты. Соның ішінде, мысалы Оңтүстік Қазақстанда елге қайтарылған адамдар есебінен Шаян, Талас, Сарысу аудандары құрылды. Бұл кеңес үкіметі үшін «бақытты колхоздар» кезеңі болатын [5].

Жаппай қуғын-сүргін және күштеп ұжымдастыру жылдарында сыртқы көші қонға Сырдария округінен Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанға босқындар жаппай кетіп отырған. Архив құжаттарында сыртқы және ішкі көші-қонның негізгі себебін «байлардың астық дайындау мен салық төлеуден жалтаруы, әлеуметтік тобын жасыру мақсатында әкімшілік аппараттың қысымынан жалтару» деп түсіндіреді. Мысалы: Сырдария округі Қараспан ауданынан 400 бай кулак қожалықтары басы ауған жаққа кеткен [6].

Үкіметтің ұжымдастырудағы теріс саясаты қазақтардың басқа аудандарға көшіп қана қоймай, елден тыс жерлерге (Қытай, Иран, Ауғанстан) қоныс аударуға итермеледі. XX ғасырдың 30-шы жылдары сыртқа кеткен 400 мыңға жуық шаруа қожалықтары 1920 жылдардың аяғындағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарының 75% құраған. Жергілікті жерлерде партияның колхоз құрылысы жөніндегі бірқатар нұсқаулары өрескел бұзылып, сорақы асыра сілтеушіліктерге жол берілуі негізінен мал басының кеміп кетуіне және қазақтардың қоныстарынан аууына әкеліп соқтырды. Мұндай асыра сілтеушіліктерге себеп болған негізгі жайттар: коллективтендіру мен малды қоғамдастыруда жоғары процент қуушылық, жерді бірлесіп өңдеу серіктіктерін жойып, мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарда барлық жерде бірдей артельдер, тіпті коммуналар ұйымдастыруға, шамадан тыс алып колхоздар ұйымдастыруға әуестенушілік (Келес ауданында 142 колхоз 35 колхозға, Арыс ауданында 138 колхоз 67 колхозға біріктірілген) [7].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы күштеп ұжымдастыру мен қолдан жасалған ашаршылық мемлекеттік биліктің қолдан жасалған қуғын-сүргін саясаты жалпы қазақтардың халықтарды алапат қасіреттерге душар етті. Алапат қасірет қазақтардың малын тәркілеу мен күштеп отырықшылыққа көшіру салдарынан болды.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Вестник рабоче-крестьянского правительствo Киргизской АССР
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. - Алматы. «Атамұра» 2010 IV том.
3. Қазақстан Республикасы президенттік архивы. 141-к., 1-т., 2067-іс, 47-48-пп.
4. Жамбыл облыстық мемлекеттік архиві. 162-к., 1-т., 1-іс., 54-п.
5. Аяған Б. Красные и черные (материалы Гуверовского архива). Алматы, 2005.
6. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты. - Алматы: ТОО «Литера-М», 2012.
7. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. - Алматы. «Қазақ Университеті» 1991 ж., 69 бет.

## XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ШАРУАЛАРҒА ӘСЕРІНЕ ТАРИХИ БАҒА БЕРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдың 20-40-шы жылдарындағы сталиндік қуғын-сүргіннің шаруаларға әсеріне тарихи баға берудің кейбір мәселелері тақырыбы тек ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі арнайы қаулысынан бері ғана көтеріліп отырған өзекті мәселе емес. Ол жұмыстардың бастаулары кешегі кеңестік кезеңдегі саяси жүйе менидеологияның «дағдарысқа» ұшырып, соңына қарай бет алған өліара шағы мен ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында-ақ басталғаны белгілі. Соның арқасында еліміз Алаштың ардақты ұлдарымен танысып, төл тарихының кеңестік кезеңдегі орын алған «ақтаңдақ» беттері туралы біле бастады. Ал ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың елімізде кешегі «Кеңестік кезеңде жүргізілген саяси қуғын-сүргін және заңсыз қудаланғандарды ақтау бойынша жұмыстар жүргізу туралы» (20 қараша 2020 ж.) туралы үкіметке арнайы тапсырмасы жарыққа шыққан соң оған дейін жұмысы баяу қозғалып келе жатқан зерттеушілер мен түрлі деңгейлердегі комиссиялар жұмысы жаңа деңгейге көтеріліп, жандана бастады.

Біздіңше, XX ғасырдың 20-40-шы жылдарындағы сталиндік қуғын-сүргіннің шаруаларға әсеріне тарихи баға беруде **теориялық және тәжірибелік** тұрғыдан да назар аударарлық мәселелер бар. Біз осы зерттеу мақаламызға соларды арқау еткенді жөн санадық. Республикалық жетекші топ арқылы жергілікті комиссияларға әдіснамалық тұжырымдар ұсынылды. Бүгінгі күндері сол ғылыми әдістемелік негіздерге сүйене отырып бағалаулар жасалуда. Дегенмен, тәжірибеде кездескен кейбір деректер санада қосымша қайшылықтар да туғызатыны жасырын емес. Мысалы сол кезеңдегі Қылмыстық кодекстің бір бабымен, мысалы, 107 «алыпсатарлық» бабымен сотты болғандар арасында шын мәнінде алыпсатарлық жасағандар мен күнделікті күнкөрісі үшін керекті нан алуға базардан «5 кг пісте алып, оны қуырып сатқан қария ананың» бірдей жаза тартқанын, тіпті кейбір тұстарда алғашқылардың жазалары соңғыларына қарағанда жеңілдеп кеткен тұстарын көрсететін архив материалдарымен кездескен кезде сталиндік саяси жүйедегі қуғын-сүргіннің шаруаларға әсерін зерделеудің күрделі екенін бірден аңғардық. Сондықтан біз сол кезеңнің зерттелу мәселесіне қатысты алдыңғы буын зерттеушілер ой-пікірлерін, тұжырымдары мен кейбір бүгінгі тәжірибеде өзіміз кездесіп отырған кейбір мәселелері бойынша ойларымызбен қосымша бөлісуді жөн санадық. Кешегі кеңестік кезеңнің тарихын зерделеуде есте ұстайтын күрделі мәселелер көп. Ол туралы тарихшы ғалым, ҚР ҰҒА академигі М.Қозыбаевтың: «Біз білетін социализм екіге бөлінеді: теориядағы шынайы социализм, адам баласының арманындағы социализм, сталиндік казармалық социализм. Бұл да тарихтың тәжірибесі, болашаққа сабақ. Жаңа базарлы, нарықты экономикаға көшу жолында Адам деген атақты аяққа баспай, қоғам қамқорлығында болуы шынайы социализм идеясы екеніндігін тарихшылар анықта, ашықта айтуымыз керек. Сонымен бірге әріптестермізді социализм дәуіріне үңіліп зерттеген кезде әрбір тарихи құбылысқа сын көзбен қарауға шақырар едім»-деп жазғанынан аңғаруға болады [1, 9-10 бб.].

Осы орайда Шымкент қалалық комиссиясы құрамында жетінші бағыттағы, яғни «Большевиктік-сталиндік режимнің шаруаларға қарсы күштеп ұжымдастыру, сатыпалу және басқа да саяси науқандардың құрбандарын зерттеу, қорытынды мен ұсыныстар дайындау жөніндегі топтың» мүшесі ретінде жұмыс жасай отырып, біз бұл бағыттардағы мәселелерге кешенді келу арқылы ғана біршама объективті баға берудің мүмкіндіктері бар деген қорытынды жасадық. Өйткені, архивтегі кездескен қылмыстық істердің папкаларындағы әрбір мәселені жекелей қарастырғанда бір мемлекет, бір қоғам, бір халық басындағы жағдайлар кейде сол кезеңдегі НКВД үштігінің немесе қалалық соттың бөлімдеріндегі әртүрлі шешімдердің қабылдануы жоғарыда айтқандай санада қайшылықтар да туғызады. Сондықтан аталған кезенді толық түсініп тиісті бағалау үшін ең алдымен зерттеуші бұл тақырыпқа кешенді келгені абзал. Яғни, сол кезең туралы зерттеушінің жан-жақты хабардар болуы өте маңызды. Зерттеуші аталған кезеңге бағалау беру үшін сол дәуірді тұтас алып қарап, материалдарды екшеп, талдаудан бастаған жөн. Өйткені, ол уақыт халқымыз үшін аса сындарлы уақыт болды. Сондықтан сталиндік қуғын-сүргіннің шаруаларға әсері деген мәселе де, ол әсерлердің саяси, әлеуметтік, экономикалық және солардан келіп туындайтын демографиялық, мәдени болмыстық өзгерістерге қатысты тарихқа барынша кешенді келу маңызды. Алдымен республикадағы шаруаларға кеңестік тоталитарлық жүйенің әсері туралы айтқанда сол кезеңге дейінгі және аталған кезеңдегі саяси таптық-идеологиялық тұрғыдан алғандағы қазақ қоғамы қандай еді? – деген сұрақтар

төңерегінде білімдер мен ғылыми пікірлерді ескерген жөн. Бұл мәселеде халқымыз жаңадан келіп жатқан кеңестік биліктің саяси идеологиясындағы таптық күрес, қанаушы тап, ортақ мал, ағайындық-туыстықтан гөрі саяси көзқарасына сай елді бөлшектеу сияқты жалаң ұранды тәжірибелеріне дәстүрлі қазақ қоғамында жоқ белгілер ретінде оны толық түсініп те үлгірмеген еді. Сондықтан жаңа биліктің тарапынан қазақ қоғамының бұрынғы ағайын-туыстық байланыстардан ажырамау, адамға сену, сөзде тұру сияқты ұлттық қасиеттерінің аяқасты етіле бастағанына наразылығы күшейіп, соңы азаттық күрестеріне дейін ұласып отырған. Осы тұрғыдан қарағанда ең соңғы нәтижеде қазақтың саны мен сапасының деңгейіне қарап бағалау дұрыс. Ал бұл орайда ХХ ғасырдың 20-50 жылдары қазақ тарихындағы демографиялық процестерді зерттеген ғалымдар тарапынан «қара отыз жылдық» деп бағаланып келе жатқаны белгілі [2, 16 б.].

Қазақ қоғамының саны мен сапасының дағдарысты да, күрделі күй кешуіне 1921-1922 жылдардағы аштық зардабы аз болмады. Ол аштық халықты аласапыранға салып, ішкі көші-қондық қозғалыстарды күшейткен. Қала берсе, Ресейдің ішкі аудандарынан, оның ішінде Еділ бойынан Қазақстанға қоныс аударушылар санының артуы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды одан ары күрт нашарлатып тастады. Өз кезегінде ол қоныс аударушылар еліміздің батыс аумақтары арқылы Түркістан аймағына да жетті. Аштық өзімен бірге ауруды да ала жүреді. Ол аштықтан адамдардың өздерінің жанын сақтау үшін ит-мысықтардан бастап, тышқандарға дейін, тіпті кейбір тұстарда каннибализмге де жол ашқаны белгілі. Оның нәтижесі адамдардың тек аштықтан ғана емес, психологиялық ауытқулар, сырқаттардан азаюына әкелгені белгілі. Міне осындай бүкіл ел үшін қайғылы тарихқа айналған аштыққа сталиндік тоталитарлық жүйенің репрессиялық жазалаулары, яғни «ел ішін халық жауларынан» тазарту бойынша жүргізген террорлық әрекеттері адамдардың санасына қосымша күш түсірген уақыт болатын. Сондықтан аталған кезеңде өздерінің адамдық қасиеттерін сақтағандар мен өздерін адам баласы ретінде бір жанын сақтау үшін «жоғалтқандарға» тарихи баға беріп, оларды ақтауға ұсыну тарихшы, заңгер мамандарға оңай іс емес. Енді тәжірибелік тұрғыдан алғанда назарға алатын кейбір мәселелер жетерлік екені байқалды. Мысалы, Түркістан облыстық архивінде сол жылдардағы түрлі «науқаншылдықтарға» қатысты, олардың шаруаларға әсеріне байланысты құжаттар қоры мол. Соның ішінде аймақтағы, яғни Шымкент қаласы аумағындағы жүргізілген ұжымдастыру, күштеп еңбек етуге, салық төлеуге итермелеген билікке қарсылықтар, алыпсатарлықпен күрес және оларды жүзеге асырудағы арнайы орган өкілдерінің («үштіктің»), халық соттарының асыра сілтеушіліктері т.б. мәселелер бойынша тігінділер қоры бар. Олардың арасында сот, тергеу материалдары бойынша істің толық аяқталғандары да, болмаса, істің аяғы қалай аяқталғанын тарихшылар ізденіп жүріп нүктесін қоятындары да аз емес. Іс қозғалғандардың да әлеуметтік жағдайы, сауаттылық деңгейлері, қоғамдағы қызметтері де әркілі. Біз бұл орайда бүгінгі күнге дейін ел білетіндей баспасөз беттерінен белгілі болған тарихи тұлғаларға байланысты материалдар ғана көбірек зерттеу нысаны болғанын, ал қоғамдағы жай шаруалар мен кәсіп иелерінің сол жылдардағы тартқан зардаптары туралы сөз аз қозғалып келгеніне назар аударатын кезең келді деп санаймыз. Өйткені, сол бір зұлмат жылдарда тек қызметте отырғандар ғана емес, қатардағы еңбекші қауымда тоталитарлық жүйенің зардаптарын тартты. Мысалы, Қазақстанға Ресейдің ішкі аудандарынан келгендердің бірі - Шевченко Екатерина Ивановна 1891 ж. (*іс папкасындағы ҚазССР Жоғары соты қорытындысында 1895 жыл деп көрсетілген 23.04.1943 ж.*) Одесса облысының Херсон қаласында туған. Шымкентте Узбекская, 28 үйде тұрған. 50-ді алқымдаған әйел осында тұрып, күнкөріс үшін базардағы колхозшылардан 5-6 сомнан килосын пісте алып оны стакандап 60 тиыннан сатқаны үшін айыпталып ұсталған. Сондағы жалпы тапқаны әр килоға шаққанда 7-8 сомнан келеді екен. Бүгінгі нарықтық экономикада іскерлік саналатын саудаға бейімділік пен алып-сату істері социалистік елдегі еңбекті қанаудың бір түрі саналғаны белгілі. Сондықтан 1940 ж. 18 шілдесіндегі 1-ші қала сотының НКВД РКМ басшысы Вильсон бекіткен қаулыға сай тұтқындалған ол сол жылы 24 тамызда Шымкент қаласы 3-ші халық соты алыпсатарлық жасағаны үшін 6 жылға соттаған. Сот шешіміне қарсы арыз шағымдары жоғары инстанциялық соттар тарапынан қанағаттандырылмаған [3].

Былайша айтқанда 5 кило пістеге 6 жыл арқалаған. Онысымен тұрмай 3 жылға сайлау құқығынан айыру сияқты қосымша жазасы тағы бар. Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, ХХ ғасырдың 20-40-шы жылдарындағы сталиндік қуғын-сүргіннің шаруаларға әсеріне тарихи баға беруде ескеретін тағы бір жағдай сол кезеңде жүргізілген түрлі «науқаншылдықтар» туралы зерделеулер мәселесі де бар. Бұл бағытта жалпылама жұмыстар болғанымен жергілікті аумақтардың сол науқаншылдықта тартқан зардаптары да арнайы терең зерделеулерді қажет ететін тұстарымызда аз емес. Олай зерделеу қазақстандықтардың қай өңірінде қандай «науқаншылдықтар» және қай деңгейлерде өтті дегенге жауап береді. Мысалы, Түркістан облыстық архивіндегі материалдарды қарау барысында біздің



бағыт елдегі «ет дайындау» науқаны бүкіл елдегідей сипат алса, бұдан бөлек мақта егу және оның қажырылықпен, күштеумен жиым терім науқанында орын алған құдалау істері туралы материалдарды табуда. Мақта науқаны немесе мақта салығы тек оңтүстік өңірге қатысты салық түрі. Мақтаны Шымкент қаласында, Сайрам ауданында кеңінен егілген екен. Және ең басты наразылықтар осы мақта салығына қарсы туындағанын байқауға болады. Ал «астық дайындау» науқаны кезеңінде сотталғандар мен қаза болғандар санына келсек бүгінгі дейінгі біз қарастырған құжаттар бойынша мәліметтер әлі іздестірілуде. Осылардың арасында 105-107 баптар «алыпсатарлық» бойынша істерде айтарлықтай асыра сілтеулер орын алған. Мемлекет бір жағынан «таптық теңестіруді» қолдап саясат жүргізе отырып, жергілікті халықтың шаруашылық жүргізудегі тарихи тәжірибесімен санаспай, оларды тек күштеп басқаруды қолға алған. Өз кезегінде ол істері қарсылықтар тудырып отырған. Ол туралы архив материалдарында 1928-1933 жылдардағы істерде колхоз меншігіндегі мүліктерге қол салу, талан тараж жасау, малдар және астықты ұрлау, сату, туыстарына тарату бойынша қылмыстық істер қаралғанынан анық байқалады. Яғни, қуғын-сүргіннің әлеуметтік және саяси салдарларын да тарихи сабақтастықта ашық ажыратып зерделеу маңызды. Мысалы, Шымкент қаласының ауылдық қала маңындағы Янгишахар, Калинин, Қызылжар, Сталин, Киров т.б колхоздардағы ұжымдастыру туралы мағлұматтар № 958 қорда, ұжымдастыру науқанында қарастырылған қылмыстық істерге орай жүргізілген істер 519 қорда, шығарылған сот шешімдері туралы №217, ал қалалық прокуратура құжаттары №620-шы қорларда топтасқан [4].

Күштеп астық дайындату бойынша жергілікті партия және құқық қорғау органдарының негізгі шешімдердің тізімін 2017 жылы Шымкент қаласында жарық көрген 74 ші қордан алынған «Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағына» еңбей қалған Сайрам ауданына қатысты сот материалдары жаңа деректер екендігін біздің комиссияның бағыт мүшелері тарапынан айтылғанын да тілге тиек еткенді жөн санаймыз.

Тағы бір өзекті мәселе, ол осының барлығының деректік қайнар көздері санатындағы архив материалдарының сақталуы мен толықтығы және қолжетімдігі. Бұл орайда, сол кезеңдегі құжаттардың кейбірін жай көзбен оқып танысудың қиындықтар туғызатыны, кейбір тізбелердегі қылмыстық істерге қойылған айыптау баптарының орындалуы туралы мәліметтердің қайшылықты тұстарымен қатар, архивтерден кейбір шаруаларды айыптауға қатысы бар құжаттардың жоғалуы сияқты фактілердің де зерттеушілерге қиындықтар туғызып отырған мәселелер. Сондықтан архив материалдарының көпшілікке қол жетімдігін қамтамасыз ету бағытында бүгінгі атқарылып жатқан архивтік деректерді цифрландыру жұмыстарын толық аяқтау арқылы олардың толықтығын қамтамасыз ету бағытындағы зерттеу жұмыстарды одан ары жүргізу маңызды. Бұл орайда халықаралық тәжірибелерді де ескерген артық болмас еді. Яғни, кейбір құпия деректердің көпшілікке белгілі бір уақыттан соң жария болуына қарай бағытталған жұмыстарды кешенді түрде жүргізу маңызды шаруа. Келесі бір тәжірибелік сипаттардағы өзекті мәселе – аталған кезеңде республика көлемінде кең қолданыста болған төте жазуды игерген мамандардың жетіспеушілігі екені белгілі. Өйткені, бұл бағытта сол кезеңдегі құжаттармен жұмыс жасауда, ғалымдарға тіл мен жазу үлгілерін терең меңгермеудің де кедергілері аз емес. Әрине, комиссиялар құрамында төте жазуды оқитын мамандар бар. Олар негізінен тілші мамандар. Тарихшылар арасында аз. Осының өзі тәжірибелік жағынан алып қарағанда қиындықтарға әкеледі. Өйткені, тілшілер құжаттың тек мазмұнын аударып берумен шектеледі. Ал құжатты түгел аудару ұзақ уақытты қажет етеді. Ал деректанушы тарихшы үшін материалдардағы әрбір сөз бен жауаптардағы кездесетін көңіл-күйлерді де аңғару маңызды. Сонымен бірге тәжірибелік тұрғыдан алғанда аталған уақыттың зардаптарын анықтай түсуде зерттеушілер үшін архив деректерінен бөлек ел арасына барып қосымша ақпараттар жинаудың маңызы зор. Өйткені, ел арасында әлі де сталиндік кезеңнен қалған қорқыныш пен үрейдің іздері толық жойылып кетпегені анық байқалады. Қолдарында сол кезеңге қатысты материалдары бар адамдардың өзі ашылып айта бермейді. Біз өзіміз сондай далалық экспедициялардың бірінде бүгінгі Шымкент қаласы аумағына Төлеби ауданынан жаңадан енген елді мекендердің бірі - Тоғыс ауылында сол кеңестік өкімет тұсында ақ «1932-1937 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына» арналған ескерткіштің бой көтергені туралы хабарды естіп білдік. Көпшілік қауым біле бермейтін ол ескерткіш туралы дерек 2021 жылы қарашаның 18 күні №119 Маятас жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасына Шымкент қаласы комиссиясының жанынан құрылған арнайы экспедиция мүшелерінің ауыл тұрғындарымен кездесуінде айтылды. Аталған 1960-шы жылдардың басында құрылған Қазығұрт кеңшарында жетпіс-сексенінші жылдарда бой көтерген секілді. Өйткені, 2008-2010 жылдары ауыл әкімі қызметін атқарған, бүгінгі күні ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүрген Ашетов Батырхан ағаның аталған ескерткіш кеңшарды Қамбар Жүнісбекұлы деген ағамыз басқарып тұрғанда салынған еді деген сөзі осындай ойларға жетелейді. Кездесудің соңына

қарай сол ескерткіш тұрған ауланың бүгінгі жағдайымен таныстық. Кеңсе үйі аумағынан түрлі коммуникациялық трубалардың өткені және бұрынғы кеңсенің жарым-жартылай жекешеге өткені байқалады. Ескерткіштің тек тас үйінділері ғана қалған екен. Кездесуге қатысқан қазіргі таңдағы әкімдік қызметкері Шуылдақ Данай ескерткіш құрылыс жұмыстары кезінде коммуникациялық жұмыстарға кедергілер келтіргені және ескерткіштің бүгінгі уақыт талаптарына эстетикалық жағынан да сәйкестік таба бермегенін айта келіп, сөз соңында осындай себептермен бұзылғанын айтты. Бірақ алдағы уақытта сондай ескерткішті ауылдық Мәдениет үйінің алдына қою туралы ойлары барын жеткізді. Алайда экспедиция мүшелерімен кездесуге келген жұртшылық арасынан ол Мәдениет үйі де жекенің қолына өткенін айта отырып, ескерткішті бұрынғы орнына қайта қою керек деген ойларын айтқандар да болды. Әрине, ол шаруалар болашақ уақыттың және ел басқарған сол аумақтағы азаматтардың еншісіне қалатын жұмыстар. Біздер үшін маңыздысы да, ескерткіш туралы хабардың былайғы жұртты елең еткізерлік жағы да оның кеңестік кезеңде салынуы дер едік. Және ондағы айтушылардың сөздеріне қарағанда **«1932-1937 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш»** деп ашық жазылған екен [5].

Кешегі күні сол кезеңдегі азаматтардың батыл істерін айғақтайтын, бүгінгі күні ел азаматтарының бір бөлігін өкіндіріп, екінші бөлігін ойлантып отырған тарихи ескерткіштің бүгінгі күнге толық сақталынбағанына біз де өкініш білдірдік. *(Қараңыз: төмендегі суреттегі сол қиратылған ескерткіш орны)*

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні қазақ ұлтына жаңа тарихи сананы қалыптастыру үшін өткені мен бүгінгі жай жалаң патриотизм мен ауызекі әңгіме емес, ғылыми саралап түйінді тұжырымдар жасау арқылы қалыптастыру өзектілігі күннен-күнге бұрынғыдан да айқын бола түсуде. Ендігі жерде отаршылдық кезеңді зерделеуде бұрынғы тарихи методологиядан арылып, жаңаша тарихи бағалаулар беру қажет. Ол мәселе тәуелсіздік алғаннан бері қозғалып келеді. Алайда, бұл бағытта озып алға кете қоймағанымыз белгілі. Өйткені, оған әсер ететін бірнеше факторлар болды. Бірақ бұл мүлдем ештеңе жасалған жоқ деген сөз емес. Көп әрекеттер жасалды. Ілгерілеудің сонау тәуелсіздіктің алғашқы жалдарында жоғары энтузистік қарқынмен басталып, өнімді істер атқарылғаны белгілі. Ол қарқынды істердің басында т.ғ.д., профессорлары, ҚР ҰҒА академиктері М.Қ.Қозыбаев, К.Н.Нүрпейсов сияқты танымал ғалымдар тұрды. Кейін біртіндеп баялаушылық байқалды. Қалай болғанда да кеңестік кезеңнің ХХ ғасырдың 20-40 жж. тарихына қатысты ой-тұжырымдар жасауда, баға беруде ескеретін басты қағида – ол Индонезияның ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Сукарно айтқандай, отаршылдықтың барлық түрлерін саралай келе, «қолайлы», «жағымды» ауру болмайтыны сияқты «жағдайлы» отаршылдық та болмайды дегенді ешқашан естен шығармаған абзал.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. М.Қ.Қозыбаев. Аласұрған ХХ ғасыр (толқыныс, ізденіс, проблемалар) // Қазақстан в начале ХХ века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. Алматы, 1993. Б.3-16.
2. Ж.С.Аубакирова, А.Н. Алексеенко «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберіндегі «Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар». Монография. Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2020.-400 б.
3. Түркістан облыстық архиві. 384қор, 1-ші тізбе, 60-шыыс, 5 бума.
4. Түркістан облыстық архиві. № 958 қор.
5. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның далалық экспедициясы жұмысы есебі.

**Алдабергенова М. К., Жадраева Г. Ә., Нұрманова Ш.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Әлем тарихы және дінтану кафедрасының доценті м.а., PhD

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Әлем тарихы және дінтану кафедрасының аға оқытушысы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Тарих кафедрасының аға оқытушысы

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖАЙЛЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ПАЙЫМДАР**

Жаппай саяси қуғын-сүргін – Қазақстан тарихындағы ең қайғылы беттердің бірі. 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында саяси қуғын-сүргін ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру мен үдемелі индустрияландырудың басталуымен жаппай сипат алды. Қуғын-сүргін құрбандары большевиктердің белсенді саяси қарсыластары ғана емес, олардың саясатымен келіспегендер де болды.

Мемлекеттік террор әлеуметтік жұмылдыру үлгісіне келтіріліп, саяси режим өз халқының жеке топтарына қарсы мақсатты орасан зор ауқымда жүйелі түрде науқан жүргізді.

Кеңес мемлекетінің репрессиялық саясатын мақсатты талдай отырып, Қазақстандағы қуғын-сүргінді келесі негізгі кезеңдерін бөліп қарастыруға болады:

1. 1917 жылдың қазан айынан – 1920 жылдың аралығында, бұл ұлттық интеллигенцияға қарсы репрессия. («Алаш», «Шура-и-Исламия» және ұлттық автономия үкіметі «Алаш Орда», «Түркістан Мұхтариаты»).

2. 1920 жылдардың ортасы мен 1930 жылдардың басы, яғни қуғын-сүргінге ұшырағандар Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатқан большевиктердің де, «Кіші Октябрь» саясатына қарсы шыққан Ф.И.Голощекиннің (Т. Рысқұлов, С. Садвокасов, С. Сейфуллин, С.Меңдешев және т.б.) қарсыластары.

3. 1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың бірінші жартысы, яғни күштеп ұжымдастыруға қарсы репрессия.

4. 1930 жылдары «Саботаж ұйымдастырды», «бұзақылық жасады» деп айыпталған императорлық техникалық қызметкерлерге қарсы қуғын-сүргін. («Балқаш ісі», «Шахтер ісі»).

5. 1937 - 1938 жылдары жаппай саяси қуғын-сүргін («Үлкен террор»). Халықтың барлық дерлік топтарына қарсы репрессия.

1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың бірінші жартысы, яғни күштеп ұжымдастыруға қарсы репрессия қоғамға қатты әсер етті. Қарапайым халық арасында жалпыға ортақ күдік ахуалы орнады, қоғамдық санада «жау бейнесі» қалыптасты, адамдар өздеріне тағылған ең сұмдық айыптарды қабылдауға дайын болды. Адам өзін дұшпандардың, контрреволюционерлердің, тыңшылар мен диверсанттардың қоршауында қалғандай сезінгенде, «қорғау» психологиясын қолдану идеологиялық қаруға айналды. Адамдардың санасына барлық жаулардан тек көсем Сталин құтқара алады деген идеологиялық постулат қалыптасты. Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана өткеннің қателіктерін тануға, тоталитарлық жүйенің репрессиясына лайықсыз ұшыраған тұлғалардың есімдерін қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Соңғы жылдары ғана тарихымыздың қасіретті кезеңдерін толық және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелерін жан-жақты зерделеу және шешу мақсатында Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылып, әрбір қала мен облыс орталытарында жобалық кеңселер жасақталды. Мемлекеттік комиссияның 11 жұмыс тобы құрылып, әрбір топ өз қызметін қуғын-сүргін құрбандарының санаттарына сәйкес жүргізеді. Сондай-ақ, өңірлерде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі өңірлік комиссиялар құрылды, олардың құрамына ғалымдар, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері кіреді. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының қасіреті жайлы деректерді жария ету және оған жан-жақты баға беру қазақстандықтардың жас ұрпағы үшін өте маңызды іс болып табылады.

Шымкент қаласындағы өңірлік топтың мүшесі ретінде жұмыс жасай отырып, 2021-2022 жылдар аралығында Түркістан облысы мемлекеттік архивінде жұмыс жасау барысында большевиктік-сталиндік режимнің шаруаларға қарсы күшейтілген ұжымдастыру, сатып алу және басқа да саяси науқандарының құрбандары санатына жататын 215 азаматқа қатысты іс-құжаттар қарастырылды. Аталмыш азаматтардың құжаттары жоғарыда аталған архивтің 217 қор, яғни «Чимкент облыстық сот» құжаттары, 816 қор, яғни «Сыр-Дарьинский окружная прокуратура»

құжаттарын қарау барысында анықталды. Сонымен қатар, 384 қор, яғни «Шымкент қаласының 3-учаскелік Халық соты» 1935-1959 жж. құжаттарды талдау барысында анықталып, сараланды. Қарастырылған құжаттардың ішінде 98 азамат 1926 жылы шыққан РСФСР-ның қылмыстық кодекстің 61 бабына сәйкес сотталған, яғни сараланған құжаттардың 45,5 %-ын қамтыды. Ал 31 азамат 14,4 %-ы 58 баптың 7, 8 және 10 тармағына сәйкес сотталғандар. Сонымен қатар 20 азамат, яғни сотталғандардың 9,3 %-ы 107 бап бойынша жазаға тартылғандар болды. 59 бап бойынша сотталғандар жалпы қарастырылған құжаттарға сәйкес 7,4 %-ын құрайды. Сотталғандардың 12-сі, яғни 5,5 %-ы 82 бап бойынша жазаға тартылғандар болып саналады. Талданған архив құжаттары мен қарастырылған статистикалық мәліметтерді қуғын-сүргінде ұшырағандардың басым көпшілігі РСФСР-ның қылмыстық кодексінің 61 бабы бойынша сотталғандар екендігін анықтайды. Аталмыш заң баптары мен тармақтарын тереңірек қарастырар болсақ, құжаттары тіркелген сотталғандардың 45,5 пайызын құрайтын, 61 бап, яғни «Міндеткерліктерді, ұлттық міндеттерді немесе республикалық маңызы бар жұмыстарды орындаудан бас тарту» аясында жасалған қылмысы үшін сотталғандар, оларға тағайындалған жазаға келер болсақ, онда міндет немесе жұмыс құнының бес еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, екінші рет жасағанда – бас бостандығынан айыруға немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жіберілген. Ал кулак элементтері болса тіпті бірінші рет орын алған жағдай болса барлық немесе мүліктің бір бөлігі тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын болған. Құжаттары талданып, қарастырылған сотталған азаматтар арасында

1. Юрко Мефодий және Юрко Ефим жайлы біршама деректер кездеседі. Атап айтқанда, Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің № 816 қорының, 1 тізімдемесі, 6 бумасы, 52 істің 42 бетінде Юрко Мефодий мен Юрко Ефимнің туылған өңірі мен мерзімі, атқаратын қызметі жайлы нақты мәліметтер жоқ, тек қана олардың ұжымдастыру науқанына кедергі жасаған белсенді кулак өкілдері екендігі айтылады. Аталмыш азаматтарға тағайындалған жаза РСФСР-ның қылмыстық кодексінің 61 бабы, 2 тармағы бойынша 1930 жылы 13 ақпанда 23 учаскенің Халықтық сотының шешіміне сәйкес 1 жылға бас бостандығынан айыру мен қылмыстық кодексінің 35 тармағына сәйкес негізгі әлеуметтік қорғаныс шарасы аяқталғаннан кейін Қазақстан жерінен 5 жылға аластатылу шарасы қолданылған [1].

2. Шваров Федор Моисеевич кулак, 163 пұт мөлшерінде артық нанды мемлекетке қасақана бермегені үшін айыпталған, бұрын осындай қылмыс жасағаны үшін сотталған. Оның құжаттары Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің № 816 қорының, 1 тізімдемесі, 7 бумасы, 57 істің 7 бетінде сақталған. 1930 жылы 7 қаңтарда 8-учаскенің Халықтық сотының үкімі бойынша кінәлі деп танылып, 1 жылға бас бостандығынан айыру үкімін шығарды [2].

3. Заправдин Григорий Иванович Кулак, сайлау құқығынан айырылған, осыған ұқсас қылмысы үшін бұрын сотталған, 946 пұт көлемінде артық астықты мемлекетке қасақана өткізбегені, сондай-ақ алаяқтық жасағаны үшін айыпталған. Оның құжаттары Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің № 816 қорының, 1 тізімдемесі, 7 бумасы, 57 істің 8 бетінде сақталған. РСФСР Қылмыстық кодексінің 61 бабы, 2-тармағы бойынша 1930 жылы 7 қаңтарда 8 учаскесінің Халықтық сотының үкіміне сәйкес 1 жылға бас бостандығынан айыру және 167-бабына сәйкес бес жылға бас бостандығынан айыру жазасы қолданылған [3].

Талданған архив материалдарының 14,4 пайызы, яғни 31 адам 58 баптың 7,8,10 тармақтары бойынша жазаға тартылғандар. 58 бап, ол мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды тиісті пайдалану немесе олардың қалыпты қызметіне қарсылық көрсету арқылы контрреволюциялық мақсаттарда жасалған мемлекеттік өнеркәсіпті, көлікті, сауданы, ақша айналымын немесе несие жүйесін, сондай-ақ кооперация жұмысына кедергі келтіру, сол сияқты мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың бұрынғы меншік иелерінің немесе мүдделі капиталистік ұйымдардың мүдделері үшін жасалған қызметіне қарсылық көрсетуі. Аталмыш баптағы әлеуметтік қорғаудың ең жоғары шарасы - мүлкі тәркіленіп, одақтас республиканың азаматтығынан және сол арқылы КСРО азаматтығынан айыра отырып және жеңілдететін жағдайларда мүлкінің барлығы немесе бір бөлігін тәркілей отырып, үш жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін төмендетуге жол бере отырып, КСРО шегінен біржола шығарып жібере отырып, ату немесе еңбекшілерге жау деп жариялау қолданылады.

Аталмыш баппен сотталған қатарында, 1902 жылы туылған Сайрам ауданының азаматы Қарабұлақ ауылында жаңа құрылған «Мехнат» колхозының хатшысы, жабдықтау меңгерушісі әрі басқарма мүшесі қызметтерін атқарған Абдуллаев Перпенің жазаға тартылуына қатысты деректер сақталған. Ұлты өзбек, үйленген, балалары жоқ, тәркіленген бай, алдында мақта жоспарын орындауға кедергі келтіргені үшін және мақта жоспарын орындау науқанында шараларды жүзеге

асырмағандығы үшін жаза тартылған. 1932 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабы, 7-ші тармағы бойынша айыпталып, 29 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Скиба облыстық сотының төрағалығымен 5 жылға түзеу-еңбек лагерлерінде жазасын өтеуге және шалғай жерлерге үш жылға жер аударылды [4].

Сол секілді аталмыш бап бойынша сотталғандар қатарында 1899 жылы туылған, ұлты өзбек Сайрам ауданының тумасы Кошметов Сатыбалды жайлы құжаттар сақталған. Қарабұлақ ауылында жаңа құрылған «Мехнат» колхозында басқарма мүшесі, жабдықтау меңгерушісі, үйленген, 4 балалы, революцияға дейін мал саудасымен айналысқан бай болған, мақта жоспарын орындауда қиянат жасағаны үшін, сондай-ақ мақта дайындауды жүзеге асыру шараларын жүзеге асырмағаны үшін сотталған. 1932 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 7-тармағына сәйкес айыпталып, Оңтүстік Қазақстан облыстық соты 29 шілдеде облыстық сот Скибаның төрағалығымен 5 жылға еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеуге және үш жылға шалғай аудандарға айдауға жіберіледі [5].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді саралай келе, күштеп ұжымдастыруға қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргін құрбандары басқа категория бойынша жазаға тартылғандар санынан әлдеқайда көп екендігі анықталды. Олардың көпшілігі революцияға дейін бай-кулак ретінде мүліктері толығымен немесе жартылай тәркіленсе, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жылдарында олардың көпшілігі Кеңес өкіметінің жүргізген науқандарына қарсы деген айып тағылып, қайта қуғын сүргінге ұшырады. Кеңес өкіметінің белгілі халық категорияларын құрдымға жіберуі мақсатты түрде жүйелі іске асырылған іс-әрекет екендігін айқындайды.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, № 816 қор, 1 тізімдеме, 6 бума, 52 іс, 42 бет
2. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, № 816 қор, 1 тізімдеме, 7 бума, 57 іс, 7 бет
3. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, № 816 қор, 1 тізімдеме, 7 бума, 57 іс, 8 бет
4. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, № 217 қор, 1 тізімдеме, 2 бума, 23 іс
5. Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, № 217 қор, 1 тізімдеме, 2 бума, 23 іс

### **Кабылбекова Л.Б.**

Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің» тарих және география пәні мұғалімі, Алматы қ.

## **ӘУЛИЕАТА ӨҢІРІНІҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ**

Өңірлік тарихи зерттеулердің қоғамдық сананы қалыптастырудағы маңызы зор, өйткені ол жеке адамдарға және әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік қауымдастық мүшелеріне, жаһандық қоғамдық процестерді, олар өздері көріп-біліп жүрген жергілікті деңгейдегі тарихи құбылыстар арқылы түсінуіне мүмкіндік береді.

Қазақ елінің «мын өліп, мың тірілген» тарихында жан алысып, жан беріскен жойқын соғыстар мен халықтың жағдайын қиындатқан небір сұрапыл оқиғалар аз болған жоқ. Бірақ солардың бәрінде ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы алапат ашаршылық кезінде орын алған аса зор адам шығыны «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» да бірнеше есе асып түскен. Сондықтан Қазақстанда болған аштық зобалаңы қазақ тарихындағы ең қасіретті заман болғанын ұшан-теңіз тарихи деректер негізінде дәйектелді.

Қазақстан Республикасының Президенті, Қ.Тоқаев: «Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды. Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті» - деп атап көрсеткен болатын [1].

Әрине, халықтың ауыр жағдайы, олардың күйзеліс пен ашаршылыққа ұшырауы республикадағы көптеген ұлт зиялыларының және халық тағдырына жаны ашитын барлық адал адамдардың ашу-ызасы мен қарсылық-наразылығын тудырды. Ұлтымыздың тарихына көз жіберсек, ел шетіне жау тиіп, сүттей ұйып отырған бейбіт қауымның басына қатер төнген тұста халық мүддесін ту қылып ұстап, елім деп еңіреген түкті жүрек, мықты білек ата – бабаларымыз да, елінің, жерінің амандығын, бауырларының бүтіндігін көксеген басалқалы билердің де, сайыпқыран батырларымыздың да қасықтай қаны қалғанша жаумен қырқысқан жерінің барлығы қазақ даласының бүгінгі ата қонысы, мәңгілікке мұра атамекені. Бақ дарып, құт қонған атамекеніміздің жер тарихы

мен ел тарихы ғасырлар бойы тарих көшінде алмасқан ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде қордаланып, тұрақтанған жиынтығының бір көрінісі. Сондықтан да қазіргі кезде тарихи зерденің бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен тал бесігі – жер анамыздың қадыр-қасиетіне дейін ерекше мән - мағына берілуде. 1932-1933 жылдары басталған аштық Әулиеата уезінің тұрғындарына да үлкен кесепат әкелгенін мұрағат құжаттары айғақтайды. XIX ғ. 60 - шы жылдарының соңына дейін Әулиеата өңірі территориясының Қоқан хандығының құрамында болуы себепті, оның қоғамдық дамуындағы экономикалық және мәдени үрдістері Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда біршама әлсіз болды. Түркістан өлкесінде, Кеңес үкіметі орнауы алдында, идеологиялық күштер іс - қимылда болды. 1918 жылдың сәуірінде Кеңестердің өлкелік съезі «Түркістан Кеңес Республикасы туралы Ереже» қабылдап осыған сәйкес Түркістан Ресей Кеңес Федерациясы құрамындағы Кеңестік социалистік республика болып жарияланды. 1918 жылдың маусымында өлкенің большевиктік ұйымдары Түркістанның Коммунистік партиясына бірікті, мұнда сырттан келген этникалық топтардың саны басым болды. Түркістан өлкесіндегі, әсіресе Әулиеата өңіріндегі аштық мәселесі 1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Әулиеата уездік Кеңесі атқару комитеті мәжілісінде күн тәртібінен түспеді. 1917 жылдың 2 желтоқсанында Әулиеата Кеңестерінің уездік съезінде азық-түлік мәселесі қаралып, азық-түлік пен малды уезд аумағы мен Әулиеата қаласынан шығаруға тыйым салынып, азықты біркелкі мөлшерде бөлу, ашыққандар үшін байлардың артық азықтарын тәркілеп алу жөнінде қаулы қабылданды. Ашыққандар үшін жергілікті халықтан салық жинау, жаңа тамақтандыру орындарын ашуға қажетті қаражатты анықтауға тырысты. Территориялық-әкімшілік қатынаста Әулиеата өңірі көптеген қайта құрулардан өтті. Қазан төңкерісі кезеңінен Кеңес Республикаларын межелеу аралығына дейін ол Сырдария облысы аталынып, бұрынғы Сырдария әскери шегіаудандарымен Қоқан хандығынан Ресейге өткен жеті уезд - Әулие-Ата, Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Жизақ және Ұры - Төбе аудандарынан тұрды. Келесі қайта аудандастыру 1924 жылы өтіп, межелеу нәтижесінде облыс территориясына Ташкент уезінің 10 болысы, Мырзашөл уезінің 2 болысы, Самарқанд облысының 6 болысы қосылады. 1924 жылы облыс орталығы Шымкент қаласы болып губернияға айналады [2, 226].

Өкінішке орай, көшпелі большевиктік партия шаруашылық түрін, топырақ-климат жағдайын ескерместен отырықшы ауыл шаруашылығын қоғамның экономикалық ұйымдасуының жоғары сатысы деп түсінді. Қазақ даласының жағдайында қысқа мерзім ішінде мал шаруашылығымен айналысудың дәстүрлі әдістерін отырықшы шаруашылыққа ауыстыру әрекеті экономикалық ессіздік еді. Осындай аласапыранның алғышарттары кеңестік билік орнағаннан кейін-ақ қалыптасқан еді. 1921-1922 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз қыс жауынсыз жазға ұласты. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкелді. 1921 жылдың жазында ол елдің көптеген өңірлерін, әсіресе Оңтүстік бойы аудандарын жайлады. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн астам адам аштыққа ұшырады. Қазақстанның көпшілік аудандары етек жайған ашаршылық құрсауында қалды. Көп губернияларда себілген астық қатты құрғақшылықтан шықпай қалды, шыққандары жазғы ыстықта қурап қалды. Мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жайылымдар мен шабындықтар толықтай күйіп кетті. Оның үстіне 1920-1921 жылдардағы ұзаққа созылған қатал қыс Әулиеата уезінде малдың жаппай қырылуына әкеп соқты. Ашаршылық құрбандарының, аштан өлгендердің саны күн сайын көбейе берді. Ашаршылық отырықшы аймақтарды да қамтыды. 1921 жылғы ақпан-наурыз айларында Сырдария облыстық кеңесі атқару комитетінің Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған есебінде аудан тұрғындарының аш екендігі, сондай-ақ жекелеген ауылдардың наразылық білдіріп жатқандығы туралы айтылды. Бірқатар аймақтарда шаруалар арасынан мемлекеттік тапсырыс бойынша жиналған астықты рұқсатсыз бөліп алған фактілері орын алғандығын атап көрсетеді. Мәселен, Дмитриев селосының екі жүзге жуық әйелі көршілес кенттерден қосылған әйелдермен бірге жиналған астықты астық қоймасына тапсыруға ашық қарсылық білдірді, «егер сіздер жиналған астықты әкететін болсаңыздар біз аштан қырыламыз» деген ұранмен шықты. Ал село тұрғындары кәдімгі күн сайынғы таңғы жиында шіркеу қоңырауымен бірге бір үзім нан мен мал азығы төңірегінде қызу айтыс ұйымдастырды. Село тұрғындары, сол кезде көктемгі дән себу науқанына әзірленген тұқымдық астықты рұқсатсыз өзара бөліп алды. Аштықпен бірге сүзек, тырысқақ, оба, діңгене және басқа аурулар да қатар келді. Жұқпалы аурулармен ауырған адамдардың саны республиканың емдеу мекемелерінің мүмкіндіктерінен едәуір асып кетті. Аштық пен қайыршылық күй, эпидемия, ауруханалардың жетіспеуі, осының бәрі өлімнің көбеюіне әкеліп соқты. Мысалы, Сырдария губерниясында аштар мен аурулардың 25 % -ға жуығы көз жұмды. Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Оңтүстік

губернияларда 1921 жылдың 1 қарашасы мен 1922 жылдың 1 шілдесі аралығында 37 657 адам ашаршылық құрбаны болды [3, 286].

Ел санасына терең жара салған 30-жылдарғы ашаршылықтың кеңестік дәуірде жабық тақырып болғаны белгілі. Аштық зұлматы көшпенді жұртты қынадай қырды. Оның тырнағынан көп қазақ әулеті дін-аман құтыла алмады, сондықтан да ол тоталитарлық стандарт жеңген заманның өзінде еш ұмытылған жоқ. Бірақ аштықтың миллиондаған жазықсыз құрбандарын ашық еске алу мүмкін болмады. 1932 жыл нәубеті ол шақта отбастарында, оңашада ғана сыбырлап айтылатын. Әрине, сол сұрапыл жылдардың өзінде-ақ Түркістан өлкесінде кеңес өкіметінің орнауымен бірге басталған алапат аштық миллионнан астам көшпенді жұртты ажал тырнағына іліктіргенін Мұстафа Шоқай анықтап әшкерелеген болатын. Алаш қайраткері «большевизмнің аштық саясаты» 1917-1918 жылдары қазақ халқының сол кездегі санының төрттен біріне өлім құштырды»- деген болатын.

Большевизм ұрындырған ұлттық апаттың үшінші кезеңінде – 1932 жылғы алапат ашаршылықта халқымыз сол кезгі мөлшерінің тең жартысын жоғалтты. Шамасы жеткен азшылық шет елдерге өтіп кетуге мәжбүр болды. Қазақстанда үш дүркін соққан аштық апатта 4,5 миллионнан астам адам опат болған-ды. Кеңестік билік жүргізген мұндай кесапатты саясаттың салқыны Оңтүстік Қазақстан өңіріне тез-ақ жеткен болатын. Бүкіл елді қамтыған саяси дағдарысты экономикалық құлдырау күшейте түсті. 1917 жылғы құрғақшылық нәтижесінде жылдың соңына қарай аштыққа ұшыраған жеке қожалықтардың саны: Ақмешіт уезінде 24810, Түркістанда 12296, Шымкент уезінде – 33618, Әулиеата уезінде 44307 еді [4, 226 б.].

Жаңа экономикалық саясат әскери коммунизм кезіндегі азық-түлік салғыртына қарағанда тартымды көрінгенімен, мұнда даболашақтағы сілкіністер салқыны бар болатын. Тұрақты бағалар қойылып, натуралды салық мөлшерінің белгіленуі бір жағынан үкіметті оны көбейтуге құлшындырса, екінші жағынан шаруаларды өздерінің қосымшы өнімдерін базарда баға өскенше ұстай тұруына итермеледі. Нәтижесінде әрбір 2-3 жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауда дағдарыстар болып, оны шешуде үкімет «әскери коммунизм» кезіндегі әдістерге сүйенді. Күрделі өзгерістер қажеттілігі туып, оны өте қысқа мерзімде жүзеге асыру айқындалды. Сондықтан да күштеу әдістері зерттеліп отырған кезеңде онды нәтижеге жетудің бірден-бір құралы болып қарастырылды. 1928 жылы 13 қыркүйекте «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» және 1930 жылы 19 ақпанда «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулылары жарияланды. Осы заңдар шыққаннан кейін Әулиеата уезінде байлар мен орташалардың төрт түлігі ортаға алынып, тәркілеу, байларды жер аудару қарқын алды. Жаңа өкіметтің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны осылай басталған еді. Дерек көздерінің мәліметтері бойынша ұжымдастыру қарсаңында қазақ жерінде 40,5 млн. мал болған екен, ал 1933 жылы 4,5 млн. ғана мал қалыпты. Колхозға біріктіру үшін биліктің ел-жұрттан соңғы тұяғына дейін күшпен тартып алған малы талан-таражға түсті, жем-шөптің болмауынан қырылды және т. б. себептерге байланысты малдың саны азайып кетті. Малдан айырылған қазақ халқы қол қусырып қарап отырған жоқ, аштықтан бала-шағасын, ел-жұртын аман алып қалу үшін әртүрлі әрекетке баруға мәжбүр болды. Сондай әрекеттердің бірі - халық көтерілістері еді. Тарихи деректерге көз жүгіртсек, Республика аумағында 1929-1931 жылдар аралығында Кеңестік биліктің озбырлық саясатына қарсы 372 жаппай толқулар мен көтерілістер болып, оған 80 мың адам қатысқан екен. Сондай халықтық толқулар Әулиеата өңірінде де болды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру процесі мен осыған орай өткізілген «ауылды кеңестендіру», «кулактарды тап ретінде жою», «отырықшылыққа көшу», «колхоздық (ұжымшарлық) құрылыс» – осының бәрі, Қазақстан тарихындағы қасіретті кезең болды. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков: «Ораз Жандосовтың архивте Голощекинге жазған хаты бар. «Әулиеатада уәкілмін. Әскери киінгенмін, қаруым бар, машинамен келе жатырмын. Ауылдың шетіне жақындап едім, аштықтан ісініп кеткен жүкті әйел қасыма жақындап келіп: «Анау итті атып берші», - деді. «Ол итті не істейсің?» - деп сұрадым. Әйел: «Үйде бес балам аштан өлейін деп жатыр, ана итті атып берсеңіз, жер едік, - деді» - деп жазады О. Жандосов. Бірақ, ол итті әйелге атып берді ме, жоқ па, ол жерін жазбайды. «Әрі қарай ол ауылдан шығып, көрші ауылға жақындағанда екі жасөспіріммен кездестім. Қазақ балалары. Аштықтан екеуі де ісініп кеткен. Оларды тоқтатып, «Қайда бара жатырсындар?» деп сұрадым. Олар: «Көктемде ит атқыштар келіп, иттерді атып, терісін сыпырып әкетіп, еті мен сүйегін анау сайға тастап еді. Сонымен тамақтанып жүрміз, - деді». Жандосов бұл жантүршігерлік оқиғаны Голощекиннің аяушылық сезімі оянар ма деп жазып отыр» - делінген [5, 386].

Ашаршылық әу баста ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеуден басталды. Кеңестік билік бірте-бірте орта шаруалардың да, тіпті кедейлердің де малын күштеп тартып алды. Кеңес өкіметі орнағанға дейін елді қамқорлығына алып, бағып отырған қазақ байларының көзін жойып, бұлардың бәрі «тап күресі» деген ұранмен сұрқия саясат жүргізіп отырған биліктің зұлымдығы еді. 1932-1933 жылдары Әулиеата өлкесінде мыңғырған малы бар ірі байлар қалмады. Балалық шақтарында сол замандағы тағдырдың азапты тауқыметін тартқан қариялардың сөзіне қарағанда, байлар Кеңестік биліктің өздеріне деген саясатын алдын-ала біліп, тәркілеуден жасырып қалған төрттүлігін айналасындағы туған-туысқандарына, кедейлерге таратып берген. Ал жарлы-жақыбайлардың жаңа үкіметке сенгені соншалықты, қолына тегін келген малды өсірудің орнына, сойып-жеп отырған. Олар «Кеңес өкіметі аштан өлтірмейтін болды» деп, біртіндеп келе жатқан ашаршылықтан сақтануға ешқандай әрекет жасамады. Келесі бір науқанда жергілікті шолақ белсенділер бай-кедей деп қарамай, үйлерді тінтіп, елдің бірлі-жарым малына да ауыз салған. Тіпті, колхозға малын өз еркімен өткізген адамдарға да ешқандай үлес берілмеген, көмек те көрсетілмеген. Сөйтіп, билік өкілдері халыққа берген уәдесінде тұрмады. Кеңес өкіметіне деген ел-жұрттың үміті ақталмады. Қарттардың естеліктерінде жаңа үкіметтің тарапынан Әулиеата уезіндегі елге салынған салықтардың өте көп болғандығы айтылады. Халықтан алынатын салықтың мынадай түрлері болған: ет салығы, жүн салығы, май салығы, тері салығы, сүйек-мүйіз салығы, тіпті, ит терісінің салығы да болған. Осылардың бәрін мемлекетке өткізуді ғана ойлаған билік өкілдері халықты қысымға алып, есінен тандырады. Мұндай зорлық-зомбылық бұрын-соңды болды ма екен? Жергілікті белсенділер жерді тепкілеп: «жерден қаз, көктен сау, қайдан тапсаң, одан тап!» - деп зіркілдеп, тіпті кедейдің жалғыз лағын да тартып алып отырды. Өкімет өкілдерінен қорқып, ер-азаматтар бір ауыз сөз айта алмай іштерінен тынып үндемей қала берсе, ал әйелдер мен бала-шаға зар еңіреп етектері көздерінің жасына толған. 1930 жылдың екінші жартысында-ақ Шу ауданында ашаршылықтың белгісі әр жерде көріне бастайды. Осы кезде мал басының күрт кеміп кетуі нәтижесінде жергілікті елдің арасында азық-түлік тапшылығының азайып келе жатқаны ауданның барлық өңірінде айқын сезіле бастады. Ұжымдастыру жылдары ауданда жергілікті халықтың басым бөлігіне астық жетпеді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сталиндік моделі Қазақстанның барлық аймақтарында халықтың наразылығын туғызды. Олар туған жерлерінен басқа аудандарға көшу, колхоз белсенділерін өлтіру және қарулы отрядтар құру арқылы наразылықтарын білдіріп отырды. Солардың бірі 1931 жылы Шу өңірінде жергілікті билікке қарсы Жолшыбаев бастаған қарулы отряд түрлі наразылық шараларын өткізді. Оларға тойтарыс беру үшін Шу өңірі коммунистерінен әскери отряд құрылады. Алғашқы ұрыстан кейін Жолшыбаев отряды шегініп, Аңырақай тауларына қарай бет алады. Осы кезде ол Қордайдағы көтерілісшілермен байланыс жасап, Кеңес билігіне қарсы күштерін біріктіруге келіседі. Бұл мәліметті қызыл отрядтың басшылары біліп қойып, екі жақтың бірігуіне жол бермейді. Ақырында қызыл әскердің күші басым болып, 1931 жылдың қазан айында көтерілісшілер толығымен жеңіліске ұшырады [6, 386].

Бұл Кеңес өкіметіне қарсы жалғыз ғана көтеріліс емес еді. Күшпен ұжымдастыру саясатына қарсы Шу өңіріне жақын маңдағы Сарысу, Балқаш, Қордай, Қастек және тағы басқа аудандарда да осындай көтерілістер кең орын алды. 1930-1933 жылдары Әулиеата халқы ашынардай аянышты, өте қайғылы оқиғаларды бастарынан өткерді. Халық ауылдарынан безіп, жан-жаққа босып кетті, үй-іші түгелдей аштан қырылды, азынаған аязда қатып қалды, ауруға шалдықты. Кейінірек бұны «асыра сілтеу» зардабы деп атады. Сөйтіп, бүкіл өлке адам айтқысыз қырғынға ұшырады. Аштықтан өлген адамдар, балалар мен қарттар жөнінде, жер бетінен жойылып кеткен ауылдар, далада үсіп, ауруға шалдыққандар туралы сол заманды көрген қариялардың айтқан естеліктері - ащы шындық, қазіргі қазақ тарихының бір құрамдас бөлігі ретінде белгілі. Әңгіме, әрине бұл жерде Ораз Жандосовтың аштықтың қасіретін айна қатесіз, қаз-қалпында беруінде емес. Ашыққан Әулиеата қазақтарының ит пен шошқа, жылан мен тасбақа тұрмақ адам еті жегені туралы фактілер де баршылық. Осындай аштықтың жантүршігерлік көріністері туралы құжаттарда: «...«Шу поселкесінің маңайындағы төңіректе №75 барақтағы босқындар жатағының және тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан №75 барақ жан төзгісіз жағдайда. Баспана әл дәрмені таусылған, көбі эзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы. Баспана іші былғаныш, сасық. Жүзге тарта аш адамдар жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен. Барлық жерде сүйектер, жыртылған киімдер, адамдардың құқыстары және шығыс жағында тоғыз өлік жатыр, барақтан біраз жерде солтүстікке жерде тағы да өлік. Барақтың орнынан шығысқа қарай бір жарым шақырымдай қашықтықта шұқырда тағы бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирақ және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеу болғанын айғақтайды. Қазақ бейіті жас молаға толы» [6, 406].



Жуалы жеріндегі ұжымдастырудың алғашқы кезеңіндегі қалыптасқан әр – түрлі келеңсіздік пен қырсыздық туралы сол кездегі «Совеская степь» газетіндегі мәліметтерді негізге ала отырып, В.Михайлов «Ұлы жұттың жазбалары» атты еңбегінде, Бурно – Октябрьскілік кедейлер ауыл шаруашылығы артелін ұйымдастыру туралы шешімге келгендігін және оған ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың жақтаушылары емес, көбінесе сұғанақтар жиналғандығын жазады [7, 1406].

1929 -1931 жылдар аралығында жүріп өткен осы науқан Жуалы жеріндегі мал санын тіпті селдіретіп жіберді. Қылышын сүйреткен 1932 жылдың қысы елді одан әрі тұралатып тастады. Ежелден диқаншылықпен айналысқан Жуалы жұртының 1931 жылдың көктемінде екен астығы шықпай қалды. Оған себеп жер өңдеу әдісі болатын. Бұл кездегі колхоздың көпшілігінде жерді екі тісті соқамен емес, жер ағашпен айдайтын. Ол дегеніміз қазіргі ауыл шаруашылық ғылымындағы түсінік бойынша жердің қажетті қыртысын аудармайды. Жердің сызат беті ғана аударылады. Топырақ майдалаудан, өңдеуден өте қоймай, жерге түскен дән ылғал ала алмайды. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, сол жылы жауын да аз болған. Жаңадан құрылған колхоздар ауданнан ешбір көмек ала алмай қиналды. Ол кезде малы көп ауқатты үйлерге мал санына қарай астық салығын салатын болған. Бурныйда, Кременовкада, Алексеевкада астық өнімін өткізетін астық дайындау орындары жұмыс істеген. Осы астық дайындау орындарында күзде жиналған бар өнім мемлекетке өткізіліп отырған. Жетпеген жағдайда масақтан жиналған дән тартып алынып, қазынаға құйылған. Елде жаппай асыра сілтеушілік орын алып, аштық шыңына жеткен 1932 жылдың қысында Жуалы халқы Арқадан Сарысу арқылы босқан ел көшкінін қабылдап жатты. Кеңшілік кезде сондай бір меймандос, дархан халық босқан елге не берерін білмей қысылған. Тұралаған елдің жанына шолақ белсенділердің қысастығы қатты батты. Шолақ белсенділер неше сан отбасын аштықтан діңкелетіп өлтірді. Сол кезде Сикым руының Асан деген атасынан нәубет жылдарының алдындағы 70 түтінінен ел есін жиғанда 8-ақ түтін қалған. Осы «ұлы жұтта» осы өңірдің өзінен үш мыңнан астам адам жер жастанды. Өйткені, тәркілеуден соң ауылдарда тігерге тұяқ, ішерге ас қалмаған-ды. Елдің малы өзінде қалғанда, егін шықпаған қуаңшылық жылдың өзінде олар қолындағы малын сойып жесе де мұншалықты ашықпас еді. Қолдан жасалған зобалаңның арты осындай ұлы қасіретке ұласты. [8, 1406].

Әулиеата өңірінде болған алапат аштық қалың елді жайпап кетті. Қазақ ауылдары аранын ашқан зұлматпен алысып, діңкесі құрыды. Көшпелі өркениеттің дамуына зор үлес қосқан бұл өңірдің қазақтары бір кезде қазы мен қарта шайнаса, енді тышқан аулап, иттің етін азық қылатын жағдайға жетті. Сапырылған сары қымыздың орнына сасыған құдықтың, шалшықтың борсыған суын ішті. Ашыққан халық тері-тулақты жей бастаған, қыста қоқысқа лақтырып тастаған сүйекті жинап алып, суға қайнатып бетіне шыққан майын ішіп, сүйегін кемірген. Жаз айларында торғай, тышқан аулап өлместің күнін көрген. Шетсіз-шексіз сайыш далада сарышұнақ аулап, ол да тамақ болмай жеткен жерлерінде құлап жатты. Өздері сол тышқандарға жем болды. Тамақты таңдап, талғап ішетін қазақ малдан жұрдай болып, бірінің етін бірі жеуден тайынбады. Осындай сұмдықты бұрын көрген жан бар ма екен? Барар жері, басар тауы болмаса да ашыққан халық Үкімет өкілдері мен қатыгез белсенділерден әбден зорлық көріп, аштан өлгені өліп, бірлі-жарым тірі қалғандары жан-жаққа қаңғып кетті. Сай-саланың баурайында, жол біткеннің бәрінде ісіп-кеуіп, өліп жатқан адамдарға қарап жатқан ешкім болмады. Жаяу-жалпылап, кішкентай сәбилерін арқалап, жүруге жарайтын балаларын қолдарынан жетектеп босып бара жатқан жандарды милиция немесе қызыл әскер қуып жетіп «Кеңес өкіметіне қарсы шықтындар, колхоздан қашып бара жатырсындар!» деп кері қайтарған, көп жағдайда бораған оқтың астына алып қырып салған. Еліміз жаһандық үдерістерге қадам басқан тұста, тарих оқулығында осы мәселе ашық атылып, жазылуы тиіс деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Тоқаев Қ.К. Тарихқа тағзым – ұлттық болмысымыздың өзегі. Егемен Қазақстан, 2021, 12 қараша.
2. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993, - 208 б.
3. Алдажұманов К.С. Тоталитарный социализм :реальность и последствия. – Алматы, 1997г.
4. Нүрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы:Ататек, 1995, - 256 б.
5. Омарбеков Т. Зобалаң. (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994, - 272 б.
6. Абылғожин Ж.Б. Қозыбаев М.К. Татимов М.Б. Коллективизация в Казахстане: Трагедия крестьянства. - Алма-Ата 1992, - 358 с.
7. Михайлов В. Ұлы жұттың жазбалары. - Алматы: Дәуір 1992. - 289б.

**Әбдіжәми Ә.Ә.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс магистранты.Қазақстан, Қызылорда қ.

**СЫРДАРИЯ ОКРУГІНДЕГІ ТӘРКІЛЕУНАУҚАНЫ**

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі саяси өзгерістердің салқыны Ресей империясының тағдырын түпкілікті шешіп берді. Елдегі азамат соғысының нәтижесі билік басына большевиктердің келуімен аяқталды. Бұл өзгеріс төл тарихымыздың келешегін біртіндеп аңғарта бастады. Яғни, билікті қолына алған Кеңес үкіметінің саясатымен 1925 жылдардан кейінгі қалыптасқан ахуал әсіресе қазақ өлкесінің үлкен өзгерістерге әкелді. Саяси-экономикалық бағыттағы дамыту жолында ұжымдастыру саясаты қолға алынды. Ф.И.Голощекиннің билік басына келуімен жүзеге асқан «Кіші Қазан» науқаны қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын түбегейлі күйретуге бағыт алды. Науқанға бастау алған істің бірі, елдегі ауыл шаруашылық қоры астық пен ет өнімдерінің алдыңғы жылғы көрсеткіштерге қарағанда аз жиналуында болып отыр. Бұл алыпсатар байлар мен кулактардың өз пайдасына жаратып отырған ісі деп бағалады. Шындығында, елде колхоздандыру ісі болғанымен оны жүргізу үшін құрал-саймандар түгел болмады. Себебі, басты табыс көзі - мал шаруашылығында болды. Жиналған астықтың барлығын қорға тапсыруға мәжбүр болды. Орталық билік бұл жағдайды дағдарыс деп санады. Бұған басты себептердің бірі - астық дайындау кезінде мал және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың арта түсуі деп, қазақ халқының жер иеленуі рулық-қауымдық сипатта болғандықтан, жерлердің басым бөлігі ірі байлардың иелігінде деген тұжырымға келеді. Ең алдымен, көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын отырықшыландыруға бастау болды. Кейіннен бұл тұжырым 1925 жылғы 5-ші Бүкілқазақтық съезде көтерілген басты мәселе болды. Нәтижесінде, жерді пайдалану барысында қалыптасқан күрестің негізі - жерді өзара тең бөлмеу деп қорытындылады. Сондықтан да Қазақ АССР-ы Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі 1926 жылы 20-шы мамырда «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» заң қабылдады [1, 29 б.]. Жерді пайдалануда қоғамдағы теңдіктің орнығуы керектігін, бай мен кедей арасындағы алауыздық отын тұтату арқылы Кеңес өкіметі қазақ даласына өзінің үстемдігін жүргізуді көздеді. Шын мәнінде, саяси таразысы тереңге басымдық бермейтін байлардың жалшысы болған сiңiрi шыққан кедейлерге бiр мезетте артықшылық беру, билiкке тартумен байларға айдап салып ұйып отырған дәстүрлi тұтастықты ыдыратып толық билiктi өз уыстарына алу едi. Кейiн нағыз байлар, сәл ауқаттылар және орташа шаруалар қосақталып кетерiн бiлмедi. Iстiң мәнiн ұға қоймаған халық елдегi өзгерiстертiң мән-жайын түсiне алмады. 1926-1927 жылдары әр округтен Қылмыс заңының 62-бабына сәйкес бiрсыпыра байларды абақтыға жауып, республикадан тыс жерге аударып алдын ала дайындық тәжiрбиесiн жасады [2, 127 б.]. Осы әрекеттердiң жалғасы елдегi зұлмат кәмпескенiң науқанына жол ашты. 1928 жылы 15 наурыз Қазақ АССР-ы Президиумының Қаулысы бойынша әкiмшiлiк басқаруды округтiк және аудандық жүйеге ауыстыру туралы ереже қабылданды. Әкiмшiлiктiк-аумақтық аудандастыру iсi барысында 1928 жылға дейiн Қазақстан аумағында губерниялық бөлiнiспен келсе, ендiгi елдi 13 округ пен 180 аудан құрады. 1928 жылы 30 мамырда Сырдария губерниясын аудандық бөлуде Қызылорда және Сырдария округтерiне бөлiндi. Сырдария округiнiң құрамына 21 аудан: Әулие-Ата, Жуалы, Мерке, Сары-Сүй, Шу, Талас, Бостандық, Иржар, Қаратас, Келес, Қызыл-Құм, Созақ, Түркiстан, Жаңа-Қорған, Арыс, Бадам, Ақсу (Беловод), Қараспан, Манкент-Сайрам, Шаян, Түлкiбас аудандары кiрдi [3, 1 п.]. Iшкi өзгерiстерде, округ құрамына Жаңақорған ауданын қосып, Ташқазак уезi таратып жiбердi. Қаратас болысының орталығы Жаңабазар ауылы болған болса, құрамына Шарапхана болысы қосылды. Кейiн Қаратас ауданы болып өзгерiп, орталығын Тұрбаттан Шарапханаға ауыстырылды. Манкент-Сайрам ауданының орталығын Сайрам қыстағына көшiрдi. Шу ауданы Мойынқұм ауданы болып өзгертiлдi. Аудандастыру жұмысы аяқталған соң, Мәскеуде қабылданған Орталық билiктiң қабылдаған қаулысы бойынша Қазақ Өлкелiк партия комитетiнде Нұрмақов, Сапарбеков және Исаев бастаған комиссия құрылып, оған байлардың мал-мүлiктерi жайлы декреттiң жобасын дайындау тапсырылды. Араға 18 күн салып, яғни 1928 жылы 14 наурызда «iрi байлар мен олардың отбасыларын атамекендегi жерiн игеру және онда тұрақты тұру құқынан айыру, сондай-ақ олардың мал-мүлкiн тәркiлеу туралы» Бүкiлресейлiк Орталық Атқару Комитетi Президиумының қаулысы жарық көрдi [4, 3 б.]. Осы қаулыға сәйкес:

1.Ірі қараға шаққанда 100 бастан артық малы бар ірі байлар мен малға байланысты кәсіпшілікпен айналысатындар отбасыларымен тұрақты тұрған мекендерінде жерді игеруге және тұру құқынан айырылсын, сондай-ақ олардың барлық мүлкі, яғни ауыл шаруасындағы еңбек құралдары, малы, құрылыстары, киіз үйлері ж.б. тәркіленсін.

2.Тура осы жазалау шарасы қазақ қоғамындағы бұрынғы ақсүйектерге (сұлтандар, хан тұқымы), болыс басқарушыларға, дін басыларына да (хазірет, ишан, қазы және олардың отбасыларына) тиесілі болды...

Ескертетін жағдай: бұл қаулының күші мен құзыры Қазақ АССР территориясындағы жергілікті, яғни қазақ халқына тарайтын болды [4, 4 б.]. Науқанды жүзеге асыру үшін алдын-ала шаралар жүргізіліп, қаулы ретінде бекіту керек болды. 1928 жылы 16 тамызда кәмпескені өткізу жөніндегі партия комиссиясының отырысында «Кәмпескеге дайындық және оны өткізудің тәртібі туралы» Ноговичтің хабарын тыңдап: «Байларды тәркілеу жөніндегі Декрет 1928 жылы 1 қыркүйекте жариялансын, оны тез іске қосу үшін округтерге телеграфпен берілсін, дайындық жөніндегі барлық материалдар ауылдарға 10 қыркүйектен кешіктірілмей жеткізілсін, тәркілеуге түсетін қожалықтың жалпы саны 700 болып бекітілсін, онан 600 қожалық Декреттің 1-тармағымен, 100-і қаулының 4-бейнесімен тарту белгіленсін, Қазақстаннан тыс жерге аударылатындардың саны 75 адамнан асырылмасын, шамада ППОГПУ тапсырған округтер бойынша тәркілеуге жататын қожалықтар бекітілсін және ол жобалар округтерге жіберілсін» деген қаулы қабылданды [5, 4 б.]. Бұл тізімдер нақты фактілік материалдарға, ғылыми талдауларға және рационалды ұстанымға сүйенбестен жасалды. Декрет барысында, Сырдария округіне науқан жүргізу үшін арнайы жіберілген уәкілдер Қадырбек Ерденбаев пен Жамбыл Қаратаев жергілікті билікті қолына алып, партия конференциясын өткізеді. Конференцияға 26 делегат қатысып, көпшілігі бұл науқанның керек еместігін қолдаса да байларды тап ретінде жою және жер аудару ісін қолдағандары болған. Мәселен, уәкілдерден топ құралып, кәмпеске комиссиясы құрылған. Топты Қадырбек Ерденбаев қолға алды. Науқан барысында Жаңақорған ауданы құрамында 13 әкімшілік ауыл болса, кәмпеске туралы 81 рет жиналыс өтіп, 6269 адам қатысқан. Кейіннен, партияның ОК-нің қаулысын негізге алған ҚОАК мен ҚАССР ХКС тәркілеуге байланысты қаулысы 1928 жылдың 27 тамызында қабылданып, оны қолдауға байланысты инструкциямен бірге қыркүйектің алғашқы күндері тиесілі мекемелерге таратылып, осы айдың 5-де баспасөзде жарық көреді [4, 5 б.]. Осы декрет аясында 1928 жылы 30 тамызда Қазақ АКСР ХКС-нің арнайы қаулысы қабылданып, көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгіледі. Ол бойынша Сырдария округінен көшпелі аудандарға Қызыл-құм, Созақ, Сарысу, Шу аудандары жатқызылды [6, 7-8 п.]. Ал жартылай көшпелі аудандарға Талас, Әулие-ата, Мерке, Қараспан, Жаңақорған, Арыс, Түлкібас, Шаян аудандары жатқызылды. Отырықшы аудандарға Түркістан, Бадам, Келес, Қаратас, Ержар, Жуалы аудандары жатқызылды. Қаулыда көрсетілген ірі мал шаруашылығына мыналар жатады: көшпелі аудандарда ірі қара малға шаққанда 400 - ден астам мал басы; жартылай көшпелі аудандарда - 300-ден астам мал; отырықшы аудандарда - 150-ден астам мал, бұл ретте жекелеген жағдайларда соңғы аудандар (отырықшы) үшін Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесіне көрсетілген норманы 100 басқа дейінгі мал басын қарастыруға құқылы [7, 26-27 б.]. Заң бойынша тәркіленген малдардың көп бөлігін (60-70%) белгіленген ауданның байырғы кедей шаруашылығының нығаюына беріледі деп көрсетілді. Малсыз шаруашылықтарға норма бойынша: отырықшы аудандардағы шаруашылыққа, жан басына - 1 ірі мал, бірақ 5 бастан артық берілмейді; жартылай көшпелі аудандардағы шаруашылыққа, жан басына - 2 ірі мал, бірақ 5 бастан артық берілмейді; көшпелі аудандардағы шаруашылыққа, жан басына - 3 ірі мал, бірақ 12 бастан артық берілмейді. Қолдану бойынша: 1) Тәркіленген малдарды кедейлер қатарына жататын батрактарға бөліп беруге, 2) Байлардың қол астында жұмыс жасайтын кедейлер мен батрактарға бірінші болып мал беріледі деп жазылған. Қалған 30-40 % тәркіленген малдарды белгіленген ауданның байырғы колхозы мен совхозына беріледі. Бағалы асыл тұқымды мал (жылқы, бұқа, биязы жүнді қойлар) кеңестік шаруашылыққа алынады [8, 20 п.]. Құпия декрет бойынша көрсетілген науқанның мерзімі 20 қыркүйектен 1 қарашаға дейін орындалып бітуі тиіс болды.

Заңнамалық 1928 жылғы 27-ші тамыздағы тізім бойынша кәмпеске 2 топқа бөлу арқылы жүзеге асты,

*Созақ ауданы бойынша:*

1-топ: Исаев Жанеділ, Тіленшиев Дүйсекбек, Абаков Баирбек;

2-топ: Оспанов Көкебай, Глеуов Ерімбет;

*Түркістан ауданы бойынша:*

1-топ: Позальбекова Исламқұл, Кулбеков Тулемберды, Сегубаева Абдураим, Умаров Тағай, Биназаров Игамберды, Молабаев Байхаяса, Таукебаев Мауленбек;

*Жаңа-Қорған ауданы бойынша:*

1-топ: Бабашев Дербисбек, Турсунбеков Жалабек, Изеев Бидалы;

2-топ: Аралбаев Жәптөре, Бидашев Серадали, Талкинбаев Алип;

*Меркі ауданы бойынша:*

1-топ: Қонысбаев Биғазы, Игизбаев Даулетқазы, Медеров Чалпенкүл, Қонысбаев Нұрғазы, Қонысбаев Серғазы, Қонысбаев Егізбай, Бактөпов Үсенбек, Имбраимов Санжапар, Мадеров Бектен, Мадеров Нисанбай, Чолпанкулов Мақай, Медеров Султанкул, Егизбаев Наметқазы, Рысбаев Абдыбай, Қазықбаев Молдағала, Кокталов Елубай, Кусбеков Темірбек, Сарсембив Жилисба, Дексенбиев Кайсарбай, Кокталов Кулбай, Кусбеков Кадырбек, Әділбеков Қарабай, Әділбеков Бадалбай;

*Қараспан ауданы бойынша:*

1-топ: Ахилбеков Байлар, Абдукариов Турлыбек, Бабилов Итаяк, Көпжебаев Қойбек, Дауылбайев Исак;

*Талас ауданы бойынша:*

1-топ: Уталиев Жарас;

*Шаян ауданы бойынша:*

1-топ: Балғабаев Бисембай, Айтбаев Кулшай, ГаиповАли, Майжапов Артықбай, Нускабаев Қамбар, Серсенбеков Айтуғак, Тлеуов Бисылбек, Чинасилов Меирбек, Әділбеков Құрманбек;

*Бадам ауданы бойынша:*

1-топ: Балпиков Сағатбек, Сарманов Исак, Киязбеков Заитбек, Қамытбеков Ибраим, Алимбеков Нарымбек, Муратов Байгобек;

2-топ: Чиналиев Тосболат, Кузембаев Ражек, Батырбеков Оразбек;

*Қызыл-құм ауданы бойынша:*

1-топ: Умарбеков Абдрахман, Кубаев Курбан, Чокетыров Байбата, Досмурзаев Имечек, Кейланов Бехоуш, Батырбеков Қозыбағар, Исабеков Мусабай, Бекманов Босымбек, Усербаев Садыбек, Байгобеков Байконгур, Калыбеков Алим, Игамбердиев Жапар, Рысбеков Умар, Жандыбеков Ақай, Серғазиев Абылқас, Асанов Рахманқұл, Усербаев Амамқұл;

2-топ: Асылбеков Бекболат, Балапанов Баймұхамед, Серғазиев Мырзабай;

*Келес ауданы бойынша:*

1-топ: Бектұрғанов Әбдірахман, Бегімбетов Мәмбетәлі;

*Қаратас ауданы бойынша:*

1-топ: Наушабаев Ахмет, Дәуренбеков Ералыхан;

*Үржар ауданы бойынша:*

1-топ: Кенебаев Хожан;

*Түлкібас ауданы бойынша:*

2-топ: Шарифбеков Жорабек;

*Әулие-ата ауданы бойынша:*

1-топ: Бейсейітов Баел, Заурбеков Тургумбек;

2-топ: Кадабаев Дербис, Маймаков Бошай, Сулатнбеков Буралқы;

*Сары-су ауданы бойынша:*

1-топ: Аргимбаев Аққу, Икиласов Жусуп, Арымбаев Үкібай, Отыншиев Сыздық, Чакаев Юсуп, Кунанов Алип, Қожантаев Иманбек;

2-топ: Жаныбеков Точлибек, Кенгозов Ақберген;

Жалпы қорытындысы бойынша, тізімде 107 бай, оның ішінде I топқа 89, I топқа 18 бай кірген [9, 99 п.]. Көрсетілгендей I топқа ірі байлар, ал II топқа ел ішінде саяси ықпалы бар ру ақсақалдары, Қоқан хандығы тұсында билік құрған датқалардың ұрпақтары, бұрынғы болыстар тізімге ілінді. Олардан 16 385 ірі қара, 240 694 ұсақ мал тартып алынды. Бұл Түркістан облыстық мемлекеттік архивтерінде кездесетін көрсеткіш болса, Алматы қаласындағы Орталық архив қорында сақтаулы орталық тәркілеу комиссиясына жолданған деректер бойынша Сырдария округінен 105 байдан ірі қараға шаққанда 24 736 мал алынғандығы көрсетілген. Әр құжатта саны әр түрлі, нақты санын анықтайтын деректердің бірсыпыра негіздері жойылған. Тәркілеуге байланысты жарық көрген еңбектердің арасынан З.Ижановтың ұсынған жинағына назар аударатын болсақ, барлық 12 аудан бойынша пленумда жасалған баяндамада алғашқы меже бойынша тек I топтағы байлардың 700-і, оның ішінде нақты 696-сы нақты тәркіленген деп көрсетеді. Зерттеуші ғалым Т.Омарбековтің "20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті" атты еңбегінде, ҚР ПА бойынша жалпы 700 байддың 696-сы тәркіленді. Аудандар бойынша, отырықшы - 127, жартылай - 508, көшпелі - 61. Декрет баптары бойынша ірі байлар - 560, жартылай феодалдар - 136 құрады [10, 100 б.]. Алдын-ала жоспар бойынша

225 972 бас малды тәркілейміз десе, жалпы 144 474 бас мал тәркіленді. Бұл жоспардың 64 % болған. Барлық тәркіленген малдың 10,2 проценті отырықшы аудандардан, 83,3 жартылай көшпелі аудандардан және 6,5 проценті көшпелі аудандардан еді [10, 101 б.].

Шаян ауданына қарасты I топта болған Таубаев Бөрібекті тізім қатарынан шығарып, орынана Әділбеков Құрманбек II топқа ауыстырылды. Ал аталған декрет бойынша жартылай көшпелі аймақтарда ірі қараға шаққанда меншігі 300-ден астам малы бар болуы керек еді. Бірақ, Құрманбектің ірі қараға шаққанда жалпы саны 59 малмен тәркіленді. II топқа ауысуының себебі, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан № 23 ауылдың өзгермес басшысы болып халқына күн көрсетпей отырған, патша билігінен алған медаль және марапат иесі деп айыптады. Ең сорақысы, қолында 100-ге жуық малы бар кедейлерді қорлаған делінген [9, 21 п.] Көрсетілген айыптаушыларды жергілікті Әулие-Ата және Шымкент қаласының ГПУ агенттері тәркілеген. Үйлерді (әр бөлмесін), темір шатырларды, керосинді, дөңді-дақылдарды, алтын-күміс тиындар мен монеталарды, мақта-маталар, малдармен қоса олардың терілерді, балықтарды да тәркілеп алған. Мұнын барлығы елдің табыс қорына жіберілді делінген [8, 20 п.].

Аудандар бойынша кәмпеске барысына тоқталар болсақ, Қаратас ауданы бойынша Қақ-пақ ауылында 178 мал басы бар деп көрсеткен. Артельдерден 118 мал басынан 106 мал басы тәркіленген. Кәмпескеленген малды таратуда 21 малсыз шаруашылық және 3 шаруашылық таңдалды. Ауданға қарасты Сүй-Бұлақ аулынан гөрі Қақ-пақ ауылында жер мен суды пайдаланудың қиындығы айтылған. Жалпы, аудандағы 51 шаруашылыққа 182 ірі бас мал берілген [11, 73 п.].

Ал, 1928 жығы 7-ші қыркүйектегі құжат бойынша Сырдария округінің Қаратау ауданы бойынша 21 бай кәмпескеленген. Тәркілеген мүліктер тізімінде киіз үй, текемет, кілем, қазан-ошақ сынды аталған мүліктердің қаулы арқылы рәсімделмеген. Архивтік материалдар бойынша кәмпескелеуге тиісті болған малдардың есебінің дұрыс жасалмағандығы және байлардың нақты тізім де дұрыс көрсетілмегендігін байқаймыз. ҚазОАК-ге жіберілген құпия телеграммада Қызылқұм ауданы бойынша Бегимбетов Басильбек байдың тізім бойынша мал санының дұрыс емес көрсетілгені мен аталған округке жатпайтынын айтқан [12, 171 п.].

Мұндай жағдай барлық аудан бойынша кездеседі. Сонымен қатар, тізімде отбасы мүшелерінің саны шындыққа жанаспайды. Ақназаров Зиябектің отбасы 24 адамнан, Курбатов Жақыпбектің отбасы 19 адамнан тұрған, тізім бойынша 2-3 отбасыны бір отбасына тіркегендігін байқаймыз [13, 2-12 п.].

Ал, Сарысу ауданы бойынша бір отбасы 47 жанды құраған. Бұл туралы Сарысу экспедицияның аудандық атқару комитетінің төрағасы Макинге құпия телеграммада жалпы берілген мәліметтерді қайта қарап, ретке келтіруді сұраған. Сонымен қатар, осы телеграммда Сарысу болысының сол жағалау бөлігі Ақмола округіне берілуі тиіс деп көрсеткен [12, 179 п.].

Округке қарасты Жаңақорған ауданы бойынша 1849 бас мал алынып, 494-і төменгі деңгейдегі шаруашылыққа, 977-сі 4 ұжымдық шаруашылыққа, 75-і 3 ұжымдық шаруашылыққа, 158-і ауылшаруашылық салыққа кетсе 14-і бақташыларға берілді. Қалғаны байлардың күн-көрісіне берілді. Батрактар мен кедейлерді кәмпескеленген малмен қамти отырып, олардың көңіл-күйін колхоздар мен совхоздар ұйымдастыруға бұрған жөн. Кедейлер мен батрактарды малдарын жасырып жүргендерді анықтауға пайдалану керек деген жоспарларын іске асырды. Соның барысында науқанға байланысты Сырдария округіне қарасты “Ошақбай кедейлерді дүрліктіріп жүр”, “Байлардан құтылдық”, Қызылорда округінде “Байлар баратын жеріне жіберілді” деп аталатын топтарда түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қаулымен танысқан кедейлер билікке арыз-шағымдарын түсіріп, мына бай бізді қорлады, бұл ақымызды жеп келді деген еді. Әсіресе, қатардағы жалшы болып жүрген тас кедейге азғантай кеңестік билік беріп, байларды қудалауға салып қойып отырды. Соның бірі, “Еңбекші-қазақ” газетінің қызметкері, ВКП(б) мүшесі Кенжебаев Бейсенбай Сырдария округіндегі байлар Маулек Кулумбетов пен Кенай Жандарбековтерді әлеуметтік қауіпті элемент ретінде өлкелік-комиссияға арыз берген [12, 170 п.].

Сырдария округіне тиесілі Қараспан ауданының 1-ауылының қазағы Тоғабай Қайсақұлынан арыз жолданған. Басты себебі, ежелден ел билеп келе жатқан датқа Датқанбекпен, Датқалбектің балаларының езігісін ұшырағанын айтқан. Байлар Бәкірбек пен баласы Мейірбек деген теннің қолында өмірінің өткенін, кедейлерді жаншып құл есебінде жұмсағанын жазады [12, 23 п.]. Тағы, Қараспан ауданының 7-8-нші 80 ауыл кедейлерінен арыз берілген. Арызда Қосымбет және Әбдіқадыр Итаяқұлдары әкесі Итаяқ байдан 1925 жылдан бері енші алғанын, бірақ әкесі балаларының еншісін іс жүзінде бермей малына қосып алып отырған. Аталған азаматтардың арыздағы айыптары бойынша II топқа саналды. Алдағы уақытта балаларына атаған еншісін беруді, шын мәнінде болыстық өкілдігін пайдаланып жер аударуды сұрайды [12, 28 п.].

Құжаттардан кәмпескеге байланысты әлеуметтік топтар мен терминдердің өзгеріске ұшырағандығын байқауымызға болады. Зер салсақ, 1928 жылғы 27-тамыздағы қаулыға дейінгі «крупные байские хозяйства» ұғымы «крупнейшие байские хозяйства и полуфеодалы» деген сөз тіркесіне ауыстырылып, байларды екі санатқа бөлгені белгілі (I санатқа - ірі байлар, II санатқа - жартылай феодалдар). Осы қаулыға қосымша жоба ұсынылып, рушылдық, аталық қалыптан айырылмай ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін, өзінің әлеуметтік ықпалын басқаларға тигізетін байларды мал-мүлкін тәркілегеннен кейін жер аударуға аудандары нақтыланды. Қазақ АКСР ХКК Кеңесінің төрағасы Нұрмақовтың қолы қойылған 1928 жылғы 30 тамыздағы қаулыда Жетісу және Сырдария округтерінен Орал округіне, Семей округінен Сырдария округіне жер аударылатын болады деп көрсетілген [14, 3 п.].

Бұл көп жағдайда кәмпескеленген адамдардың шағымдануына да үлгере алмағанын, жер аударылып кеткен жерінде ғана өтініш-арыздарын бере бастағанын көрсетеді. Жер аударуды да іс жүзінде ГПУ және милиция органдары жүргізді [10, 95 б.].

Дегенімен қаулы бойынша ГПУ-дің араласатыны көрсетілмеді. Бұл құжат тек қазақ байларына емес, бүтіндей қазақ халқына жасалған сот үкіміндей болды. 1928 жылы 13-і мен 17-ші қыркүйекте қабылданған ірі және жартылай феодалдарды тәркілеуге, оларды жер аударуға қарсы тұрғандары үшін қылмыстық жауапкершіліктің бар екенін қаулы бойынша қосымша шара деп белгіледі. Тағы, егер кәмпеске мен жер аударуға қатысты шараларға бағынбай, мал-мүлкін жасыруға немесе басқа да жолмен жойып жіберер болса Қылмыстық кодекстің 58-59 баптарына сәйкес жазаға ұшырайтындарын жеткізді. Бұл баптар елдегі ішкі дүрбелеңге жол ашты. Жаппай жазалау шаралары жергілікті жерлерде жағдайды шиеленістіре түсті. Қазақ ауылы өзінше қарсыласып-ақ бақты. Мал-мүліктерін сату, қалалар мен құрылыс алаңдарына, басқа аудандар мен округтерге, тіпті шет елдерге қоныс аудару етек алды, өз мүлкі мен отбасын қорғау мақсатында өкімет органдарына қарсылық білдірудің шарасы есебінде шаруалар көтерілістері бой көтере бастады. Мысалы, құпия телеграммада II топқа жататын байлар 4 ағайынды Адиловтарды әлеуметтік қауіпті элемент пен кеңестендіру саясатына қарсы шыққан бұзақылар (бандиттер) ретінде көрсетіп тағы қосымша тәркілеп және 58 бап бойынша Сарысу ауданына жер аударуға жіберген [12, 183 п.].

Жалпы жер аударуға жіберілген шаруалардың саны қазіргі уақытта 6765 адамға жеткен. Сонымен қатар, науқанның зардабы халықтың көші-қонына әсер етті. Ауа көшіп ел асқандар Өзбекстан, Тәжікстан, Иран мен Ауғанстанға кеткен. Науқанға ұшыраған округке қарасты Жаңақорған ауданынан 1929 жылы "Сыр сүлейі", атақты күйші Әлшекей Бектібайұлы мен інілерінің (Жәнібек Тұрсынбаев, Жантөре Аралбаев) Тәжікстанға ауа көшкен. Яғни, бұл кісілер қаулыға сәйкес II топқа ілінген еді. Сол кездері Тәжікстанға 807 адамнан құралған 178 қазақ отбасының кеткені белгілі болды. Ол қазақтармен бірге көшіп барған 1215 адамдық 281 отбасын құраған ишан-қожаларды қазақтан бөлек тайпа етіп жазған [15].

Сырдария округтік есеп басқармасының дерегі бойынша, 1927 жылы округте 1 миллион 300 мыңдай қазақ болса, 1934 жылы құпия дерекпен 600 мыңға жуық қазақ қалған. Округте 400 мыңдай адам аштан қырылып, 250-300 мыңдай адам ауып кеткен. Ал, 1927 жылы 6 млн 680 000 бас мал, 1934 жылы 800 мыңнан аз болған. Осы уақыт аралығында Қазақстан аумағынан асып кеткендер мен ел ішіндегі босқындарды есептегенде саны 1 миллионнан асып түскен.

Кәмпеске науқаны, отырықшыландыру саясаты озбырлықтарына қарсылықтар туа бастады. Бандиттік бас көтерулер мен ата қонысты тастап ауа көшулерді шығарып тастағанның өзінде 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды [10, 126 б.]. 1929 жылы - 54, 1930 жылы - 241, 1931 жылы - 77 көтерілістер болды. Тарихта ізін қалдырған осы 1929-1931 жылдардағы көтерілістерге қысқаша тоқталайық. Олар: Тақтакөпір, Бостандық, Батпаққара (1929 ж.), Асан руының, Созақ, Сарысу, Балқаш, Қарақұм, Өскемен, Зырян, Шұбартау, Ырғыз (1930ж.), Адай, Сарқанд, Абыралы, Шыңғыстау наразылықтары, Қастек және Қордай аудандарындағы (1931ж.) қарсылықтар болды. Бұл біріншіден, халықтың көтеріліске шығуы басшылықтың «кеңестендіру» саясатындағы зорлық-зомбылыққа қарсы ұлт-азаттық сипатта орын алды. Екіншіден, көтеріліске шыққандардың құрамында халықтың алдыңғы қатарлы өкілдері байлар мен дінбасылардың болуы. Бірақ, осындай күрделі жағдайда кеңестік империяның саяси шырмауына қарсы тұру мүмкін емес еді. Осы қарсылықтарға қатысқанның бірі, белгілі композитор, әнші Иманжүсіп Құтпанұлы болды. Ол Сырдария губерниясының Шиелі болысына қоныстаған, әрі болыстыққа түскен. Зұлмат науқанның құрбаны болып үкімет тарапынан Сарысу өлкесіне қуғынға ұшырайды. Көтерілісте қол түсіп, тұтқындалады. 1931 жылы ату жазасына ұшырайды. Кейін 1990 жылы толық ақталды. Зерттеуші т.ғ.к. Тұрғанбек Алланиязовтың есебі бойынша, 30-жылдары Қазақстан аумағында болған көтерілістердің саны 25 десе, 78 мыңға жуық көтерілісшілердің әлі де

ақталмағаны туралы көрсетеді. Көтеріліс салдары өте ауыр болды. Мемлекеттік праволық кодексінің 371-баптарымен жаппай сотталған. Қылмыстық істер кодексінің 58, 59, 61, 62, 69, 73, 79, 82, 95, 97, 108, 110, 111 баптары бойынша жазаланған. Кулакқа Нәтижесінде, 1929-1933 жылдар аралығында Қазақстан жөніндегі БМСБ уәкілетті өкілдігінің үштігі толық емес деректер бойынша 9805 іс қарап, 22933 адам жөнінде шешім қабылдаған. Солардың ішінде 3386 адамға ең ауыр жаза-ату, 13151 адамға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концентрациялық лагерьге қамау жөнінде үкім шығарылды [16].

Қорыта айтсақ, тәркілеу науқаны - ұжымдастыру саясатының беташары болды. Бұл науқаннан кедейлер мен батрактар пайда көрмеді. Кәмпескелеу қазақ халқына пайдасынан зиянын көп тигізді. Әсіресе, ірі шаруашылық қожалықтары мен дәстүрлі қоғамның күрт төмендеуіне әкеліп соқтырды. Науқанның жалғасы ашаршылықтың жаппай етек алуына ұласты. Бағарлық мал, егерлік жер жоқ болды. Шындығында, Кеңес өкіметі мен коммунистік жүйенің қателігі еді. Қазіргі таңда отандық тарихтың ақтаңдақ беттерін түгендеу барысында жүргізіліп жатқан жұмыстар аз емес. Осы орайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы №456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия туралы» жарлығы бойынша республикалық деңгейде дереккөз мен электронды ресурстарды жинауды қолға алып, жұмыс жасауда. Комиссияның негізгі міндеті - саяси қуғын-сүргін құрбандарын құқықтық және саяси ақтау болып табылады. Сөз соңы, ақтаңдақ жылдардың бетін ашып, бұрмаланған тарихымызды қалпына келтіру тек ғалымдарымыздың ғана емес, қалың жұртшылықтың да еншісі екенін ұмытпауымыз керек!

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Қозыбақова Ф.А. Қазақ байларын тәркілеу тарихынан. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 200 б.
2. Ижанов З. «Жаралы жылдар: / Ижанов З. 2-бас.» - Алматы: Өлке, 2016. - 360 б.
3. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 74 қор, 1-тізім., 93-іс.
4. Қойгелдиев М. Советтік тәркілеу - дәстүрлі мал шаруашылығына жасалған қиянат. //Дәстүр, 2022 ж., №1 (80), 109 б.
5. Ижанов З. «Тәркілеу қасіреті». - Алматы: Өлке, 2017. - 400 б.
6. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 2 қор, 1-тізім., 1-іс.
7. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. - 138 қор, 1-тізім, 1698-іс.
8. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 74 қор, 1-тізім, 184-іс.
9. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 74 қор, 1-тізім, 165 іс.
10. Омарбеков Т. «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті». Алматы: Санат, 1997. - 320 б.
11. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 74 қор, 1-тізім, 172-іс.
12. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 74 қор, 1-тізім, 185-іс.
13. Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 74 қор, 1-тізім, 2-іс.
14. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. - 2 қор, 1-тізім, 1-іс.
15. Қазақтар неге ауа көшті? Ақтандар ақиқаты.  
<https://kozhal.kz/202210180-qazaq-nege-aua-koshti> [Есепке алынған күні: 08.04.2022].
16. Ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілістерінің тарихнамасы.  
<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9022/> [Есепке алынған күні: 10.09.2022].

**Алиев Ж.Б.**

Ақтөбе қаласы, Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі, зерттеуші.  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы.

### **XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛДЫ КЕҢЕСТЕНДІРУ МЕН ҰЖЫМДАСТЫРУ**

Қазақстанда 1920-1930 жылдары Қазақ өлкелік комитетінің ұйымдастыруымен халық шаруашылығында жүргізілген жүйесіз реформалардың салдарынан қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып келген өмір сүру қалпы бұзылып ақыр соңында үлкен апатқа әкеліп ұрындырды. Ауылды кеңестендіру «халықты теңестендіру» деген ұрандармен жергілікті халықпен санаспай қайткенде жоспарды орындауды ұмтылған шолақ белсенділер ұжымдастыру саясатына құлшына кірісіп кеткен кез болатын.

XX ғасырдың басында қазақ халқы талай наубетті басынан өткерді. Қазақ даласы 1916 жылғы сынақтанда сүрінбі өтіп бірлігі мен елдігін танытса, 1917-1918 жылдары Алаш-Орда үкіметі халықты

Жаңа азаттық жолға бастаған кезде де ұлтжанды азаматтарымыз өз күрестерін тоқтатпай жалғастыра берді. 1925 жылдан бастап революциялық өзгерістер қазақ даласын жікке бөліп, ауылды кеңестендіру мен ұжымдастыру саясаты жүргізіле бастайды. Ауылды кеңестендіру кезінде бұрынғы атқамінерлер мен ауыл байларын тізгіннен аластату арқылы халықтың теңдігі үшін күрес белең алды. Жер иеліктерін қайта бөлу, ауыл кеңестері мен партия қатарын тазалау сол кезеңдегі негізгі іс-шаралар болды. Кеңес үкіметінің саясатын ұстанып ел тізгінін ұстаған Қазақ өлкелік комитеті ауыл экономикасын және жер мәселесін шешуде бір қатар жаңашылдықтар енгізді. Олар:

1. Ауыл-аймақтық жер иеліктерді рулық – қауымдық меншік түрінен айыру;
2. Патриархалды-рулық басқару жүйесін жою;
3. Болыстық басқару, билер соты, ақсақалдар кеңесінің қызметтерін тоқтату; **[1,3п.]**

Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығындағы өзгерістер өңірлердің климаттық ерекшеліктеріне байланыстылығын толық түсінді. Алайда Қазақ өлкелік комитеті мұндай ерекшеліктерді үнемі ескере бермеді. Мысалы: Қара топырақты егіншілікке қолайлы Қостанай, Петропавл, Павлодар және мақта өсіруге арналған Сырдария губерниялары.

Ұжымдастыру үш түрлі шаруашылық бағытына байланысты жүргізілді:

- а) Көшпелі аудандардағы ірі мал шаруашылығы;
- б) Жартылай көшпелі аудандардағы ірі мал шаруашылығы;
- в) Отырықшы аудандардағы кәсіптік шаруашылығы;

Жойылуға тиісті шаруашылықтар мынадай талапқа сай таңдалды:

1. 200-300 бас ірі қаралары бар шаруашылықтар;
2. 100-200 бас ірі қаралары бар шаруашылықтар;
3. 50-100 бас ірі қаралары бар шаруашылықтар; **[1,7п.]**

Малдары тәркіленіп жойылған шаруашылықтардың иелері де, тұрып жатқан жерлерінен басқа өңірлерге жер аударылды. Сонымен қатар бай шаруашылықтарын ұжымдастыру кезінде ауылдардағы атқамінер. Беделді, халықты соңынан ерте алатын тұлғаларда мал мүлкінің бар жоғына қарамастан өзге өңірлерге жер аударылуы тиіс еді.

Ұжымдастыру науқанын жүргізген құзырлы органдар деп:

- а) кеңестік Халық комитеті және Аумақтық орындаушы комитет жанында құрылған комиссия;
- б) Аудандық комиссия;
- в) Кедейлер комитеті; (құрамы 15-25 мүшеден тұрды.) **[2,15п.]**

Қазақстанның Сыр-Дария губернияларында егіншілікке қолайлы шаруашылық дамығанын ежелден жерге жеке меншік бар екенін білеміз. Ауылды кеңестендіру саясатына байланысты бұл жерлердегі діни қызметкерлер ишандардың ықпалына тежеу қою қажет деп есептелінді. Ұжымдастыру науқанының зардаптары орасан зор болуы, малдың жаппай тәркіленуі, саяси-қуғын сүргіннің жүргізілуі, жер аудару, бас бостандығынан айыру т.б көрініс тапты. Халықтың бетке ұстар азаматтары ұлтшыл-шовенист, халық жауы, бай (қулак), діни қайраткер (мухтасим, ишан т.б) деген желеумен көздері жойылды. 1918-1923 ж. большевизмге қарсы Орталық Азияда жүргізілген күрес немесе бас көтеру басмашылар қозғалысы деп аталды. Басмашы құбылысы туралы Германияда тұрған түбі түркістандық ғалым Баймырза Хаит былай деп жазды: «Басмашылар қозғалысы – түркі халықтарының ежелден басқыншыларға, отаршылдарға жан беріп, жан алысқан ұлт-азаттық күресінің заңды жалғасы.» Ал, Мұстафа Шоқай төмендегіше баға береді: «Басмашы» аталып жүргендер-көтерілісшілер мен Түркістанда орыс диктатурасына қарсы күресушілер, Түркістанды құтқару жолында қан төгіп, жан пида етушілер» **[4,111п.]**

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап – ұлттық рухты көтеретін дәрежеде маңызды тарихи қадамдар жасап келе жатыр. Ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиелеп шығару үшін өткен тарих даналығына зер саламыз. Тарихымызда «ақтаңдақтар» деп аталатын уақыттың қайғысы мен қасіреті осыншама жылдар тұмшаланып келді. Саяси қуғын-сүргін салдарының салқындығын сейілту үшін, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастыру да, мұрағаттағы шаң басқан іс-қағаздарды тарих таразысынан шұғыл түрде өткізуіміз керек.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:**

1. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты.- 5 қор, 1 тізбе, іс -14, 55п.
2. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты.- 5 қор, 1 тізбе, іс -35, 26п.
3. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты.- 5 қор, 1 тізбе, іс -23, 26п.
4. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014, 111 бет.



## XX ҒАСЫРДЫҢ 20 -30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕПРЕССИЯЛАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

1925 жылдан бастап Алаш қайраткерлеріне қарсы саяси қудалау ашық түрге ие болды. «Ақ жол» газетін қудалаудан басталған шаралар алаштықтарға қарсы репрессияны одан сайын күшейтуге ықпал еткені сөзсіз. Сонымен қатар, осыдан бастап большевиктердің Алаш қайраткерлеріне басталған репрессияны эмиграциядағы белгілі қоғам қайраткері Мұстафа Шоқаймен байланыстыруды көздегені құжаттар арқылы дәйектелді. Осыдан соң оқу ағарту, баспасөз саласында қазақ интеллигенциясын жаппай қудалау ресми түрде басталғаны деректермен айқындалды [12, 55 б.].

Қазақстандағы қудалаудың келесі кезеңі БКП (б) Қазақ өлкелік комитетіне Ф.И. Голощекиннің келуі одан әрі жандандырылды. Ол басшылық етіп тұрған кезде, Қазақ Өлкелік Комитеті Өлкелік Бақылау комиссиясымен бірігіп, қазақ партия - кеңес қайраткерлеріне қарсы күресті күшейтті. Алаш зиялыларына қатысты деректер оларға қарсы үлкен сот үдерісінің даярланып жатқанын айғақтайды. Алаштықтардың коммунистік партиядан шығарылуы, әртүрлі қылмыстық істерге тартылуы, баспасөз беттерінде сыналуы, міне, осы мәселенің жасалуы жолын анықтады [8, 25 б.].

Алаштықтарға қарсы құзырлы органдардың құпия іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуы шолулық - талдамалық құжаттардан көрінеді. Елдегі жағдайды қадағалап отырғысы келген большевиктер жоғары билік орындары үшін кеңейтілген құжаттар кешенін даярлады. Партиялық басшылық үшін берілетін Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың құпия деректері сталиндік әміршіл-әкімшіл саясаттың орнығуына байланысты саяси мәселелерге ерекше мән берді. Сондықтан да құзырлы органдар олардың аграрлық реформаларға араласуы арқылы саяси күресті өзгертуге күш салуда деген пікірде құжаттар жасай бастады. Осы мәліметтер арқылы Алаш қайраткерлерінің қасіреті жан-жақты ашылды [13, 170 б.].

Оның ішінде, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың ақпараттық материалдарында алаштықтардың жергілікті халықпен қарым-қатынасы, большевиктердің реформаларына араласуы талданды. Тіпті тәркілеуге ұшыраған ауыл байларының айтқан сөздері, пікірлеріндегі Кеңес өкіметіне қарсы ойлар терілді. Біріккен мемлекеттік саяси басқарма және Бақылау комиссиясы Алаштықтарға қарсы тығыз жұмыс істеді, бір – бірімен байланыста отырды. Алдыңғы органдар сот үдерісіне даярланса, Бақылау комиссиясы партия қатарын тазалау жұмыстарын жүргізу мақсатында алдыңғы мекемелерге біршама материалдар жинап берді. БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті үдерісті негізгі бақылаушыға айналды. Мекемелер деректері саяси репрессияның жасалу жолындағы жұмыстарды анықтап береді [8, 16 б.].

Алаш қайраткерлерінің мәдениет және білім-ғылым саласындағы қызметтері Халық ағарту комиссариаты қоры құжаттары арқылы ашылды. Мекеме қорында алаштықтардың партиядан және жұмыстан шығарылуы туралы ақпараттар, Халық ағарту комиссарларының қуғындалуы, олардың шығармаларын жариялауға тиым салу, басқа да қайшылықтарға қатысты көптеген деректерді кездестіруге болады. Мәселен, Халық ағарту комиссариаты қорының материалдары белгілі қазақ интеллигенті С. Сәдуақасовтың қудалануы туралы кешенді ақпараттарды бере алады. Қазақстандық жоғары оқу орындарындағы белгілі қазақ зиялыларының балалары болып табылатын студенттерді оқудан шығаруға байланысты тың деректер де осы үдерістің бір қырын ашып бере алады [14, 71 б.].

Сонымен қатар, 1928 жылғы 27 тамыздағы қазақ байларын тәркілеу туралы декреттің алаштықтарға қарсы құжаттар жасауына әсері берілді. Әсіресе, қазақ зиялыларының өздері мен олардың туыстарына жасалған мал – мүліктерін тартып алуға жасалған ашық шабуылдар жөніндегі мұрағаттық деректер алынды. Осы жылы басталған зиялыларға қарсы тергеу материалдары олардың қос революция, азаматтық соғысы кезіндегі қоғамдық – саяси қызметі, большевиктерге қарсы күресі, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі мемлекеттік, қоғамдық қызметтері сияқты ақпараттарға толы. Тергеу құжаттарындағы берілген ақпараттар басқа дерек көздерімен салыстырылып, негізгі мәліметтер анықталынды. Әр қайраткердің тергеушілерге берген жауаптары жеке – жеке қарастырылып, негізгі шешуші мәселелердің қойылуы мен олардың жауаптарының мазмұнына сараптамалар жасалынды [11, 45 б.].

Алаш қайраткерлерінің Біріккен мемлекеттік саяси басқарма мен Бақылау комиссиясы қызметкерлері алдында берген жауаптары тақырыпты ашуда үлкен дерек көзі бола алады. Оның ішінде, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Болғанбаев, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов және тағы басқа қайраткерлер бар. Алаш қайраткерлерінің әрқайсысына тергеушілер тарапынан қойылған

сұрақтар мен олардың берген жауаптарының мәтіні тексеріліп, қудалаудың мақсаты мен міндеттері айқындалды [3, 39 б.].

Тергеу барысындағы жасалған құжаттар жеке-жеке сарапталып, негізгі бағытты анықтау басты орынға қойылды. Сонымен қатар, осы кезеңде алаштықтарға қарсы құжаттардың жиналу барысы да ашылды. Бұл жерде большевиктердің Алаш зиялылары үстінен жинаған ақпараттарды қайдан алынғаны, қалай тапқанына мән берілді. Мәселен, Кеңес өкіметі жағына шығу кезіндегі мәліметтер мен жазысқан хаттардағы көзқарастар, қайраткерлердің қызмет еткен орындарынан, араласқан адамдарынан алынған жауаптар, тіпті кей кезде тартып алынған деректер, мерзімді басылымдардағы пікірлер, жиылыстарда айтылған әңгімелерінің мазмұны түгел қарастырылды [13, 28 б.].

Айыптау қорытындыларында келтірген мәліметтер тексеріліп, басқа деректер арқылы айқындалды. Мәселен, большевиктердің зиялыларға Қазан революциясы, азамат соғысы, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қоғамдық – саяси қызметтері кезіндегі мемлекеттік саясатқа ұйымдастырған қарсылықтары туралы негізсіз айыптары олармен тығыз қарым-қатынаста болған З.Валидидің естеліктеріндегі мәліметтермен салыстырылып, қаншалықты дәйектілігі тексерілді. Себебі, Алаш қайраткерлері тоталитарлық жүйенің құрбандарына айналған кезде, айыптауға басты дәйектеме олардың З.Валидимен байланысы еді. Кеңес өкіметінің репрессивті органдары қазақ зиялыларының азамат соғысы жылдарындағы ақгвардияшылармен байланысын және түркітілді халықтармен одағын түбегейлі зерттеп, қудалау құжаттарын жасаған еді [6, 33 б.].

Большевиктердің Алашқа қарсы 1925-1933 жылдардағы саяси қудалауы сот үдерістерімен аяқталды. Сот үдерістері барысында жасалған құжаттар мен тағылған айыптар және олардың өзгертілу, орындалу барысы арнайы қарастырылып, большевиктердің репрессияны орындаудағы көздеген мақсаттары талданылды [15, 26 б.].

Елдің қоғамдық - саяси өмірінен зиялыларды ығыстыру «үлкен террорға» жол ашып бергенін сан - қилы құжаттар дәйектейді. Алаш зиялыларының қасіретіне байланысты мұрағаттық деректер жиырмасыншы жылдардың аяғындағы кеңестік Қазақстанның бүкіл тарихының бағыт - бағдарын, мақсатын анықтауға мүмкіндік береді деп толық айта аламыз.

«Үлкен террор» кезінде жиырмасыншы жылдардың аяғымен салыстырғанда «халық жауларын» табуда нақты іс-әрекет күшейді. Заңдар кез-келген қоғамның тарихы бойынша маңызды құжаттарға жатады, өйткені мемлекеттің құқықтық негізін құрайды: ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың барлық күнделікті жұмысын бағыттайды және реттейді, азаматтар мен ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілі бір құқықтық нормаға әкеледі. Деректанулық ішкі және сыртқы сынды жасау үшін заңдар негізгі дерек көзі ретінде алынады [9, 54 б.].

Заңдардың шығу тегін, мәтінін, мазмұнын тексеру бізге мемлекеттік машинаның қандай шаралар жүргізгені туралы толық мәлімет береді. Мәселен, 1926 жылы РКФСР Қылмыстық Кодексі кеңейтіліп, қайта шығарылуы үлкен шараның заң жүзінде бекуі болатын. Кеңестік өкіметтің контрреволюциялық әрекетке жатқызған шараларының ауқымы өсті. Онда 58 баптың өзі 18 бөліктен тұрды. Кең көлемді бап тармақтары атылатындарға жан-жақты, бір-бірімен байланысты соттауға мүмкіндік берген болатын. Кодекстің баптары мындаған адамдарға айыптау құжаттарын жасауға жол ашты [8, 28 б.].

С.М. Кировтың өлтірілуінен кейін кеңес заңдары күшейді. 1934 жылдың 1 желтоқсанында қатал жазалауды жүзеге асыратын КСРО ОАК Президиумы «Террористік актілерді жасау немесе даярлау туралы істерді жүргізу тәртібі туралы» қаулысы қабылданды. Қаулының мәтінін талдау кеңестік террордың шарықтау шегіне жеткенін анықтап береді. Тергеу мекемелері, сот органдары, ПХК істерді былай жүргізді: айыпталушы ісі тез, он күн қаралды, кешірім жасау туралы шағым-өтініштер қабылданбады, ату жазасы сот үкімі шыққан бойда орындалды. Осы күні КСРО ХКК және ОАК-інің «Одақтық республикалар Қылмыстық-процессуалды Кодексіне толықтырулар енгізу туралы» қаулысы [13, 94 б.] қабылданды. Онда жоғарыдағы мәселеге байланысты Қылмыстық Кодекске тергеуді он күнде бітіру, айыптау қорытындысын істі сотта қарауға бір күн қалған кезде беру, істі айыптаушы мен қорғаушының қатысуынсыз тыңдау, сот үкімдерін бұздыру туралы шағым арыздарды, сондай-ақ кешірім беру туралы өтінішті қабылдамау, жоғары жаза үкімін тез арада жүзеге асыру сияқты өзгерістер енгізілді. Кеңес заңдық актілері демократияға қарсы жасалған, олардың саяси тұрғыда айыпталған адамдар тергеу әдісі шектен шығып кетті. Көптеген істерді соттан тыс «үштіктер» мен «екіліктердің», қаталдығымен көзге түскен Ерекше Кеңестің қарауы, сотталушыларды ұрып-соғып мойындатуы, куә ретінде сөз жеткізушілерді пайдалануы заңдылықты сақтамағандықтың көрінісі болатын.

Осылайша большевиктер «үлкен террорды» жүзеге асыруға үлкен даярлықпен келді. 1936 жылы барлық республикалардың партиялық органдарына БКП(б) Орталық комитеті «О

террористической деятельности троцкистско-зиновьевского контрреволюционного блока» деген тақырыпта хат [16, 112 б.] жіберілді. Бұл хат елдегі саяси репрессияның басталуына үлкен роль атқарды және «үлкен террорды» республикада жүргізуге нұсқау әрі бағыттаушы құжат деп айта аламыз. Басқа республикалардағы сияқты Қазақстанда да партия - кеңес қызметкерлеріне жаппай саяси репрессия басталды [12, 64 б.].

«Үлкен террор» кезінде деректердің ерекшелігіне тоқталайық. Бұл уақытта мемлекеттің саясатына халықтың қарсылық әрекеттері болған емес, керісінше бейбіт адамдарға «жау» деген ат тағып, большевиктер бітіспес күрес ашты. Сондықтан да негізгі деректер жоғары партия органдарының қалауымен шешілді. Мұрағат құжаттарын қолдан жасау, ойға сыймастай айыптар қою 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияның негізгі келбетін ашып көрсететін шаралар болды. Мәселені азаматтардың жазған арыз-шағымдарымен дәлелдей аламыз. Аталмыш жылдардағы сот үдерістері құжаттарының 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдар басындағы қудалау материалдарынан айырмашылығы анық байқалады. Алдыңғы тергеудегі жауап алу хаттамаларын тарихи дерек көзі ретінде талдай аламыз. Хаттамаларды тарихшылар XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметін ашуда пайдаланып жүр. Ал соңғы кезеңде жауап алу хаттамасы да ПХК қызметкерінің алдын-ала даярлаған мәтіні бойынша жасалып, айыпталушыға күш көрсету сияқты әртүрлі әдістерді пайдаланып, қол қойғызып алынды. Құжаттардан ұлттық кемсітушілікті де көреміз. Егер алдыңғы кезеңде тергелушілерден жауаптар ана тілінде, өз қолымен жазса, «үлкен террор» кезінде хаттамалар бір мәтінмен жасалып, сотталушыға келісу үшін ұсынылды. Сондықтан да, кейбір адамдар не үшін сотталғанын түсінбей қалуы да мүмкін [15, 116 б.].

Аталған кездегі тергеу істерін дерек көзі ретінде талдау қиынға соғып отыр. Бұл туралы репрессиялар тарихын зерттеуші белгілі ғалым Стефан К. былай дейді: «Бұл істерді құқығы бойынша БСМБ - ПХК қолдан жасаған деп атайды. Мүмкін аталған себеп осы түрдегі құжаттарға деректанулық талдауы жоқтығының себебі шығар. Шыныменен, егер құжаттың бұрмаланған мазмұнды екеніне сенімді болсаң, егер одан тек мемлекеттің өз азаматтарына қарсы идеологиялық саясатының қуәландыратынын көруге ұмтылып тұрсаң ондай құжаттарға назар аударудың не қажеті бар» [17, 204 б.].

Қазақстандағы «үлкен террорды» сипаттаған кезде, мұрағаттық деректер М. Шоқайдың шетелде «Яш Түркістан» журналы бетінде жазған жарияланымдарымен салыстырмалы түрде талданып отырылды. Оның кеңестік мерзімді басылым материалдарын дерек көзі ретінде пайдаланып, жазған мақалалары «үлкен террор» кезін ашуға зор мүмкіншілік береді. Мерзімді басылымдағы материалдар сол кезеңдегі қоғам тынысы туралы мәліметтерді ашық көрсетіп, «халық жауларын» әшкерелеуінің бір түрі болғандығы шүбәсіз. Осы тұрғыда қарағанда, М. Шоқай «үлкен террордың» күрделі мәселелерін анықтап, талдап берді. Оның еңбектерінде ой еркіндігі анық байқалады, деректанулық талдау дәрежесі де жоғары. Сондықтан да шығар, қаншама тың мұрағат деректері жарияланып жатса да, қайраткердің негізгі ой - түйіндері маңызды орын алуда. Сонымен қатар, М. Шоқайдың тергеу материалдарына байланысты пікірлері «қолдан жасалған» айыптау құжаттары ақпараттарының негізсіздігін дәйектеуге көмектеседі [14, 48 б.].

1937-1938 жылдардағы саяси репрессиялардың жүргізілуін төмендегі деректер ашып береді. Қазақстанда БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті 1937 жылы 4 ақпанда «Антикеңестік троцкистік орталық үдерісінің қорытындысын түсіндіру туралы» шешім қабылдады. Құжат Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарында талқыланып, «халық жауларын» іздеу мен адамдарды қудалауда ерекше орын алды. И.Сталиннің жаппай ату бойынша жоспарын жүзеге асыру ҚКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы Л.И.Мирзоян И.В.Сталинге Қазақстандағы әшкереленген және қамауға алынған «ұлтшыл-фашистік ұйымдар» туралы хабарлама даярлады. Хабарламадан кейін Қазақстанда партия-кеңес қызметкерлерін жаппай қудалау ерекше маңызға ие болды. 1937 жылы 19 қарашада ҚКП (б) Орталық комитеті бюросының репрессияланған антикеңестік элементтер санын көбейту туралы шешімі шықты. Ал осы жылы 3 желтоқсанда БКП(б) Орталық комитеті Қазақстан ҚКП(б) Орталық комитетінің Қазақстан бойынша репрессияға ұшырағандар санын ұлғайту туралы ұсынысын бекітті [18, 51 б.].

Ал жеке азаматтардың партиялық басшылыққа арнаған арыздарын талдау бізге «үлкен террордың» көптеген адам құқығын аяққа таптаған әрекеттерін айыптайтын және әшкерелейтін мәліметтермен таныстырады. Айыпталушылардың көпшілігі жауап алу хаттамаларын тергеушілердің қолдан жасап, физикалық қысым көрсеткенін арыздарда, кейін естеліктерде жан-жақты баяндаған болатын. «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагерінде» болған әйелдер туралы бірнеше мұрағаттар деректері сарапталып, олардың жеке тұлғаларын анықтауға байланысты жұмыстар жасалынды [16, 24 б.].

1938 жылы мұрағат мекемелерінің Ішкі істер халық комиссариатына берілуіне байланысты «үлкен террор» деректерінің қол жетімділік мәселесі туындады. Осы тұрғыда, шектеу салынған құжаттар түрлеріне тоқталынып, шешілу жолдары анықталынды. Аталмыш кезеңдегі шектеу салынған құжаттардың көпшілігі әлі күнге дейін толық ашылған жоқ. Мұрағат жүйесінің жазалау мекемесінің құрамына өтуі 1930-1950 жылдардағы Кеңестер Одағының тарихы деректерін зерттеуге зор зардаптар әкелді. Шектеу салу өз алдына, құжаттарды жою мақсатында макулатураға жіберу аталған уақытта жүзеге асты. Осы тұрғыда алғанда, кеңестік саяси репрессияларға қатысты мәліметтерді анықтау қиындығы туындады. Жойылған деректердің басым бөлігі саяси жазалау шараларына байланысты қордаланған құжаттар еді [13, 66 б.].

Осылайша, Кеңес өкіметінің алғашқы кырық жылында әртүрлі кеңестік реформалардың әсерінен халық саны азайды. 1937 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша, Қазақстанда халықтың жалпы саны 1926 жылы 6078,6 адам, 1937 жылы 4820,0 адам, яғни 79,3% - ке түсіп кеткен, қазақтар - 2181520 адам қалған. Санақты жасаушылар республикада халықтың саны арнайы қоныс аударушылар есебінен көбейіп отырғанын жоққа шығармайды. КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті бастығының БКП (б) Орталық комитеті және КСРО ХКК-на бүкілодақтық тұрғындар санағының алдын-ала қорытындысы туралы баяндамалық хатында Қазақстан туралы табиғи өсім есебінен де өсе алмай отырған ұлттық республика деп атап берді [19, 28 б.]. Көріп отырғанымыздай, халық санағының мәліметтері басқа халықтармен қатар қазақ халқының Кеңес өкіметінің алғашқы жиырма жылында геноцидке ұшырағанын көрсетеді [12, 27 б.].

Қорыта келгенде, «үлкен террор» жылдарындағы мұрағаттық құжаттар толыққанды айыптайтын және әшкерелейтін деректер болып табылады. 1937-1938 жылдардағы саяси репрессиялар жоғары партия - кеңес органдарының жоғарыдан төмен жүргізген шарасына айналды.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Саяси қуғын-сүргіндер: шындық пен қауесет. Құжаттар жинағы. - Шымкент, «Ғасыр-Ш» баспасы, 2003. - 180 б.
2. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
3. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.) Зерттеулер. – Алматы : Жалын, –2004. – 400 б.; Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы>//Тарих ғыл. докторы. дисс. авторефераты. – Алматы, –1994. –235 б.
4. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. - Алматы:Казахстан, 1998. – 336 с.
5. Мажитов С.Ф. Қазақстандағы халық-азаттық қозғалыстарды зерттеудегі ақиқаттың бұрмалану себептері // Отан тарихы. -2006.- № 2. -19 б.
6. Әбусейітова М.Х. Қазақстан и Центральная Азия: политические, международные и культурные связи (XV-XVII вв.): Дисс. д-ра истор. н.-Алматы, 1997. – 312с.; Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.; Әбіл Е.А. Методологические проблемы применения естественнонаучных методов в историческом исследовании: история и синергетика: Автореф. дис. д-ра истор. н. – Караганда, 2009. – 41 с.; Әбжанов Х.М. Тәуелсіздік тарихы және зерттеу методологиясы // Қазақстан және қазіргі әлем: тарихы және қоғамдық – саяси дамудың өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдары. – Семей, 2010. - 26-33 бб.
7. Халидуллин Ғ.Х. Политика советского государства в отношении казахских шаруа (1917-1940 г.г. –Алматы, Ғылым, 2001. – 213 с.
8. Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 136 с.
9. Абылғожин Ж.Б. Қозыбаев М.К. Алдажұманов К.С. Коллективизация в Казахстане: Трагедия крестьянства. – Алма-Ата, Ғылым, 1992. – 358 с.
10. Дильманов С.Д. Исправительно - трудовые лагеря на территории Казахстана (30-е - 50-е годы XX века). – Алматы, 2002. – 45 с.
11. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. - М.: Республика, 1993.- 245 с.
12. Литвин А. Следственные дела как исторический источник // Эхо веков. – 1995. - май. – С. 170-175.
13. Омарбеков Т. Голощекин төңіреті: ол туралы не білеміз?/ Қазақ тарихы. –1995. –№9. – 236 б.

14. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышление и поиски. - Алматы: Ғылым, 2000. – 388 с.
15. Әбжанов Х.М. Тәуелсіздік тарихы және зерттеу методологиясы // Қазақстан және қазіргі әлем: тарихы және қоғамдық - саяси дамудың өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Семей, 2010. – 26-33 бб.
16. Источниковедение XX столетия. Тезисы докладов и сообщений. – М.: РГГУ, 1993. – 215 с.
17. Стефан К. Черная книга коммунизма. Преступление, террор, репрессии. Перевод с франц. – М.: «Три века истории», 1999. – 708 с.
18. Нұрпейісов К., Әбжанов Х. 51- жылдың ызғарлы күзі // Қазақстан коммунисті. – 1991. – №3. – 51-61 б.
19. ГУЛАГ: Экономика принудительного труда. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд Первого Президента России Б.Н. Ельцина, 2008. – 320 с.

**Онгарова А.А., Кадирғалиева А.Т., Сапарбекова Б.**

Шымкент университеті, магистр, аға оқытушылар. Қазақстан Республикасы.

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

1925 жылғы желтоқсандағы БКП(б) XIV съезінде қабылданған индустрияландыру бағытын жүзеге асыру Қазақстанда елдің әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалушылығы мен отарлық өткен кезеңіне байланысты бірқатар қиындықтарға тап болды. Сталиндік басшылықтың ұстанымы бойынша Қазақстан капитализмді айналып өтіп, феодализмнен социализмге жылдам көшу қажет болды. Қазақ жерінде азаматтық төңкерістен кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру 1927 жылға дейін созылды. Негізінде өнеркәсіптік құрылысты кеңейтуге болатын пайдалы қазбалар кен орындары бұрын қоныстанбаған аудандарда болды, бұл осы жерлерді жан-жақты игеруді қажет етті. Бұған білікті мамандардың, құрылыс материалдарының, техника мен тетіктердің аса жетіспеушілігі кедергі болды. 1920-1930 жылдары Қазақстанда ғана емес, одақта да ірі металлургия кәсіпорындары қайта құрылып, салынды. Қазақстан түсті металдар өндірісі бойынша елімізде екінші орынға шықты. Көмір өнеркәсібі қарқынды дамыды, оның өндірісінің 90%-ы XX ғасырдың 30-шы жылдарының аяғына қарай Қарағанды алабының үлесіне тиді, ол Донбасс пен Кузбасстан кейінгі елдің үшінші көмір өндіретін кен орнына айналды. Мұнай өндіру бойынша Қазақстан Ресей мен Әзірбайжаннан кейін үшінші орынға шықты және КСРО-дағы барлық мұнайдың 5/1 бөлігін өндірді. Түркістан-Сібір темір жолы республиканың көптеген кәсіпорындары мен құрылыстары үшін кадрлар ұстаханасына айналды. Индустрияландыру үрдісі барысында республиканың халық шаруашылығында 1926 жылғы 10,7%-ды құраған жұмысшылар табы 1939 жылғы көрсеткіштер бойынша 33,8%-ға өсті. Сонымен қатар, Қазақстанды индустрияландырудың өзіндік ерекшеліктері, елеулі проблемалары мен кемшіліктері болғанын атап өту қажет, бұл бірқатар ірі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық мәселелерге әкеп соқтырды. Кеңес дәуірінде өнеркәсіп, құрылыс және көлік дамуының негізгі бағыттарын айқындай отырып, республиканың бүкіл индустриялық келбетінде өзін қалдырды. Қазақ жеріндегі индустрияландырудың ерекшеліктері:

- Қазақстанның индустриялық дамуының қарқыны Кеңестер Одағының, сондай-ақ жеке алғанда көптеген басқа республикалардың тиісті көрсеткіштерімен салыстырғанда жоғары болды;

- индустрияландыру жағдайында Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы негізінен жаңа құрылыстар есебінен жүзеге асырылды, яғни елде Мәскеу, Ленинград, Донбасс, Харьков немесе Днепрге тең келетін ескі өнеркәсіптік аудандар болған жоқ. Сондықтан қазіргі заманғы қатынас жолдарының, құрылыс материалдарының, қаражаттың, тұрғын үй, ас-су қорының т.б. болмауынан орасан қиындықтарды еңсеруге тура келді.

- жаңа өнеркәсіптік құрылысқа тән белгі ірі кәсіпорындар-комбинаттар болды. Олар қала құрушы рөл атқарды және тиісті өндірістік ошақтың орталықтарына айналды. Бұл «Қарағандыкөмір», «Казполиметалл», «Алтайполиметалл» комбинаттары, Ақтөбе химия, Семей ет-консерві, Гурьев балық консерві, Алматы жеміс-көкөніс, Семей шұға фабрикасы және т. б. жатты;

- ауыр өнеркәсіп, ең алдымен оның өндіруші салалары: бүкілодақтық ауқымда негізгі салаларды құрайтын көмір, мұнай және түсті металдар саласы барынша қарқынды дамыды;

- ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары одақтық маңызға ие болды, осыған байланысты республикада мамандандыру тар, шектеулі бағытта жүрді. Ал бұл Қазақстанның барлық өнеркәсібінің шикізаттық бағыттылығын айқындап берді;

- Машина жасау саласы мүлдем жоқ еді. Металл өңдеу жекелеген зауыттардың жөндеу шеберханалары арқылы жүргізілді. Машиналар, станоктар мен жабдықтар Қазақстанға Орталық, Ленинград, Орал, Украина және басқа да аймақтардан жеткізілді. Қара металлургия саласы болмады, шыны, цемент өндірілмеді.

- жоғарыда көрсетілген ауыр индустрияның өндіруші салаларымен бірге көлік, әсіресе теміржол құрылысы алдыңғы қатарға шықты. 1928-1940 жылдары темір жол желісі шамамен 50% - ға, яғни 6581 шақырымға өсті. Осы жылдары Сібірді Қазақстанның оңтүстігімен, одан әрі Орта Азиямен байланыстыратын Түркістан-Сібір темір жолы салынды. Бұл қиыншылықтар, сондай-ақ 20-30-шы жылдардың басында Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асыру жолдары және жұмысшы табының ұлттық мамандарын құру мәселелері төңірегінде қоғамдық-саяси күштердің арасында өткір көзқарастар қайшылығын туғызды. Кейбіреулер «түйеден социализмге» көшу мүмкін емес және көшпелі өмір салты – бұл қазақ халқының ерекшелігі, индустрияландыру оның «ұлттық ерекшелігін» бұзады десе, басқалары, керісінше, индустрияландыруды аймақ үшін «табиғатқа келмейді», оны өңкірде жүзеге асыру «мүмкін емес» деп санады. Үшіншілері республиканың ерекше мүдделерін ескермей ақ, оның болашақтағы одақ құрамындағы даму идеясын қорғады. Келесілері, индустрияландыру кезінде республиканың ерекшеліктерін ескеру қажет және ел шикізат базасы болып қалмауы керек деп есептеді. Алғашқы екі көзқарас өміршең болмады, сондықтан соңғы екеуінің арасында күрес басталды. Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекин «Республика өнеркәсібінде алып құрылыстар емес, жергілікті ұсақ және орта өнеркәсіпті дамыту жетекші буын болуы тиіс» деген идеяны ұстанды. Экономикалық жағынан Қазақстан өнеркәсібін дамытудың жаңа кәсіпорындарды шикізат көздеріне жақындатудың басты жақтаушыларының бірі С. Сәдуақасов: «былғары бар жерде, онда былғары зауыттары бар, жүн жуатын жерде шұға фабрикалары бар», – деп негіздеп айтқан болатын. Оның индустрияландыру жағдайында Қазақстанда өнеркәсіп пен көлікті дамыту жолдары мен әдістері туралы көзқарастары оның «Ұлттар мен ұлтшылдар туралы» (Қазақстанда «шикізат қана емес, жұмыс қолының болуы», сондай-ақ «Қазақстандағы тас көмір мен мұнайдың көп миллиардтық қоры») мақаласында барынша толық баяндалған. Осылайша, 1920-шы жылдардың II жартысы мен 1930-шы жылдардың басында Қазақстанды индустрияландыру жолдары туралы өрбіген өткір пікірталаста Ф.И. Голощекин бастаған Қазақстанның партиялық-кеңестік басшылығының ұстанымы үстем болды және бұл бүкіл кеңестік кезеңдегі Қазақстан өнеркәсібінің шикізаттық бағыттылығын айқындап берді. Қазақстан өнеркәсібінің біржақты, шикізаттық бағытта ғана басымдық бере отырып дамуы ел экономикасына әлі күнге дейін әсер етуде. Сонымен бірге, Қазақстанның 1926-1940 жылдардағы индустриялық дамуының бірқатар ірі әлеуметтік-экономикалық салдары болғанын атап өту қажет, олардың қатарына оны аграрлық саладан индустриялық-аграрлық салаға айналдыруды; республика халқы құрамындағы қалалар мен қала тұрғындарының үлес салмағының өсуін; жұмысшы табының ұлттық кадрларын қалыптастырудағы, инженерлік-техникалық интеллигенцияны құрудағы олқылықтарды және т. б. жатқызуға болады. Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің нығаюы 1925 жылдың күзінде облыстық партия ұйымының басшысы болып сайланған Филипп Исаевич (шын есімі Шая Ицкевич) Голощекин есімімен тығыз байланысты. Қызылордаға келгеннен кейін бірден ол қазақ ауылында Кеңес өкіметінің жоқ екенін және «Кіші Қазан» ауылымен жүру қажеттілігін мәлімдеді. Негізгі міндет әлеуметтік теңсіздікті жою арқылы дәстүрлі қауымдастықты жою болды. Келесі қадам қазақтарды отырықшылыққа жаппай көшіру болатын. Бұл іс-шаралар жергілікті коммунистердің наразылығын тудыратынын жақсы түсінген Голощекин өзінің көзқарастарымен бөліспеген партия жетекшілерімен күресті бастады. 1926 жылы С. Сәдуақасов пен С. Ходжанов «ұлтшылдыққа» айыпталды. С. Сейфуллин, М. Мырзағалиев, Н. Нұрмаков, С. Меңдешев және басқалары қудалауға ұшырады. Ж. Сұлтанов, С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев өз қызметінен алынды. Олардың көпшілігі республикадан қуылды. 1928 жылдың аяғында Голощекиннің саяси қарсыластары, оның ішінде Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев алғаш рет тұтқындалды. Екі жылдан кейін М. Тынышпаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов және басқа да ұлттық интеллигенция өкілдері тұтқындалды. Қазақстандағы оппозицияны жойып, Голощекин өзінің «Кіші Қазан» идеясын жүзеге асыра бастады. 1926-1927 жылдары егістік және жайылымдық жерлерді қайта бөлу жүзеге асырылды. 1360 мыңға жуық шабындық пен 1250 мың егістік жер бай шаруашылықтардан алынып, кедейлер мен орта шаруаларға берілді. Алайда бұл шара күтілетін нәтиже бермеді. 1927 ж. желтоқсанда ұжымдастыру съезі ретінде белгілі БКП(б) XV съезі өтті. Ұжымдастырудың басты мақсаты елді индустрияландыруды жүргізу үшін белгілі бір материалдық база құру болды. Осы саясатты жүзеге асыру барысында қоғам дамуының экономикалық заңдары еленбегендіктен, командалық-әкімшілік әдістер тағы да көмекке шақырылды. 1928-1929 жылдары сатып алу науқаны кезінде қолданылған

репрессиялық шаралардың көмегімен елдегі азық-түлік дағдарысы жеңілдетілді. Шаруаларды таптық күресте пролетариаттың қарсыласы ретінде қарастыра отырып, большевиктер социализм құру кезінде ауылдағы таптық күрестің сөзсіз болатынын мәлімдеді. Бұл ұжымдастыруды жүргізу әдістерін негіздеді, олар күштеу сипатында болды. Келесі қадам ірі мал иелерінің мүлкін тәркілеу болды, оларды отбасыларымен бірге тұрғылықты аймақтарынан тыс жерлерге шығару. 700-ге жуық шаруашылықтың мүлкі мен малын тәркілеу көзделді. Құжаттарға сәйкес, мал 696 шаруашылықтан алынды, бірақ іс жүзінде бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары болды. Ірі мал иелері ғана тәркіленді. 1927 жылы желтоқсанда ірі бай шаруашылығын тәркілеу жөніндегі заң жобасынәзірлейтін арнайы комиссия құрылды. 1928 жылы наурызда Қазақстан Өлкелік комитетінің бюросы ол заң жобасын бірнеше рет қарап, нақтылады. Осы жылдың тамыз айында Өлкелік комитет тәркілеу науқанына тікелей басшылық жасайтын комиссия ұйымдастырды. Комиссияның төрағасы болып Е.Ерназаров тағайындалды, оның құрамына О.Исаев, Н.Нұрмаков, Г.Тоғжанов, О.Жандосов және т. б. кірді. 1928 жылдың 27 тамызында Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінде тәркілеу жөніндегі заң жобасы қабылданды. Республиканың барлық аудандарына тәркілеуді өткізу жөнінде нұсқаулар жіберілді. Заң бойынша малы, дүние-мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылуға тиісті ірі байларға: көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы барлар және бұрынғы сұлтандар мен хандардың ұрпақтары жатқызылды. 1928 жылы тамыздың 30-да Қазақ АКСР ХКК-нің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» арнайы қаулысы қабылданып, соған сәйкес аудандар белгіленді. Науқанды 1928 жылдың 1 қарашасында аяқтау жоспарланды, яғни бір ай ішінде бітіру керек деп шешті. Кейінірек ол тағы 10 күнге ұзартылды. 1928 жылғы 30 тамыздағы қаулыға сәйкес сонымен қатар тәркіленгендерді жер аударуға тиісті аудандар да анықталды. Тәркілеуге байланысты декретте әсіресе, көшпелі аудандардағы шаруа қожалықтарына деген қаталдық айқын болды. Осы көшпелі аудандағылардың малы тәркілеу мөлшерінен аз болған күннің өзінде де, егер бұл адамдар ауылда ықпалды болса, кенестендіруге қауіпті элемент ретінде жер аударылуға тиіс болды. Тәркілеу туралы ереже бойынша жер аударылғандардың бәрі сайлау құқығынан айырылды. Байларды тәркілеуді жүзеге асыру үшін комиссиялар құрылды. Уәкілдер бастаған комиссия мүшелері тәркілеу барысында кеңес үкіметінің нұсқауларын, яғни байларды тәркілеу туралы ережені өрескел бұрмалады. Ауыл белсенділері жоғарыдан келген уәкілдің қолдауымен тіпті ауқатты адамдарды да қыспаққа түсірді. Республика көлемінде барлығы 696 «бай-феодалдар» тәркіленді. Қазақ қоғамында ірі байлардың көп болмағанын осы 1928 жылғы жүргізілген тәркілеу барысы мен оның нәтижелері көрсетіп берді. Алдын-ала жасалған жоспар бойынша үкімет жоғарыдағы байлардан 225972 бас малды тәркілейміз деп үміттенген еді. Бірақ үміт ақталмады, барлығы 144474 бас мал ғана тәркіленді: бұл белгіленген жоспардың 64%-і ғана. Оның себебі алдын-ала жасалынған малдың есебі дұрыс емес еді. Қазақстан басшылығы кейіннен оны мойындауға мәжбүр болды. Барлық тәркіленген малдың 10,2% отырықшы аудандардан, 83,3% жартылай көшпелі аудандардан және 6,5% көшпелі аудандардан еді. Тәркіленген малдың 118919 басы жеке шаруашылықтарға (74,3%) және колхоздарға (25,7%) таратылып берілді. Тәркіленген малдар негізінде жаңадан 292 колхоз құрылды. Көптеген қазақ партия-кеңес қайраткерлері тәркілеуге қарсы шықты. Олар қазақ қоғамының экономикалық деңгейінің төмен екенін, сондықтан да әлеуметтік сілкіністерге бармай, ауқатты шаруа қожалықтарына салық мөлшерін көбейту шаралары арқылы реттеуді ұсынды. Ал большевиктер болса бұл пікірлерге құлақ аспай, таптық принциптерінен ауытқымай, сол мақсатқа жету жолында күшпен тәркілеу идеясын жүзеге асырды. Қазақ байларын тәркілеу Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру саясатының бастамасы болды. Байларды тәркілеуден қазақ кедейлері материалдық жағынан да, рухани жағынан да ештеңе ұтқан жоқ. Керісінше, байлардың малын тәркілеу «қайыршыланған» ауылдар халқының өсуіне әкелді. Қазақстандағы ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу мал шаруашылығының дамуы қарқынын тежеді. Жергілікті жерлерде жоғары басшылық белгілеген жеделденасып түсу үшін күрес басталды. Оның күшеюіне Қазан революциясының 12 жылдық мерекесіне орай «Правда» газетінде жарияланған Сталиннің «Ұлы бетбұрыс жылы» деген мақаласы түрткі болды. Сталин «шаруалар жаппай мақтау тұтып келген жеке меншік туын лақтырып тастап, ұжымдастыру релсіне көшуде» деген пікір айтты. Ал 1929 жылы 10-17 қарашада өткен Б(6)КП Орталық Комитетінің пленумында Молотов та келесі жылы тек «ұжымдастырылған облыстар ғана емес ұжымдастырылған республикалар туралы да айтуға болады» деген көзқарасты білдірді. 1930 жылы 5 қаңтарда БК(6)П Орталық Комитеті «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда Орталық комитет жаппай ұжымдастыруды жүзеге асыру үшін елдің аудандарын

үш топқа бөлді: Бірінші топқа осы ұжымдастыруға белгілі мөлшерде даяр деп есептелінген таза астықты аудандар жатты. Оларға Орта және төменгі Волга, Солтүстік Кавказ аудандары кірді. Ол аудандарда шаруа қожалықтарын социалистік жолмен қайта құруды 1931 жылдың көктемінде аяқтау белгіленді; Екінші топқа елдің Украина, Орталық қара топырақты облыстар, Сібір, Орал, Қазақстанның астықты аудандары жатты. Бұл аудандарда ұжымдастыруды аяқтау мерзімі бір жылға ұзартылды, яғни шаруа қожалықтарын ұжымдастыруды 1932 жылдың көктемінде аяқтау қажет болды; Елдің бүкіл басқа өлкелері мен облыстары үшінші топқа енді. Бұл жерлерде шаруа қожалықтарын ұжымдастыруды 1933 жылдың көктемінде, яғни бірінші бесжылдықтың аяғына қарай аяқтау жоспарланды. Көшпелі қазақ ауылдары осы үшінші топқа жатқызылды. Алайда Қазақстанда ұжымдастыру елдің басқа аймақтарымен салыстырғанда баяу жүргізілуі тиіс деген пікірге Ф.И.Голощекин мүлде қосылмады. Ол Қазақстанның кенже дамыған аймақ екеніне қарамай, ұжымдастырудың жоғары қарқынын мақтаныш етті. Голощекин Жер халық комиссариатының комиссары Яковлевке (ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық ұжымдары кеңесінің төрағасы) және РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловқа жіберген жеделхатында 1929-1930 жылдары республикада ұжымдастыруды күшейту үшін жоспардың қайта қаралғанын, сөйтіп 1930 жылдың күзіне қарай ұжымдастырумен 350 мың шаруашылықтың қамтылатынын көрсетті. Осыған байланысты бүкіл республикадағы ұжымдастыру жоспары қайта қаралды. Қазақстанда 1928 жылы шаруа қожалықтарының тек 2 проценті ғана ұжымдастырылса, 1930 жылы 50 проценті, 1931 жылдың қазанында 65 проценті ұжымдастырылды, яғни ұжымдастыру қарқыны жеделдетілді. 1931 жылы республикадағы 122 ауданның 78 ауданында ұжымдастырумен 70-тен 100 процентке дейін шаруа қожалықтары қамтылды. Шаруа қожалықтарын ұжымдастырудың жеделдетілген қарқыны күштеп жүзеге асырылды. Ұжымдастыруды жүзеге асыру барысында еріктілік, қоғамдастыру принциптері толық бұрмаланды. Ұжымдастыруға байланысты жүргізілген шараларда кімнің осы шараға қарсы екенін айқындау бірінші орынға қойылды. Кімде-кім қарсы болса, ол тіптен кедей шаруа болса да, тап жауы қатарына жатқызылды. Ұжымдастырылған шаруашылықтарға жұмыс күші болып саналатын малды ғана қоғамдастырудың орнына, барлық малды түгелдей алу шаралары жүргізілді. Күштеу, зорлық-зомбылық көрсету арқылы ұжымдастыру шаралары тездетілді. Күштеп ұжымдастырушылар қазақ қоғамындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшелігін мүлде еске алмады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «Қайдан тапсаң онан тап, қаптың түбін қақ», «Социализмде сотқа тартылмаған адам болмайды» деген ұр да жық ұрандар елдің түбіне жетті. Алайда ұжымдастыруды жүзеге асыру барысында жіберілген зорлық-зомбылықтар Орталық Комитеттің 1930 жылы 14 наурызда қабылдаған «Колхоз қозғалысындағы партия бағытын бұрмалаушылықпен күрес туралы» қаулысында партия бағытын бұрмалау деп қана бағаланды. Большевиктік орталық билік ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан шаралардың бәрін дұрыс деп есептеп, кемшіліктерді жіберіп отырғандармен күресу қажет деді. Ол кемшіліктердің жалпы жүргізіп отырылған саясаттың қателігінен екендігі, яғни үкіметтің шешімдері мен солақай нұсқаулары нәтижесінде болып жатқаны мойындалмады. Күштеп ұжымдастыру науқаны кезінде ауылда элеуметтік жіктеу саясаты өте жоғары қарқынмен жүргізілді. КСРО ОАК мен ХКК-нің 1930 жылы 1 ақпанда қабылдаған «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактармен күрес шаралары туралы» қаулысы негізінде ауқатты шаруа қожалықтарына қарсы ашық террор басталды. Шаруа қожалықтарынан бай-кулактарды бөліп алып, оларды тап ретінде жою жүзеге асырылды. Бай-кулактарды үш топқа бөліп жазалады. Бірінші топқа контрреволюцияшыл белсенділер жатқызылды. Ондай топқа енген шаруалар бірден тұтқындалып, олардың ісі сотқа берілді. Екінші топқа ірі кулактар жатқызылды. Бұл топқа енген шаруаларды да бірден ұстап, солтүстікке немесе жаппай ұжымдастыру аудандарынан алыс аудандарға жер аударды. Ал, үшінші топқа кулактар отбасылары жатты. Оларды ұжымдастыру аудандарындағы колхоздар бөлген жерлерге қоныстандырды. Енді осы шаралардың жүзеге асырылуы барысында жазалануға белгіленген топтармен қатар сол үкім шығарылып, жазаға тартылғандар арасында орташалар, тіптен кедейлер де болған. 1928-1929 жылдарда бай-кулактар есебіне алынып жазаға тартылғандар, яғни қудаланғандар есебі 54 625 болды. 1931 жылы 5500 шаруа бай-кулак ретінде аласталды. Ал енді 1928 жылғы тәркілеу кезіндегі қазақ қоғамындағы бай-феодалдар саны тек 696 ғана болғанын ескерсек, бұлардың да кімдер екені белгілі. Бұл сандарды нақты деп айту қиын, себебі жауапқа тартатын органдардың саны өте көп болды. Мысалы, 1932 жылы Юстиция Халық Комиссары өзінің өте құпия хатында барлық жауапқа тартылғандардың бар болғаны 37,3 проценті кулактар екенін, ал қалғаны қатардағы еңбекшілер екенін мойындаған. Күштеп ұжымдастыру саясаты халықтың наразылығын тудырды. Сол жылдары өлке басшыларының Сталинге жазған хаттары қазақ даласында осы наразылықтың өте зор көлем алғанын, Алтайдан Маңғыстауға дейінгі аймақты түгел қамтығанын,



бұл туралы Кеңес өкіметі басшыларының хабардар болғанын көрсетеді. Бір ғана 1929 жылдың өзінде Қазақстанда 30-дан астам үлкенді-кішілі халық наразылығы болды. Олардың ішінде өте кең көлемде болған көтерілістерге Тактакөпір, Бостандық, Батпаққара көтерілістері жатады. 1929-1930 жылдар аралығындағы қыс айларында наразылық өте күшті өршіді. Ол туралы Ф. Голощекин Сталинге хабарлауға мәжбүр болды. 1929-31 жж. өлкеде барлығы 372 көтеріліс болып, оларға 80 мыңдай адам қатысты. Большевиктер бұл наразылықтардың негізгі себебін байлар мен дін басыларының кеңес үкіметіне қарсы халықты ұйымдастыруынан деп көрсетті. Кеңес үкіметі бұл көтерілістерді әскери күшпен басып жаншыды. Большевиктер жүргізген күштеп ұжымдастыру мен солақай отырықшыландыру саясаты қазақ ауылына үлкен соққы болды. Әсіресе, мал шаруашылығы қатты күйзеліске ұшырады. Ұжымдастыру мен отырықшыландыру кезінде дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшелігі есепке алынбай, түгел қауымдастырылған мал шығынға ұшырады. Сонымен қатар, малдың көп бөлігі үкіметтің ет салығын орындауға жұмсалды. О.Исаев Қазақстан өлкелік комитетінің ҮІ Пленумында 1929 жылы Қазақстанда 40 млн. бас мал болғанын, содан 1933 жылы 4 млн. ғана мал қалғанын мойындауға мәжбүр болды. Ұжымдастыру саясатының зардаптары қазақ халқының басына үлкен апат әкелді. Күшпен ұжымдастырылған және материалдық жағынан өте әлсіз шаруашылықтар күйзеліске ұшырап, нәтижесінде 1932-33 жылдары халық аштыққа ұшырады. Сол кездегі мәліметтерге қарағанда аштық жайлаған аудандарда халық баудай түсіп қырылған. Аштықтан өлген адамдарды жинап, көмуге мүмкіндік болмаған. Аштықтың салдарынан адам етін жеу фактілері де өте көп болған. Осындай жантүршігерлік көріністер туралы мәліметтерді зерттеушілер тәуелсіздік алғаннан кейін архив қойнауынан алып жариялады. Аштыққа ұшыраған қазақтар босқын болып, елден шет аймақтарға үдере көшті. Қазақстаннан шет аймақтарға кеткен қазақ босқындарының ауыр да жанкешті тұрмысы туралы да деректер жеткілікті. Зерттеушілер 1930-1932 жылдары шетелге кеткен қазақтар санын, қайтып келгендерді шығарып тастағанда 1,3 млн. адамға жеткізеді.

Қазақтардың аштықтан қырылуы және шет аймақтарға үдере көшуі нәтижесінде халық саны күрт азайды, яғни демографиялық апатқа әкелді. Мысалы, 1937 жылдың басында халық шаруашылығы есебінің бастығы М.Саматовтың Л.Мирзоянға берген мәліметі бойынша 1930 жылдың 1 маусымы мен 1933 жылдың 1 маусымы аралығында халық саны 2 есеге кеміген.

Қазақ халқының ауыр жағдайын Қызыл крест және Қызыл жарты ай қоғамының баяндама хаттарынан және Ресейдің басшы мемлекет қайраткері ретінде жергілікті жерлерден Мәскеуге келіп түсіп жатқан басқа да мәліметтерден хабардар болған Т. Рысқұлов, көп кешікпей-ақ Сталинге хат жазады. Аштыққа байланысты жоғарғы партия мен үкімет басшыларына жазылған хаттар қатарын О.Исаевтің және «Бесеудің хаты» толықтырады.

Ұжымдастыру мен кулактарды тәркілеу, сондай-ақ «халық жауларына» қатысты алғашқы саяси үдерістер барысында КСРО НКВД лагерлерінің Бас басқармасы сұмдық рөлге ие болды. Қазақстанда қуғын-сүргін бүкіл ел бойынша сияқты жаппай сипатқа ие болды. 1930-1950 жылдары Қазақстанда 120 мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, олардың 25 мыңы атылды. Кеңес үкіметі жариялаған «әлеуметтік бөтен және идеологиялық тәзімсіз элементтерден тазарту» нәтижесінде ұлттық интеллигенцияның көп бөлігі қуғын-сүргінге ұшырап, жойылды.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы Кеңес мемлекетінің репрессиялық машинасының қызмет бағыттарының бірі - бүкіл халықтарды қоныстанған жерлерден мәжбүрлеп көшіру болды. Қазақстанға опасыздығы үшін айыпталған тұтас халықтар күштеп көшіріліп, еңбек армиялары құрылды. Күштеп жер аударылғандардың алғашқы толқынын корейлер құрады, олардың Қазақстанға қоныс аударуы 1941 жылға дейін жалғасты.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басында Еділ бойындағы немістер қоныс аударды. Осындай тағдыр қалмақ, қарашай, ингуш, шешен, балқар, Қырым татарлары, месхетин түріктері, поляктар, күрдтердің де басына келді. Халықтар үлкен қиындықтар мен қиыншылықтарды бастан өткерді. Жүздеген мың отбасының оты өшіп, қирады. Күштеп жер аударылғандардың көпшілігі аштық пен суықтан қайтыс болды. КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті басқармасының мәліметі бойынша, 1945 жылдың қазан айында күштеп көшірілген адамдардың саны шамамен 2 млн.464 мың адамды құрады. Қазақстанда 1937-1944 жылдары 1 млн. 109 мың адам Қазақ жерінен екінші Отанын тапты. Шын мәнінде, Қазақстанда әрбір бесінші адам арнайы қоныс аударушы болды, республика КСРО-ның алып ГУЛАГЫНА ұқсады. Осылайша, осы саясаттың нәтижесінде «экономикалық лагерь» бағытында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ететін мемлекеттің тоталитарлық жүйесі одан әрі нығайтылды.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). IV том. Алматы., «Атамұра», 2010.

2. Бегалиева А.К. //Қазақстан тарихы: оқу құралы. Алматы., 2017ж.
3. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы, 2007.
4. Артықбаев Ж. Қазақстан тарихы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2013. – 360 бет.
5. Қазақстан тарихы қазіргі заманнан бүгінге дейін. (очерк). А., 1994. 264-б.
6. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. //Көмекші оқу құралы. Алматы: Өнер, 2003. – 552 б
7. Брайнин С., Шафиро Ш. К вопросу о роли казахской национальной интеллигенции в 1917 г. // Большевик Казахстана. - 1933. - № 4. - С. 27-50.

### **Орынтаева Э.О.**

М.Әуезов атындағы ОҚУ, аға оқытушы, тарих магистрі. Шымкент, Қазақстан Республикасы.

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН**

Қазақстан тарихындағы ақиқат тұрғысынан баға беретін және сол кезде жіберілген зұлымдықтардың сырын ашатын кезеңдердің бірі Кеңес үкіметінде оның ішінде Қазақстанның үлкен аймағы болып саналатын Оңтүстік Қазақстанда бай-феодалдың дүние мүлкін тәркілеу кезеңі болып табылады. Кеңес үкіметі кезіндегі тарихи әдебиеттерде бұл бір науқан, яғни жаңа қоғамдағызиянды қалдықтарды жою науқаны, кедейлерді орташаға қосу науқаны болып жазылды. Жаңа тұрғыдан жазылған М.Рүстемовтың Шымкентте 1993 жылы шыққан «Созақ қасіреті» деген кітабында автор 30-шы жылдары Оңтүстік Қазақстанның Созақ өңірінде болған, Кеңестік Қазақстан Республикасының тарихында «ислам дінін жақтап, Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдастырылған контрреволюциялық қарулы көтеріліс» деп айдарланған халық қозғалысының шығуының басты себептерін, оның барысын, сол кезде жасалған тұжырымның әділетсіз болғанын, социализм құрылысы барысында марксизм-ленинизм ілімінің бұрмалауынан қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқанкәсібі, өмір салты, рулық-туыстық, қарым-қатынасы талқандалып, алдындағы малынан айырылып, күйзеліске, ашаршылыққа мол апатқа ұшырағаны, ел босқынға айналғанын нақтылы тарихи деректерге, естеліктерге сүйеніп жазылған еңбегі, тарих ғылымының докторы, профессор С.Жолдасовтың «Қазақстандағы кооператив-колхоз құрылысы мен ондағы ауыл шаруашылығын коллективтендірудің ролі» жөніндегі қазіргі заман талабына сай, жаңаша көзқарас тұрғысында жазылған Алматыда 1991 жылы басылып шыққан «Ауыл шаруашылығын коллективтендіру: алғышарттар, қателіктер, бұрмалаушылықтар, нәтижелер» деген кітабы, Шымкентте 1992 жылы басылған Ыбыраев Р., Рүстемов М., Галушко Л.Ф., Монсиенко Г.И., Үкібаев К., Кириухин Ю.Г.,-деген авторлардың халық депутаттарының Оңтүстік Қазақстан облыстық кеңесі облыстық «қазақ тілі» қоғамының жанынан шыққан «Оңтүстік Қазақстан облысына – 60 жыл (1932-1992)» қысқаша тарихи шолу, методикалық көмекші құрал ретінде шыққан кітаптарда жақсы жазылған. Облыстың тарихында қиын-қыстау жылдарда көлеңкелі тұстар болғандығы, аштық, зорлап ұжымға біріктіру, жаппай кедейшілік, ортақ идеология және басқаша ойлаудың кез-келген түрі қудаланғандығы және олархалықтан жасырылып келген. Ал осы шағын шолуда тұңғыш рет тарихи шындық ашылып, ол үшін құпия архив құжаттары пайдаланылған. Бұл мәселе туралы Талас Омарбековтың Алматыда «Санат» баспасынан шыққан «Зобалаң» атты кітабында 1929-1931 жылдары қазақ елінде жүргізілген күштеп ұжымдастыруға сталиншілдік қылмысқа қарсы тұрған Қазақстанның біраз жерлерінен тұрған халық наразылығы, баскөтерулері тарихи нақты деректерге негізделі баяндалған.

Кейінгі кезде бұл жағдайлар көптеп қайта қаралып, газет басылымдарында да жазылып жүр. Егеменді Қазақстан газетінің 1992 жылы 22 желтоқсанда жарияланған 292 санында «қолдан жасалған қасірет» айдарлы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздадағы «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал-байларды тәркілеумен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және 1930 жылғы 19 ақпандағы «жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және шаруалар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының қорытындылары мен ұсыныстары туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысындақаралды.

Бұл мәселесонғы кезде, еліміз тәуелсіздік алатын кезде ғана тәркілеу ісінің анық-қанығы жаңа көзқараспен жазылып жүр.Кезінде бүкіл Қазақстан көлемінде ауылдағы ең басты жұмыстың бірі ретінде қойылған қазақ байларын тәркілеудің, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда іске асыру негізгі мәселе ретінде ерекше аталып көрсетілгенпартияның, Кеңестің, басқа да ұйымдардың назары

аударылған бұл шараны іске асырудың өзіндік тарихы, халық тағдырына салған терең зардапты іздері бар. Біздің мақсатымыз, осы жайлардың барлығын жан-жақты ашу, оның зардаптарын көрсету. Өйткені, бұл – қазақ халқының тағдырына әкелінген қасірет еді. «Сталин мен Голощекин бір халықты қырып-жойып құрту арқылы екінші халықтың өркендеуіне ашықтан-ашық жол ашты. Соның нақты бір мысалы, қазақтың малын конфескелеу...», -деп белгілі демограф, ғалым Мақаш Тәтімұның көрсетуі де сондықтан болу керек.

1. Қазақ байларын тәркілеудің басталу кезіндегі Оңтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығы.

2. 20-жылдардың екінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да халық шаруашылығын өркендетуде едәуір табыстарға қол жетті. Ауыл шаруашылығын дамытуды, өнеркәсіпті өркендетуде, мәдениетті гүлдендіруде біраз жақсы істер жасалынды. 20-жылдардың соңына қарай республиканың дәнді және техникалық дақылдар егетін аудандарында ғана емес, сондай-ақ мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда ауылшаруашылығын қайта құру кеңінен өріс алды. Айта кетуіміз керек, әрине қаралып отырған кезең Оңтүстік Қазақстан облысы кезінде болмағаны белгілі. 1928 жылы округтер, аудандар құрылып, бұрынғы уездер, болыстар, губерниялар таратылса, 1930 жылы округтер таратылып, 171 аудан тікелей республикаға қарады. Ал 1932 жылы 10-наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы құрылды. Осы территориялық әкімшілік бөлулерді шатастырып алмас үшін, біздер Оңтүстік Қазақстан деген шартты атаумен алдық. Рас, ауыл шаруашылығы бірлестіктеріне шаруаларды біріктіру, оларға көмек көрсету, шаруашылық жүргізу саласындағы табыстары ауыл байлары мен деревня кулактарының еңбекші шаруаларға деген ықпалын күрт әлсіретті. Өздерінің күні бітіп бара жатқанын жақсы түсінген ауыл байлары Кеңес үкіметінің жүргізіп жатқан шараларына кедергі жасау үшін басқаша әрекет жасады. Олардың бұл әрекеттері байлар мен кулактарға қарсы шешуші күрес жүргізуді жақындата түсу еді. Бірақ бұл істе де көптеген қателіктер мен асыра сілтеушіліктер орын алды. Өйткені бай жартылай феодал дейтіндердің шаруашылықтарын жою жөніндегі «кулактарды тап ретінде» жоюға мемлекеттік бағыт алу шеңберінде жүргізілген, көп ұзамай шаруаларға қарсы жаппай жазалау шараларына ұласқан «екпінді» науқан түп-тамырымен қиратқан зардаптарға ұрындырады.

Шын мәнінде Кеңес қоғамындағы өзгерістер 20-30 жылдары қалыптасқан тоталитарлық жүйенің қыспағымен, халықтың белгілі-бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл әсіресе, жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдық негізінде күштеп қайта құру саясатында айқын көрінді. 20-жылдардың екінші жартысынан басталып қоғамды әбден меңдеп алған аса қатал әкімшілдік-әміршілдік террор шаруаларды кооперация жолына түсіру идеясын бұзып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның пайдалы жақтарын жоққа шығарды. Сөйтіп, ауыл шаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын «Ұлы бетбұрыс» шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғы шартын жасады.

Кеңес мемлекеті еңбекші шаруаларға орасан зор көмек берді, оның тұрмыс дәрежесінің көтерілуіне, таптық сана-сезімін өсіруге жетті, қанаушы элементтер жөнінде шектеу және ығыстыру саясатын жүзеге асырды. Ауыл шаруашылығының өндіргіш күштері қалпына келтірілді. Өйтсе де ауыл шаруашылығы әлі де болса мешеу және бөлектенген күйінде қала берді. Халық шаруашылығының негізгі екі саласы арасындағы ірі социалистік өнеркәсіп пен ұсақ жеке шаруа шаруашылығының арасындағы қайшылық барған сайын айқын да анық біліне бастады.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. (социально - экономическое функционирование и трансформация. 1924-1930 гг.). Алма-ата, Ғылым, 1991 г.
2. Ауылбаев Ж. Замана трагедиясы. Лениншіл жас. 1991, 27-тамыз.
3. Бижанов К. Кіші қазанның кесапаты. 1992, 31-мамыр.
4. В братском единстве народов СССР (документы и материалы 1920-1937 гг.) Алма-ата, 1972 г.
5. Қалиев Қ. Ашаршылық қанша тұрғынды жалмады. Арай, 1989. №11, 11-13 беттер.
6. Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1922 гг.) Алма - ата, Наука, 1905 г.
7. Дүйшемалиев Д. Босқындар тағдыры. Жұлдыз. 1990, № 7.
8. Есмағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра, 1994 г.
9. Жевако Е.В. Казахстан в период социально-экономических и политических преобразований в стране в 1928-1991 гг. Чимкент, 1989 г.

10. Жевако Е.В., Жолдасов С. Қазақстан еліміздегі әлеуметтік-экономикалық қайта құру кезеңінде (1928 -1940 жж.). Алматы, 1990 ж.

11. Жолдасов С. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру, табыстар, бұрмалаушылықтар, қателіктер. Алматы, Рауан, 1991 ж.

**Шынтаев Н.А., Байжанова А.А.**

Ж.Ташенов университеті, «Тарих және география» кафедрасының оқытушылары. Шымкент, Қазақстан Республикасы.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ САЛДАРЫ**

Егеменді еліміз тарихындағы аумалы-төкпелі 20-30 жылдардың соңғы кезінде жарық көрген жаңа зерттеулерге қарамастан, әлі де тарихшылар назарын өздеріне аударып отыр. Себебі, қалыпты жағдайда ғасырдан артық уақытты қажет ететін саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қазақ даласында «Кіші Октябрь» ұраны 2-3 жылда жүргізілуі; осы жылдарда Қазақстанда жартылай феодалдық, қауымдық құрылыстан социализмге өтуге негіз жасалды деген үстірт тұжырым толық зерттеліп болған жоқ. Тарих - адамзат қоғамы өмірінің айнасы, ендеше тарихи зерттеулер жан-жақтылықты, ымырасыз шындықты көрсетуді талап етеді. Тарихи зерттеулерге ғылыми тұрғыдан баға беру, оның адами мазмұнын көрсете білу, яғни оны халықтың, ұлттың өміріне, дәстүрі мен дүниетанымдық көзқарасына қатынасы тұрғысынан көрсете білу - соңғы кезде тарих ғылымдарына қойылған басты талаптардың бірі. Осы тұрғыдан қарағанда Кеңес үкіметінің 20-30 жылдардағы Қазақстанда жүргізілген волонтаристік саясаты халыққа жасалған қиянат дүниені өзгертудің зорлыққа негізделген концепциясының жарқын бір көрінісі іспетті. Республикамыздың беделді тарихшылары М.Қозыбаевтың, К. Нүрпейісовтың, М. Қойгелдиев пен Т. Омарбеков, Ж. Әбілхожиндердің және т.б. аталған кезеңдегі қазақ халқының басына түскен қасірет туралы еңбектері кейінгі толқын тарихшыларға ой салары сөзсіз. Онымен қоймай, кеңестік бұл тәжірибе 2-дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО ықпалына түскен Шығыс және Орталық Еуропа елдерінде күшпен енгізіліп, өзінің жарамсыздығын 50-60 жылдардағы экономикалық, саяси дағдарыстардан анық көрсетті. Кейіннен осы елдердегі 60-70 жылдардағы экономикалық реформалар әміршіл-әкімшіл сталиндік социализмнің өмірін ұзарта алмай, ақыры, 1989-1991 жылдары тоталитарлық жүйе құрдымға кетті. Тарих мұндай қателіктерді кешірмейді, өйткені қиянатқа негізделген нәрсе ешуақытта баянды болмақ емес. Өзінің ұзақ тарихында адамзат әр түрлі себептермен: құрғақшылық, ашаршылық, соғыстар, техногендік дағдарыстар мен көтерілістерден, сондай-ақ геноцидтен кейін қатты аштықты бастан өткерді. Қытайда, Үндістанда, Ресейде және Африка елдеріндегі қорқынышты жағдаяттар тарихта белгілі. ХХІ ғасырда жер бетіндегі адамдар санының өсуіне байланысты демографиялық күйзелістен кейін кейбір экономикалық артта қалған дамушы елдерде, әсіресе ауыл шаруашылығы төмендеп, аштық қасіреті болуы мүмкін деген болжам бар. Дегенмен, болашақта өркениетті елдердің ортақ мүдделері бар және ынтымақтастық арқылы бұл қауіптің алдын алуға болады. Кеңес заманында тарихи оқиғаларды бағалау жалған деректермен бұрмаланғанын бәріміз білеміз. Тәуелсіздік алғаннан кейін тақырыптардың бірі Қазақстандағы кеңестік ұжымдастыру саясаты болды. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру бүкілел бойыншанауқанның құрамдас бөлігі болып саналғанымен, қазақ халқының басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қатал репрессияға ұшырағанын айғақтайды. Кеңес қоғамындағы болған өзгерістер құрамындағы халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы жүзеге асырылды. Бұл әсіресе ұжымдық негізде ауыл шаруашылығын жедел қайта құру саясатында көрінді. Жаппай ұжымдастыру, отырықшылық және қазақ даласында өткізілген деноминациялау науқанының салдары қазақ жерлерінде үлкен әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өзгерістерге әкелді. Осы уақытқа дейін ашаршылық геноциді Тәуелсіз Қазақстан тарихында объективті баға алған жоқ. Бұл аштық жылдар Кеңес Одағын ұжымдастырудың салдарының бірі болды. Ел тарихының ажырамас кезеңі ретінде арнайы зерттеулер, сондай-ақ ашаршылық құрбандарының жалпы санын тереңірек зерттеу және анықтау қажет. Бай қазақтардан малды тәркілеу қозғалысы қазақ даласындағы дәстүрлі мал шаруашылығының жойылуына әкелді. Ашаршылық Кеңес өкіметі Қазақстандағы үй малын тәркілеуді шешкен кезде басталды. Сонымен қатар, барлығын жоғалтқан қазақтарға орны толмас жойылу қаупі төніп тұр. 1931-1932 жылдардағы құрғақшылық жағдайды толығымен нашарлатты. 1932-33 жылдардағы ашаршылық ел тарихындағы ең қорқынышты оқиғалардың бірі болып саналады. Қазақ даласындағы ашаршылық туралы қазақ зиялылары Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Ораз Исаев, Сұлтанбек Қожанов және т.б. Мәскеуге ресми хаттар дайындады. БК(б)П ОК-нің Бас хатшысы И.В. Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші

хатшысы Ф.И. Голощекинге жолданған Т.Рысқұловтың «Сталинге хаттары», Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев жазған «Бесеудің хаты» және т.б. хаттарда қазақтар арасындағы ашаршылықтың негізгі себептері мен шетелге ауа көшуінің негізгі себептері, экономикалық шығындар мен демографиялық шығындары көрсетілген нақты ақпарат берілді.

Аштықтан құтылу жұмыстары басынан бастап дұрыс ұйымдастырылмаған. Оған республика басшыларының, әсіресе Ф.И. Голощекиннің көзқарасы да әсер етті. Қызылорда, Семей, Алматы, Әулиеата, Шымкент және басқа да қалаларда қалың қазақ аштықтан көз жұмды. Оларды жинау және жерлеу үшін арнайы командалар құрылды. Шалғай ауылдардан елді мекендерге жете алмайтын аналар балаларын суға тастап, құрбан етуге мәжбүр болды.

1932 жылғы 28 ақпанда Қызылорда округтік атқару комитеті отырысының күн тәртібінде қоныс аударушылар мен панасыз балаларды көшіру туралы мәселе қаралды, сондай-ақ, Министрліктің панасыз қалумен күрес жөніндегі жұмысы сынға алынды. Онда азық-түлікпен қамтамасыз ету әлі жолға қойылмағаны, есеп жүргізілмегені, желтоқсан айында шығарылған өнімдер қаңтар айының соңында таратылатыны, тонау және кінәлілерді жауапқа тарту ұсынылатыны облыстық мұрағат қорындағы деректерде айтылған. Ақтөбе облысынан және Қарсақпай ауданынан келген көшпелілер мен қараусыз қалған балалар саны күн санап артып отырды. Бұл көрсеткіш ақпан айында 835 және наурыз айында 928-ге жетті. Осы айдың ортасында Қарсақпайдан 630 адам, Батпаққарадан 510 адам, Қостанайдан 47 адам, Торғайдан 14 адам, Ырғыздан 2 адам және үйсіз 1665 бала келді. Олардың 1500 - і балалар үйіне, 150-і сәбилер үйіне, 10-ы оқуға жіберілді, 5-і кәсіпорындарда жұмыс істеді, ал 109-ы аштықтан қайтыс болды. Азық-түліктің жетіспеуінен ақшаны үнемдеу мақсатында бір адамға 1 айға 1 килограмм азық-түлік бөлінеді. Сонымен қатар үй-күйсіз балалар Қармақшы, Терөзек, Түркістан, Қазалыдағы балалар үйлеріне жіберілді [1].

1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында қорғаушысыз қалған балалар саны 1311-ге жетті, олардың 44-і кооперативтерге, 2-і кәсіпорындарға, 20-сы «Овцевод» совхозына жұмысқа жіберілді, ал 105 бала сәбилер үйлеріне орналастырылды. 315 бала қайтыс болды. Жазбада балалардың көпшілігінің өлімінің себебі ашаршылық болып табылатыны көрсетілген. Енді 1933 жылғы 10-20 наурыз аралығында 1759 үйсіз баланың 1660-ы балалар үйіне, ал қалған 99-ы балалар үйіне орналастырылды. Балалар үйінде 59 бала, сәбилер үйінде 38 бала, ал 97 бала қайтыс болды. Ғ.Мұратбаевтың балалар үйінің мәліметі бойынша, 1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында 5 бала қайтыс болды, оның 1-і туберкулезден, 4-і өкпедегі суықтан. Қазан төңкерісі балалар үйінің мәліметі бойынша, осы жылдың қаңтар-ақпан айларында 26 бала аштықтан қайтыс болды. Балалар үйінің мәліметі бойынша, 1933 жылдың 21 қаңтарынан 1 ақпанына дейін 45 бала, 15 ақпаннан 20 ақпанға дейін 50 бала, 20 ақпаннан 11 адамға дейін, оның ішінде 5 қыз, 6 ұл, 25 ақпаннан 20 балаға дейін, оның ішінде 9 қыз, 11 ұл, 26 ақпаннан 2 балаға 7 қыз қайтыс болды. Балалар үйінде 1933 жылғы 1 қаңтар мен 20 ақпан аралығында 46 бала аштықтан қайтыс болды деп көрсетілген. Жалпы 61 бала қаңтар-наурыз аралығында аштықтан қайтыс болды. 1933 жылы Қызылордаға 7 маусымда келген балалар саны - 219, мектептен шыққандар - 76, қайтыс болғандар - 28, бар - 1581, ал 20 маусымда балалар саны - 1390, келгендер - 79, мектептен кеткендер - 71, қайтыс болғандар-14, барлығы -1386. Бұл ақпараттан 42 баланың 13 күн ішінде аштықтан қайтыс болғаны көрінеді [2].

1933 жылдың 20 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында үйсіздікті жою айлығы жарияланды және барлық топтарда үйсіздердің пайдасына қаражат жинау және 10 тиындық купон шығару үшін іскерлік кездесулер өткізілді. Үйсіздікпен күрес жөніндегі штабтың кеңейтілген отырысына халықтық білім беру комитетінің төрағасы қатысты. 1933 жылы 28 маусымда өткен С. Меңдешевтің 25 маусымнан 25 шілдеге дейін тәрбиешілерге семинарлар мен мәдени іс-шараларға қатысуға мүмкіндік бере отырып, балалар коммунасының қызметкерлеріне тұрақты әдістемелік көмек көрсету үшін облыстық білім бөлімінде консультативтік бюро құру үшін тағы бір ай өткізу керек деп мәлімдеді. Балаларды әдеби кітаптармен, ойыншықтармен, ынталы біліммен және осы салада жұмыс істейтін жастармен қамтамасыз етуге шақыруды бақылау туралы мәселе қаралды [3].

Жергілікті және ауыл мұғалімдерінің өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін Үкімет қабылдаған көптеген шешімдер орындалмады. Ай сайынғы жалақы төленбеді және тамақтану айына бір рет төленеді. Ауылдық партиялар мен қоғам қайраткерлерінің өмір сүру жағдайлары да мардымсыз. Олар ешқандай азық-түлік үлесін алған жоқ. Алматы қаласының Қаскелең ауылдық комитетіне жолдаған хатында, ақпаратқа сәйкес, аштыққа шалдыққандар үшін тамақтану пункттері ашылғанымен, бұл пункттерде ешкім жоқ, бұл жоғарыда көрсетілген нұсқаулықтардың орындалмағанын көрсетеді, ал Үкімет шараларына немқұрайлы қарайтындар жауапкершілікке тартылады. 1933 жылғы 3 қыркүйекте Алматы облысы Қаратал-Аягөз ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс және Қызылорда аудандары халық комитеттерінің және Қазақстан АКСР облыстық комитетінің

қаулыларында кейбір кемшіліктер, әсіресе балалардың өлімі, медициналық қызмет көрсетпеу және балалар қорына бөлінген қаражаттан заңсыз иемдену анықталды. Ол қатты сынға ұшырады. Осыған байланысты 8-10 жас аралығындағы балаларды балалар үйлерінде мектепке баруға үйрету, 3-7 жас аралығындағы балаларға арналған мектеп-интернаттарды қамтамасыз ету, 3 жастағы балаларға арналған балалар үйлерін қамтамасыз ету және 1100 қиын балаға арналған 8 балалар коммунасын құру тапсырылды [4].

Қазалы ауданында фермерлік шаруашылықтарды жаппай жою мен малдың жойылуына байланысты халық саны азайды. Осылайша, 1932 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазалы ауданында 29 896 адам, ал 1933 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 14 840 адам болған. Содан кейін 15000 адам қысқартылды. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан көптеген көшпелілер өз Отанына - Арал теңізінің бассейніне оралды. Қысқа мерзім ішінде Қазалы ауданына 3500 көшпелі шаруашылық келді. Олардың көпшілігі аштық жағдайында, олардың арасында жалғызбасты балалар, ата-анасыз балалар көп. 1932 жылдың қазан айында Жосалы стансасына келген 300-400 отбасының 100-і қаза тапты [5].

Қазақстанда күштеп ұжымдастыру мен мәжбүрлеп қоныстандырудың Елеулі салдарының бірі демографиялық апат болып табылады. Тарихи зерттеулерде 1931-33 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылыққа байланысты түрлі пікірлер мен фактілер айтылады. Қазақстандық ғалымдар, тарихшылар мен демографтар осы жылдар ішінде ашаршылық құрбандарының санын 1500000-ден 3000000 адамға дейін ұлғайтты. Академик М.Асылбековтың нақты деректерге негізделген зерттеуінде 1926 жылдан 1939 жылға дейінгі кезеңде республикадағы қазақтар саны 1 миллион 180 мың адамға немесе 33,0 пайызға қысқарғаны көрсетілген [6].

Академик М.Қ.Қозыбаев өз қорытындысында тарихшы-демографтар арасында жүргізген алдын ала талдауда «Қазақстан елі 2 млн 200 мың адамның аштықтан және онымен байланысты аурулардан, яғни Қазақстанның барлық халқының 49%-ынан айрылғанын байқады» деп атап көрсетті. Ол сондай-ақ «қасірет құрбандарының саны туралы мәселе әлі күнге дейін белгісіз». Республика мұрағаттарында ауылдық жерлер туралы және осы аймақта қанша мал мен астық жиналғаны туралы ақпарат болса да, аштыққа ұшыраған халық туралы нақты мәліметтер табылған жоқ. Хатта Әліби Жангелдин халық комитетіне: 1918 жылдың көктемінде қазақ даласында 10 млн. адам тұрған. Олардың 6 миллионы-байырғы, ал қалған 4 миллионы-орыс және басқа этникалық топтар. 21 жылдан кейін, 1939 жылғы санақ барысында, тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Одақта үш миллионнан астам қазақ бар екендігі анықталды. 1918 жылдың жартысынан азы қалған. Сталиндік режим ашаршылықтан туындаған күштеп ұжымдастыру кезеңінде болған демографиялық апаттарды ашуға мүдделі емес еді. Бұл жазықсыз адамдарды жаппай жазалау саясатын ашады. Шын мәнінде, бұл фермерлерге үлкен ауыртпалық әкелді және «ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру» үшін өткізілді. Өкінішке орай, көршілес қырғыз, өзбек, түрікмен және тәжік ұлттары ұжымдастырудың қарама-қайшылығын осындай апатсыз және шығынсыз еңсерген кезде, Қазақстан осындай қайғылы жағдайға тап болуы көңіл қынжылтады. Сол ғайбат жылдары 2 миллионға дейін қысқарған Қазақстан 19 миллионға жетті. Бұл халықтың оралуы 1932 жылғы ашаршылықтың нәтижесі ғана емес, сонымен бірге 1921 жылғы ашаршылықтың және көшпелі халықтың өз отандарынан кетуінің нәтижесі болып табылады, бұл республикада қолайсыз [7].

Тәуелсіздік алғаннан бері біздің халқымыз бастан кешкен сол қорқынышты жылдар туралы көпшілік алдында шындықты ашып айтуға мәртебе алдық. Біздің тарихшыларымыз, зерттеушілеріміз және өтініш берушілеріміз, әсіресе ұжымдастыру кезеңінде, 1930 жылдардың басында аштық туралы бірнеше құнды зерттеулер жүргізіп, осы қатал шындықты түсіну үшін жан-жақты зерттеулер жүргізді. Осы зерттеулердің әсерінен шындықтың көптеген беттері ашылды. Мысалы, 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басындағы Қазақстанда мәжбүрлеп ұжымдастырудан туындаған ашаршылық идеологияға негізделген көркемөнерпаздар саясатын жүргізуге деген соқыр тілектің нәтижесі болды. Коммунистік партия да қазақтарды, содан кейін белгілі бір дәрежеде және басқа көшпенділерді басқарып, оларды апаттар мен қарымы мол қасіреттерге алып келді. Сондықтан 1931-1933 жылдар Қазақстан халқы үшін ең қайғылы жылдардың бірі болды.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Омарбеков Т. 20-30-шы жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы, 1997.
2. Тәтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. Алматы, 1990.
3. Қозыбаев М.А. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992.
4. Қозыбаев М., Абылхожин Ж., Алдажуманов К. Коллективизация в Казахстане трагедия крестьянства. Алматы, 1992.

5. Назарбаев Н. Әділеттің ақ жолы. Алматы, 1991.
6. Абылхожин Ж. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг). Алма-Ата, 1991.
7. Турсунбаев А. Победа колхозного строя. Алма-Ата, 1957.

**Сыпабеков Н.С.**

старший преподаватель Шымкентского университета. Республика Казахстан.

**КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ: МАСШТАБЫ И ПЕРЕГИБЫ**

Казахский народ имеет богатое историческое прошлое, его страницы тесно взаимосвязаны с историей соседних народов, территория современного Казахстана по праву считается одним из древнейших центров, где зародились две взаимосвязанные между собой специфические и колоритные цивилизации. История на всем этапе своего исторического развития выступала в качестве важного элемента роста и возрождения национального и духовного самосознания народов Центральной Азии. Однако в условиях господства советской тоталитарной системы, когда искусственно подавлялось рост национального и духовного самосознания народов Центральной Азии, историческое сознание народа подверглось в значительной степени деградации. Возможности углубленного изучения тех или иных аспектов Отечественной истории казахского народа в условиях нарастания политико-идеологического давления и нажима, были в значительной степени сужены, более того, по установке партийных властных структур, наиболее важные и ключевые проблемы истории казахов, по политико-идеологическим соображениям, практически не исследовались в систематическом направлении. Более того, партийные идеологи наложили вето на изучение наиболее важных вопросов Отечественной истории казахского народа.

На данном этапе времени наблюдается на наш взгляд картина роста возрождения национального и духовного самосознания народов Центральной Азии, исторической памяти народа и восстановления исторической справедливости. В условиях суверенного развития Республики Казахстан история казахского народа приобрела иную окраску, смысл и содержание. Прошедшее время требует серьезной научной аргументации и оценки минувших лет, а также выявление истины, и ликвидации так называемых «белых пятен и пробелов» в истории казахского народа. Только в процессе возрождения национального и духовного самосознания народов Центральной Азии, возможно восстановления исторической памяти и глубинных корней того или иного народа.

В своей научно-аналитической статье «Независимость превыше всего» Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелович Токаев отмечает: «Мы обрели свободу благодаря героической борьбе наших предков. Ни их долю выпало множество трудностей и испытаний. Важно сохранить эти страницы истории в памяти народа» [1].

Мы солидарны с точкой зрения Президента страны К.К.Токаева и считаем, что Независимости и свободе мы достигли благодаря борьбе нашим героическим защитникам Отечества, которые ценой собственной жизни не допустили раскола и разрушения территориальной целостности казахского государства, нашим предкам пришлось выдержать немало испытаний и трудностей в период военного противостояния с соседними народами. Безусловно, эти страницы национальной истории должны, навеки сохраниться в памяти народа.

Конец 1920-х – начала 1930-х годов XX столетия считаются самым сложным, противоречивым и трудным периодом в истории казахского народа. Тоталитарный бюрократический режим по справедливому замечанию известного казахстанского исследователя С.Бизакова, опираясь на местную верхушку, уверенно претворил в жизнь авантюрную политику, направленную на ликвидацию традиционного кочевого хозяйства. В 1931-1933 годах в результате неправильной и поверхностной государственной политики, извращений и недальновидности, и голых призывов «Найди, где бы то ни было, стряхни все до дна мешка» было уничтожено значительное количество скота в казахских аулах. Сталинская односторонняя политика, которой руководствовались в 1930 – е годы, ее жертвы, красный террор, уничтоживший «цвет» нации, «сливки» общества, составляет черную страницу в казахской истории». [2].

На наш взгляд, оценки С.Бизакова правдивы, справедливы и научно обоснованы с точки зрения современных данных, отличаются научной новизной и востребованностью мирового сообщества.

Как отмечает С.А.Багдатова: «Трагедия коллективизации воистину неисчерпаемая тема, требующая создания многотомных научных исследований, обстоятельного анализа архивных материалов, всестороннего изучения статистических данных. Отечественные исследователи

получили возможность всестороннего изучения данной проблемы лишь в годы независимости. Несмотря на многолетнюю практику исследования проблемы, в изучении истории коллективизации остается широкое исследовательское поле, ждущее своих вдумчивых исследователей». [3].

Мы разделяем точку зрения С.А.Багдатовой и считаем, что молодое подрастающее поколение должно продолжить научно-поисковые и исследовательские работы по выявлению и систематизации ряда неизученных источников и материалов, касающиеся данной темы, кроме того, необходимо обобщить и конкретизировать собранный фактический материал и внедрить его в научный оборот. Безусловно, лишь в условиях суверенного развития исследователи Казахстана, освободившись от политико-идеологического давления, приступили к широкомасштабным исследованиям тех или иных ключевых вопросов истории казахского народа. Касаясь масштабов претворяемой в жизнь насильственной политики коллективизации, академик НАН РК М.К.Козыбаев отмечал: « Казахстан волею сталинского руководства был отнесен к той региональной группе, где коллективизацию необходимо было в основном завершить весной 1932 года, за исключением кочевых и полукочевых районов. Газеты не успевали давать ежедневно меняющуюся информацию с колхозного фронта. С каждым месяцем кампания приобретала все более ненормальный характер». [4].

Если по данным академика НАН РК М.К.Козыбаева в 1928 году было коллективизировано 2% крестьянских хозяйств, то уже на 1 апреля 1930 года – 50,5%, а к 1 октября 1931 года – около 65%». [5].

Отсюда вытекает закономерный вывод, что внедряемая силовыми властными структурами противоправная политика коллективизации претворялась в жизнь насильственными методами, при котором не учитывались специфические особенности духовного и нравственного развития того или иного народа. Поддавлением сверху партийные комитеты на местах проводили жесткий голощекинский метод: «лучше перегнуть, чем не догнуть» на всех этапах, проведения всех мероприятий коллективизации. Одним из первых мероприятий коллективизации был вопрос конфискации «феодално-байского» имущества. Вопросо конфискации скота у крупных баев ставился на III областной партийной конференции Казахстана в марте 1923 года. Идея экспроприации баев вновь возникает в ноябре 1927 года на VI Казахстанской партконференции. В декабре 1927 года была образована комиссия для разработки проекта закона о конфискации хозяйства крупных баев. 27 августа 1928 года на заседании ЦИК и СНК республики проект закона был принят и обрел форму директивного постановления «О конфискации байских хозяйств», в котором говорилось: «В Казахской республике, имеющей в своем составе культурно-отсталые национальности, проводимыми в настоящее время мероприятиями еще не изменены в надлежащей степени старые дореволюционные отношения. В целях освобождения бедняцких слоев населения от экономической зависимости и эксплуатации со стороны этих лиц, а равно в целях создания необходимых условий для скорейшего экономического подъема и культурного развития трудящихся, ЦИК и СНК Казахской АССР постановляют: Проведя в Казахской АССР, за исключением Адаевского округа их хлопководческих районов бывшей Джетысуйской и Сыр-Дарьинской губернии Кара-Калпакской автономной области, выселение тех наиболее крупных скотоводов из коренного населения, которое, сохраняя полупфеодалные, патриархальные и родовые отношения, своим имущественным положением препятствуют советизации аула». В Казахстане, территория которого делилась на 119 районов: 9 кочевых, 85 полукочевых, и 25 оседлых в соответствии с постановлением по республике намечалось конфисковать 700 хозяйств, имевших свыше 400 голов скота (в переводе на крупный) в кочевых районах, более 300 – в полукочевых и свыше 150 – в оседлых. Конфискации подлежали также хозяйства ханских и султанских потомков. «Срок завершения всех мер, связанных с конфискацией и выселением, назначался на 1 ноября 1928 года (позднее его продлили на 10 дней), 60-70% изъятого скота и другого имущества надлежало распределить среди казахской бедноты» [6].

К сожалению, в списке баев и кулаков оказались середняки и бедняки, которые имели в своем хозяйстве незначительное количество скота. По мысли М.Тынышпаева, процесс коллективизации должен учитывать особенности национальной жизни, психологии и стремления. Только тогда он может дать положительные результаты. Он считал, что результаты коллективизированного хозяйства должны соответствовать размеру и объему составляющих его казахских родов. Ибо сосредоточение большого количества скота на одной территории невыгодно ни экономически, ни организационно, ни экологически» [7].

На наш взгляд, оценки М.Тынышпаева правдивы, обоснованы и аргументированы и соответствуют историческим реалиям современности. Коллективизация была наиболее кровавой и тяжелой драмой для народов Казахстана и, в первую очередь, для казахского народа. В истории человечества такой трагедии как казахстанская катастрофа вряд ли найдется, которая унесла более



2,5 млн. жизней людей, где 2,3 млн. пришлось на казахское население. Реализация кампании по коллективизации в Казахстане везде приводила к тяжелым последствиям, но особенно ее разрушительный характер сказался на кочевых и полукочевых казахских хозяйствах. Перед коллективизацией в 1928 г. в Актюбинской области 68 % населения составляли казахи (в архивных документах того времени, которые хранятся в актюбинском областном архиве, данная национальность именовалась как казаки) и 32% другие национальности. Основным занятием населения являлось сельское хозяйство с преобладанием животноводства у казахов и земледелия у русских. В 1928 г. в нашей области казахское население имело 28 % оседлых хозяйств и 72 % полукочевых хозяйств. У 80 баев в том же году было конфисковано 14 426 голов скота в переводе на крупный, которые были розданы индивидуальным хозяйствам (74,2 %), колхозам (10,5 %), совхозам и др. (15,3 %). Нужно подчеркнуть, что к 1929 г. советское правительство четко определилось с такими понятиями как «бай» и «кулак». Таковыми становились любые казахские шаруа и русские крестьяне, а также другие крестьяне, уровень хозяйства которых оказался выше среднего. Поскольку понятие «среднего» доверено было определять местным властям, к категории бая или кулака при отсутствии четких критериев можно было отнести любого как казахского, так любого другого крестьянина, если юрта (дом) у него получше, чем у соседа, корова дает больше молока, лошадь посильнее. Если же в хозяйстве была не одна корова или какая другая живность, то тут ситуация менялась в корне. Тем более, что по тогдашним законам, четверть всего конфискованного имущества у баев и кулаков передавалась тем, кто их раскулачивал. В Актюбинском областном архиве хранится следующий документ, который ярко иллюстрирует всю пагубность и жестокость коллективизации, и сопровождавших ее конфискационных мер, это заявление гражданина 11-го аула Карабутакской волости, Шалкарского уезда Актюбинской губернии Расмахаметова Узака. Как отмечает А.В.Грозин: «По признанию самого Голощекина, первоначальные замыслы были вдвое масштабнее, и собирались конфисковать хозяйства от 150 голов (в переводе на крупнорогатый скот), и общее число «баев-полуфеодалов» должно было составить 1500 хозяйств. Но имущие верхи аула в подавляющем большинстве мест сумели существенно ослабить удар конфискации и даже упрочить свое влияние в массах. Достигнуть этого им удалось, апеллируя к национальному сознанию, обычаям, атрибутам прошлого, связям с советским и партийным руководством, раздачей скота беднякам и середнякам, а также перегонем своего скота в соседние среднеазиатские республики и Китай. Согласно подсчетам казахстанских ученых Г. Дахшлейгера и К. Нурпеисова, у владельцев 700 крупных хозяйств было конфисковано 70 145 тысяч голов скота. При этом у родовой аристократии имелись тысячные табуны лошадей и многотысячные отары овец, не говоря о другом скоте. Затем Комиссия при Казкрайкоме ВКП(б) от 18 февраля 1930 г. постановила: предложить окружкомам приступить к ликвидации кулака и бая как класса, закончив операцию по их ликвидации по первой категории (заклучение в концлагеря) к 10 марта и по второй категории (выселение в отдаленные местности) к 1 апреля, по третьей категории (высылка за пределы колхозов) к началу сева. К началу 1930 г. было ликвидировано более 3 тысяч хозяйств, числящихся как «кулацко-байские», часть людей была расстреляна или помещена в концлагеря на сроки от 3 до 10 лет<sup>2</sup>. При этом излюбленным средством наиболее рьяных коллективизаторов было огульное зачисление колебавшихся в так называемых подкулачников. Эта категория представлялась наиболее универсальной для применения «революционного насилия». В директивах, доведенных до местных органов, указывалось, что удельный вес ликвидируемых кулацких дворов по отношению к общей массе хозяйств не должен превышать 3–5%, но во многих районах подобного количества кулаков никак не набиралось. Нередко «план по валу» выполнялся настолько усердно, что фактически превышал в два, а иногда и в три раза субъективно установленные Центром показатели» [8].

Для проведения коллективизации и оседания наряду с местными «коллективизаторами» Казкрайком привлек 8 тысяч рабочих. Кроме того, в республику было направлено 1204 человек из Москвы, Иваново-Везнесенска, Харькова, Ленинграда. «Застрельщики» из города очень часто понимали смысл, и сам механизм оседания весьма утрировано. Для них весьма часто это означало стягивание с огромного радиуса сотен и сотен хозяйств в одно место (подчас лишенное кормовых и водных ресурсов). Следствием подобного скопления было то, что скотоводы лишались хозяйственного простора и возможности маневрировать стадами в поисках воды и корма. Очень быстро войдя в революционный раж, «посланцы партии из далеких краев» пошли в своем примитивизме еще дальше. Бывало, что для построения квартала не хватало юрт, что, видимо, удручало «эстетствующих прогрессистов». Тогда сгонялись еще несколько аулов (т. е. общин), юрты которых дополняли «деревенские улицы», призванные носить имена товарищей Кагановича, Розы Люксембург или «вождя всех трудящихся Казахстана тов. Голощекина». Не успев выйти из

состояния протрации, вызванного административно-форсированными методами кампании по оседанию, население аула было тут же втянуто вмолах еще более стремительной и нажимной коллективизации. Собственно говоря, массовое оседание кочевых и полукочевых хозяйств и было-то задумано в тесной увязке с коллективизацией. Это видно уже из постановления Пленума Казкрайкома (декабрь 1929 г.), в котором строго предписывалось «поставить весь план практических работ в области форсирования оседания и хозяйственного укрепления оседающего населения с таким расчетом, чтобы оседание производилось на основе стопроцентной коллективизации всех оседающих беднячко-средняцких хозяйств». Наряду с этим, директивные органы потребовали «стимулировать коллективизацию животноводческих хозяйств в таких же темпах, как по зерновому хозяйству». Вольно или невольно это глубоко ошибочная установка давала «зеленый свет» новым перегибам. Скотоводческие хозяйства в экстренном порядке и сплошными массивами зачислялись в неведомые им сельскохозяйственные артели. Например, в Абралинском районе было сразу же коллективизировано 70% всех хозяйств, Джамбейтинском - 80, Беркалинском - 84, Джаныбекском - 95 проц. и т. д. [9].

Из выше изложенного следует, что коллективизация в Казахстане претворялась в жизнь без предварительных подготовок, согласований с местными руководителями, без учета жизненных потребностей и нужд населения, при этом отчетливо проявлялись признаки силового давления и прессинга со стороны органов ОГПУ. Как пишут авторы коллективной монографии «История Казахстана: народы и культуры» Н.Э.Масанов, Ж.Б.Абылхожин, И.В.Ерофеева, А.Н.Алексеев, Г.С. Баратова: «Детонатором «колхозного взрыва» в республике послужила отнюдь не крестьянская инициатива, как это пыталась представить пропаганда. Источники отмечают, что очень часто во время проведения сельских сходов вместо призыва «кто хочет вступить в колхоз? Проводники коллективизации угрожающе вопрошали: «кто против коллективизации?» В тех случаях, когда крестьяне все же не проявляли добровольной воли и не спешили избавляться от частной собственности, к ним применяли иные воспитательные меры. Откровенно террористический характер кампании с особой силой проявлялся в тех репрессивных мерах, которые разворачивались в рамках курса на ликвидацию кулачества и байства как класса. К сожалению, масштабы раскулачивания в Казахстане пока не поддаются точной оценке, на сегодня историография располагает лишь фрагментарными сведениями на этот счет» [10].

Мы согласны с точкой зрения авторов, и считаем, что вступление в колхозы и совхозы крестьянства претворялись в жизнь властными структурами насильственными, силовыми методами. Без предварительной беседы, игнорируя их права и привилегии, вышестоящие инстанции, силой принуждения насильно заставляли вышеуказанную прослойку общества, вступать в колхозы и совхозы, в случае отказа, их автоматически зачисляли в категорию «политических неблагонадежных», то есть в список врагов советской власти. Таким образом, применяя репрессивные методы, Органы ОГПУ и НКВД, подавляла признаки проявления недовольства и протеста широких слоев населения Казахстана. В Государственном архиве Общественно-политической истории Туркестанской области хранится немало ценных и содержательных архивных документов и материалов, в котором освещаются трагические судьбы тех, кто оказался жертвой сталинского политического террора и насилия, помимо этого, в фондах данного архива хранятся списки раскулаченных баев и кулаков по округам и уездам Сырдарьинской области. Так, например, в материалах отчета Сырдарьинского окружкома ВКП(б) за период ноябрь 1927 года – по ноябрь 1928 гг. отмечено: «В целях освобождения бедняцких и середняцких слоев населения от экономической зависимости и эксплуатации со стороны этих лиц (полуфеодалов), а равно в целях создания необходимых условий для скорейшего экономического подъема и культурного развития трудящихся (постановление ЦИК Казахской АССР), выселяются с конфискацией сельского хозяйства, имущества крупные баи – полуфеодалы, то есть те, кто препятствует проведению основных мероприятий Советской власти в ауле, ведут злостную агитацию, разжигают межнациональную и родовую рознь, используя при этом родовые отношения и экономическую зависимость бедноты и задерживая тем самым темпы экономического и культурного развития» [11].

Таким образом, властные структуры, широко используя, метод противостояния народов друг против друга, разжигая национальную вражду и рознь, уверенно претворяла в жизнь идеи и замыслы партийного руководства. Общеизвестно, что любое противостояние народов может привести к неисчислимым людским жертвам и бедствиям. Иными словами, следует отметить, что конец 1920-х – начала 1930-х годов XX столетия являются самым сложным и драматическим периодом в истории казахского народа. Используя широко известный репрессивный метод управления страной, Голощекинский и Сталинский бюрократический аппарат искоренял любые попытки проявления

открытого недовольства народных масс, подавляя на местах вспыхнувшие волнения и выступления. Размах и масштабы претворяемой в жизнь властными структурами насильственной коллективизации в Казахстане, оказали негативное воздействие на дальнейшую социально-экономическую жизнь населения края. Сотни десятки людей были вынуждены покинуть свою историческую Родину вследствие разразившегося голода и холода. Отобрав весь скот, имущество у населения, властные структуры обрекли народ на вымирание. Мы глубоко убеждены в том, что будущее молодое поколение казахстанцев, воспитанное в духе патриотизма, продолжат научные исследования по выявлению и систематизации архивных документов и материалов, в которых отражены мрачные и трагические события истории Казахстана. Молодое поколение всегда должно помнить имена тех, кто отдал свою жизнь во благо процветания и развития Независимого справедливого Казахстана.

### **Использованные источники и литературы**

1. Токаев К.К. Независимость превыше всего // Казахстанская правда 6.01. 2021.
2. Бизаков С.Ветви одного могучего дерева. Алматы, 2002. С. 36-37.
3. Багдатова С.А.Исторические аспекты коллективизации в Казахстане // История государства № 2 2012. С. 89.
4. Козыбаев М.К.Казахстан на рубеже веков: Размышления и поиски. Книга 2. Алматы, 2000. С. 71.
5. Там же. С. 72.
6. Багдатова С.А.Исторические аспекты коллективизации в Казахстане // История государства № 2 2012. С. 91-92.
7. Абдакимов А.История Казахстана. Алматы,2003. С. 231.
8. Грозин А.В.Голод 1931-1933 гг. и политика памяти в Республике Казахстан. М., 2014. С. 69.
9. Там же. С. 70.
10. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С.История Казахстана: народы и культуры. Алматы, 2001. С. 295.
11. Государственный архив общественно-политической истории Туркестанской области //ГАОПИТО Фонд 29. опись 1. дело 3. Л.41-43.

### **Бохаева Бибайша Имангалиевна**

№ 52 мектеп-лицей, тарих және география пәнінің мұғалімі

#### **«АША ТҰЯҚ ҚАЛМАСЫН...»**

Қыр қазағының күнкөрісі малмен байланысты болған еді. Бүтіндей бір ұлттың көзін жоюды көздегендер ең әуелі оның малын алды. «Аша тұяқ қалмасын» деген солақай саясаттың салдарынан кейбір деректерге қарағанда, 1928 жылы Қазақстанда 40 млн бас малдан 1933 жылы оның тек 4 млн-ы ғана қалған. Бұл саясаттың салдарын ғана емес, себебін де анық түсінген Алаш зиялылары бас қосып, империяға қарсы шықты. Олардың барлығы дерлік қудалауға ұшырап, атылды, айдалды. «Халық жаулары» деп жала жабылған арыстардың есімін халқы өз жадында мәңгілік сақтап, олардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлігін ұмытқан емес.31 мамыр – Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Ал, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды - Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні елімізде жыл сайын аталып өтеді. Республика бойынша әртүрлі шаралар ұйымдастырылып, ас беріледі. 1937-1939 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер зиялысының көпшілігі қуғын-сүргін құрбанына айналды. Сол кездегі қатігез саясат нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшырағандардың жақындары да жапа шекті. Зерттеушілер деректеріне сүйенсек, осы кезең аралығында Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Сол жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және саясат саласының зиялы қауым өкілдері атылған[1].

Жалпы, 1930-1953 жылдар аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған. Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударған.1937жылы БК(б)П ОК-нің, И.В.Сталинмен оның айналасындағылардың «халық жаулары және олардың құйыршықтарын түп-тамырымен жоюдың» қажеттігі жөніндегі нұсқауы барлық жерде қолдау тапты.Осындай жағдайда

И.В. Сталин мен оның серіктері мүмкін болатын оппозицияны орталықта ғана емес, ұлттық республикалардада біржолата талқандауды ұйғарды.1928жылдың ортасынан бастап Алаш қозғалысына қатысқан зиялылар жаппай тұтқындала бастады. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген жалған айып тағылды. Сол жылы 44 алашордашы тұтқындалып, оның ішінде Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әділев ату жазасына кесіліп, үкім орындалады. Ал қалғандары түрмеге қамалады. Ұлттық зиялылардың екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек-қазанайларында тұтқындалып, оның 15-і Орталық, Ресейге жер аударылды. 1936-1938 жылдары Қазақстанда 25833 адам партиядан шығарылып, олардың 8544-іне «халық жаулары» немесе «халық жауларының сыбайластары» және т. б. айыптар тағылды. Танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз қудалау көрді. Соңғы зерттеулер бойынша 1931 жылдан бастап 1954жылдың 1 ақпанына дейінгі кезеңде КСРО-да соттан тыс және сот органдары 3 млн 777 мың адамды ату жазасына соттап, оның 643 мыңына үкім орындалса, ал 2 млн 369 мыңын 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге қамап, лагерьлерге айдаған. Жалған айып тағылғандардың қатарына 1931-1933жылдардағы қазақтардың жаппай қырылуына байланысты ашық наразылық білдіріп, Қазақстан халқының мүдделерін қорғағандар да қосылды [2].

Ашық сот процестері 1937жылы республиканың Үржар, Преснов т. б. аудандарында болып өтті. 1937жылы қарашада Қарағанды облысының Ә.Асылбеков, Н.Нүрсейітов, М.Ғатаулин т.б. басшыларының үстінен жүргізілген сот процесі халықтың жан-жақты талқылауына ұласты. Алайда «халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының мәжілістерінде, «екілік» пен «үштік» атанғандар мен НКВД-ның ерекше кеңестерінде құпия жағдайда шешіліп жатты. 1930жж. ортасында Л.Мирзоян, Ү.Құлымбетов, Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Т.Жүргеновсынды көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері «халық жаулары» ретінде тұтқындалды.1920-1950жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннің айнымас серігі - мемлекет және оның қызмет иелері мен органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптауы болды. Бұл заң бұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипатталып, оған заңдық негіз бен жариялылық түр берген кеңесзандарының нормалары нұсқаулармен бүркемеленді. Бұл кезең қолданылған қылмыстық жазалардың ерекше қаталдығымен сипатталады. Мысалы,1926жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің ерекше бөлімінің I тарауында көрсетілген контрреволюциялық қылмыстардың 17-сінің 12-іне ең жоғарғы жаза - ату жазасын қолдану қарастырылды. Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап, азаматтық құқықтардан айыру, мемлекеттен куу, дүние-мүліктерін тәркілеу, қатаң оқшаулау арқылы еркінен айыру тәрізді жазалау шаралары да кеңінен қолданылды.Қазақстандықтарға көбінесе жапон, кейде герман тыңшылары деген айып тағылып, айыптаушылар мен сотталғандардың «мойындауы» ешқандай дәлелдеусіз жүзеге асырылды. Негізінен көршілердің, қызметтестердің, тіпті таныстар мен туыстардың жалған ақпараттарына негізделген, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді деген айыптау да кең тарады. Қазақстанда, сондай-ақ азаматтарды ұлтшылдық, ұлтшыл ұйымдар құру арқылы республиканы Кеңес Одағының құрамынан бөліп алуға тырысқан ұлттық ауытқушылық үшін айыптау да кең қолданылды. Көптеген адамдар террорлық әрекеттер, диверсия, саботаждарды жүзеге асыруға дайындық жасағаны, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуіне қарсы экономикалық контрреволюциялық әрекеттер ұйымдастырғаны үшін негізсіз қуғын-сүргінге ұшырады [3].

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің зардаптары:Қазақстан 20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдары бұрын-соңды болмаған әлеуметтік сынақ жасаудың алып полигонына айналды. Мұнда бірінші рет феодализмнен капиталистік қоғамға соқпастан социализмге өту идеясын жүзеге асыру әрекеті жасалды.30-жылдардағы Қазақстан жөніндегі саясат осындай сынақ мақсатында жүргізілді. Бүгінгі күннің көзқарасы бойынша ол мынадай перспективаларды көздеді: саяси салада: қазақ халқының тілі мен тарихын жою, саяси тәуелсіздігі, шынайы егемендігінен айыру, Қазақстанда «Кіші Қазан» жоспарын жүзеге асыру; әлеуметтік-экономикалық салада: Қазақстанды елдің шикізат базасы ретінде дамыту, қазақ халқын отырықшылыққа көшіру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру; ұлтаралық қатынастар саласында: ассимиляция саясатын жүзеге асыру есебінен республиканың ұлттық әлеуетін (күш-қуатын) «жақсарту» Жалған халық жауларымен күрес концлагерьлердің құрылуына жағдай жасады (Қарлаг, Степлаг, АЛЖИР). Кейінірек атылған адамдарды жаппай жерлеген жерлер анықтала бастады. Сондай орындардың бірі Алматы түбіндегі Жаңалық ауылының жанынан кездейсоқ табылды. Мұнда 1937-1938жылдары атылған белгілі жазушылар мен ақындар - М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, көрнекті ғалымдар-А.Байтұрсынов, С.Асфендияров т.б. мемлекет, қоғам қайраткерлері, шаруашылық басшыларымен өндіріс озаттары сынды тоталитарлық тәртіптің мыңдаған құрбандары құпия жағдайда

жерленді.50-жылдардың ортасында лагерьлерде қамалған жазықсыз адамдарға қатысты үкімдерді қайта қарау мен оларды жою жөніндегі процесс басталды. Қаза тапқандар мен атылғандар ақталып, түрмедегі еріксіздер бостандыққа шығарылды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау - 1920-1950жылдар аралығында кеңес мемлекетіжүргізген қуғындау, жазалау саясаты асқан қаталдық, шектен шыққан зұлымдық тәсілмен жүргізілгендігін дәлелдеді. Кеңес өкіметініңҚазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны, ғалымдардың есептері бойынша, 3,5 млн адамды құрады. Алайда бұл сан да нақты емес, өйткені 20-40-жылдары тұтқындалған мыңдаған адамдардың тағдыры әлі күнге шейін белгісіз болып отыр.31 мамыр тар жолда тайғақ кешіп, ұлтының қамы үшін азар да безер болып, мұз жайнап, от кешкен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл жайында елбасымыз 1997 жылы өзінің Жарлығында жария еткен болатын. Қатал да қасіретке толы бұл мейрам өткенді еске түсіріп, көзге жас шиырлатады. Ұлы терорлық әрекет қазақ баласын аямай орға жығып, тірілей күздан итерді. Елім деп емешегі үзілген қазақ интеллегенциясының бетке ұстарлары: А.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, О. Жандосов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев. С. Асфендияров суық қарудың көзіне ілінді.Қазақ даласының етегіне сор боп жабысқан ашашырлық, нәубет жылдары халқымызы кенедей қырып кетті. Жалпы ақпаратқа сүйенер болсақ ашаршылық қазақ даласында 1929 жылы бірінші рет болып, кейін 1932 жылы қайталанған. Бірінші ашаршылықта бірнеше миллион халық қырылған болса, екіншісінде одан да көп халық аштықтан көз жұмған еді. Ал індеттен аман алғандары тау кезіп, шекара асып босып, тозып кетті. Үкіметтің лаң қып салған қатал заңының озбырлығы сол 1933 жылға дейін қазақ даласында болған 40 миллион малдың, 1933 жылдан кейін 15 миллионы ғана қалды.Ал 1929 жылғы аштықтың салдарынан 123300000 дихан шаруашылығының саны 1936-1937 жылдары 56 500 болып қалған.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

- 1 Ғабитова Ф. Өртеңде өнген гүл. – Алматы, 1998 жыл, 143 б.
- 2 «Ақ желкен» республикалық жасөспірімдер журналы, №7 (20478), 2013 жыл, 29-31 б.
- 3 Республикалық «Жұлдыздар отбасы» («Аңыз адам» ) журналы, №20 (32) қазан, 2011 жыл, 52 б. // Ахаңның ұрпақтары Мәскеуде тұрады.

## II-СЕКЦИЯ

### 1937-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МЕН 1940-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ КОСМОПОЛИТШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ АЙЫПТАУ: ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

**Исабек Б.Қ. т.ғ.к., доцент, профессор м.а.**

**Орынбасарова Г.Ж. т.ғ.к., аға оқытушы**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент, Қазақстан Республикасы.

#### **ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ - ҚАЗМҰХАММЕД КӘРІБАЙҰЛЫ ҚҰЛЕТОВ**

Кеңестік билік тұсында Қазақстанда 103 мың адам репрессияға ұшырап, 25 мыңнан аса адам атылған. Ал Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 7 мың адам тұтқындалып, 2,5 мыңы атылды. Өкінішке орай, бұл тізім бүгінге дейін жалғасып, дерексіз кеткендердің құжаттары іздестіру барысында әлі де табылуда.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында ұлт мүддесін өзінің жеке мүддесінен жоғары қоя білген қазақ зиялылары мен саяси элитасы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің көш басында тұрды. Олар ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметімен қатар, қазақ мемлекетінің көп салалы экономикасын дамыту, халықтың әл ауқатын көтеру, білімі мен мәдениетін өркендету сияқты көкейкесті мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан шешу жолында бар күш жігерін, өмірін арнады. Өкінішке орай, ардақтыларымыздың ұлы мақсаттарын іс-жүзіне асыруына кеңестік саясат тосқауыл қойып, Сталиндік қуғын-сүргіннің құрбанына айналды [1, 44-б].

Тәуелсіздік жылдарында шынайы зерделене бастаған кең ауқымды тақырыптардың бірі - Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке күрескен адамдардың, сондай-ақ қызметтік, ғылыми, мәдени және басқа салалардағы идеялары үшін мемлекеттік қудалауға және қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тарихы және олардың қоғамдық-саяси қызметі.

Солардың бірі - қоғам қайраткері, ұлт жанашыры және «Ақ жол» газетін шығарушы редакторы - Құлетов Қазмұхаммед Кәрібайұлы. Ол қызметінің соңғы жылдарында отбасымен Шымкент қаласында тұрып 1936 жылдың сәуір айынан 1937 жылдың 2 шілдесіне дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Осы тұста Қазмұхаммед Кәрібайұлы Құлетов өзі туралы 1935 жылы 27 қазанда жазылған өмірбаянынан деректер қалдырған [2, 35-б].

Құлетов Қазмұхаммед 1997 жылдың қазан айында Сырдария облысы, Қазалы ауданына дүниеге келген. Әкесі Кәрібай егіншілікпен айналысып, әр жылдары түрлі дақыл егіп, диканшылық еткен. Еңбегінің өнімі ең көбі 2 пұтқа ғана жеткен. Малынан бір-екі жылқысы және 10-15 ұсақ бас болған. Кейде ол да болмаған екен. Кәрібай бірнеше жыл өзбек саудагерінің қойын бағып, одан 100 басқа дейін ұсақ мал алып, отбасын асырауда сүтін пайдаланады.

Бала Қазмұхаммед сауатын ескі діни ілімдер беретін қазақ мектебінде бастап 1909 жылдан жаңа әдістемедегі мектептерде оқиды. 1912 жылы орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Училищені бітірген соң кедейдің баласы ретінде жоғарғы-бастауыш интернатына қабылданады. Онда үш жыл оқып, 3-сыныптан бастап интернаттан шығуға мәжбүр болады. Интернат жабылған соң төлеп оқитын қаражаттың жоқтығына байланысты оқуын жалғастыра алмайды.

Кеңестік билік орныға бастаған тұста 1918 жылдың басында Арал теңізі ауылына келіп, өнеркәсіп бөліміне алдымен регистратор, кейін есепші болып жұмыс атқарады. Сол кезде Ембі маңындағы темір жолды күзету үшін Қызыл гвардия қатарына шақырылады. Ембіден оралған соң жергілікті Қызыл гвардия штабына қабылданып, сол жерде біраз уақыт қатардағы қызыл әскер міндетін атқарады.

Осы кезде Кеңестік штабқа қатардағы құрамнан мүше болып, 1919 жылдың тамыз айында Кеңестердің уездік съезінде депутат ретінде уездік партия конференциясына сайланады.

1918 жылдың аяғында солшыл социал-революционерлер ұйымына кіреді. Ал екі айдан кейін бірігу кезінде большевиктер партиясына өтіп, парткомда белсенді жұмысын атқарады. Қазалы аудандық большевиктік коммунистік партиясының (АКП(б)-ның) мұсылман секциясының төрағасы болып, саяси қызметін бастайды.

1919 жылы өткен уездік партия конференциясында уездік комитетке мүше болып сайланып, Қазалыда уездік комитеттің хатшысы қызметін атқарады. Келесі конференцияда партияның уездік комитет төрағасының орынбасары және аудандық КП(б) уездік мұсылмандар бюросының төрағасы болып сайланды. Сонымен бірге уездік төтенше комиссия алқасының мүшесі қызметін де атқарады.

1920 жылы уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, іс жүзінде жұмыста екі-үш ай төрағалық етеді. Содан, Ташкент қаласына Сырдария облысының өлкелік революциялық комитетінің төрағасы қызметіне шақырылады. Бұл қызметте 1921 жылға дейін болып, облыстық партия комитетінің жұмысына ауысады. 1922 жылдың аяғында Қазалы қаласына атқару комитетінің төрағасы болып ауыстырылды. Осы аралықта, яғни 1920-1921 жылдары Ташкент қаласында «Ақжол» газетінде редакторлық қызметін атқарады. Орталық комитеттің Түркістан партиясына мүше болып сайланды.

Қоғам қайраткері Қазмұхаммед Кәрібайұлы Құлетов расында өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, адал, парасатты тұлға болған. 1923 жылы 4 сәуірде Қ.Құлетовке Қазалы уездік атқару комитетінде жұмыс істеген кезіне байланысты прокуратураға берген мінездемесінде Қ.Құлетовтың іскерлігі, тазалығы, адалдығы туралы былай жазылған: «...На выездном съезде Советов того же года был избран товарищ председателем Уисполкома, после был председателем облревкома Сыр-Дарьинской области, проработав там один год был назначен Облгорисполкомом в конце 1921 года председателем Угорисполкома Казалинского уезда, где работал до конца 1922 года. На этом посту товарищ Кулетов лишней раз доказал свою способность, честность и преданность к работе. В настоящее время работает в Угоркоме в качестве члена исполбюро. Угорком считает необходимым отметить твердость характера товарища Кулетова и хорошо знает быт, нрав и психологии коренного населения. В результате Угорком выдвигая товарища Кулетова на пост Помпрокурора рекомендует как одного из лучших работников мусульман в Казалинске образование его окончивший городское училище» [2, 33-б.].

Қазалы уездік атқару комитетінде жұмыс істеген уақытта Түркістан Коммунистік Атқару Комитеті кеңесінің мүшесі ретінде екі рет шақырылымға қатысады. Түркістан таратылғаннан кейін өлкелік партия комитетінің мүшесі ретінде Орынборға ауыстырылып, 1925 жылдың 25 мамырына дейін 5 ай қызмет етеді. 1925 жылдың мамыр-желтоқсан аралығында Шымкент қаласының губерниялық комитетінде меңгерушілік қызмет атқарады. 1925 жылдың аяғында партияның уездік комитетіне шақырылып, Орал губерниясына губерниялық прокурор болып ауыстырылды.

1927 жылы қаңтарда Жоғарғы заң курстарына іс-сапарға жіберілді, 1928 жылы оны бітіргеннен кейін Петропавл қаласына округ прокуроры болып тағайындалды.

1930 жылдың басында Үржар аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жұмысқа ауысты. Бұл қызметті аудан таратылғанға дейін атқарды. Округтер таратылғаннан кейін аудандық комитетке қайта шақырылды. 1930 жылдың қазанынан 1931 жылдың ақпанына дейін Шекара комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. 1931 жылдың ақпан-тамыз айына дейін Үржар аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарады.

1935 жылы тамызда Оңтүстік Қазақстан облысына шақырылып, таратылғанға дейін КазХлебЖив Союз (Қазақстан астық және мал шаруашылығы кеңесі) депутаты болып жұмыс істейді. Қазақстан астық және мал шаруашылығы кеңесі таратылғаннан кейін, 1932 жылдың шілдесіне дейін Заготскот (мал өнімдерін дайынау) кеңесінің меңгерушісі қызметінде болады.

1932 жылдың шілдесінен 1934 жылдың қаңтарына дейін Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімшесінің төрағасы қызметін атқарды.

1934 жылдың ақпан-мамыр айларында Қазкрайсоюз (Қазақстан өлкелік кеңесі) орынбасары қызметінде болды. 1934 жылдың мамырынан 1935 жылдың 1 маусымына дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар одағының төрағасы қызметін атқарды. 1935 жылдың 1 тамызынан бастап Бүкілодақтық коммунистік партия (большевиктердің) облыстық комитетінің кеңестік сауда бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. Өз қолымен жазылған бұл өмірбаянды Құлетов Қазмұхамед сол кездердегі қызметтік қажеттілікке байланысты жазып қалдырған [2, 31-32-бб].

1935 жылдың тамыз айынан –1937 жылдың 2 шілдесіне дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Қазмұхамед Құлетов 1937 жылдың 2 шілдеде «халық жауы» ретінде Шымкент қаласындағы қазіргі Бекет батыр көшесіндегі үйінен тұтқындалып жазықсыз айыпталды [3, 139-б.].

Қазмұхаммед Кәрібайұлы Құлетовтың бұдан былайғы тағдыры туралы деректерді Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінде сақталған қызы Райхан Қазмұхамедқызы Құлетованың (Исаева) әкесі туралы естелігінен және әйелі Асьма Каримова-Кулетованың жұбайы туралы автобиографиясынан көруге болады.

Қазмұхаммед Кәрібайұлы Құлетовтың отбасының (анасы, әйелі Асьма, ұлы Еркін, қыздары Клара, Гүларай, Райхан және Флора) 1937 жылдың 2 шілдеде тұтқындалғаннан кейінгі көрген қиыншылықтары мен өмірлері туралы аянышты тағдырларымен танысуға болады. Құжаттар ішінде Райхан Қазмұхамедқызы Құлетоваға (Исаева) әкесі Қ.Құлетов туралы 1990 жылдың 27 сәуірінде

және Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, 1990 жылғы 15 мамырда Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Шымкент облысы бойынша кеңсесі мен 1990 жылдың 7 наурызындағы КСРО Прокуратурасы Орал облыстық прокуратурасының әкесінің ақталғаннан кейінгі (1957 жылы ақталған) берген жауап хаттары және Қ.Құлетовтың қызметте жүргендегі жұмыстарына қатысты хаттамалары, бұйрықтары, шешімдері сақталған.

Құлетовтың қызы Райханның естелігі бойынша: «... Олар – НКВД-шылар – үйімізге жарықтан қорқып, түн жамылып келді. Таң атқанша шкафтарды, үстелдерді тінтіп, ештеңе таппады. Әкем бізбен қоштасарда: «Мен кінәлі емеспін, көп кешікпей қайтып ораламын. Партия біздің адал екенімізді, кінәміздің жоқтығын анықтайды»-деді. Бірақ, қайта оралмады, кездесуге де мүмкіндік берілген жоқ. Мойнына түскен қыл бұрау мен көрер қияметі осыдан басталды. 1937 жылғы 3-шілдеде «1922-1925 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы топтарға мүше болған» деп партиядан шығарды. Тоғыз ай бойы камерада жалғыз ұстады, содан соңғы тағдырын көшпелі сот небәрі он бес минутта шешті... 1938 жылғы 28 ақпанда (бір деректе 13-наурызда) атылғанын, неге екені түсініксіз бізден жасырды. Алматы Ішкі Істер бөлімінен «1945 жылғы 25-ақпанда жрек талмасынан көз жұмды» деген хабар ғана алдық». Сотқа төрағалық еткен Горячев әкемді «Рысқұлов, Қожанов, Құлымбетов жетекшілік ететін ұйымның құрамында болғаның және қызмет бабын пайдаланып, Кеңес өкіметіне қарсы қастандық жұмыстарында белсенділік көрсеткенсің!» - деп айыптаған. Сот ату жазасына кесіп, үкім сол күні орындалған [3, 140-б.].

1936 жылдың қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Досов Әбілқайыр Ысқақұлысайланды. Алаштың екі арысы Шымкент қаласында қызметте жүріп, халқына адал қызмет көрсеткен қоғам қайраткерлері болды. Қызмет барысында бір жиынға қатысып, мүдделері ортақ болды. Соның бірі 1937 жылы 27 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысының атқару комитеті В.Е.Случактың төрағалық етуімен облыстық атқару комитеті президиумының мүшелері Қ.Қ.Құлетов, Ә.Ы.Досов, П.М.Салоха, Ф.Е.Задорожный, М.Андижанов және С.Кемебаевтың қатысуымен жиналыс өткізеді [2, 36-б.].

Ұлт жанашырлары ретінде «халық жауы» атанған екі қайраткер тағдыры аянышты жағдаймен аяқталады. Райхан апайдың небәрі жеті жасындағы естелігінде Ә.Ы.Досов жөнінде мынадай дерек кездеседі: «...И пришла срочная телеграмма из Москвы освободить маму, и нас освободили. Когда мы вернулись в квартиру на куче вещей сидели куры и сидела собака наша, которую загнали когда опечатавали, куры изгадили все вещи. В это время на улице были вывешены портреты Досова. В ноябре арестовали Досова» [2, 4-б.].

Ә.Ы.Досов 1938 жылы 8 наурызда КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының шешімімен РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 ісі бойынша айыпталып, өлім жазасына кесілген. Үкім сол күні орындалды.

Қазмұхаммед КәрібайұлыҚұлетов тағдыры бұрмаланған іс бойынша КСРО Жоғарғы Сотының әскери заңгері А.Д.Горячев басқаруымен Әскери алқаның көшпелі отырысының үкімі негізінде 1938 жылдың 25 ақпанында ату жазасына кесіліп, 1938 жылдың 13 наурызында Алматы қаласында орындалған. Денесін қайда көмгендігі жөнінде ақпарат жоқ.

КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының 1958 жылы 29 наурыздағы шешімі бойынша Құлетов Қазмұхаммед Кәрібайұлының ісі қылмыстық құрамының жоқтығына байланысты тоқтатылып, толық ақталды.

Қазақ баспасөзінің дамуына ерекше еңбек сіңірген, елге қызмет етудің адалдық үлгісін көрсеткен, заң ғылымы саласында сүбелі үлес қосқан - Қазмұхаммед КәрібайұлыҚұлетов сынды тарихи тұлғалардың қасіретті тағдырын, өнегелі өмір жолын, шығармашылық мұрасын зерттеу және оны кейінгі ұрпаққа насихаттау – зерттеушілер алдындағы міндет.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Оңтүстіктегі жаппай саяси қуғын-сүргін: тауқыметті тағдырлар (ғылыми мақалалар жинағы). Шымкент, 2021, 100-б.
2. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 2274-қор, 3-тізбе, 8-іс.
3. Құлетова-Исаева Райхан Қазмұхаммедқызы «15 минутта шешілген тағдыр»//»Қан жүректі қайғылым», - Құрастырған Ханбibi Есенқарақызы. – Шымкент: «Ордабасы», 2006. 138-143 - бб.
4. «Түркістан өңірін түлеткен тарихи тұлғалар» ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент 2022, 230-б.



**Әбдіқали Б.Ә.,** Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің қор сақтаушы маманы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент жұмыс тобының зерттеушісі

## **1928-1931 ЖЖ. Өңіріміздегі дәстүрлі дін өкілдерінің қуғындалуының себептері мен салдары**

Қазастанның Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуы халықтың ұлттық санасының өсіп, өзгеруіне, тарих ғылымының жаңа саяси мәдениетті қалыптастырудағы рөлінің күшеюіне үлкен дәрежеде өз ықпалын тигізеді. Қазіргі кезде жаңа заманның қоғамдық өмірінде болып жатқан күрделі құбылыстармен тығыз байланыста қаралатын өткен тарихи шындықтарды қалпына келтірудің үлкен проблемалық маңызы артып отыр. Қазақ халқының патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бірінші дүние-жүзілік соғыс кезіндегі күресі, жергілікті халықтың өздерін еріксіз түрде майданның қара жұмыстарына мобилизация жасауға көрсеткен қарсылығының Орта Азия мен Қазақстандағы өте күшті көтеріліске айналуы және де осыған байланысты көптеген мәселелер ұлттық мемлекеттің нығаю процестерімен тіке байланыстыра қарауды қажет етеді.

Кеңестер үкіметінің халқымызға жүргізген қуғын-сүргін саясаты әртүрлі сатылардың тұрды. Оның ең алғашқысы – халықты дінінен айырып, дінсіздікке тәрбиелеу. Дінінен айырылған халық өз бойындағы құндылықтарын жойып, бағыныштылыққа икемді болатынын жақсы түсінген үкімет «саяси қуғын-сүргіннің» алғышартын халық арасындағы дін өкілдерін қудалаудан бастады. Біз саяси қуғынға ұшыраған дәстүрлі дін өкілдері дегенде, сол кездері тұрғылықты халықтың басым бөлігін құраған мұсылмандармен қатар, христиан дінінің өкілдерін де қарастырамыз. Өйткені атеистік мемлекет ретінде КСРО жалпы дінге қарсы саясат жүргізді. Дінді мемлекеттік өмір түгілі, қоғамдық және жеке өмірден де ығыстырып шығару үшін мүмкіндігінше, барлық заңнамалық негіздер және мейлінше пәрменді идеологиялық машина қуатты түрде қолданылды. Дінді мемлекеттен ажырату туралы, діни бірлестіктер және олардың мүлкі мен құндылықтарын тәркілеу жөнінде заң қабылдаудан бастап, әртүрлі қаулылар, бұйрықтар, нұсқаулықтар арқылы және арнайы ұйымдастырылған науқандар (мысалы, Қазақстанда «сопы операциясы» немесе «ишандар ісі») арқылы, арнайы құрылған «Құдайсыздар қоғамы», «Қосшы», «Қызыл отау» ұйымдарының, «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі» басылымдарының жүргізген барынша белсенді үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде дін қызметіне шектеу қойылды. Құдайға құлшылық жасау, діни жиналыстар мен мерекелер өткізу кеңестік жүйеге жат деп саналып, тыйым салынды, діни мектептер жабылды. Барлық шіркеулер мен мешіттер мемлекет меншігіне өткізіліп, мәдени-ағарту орындарына берілді, тіпті кей жерлерде мал қораға айналдырылды. Ғылыми атеизм міндетті пәнге айналды. Дін қызметкерлері, молдалар мен ишандар, тіпті олардың отбасы мүшелері сайлау құқығынан айырылып («лишенцы»), оларға қысым көрсетілді. Қазақстандағы большевиктік-сталиндік жүйе қазақ халқының ұлттық болмысы мен санасы, тілі мен дәстүрлі мәдениетімен қатар, ұстанған дініне де орасан зор нұқсан келтірді. Алғашында бұл қысымдар саяси түрде жүзеге асқан болса, 1928 жылдан бастап дін өкілдерін қуғын-сүргінге ұшырату, әртүрлі айыптармен түрмеге отырғызу, тергеу, ұрып-соғу арқылы қудалау арта түсті. Нәтижесінде, көптеген дін өкілдері туған жерлерін тастап, өзге мемлекеттерге қашып кетуге мәжбүр болды. 1931 жылға дейін қарқынды жүрген бұл қысым – дін өкілдерін көпшіліктен шеттетіп, қоғамға қажетсіз адамдар тобына айналдырды. Бұл саясат мұнымен тоқтап қалмай, тұрақты түрде жалғаса берді. 1937 жылы НКВД-ның № 00447 құпия жедел бұйрығы шықты, оған сәйкес дәстүрлі дін өкілдері «шіркеулер мен сектанттық белсенділер», «Кеңес үкіметіне қарсы белсенділер» деп жарияланып, қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл бұйрықты жүзеге асыру 1937 жылдың тамызында басталды. Алайда, БКП(б) ОК Пленумында 1937 жылғы қазанда КСРО Жоғарғы кеңесіне алдағы сайлау кезінде діни ұйымдардың оларға қауіптілігі туралы пікірталас туындады. Осыған байланысты пленум НКВД директивасын қабылдап, «алдағы күндері шіркеу мен сектанттық мекемелерді контрреволюциялық ұйым деп жедел жоюды қамтамасыз етуді» бұйырды. Дін қызметкерлеріне мешітте жүргізіліп жатқан уағыздардың арасында контрреволюциялық насихат жұмыстардың жүргізіліп жатқандығы жайлы, «бұрыс ағымдағылар» деген айыптар тағылды. Мешіт-медреселер жұмысын тоқтатты. Діни жинағы бар кітап материалдарды кәмпескелеп, мешіттерді жауып, мешіт ғимараттарын басқа жолда пайдаланды. Дін қызметкерлеріне - пантүрікшіл, панисламшыл сынды айыптар тағылған болатын. Үздіксіз қуғындау, тұтқындау, жер аудару және «Халық жауы» ретінде ату - 1920-1930 жылдар аралығына созылды. Қуғын-сүргін туралы архивтік құжаттардың негізгі бөлігі осы уақытқа дейін зерттеушілер үшін қолжетімсіз болуының салдарынан, дәстүрлі дін өкілдері арасынан құрбан болғандар саны туралы нақты деректер әлі күнге толыққанды анықталып бітпеген. Дегенмен, 2020 жылдың 30 мамырында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев «Саяси қуғын-сүргінқұрбандарын толық ақтау» жөнінде жарлыққа қол қойды. Нәтижесінде, республикалық, облыстық, қалалық зерттеу топтары ұйымдастырылып, зерттеу жұмыстары басталған болатын. Зерттеумен айналысатын жұмысшы топтардың құрамы Тарих саласының дәрежелі ғалымдары мен архив ісінің шебер мамандарынан құрылды. Аталған тақырып негізінде Шымкент қаласында құрылған жұмысшы топ зерттеушілері Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің, Қоғамдық саяси тарих архивінің, Шымкент қалалық полиция департаменті Арнайы архивінің, Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі архивінің қорларымен жұмыс жасап, ақтауға жататын азаматтардың істерімен тұрақты айналысып келеді. Ақпараттарды жинақтау және сараптау нәтижесінде Түркістан облысы және Шымкент қаласы аймағында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дәстүрлі дін өкілдеріне жататын (құжаттамалық дәлелдерге сүйене отырып) 107 азамат анықталып отыр. Нақты айтқанда, оның 76 Ислам дінінің өкілі болса, 31 Христиан дінінің өкілі. Аталынған 76 Ислам діні өкілінің 19-ы нақты Шымкент қаласында туылғаны немесе Шымкент қаласында өмір сүріп, қызмет атқарғандығы анықталып отыр. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшыраған дәстүрлі дін өкілдерін негізінен «Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексі» бойынша 58-баптың 2,6,7,8,10,11 – тармақтарымен айыпталғаны анықталып отыр. Азаматтарға қатысты деректерді сараптау нәтижесінде Ислам діні өкілдеріне жататын аталған 76 азаматтың:

- Шымкент қаласы – 19 азамат;
- Түркістан қаласы – 9 азамат;
- Арыс ауданы – 5 азамат;
- Бәйдібек ауданы – 3 азамат;
- Келес ауданы – 9 азамат;
- Қазығұрт ауданы – 2 азамат;
- Мақтарал ауданы – 5 азамат;
- Отырар ауданы – 3 азамат;
- Түлкібас ауданы – 2 азамат;
- Сайрам ауданы – 6 азамат;
- Созақ ауданы – 4 азамат;
- Қызылорда облысы – 1 азамат;
- 8 азамат зерттелуде. Бұл азаматтардың өмір сүрген немесе қызмет атқарған елді-мекені туралы ақпарат іздестірілуде.

Бұл тізімдегі аталған 76 азаматтың 57-сі атылған, 6 адам жер аударылған, қалған 13 адамға қатысты деректердің аз болуы себепті сот үкімдері белгісіз. Қазіргі уақытта зерттеу жұмысы жүргізіліп жатқанына байланысты, бұл тізім әлі де жаңа есімдермен толықтырылады.

Сонымен қатар, аталған 31 Христиан діні өкілдеріне қатысты зерттеу жұмыстары нәтижесінде олардың:

- 14 азаматтың - Шымкент қаласынан;
- 1 азаматтың - Ордабасы ауданынан;
- 4 азаматтың - Бәйдібек ауданынан;
- 2 азаматтың - Түлкібас ауданынан;
- 7 азаматтың - Жамбыл облысынан;
- 1 азаматтың - Қызылорда облысынан екені анықталды.
- 2 азамат зерттелуде.

Бұл тізімдегі аталған 31 азаматтарға қатысты ақпарат пен деректердің аздығына байланысты, үкім-шешімі, қаулы-қарары және қорытындысы әзірге нақтыланбаған.

Зерттеу жұмыстарының жалғасуы нәтижесінде Түркістан облыстық мемлекеттік архиві қорынан Сайрам ауданына қарасты көптеген ауылдарда (олардың кейбірі қазіргі уақытта Шымкент қаласына жатқызылады) өмір сүрген дін өкілдерінің өмірін баяндайтын ақпараттар табылған болатын:

Түркістан облыстық мемлекеттік архиві қоры негізінде:

Қор-№168, тізбе-1, іс-№154 (46,47,48,49 – бет)

**Қарабұлақ-Калинин** қышлақ шорасының құрамында болған хақысыздардың тізімі

р/н	Өзінің және әкесінің аты	Хақысыз ба?	Қамақта ма?	Қашып кеткені Қайда тұрады?	Қышл-ақта ма?	Қайсы жылдан хақысыз болған?	Не үшін хақысыз болған?
1	Әбдірахим Тойшыбекұлы	хақысыз	қамақта	Шымкент	жоқ	1928	имам
2	Ташмат Исраилұлы	хақысыз	жоқ	қашқан	жоқ	1928	имам
3	Мәлікжан Мырзабайұлы	хақысыз		-	жоқ	1928	имам
4	Ибрахим Нышанұлы	хақысыз	қашқан	-	жоқ	1928	имам
5	Исраил Имамұлы	хақысыз	қамақта	-	жоқ	1928	имам
6	Маманияз Әлиметұлы	хақысыз	қамақта	-	жоқ	1926	имам
7	Мырзадәулет Ботаұлы	хақысыз	қашқан	-	жоқ	1926	имам
8	Моланай Нұрмұхаммедұлы	хақысыз	қашқан	-	жоқ	1928	имам
9	Молдаөмір Тәшметұлы	хақысыз	қашқан	қашқан	жоқ	1928	имам
10	Атахан Рысбайұлы	хақысыз	қашқан	қашқан	жоқ	1928	имам
11	Құдайберген Халметұлы	хақысыз	қашқан	қашқан	жоқ	1928	имам
12	Әбдіғани Анарматұлы	хақысыз	қашқан	қашқан	жоқ	1928	имам
13	Сүлейменқажы Юсупәлиев	хақысыз	жоқ	қашқан	жоқ	1928	имам
14	Атанияз Тоқтарұлы	хақысыз	қамақта	жоқ	жоқ	1928	имам
15	Мүтәл Артықбайұлы	хақысыз	қамақта	жоқ	жоқ	1928	имам
16	Әбділлә Өмірұлы	хақысыз	жоқ	қашқан	жоқ	1930	имам, саудагер
17	Дәйімқұл Хәйтекұлы	хақысыз	қамақта	жоқ	жоқ	1930	имам
<b>18</b>	<b>Гүлтөрехан Ишанханұлы</b>	<b>хақысыз</b>	<b>қашқан</b>	<b>-</b>	<b>жоқ</b>	<b>1926</b>	<b>ишан, имам</b>

Қор-87, тізбе-1, бума-3, іс-42.

**«Қарамұрт-қакпа»** қышлағындағы хақысыздардың тізімі:

№	Өзінің, әкесінің аты	Отбасындағы жан саны	Қайда тұрады	Қашан хақысыз болды	Не үшін хақысыз болды
1	Әбдіқадір Әбдірайымұлы	12	Қоқан	1929 ж	дамолла
2	Төленді Ахметназарұлы	2	Өлген	1929 ж	Дамолла
3	Құлатқожа Байсақожаұлы	6	Ташкент	1929 ж	Дамолла
4	Жалал Нұрметұлы	5	Ташкент	1929 ж	Дамолла
5	Низамхан Камалханұлы	4	Ташкент	1929 ж	Дамолла
6	Құруанбек Әлімұлы	4	Шымкент	1929 ж	Дамолла
7	Камалхан Әбділжанұлы	4	Ташкент	1929 ж	Дамолла
8	Тойшы Момынбайұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай, дамолла

9	ШыманРайымжанұлы	2	Шымкент	1929 ж	Бай, дамолла
10	ӘбділлақарыӘбдімәуленұлы	2	Ташкент	1929 ж	Бай, дамолла
11	МеруипханМірғанұлы	6	Ташкент	1929 ж	Дамолла
12	МеллағанМүсейұлы	4	Ташкент	1930 ж	Дамолла, дауагер
13	ӨмерханӘбдірайымұлы	10	Ташкент	1929 ж	Дамолла, ишан
14	ҚаралханӨмерханұлы	4	Ташкент	1930 ж	Дамолла, ишан
15	СұлтанӘметхан	5	Ташкент	1929 ж	Дамолла
16	ӘбдірахманҚолатұлы	5	Ташкент	1931 ж	Ишан
17	БуваМаннатұлы	5	Ташкент	1929 ж	Бақал, ишан

Қор-168, тізім-10, бума-4, іс-263 (1, 3, 4, 5-беттер)

«Шымкент Қақпа» қышлақ шорасының қарамағында болған хақысыздардың тізімі:

№	Әкесінің, өзінің аты	Жасы	Отбасын дағы жан саны	Қайда тұрады	Қай уақыттан бері хақысыз болған	Не себептен хақысыз болған
1	Мұхтұржан Сұлтанұлы	40	4	Сайрам бекер	1930-31 ж	Ишан, саудагер
2	Тұрымет Ырсыметұлы	61	8	Сайрам бекер	1928-29 ж	Мешіт молдасы
3	Селмон Насыралыұлы	70	7	Ташкент	1928-29 ж	Ишан, саудагер болған
4	Зәкірхан Әбдікәдірханұлы	27	3	Ташкент	1930-31 ж	Ишан, саудегер, кісі күшінен пайдаланған
5	Морхан Зәкірханұлы	26	5	Ташкент	1930-31 ж	Ишан, саудагер, кісі күшінен пайдаланған
6	Смайлхан Момытханұлы	43	7	Опись болған	1927-28 ж	Бай, кулак, ишан
7	Құланқожа Нышанқожаұлы	68	4	Ташкент	1927-28 ж	Ишан
8	Ешен Қожайұлы	48	8	Ташкент	1928-29 ж	Ишан, қожа-молда
9	Бірланбай Бірханұлы	68	6	Ташкент	1928-29 ж	Делдал саудагер, дамолла
10	Құрбанқожа Салымсақұлы	45	6	Ташкент	1928-29 ж	Ишан
11	Аппасхан Надірханұлы	32	4	Ташкент	1928-29 ж	Ишан баласы, адам жалдаған
12	Табысхан Нәдірханұлы	38	4	Ташкент	1928-29 ж	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
13	Ташқожа Кәдерқожаұлы	35	7	Ташкент	1928-29 ж	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
14	Мұбарак Қашқанұлы	28	9	Ташкент	1928-29 ж	Ишан
15	Ақрамхан Қашқанұлы	36	5	Ташкент	1928-29 ж	Ишан

16	Сұлтанхан Қашқанұлы	33	4	Ташкент	1928-29 ж	Ишан
17	Ахметжан Медмержанұлы	45	8	Ташкент	1928-29 ж	Ишан, молда, кісі күшінен пайдаланған
18	Ергеш Әлқошұлы	34	6	Ташкент	1928-29 ж	Ишан, молла, кісі күшінен пайдаланған
19	Тұрметмақсұм Рысметұлы	43	8	Ташкент	1928-29 ж	Ишан, дамолла, кісі күшінен пайдаланған
20	Сейітжан Омарқожаұлы	35	4	Ташкент	1930-31 ж	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
21	Құлмат Мадырайымұлы	47	-	Ташкент	1930 ж	Дамолла болған
22	Сартқожа Қазықожаұлы	37	-	.....	1930 ж	Ишан мүрит атанған
23	Айымхан Ғниязқанұлы	65	-	Ташкент	1930 ж	Ишан мүрит атанған
24	Тасқожа Әбдіжаппарұлы	32	-	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак, ишан болған кісі
25	Ғабдірахман Исламұлы	53	-	Ташкент	1930 ж	Дамолла, ишан болған кісі
26	Момынғазы Қасымұлы	39	-	Ташкент	1930 ж	Дамолла, ишан
27	Бадалхан Құрбанқұлұлы	62	-	Өлген	1930-31 ж	Бай, дамолла болған, кісі күшінен пайдаланған
28	Сәбитқазы Халқожаұлы	70	-	Ташкент	1930-31 ж	Ишан, мүрит болған
29	Мірсағ Дамоллаұлы	29	-	Поселкада	1930-31 ж	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
30	Мусақажы Асқарұлы	57	-	Өлген	1929 ж	Ишан болған
31	Әлжаман Исламұлы	55	-		1929 ж	Дамолла болған
32	Әлімхан Сайдақбарханұлы	60	-	Ташкент	-	Ишан болған
33	Яқұпжан Юсупжанұлы	38	-	Ташкент	-	Дамолла, ишан
34	Әбілқасым Ахметқожаұлы	50	-	Ташкент	-	Дамолла
35	Ариқан Башшаюсүпұлы	60	-	Ташкент	-	Саудагер, ишан

Қор-168, тізбе-10, бума-4, іс-263 (1-12 беттер).

«Сұлтанрабат» қышлағындағы хақысыздардың тізімі:

№	Өзінің, әкесінің аты	Отбасындағы жан саны	Қайда тұрады	Қашан хақысыз болды	Не үшін хақысыз болды
1	Сопыезез Қайыпезезұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак, имам
2	Жұмабай Жолдашұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бай, ишан
3	Әбдірахман Әбдіхалықұлы	4	Ташкент	1929 ж	Имам

Тоқтала кететін тағы бір мәселе, зерттеу жұмыстары барысында кездесетін қиындықтар - қуғын-сүргінге ұшыраған «бай-қулақтардың» дәстүрлі дінмен тікелей байланысты болуы. Себебі, сол заманда дін өкілдері - имамдар, молдалар, ишандар қарапайым халықпен салыстырғанда әлеуметтік жағдайының шамалы жақсы болуы олардың «бай-қулақтар» қатарында қуғандалуына себеп болды. Қолдағы ақпараттарға сүйене отырып, дін өкілдерінің адамдарды емдеу жұмыстарымен айналысқанын байқауымызға болады. Көпшілік сол кезде «дауагер» деп атайтын бұл азаматтар емдеудің дәстүрлі халық медицинасы мен шөп-дәрілермен емдеу түрін қолданған болатын. Емделген адамдар емнің ақысына азын-аулақ ақша мен қолындағы малын ұсынғаны белгілі. Осының нәтижесінде дін өкілдерінің әлеуметтік жағдайы дұрысталып, бұл азаматтар байлардың қатарына жатқызылды. Және де, кейбір дін өкілдері «бақалшы» ретінде ұсақ-түйек нәрселерді алып-сатумен айналысып күн көрді.

Кеңестік үкіметтің дін қызметкерлеріне жүргізген қысымы - бұл азаматтардың тыныштық өмірін бір сәтте аласапыранға айналдырды.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» (VI-бөлім: Ишандар ісі). «Мектеп» баспасы. Алматы 2017: 457-533 б.
2. Б. Байназар «Түншыққан шындық». Алматы 2018: 231-256 б.
3. Н. Семенова «Возьми свой крест и следуй за мною». Санкт-Петербург 2016: 84-163б.
4. Шамсутдинов Р. Каримов Н. «Репрессия». Өзбекстан 1997: 78-188 б.
5. ТОМА №168 қор, тізбе 1, бума 4, іс-79,154,263
6. ТОМА №87 қор, тізбе 1, бума 3, іс-42
7. ТОМА №505 қор, тізбе 1, бума 3, іс- 54
8. ТОМА №816 қор, тізбе 1, бума 4, іс-26

### **Шаймуханова С.Д., Чатыбекова К.К., Нуртазаева А.Б.**

Международный Инженерно-технологический университет

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана

### **СУДЬБЫ РЕПРЕССИВНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КАЗАХСТАНА**

Как известно, в годы сталинского режима необоснованным политическим репрессиям подверглись многие общественные и государственные деятели, представители различных слоев населения, а также целые народы и этнические группы, насильственно депортированные из постоянных мест проживания. Трагичность тоталитарной системы, которую народ пережил 30-50 годы, состояла в том, что в стране это испытала, практически каждая семья. Методично уничтожались миллионы безвинных людей. Это была настоящая трагедия человечества XX столетия.

Для Казахстана 14 апреля 1993 года имеет особый смысл. Так сложилась история, что наша республика стала местом депортации для миллионов советских граждан. Одним из первых законов, принятых в суверенном Казахстане, стал Закон РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий», за первые несколько лет, было реабилитировано около 350 тысяч человек. День памяти жертв политических репрессий отмечается по Указу Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева с 1997 года. 31 мая 1997 год – объявлен «Днем памяти жертв политических репрессий».

Жуткая колесница репрессий прокатилась по степям Казахстана, преобразованного в декабре 1936 года из автономной республики в союзную. Под эту репрессию попали первые секретари областных, городских и районных комитетов партии и председатели городских и районных советов, а также кандидаты в члены бюро ЦК КП(б) Казахстана во главе с секретарями ЦК Л. Мирзояном и С.Нурпеисовым. В числе пострадавших были активные участники установления советской власти в Казахстане С.Сейфуллин, У.Жандосов, А.Розыбакиев, А.Асылбеков и многие другие.

В период партийной чистки кто не внушал доверия или когда-то ошибался, безжалостно изгонялись из рядов ВКП(б). Основными фактами обвинения были принадлежность или сочувствие троцкизму, «правым» и «национал-уклонистам». На первом съезде КП(б) Казахстана (5-12 июня 1937 года) были избраны 85 членов и 35 кандидатов, 11 членов ревизионной комиссии, то на третьем Пленуме (25 октября 1937 года) в списках осталось только 68 членов ЦК, а в начале 1938 года были репрессированные все члены и кандидаты в члены ЦК и ревизионной комиссии. Арестованы все члены ЦК КП(б) Казахстана: И.Курамысов, Б.Нурпеисов, Ж.Садвакасов. и другие. В ноябре этого же года решением бюро ЦК КП(б) Казахстана сняты с работы 24 ответственных работников, в том числе

18 секретарей райкомов партии. Из 11 членов бюро Алма-Атинского обкома партии 8 оказались «врагами народа». Они разоблачались помимо бюро обкома, «благодаря» сигналам рядовых коммунистов и работе органов НКВД. По указанию сверху местные органы широко применяли метод провокации и клеветы, в отношении честных людей.

Во второй половине 1938 года по Северо-Казахстанской области партийной организацией исключено из партии 317 человек: как «враг народа» - 154 человека, белогвардейцев – 17, жуликов и аферистов, расхитителей социалистической собственности – 23, за саботаж – 18, по другим причинам – 105 человек.

В 1935-1938 годах сложилась практика массовых репрессий по государственной линии, сначала против троцкистов, зиновьевцев, бухаринцев, алашординцев, а затем и против многих честных людей, против тех кадров партии, которые вынесли на своих плечах гражданскую войну, самые трудные годы индустриализации и коллективизации, которые активно боролись за справедливость, за интересы народа. Реализация плана Сталина по массовым репрессиям началась решением ЦК ВКП (б) от 2 июля 1937 г. Затем последовал оперативный приказ наркома внутренних дел Ежова. 3 декабря 1937 года ЦК ВКП(б) утвердил предложение ЦК КП(б) Казахстана об увеличении количества репрессированных по Казахстану на 600 человек по первой категории и на 1000 человек по второй категории.

Политбюро ЦК ВКП(б) как по собственной инициативе, так и на основании заявок НКВД, ОГПУ республиканских партийных и советских органов утверждал лимиты лиц, подлежащих репрессиям по отдельным регионам. По аналогии с московскими процессами на местах организовывались «открытые» судебные заседания, на которых из подсудимых методом физического воздействия выбивались необходимые «показания». В 1937 году такие процессы проводились, в Семипалатинских, Северо-Казахстанской областях, а также в Караганде над участниками контрреволюционной группы по Каркаралинскому округу во главе с А.Асылбековым, Н.Нурсеитовым, М.Гатауллиным и другими.

Крупным из этой истории был Карагандинский процесс. Только по одному этому делу в области было репрессировано 400 человек. Несмотря на пытки, следователям далеко не сразу удавалось сломить волю подсудимых. Арестованные длительное время отрицали свою виновность. Показания с признанием вины А.Асылбеков, Н.Нурсеитов, М.Гатауллин по Каркаралинскому делу дали лишь через 30-40 мучительных дней. Они находились под следствием с июля по ноябрь 1937 года.

В результате пыток и истязаний заместитель председателя СНК РСФСР Т.Рыскулов вынужден был подписать ложные признания о том, что он в 1919 году якобы примкнул к антисоветской организации, был ее идеологом, создал блок с лидерами контрреволюционных организаций троцкистов и указал на лиц, которые вместе с ним будто бы стояли в антисоветской организации.

Ко всем арестованным применялись методы следствия, мучительные пытки, побои и истязания. Более года арестованных готовили к суду, подвергали издевательствам, угрожали расправиться с семьями, помещали в карцер. Подсудимых заставляли наизусть учить протоколы допросов и не отклоняться от заранее подготовленного судебного фарса.

26 января 1938 года в Караганде была арестована группа шахтеров-передовиков. Среди них заведующий шахтой № 1 М.Малютин, начальник участка Я.Назаров, врубмашинист В.Гребцов, десятник Поддубный, рабочий Сердюк и др. Им было предъявлено обвинение в том, что, являясь членами контрреволюционной организации, проводили диверсионно-вредительскую работу на шахтах. По решению тройки НКВД по Карагандинской области от 14 февраля 1938 года, они были необоснованно подвергнуты высшей мере наказания – расстрелу. Это решение было приведено в исполнение 7 марта 1938 года.

В результате репрессий и чисток в Караганде, так же как и по всей стране, пострадало немало талантливых руководителей, организаторов производства. Это Дрей, Лурье, Дунайский и другие. В том же 1938 году на шахте № 2 имени Горького случился пожар. Загорелся кабель, сложенный в бухту. Погибли люди. Восточное крыло шахты было временно изолировано. Специальной комиссии по расследованию пожара не было. Его вели НКВД и горноспасатели. Из виновных пострадал механик участка и в определенной мере механик шахты. Но во вредительстве были обвинены и заведующий шахтой Ф.Ф. Налетов, и главный инженер Н.Д. Посметухов. Но, отбыв срок в лагерях, Посметухов вернулся в Караганду, где работал на комбинате «Карагандауголь», главным инженером треста «Кировуголь». Десять лет его руководства коллективом этой шахты стали яркой вехой в истории Карагандинского угольного бассейна.

Пострадало большое количество работников аппарата треста «Карагандауголь»: В.Смертюк, Ж.Султанбеков, И.Федорович, главный механик Чернокожников, горный мастер О.Куперман, главный энергетик В.Гейдеман, инженер-механик С.Рыбников, теплотехник, профессор МВТУП. Соловьевы др. Куратор угольной отрасли в Карагандинском обкоме партии М.Батчаев, заведующей фермой совхоза № 1 треста Карагандауголь» Л.Буттэ.

Бывшего ответственного ЦК Компартии Казахстана Бекболата Мустафина обвиняли в том, что «работая в Карагандинском обкоме партии, он организовал вредительскую работу на шахтах Караганды, проводил диверсионную работу среди казахстанской интеллигенции о вступлении в контрреволюционную националистическую организацию». 20 дней его держали в карцере, морили голодом и пытали. Но он был тверд духом, молчал до последнего и отказался от ложного признания. Основная цель следователей – была во чтобы то ни стало выбить признания обвиняемого об участии в контрреволюционном преступлении как «врага народа».

Бывший секретарь Карагандинского горкома партии Р.Байжасаров рассказывает, как он подвергся мучительному насильственному допросу следователями. 8 января 1938 года он на шахте им. Костенко попал в аварию и получил травму позвоночника. Долгое время находился в больнице, а 18 июня после выписки из больницы его арестовали.

При дознании использовали моральные и физические насилия, допрашивали: «Кто является руководителем контрреволюционной организации в Караганде?», сажали в конвейер и кричали в ухо, называли фамилию и пиши, пинали ногами до обморочного состояния, вонзили иглы под ногти...».

Такими методами следователи добивались ложного признания и от Р.Байжасарова, которого осудили на 20 лет как «врага народа».

Неоценимый вклад внесли геологи М.П.Русаков, К.И.Сатпаев в изучении недр нашей страны, в развитие её минерально-сырьевой базы, в индустриализацию, её обороноспособность, в победу над фашистской Германией и послевоенное восстановление разрушенного народного хозяйства.

В послевоенные годы М.П.Русаков возглавлял поисковые работы месторождений руд и благородных металлов в Казахстане. И в этих направлениях были немалые достижения.

Эти рудники способствовали и росту Балхашского комбината. М.Русаков вместе с К.И.Сатпаевым заложили основу будущего Жезказгана, Коунрадского месторождения меди. Но 31 мая 1949 года по клеветническому доносу М.П.Русаков был арестован органами безопасности, осужден и выслан в Красноярский край. Об этом К.Сатпаев узнал из письма матери Русакова с просьбой о помощи. Каныш Имантаевич в Москве добивался об освобождении Русакова, подчеркивая огромные заслуги геолога перед страной, доказывая абсурдность обвинений в его адрес. Но к тому времени К.Сатпаев оказался под подозрением, его обвиняли в национализме и политических ошибках. Сатпаев был вынужден обратиться за помощью к Сталину. Вскоре все обвинения против него были сняты. Несмотря на сложное время Сатпаев продолжил бороться за возвращение своего друга академика М.П.Русакова. В 1954 году Михаила Петровича реабилитировали, он досрочно вернулся из заключения. Это был нравственный подвиг и Михаила Петровича Русакова, и Каныша Имантаевича Сатпаева. Русаков сразу же приступил к своим геологическим делам.

В тяжелейших условиях принудительного труда многим геологам-заключенным помогла выжить, не сломаться их профессия, ставшая необходимой на строительных и горнопромышленных объектах ГУЛАГа, преданность профессиональному долгу.

Пострадало много невинных людей, но к великой их чести большинство из них прошло это тяжелейшее время испытаний с высоким чувством человеческого достоинства, не ожесточились и не очерствели душой.

Напомним, что в результате жестокой политики по выявлению «врагов народа» страдали не только репрессированные, но и их дети, которые оставались без отцов и матерей. В Казахстане с 1921 по 1954 годы по политическим мотивам было репрессировано более 103 тысяч человек и расстреляно свыше 25 тысяч, среди них и представители казахстанской элиты: видные деятели науки, культуры, политики. Только через ГУЛАГ с 1934 по 1941 годы прошли более 6 миллионов человек разных национальностей.

Последствия советской тоталитарной политики сегодня изучаются историками России и Казахстана. Это нужно для того, чтобы такие трагические страницы истории не повторялись в будущем, и об этом знало и помнило наше молодое поколение.

«Без знания истории не может быть казахстанского патриотизма, а без патриотизма немислимы консолидация и единение всей нации для решения судьбоносных задач» - Ерлан Сыдыков, ректор ЕНУ им. Л.Гумилева.



### **Использованные источники и литературы**

1. Кекилбаев А.К. Депортированные в Казахстан народы. Время и судьбы. – Алматы, «Арыс» - Казахстан 1998.
2. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда, 1997, с. 117-119.
3. Шаймуханова С.Д. «Политические репрессии в Казахстане» (30-40-е – начало 50-х гг.) – Караганда, 2000.
4. Памяти жертв политических репрессии. – Государственный архив Карагандинской области. Материалы научно-практической конференции 30 мая 2003 г. Караганда, 2004.

### **Жанболатов Саттар Есбергенұлы**

М.Әуезов атындағы ОҚУ Жалпы тарих және музей ісі кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.  
Шымкент, Қазақстан Республикасы.

### **ТАУҚІМЕТІТАУДАЙ –ДАРА ҰЛТ**

Көптеген мұрағат дерекері Қазақстандағы ашаршылық апаты 1927-1928 жылғы жұттан кейін-ақ басталғанын көрсетеді. Мәселен, Адай округінде мал жұтап, адамдар аштыққа ұшырап, Гурьев уезінің де біраз ауылдары ашаршылыққа ұшырады. Жүздеген босқындар тентіреп республиканың оңтүстігіндегі аудандарға дейін жетті. 1928 жылдың 27 қарашасында Шымкенттің Халық Комиссарлар Кеңесіне Гурьев уезінен келген 350 отбасына азық-түлікпен көмектесіп, оларды ұжымшарларға жұмысқа орналастыру үшін 100мың сом несие, 8 мың пұт астық сұраған жедел хат түседі. Сонымен бірге, 1927-1928 жылдың қысында әбден көйзелген Маңғыстау халқы Түркіменстан жеріне дендеп, одан әрі Иранға жұмыс іздеп, тамақ табудың амалымен босқыншылыққа ұшырады. Мұрағат құжаттары көрсеткендей Красноводскіге-1000, Байрамәліге-50, Тедженге-100 казак шаруашылықтарының кеткендігі айтылады [1, 2-5 п.п]. Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру, байлардың мүлкін тәркілеу Ф.И.Голощекин бастаған қанқұйлы жендеттердің қате саясатының салдарынан аңғал да, аяулы халқымыз бұрын-соңды болып көрмеген зұлматқа ұшырады. Кеңес Одағын мекен еткен сан республикалар мен халықтардың ішіндегі көп аштықтан қырылған, репрессия мен күштеп ұжымдастыру құрбанына айналған төл халқымыз болғанын қазіргі бұлтартпас фактілер арқылы көргенде еріксіз, ішің ашып қынжыласың. Неге бұлай болған, әділетсіздіктің азабын неге біздің халқымыз ала-бөтен көп көрген деген сұрақтар жауап іздеп тұрады.

Осындайда Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын мың өліп мың тірілген»-деп басталатын өлең жолдары ойға оралады. Бұл сөзіміз жалаң болмас үшін мына төмендегі құжаттардан үзінділер келтіріп өтейік «Как видно из помещенных в таблицах данных движения населения в различных республиках, районах и областях страны далеко не одинаково. Сразу обращают на себя внимание неблагоприятные показатели естественного движения населения по Украине и Казахстану Стремясь объяснить причину этого явления Краваль в правительственной записке Сталину и Молотову выделяет пять групп территориальных районов в соответствии с основными тенденциями развития населения. 2-группа – национальные республики и области. Все они за исключением Казахстана, отличаются большим приростом населения как за счет естественного прироста, так и за счет притока извне: Узбекская ССР 28,8%, Туркменская ССР 18,8%, Киргизская ССР 37,2%, Азербайджанская ССР 32,8%, Армянская ССР 38,6%, Грузинская ССР 27,3%, Дагестанская АССР 28,3%, Карелия 92%

5-группа – области в основном сельскохозяйственные с неблагоприятными показателями естественного движения населения и относительно большим по сравнению с другими областями процентом выселения за пределы области кулацких элементов Сюда относятся сельскохозяйственные области Украины, Казахстана, Курская область, Саратовская область, Республика немцев Поволжье». Көріп отырғанымыздай, Краваль бұл жазбасындасол елдердегі аштық туралы үн қатпайды тек көп жағадйды кулактандырудың салдарынан көшіп кеткен деп көрсетеді де қояды. Бұл мәселеде неғұрлым дәл мәліметті біз 1937 жылғы Денсаулық сақтау бөлімінің орынбасары М.В. Курманның мәлімдемелік хабарламасы. Ол ең алдымен Қазақ ССР территориясынан халықтың үдере көшуінің ұжымдастыру мен кулактандыру салдарынан екеніне мән береді. Оның есебі бойынша 1930-1932 жылдары Қазақстанның территориясынан шет аймақтарға 1,3 млн адам кеткен. Әйтседе бұл цифрлардың ішінде өлген адамдар туралы мәлімет жоқ Сондықтан да бұл цифрлар азайтылып көрсетілген деп санаймыз. Себебі бұл жерде Қазақ халық шаруашылығы есептеу басқармасы бастығы М.С. Саматовтың 1937 жылғы 14 қаңтардағы баяндамасын ескермеуге болмайды. Онда Қазақстанның ауыл тұрғындары 1930 жылғы 1 шілдеден 1933 жылғы 1 шілде

аралығында 3379,5 мыңға азайып кеткенін баяндайды. 1936 жылы халықтың азаюы тоқтады деп көрсетеді ол соның өзінде 1930 жылмен салыстырғанда 2585,1 мыңға аз деп атап өтеді. Сонымен бір мезгілде қала тұрғындары 1931 жылдан 1936 жылдың аралығында небәрі 766,8 мыңға өскен. Бұдан ауыл тұрғындарының қалаға кетпегенін көруге болады. Осынау мәліметтердің авторы Саматовтың өзі 1938 жылы репрессия құрбаны болып кетеді [2, стр 42-43-44].

«Қытайдағы қазақтардың айтарлықтай бөлігі қазан төңкерісі Ф.И. Голощекиннің (1876-1941) зұлматы, ұжымдастыру, аштық, репрессия жылдарында кеткен қазақтар. 1950-1960 жылдарға дейін барыс-келіс жалғасқан. Монғолиядағы қазақтар Қытай жеріндегі қазақтардың жалғасы. Өзбекстандағы қазақтардың біраз бөлігі ОҚО, Қызыл-Орда, Ақтөбе және Маңғыстау жерінен кеткен қазақтар. Түркіменстандағы қазақтардың бір бөлігі өздерінің байырғы қоныстарында болса, енді бір бөлігі XX-шы ғасырда Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау облыстарынан көшіп кеткен қазақтар, ал, Иран мен Ауғанстандағы қазақтардың дені Маңғыстау және Қызыл-Орда облыстарынан ауған қазақтар». М.Ж. Бұлұтай. Дін және ұлт-Алматы, Арыс баспасы, 2006 394 -5846. Ал шет елге ауған қазақтардың хал ахуалы қандай болды деп сұрақ қояр болсақ. Олардың дені Қытайға қашқандарының біразы жергілікті қытай үкіметі әскерлерінің қолынан қырғынға ұшыраған. Түрлі аурлардан басқа да климаттық аурулар мен қиыншылықтардан аштықтан жол бойында зор шығынға ұшырап отырған. Тек Түркияға жеткен қазақтарға ғана түрік үкіметі жылы қарсы алып қолдан келгенше жағдайларын жасаған. Оралман қандасымыз белгілі дінтанушы, философ Мұртаза Бұлұтайдың айтуынша «Әкелеріміз 1933-37 жылдары Алтай аймағынан Шығыс Түркістанның Баркөл, Құмыл аймақтарынан көшіп барады. Сол уақыттарда ол аймақтарда ұзақ тұра алмай Қытай елінің ішкі өлкелеріне Шыңқай, Гансу аймағындағы мұсылман дүнген ағайындарға барып паналайды. Қыйын-қыстау заманды бастан өткеріп жүріп, он жылдай Үндістан-Пәкістан да, сонан соң 1953-1954 жылдары Түркия мемлекетінің арнайы шақыруымен босып жүрген қазақтар Түркияға көшіп қоныс тебеді. Көшіп келген қазақтардың ұзын саны – 1800-дей адам. Қалаға тұрамын дегендерді – қалаға, ауылда тұрамын дегендерді – ауылға орналыстырылған. Жалпы, түрік туыстар көшіп келген қазақтармен санасып, жағдай жасаған, Түркияның оңтүстік аймағында Ұлықыстау деген аудан бар. Сонда Болқар деген тау бар. Сол сілемнің етегінде 1957 жылдары Қазақ ауылы бой көтереді. Туған жерге деген сағыныштан болар ауылдың атын Алтай деп қояды»- дейді [3, 394-5846].

Еліміз тәуелсіздік алған соң шет елден келген қандастардың көпшілігі ата-бабасына арман еткен туған жерге келіп, белгілі бір салаларда қызмет ете бастады. Соның ішінде елімізге келіп танымал болған бір қатар тұлғаларды атап өтер болсақ әлемдік спорт додасында аты шыққан, мұсылман халқының арасынан таэквондоспортынан 6-данның тұңғыш иегері болған, бірдей шет тілін меңгерген елімізде тұңғыш рет таэквондо мектебін ашып қазақ балаларын таэквондодан шетелдерге жарысқа апарып жүлделі орындармен оралған еліміздің шет елде көк байрағын желбіреткен Мұстафа Өзтүрік. Өкінішке орай жастай қыршын жаста қайғылы қазаға ұшырап кетті. Белгілі дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты, кәсіпкер Ата-баба діні Түркілер неге мұсылман болды 2000ж, Мұсылман қазақ еліміз 2001ж, Дін және ұлт 2006 тағы басқа кесек туындылардың авторы Мұртаза Бұлұтай, Құран Кәрімді тұңғыш қазақ тіліне аударған, бірнеше діни және қазақтардың зобалаң жылдардағы көші турасында жазған өмірбаяндық кітаптың авторы, белгілі діни қайраткер абыз-ақсақал Халифа Алтай, ф.ғ.к, доцент шығармаларымен танымал болған Ислам Жеменей. Кезінде Қытай Халық Республикасының бокстан 11 дүркін чемпионы болған, елімізге көшіп келген қандасымыз, қазір кәсіпқой бокстан қазақстанның туын желбіретіп, атын алты құрлыққа танытып жүрген батыр перзенттерінің бірі Қанат Ислам. Бұл тізімді одан әрі де жалғай беруге борлар еді бірақ шағын мақаламыздың негізгі мақсаты бұл емес. Ал елге келе алмай көші-қон мәселесіндегі қиындықтарға байланысты шетте қалып қойған қаншама майталман тұлғалар жүр десеңізші. Ал олардың білімін, іскерлігі мен тың идеялары сол өмір сүріп жатқан елдерінің пайдасына шешіліп жатыр. Жалпы зұлмат жылдарындағы зобалаң тура бір қазақ халқын тарих сахнасынан жойып жіберуге бағытталған сияқты әсер қалдырады. Алаш-Ордашылар деген атпен қаншама қайраткерлеріміз репрессия жылдары атылып кетті.

Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхамеджан Тынышпаев, Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров, Нәзір Төреқұлов, Мұстафа Шоқай т.т. бұлар әлемдік деңгейде ойлай білетін Кеңес өкіметі көсемдерінің қай-қайсысынан да интеллектуалдық деңгейі мен ой-өрісі жағынан кем түспейтін біздің асыл тұлғаларымыз қазақ халқының алтын қоры, асыл генофонды еді. Әлі күнге дейін оларды ақтап тауыса алмай келеміз. Бұл репрессия қазақ зиялыларының кеңес өкіметінің алғашқы жылдары қызмет еткендерінің бәрін дерлік шарпып өткенін атап өтуге тиіспіз. Тіпті ғұлама ғалым Әлкей Марғұланды да Мағжан Жұмабаевпен достық қатынаста болғаны үшін 1 жыл бойы Ленинград түрмесінде ұстап

азапқа салғанын біреу білсе біреу білмес. Бұл зұлматтың қиындығын заңғар жазушымыз Мұқтар Әуезов те тартып. Мәскеуге қоныс аударуға мәжбүр болғаны белгілі. Тарихи шындықты ашып жазып Кенесары Қасымовтың көтерілісін ұлт-азаттық сипатын зерттеуіне байланысты талантты тарихшы Е. Бекмахановтың 25 жылға бас бостандығынан айыруға жазаға кесілгені мәлім. Бұл қуғын сүргіннің халқымызды қаншама тамаша-ақыл-ой иелерінің елімізді дамытуға қосар үлестерінен айырғанын аңғаруға болады. Сондықтан біз Тәуелсіздіктің бағасын басқа ұлттар мен халықтардан да терең түсінуге тиіспіз.

Ғасырлар бойы сан-талауға түскен халқымыз ұлт ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалғанын ешуақытта естен шығармауға тиіспіз. Қазіргі таңда кейбір саясатшы сымақтармен арандатушылар халқымызды түрлі демагогиялық ұрандарды желеу етіп өзге халықтарға айдап салуға тырысып бағады. Бұл мәселеде аса сақ болуға және ешқандай арандатуларға еріп кетпеуге тиіспіз. Тәуелсіз еліміздің шекарасы бекітілген қазақ халқының ешкімге шекара дауы жоқ. Қазақ тілі сынды мәселеге келсек ол мәселе де шешімін табады. Тіл мәселесі қазақтың қазақпен қазақша сөйлеуінен бастап бүлдіршіндеріміздің төл тілімізді қадірлеп осы тілімізде бала-бақшалар мен метептерде білімін жалғастыруымен бірте-бірте шешімін табатын нәрсе. Бұл тілдік мәселеде жанұяның, ата-аналардың ролі аса зор. Қазіргі аумалы-төкпелі замандарда мемлекеттігіміз бен тәуелсіздігімізді сақтап қалу оның қадірін білбұрын соңды болмаған дәрежеде маңызды. Сондықтан бұл мәселелерде Мемлекет басшымыз Қ.К. Тоқаевтың да сарабал, саясат пен шебер дипломатиясы қатар жүргізіледі деп сенемін. Осы бағытта бәрімізде жас қазақ мемлекетінің берік тұғырда тұрақтап, халықтың игілігі үшін ғасырлар бойы жасайтын қуатты мемлекет болуына үлес қосуымыз керек деп санаймын. Жас ұрпақты да Отаншыл да білімді азаматтар етіп тәрбиелеу біздің ұстаздық, еліміздің алдындағы перзенттік борышымыз деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. ҚР ОММ. Қ. 1000. Т. 1. І. 31. П. 2-5.
2. Жиромская В. Б., Киселев И. Н., Поляков Ю. А. Полвека под грифом секретно. Всесоюзная перепись населения 1937 года. М.: Наука, 1996. С. 42-44.
3. Бұлұтай М. Ж. Дін және ұлт. Алматы: Арыс баспасы, 2006. Б. 394-584.

### **Сабденова Ә. С., Мырзакулова Э. А.**

магистр оқытушы, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті  
магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан Шымкент

### **СӘДУАҚАС БОҚАЕВТЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Халқымыздың әлем қауымдастығынан егемен ел ретінде өз орнын алып тәуелсіздік туын тіккен өзгерістерге толы кезеңінде еліміздің өткен тарихына деген көзқарас та жаңа сипатқа ие болып сол уақытқа дейін ақиқаты айтылмай бұрмаланған тарихи құбылыстар қайта зерделеніп объективті баға беріле бастағаны мәлім. Халқымыздың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған игі шаралар жүзеге асырылып төл тарихымызда өзіндік терең із қалдырған қайраткерлердің ғұмырнамасы зерттеліп ғылыми айналымға енгізілді. Мұндай ғұмырнамалық зерттеулер жекелеген тұлғалардың өмір жолын, сан-салалы қызметін танып-білумен қатар олар өмір сүрген тарихи кезеңді де жан-жақты саралауға мүмкіндік берді. Тұлғалардың тарихтан алар орнын Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген» – деп атап көрсетті. [1] Тоталитарлық жүйе үстемдік құрған кеңестік кезеңде қоғамдық өмірдің және ғылыми бағыттың шектен тыс идеологияландырылуы ХХ ғ. басындағы отарлық саясаттың мәселелерін зерттеуде өзіндік теріс әсерін тигізіп аталған мәселелерге қатысты біржақты тұжырымдар жасауға ықпал етті. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігермен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ...» [2] деп жазды. Елбасының осы маңызды тұжырымы тарихымызды жаңаша тарихи тұрғыда зерттеуді және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсат еткен қазақ зиялыларының қызметтеріне шынайы баға беруді күн тәртібіне қойды. Оларды «ұлтшылдар», «халық жауы» деп ешбір негізсіз тағылған жаладан ақтау және ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргізу

Отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселе екендігі айқын. Қоғамның ілгерілеуге ұмтылысын жеделдетуге ықпал ететін, көрегендігімен сол дәуірдің бағыт-бағдарын анықтайтын негізгі күш-зиялы қауым екендігі сөзсіз, сондықтан да зиялы қауымның тарихын зерттеу, олардың ролі мен ғылымға қосқан үлесін зерделеу бүгінгі ұрпақ үшін маңызды міндет деп білеміз. Осы ретте бүгінгі күні жеке тұлғаның қоғамдағы ролін зерттеу дәстүрге айналып тарихта ерекше көрініс тауып қолдау табуда. Десек те әділеттік бағасын алған, бірақ осы күнге дейін зерттелінбеген қайраткерлер қатары бары анық.

**Теориялық талдау.** Қазақстанда ХХғ. 20-30 жж. математика ғылымының дамуына өз еңбектерімен және зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы буыны қалыптасты. Олар математика ғылымы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, елімізде ғылым саласының өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларының биік шоқтығы қатарында көрнекті ғалым-математик, республикада математика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі ерекше орын алатындығы сөзсіз. Сәдуақас Хасенұлы Боқаев 1907 жылы 13 наурызда Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтер туып өскен Сарыарқа өңірінің Шыңғыстау баурайында өтеді. Әкесі Хасен оқуға мезгілі жеткен кезде Сәдуақасты педагог-ағартушы, ақын Тайыр Жомартбаевтың тәрбиесіне береді. Т. Жомартбаев педагогикалық қызметінде өзін жаңашыл мұғалім, прогрестік ой-сананың дамуына, діни- наным сенімдердің озбырлығына қарсы күрескер ретінде таныта алды. Т. Жомартбаев өткен ғасырдың басындағы қазақ ағарту ісі мен ұлттық әдебиеттің алғашқы қайраткерлерінің қатарына жатады. Отандық ағартушы-демократтардың әдеби-қоғамдық қызметі «Қазақ совет әдебиетінің тарихында»: «Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин негізін қалаған қазақ жазба әдебиетіндегі демократиялық, ағартушылық бағыт дәстүрі ХХғ. басында болған революция алдындағы жағдайларда қоғамдық мәселелерді, жаңа дәуір талаптарын, әсіресе қазақ ауылдарындағы теңсіздікті, таптық қанау мен еңбекшілердің азаттық күресін арқылы сын көтермейтін реализмнің жаңа серпіліс күшін тереңдетті. Бұл үрдіс Сәбит Дөнентаев, Мұхаметжан Сералин, Бекет Өтетілеуов, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және Тайыр Жомартбаев сияқты жазушылардың шығармаларында жарқын көрініс тапты» деп атап көрсетілді. Ол әртүрлі жанрада көркем шығармалар жазды, әсіресе оның «Зайсан», «Шыңғыстау», «Ана тілі» және т.б. туындылары кеңінен танымал болды. Сәдуақас Хасенұлының білімге құштарлығын ашудың қатар дарынды оқушыны тани білген математика ғылымының шыңына жетуге мүмкіндік жасаған алғашқы ұстазы осындай еді. Шәкіртінің жаратылыстануға деген ереше қабілетін байқаған тәжірибелі педагог оның оқуына дұрыс бағыт-бағдар берумен қатар Семей мен Зайсанда және Орынбор халық ағарту институтында білім алуына ықпал етті. С.Боқаевтың 1928 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқуын жалғастыруына және математик ретінде қалыптасуына профессор К.А.Тороповтың еңбегін атаған жөн. ХХғ. басында Мәскеу математика мектебінің деңгейі әлемдік деңгейде мойындалуы Д.Ф.Егоровтың және оның шәкірттері Н.Н. Лузин, И.И.Привалов, В.В.Степанов есімдерімен байланысты болды. Ал, Мәскеу мемлекеттік университетінің механика факультетінде Н.В.Жуковский, С.А.Чаплыгин сияқты көрнекті ғалымдар қызмет етті. С.Боқаев университетте П.С.Урысон, П.С.Александров, Н.Н.Лузин, В.В.Степанов сияқты белгілі математиктерден білім алу мүмкіндігіне ие болды. ХХғ. 30-жж. басында аталған білім ордасында М.Сәтбаев, А.Закарин, Ө.Жұмабаев, К.Игенов, С.Аяпбергенов, Т.Дарқанбаев, С.Ибрашева, А.Шәріпханов, Ә.Қанапин сияқты қазақ жастары да білім алды. Кейіннен олардың бірқатары Қазақстанда білім беру саласы мен ғылымның қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарды. С.Х.Боқаев еңбек жолын 1932 ж. маусымында Қазақ педагогика институтының математика кафедрасында ассистент ретінде бастайды. 1934 ж. қаңтарында ҚазПИ-дің жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Кафедра жетекшісі ретінде С.Боқаев оқытудың сапасын арттыруға, нақты ғылымдарды оқытудың озық әдістерін енгізуде өз тәжірибесі мен біліміне сүйенді. Нәтижесінде аталған кафедра республикада жоғары математикалық пәндерді оқытудың инновациялық деңгейіне көтеріліп елеулі жетістіктерге жетті. Өйткені, білікті маман математикалық білім беру ісін дамытудың негізгі факторы – КСРО-дағы жетекші оқу орындарының іс-тәжірибелеріне назар аудару қажеттігін түсінді. Әсіресе, Мәскеу мемлекеттік университетінде математиканы оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен қатар өз институтының оқыту тәжірибесіне енгізуге күш салды. Осы мақсатта Мәскеу қаласындағы бірқатар жетекші жоғарғы оқу орындары кафедраларының озық іс-тәжірибелерімен алмасып тығыз байланыс орнатылды, ал 1933ж. математиктердің Бүкілресейлік конференциясына қатысты. Республикада педагогикалық білім берудің зор маңыздылығын түсініп, жоғарғы оқу орындарында дәріс беретін оқытушылардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында аспирантура арқылы ғылыми бағытта зерттеуші-ғалымдарды даярлауды жүзеге асыруға ат салысты.

Нәтижесінде Әубәкіров, Жәутіков, Әмірбаев сынды дарынды шәкірттерін математика ғылымына баулыды. Математик-ғалым қазақ тілінде бірыңғай математика терминдерін жүйеге түсіру мақсатында орыс тіліндегі математика оқулықтарын қазақ тіліне аударып математикалық ұғымдарға сәйкестендірді. 1934 ж. институттың ғылыми-зерттеу бағытында жалпы пәндер бойынша терминологияны бір жүйеге келтіру үшін Терминология комиссиясы құрылды, оның құрамына С.Х.Боқаев, Ә.Ә.Ермеков, М.М.Мәскеевтер сияқты ғалымдар енді. Комиссия қабылдаған терминдер Мемлекеттік терминология комиссиясының бекітуіне ұсынылды. Алайда, бекіткенге дейін институт кафедраларына пәндер бойынша терминдерді ғылыми айналымға енгізуге рұқсат етілуі комиссия мүшелерінің жоғары кәсіби деңгейін байқатады. С.Х.Боқаевтың қазақ тіліне аударған оқу құралдары мен оқулықтары, жасаған ғылыми талдауы ғалымның қазақ тілінде математикалық терминдерді жасаудағы қомақты үлесін көрсетсе керек. Зерттеуші Б.М.Қосанов С.Х.Боқаевтың математика ғылымындағы оқу-әдістемелік бағытында дайындалған оқу құралдарында енгізген терминдерін 4 топқа бөліп қарастырады. Қазіргі күнге дейін қазақ тіліндегі алгебра оқулықтарындағы терминдердің мәселен, Н.А.Шапошников пен Н.К.Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» атты оқу құралын қазақ тіліне аударған кездегі автордың енгізген терминдері: «дәреже» - «степень», «дәреже негізі» - «основание степени», «теңдеу» - «уравнение», «теңдеулер жүйесі» - «система уравнений» және т.б. өзгеріссіз ғылыми айналымда қолданылуын, аударылмайтын халықаралық терминдерді қазақ тіліне аударуға қадам жасауы, автордың қазақ тілінің ғылыми тіліне сәйкестенуі үшін аса назар аударғандығын атап көрсетеді. 1934ж. қыркүйекте Сәдуақас Хасенұлы ҚазПИ-дің физика-математика факультетінің деканы болып тағайындалды. Факультет деканы ретінде ол оқу жұмысының жоғарғы оқу орнының талаптарына сәйкес жүргізуге, материалдық-техникалық базасының қалыптасуына, математика мен физиканы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге, студенттердің пәндерді толық меңгеруіне ерекше көңіл бөлді. Студент-жастардың интеллектуалды дамуына, логикалық және алгоритмдік ойлау негізінде математикалық қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етті. Нәтижесінде «Еркін жинақталатын қатардың қосындысы болып табылатын функцияның құрылымдық қасиеттері», «Арнайы функциялар және олардың жалпы жағдайлардағы ерекше нүктелері», «Жалпы түрдегі кейбір анықталмаған интегралдарды интегралдаудың кейбір тәсілдері», «Конформдық бейнелеулер және олардың механика саласында қолданылуы» атты еңбектері дайындалды. С.Х.Боқаев басшылық еткен жылдары аталған факультет елімізде математикалық білім беру ісінің дамуына үлес қосумен қатар республика көлемінде педагогикалық мамандарды дайындайтын алғашқы білім ордасының бірі болды. 1934ж. қазанда институт әкімшілігі ғылыми-зерттеу бағыты бойынша мамандарын РКФСР ХАК-на математика мамандығынан С.Х.Боқаевты да Мәскеу мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертация қорғау үшін ұсынды. XXғ. 30-жж. ММУ-дың механика-математика факультеті осы сала бойынша мамандар дайындауда және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі еді. Бұл ғылым ордасында математика саласында әлемге әйгілі Н.Е.Жуковский, Д.Ф.Егоров, Н.Н.Лужин, А.Я.Хинчин, И.И.Привалов, П.С.Александров, И.Г.Петровский сияқты ғалымдар қызмет ететін. Ізденуші-ғалым С.Х.Боқаев та осы ортада «дифференциалдық теңдеулер» мамандығы бойынша аспиранттардың оқу бағдарламасына сәйкес зерттеулер жүргізу нәтижесінде 1935 ж. ММУ-нің математика және механика ғылыми-зерттеу институтында «Конформдық түрлендіру теориясы және оларды қолданбалы ғылымның «математика мамандығы бойынша есептерінде пайдалану» атты тақырыпта математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Оған математика ғылымдарының кандидаты және доцент ғылыми атағы берілді. 1932-1935 жж. ҚазПИ-де, ҚазМУ-де математикалық пәндерден дәріс беру сапасын көтеру мен оқу үдерісін жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізді. Педагог-ғалым осы саланың жетекші курстарынан, арнайы бейіндік пәндерден дәріс курстарын дайындаумен қатар жоғарғы, арнаулы орта оқу орындарын, қазақ мектептерін оқу құралдармен, оқулықтармен қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік жұмыспен де айналысты. Атап өтетін жайт, сол кездегі оқу үдерісіне дайындалған оқу құралдарының бүгінгі күнге дейін өзіндік маңызы бар екендігі. Оның авторлығымен «Математика және халық шаруашылығының физикалық негіздері», қазақ тіліне аударылған Н.А.Шапошников пен Н.К.Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» (1933) атты еңбектері жарық көрді. Қазақстандық ғалымдар қатарында С.Х.Боқаевтың ғылымға қосқан үлесі үкімет тарапынан ескеріліп ҚазАКСР ОАК Алқасы 1935 ж. қарашада жоғары білікті мамандар дайындау ісіндегі, республикада математикалық білім беруді дамыту мен ұйымдастырудағы ерен еңбегі үшін «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталса, 1936 ж. математика профессоры атағын иеленді. XXғ. 20-жж. тоталитарлық жүйе билік орнаған қоғам өмірінде орын алған бұрмалаушылықтар мен қысаң саясаттың салдары халықтың рухани санасына қайғы-қасірет әкелді. 20-жж. аяғында тарихта «социализмнің сталиндік моделі»

деген атпен белгілі тарихи кезең басталып, ұлттардың табиғи бейнесін жоюға ұмтылған казармалық социализм жүйесі орнатылды. И.В. Сталиннің үкімет басына келуі саяси террорды өршіте түсті. 30-жж. жүргізілген саяси қуғын-сүргін ұлттық интеллигенция қатарын ойсыратып жіберді. Академик М.Қозыбаев «ұлтшылдық» туралы: «Патша өкіметі ұлтшылдықты оппозиция есебінде таныды. Оның тамырына балта шабуды саясатқа арна етті. Кеңес өкіметі сол империялық саясатты шын мәнінде жалғады, өйткені ол да аз ұлттар тым тырақай бөлініп, бөлшектеніп кетеді деп түсінді. Оларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаудың жолы бонопартизм деп түсінген И. Сталин ұлттардың ойшыл, жасампаз топтарын тұқырту деп білді»-деп жазған еді.[3] «Ұлтшылдықпен», «халық жауларымен» күресу бірте-бірте мемлекеттің белгілерінің біріне айналды. 1937-1938 жж.қазақтың оқыған зиялы қауым өкілдерінен 66 мың адам жазықсыз жапа шекті [4]. «Жікшілдік» пен «ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген сталиндік жаппай террорлық саясат қазақ зиялыларының қатарындағы С.Боқаевтың педагогикалық-ағартушылық қызметінің әрі жалғасуына теріс ықпал етті. Сталиншіл билік жүйесі әсерінен ғылыми интеллигенция арасында бір-бірінің жазған еңбектеріне сыни көзбен қарап қателіктер іздеу белең алды. Осындай сенімсіздік пен күдіктенушілік жағдайында С. Боқаевқа да жазықсыз жала жабылып саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Институт әкімшілігі тарапынан 1938 ж. 1 тамызында ҚКП ОК-не, ҚазКСР ХАК-не және қалалық партия комитетіне: «ҚазПИ-де халық жауы, бұрынғы директор Бекжанов басқарған национал-фашистер, бандылар тобы ұзақ уақыт үстемдік құрды. Национал-фашист Жүргенов Бекжановпен, Жұбановпен, Әлжановпен, Боқаевпен және басқалармен бірлесіп институттың бүкіл жұмысын тоқтату үшін барлық шараларды қолданды. Бұл бандиттердің зиянкес жұмыстары мынадай жолдармен жүргізілді: институттың профессорлық оқытушылық құрамына национал фашистерді, троцкийшіл-бухариншіл бандиттерді, саяси күмәнді және жоғарғы оқу орнында жұмыс істеу үшін академиялық жарамсыз адамдарды тарту; жауапты курстарды (математика, ботаника, тарих, қазақ тілі және тағы басқалар) жетекші пәндер бойынша студенттердің дайындықтарын осы пәндер бойынша бағдарламалық материалдарды зиянды бұрмалау жолымен бұзуға түрлі шараларды қолданған халық жауларына бекіту; қазақ студенттерге орыс тілін оқыту ісінде толықтай елемеушілік жіне зияе келтіру, сондай ақ қазақ тілін оқытудағы зиянкестік...» ешбір дәйексіз дайындалған анықтама негізінде С.Х.Боқаев қамауға алынып, 1939ж. 14 қарашада КСРО ПХК Архангельск облысындағы Каргопол лагерінің Ерцевск бөлімшесіне айдауға жіберілді. Алайда, өз әріптестері тарапынан ҚКП ОК-не, республика прокурорының атына Сәдуақас Хасенұлының ісін қайта қарау мақсатында өтініштер жолданды. Нәтижесінде ҚазКСР Жоғарғы Сотының шешімімен 1939 ж. сәуірде С.Х.Боқаевтың ісін қайта қарауда фактілер анықталып бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді. Өкініштісі, 1942 ж. Сәдуақас Хасенұлы Боқаев белгісіз жағдайда қайтыс болды.

**Қорытынды.** Уақытпен бірге қоғамның дамуы да сол қоғамға, оның өркендеп дамуына бар болмысымен қызмет еткен ұлтжанды азаматтардың ұлттық тарихи санасы да алға қарай алшандап қадам басқан сайын өмірден озған танымал тұлғалардың жарқын бейнесі, олардың халқының келешегі үшін сіңірген еңбегі екшеленіп құндылығы арта түсетіндігі шүбәсіз. Қазақстандағы білім мен ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қомақты үлес қосқан зиялылар қатарында және қазақ өлкесінде алғаш ашылған білім ордасы – қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің негізін қалаушылардың бірі Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі бүгінгі ұрпақтың жадында сақталатындығы ақиқат.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан // Егемен Қазақстан. 1998, 16 желтоқсан
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.- 456.
4. Дюсенова Н. Қазақстандағы 20ғ. 40-50жж. «ұлтшылдық» пен «космополитшылдыққа» қарсы күрес науқаны (т.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация) – Алматы, 2005.
5. Бақаев Ә. Өшпес оттың жарығы / Жизнь, прерванная на взлете – Алматы, 2007. – 160 б.

**Токжигитова М.А.**

Орталық Азия инновациялық университеті, аға оқытушы

#### **ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ СИРАЖИДДИН ӘМІРХАНҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ**

Республикаға еңбек сіңірген мұғалім, дербес зейнеткер, кешегі сталиндік, бериялық зұлматты басынан кешіргенісі. Ұсталып абақтыға жабылған кезде облыстық оқу бөлімінің

меңгерушісі қызметін атқарған. Қазақ зиялыларының жаңадан жетіліп келе жатқан шоғыры болған Сиражиддин Әмірханұлының қаламынан туған естелікті ұсынамыз.

XX ғасырдың басындағы Оңтүстік өңірдегі ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметі, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап армандаған ел егемендігі туралы қозғалған. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде қуғын-сүргін саясаты 1920-шы жылдардың ортасынан басталды. Билік басына Ф.И.Голощекиннің келуімен жергілікті зиялыларды қудалау, «контрреволюциялық ұйымдарды» іздестіру жұмысы кең өрістеді. Нәтижесінде қазақтың ірі ағартушылары, қоғам қайраткерлері, әдебиетшілері, әр түрлі саладағы көрнекті тұлғалары жаппай тұтқындалып, Сталиндік зұлматтың зардабын тартты. Жалған айып пен жала жабулар нәтижесінде зиялылар 1937-1938 жылдары тұтқындалып, лагерьлерге айдалды, «халық жауы» ретінде атылды, жазықсыз қудаланды. Олардың отбасы мүшелері, туған-туыскандары қамауға алынып, сотталды. XX ғасырдың 30-жылдары Ішкі Істер Халық Комиссариатының тарапынан КСРО бойынша 3 млн-ға жуық адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Күні бүгінге дейін нақтылы мәлімет жоқ. Қазақстанда осы кезеңде 103 мың адам репрессияға ұшырап, 25 мыңнан астам адам атылған. Ал Оңтүстік Қазақстаннан 7000-ға жуық адам тұтқындалып, 2500-дей адам оққа байланған. Өкінішке орай, бұл тізім бүгінге дейін жалғасып, дерексіз кеткендердің құжаттары іздестіру барысында табылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылы 24- қарашадағы "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" №456 Жарлығына сәйкес Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылды [1].

Зерттеушілердің мақсаты қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың құжаттарымен танысып, 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің баптары бойынша жәбірленушілер мен зардап шеккендердің, сотталғандардың қылмыстық істеріне қатысты қорлардағы істерді зерттеп, зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Зұлмат жылдарында қаншама зиялыларымыз жазықсыздан жапа шеккендері айқындалуда.

М. Шоқай өзінің «Ұлттық зиялы» аталатын мақаласында «зиялы» деген ұғымға мынандай анықтама береді: «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұрауға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» [2, 94б.] - деп жазған.

Қазақ зиялыларының басты мақсатының бірі - халқына қызмет ету, халықтың саяси жағынан көзін ашу, халықтың бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін қарастырылады. XX ғасырдың 20-40 жылдары қоғамдық саяси өмірде терең із қалдырған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызметі жайлы баяндалады. Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігін алуы, терезесі тең мемлекеттердің қатарына қосылуы тарихымыздың ашылмай жүрген құпияларымен танысуға үлкен мүмкіндік туып отыр. Тарихымызды тәуелсіз ой тұрғысынан зерттеп-зерделеу тарихшылар тарапынан жүріп жатыр. Тарихымызда зерттеуді қажет ететін, еліміздің барлық аймағын қамтыған Кеңестік дәуірдің 30-40 жылдарындағы Сталиндік тоталитарлық саясатты тарихымыздың бір бөлігі деп алсақ, бұл саясаттың Оңтүстік өлке өңіріне тигізген зардаптарын атап алуға болады. XX ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік өлкедегі қазақ зиялылары, олардың тарихы мен тағдыры туралы толыққанды ұғымды қалыптастыруда өлкеміздегі халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, «халық жауы» атанып, қуғын-сүргінге ұшыраған зиялыларымыздың тағдыры туралы тарихи мағлұматтарды терең зерделеудің маңызы өте зор.

Түн ортасы ауған кезде біз жатқан бөлмеге келіп әжеміз - біреулер келді ғой, тұрындар - деді. Біз тұра келдік. Алдыңғы бөлмеге шықтық, онда екі кісі тұр екен. Олардың біреуі - қаруыңыз, яғни мылтығыңыз бар ма деді. Мен - қаруым жоқ, коровин браунинг болған, оны өткізгенімді айтып қағазымды тауып бердім. Сонан кейін мені тұтқынға алу туралы ордерді маған көрсетіп, үйді тінти бастады. Үйдің астан - кестенін шығарып, ақтарып қарап, оларға керекті ештеңе табылмаса керек, тек қана кітапханадағы кітаптар арасынан П. Постышевтің марксизм - ленинизм теориялары жөнінде жазылған кітабын алды (ол кезде БКП(б) Орталық партия комитеті секретары, саяси бюросының мүшелігіне кандидат П. Постышевтің тұтқында болатын кезі еді).

Мені тұтқынға алуларыңыздың себебі не, менің қандай айыбым бар екен - деген сұрағыма - жүріңіз, барған соң көресіз - деп, дөрекілеу жауап берді. Бұл оқиға 1938 жылдың маусым айында болды. 1937 жылдың аяғына дейін біз қатарлы, біздерден жоғары қызметкерлер тұтқындалып кеткен болатын. Олардың көпшілігінің коммунистер партиясының, совет мемлекетінің сенімді

қызметкерлері екенін біле тұрсақта, - бұлар нақақ кетті-ғой деп тіс жарып ешкім ештеңе айта алмаған [3, 526.].

Осыған байланысты екі мысал. Бірінші 1936 жылы қабылданған Конституция бойынша 1937 жылы ССРО Жоғарғы Кеңеске сайлау өтті. Оңтүстік Қазақстан облысынан Одақтық Кеңеске депутаттыққа кандидат етіп облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбілхайыр Досов ұсынылды, ұлттар Кеңесіне Қазақ АССР атқару комитетінің төрағасы Нұрбопа Өмірзақов ұсынылды. Ұлттар Кеңесіне сайлау округінің төрағасы болып обкомның екінші хатшысы М. Таганский, хатшы болып мен сайланған едім. Сайлау жұмысын облыс бойынша облыстық комитет басқаратын. Мен оларға көмекші болатынмын. Сайлауға алты күн қалғанда обкомға барып екінші хатшының бөлмесіне кірсем Таганский екі қолын артына ұстап кабинетте сенделіп жүр екен. Мені көрді де: «Халық жауы деп түнде Досовты ұстап әкетіпті. Сен соны естідің бе?» - деді. Мен таңқалып қалдым, олай болады деп кім ойлаған. Досов Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуда, оны нығайтуда көп еңбек сіңірген, одан кейін партия және Кеңесте жаупты қызметтер атқарып сыннан өткен большевик болатын. Сонда біз екеуміз Досовты жау, жау емес деп бір ауыз сөз айта алмадық. Досовтың жау еместігіне екеуміз іштей сенеміз. Төбемізден жәй түскендей болды. Екінші бір күні Облыстық атқару комитетінде мәжіліс жүріп жатқан. Күн тәртібіндегі бір мәселе бойынша облыстық атқару комитетінің төрағасы Степанов сөз сөйлеп тұрған кезінде телефоны шылдыр етті. Телефон трубкасын көтеріп: - «Бізде мәжіліс өтіп жатыр еді. Жақсы, тездетерміз», - деді де сөзін жалғастыра бастады. Телефон тағы шылдыр етті. Төраға трубканы алып - қазір - деді де, біздерге қарап: - Мәжіліске үзіліс болады, - деді де жоғары қабаттағы обкомға шығып кетті. Көп кешікпей Степановты екі қолын артына ұстатып екі қызыл жағалының әкетіп бара жатқанын көрдік. Бұл күндізгі сағат 4-5 мезгілі болатын. Кабинетте қалған облыс атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Әбекенов екеуміз бірімізге біріміз қарадық, бір ауыз сөз айта алмадық. Болып жатқан оқиғалардың ойға сыймастығын біліп тұрсақта біздердің еш пікір айта алмағандығымызды көрсетеді.

Жоғарыда айтылған А.Досовпен Степановтың тұтқынға алынуы мемлекет қауіпсіздігі органдарының партия және Совет өкімет орындарымен еш санаспай мүлдем басынып кеткендігі, ойларына не келсе соны істеп, заңсыздыққа барып жүргенін көрсетеді. Досов пен Степанов екеуіде Қазақстан өлкелік партия комитетінің мүшелері, Қазақ АССР-нің депутаттары.

1938 жылы қаңтарда өткен Орталық партия комитетінің пленумында «Партия ұйымдарының партиядан комунистерді шығару жөніндегі қателіктері, ВКП(б) қатарынан шығарылғандардың ісін қайта қарау жөніндегі арыздарына формальды – бюрократтық көзқарас және осы кемшіліктерді жою шаралары» жөніндегі алынған қаулыдан кейін тұтқынға алушылық аздап саябырсыған еді. Сол пленумнан кейін «Правда» газетінде «Жалған әшкерелеушілер және жалақорлар жөнінде», «Байбайлам салушылар және жалған қырағылық жөнінде», «Большевиктік қырағылық», «Қате шығарылғандарды ақтау және жалақорларды қатаң жазалау» тағы сол сияқты толып жатқан мақалалар жарияланды. Бұл сияқты мақалалар қазақстандық үнжарияда көріне бастады [4, 546.].

«Казахстанская правда» газеті 1938 жылдың 14 ақпан күнгі номерінде «Жалған қырағылық» деген мақалада: «Сырттай оқитын мұғалімдердің конференциясында Келес ауданынан келген бір оқытушы облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Ж. Әмірхановқа

-Сіздер осы күнге дейін Келес орта мектебінің директорын орнынан алмай неге ұстап отырсыздар? - деп сұрақ қойған.

Неге оны жұмыстан алуымыз керек? - деп таңданды оқу бөлімінің меңгерушісі.

Сонда мұғалім:

-Ол кісіні біз төрт ай бұрын халық жауы деп жариялап, кәсіподақ мүшелігінен шығарғанбыз. Сіздер оны әлі ұстап отырсыздар, - депті. Тексеру жұмыстарының барысында мектеп директорының халық жауы деп айыпталатын ешқандай кінәсі табылмаған» деп жазған.

Жалақорлық, жалған қырағылық, айыпсыз адамдарды тұтқынға алу істері бәсеңсіген сияқты еді. Осындайлар еске түсіп «тағы не болып кетті» деген ойға батып, екі қолымды артқа қойып, бәсеңдеп келе жатып көп ұзамай баратын жерімізге жетіп қалдық. Мені бір кішкене бөлменің есігін сықырлатып ашып сонда қамады. Бөлмеде адам көп екен, біразы танитын адамдарым екен. Олар аудандық партия комитетінің хатшылары, атқару комитетінің төрағасы, МТС директорлары еді.

Сәл уақыттан кейін есік сақырлап ашылды. Маған: «шық, жүр», - деді. Бір кабинетке кіргізді. Үстел басында отырған адам маған бажырақ қарап:

- Халықтың жауы, түстіңбе қолға? Қой терісін жамылып жүрген жауыз, - деді.

Мен таңқалып қарап:

- Сіз не айтасыз, - дей бергенімде,



- Қысқарт, жап аузыңды, сен әлі басқаша сайрайсың, жазанды тартқызам саған, - деп темекісін тұтатып тарта бастады. Түн ортасы отыруға рұқсат жоқ, тікемен тік тұрмын. Бір уақытта тергеуші:

- Саған екі сұрақ қойылды, біріншісі сен қашаннан бері Қазақстандағы төңкеріске қарсы ұйымға мүшесің, кім сені оған тартты? Екіншісі: халыққа қандай зиянкестік жасадың? Басқа жөнінде аузыңды ашушы болма. Сұраққа жауап беруге дайын болған кезде ғана отырып жауабыңды жазасың өз қолыңмен, - деді.

Осы сияқты тергеу кешкі сағат 9-10 да басталып таңертеңгі 6-7 - ге дейін күнде болатын болды. Камераға келіп жастыққа басыңды қисатсаң күзетші жатуға болмайды деп тұрғызып қояды.

Әйелім іздеп келсе үш ай бойы:

- «Ол кісі, яғни сіздің еріңіз Әмірханов деген бізде жоқ, тағдыры туралы ештеңе айта алмаймыз», - деп жауап береді екен. Қайта - қайта бара бергендіктен:

«Нақақтан ешкімді қамауға алмаймыз. Сіздің еріңіз халық жауы болғандықтан ұсталған, сіз де онымен пиғылдас шығарсыз. Керек болса сізді де отырғызамыз. Бірақ абақтыда еріңіз бар болса тауып аларсыз», - деп те қояды екен. Мені тұтқынға алған күннің ертеңгі күні отбасымды пәтерден шығарып тастапты...

Нақақтан тұтқынға алынған кісіге қолданылатын зорлық, қорлықтың шегі болмайды екен. Күннен-күнге үдеп қатандығы зорая түседі екен. Тергеушілердің мақсаты - жоқ қылмысты мойындату. Тергеушілер өздері шаршаған кездерінде тергеуді абақты күзетшілігіне тапсырып, нұсқауларын беріп, өздері дем алып келуге кетеді.

Жанның тәттілігі өміріңнің жақсы кезінде ғана екен. Әділетсіздіктің, жаланың қорлығы жаныңнанда бездіреді екен. Түбінде ақ пен қараны ажыратуға болады деген үмітпен тергеушіге:

-Маған қағаз, қалам беріңіз, жазамын, - дедім.

- Зиянкестік ниетпен халықтың наразылығын арттыру мақсатында соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша (ол кезде қазіргі Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстары Оңтүстік Қазақстан облысы болып саналатын) қазақша 8 орта мектепті, онға жуық орталау мектепті жауып, оқушы балаларды жақын жердегі мектептерге жіберуге мәжбүр еттім. Зиянкестік мақсатпен жақсы мұғалімдерді жұмыстан босаттым, -деп жоқ адамдардың фамилияларын жаздым. Осылар сияқты тағы толып жатқан ойдан шығарылған өтірік қылмыстарды мойындадым. Тергеушім Полетаев менің жазғанымды протоколға көшіріп жазып, маған оқып беріп, қолымды қойғызды. Өз басыма өзім жапқан жалған қылмыстар рас деп табылған жағдайда маған ату жазасы аз көрінген болар еді. Әлгі жағдайлардың түбінде бір тексеру болар, сонда халыққа жау емес екендігіміз, зиянкестік жасамағанымыз анықталар деген үміт дәтке қуат болғандай еді. Бұл менің ғана ойым болған жоқ, менімен бір камерада жатып жоқ қылмыстарды өз басына жазғызып жатқандардың барлығының ортақ ойы еді. Коммунистер партиясы бұл заңсыздықтың бетін ашар деген үміт барлығының көкейінде болды. Жатқандарда қиял көп бірақ нәтиже жоқ. Бір қатары түнде көрген түсіне де мән беріп, көңілдерін жұбататын [5, 566.].

Сөйтіп қайғылы күндер өтіп жатты. Түрмеде жатсақта өмір үшін күресімізді тоқтатқанымыз жоқ. Дүниеде не болып жатқанын білгіміз келеді. Абақтыдағы бір ғана бөлмедегілер ғана емес, көп адамдар жазаланып жатты. Бір біріміздің білетінімізді жеткізу үшін Морзе әліппесін қолдандық. Қабырғаны тақылдадып көрші камерадағылармен қысқаша тілдесіп жаттық. Соның арқасында 1939 жылы 1 мамыр күні түрмедегілер заңсыздыққа қарсы айқай - шу көтерді.

Наразылықты бастаған Алтынбек Ембергенов болды. «Фашистік әдіс жойылсын! Сендер, бізді қамауға алғандар, фашистсіңдер! Біздерге прокурор келсін!» деген ұран тастады. Біздер де оған үн қостық. Ұсталмас бұрын Алтынбек Ембергенов Обкомның ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі еді. Ол 1932 жылы халықты аштан қыру саясатына қарсы күрескен бес коммунистің бірі болатын. Біздің айқай шуымыздан ештеңе шыққан жоқ. Солай бола тұрсада бір күні камерамызға екі адам келді. Олар тергеу жұмыстарын жүргізді. Жеті айдан кейін бір күні мағанда кезек келді. Облыстық соттың арнаулы коллегиясының бастығы Кушнарлов есімді орыс қасындағы екі кеңесшінің аты-жөнін айта келіп:

- Біз бүгін қылмыс заңының 58 бабының бірнеше тармақтарына сай жауапқа тартылған азамат Әмірхан Сираж Ермеқұлының қылмысты ісін қараймыз. Мына кісі айыпталушының қорғаушысы болады, -деп аты-жөнін айтты. Адвокаттың маған керегі жоқ екенін айтып едім, «заң бойынша қылмысты ісі қаралатын адамның қорғаушысы міндетті түрде болуға тиіс» деп тұжырдды сот басқарушысы.

- Айыпталушы Әмірханов, бұрынғы берген жауаптарыңыздың растығын қуаттайсыз ба, қылмыстарыңыз жөнінде не айтасыз? - деді.

- Менің бұрынғы берген жауаптарым, сол бойынша жазылған айыптау қорытындысы бастан аяқ өтірік. Онда айтылғандар тергеу кезінде қолданылған қорлық-зорлықтың нәтижесінде жан сақтап қалу үшін жазылған сөздер,—дедім.

Сот басқарушысы:

- Шантажды тоқтатыңыз, халық жауларының тергеу орындарын қаралауын талай естігенбіз, - деді суық.

Бірақ та мен бетімнен қайтпадым.

- Мойныма алған қылмыстардың жалған екендігін тез тексеріп анықтауға болады. Облыстық ағарту бөлімін басқарған кезде мектептер жабылған жоқ, оның ішінде орта мектептің саны өшкен жоқ, өсті. Тексертіңіз. Жұмыстан шығарып жібердім деген мұғалімдер облыста болған емес. Өтірік. Тексертіп көруіңізді сұраймын. Сол сияқты менің халық жауы болдым дегенім өтірік, бас сауғалау мойныма жазған айыптардың бәрі жалған. Тексертіңіз. Әділеттілікті сұраймын, -дедім. Менен кейін ғажайып қорғаушым тұрып «айыпталушы тергеу кезінде барлық қылмысын мойнына алған. Үкім шығарғанда осыны ескеруді сот алқасынан тілек етемін», деп сөзін аяқтады[6, 586.].

1938 жылғы Орталық партия комитетінің қаңтар пленумы шешімдерінің аз да болса әсері болуы керек. Сот менің ісімді қайта тергеу керек деп үкім шығарды.

Мені апарып дара камераға қамап қойды. Дара камера дегенде азаптаудың бірі түрі екен. Онда кереует, орындық болмайды, цемент еденде отырасың да, жатасың да. Айнала камераның төрт қабырғасы сығырайған торлы терезе. Темір есігі күніне үш рет қана ашылады, тағам әкеледі, онысы тек ыстық су, шай және бір мезгіл сылдыраған қапуста сорпасы. Ашығып іше бастадым. Күніне төрт жүз грамм қара нан береді. Табаныңнан өткен суық шекеңе шығады. Аштық қинаған кезде 1932 жылдың қысындағы Семей қаласының көшесінде аштан қырылып жатқан қазақтар көз алдыма елестейді.

«Оған қарағанда бұл жағдайым шүкірлік қой» деп те ойлайсың. Өне бойы тым-тырыс. Тілдесетін ешкім жоқ. Бұрынғыдай ұрып-соғу, жазалау тиылған. Ала сапыран дауыл, нәсерлі жауын алдында ауа райының тып-тыныш болатындығы еске келеді. Алда не болар екен деп күтумен қатар, өткен сотта халықтың жауы, зиянкес емес екендігімді ашып айттым, ол менің адамгершілік борышымды ақтағаным ғой деп, кеңілімді жұбатамын. Ауыр халде жалғыз жатқанда ойға көп нәрселер түседі. Солардың ішінде отбасымның тағдыры ойдан шықпайды. Ол кезде халық жауы деп ұсталғандардың әйелдерін де тұтқындау әдетке айналған. Жанұямды пәтерден қуғандары, әйелімді жұмыстан шығарғанын естіген болатынмын. Егер әйелімді тұтқынға алса, екі жасар жалғыз ұлым Зауыр не халде жүр деген қиял қинайды. Бізге қағаз, қалам ұстауға рұхсат жоқ. Солай бола тұрса да темекі орап тартуға деп беретін кішкене буда қағазға, тауып алған қарандашпен Зауырыма зар айтып хат жазамын баяғы.

Хатымды балама жеткізуге мүмкіндік табылмады. Хат жіберу, хат алу жөнінде біздерге түрмеде де, лагерьде де қатаң тыйым салынған. Бұл хатымды осы биылға дейін балам Зауыр мен әйелімнен басқа ешкімге көрсетпеген едім. Тергеу орны қалай болғанда да өз мақсатына жету үшін, өз абыройын сақтау мақсатымен қайтадан тергеу жүргізді. Жаңадан тергеу ісін А. Полетаевқа бермеді, Шумейко дегенге тапсырды. Мені қалай болғанда қаралау мақсатымен маған қарсы куәлар шақырған болды. Олар да маған қарсы еш айыбымды керсете алмады. Оңтүстік Қазақстан облысының ағарту бөлімінде өзімнің қарауымда істеген мектеп секторының бастығы Подгорнов деген мен жөнінде: «Бұл кісі маған көп тапсырмалар беретін, менің өз жұмысым да көп екендігіне қарамастан, аттестация жүргізу кезінде жұмысқа жарамсыз деп шығарылғандардың арыздарын тексеруді маған тапсыратын, оны мен орынсыз деп санаймын»,—деді. «Әлгі жұмысты мектеп басқармасы қарамағанда кім қарауы керек?»—деген менің сұрағыма дәлелді жауап айта алмады. Солай бола тұрса да мені екінші рет соттады. Жабық сот бұрынғы тергеу кезінде айыбын мойындаған Әмірханов Сираж Ермекұлын 10 жыл қатаң тәртіпті абақтыда өтеуге, ол мерзімін өтеген соң 5 жыл саяси құқығынан айырылсын деп үкім шығарды. Соңғы сот мені қамауға алған күнге бір жыл толған күні болды. Бір жыл мерзімдегі көрген қорлық, зәбір өз нәтижесін керсетті. Туберкулез кеселімді жүдетті. Оның үстіне құрқұлақ ауруы қосылды. Тістерім қаусады. Екі аяғымның сіңірі тартылды, балтырларымның бұлшық еті тесіліп ірің қаптады. Соған қарамастан сот болғаннан 2-3 күннен кейін мені басқа тұтқындар тобымен бірге этапқа жіберу үшін қызыл вогонға апарып отырғызды.

Жарты ай бойына қиыр солтүстікке селкілдетіп әкете барды. Менің жүрер әлім жоқ, аяқтарымның сіңірлері тартылып, құрысып қалған. Жолдастарым кезектесіп арқалап баратып жерімізге алып келді. Түскен жерде мені бөліп апарып лазаретке салды, Онда екі айдан астам жаттым. Істейтін емі қарағайдың қылқан бүрлерін қайнатып сусынын ішкізеді.

1940 жылдың көктемінде қылмыс заңының 58 бабы бойынша сотталған тұтқындардың барлығын лагерь орталығына жинап, барлығымызды қызыл вагонға қайыра тиеді, поезды жүргізді. Шығысқа қарай кетіп бара жатқанымызды сеземіз. Алғашқы кезде біздерді қайта тексеруге алып бара жатқан шығар, әділеттілік болар, босатар деген үмітте болдық. Бірнеше күннен кейін Новосибирскіден өткеніміз сезілді. Үмітіміздің қиял екенін сездік. Үміттендік деген сөзді бірнеше рет қайталадым. Ол үміт қайдан туды десек –ол сенімнен туып отырды. Тұтқында жүрген кезде біздер әр уақыт заңсыздықты қашан болса да Лениндік партия ашар, өйткені біздің қоғамымыз жаңа эра қоғамы, бұл қоғамда әділетсіздік болуға мүмкін емес деп қарадық. Біздің халқымыз «үмітсіз шайтан»–дейді. Сондықтан әр адамда алдағы өмірінде үміт болуға тиіс, үмітсіз өмір өмір емес. Үмітсіз адамның басқа жануарлардан айырмашылығы аз болады. Сондықтан да біздер қанша қиындықта болсақ та әділеттіктің заңсыздықты жеңетініне сендік, ол біздердің зор үмітіміз болды.

Тұтқындарды тиеген поезбен кетіп бара жатыл әйеліме хат жазып, оны салған конверттің сыртына - осы хатты тапқан адам ішкі мекен–жай бойынша почтаға салуларыңызды сұраймын- деп жазғанмын. Онда мен -шығысқа қарай кетіп барамыз, қайда барарымыз белгісіз дегенмін. Әйелім хатты алған. Көп күндер жүргеннен кейін Владивостокке жеттік. Вагоннан түсіріп жаяу айдап бізді апарып сырты сыммен қоршалған сайға кіргізді. Темір сыммен қоршалған сайда жатқан адамның шығар жаны жоқ, барлығын көзбен шолып болмайды. Енді ең дала біздің мекенімізге айналды. Сонда жатамыз, тұрамыз, берген тамағын ішеміз. Владивостокта жаңбыр жиі жауады. Қыста барлық денен шоқпытталып, қымталған болады, тек көзің ғана ашық. Суық күн сайын 40-50 градус болып тұрады. Жұмыстан қайтып зонаға келгенде сені күтіп тұрған жақсылық, жылылық қайда. Қара быламықты ішіп, қатқан нанмен камса балығын жеп, брезент шатырға барып жантаясың. Шатырдың ортасына темір кеспектен пеш орнатылған, оны аурулар күндіз-түні жағып отырады, өне бойы қып-қызыл болып күйіп тұрады. Сол ғана адамның жанын сақтауға себепші. Солай бола тұрса да шатырдың шеткі сәкілерінде жатқандардың, әсіресе, аурулардың тоңып қатып қалатындары жиі болып тұрады. Осы итшілік жағдайда 1940-1941 жылдың қысын өткіздік.

Менің бақытыма 1941 жылдың көктемінде қасымда жатқан Садықовқа ақталған қағаз келді. Оны елге қайтармады, лагерь жанындағы тұтқыннан босатып «өз еркімен» жұмыс істеушілердің зонасында қалдырды. Жұмыс істейтін жеріміз көршілес. Садықов маған күнде нен, темекі әкеліп беріп тұрады. Нанға тойыға бастадым. Дүниеде наннан артық тамақ жоқ екен. Халқымыз «ас адамның арқауы» дейді. Мен оны нан адамның арқауы дер едім. Азапты күндер таусылып бітпейді екен.

Бір күні бір солдат келіп біздерді Магаданға алып қайтты. Барсақ кеме келген екен. Кемеге отырғызды. Владивостокке келдік. Онан пасажир поезына тіркеген «столыпин вагонына» отырғызып бізді батысқа қарай ала жөнелді.

Оңтүстік Қазақстан облысынан бөлініп құрылған Қызылорда облысының ағарту бөлімінің меңгерушісі болып жүргенінде ұсталған Сарбасов Хамза деген кісіні вагон ішінде кездестірдім. Қайта тергеуге барады екен. Ол да тістен толық айрылған, екі жағы бірдей солған, бұрын толық адам болатын. Халқымыздың «ат арыса тулақ, адам арыса аруақ» деген сөзінің орынды айтылғанына бұл да дәлел. Шымкентке де жеттік

Тергеушім бір күні қорытындысын жариялады. Сізді біз босатамыз. Тергеу сізден қылмыс таппады. «Таяқ аюды да билеуге үйреткен» дегендей, біз сіздің көрген жағдайларыңызға қанықпыз. Сізден өтініш–қоғамымызға, мемлекетімізге өкпелемеңіз,–деп қолыма ақтау қағазымды ұстатты»

Лагерьден қайта тергеуге жіберерде менің қоймаға өткізген киімдерімді жоғалтқан адамның есебінен аздаған ақшасын алғызып, лагерь бастығы маған бергізген болатын. Жолда тінтулер кезінде алып қоймасын -деп ол ақшаны балық майымен майлап пальто етегіне тыққан болатынмын. Майлаған қағаз ақша ұстағанда сықырламайды екен. Ол аздаған ақша бостандығымда керегіме жарады. Оның үстіне облыстық ағарту бөлімінен екі айлық жалақымды алдым. Отбасымды іздеп таптым. Семейде туысқанның қолына барып жан сақтаған екен. «Қасқырдан қорықсаң інінің аузына барып жат»-дегендей, не болса да жазаланып босанған жерімде қызмет етейін –деп сол облыста жұмысқа орналстым. Отбасым көшіп келді. Бұл 1942 жылдың басқы кезі. Соғыс қайнай жүріп жатыр. Мені де әскерге шақырды. Бірақ туберкулез ауруым болғандықтан мені босатты. Он жылдай ем алдым. 1961 жылы аурулар есебінен шығарды.

Қырқыншы жылдары біздерге, яғни, тұтқынға алынып, кейін ақталып келгендерге, сотталу мерзімін өтеп келгендерге саяси сенім болмады. Қызметке көпке дейін алмады.

Зұлмат жылдарында еріксіз қудалауға ұшырап, қаншама қиыншылықты бастан кешсе де Сиражиддин Әмірханұлы әділдіктен үміт үзбеді.

1938 жылы 9 маусымда КСРО жоғарғы сотының әскери алқасының шешімімен РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 ісі бойынша сотталып, 1941 жылы 13 желтоқсанда үкімі жойылып, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс тоқтатылып, қарауылдан босатылған[7, 156].

1946 жылы сәуір айында «Ұлы Отан соғысы жылдарында ерен еңбегі үшін» КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының атынан марапат алған [8, 166].

1948 жылы Әмірханов Сираж Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп 1953 жылы «Тарих» мамандығын бітіріп шығады [9, 136].

Оңтүстікте, қазіргі Шымкент облысының Түлкібас ауданындағы Абай атындағы Ванновка қазақ орта мектебінде 20 жыл директор болып, онан кейін Алматыдағы №2 мектеп- интернатына Оқу министрлігінің шақыруымен келіп он жылдай директор болып қызмет атқарған. Қазақ ССР оқу министрлігінде 15 жылдай жұмыс жасаған[10, 106].

1961 жылы 21 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы тарапынан «Қазақ КСР мектебінің еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атағы берілді[11, 156].

«Жыртылған киім жаңартылар, ашыққан қарын тойынар. Бірақ көргенің естен кетпес» – дейді халқымыз. «Народ неможет быть преступником, но жертвой быть может», яғни «Халық қылмыскер болуы мүмкін емес, бірақ нақақтан құрбан болуы мүмкін»- деген Расул Гамзатовтың сөзі еске түседі.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдырыда қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіреті мен қатар өрілген қызмет өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгеймен ғана емес азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес» [12, 156.]- деп, халқы үшін ғұмыр кешкен ұлт қайраткерлерін еске алады. Қазақстан республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады», [13, 26.] - деп атап өткендігі мәлім. Сонымен тарихтың тағы бір тарауы белгілі болды. Сырын бүгіп, жұмбақ жабулы тұрғаны қаншама десеңізші. Зерттеушілердің айтуынша, саяси қуғын-сүргін кезеңінде құрбан болғандардың саны соғыста қаза тапқан майдангерлермен пара-пар. Бірақ оның көбін біз біле бермейміз. Ғұлама ғалымдар, әдебиет жанашырлары, жазушылар мен көрнекті саясаткерлер ұлттың ұлық тұлғалары жаламен жан қиып жатты. Оян қазақ! Көтер басты! – деп ұрандатқан елжанды, ұлтжанды талай тұлға Сталиннің солақай саясатынан оққа ұшып, жер жастанды. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «1997 жылды жалпы ұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» деп жариялаған Жарлығының шыққандығы баршамызға белгілі. Осы бағытта саяси құрбандыққа ұшыраған азаматтарды іздестіріп, олар туралы мағлұматтар беруді басты парызымыз деп есептейміз.

### Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы //adilet.zan.kz
2. Мәмбет Қойгелдиев. Тарих- күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 946. 3886.
3. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе - 47, 1105/19, 52 бет
4. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе - 47, 1105/19, 54 бет
5. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе - 47, 1105/19, 56 бет
6. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе - 47, 1105/19, 58 бет
7. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе - 47, іс-1105/15
8. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе-47, іс-1105/16
9. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі қор-20, тізбе-47, іс-1105/13
10. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП 20, тізбе-47, іс-1105/10
11. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП 20, тізбе-47, іс-1105/18
12. Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2013. – 156. 2886.
13. Назарбаев Н. Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша, 26.

### **ӘЗІМХАН АХМЕТҰЛЫ КЕНЕСАРИН НЕ ҮШІН ЖАЗАЛАНДЫ**

Бүгінгі тарих ғылымында әлі де болса толық жауабын ала қоймаған мәселелердің бірі патшалық жүйеден бергі уақыттағы отарлық тәртіптің ымырасыз қарсыластары мен олардың ұрпақтарына деген советтік биліктің қатынасы. Советтік билік бұл ретте өзін патшалық билікпен салыстырғанда мүлдем басқа, прогрессивті ұстанымда екендігін ылғи да мәлімдеп келгенімен, өмірлік тарихи фактілер шын мәнінде оның антиколониалдық күштерге байланысты патшалық үкімет ұстанымынан ұзап кете қоймағанын, белгілі дәрежеде бұл мәселеде сабақтас ұстанымда болып, тіптен ұлт-азаттық күштерді жоюда алдыңғысынан асып түскенін байқау қиынға түспейді. Биліктің осы мазмұндағы ұстанымда болғандығын Кенесары хан Қасымұлының немересі Әзімхан Ахметұлы Кенесаринге қатысты жүргізілген тергеу ісінен байқауға болады. Әзімхан Кенесары ханның Тайшық және Сыдық есімді ұлдарынан кейінгі ұлы – Ахмет Кенесариннің ұлы. Ахмет сұлтанның бес ұлы және бір қызы болған: Исмайл, Ыбырай, Мұқан, Әзімхан, Шырынхан деген ұлдары және Қамаш деген қызы. Қызы Қамаш өзбектің ишанына ұзатылған [1]. Кенесары хан тұқымының ишандармен құдалық қатынасқа түсуі осы жағдайға байланысты болса керек. Тергеу материалдарында Әзімхан Ахметұлының Сайрамдық ағайынды ишандар Ишанханов Насырхан және Ишанханов Гүлтөреханмен жылы қатынаста болғандығы айтылады. Әзімхан Ахметұлының саяси қуғын сүргінге ұшырау тарихын баяндауға көшпес бұрын қысқа болса да оның өмір жолына тоқталып өткен жөн. Қамауға алынған Ә. Кенесаринге толтырылған анкетада оның Шымкент қаласында уездік полиция бастығының көмекшісі Ахмет Кенесариннің отбасында 1877 жылы 19 ақпанда өмірге келгендігі айтылады. 1896 жылы қалалық училищені аяқтап, революциялық өзгерістерге дейін әкесі жұмыс жасаған уездік полиция бастығының кеңесінде жазба түріндегі аудармашы және хатшылық қызмет атқарған. Революциядан кейінгі уақытта су жүйесіне қызметте болады. Гидротехник қызметін Әзімхан Ахметұлы шамасы өз бетінше игерген сияқты [2]. Советтік билік жүйесі орнағанға дейінгі кезеңде Әзімхан Ахметұлының өмірінде терең із қалдырған бірнеше оқиғалар болып өтеді. Патшалық билік құлаған соң белсенді саяси өмірге араласа бастаған Әзімхан Ахметұлын әулиеаталықтар Уездік ұлттық Кеңеске төрағалық қызметке сайлайды [3]. Бұл әулиеаталықтардың Кенесары хан әулетіне көрсеткен құрметінің, сондай-ақ Әзімхан Ахметұлы сияқты биік парасатты тұлғаға артқан сенімінің белгісі еді. 1917 жылы шілде айында Орынбор қаласында бірінші жалпықазақ съезі өтіп, оның жұмысына қатынасуға Түркістан өлкесінен шақырылған делегаттардың қатарында Әзімхан Кенесарин де болды. Съезде ол ұлттық-демократиялық ұстанымдағы Алаш партиясын құру туралы шешімге дауыс береді. Әулиеата уездік Қазақ Комитетінің төрағасы қызметінде өңірдің саяси өміріндегі өзгерістерге белсенді түрде атсалысқан Әзімхан Кенесарин 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда шақырылған екінші жалпы қазақ съезіне қатынасып, съезд төрағасының орынбасарлығына сайланып, Алашорда үкіметін құру және болашақта Алаш автономиясын жариялау туралы шешімді қабылдауға атсалысады. Осы жылы 2-5 тамыз күндері Ташкент қаласында болып өткен Түркістан аймағы қазаққырғыздарының жалпы жиналысына қатынасып, президиум төралқасына сайланған ол «Русия федеративті-демократиялық парламенттік республика болуы тиіс», ал «қазақ-қырғыз облыстары националды-территориялды 90 Замансөз федерация алсын» деген ұстанымды қабылданған қаулыны қолдап дауыс береді [4]. Осы ретте 1917 жылғы желтоқсандағы екінші жалпықазақ съезінің қазақ тарихында түрлі саяси ұстанымымен танылған әулеттердің (Әбілқайыр хан, Абылай хан, Құнанбай қажы, Бірімжановтар әулеті ж.б.) жаңа буын ұрпақтарының заман сұранысына лайық берген жауабындай бас біріктіруі болғандығын айтқан жөн. Олардың басын біріктірген ұлт басына төнген қауіп, яғни жердің қоныс аударушылар үлесіне кете бастауы, ұлттық мәдениет пен діннің құнсыздануы т.б.с.с. Соған байланысты ұлттық мемлекеттілік идеясы төңірегіне бірігу тарихи қажеттілікке айналғандығын олар жақсы түсінді. Міне, осы 1917 жылғы жалпықазақ съездері арқылы күш біріктіру жолына түскен әулеттердің өкілдері артын ала советтік билік тарапынан түгелдей қуғын-сүргінге алынып, 30-шы жылдары ең жоғарғы жаза түрі ату жазасына бұйырылды. Бұл жағдайды да жеңіл-желпі кездейсоқ құбылысқа, немесе саяси басшылықтың «асыра сілтеу» ұстанымына жатқыза саламыз ба? Басқаша айтқанда, егер осы ұстанымды да теориялық тұрғыдан негіздеу жолына түссек, онда шынымен де біздің ұлттық жадымыздың біржола айықпастай ластанып біткенін мойындауға тура келеді. Сонымен, Әзімхан Ахметұлының тергеу 1937 жылғы ОГПУ тарапынан қамауға алынуы оның бірінші рет тұтқындалуы емес-тін. Бұдан бұрын ол 1930 жылы екінші топ алаш зиялыларымен (М. Тынышбаев, Ә.Ермеков, Ж. Ақпаев ж.б.) бірге қамауға алынып, жазалауға фактілік негіз болмаған

соң босатылған еді. 5) Ә. Кенесаринді келесі, екінші рет қамауға алу туралы ордерді (№24) НКВД-ның Шаян аудандық бөлімі беріп, оны Жомартов деген қызметкеріне тапсырады. Жомартов Омарбеков деген қызметкермен бірге 1937 жылы 15 тамызда Шымкент қаласындағы Бекет батыр көшесіндегі №8 үйдің 2 пәтерінде тұратын Ә.А. Кенесариннің үйінде тінту ісін жүргізіп, қалалық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына тапсыру үшін мына заттардың тізімін жасайды: 1. Түрлі хат алысулар мен анықтамалар – 200 баспа бет. 2. Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты кітаби материалдар – 1. 3. Еңбек кітапшасы – 1. 4. Профбилет – 338468. 5. Паспорт № 187339. 6. Материалы к истории казахскокиргизского народа, 1925 г. автор М. Тынышбаев, 62 б. 7. «Ақтабан-Шұбырынды, автор Тынышбаев 17 б. 8. Подлог Ходжей. Автор Тынышбаев 6 б. 9. Өлеңдер. Қазақ тілінде 21 б. 10. Өлеңдер. Қазақ тілінде 26 б. 11. Өлеңдер жазылған дәптер 1 б. [5]. Осы ретте айта кеткен артық емес, кезінде тәркіленген бұл материалдар Ә. Кенесариннің қызы Напуса Кенесаринаға қайтарылған [6]. Ә. Кенесариннің жеке кітап қорында қазақ тарихына қатысты материалдардың, сол сияқты М. Тынышбаевтың еңбектерінің болуы, әрине, кездейсоқ нәрсе емес. Біріншіден, Әзімхан Ахметұлының әкесі Ахмет Кенесарин тарихи тақырыпта еңбектер жазған білімді адам ретінде ұлы Әзімханның да тарихи танымының қалыптасуына ықпал жасағандығы байқалады. Екіншіден, Әзімхан Ахметұлы М. Тынышбаевпен өзара жылы да жақын қатынаста болған. Соған байланысты оның кітап қорынан М. Тынышбаевтың еңбектерінің табылуы сол қатынастың көрінісі болса керек. Тұтқынның анкетасындағы кейбір мәліметтерді біз жоғарыда бердік. Оларды қайталамай-ақ Ә. Кенесариннің өмір жолына қатысы бар деген бір- 91 Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ. Әзімхан Ахметұлы Кенесарин не үшін жазаланды екі фактілерге ғана тоқталайық. «Ақтар мен контрреволюциялық әскер, бандиттік және Совет билігіне қарсы құрамалардағы қызметің» деген графадағы сұрауға «Ходжанов басқарған (сөз Сұлтанбек Қожанов туралы болып отыр – автор) к-р зиянкестік ұлтшылдар ұйымының мүшесі» деген жауап жазылған. Бұл, әрине, тергеуші тарапынан белгіленген факті. «Бұдан бұрын Советтік билік тұсында қандай репрессиялық, сотқа, тұтқындалу актілеріне тартылдың» деген сұраудың тұсында «1930-ншы жылы Шымкент қаласында ОГПУ-дың опер-секторымен 58/10 статья бойынша тұтқындалған, кепілдік хат бойынша босатылған» деген жазу бар. Отбасының құрамы деген графадағы мәліметтерге қарағанда Әзімхан Ахметұлының отбасы үлкен болған: жұбайы Зухра Батыршақызы 39 жаста, үй шаруасында, ұлы Натай 29- да, Мәскеу қаласында гидрогеология институтының студенті, ұлы Мұхамедхан 24 жаста, Әндіжан қаласындағы ерекше темір жол бөлімшесінде қызметте, ұлы Мәдияр 18 жаста Мәскеу қаласында оқуда, ұлы Тәуке 12 жаста, Шымкент қ. мектепте оқуда, қызы Халида 26 жаста, Ташкент қаласындағы педтехникумда студент, қызы Напуса 9 жаста, Шымкентте мектепте оқиды, қызы Аян 7 жаста мектепте оқиды, қызы Баян 5 жаста. Анкетада Ә. Кенесариннің 1937 жылы 15 тамызда НКВД қызметкерлері тарапынан тұтқынға алынып, осы мекеменің ішкі абақтысында отырғандығы айтылған [7]. Осы арада абақтыдағы тергеу барысы жөнінде бір-екі ауыз сөз. Ә.Кенесарин жоғарыда айтылғандай 1937 жылы 15 тамызда қамауға алынғанымен, оның тергеу ісінде 20 қыркүйекке дейін алынған тергеу хаттамасы жоқ, істе тіркелген жалғыз тергеу хаттамасы 1937 жылдың 20-26 қыркүйек күндерімен белгіленген. Істегі материалдардың көрсетуіне қарағанда тіркелген хаттама бірінші емес екінші тергеуге тиесілі. Алғашқы тергеуден оны жүргізушілер өздеріне қажет жауап ала алмаған сияқты [8]. Яғни, 1 ай 5 күн тұтқынды сындыруға, айтқанға көндіруге кеткен уақыт ретінде белгіленгені дұрыс. Тек 20 қыркүйектен бастап тергеуші өзі қалағандай мазмұнда даярланған тергеу хаттамасынан Әзімхан Ахметұлына қол қойдыра бастаған. Бұл сол тұстағы ОГПУ – НКВД мекемелерінде тұтқындарға байланысты кең түрде қолданыста жүрген әдіс-айлалардың бірі болатын. Сонымен, 1937 жылы 20-26 қыркүйек аралығында Ә. Кенесаринмен жүргізілген тергеу хаттамасына арнайы тоқталған жөн. Өйткені тергеу ісінде басқа хаттама жоқ, сондай-ақ бұл құжат Ә. Кенесариннің ісі бойынша даярланған айыптау қорытындысына негізге алынғандығы байқалады. Хаттамаға кіріспеде тергелуші туралы мәлімет берген тергеуші Кенесарин Әзімханның тегіне, яғни оның патша шенеунігінің отбасынан, әкесі уездік полиция бастығының көмекшісі болғандығына, ал өзінің революцияға дейін уезд полициясы бастығының жазба аудармашысы қызметін атқарғандығына баса көңіл аударады. Сондай-ақ оның 1930 ж. Қылмыс Кодексінің 58/10 бабы бойынша қамауға алынып, қолхат бойынша босатылғаны туралы мәліметті тағы да келтіреді. Бұл, әрине, айыптау қорытындысын даярлауда есепке алынуға тиісті фактілер еді. Ә. Кенесариннің тергеу ісінде тіркелген бұл жалғыз хаттама тергелушіге айтылатын мынадай сөздермен басталады: «Қойылған сұрауларға жауап беру барысында Сіз контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымы құрамында екендігіңізді жоққа шығарумен болдыңыз. Тергеу орнында Сіздің контрреволюциялық қыз 92 Замансөз метіңізге қатысты бұлтартпас айғақтар бар, сондықтан да ендігі уақытта қасарысуды доғарып, қойылған сауалдарға ашық көрсетулер беруді ұсынамыз». Бұл белгілі бір мерзімге дейін тұтқынмен жүргізілген «сындыру» жұмысы аяқталған соң

оған қойылатын стандартты сауал-ұсыныс. Бұл тергеу ісінің жаңа кезеңі басталғандығын, яғни тергеудегі адамның, абақты ішіндегі адам жаны төзгісіз түрлі азапты қинаулардан соң «осы азапты сәт аяқталса екен!» деген тілекпен тергеуші даярлаған хаттамаға қол қоюға әзірлігін білдіретін жағдай. Сол сияқты тұтқынның да жауабы «мен осы уақытқа дейін контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымы құрамында болғанымды жасырып, тергеу ісін жаңылыс жолға салдым. Тергеушілер менің контрреволюциялық зиянкестік әрекетімді біржола әшкерелеген соң ендігі уақытта қарсыласудың қисынсыз екендігіне көзім жетіп, тергеу ісіне ашық көрсетулер беру туралы шешім қабылдап отырмын» – деген мазмұнда болып келеді. Бұл тергеу ісінің абсолютті бәріне болмаса да, басым бөлігіне тән жағдай. Сонымен Ә. Кенесариннің ісінің соңы жөнінде 1956 жылы сәуір айының ортасында Түркістан әскери округінің прокурорына Ташкент қаласында тұратын (Кафанов көшесі, Тихий тупик 9) Кенесарин Натай Әзімханұлынан арыз түседі. Арызда: «Менің әкем Әзімхан Ахметұлы Кенесарин мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылығында учаскелік гидротехник қызметінде жүріп, 62 жасында 1937 жылы Шымкент қаласында НКВД органдары тарапынан халық жауы ретінде тұтқындалып, сондай-ақ оған тиесілі мүлкі мен Шымкент қаласындағы Бекет батыр көшесіндегі №8 үйі конфискиленген. Сол уақыттан бері, біз, яғни оның балалары әкеміз туралы ешқандай да мәлімет алған емеспіз. Әкеміздің тұтқынға алынуы және оның беймәлім тағдыры ұзақ жылдар бойы оның балаларының адамгершілік келбетіне жағылған дақтай еңсемізді басып келеді. Советтер Одағы Комунистік партиясының XX съезінің шешімдері мен материалдарына байланысты Сізден прокурорлық бақылау аясында менің әкем Әзімхан Ахметұлы Кенесариннің ісін қайта қарап, оның нәтижесін жоғарыда көрсетілген мекен-жайға хабарласуыңызды өтінемін». 13.IV.1956 ж. қолы. Шамамен осы мазмұндағы шағым енді КСРО-ның бас прокуроры Руденконың, КСРО Министрлер кеңесінің Төрағасы Булганиннің атына Ә. Кенесариннің зайыбы Кенесарина Зухра Батыршақызынан да түседі. Ша 97 Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ. Әзімхан Ахметұлы Кенесарин не үшін жазаланды шағымда отбасының жағдайына байланысты мынадай фактілер келтіріледі: «Күйеуім қамауға алынған соң, 1937 жылдың аязды қысында НКВД қызметкерлері мені төрт жас балаларыммен бұрынғы Бекет батыр, қазіргі ВЛКСМ-ның 30 жылдығы көшесіндегі №8 үйден (Шымкент қаласы), яғни жекеменшік үйімізден халық жауының отбасы ретінде қуып шығып, үйді өздеріне алды. Күйеуімнен және үйімнен айырылған мен жас балаларыммен Шымкент қаласынан тұруға пәтер іздеп, көшеде қаңғырып қалдым, бірақ бізді, халық жауының отбасын үйлеріне кіргізуге қорқып ешкім де қабылдай қоймады, сондықтан да әйтеуір табылған қуыс, ескі үйлерде қыстап шықтық. Осындай жағдайымды баяндап, ешқандайда кінәсіз төрт баламен қалғанымды ескеріп, үйіміздің бір бөлігін қалдыруды өтініп, Сталинге бірнеше мәрте шағым жаздым, бірақ менің өтінішімнен нәтиже шықпады. Ұзақ рухани күйзелістен соң, 1952 жылы Ташкент қаласына, ол жерден Жамбыл қаласына, сонан соң Алматыға көшіп бардық. Қазір мен 56 жастамын, 19 жылдан бері бір қаладан екінші қалаға баспанасыз ауысып жүрміз. Соңғы уақытта қайтадан Шымкентке көшіп келіп, уақытша танысымыздың үйінде тұрып жатырмыз». Шағымның соңында Зухра Батыршақызы Кенесары Әзімхан Ахметұлын ешқандай да кінәсіз жазаланған адам ретінде ақтап, жергілікті билік орындарына Шымкент қаласындағы ВЛКСМның 30 жылдығы көшесінің бойындағы үйлерін отбасына қайтару жөнінде тапсырма беруді өтінеді. Мәскеудегі басшылықтан тапсырма алған Түркістан Әскери Округінің прокуратурасы 1956 жылы 23 маусымда (№4-30\4756) Оңтүстік Қазақстан бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің Кенесары Әзімхан Ахметұлының ісін қайта қарауды тапсырып, өз ретінде облыстық басқарма аталған іс бойынша жұмыс жүргізіп, мынадай жағдайларды анықтайды. 1937 жылы ату жазасына бұйырылған Ишанхан Гүлтөрехан Ишан өз көрсетуінде Кенесаринді антисоветтік ұйымға тартқан Тынышбаев емес, Иманханов Насырхан ишан екендігін айтқан. Ә. Кенесариннен алынған тергеу хаттамасында оны антисоветтік ұйымға тартқан М.Тынышбаев екендігі айтылған. Аталған көрсетудегі қайшылықты жіберген, әрине Ишанханов Гүлтөрехан ишан да емес, сондай-ақ Ә. Кенесарин да емес, хаттамаларды тұтқындағыларға қол қоюға даярлаған тергеушілердің өздері екендігін аңғару қиын емес. Яғни, ешқандай да антисоветтік ұйымның болмағандығы, ал ишандар ісі мен алашордашыл Ә. Кенесариннің ісін қолдан жасаған «Сопы» операциясын жүргізушілер екендігі ешқандай күмән тудырмайтыны ақиқат. Ә. Кенесарин ісіне қатысты фактілерді тексеру барысында тергеу хаттамасында зиянкестік топ мүшелері ретінде көрсетілген. Коневтер, Куриленкодан, Волковтан және Асылловтан іс бойынша куәгерлер ретінде жауап алынады. Сондай-ақ олар Ә. Кенесариннің антисоветтік ұйымға мүше, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылығы мекемесінде контрреволюциялық топтың болғандығын қуаттап, ешқандай да куәлік бермеген. Керісінше аталған кісілер Ә. Кенесаринмен біраз жыл су жүйесінде бірге жұмыс жасап, оны тек жақсы қызметкер тұрғысынан білетіндіктерін айтқан. Енді сол куәгерлердің көрсетулерінен бірнеше үзінділер

келтірейік. «Іске тіркелген тергеу хаттамаларынан. 1956 ж. 8 тамыз. Конев Алексей Дмитриевич 1898 ж. туылған, орыс, партияда жоқ, білімі – орта, мамандығы – гидротехник, қызметі – Ақсу Бадам суландыру 98 Замансөз жүйесінде суды тұтыну (водопользования) бөлімінің бастығы. ... Мен Кенесаринге саяси мінездеме бере алмаймын, өйткені онымен жақын қатынаста болған емеспін, ал оның қызметі туралы тек жағымды пікір айтқан болар едім. Есімде, Кенесариннің суландыру ісі бойынша арнайы білімі жоқ, ал бірақ тәжірибесі мол, гидротехник ретінде өз жұмысына зор жауапкершілікпен қарайтын. Қызмет бабымен оның жұмысын тексеруге тура келетін дегенмен жағымсыз кемшіліктер байқалмайтын. Бөген-Шаян каналын салу алғашқылардың бірі болып ұсыныс жасаған осы Кенесарин болатын. Бұл канал Шаян ауданындағы Төрткөл ауыл советіне қарайтын колхоздарды сумен қамтамасыз ету ісінде үлкен пайда келтірді...». Куриленко Иван Павлович ұлты – украин, 1956 ж. 9 тамыздағы көрсетуінде: Кенесаринмен Оңтүстік Қазақстанның су шаруашылығы жүйесінде 1928 жылдан ол қамауға алынған күнге дейін бірге жұмыс жасағанын айтып, осы мезгілде «Кенесарин өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарады, оның атына колхоздардан немесе жеке адамдардан суландыру ісіне байланысты шағым болған емес, ол өз жұмысын білетін және ұжымда беделді және сыйлы болды. Оңтүстік Қазақстан облысының су шаруашылығында антисоветтік ұйым болғандығы ештеме білмеймін, естігенде емеспін...», – деген ойын білдірді. Ә. Кенесариннің Оңтүстік Қазақстан облысындағы суландыру жүйесіндегі қызметіне байланысты жағымды мінездемені оның әріптестері П.А. Кретов, Ғ.Б. Асыллов және С.С. Волков та береді. Сәл өзгеше мінездеме Волков Сергей Степановичтің көрсетуінде берілген: «Кенесаринді 1935 жылдың қамауға алынғанға дейін білемін, оның қарамағында жұмыс істедім. Кенесарин өз жұмысын жақсы меңгерген, оған жауапкершілікпен қарайтын. Маған және басқа учаскелік гидротехниктерге ол көмегін аямайтын. Ал оның саяси ұстанымына қатысты жағымды пікір айта алмаймын. Мен оның партия және совет үкіметінің шараларына жаулық ұстанымда болғандығын білемін, екеуара әңгімеде өзінің антисоветтік пікірлерін жасырмайтын, ылғи да революцияға дейінгі Ресей өмірін мақтайтын. Түркістан Әскери округының әскери прокуроры міндетін уақытша атқарушы әділет полковнигі И. Пастревич Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Басқармасы даярлаған қорытынды анықтамаға сүйене отырып, 1956 жылы 29 қарашада «НКВДның Оңтүстік Қазақстан облысындағы үштігінің 1937 жылы 28 қарашадағы осы іс бойынша Қаулысы жойылсын, ал Кенесарин Әзімханның қызметінде қылмыс құрамы болмағандықтан РСФСР ҚПК-нің 4 және 5 баптарына сәйкес қылмыстың ісі тоқтатылсын», – деген шешім қабылдайды.

Қортындылай келе, еліне, жеріне, халқына халықаралық саясатта да, қазақ тарихы мен руханияты үшін де қаншама құнды мұра қалдырған Ә. А. Кенесаринесімі уақыт өткен сайын жас ұрпақтың жадында жаңа қырларынан көріне бермек. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, артына өшпейтін мол мұра қалдырған Ә. А. Кенесариннің өмір жолы жыл өткен сайын нұрланып, жарқырай бермек. Ұлт рухын ұлықтаған халқымыздың осындай асыл азаматын кейінгі ұрпақ жадында мәңгі сақтағаны абзал.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Кенесарина Н.А. О деятельности Кенесары хана по царским документам. – Алматы, 2001.–227 б.
2. ҚРҰҚК Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мұрағаты (бұдан бұлай ҚРҰҚК ОҚОДМ-лат) мұр. № 0350, 4-4 бб. п.п.
3. ҚРҰҚК Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша департаментінің мұрағаты (ҚРҰҚК АОЖАҚДМ), мұр.№06610, 4т , 543 п.
4. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 2004. – 386-389, 389-398, 472-482 бб. 99 Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ. Әзімхан Ахметұлы Кенесарин не үшін жазаланды
5. ҚРҰҚК ОҚОДМ, мұр. №0350, 1-3 п.п.
6. Кенесарина.К.А. Аталған кітап,2 26 б.
7. ҚРҰҚК ОҚОДМ, мұр. № 0350,5-5 бб. п.п.
8. Ә.Кенесарин бұдан бұрын, яғни 1930 жылы абақтыға жабылып, жылға жуық отырып шыққан. Сонда,яғни 1931 жылы 7 қыркүйекте берген жауабында өз ұстанымын былай білдіреді: «На вопрос могу ответить только одно: ни в какой организации я не состоял и не состою и никогда никакой антисоветской работы не вел. Об этом я сейчас заявляю и всегда буду говорить»/ ҚРҰҚК АОЖАҚДМ, №06610 іс, 4 т, 669 п.



### **АЛАШОРДА ТАРИХЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ**

XX ғасырдың басында қазақ елінің, қазақ ұлтының экономикалық, мәдени, рухани-саяси жаңғыруы бағытын ұран етіп ұстап, дамудың жоғары сатысына өрлеп жатқан озық жұрттардан қалып қоймау мақсатында алға басу үшін барлық қазақ ұлтының өкілдерін жаңару бағытын ұстанған Алашорда қозғалысы өмірге келді. Оның басында батырлар жырымен өмір танып, ірі-ірі қазақ ауылдарында ашылған діни қайраткерлер – медресе ұстаздарынан әріп таныған, шығыстың классикалық шығармаларымен сусындаған, араб, парсы тілдерін еркін меңгерген, одан әрі Абайдың тәлімін үлкендердің әңгімесінен естіп, Ыбырайдың бастауыш мектептерінен орыс тілін үйреніп, нақты ғылымдардың әліппесін меңгерген оқыған жастар тұрды. Қазақ оқымаса, заманауи білім түрлерін үйренбесе, кәсіп түрлерін меңгермесе – басқа жұрттардан көштен қалатынын ескерткен Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлт зиялылары ел ішінде үндеу жариялап, Алаш партиясы қанатында өсіп-өркендеу жолында әрекеттер жасауға көшті.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында Алаш партиясы, Алашорда үкіметінің XX ғасыр басында қазақ елінің дамуында алған орны жан-жақты ғылыми бағасын әлі алған жоқ. Қозғалыстың басында тұрған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты жекелеген қайраткерлері мен оларға ерген оқығандарға қатысты үзік-үзік мәліметтер болғанымен де, Алаш қозғалысына саяси, тарихи толыққанды баға берілген жоқ. Ең маңызды мәселе – Алаш партиясының ұйымдастырушылық, бір орталықтан басқарылатын орталығы – сол кездегі Орынбор қаласы болғаны белгілі. Бір жағынан, Алаш қозғалысының ұйымдастырушылық орталығына айналу себебі – сол кезде Орынборда мұғалімдер семинариясының орналасуы, екінші жағынан – Уфадағы «Ғалия» медресесін оқыған қазақ жастарының көп болуы да – қазақтың оқыған жастарының бастарын қосып, елдің дамуы үшін қозғалыс ұйымдастыруға септігі тиді. Оның үстіне, Ресей империясының ең шеткі әкімшілік-аумақтық бөлігінде орналасқан. Орынбор губерниясында түркішілдік бағыттағы қозғалыстар жанданып, татар, ноғай, башқұрт жастарының да рухани-демократиялық бағыттағы тың қозғалыстары өмірге келіп, жұмыс қызып жатты.

Алаш партиясының жетекші көсемдерінен өзге, осы жұмыстың басы қасында, әкімшілік шаруаларын атқарып жүрген талай мүшелері болды, ұланғасыр қазақ жерінің әр өңірінде Алаш қозғалысының бөлімшелерін ұйымдастырып, партиялық үгіт-насихаттық жұмыстар атқарып, сол кездегі «халықтың көзі, һәм құлағы» бола білген «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің таралуы үшін жұмыс атқарып, бәр жағынан елдің оқу-білімге үндеп, бай-бақуатты болуға кәсіп ашуға кеңес беріп жүрген азаматтар көп болды. Аймақтардағы Алаш қозғалысын жандандырған азаматарымыздың есімдерін түгендеп, қызметтерін нақтылап, бір жүйеге келтірудің өзі архив қызметкерлерінің жұмысы болуы тиіс. Осы орайда Ақтөбе облысы мемлекеттік архивінде толық болмаса да, Алаш партиясының жергілікті бөлімшелеріне қатысты мәліметтер сақталғанын атап өтуге болады. Бұл құжаттар қоғам үшін мәні мен мазмұнын бүгінгі күні де жоймаған талай тарихи деректердің жаңа беттерін ашуға мүмкіндік береді. Қолымыздағы құжаттарды саралай отырсақ, Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз, Темір аудандарында Алашорда қозғалысы қарқынды жұмыс істеген. Орталықтан, Орынбордан алыс жатқан қазақ ауылдарына қарағанда, тұрғындар саны көп, көлік қозғалысына жақын, ел ішін ұйыстырып отыратын азаматтары және дәулетті байлары бар, мектеп-медресесі жұмыс істеп тұрған өңірлерде жақсы жұмыс істейді. Ресей императорының пәрменімен Ресейді Түркістан өлкесімен байланыстырушы теміржолдың салынуы, оның жол бойындағы қазақтардың да теміржол қызметін пайдалана бастауы экономикалық қозғалысты жандандырды. Темір – Ақтөбе облысының ертеден дамыған қалаларының бірі, Көкжар жәрмеңкесінің орналасуымен сауда-саттық өркендеп, Демидовтар тәрізді көпестердің кәсіпшілік ашып, ішкі Ресейден ағаш, темірден жасалған тұрмыстық бұйымдар, күміс т.б. қымбат бағалы металлдардан жасалған жиһаз, сәндік бұйымдарды әкеліп сатып не тері, жүнге айырбастап не өңдеп, мал өнімдерінің саудасын қыздырған орталыққа айналды.

Ырғыз өңірі – қазақ даласындағы Торғаймен шектес, мұнда да Ыбырай ашқан екі кластық орыс-қазақ училищесінен ауқатты қазақ жастары білім алып, әрі қарай Орынборда жалғастыратын. Міне, осы себептер Ырғыз, Шалқар, Темір уездерінде Алаш қозғалысы бөлімшелерінің көптеп құрылып, Орынбордағы оқыған қазақ жастарымен тұрақты байланыс ұстап тұруға себеп болды. Құжаттарда Ақтөбе облысының Ырғыз, Шалқар, Темір аудандарындағы Алашорда қозғалысына қатысты мынадай мәліметтер бар. Кеңес өкіметі орнай салысымен Алашорда үкіметінің қызметінде, не әскерінде болғандар өздері әскери мекемеге тіркеуге келуі тиіс екендігі міндеттеледі. Бұл жөнінде

БКП (б) Ақтөбе облыстық партия комитетінің құжаттарында сақталған. Қырғыз өлкелік басқару әскери-революциялық комитетінің 1920 жылғы 5 мамырдағы №54 бұйрығында былай деп жазылған: «Все сотрудники бывшего правительства «Алашорда» и военнослужащие ныне находящиеся в 1-м Киргизском Красном Советском полку подлежат в 3-х дневный срок регистрации в Киркрайчека. После чего сотрудники поступают в распоряжение Киркрайвоенревкома, а военнослужащие в распоряжение Киркрайвоенкомата» деп берілген.[1] Осы құжаттың өте маңыздылығы сол, Алашорда партиясының таратылғаннан кейінгі оның мүшелері мен белсенді топтарын кеңес өкіметі құрылған күннен бастап, үнемі ревкомның қатаң бақылауында болып, тіпті олардың жүріп-тұрулары назарда болғандығын айғақтайды.

Ақтөбе губерниялық комитетінің 1926 жылғы құжаттарында Шалқар уезіне қарайтын Ырғыз болыстығын тексеру барысының қорытындылары баяндалады. Құжат 1926 жылдың 21 желтоқсанында тапсырылған. Мұнда 1917-1919 жылдар арасындағы Ырғыз жеріндегі ақтар мен қызылдардың тартысы, алашордашылардың қызметі, олардың көзқарастары тұрғысына жете мән берілген. Айта кету керек, 1917 жылы Ырғыз бен Торғай арасындағы ақтарды жақтаған алашордашылардың қызылдармен тартысы қатты жүріп жатты. 1917 жылдың көктемінде РКП (б)-ның арнайы тапсырмасымен Ырғызға Әліби Жангелдин келеді. 1918 жылы Ырғызда Ырғыз Совдепі құрылып, Ұзақбай Құлымбетов, Бәймен Алманов, Темірбек Жүргенов, Иван Киселев, Сәндібек Тұңғашинмен бірлесе Кеңес өкіметі орнатылды. Ырғыз ревкомның тұңғыш төрағасы – Бәймен Алманов. 1918-1921 жылдары арасында Ырғыз маңайында 16 болыстық, 138 ауылдық кеңес ұйымдастырылады. Ырғызда орнаған Кеңес өкіметін құлату үшін 1918 жылдың маусымында адмирал Дутовтың әскері басып алып, Ырғыз Совдепінің бастығы Сәндібек Тұңғашинді кескілеп өлтірген. Ақтар келгенде, Бәймен Алманов Темірбек Жүргеновке ілесіп, қызыл отрядпен кетеді. Екінші рет Ырғызды Могилевтің әскері тағы да басып алып, қызылдарды қуып жібереді. Әліби Жангелдиннің көмегімен Ырғыз 1919 жылдың қыркүйегінде Торғай мен поезд жолы – Шалқарды байланыстыратын телеграф желісімен жабдықталған Ырғыз ақтардан азат етілді. Бұл кезде Шалқарда қызылдардан жеңіліс тапқан Колчактың әскері Шалқар-Ырғыз-Торғай арқылы, қазіргі Қостанай аумағымен Сібірге қарай өтіп жатты. Кеңес өкіметі Ырғызда қайта орнағаннан кейін Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов Ырғыз уездік революциялық комитетіне жұмысқа келді. 1920 жылы ол РКП (б) қатарына алынған. Өз өмірінің осы кезеңі туралы ол кейін былай деп жазады: «Өзге жолдастармен бірге мен ақтардың қалдықтарын жоюға белсене қатысып, бандитизмге қарсы күрес жүргіздім. Сол сияқты революциялық комитеттің уәкілі ретінде қару-жарақ жинау мен ауылдарды советтендіру жөнінде көптеген жұмыстар жүргіздім. Осыдан кейін менің тапсырылған іске адал қарайтыныма, совет өкіметінің жауларын құртуға белсене үлес қосқаныма көз жеткізген жолдастарым мені партия мүшелігіне кандидаттыққа, кейін мүшелікке қабылдады».

Архив деректерінде Ырғыз ревкомын басқаруға келген Ұзақбай Құлымбетов 1921 жылы қарсыластарын қудалады деп көрсетілген. Екі топ арасындағы қақтығыс ішкі алауыздыққа соқтырды. Ырғыз ауданындағы биліктегі топтар екі жаққа бөлініп, бірінші топ бірыңғай кеңес өкіметі саясатын ұстанса, ал оған қарсы топ – Алашорда саясатын астыртын түрде қолдаған Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов басшылығымен ұстанған.

1935 жылғы Ақтөбе облыстық партия комитетінің құжаттарында алашордашылар Ойыл ауданындағы Батыс Алашорда бөлімінде белсенді қызмет атқарған Еркін Ахметов (құжатта Иркен деп жазылған) пен Ақтөбе қаласындағы белсендісі - Темір Бекмамбетовке мінездеме берілген. Тәуелсіздіктен бері тарихшылар осы екі азаматтың Алашорда қозғалысындағы рөліне әлі күнге дейін баға берген емес. Бұлар кімдер, қай жерде оқыған, Алаш көсемдерімен байланысы қандай дәрежеде болды, ел үшін атқарған қызметтері қандай, тіпті туыскандары, ұрпақтары бар ма деген сауалға әлі жауап жоқ.

Бұрынғы алашордашылардың облыстағы контрреволюциялық қызметі туралы ОГПУ Ақтөбе бөлімінің 1933 жылғы 8 маусымдағы «Ұлтшылдық элементтердің БКП (б) қатарына контрреволюциялық мақсатпен енуі» атты №2 баяндау жазбасында алашордашы Жауымбаев Қажығалидың 1933 жылдың 3 мамырында түсінік беруін былай деп көрсетеді: «Контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде партия қатарына өз мақсатымда пайдалану үшін ендім. Партия саясатына, яғни жаппай ұжымдастыру, байларды тап ретінде жою, т.б. шаруашылық саясатына қарсы 1931 жылдың наурыз-сәуір айларында контрреволюциялық жұмыс жүргіздім. 1932 жылы екінші рет партияға өтіп, контрреволюциялық қызметімді жалғастырдым. Контрреволюциялық ұйымға бұрынғы алашордашылар, партия мүшелері – Сыртқы сауда Қазақстандағы өлкелік өкілі – Наренов, Ойыл аудандық прокуроры - Нұрпейісов, Революциялық атқару комитетінің Ойылдағы төрағасы – Жұмағалиев, Молдағұлов, Көптілеуов (құжатта солай) кірді. Барлық ұйым жұмысы ауылдағы

кеңестік шаруашылық саясатқа, ұжымдастыруға қарсы жаппай көшуді ұйымдастыруды қамтыды» деп түсінік берген.[2]

Баяндау жазбасында контрреволюциялық топ мүшесі Имандосовтың (құжатта солай) жауабы былай деп жазылған: «Ұйымның мақсаты – кеңес өкіметін құлату, осы мақсатқа сай кеңес өкіметінің облыстағы жүргізген саясаты: салық салу, ұжымдастыру, байларды репрессиялау дұрыс емес деп тауып, қазақ халқының мүддесіне сай келмейді деп шештік».[2] Сонымен қатар алашордашылар – Еркін Ахметов, Сағымбай Әйімов, Ермек Төлеулиннің қызметтері, ОГПУ-дің Ақтөбе өкілдігінің баяндау жазбасында әшкереленген троцкистер, алашордашылар, ақ гвардия қатарында болғандардың тізімдері жазылып, жеке мәліметтері де тіркелген.[3]

Құжатта: «1. Ахмедов Иркен (Уильск. р-н) – член ВКП (б), служил в Алашорде милиционером. Дезертировал из Красной Армии. Имел связь с баями.

2. Бекмамбетов Темир (г. Актюбинск) – член ВКП (б) с 1924 г. Работал зам. зав. облпланом. Офицер Алаш-Орды с 1918-1919 г. Имеется сведения, что он сопровождал в качестве адъютанта алашординца Копжасарова к Колчаку, когда он ездил по вопросу признания Алашорды. Как активный алашординец при чистке 1928 г. исключался из партии...» деп көрсетілген. [4]

Көпжасаров – Мұстафа Шоқайдың ең күрделі тапсырмаларын орындайтын ең сенімді көмекшісі болған адам. Түркістан республикасын құрып, оның Алашорданың Орынбордағы басты кеңсесіндегі партия мүшелерімен байланыс жасап жүрген, әрі Колчак штабымен астыртын хабарласып, қызылдар мен ақтардың арасындағы қақтығыстарға қатысып, Алашорда әскерінің ұйымдастырушылық жағымен де біраз жұмыс атқарған Көпжасаров туралы мәлімет өте сараң. Ол кісі жөнінде әрі қарай зерттеу қажет. Белгілісі – 1928 жылы ірі байларды тәркілеу мен буржуазиялық элементтерге қарсы алғашқы майдан ашылған кезден бастап-ақ, Көпжасаров қызыл өкіметтің қара тізіміне іліккен.

Орталықта алашордашылар және ұлтшылдармен күрес қатты қарқын ала бастағанда, аймақтық басшылықта отырған бұрынғы алашордалықтар большевиктер партиясына мүшелікке кіргенімен, өткендері қазбаланып, бірте-бірте қысымға ұшырады. Қанды террордың ең қатыгезденген жылдары – 1937-1938 жылдар. Сол уақытта қазақ өлкелік партия комитетінің, шаруашылық басшылығында Ақтөбеден шыққан бір топ азаматтар отырды. Қазақ өкіметінің 19 комиссары троцкийшіл-бухариншіл, ұлтшыл деген айып тағылып, 1938 жылдың ақпанында ату жазасына кесілді. «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 1938 жылғы 22 наурыздағы №66 санында былай деп хабар таратылды: «В Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР 6-12 марта 1938 года выездная сессия Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР на закрытом судебном заседании в порядке закона от 1-го декабря 1934 года рассмотрела дело национал-фашистов, троцкистов и бухаринцев – Кулумбетов У.

Сыргабекова Н., Ескараева С., Молдажанова И., Нурмухамедова Х., Иванова В. И., Случака В.Е., Чудочкина М. А., Берлина Б.М., Михайленко Я.И., Жургенова Т., Садвокасова Ж., Досова А., Курамысова И., Сафарбекова С., Мусина А., Кошанбаева Х., Султанбекова Ж., и Кенжина А. по обвинению в измене Родине, в попытках отторжения Казахстана от СССР и превращения его в колонию иностранного империализма, в террористической деятельности, вредительской и диверсионной работе и шпионаже в пользу иностранных государств, т.с. в преступлениях, предусмотренных статьями 58-1А, 58-6, 58-7, 58-8, и 58-9 Уголовного Кодекса РСФСР.

Все вышеперечисленные обвиняемые полностью признали себя виновными в предъявленных им обвинениях.

Выездная сессия Военной Коллегии Верховного Суда приговорила обвиняемых... в высшей мере наказания – расстрелу.

Приговор приведен в исполнение».

Қазақ өлкелік билігінің партиялық-шаруашылық басшылығындағы, облыстарда ірі-ірі өндірісті басқарып отырған азаматтарды қудалаудан бұрын оларға қарсы саяси науқан 1935 жылдан басталған еді. Ақтөбе облыстық архивінде сақталған 1937 жылдың 21 қыркүйегінде өткен Ақтөбе облыстық партия комитетінің Бюросы Қаулысында «ұлтшыл-фашистер, троцкистер мен бухариншілдер» Ж. Сәдуақасов, Ұ. Құлымбетов, Т. Жүргенов, С. Есқараев, Қапаров, Асқаров, Байкелев, Ормановты (құжатта солай) партия жұмысына тартты деп обком хатшылары А. Мусин мен Т. Брикульс кадр іріктеуде үлкен қателіктер жіберді, ұлтшыл» деп айыпалады.[5] Осыдан кейін жоғарыда «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 1938 жылдың 22 наурызында жарияланғандай, А.Мусин Алматыда 19 комиссардың қатарында атылып, денесі Боралдайға жасырын көмілді.

Архив қорындағы құжаттарда Алаш партиясының бұрынғы мүшелерінің іс-әрекеттеріне қарсы түрлі айыптаулар тағып, үгіт-насихаттық қарсы жұмыстар арқылы оларды елге жеккөрінішті етіп көрсетіп, партия жиналыстарында, ауыл-ауылдардағы үгіт-насихаттық жұмыстарда ел ішінен

оқшаулауға тырысқан. Комсомол ұйымының түрлі деңгейдегі басшылары да алашордашыларға қарсы ақпараттық соғыста коммунистік партиядан қалыспаған. БКП (б) облыстық комитетінің нұсқаушысы Ембергенов (құжатта солай) Ойыл ауданындағы «Сарпыкөл», «Кұмсай», «Бабатай» интернаты мен Мирзоян атындағы ұжымшар мүшелерімен кездесуде жұртшылық «Требовали высшую меру наказания остаткам троцкисто-зиновьевского параллельного центра, тем самым не делать никакой пощады алашординцам и местным националистам, как врагам трудящихся, в связи с этим при выступлении вскрыты активные участники Алашорды в Уильском районе, здесь был главным организатором Алаш-Орды Досмухамбетов Ж., поэтому мы должны разоблачать остатки контрреволюционной алашорды» деген мәліметтер бар. Алашорда қозғалысының өкілдерімен қоса, Ақтөбеде негізінен Темір ауданының азаматтарынан құралған «Жекей-Назар» контрреволюциялық тобы ұсталды. Жекей, Назар – ру аттары. Ал, кеңес өкіметінің саясатына қарсы жұмыс істеген контрреволюциялық ұйым деп айыпталған осы топта 47 адам жазалауға ұшырады. Атап айтсақ, Жекей тобынан –22 адам, Назар тобынан –25 адам. Темір аудандық партия комитетінің 1-хатшысы обком хатшысы

Т. Брикульске берген есебінде «Жекей-Назар» тобының «халық жауы» есебінде партиядан шығарылған мүшелерінің тізімін жариялайды. Ақтөбе облыстық партия комитетінің облыстық архивінде сақталған бюро мәжілісінің құжаттарында облыс аумағында Алашорда партиясынан –136 адам, «Жекей-Назар» контрреволюциялық ұйымынан –47 адам бар деп жазылған.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары мен шаруашылық басқарғандарын, жалпы елді алға сүйрейтін озық ойлы тұлғалар есімдерін қалпына келтіруде архивтегі кез-келген жазба өте құнды дерек болып табылады. Оларды хронологиялық жүйелілікпен жинақтап, арманда кеткен арыстарымыздың есімдерін, тұрғылықты мекендерін көрсетіп, қызмет еткен жылдарын жүйелеп, бір форматқа түсірсек, ел-жұртымызға үлкен саяси апат болып келген қанды жылдардың көрінісі шынайылана түсер еді. Ең басты кінәміз –үлкен қайраткерлердің жанында қызмет еткен, ел-жұртына өлшеусіз еңбек сіңірген ауыл, аудан көлеміндегі тұлғалар туралы толыққанды жинақтай алмай жатқанымыз. Алаш қозғалысының барлық мүшелерінің тізімі түгелденсе, сол кездің оқиғалары туралы деректер толығы түсер еді. Сондықтан да оларды жүйелеп, зерттеу өз кезегін күтіп тұр.

Отан тарихы – өлке тарихынан бастау алады. Әр өлке тарихи-архив деректерін жүйелеп, айналымға түсірсе, ортақ тарихымызға қазық болып қағылады. Өткенін білмеген, өткенін зерделемеген ұлт ешқашанда кемелдікке жете алмайды. Ал, кемелдіктің басы – өткенді зерделеу, ұғыну, қателіктерден сабақ алу, сол арқылы болашаққа бағдар жасау.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы негізгі бағдардың бірі – тарихымызды жаңа көзқараспен қайта жаңғырту деп анық көрсетілген, бұл Алаш арыстарының идеясымен үндесіп жатыр. Заманынан бұрын туып, сойқан саясаттың құрбанына айналған Алаш арыстарының негізгі мақсаты –ел-халқымызды озық жұрттар дәрежесіне жеткізу болатын. Бағдарламалық мақаладағы Қазақстанға ғана тән тарихи- өркениеттік даму жолын таңдай отырып, бұл жолда халқымыз ұстанған салт-дәстүр, байыпты да байсалды, барлық нәрсені сабырмен шешетін ұлттық мінезімізді алға ұстап, білімді де интеллектуальды ұлтқа айналу үшін көп тер төгу қажет. Алаш идеясының түп-төркіні де осында жатыр еді. Қазақстан мемлекетінің тұтасқан халқы өз атамекеніне ие болып, өркениет жолымен алға басуы тиіс. Арманда кеткен Алаш қайраткерлерінің кеңес өкіметі қабылдамаған мұрат-мақсаттарын жүзеге асырушы жаңа ұрпақ келді...

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

- 1 АОМА, қор 1, тіз. 1, іс 88, 12 б.
- 2 АОМА, қор 13, тіз. 2, іс 455, 2-3 б.
- 3 АОМА, қор 13, тіз. 4, іс 451, 6-8 б.
- 4 АОМА, қор 13, тіз. 4, іс 122, 72 б.
- 5 АОМА, қор 13, тіз. 7, іс 147, 1-16 б.
- 6 АОМА, қор 13, тіз. 6, іс 54, 11-12 б.

### **ҚАЙРАТКЕР ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Отан тарихы ғылымында толық шешімін таппаған әлі зерттелу деңгейі тым мардымсыз тақырыптар өте көп. Осындай зерттелуі жұтаң, көп бұрмалаушылыққа ұшыраған тақырыптардың бірі Тұрар Рысқұловтың Мұсбюродағы қызметін жатқызуға болады. Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдары өткізген I съезде қабылданып, РКП(б) VIII съезінде бекітілген шешімге сәйкес, 1919 жылы 14-31 наурыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен ТКП II конференциясы «...партияның мұсылман бөлігіндегі партия жұмысына басшылық пен ұйымдастыруды» жақсарту үшін ТКП ОК жанынан Мұсылман Бюросын құру туралы шешім қабылдады. Мұсбюро құрамына: Т.Рысқұлов (төрағасы) Н.Қожаев, Ю.Алиев, Ю.Ибрагимов және А.Мұхитдинов кірді [1]. Орыс большевиктерінің шовинистік пиғылы мен отаршылдық саясатына қарсы құрылған Мұсбюро өзінің алдына қойған мақсаты мен істеген қызметінде патшалық Ресей тұсындағы Мемлекеттік думаның жанындағы Мұсылман бюросының жалғасы іспеттес еді. Түрікшіл коммунистер Т.Рысқұловтың басшылығымен жергілікті түрік халықтарының мүддесін қорғау мақсатында республиканың барлық облыстары, уездері мен қалаларында Мұсбюроның жергілікті ұйымдарын құрды. Ұйымдасқан түрде жүйелі жұмыс істеуге кіріскен Мұсбюроға өз конференцияларын шақырып отыру құқығы берілді. 1919 жылы 18-сәуірде РКП(б) ОК Мұсбюроға Москвадағы Орталық Бюромен өз бетімен, тікелей радио байланыс жасауына рұқсат етті. Бұл РКП(б) ОК-ның Мұсбюромен санасуға мәжбүр бола бастағанын көрсетіп берді [2]. Мұсбюро түрік халықтары арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін 1918 жылдың 20-маусымнан бастап түрік тілінде шыға бастаған «Иштракун» атты ТКП және ТАКСР ұлт істері жөніндегі халық омиссариятының органы кең көлемде пайдаланды. Алғашында аптасына үшрет шығып тұрған газет 1919 жылдың 1-наурызынан бастап 3 мың дана таралыммен күнделікті өзбек және қазақ тілдерінде шығарылып тұрған. Кейіннен жергілікті халықтардың тілінде әдебиеттер басып шығаратын баспалардың болмауы мен газет-журналдардың жоқтығы себепті Т.Рысқұлов ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына қарасты «Иштракун» газетін Мұсбюроның қарамағына беруді талап етеді. Мұның өзі мерзімді басылым арқылы жергілікті халықтың сана-сезімін оятуға, жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың мәнін түсіндіруге Мұсбюроның баса назар аударғанын көрсетеді. Қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында түрік халықтарының мүддесін қорғаған Мұсбюроны басқара отырып, Т.Рысқұлов 1920 жылдың қаңтарына дейін РКП(б) ОК-не зор сенім білдірген. Алғашында ол да В.И.Ленин басқарған большевиктер партиясының шынайы ұлт саясатына сенген болатын. Бірақ, бірте-бірте, кейінгі саяси оқиғалардың бет алысы Т.Рысқұловтың саяси көзқарасына зор өзгеріс енгізді, қазақ азаттық қозғалысының басшылары кезінде орыс демократиясына қалай сенсе, Т.Рысқұлов сынды түрік қайраткерлері алғашында большевиктер партиясына солай сенген болатын. Сондықтан да Т.Рысқұлов Мұсбюроны құрған кезден бастап түрікшілдік идеясына берілген қайраткер болды деп айта қою қиын. Саяси көзқарас эволюциясы уақыт ағымына тәуелді нәрсе болатын. Түркістандағы ұлт мәселесінің шешілмеуіне өлкедегі шовинистік пиғылы басым орыс коммунистері кінәлі деп түсінген Т.Рысқұлов оларға қарсы күресті ұйымдастыруға зор қаржы-қайрат көрсетті. Оның Ферғана бөлігін бәсеңдетуге тарихи рөлі, жергілікті билік органдарына түрік өкілдерін көптеп тарта бастауы, орыс шовинизміне қарсы қатал да ымырасыз күресі түрік халықтары тарапынан зор қолдау тапты. Т.Рысқұлов Мұсбюро қызметін жүйелі түрде жүргізу мақсатымен оның құрамынан: ұйымдастыру-үгіт, редакция-баспа, мәдени-ағарту және әскери бөлімшелер құрды. Әсіресе, Түркістандағы Қызыл Армия бөлімдерінде құрылған мұсылман коммунистері ұйымдарының қызметіне басшылық жасайтын әскери бөлімге ерекше көңіл бөлінді. Мұсбюро Түркістанның жергілікті халық өкілдерін мемлекеттік іске және билік органдарына кең түрде тарту мәселесі бойынша тұрақты түрде жұмыстар жүргізіп отырды. Ал, бұл өз кезегіндегі шовинистік пиғылдағы орыс коммунистерінің орасан зор қарсылығын туғызды. Ұлттық негізде қалыптасқан теке-тірес жергілікті халықтардың пайдасына сөзсіз шешілуі тиіс деп есептеген Мұсбюро позициясы күн санап нығая түсті. Түркістан Республикасында қалыптасқан саяси ахуал РКП(б) ОК-ын қатты алаңдата бастады. Орталықтан келген жергілікті халықтар арасынан шыққан коммунистердің ұлт мәселесі бойынша туындаған пікір-таласта өзара ымыраға келе алмауы жалпы республиканың саяси ахуалын шиеленістіріп жіберді. Қалыптасқан саяси шиеленісті бәсеңдетудің жолы, ол республика тұрғындарын мемлекеттік іске пропорциялы түрде қатыстыру жолы болатын. Өз кезегінде Т.Рысқұлов Мұсылманбюросы қызметін жандандыру мақсатында 1919 ж. шілдеде Түркістан Республикасы атқару комитеті Әулиеата және Черняев уездеріндегі саяси-әлеуметтік және ұлтаралық қарым-қатынас жайымен танысу үшін онда арнайы комиссия аттандырды. Осындай

жетістікке қол жеткізен Т.Рысқұлов басқарған Мұсбюро нығайып, өз өкілдерін басқару органдарына жаппай тарта бастады. Рысқұлов төрағалық еткен бұл комиссия көп ұзамай қатаң сынға алынып комитет таратылды [3].

1919 жылы қыркүйек айында Ташкент қаласында болып өткен ТКП IV съезі мен Түркістан Республикасы Кеңестерінің кезекті VIII съезі Т.Рысқұлов пен ол басқарып отырған Мұсбюроның саяси беделінің орасан зор өскенін көрсетті. Съездерде ең басты мәселе ұлт мәселесі болды. Негізгі пікірталас ұлт мәселесі төңірегінде өрбіді. ТКП IV съезі коммунист делегаттарының 1919 жылы 18-қыркүйекте өткізген бірлескен мәжілісінде сөз сөйлеген Т.Рысқұлов еуропалық және мұсылман коммунистерінің арақатынасы мәселесіне тоқталып, Кеңес өкіметінің Түркістанның жергілікті халқына жүргізіп отырағн саясатын өткір сынға алды. «Мұсылмандардың қолдауымен ақгвардияшыл көтеріліс болған жер бар ма? Автономиялы Қоқан үкіметі – бұл ұлт-азаттық кезеңі болды және сіздер автономияшыларға қалай қатыгездік жасалғанын білесіздер. Осылайша өздерінен мұсылман бұқарасын алшақтатып алды... Перовскіде ең көрнекті мұсылман қайраткерлерін атып, бүкіл мұсылмандарды шошытып алды, одан қазақтар жаппай Торғай облысына үдере көшіп кетті... Бұл жағдайды жүрегің қысылып әрең айтасың...» – дейді Т. Рысқұлов. Түркістан автономиясын «ұлт-азаттық кезеңі» деп атаған Т.Рысқұлов шын мәнінде түрік халықтарының мүддесін терең түсінген, түрікшілдіктің мәні мен мазмұнын ұғынған саяси қайраткер болатын. 1919 жылы күзінде Мұсбюро мүшелері Түркістан Республикасының басқару органдарына көптеп қызмет етті. Еуропалық коммунистерді көптеген мәселелер бойынша ығыстыра бастаған Т.Рысқұлов жетекшілік еткен Мұсбюроның Түркістандағы саяси жеңісінен қатты қауіптенген РКП(б) ОК Түркістанда өздерінің саяси миссиясын жүзеге асыруды міндеттеп, Москвадан Түркістанға БОАК және РСФСР Халкомкеңесінің Түркістан істері бойынша ерекше Комиссиясын (Түріккомиссия) аттандырды. Т.Рысқұлов пен Мұсбюроның басқа да жетекшілері алғашқыда Түріккомиссияға зор сенім білдіріп үлкен үміт артты. Бірақ, Түркістанның қоғамдық-саяси, әлеуметік-экономикалық, тарихи-мәдени, тұрмыстық-шаруашылық объективті жағдаймен санаспай, Орталық Ресейде іске асырылып жатқан коммунистік шараларды Түркістан өміріне күштеп енгізуге, осы арқылы түркі халықтарын таптық жіктеліске түсіріп, тап аралық күресті тұтандыруға, ал керісінше, ұлт бостандығы, ұлттың өзін-өзі билеуі мәселесінде бірде-бір қадам жасамауға тырысқан кезде түрік коммунистерінің Түріккомиссияға көзқарастары біртіндеп өзгере бастады. Түріккомиссияның пиғылын анық сезінген Т. Рысқұлов басқарған Мұсбюро өзінің әрекетін тактикалық жағынан өзгерте бастады. РКП(б) ОК һәм Түріккомиссияның шовинисттік пиғылы мен отарлық саясатына қарсы қорғаныстық идеология ретінде түрікшілдік бағыт, яғни тұтас Түркістан идеясы таңдап алынды. Оны жүзеге асырудың жолы ретінде төмендегідей екі бағыт белгіленді: 1. Түркістанда өмір сүріп жатқан халықтарды «түрік» идеясына біріктіру арқылы республиканы құқықтық жағынан түрік халықтарының республикасына айналдыру; 2. Республиканы мекендеуші түркі тілдес халықтардың жеке-жеке ұлттық республикаларын құра отырып, оларды түрік конфедерациясына біріктіру; Бұл екі бағытта да тығыз жұмыстар жүргізілді. Мұсбюроның талап етуімен 1919 жылы қарашада Түркістан Республикасының ұлт істері жөніндегі Халық комиссариатының құрылымында үлкен өзгерістер болып, өзбек, түрікмен, қырғыз (қазақ) және т.б. мұсылман бөлімдері жойылды да, орнына тұтас түрік бөлімі ұйымдастырылды [2,152б.].

Т.Рысқұлов 1919 жылы күз айларында негізінен ұлттық республикалар құрамына өз халықтарын біріктіру мәселесін алға алады. 1917 жылы өткен жалпы қазақ-қырғыз съезі күн тәртібіне қойған қазақ жерлерін біріктіру мәселесін ары қарай жылжитқан Т.Рысқұлов біріккен қазақ жерлерінің астанасы ретінде Ташкент қаласын үзілді-кесілді талап еткен еді. Біз бұл жерден Т.Рысқұловтың алдымен ұлтшыл, содан кейін түрікшіл болғанын көреміз. Сол кездегі ірі саяси, экономикалық әрі мәдени – рухани орталықтардың бірі болған Ташкент қаласын Қазақстанның астанасына айналдыра отырып, шашылып жатқан қазақ жерлерін біріктіру идеясы сол тарихи кезеңде ең ұтымды идея болатын. Себебі, қазақ халқының жартысынан астамы Түркістан өлкесін мекендейтін, сондай-ақ көшпелі қазақ аймақтарына қарағанда халқы тығыз орналасқан, шаруашылықтың түр-түрі дамыған Түркістанға қарасты қазақ жерлері арқылы өзге қазақ жерлерін әкімшілік жағынан басқару, шаруашылығы мен мәдени-тұрмыстық өмірін ұйымдастыру анағұрлым оңай болар еді. Екіншіден, Ташкент қаласын Қазақстанның астанасына айналдыра отырып, қазақ жерінің астанасын тұтас түрік конфедерациясының да орталығы болуын қамтамыз ету арқылы қазақ ұлтының алдыңғы қатарлы жетекші ұлт болуын қалыптастыру болатын. Саны жағынан түрік халықтары арасында Түркия түріктерінен кейінгі екінші орынды иеленетін және Ә.Бөкейхан айтқандай «мәдениет жолында бізден де төмен» өзге Түркістандық түріктердің арасындағы ең сауатты, көзі ашық халық ретінде қазақтардың бұл орынды иеленуі әбден болар еді. Қазақстанның

астансы ретінде Түркістан өлкесінің орталығы орналасқан Ташкент қаласының ұсынылуы Т.Рысқұлов тарапынан жасалған, нақты мақсатқа бағындырылған әрі өзге түрік халықтары тарапынан дәл сол кезеңде қолдауға ие болған әрекет болатын. Түркістандағы түрік халықтарының шынайы жанашырына айналған Т.Рысқұлов пен ол басқарған Мұсбюро беделі күн санап өсе түсті. Мұсбюро ТКП-ның ұлттық секциясы дәрежесінен бірте-бірте мемлекеттік құрылымға айнала бастады. Бұдан қатты шошынған, шовинизм дертіне шалдыққан орыс большевиктері Мұсбюроның жетекшісі Т.Рысқұловқа қарсы ашық арандату әрекеттерін ұйымдастыра бастады. Т.Рысқұловты «сындыру» Мұсбюроны «сындыру» болып табылар еді. 1920 жылы 20-27 қаңтар аралығында Ташкент қаласында өткен ТКП V коференциясы мен Мұсбюро төтенше III конференциясы түрік халықтарының тарихында маңызды терең әрі Түркістан Республикасының тарихында зор рөл атқарған оқиға болды. Маңыздысы – тұтас Түркістан мемлекетін құру идеясын ұсынған Т.Рысқұлов басқарған Мұсбюро жеңіске жетті. Осы конференция шешімімен ТКП ұлттық секциялары біріктіріліп, ол «Түрік халықтарының Коммунистік партиясы» (ТХКП) деп өзгертілді [4].

1920 жылы 25-қаңтарда болған V партконференцияда Өлкелік партия комитетнің есепті баяндамасын талқылай келе жаңадан құрылған ТХКП Уақытша Орталық Комитетінің құрамына ұйымдастырылған сайлауда 92 дауыс алған (қалыс қалған, не қарсы дауыс берген ешкім жоқ) Т. Рысқұлов ең көп дауыс жинаған мүше болып шықты. Бұл Уақытша Комитет құрамына сайланған мүшелердің ішіндегі ең жасы болған Т.Рысқұловтың саяси беделінің орасан зор екендігін көрсетті. Мұны 1917 жылы 16-21 сәуір аралығында өткен бірінші Түркістан өлкелік мұсылмандарының съезінде М.Шоқайдың «Түркістан өлкесі мұсылмандарының Орталық Кеңесіне» жасы ең кіші бола тұрып, төраға болып сайлануымен салыстыруға болады. Өзге түрік халықтарынан шыққан қайраткерлерден гөрі қашан да қазақ қайраткерлерінің алдыңғы қатарда тұрғандығы ұлттық мақтаныш емес пе!? Партия саласы бойынша істі біршама реттеп алғаннан соң Т. Рысқұлов өзінің негізгі идеясын іске асыру әрекетіне кіріседі. Ол – Түркістан Республикасын «Түрік Кеңес Республикасына» айналдыру идеясы болатын. Мұсбюроның төтенше III конференциясының 25-қаңтарда өткенде мәжілісінде Т.Рысқұлов «Түркістан Республикасының автономиялылығы туралы» баяндамасын жасап, «Түркістанның автономиялылығы туралы тезистерін» талқылауға ұсынды. Бұл тезистер Т.Рысқұлов даярлаған нұсқада III Мұсконференцияда толығымен қабылданды. Бұл түркішілдік қозғалыстың тарихында бұрын – соңды болмаған, тұтас Түркістан идеясын жүзеге асырудың нақты қадамы болған тарихи құжат болатын. Енді осы тезистердің тұтас Түркістан идеясына қатысты ең өзекті баптарына тоқтала кетейік: «1-бап. Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд және Закаспий облыстарынан тұратын Түркістан – қырғыз (қазақ), өзбек, түпкімен, қарақалпақ, татар, тараншы (ұйғыр), дүнган және т.б., сондай-ақ түрік тұқымдас емес тәжітер мен түздік еврейлерді қоса отырып түрік халықтарының елі (отаны) деп саналсын, ал қалған орыс, еврей, армян және тағы басқалары келімсек эмигранттар деп есептелсін». Бұл бап тұтас Түркістан мемлекет құруға негіз қалайтын ең өзекті бап болып табылады. Ал 6-бап мазмұн жағынан 4-бапқа жақын, әрі коммунистік интернационализм мен коммунистік үгіт арқылы түпкішілдік идеясын бүркемелеуге тырысушылығымен айқындалады. Онда: «Еңбекшілер мен қаналған халықтарды интернационалды жолмен біріктіру мақсаты үшін түрік халықтарының: татар, қырғыз (Қырғыз және қазақ), башқұрт, өзбек және т.б. болып бөлініп, жеке ұсақ республикалар құруға ұмтылу идеясын коммунистік үгіт жолымен жою және біртұтастық мақсаты үшін РСФСР құрамына кіретін басқа түрік халықтарын Түрік Кеңес Республикасының төңірегіне топтастыру қажет, ал бұған жету мүмкін болмаған жағдайда жеке түрік халықтарын территориялық белгілеріне қарай өзара біріктіруге ұмтылу керек» – делінген болатын. Бұл бапта тұтас Түркістан идеясын жүзеге асырудың жолы ретінде белгіленген екі бағыт қатар қамтылған болатын. Конференциялар аяқталысымен-ақ Т. Рысқұлов оның шешімдерін бекітуді өтініп РКП(б) ОК-на хат жолдайды. Орталық бұл шешімді өте салқын қабылдап, ұзақ уақыт жауапсыз қалдырады. Ал 1920 жылы 23-ақпанда толық құрамда жиналған Түрік комиссия мәжілісінде М.В.Фрунзе ТКП V конференциясы мен III Мұсконференцияның шешімдерін «пантүрікшілдік», «панисламшылдық» және «буржуазиялық-ұлтшылдық» шешімдер ретінде барынша қаралады. Бұл конференциялардың барық шешімдері жоққа шығарылып, жағдай бұрынғы қалпында өзгеріссіз қалатыны жарияланды, яғни Түркістан Республикасы РСФСР құрамындағы автономиялы республика немесе нақтырақ айтқанда Ресейдің ішкі облыстар дәрежесіндегі әкімшілік-аумақтық бірлестік, ал ТКП РКП(б) құрамындағы небәрі облыстық комитет құқығын ғана пайдалана алатын бөлімше болып қала беретін мәлімделді. Бұл шешімді наурыз айының соңында ресми бекіткен РКП(б) ОК Т.Рысқұлов идеясын іске асыртпай тастады [3,186.].

Ал идеяны көтерген Т.Рысқұлов 1920 жылы 22-шілдеде қызметінен кеткені белгілі. Саяси қудалауға ұшыраған Т.Рысқұлов бағытын қолдаушылар өзге де түрік кеңестік Республикаларында

бар еді. «Түрік» идеясының одан кейінгі қатты көтерілген кезеңі – 1921 жылдың 6-9 наурыз аралығы болып табылады. 1921 жылы ақпан айының ортасында аяқталған Өзірбайжан Коммунистік партиясының III съезінің сайлауымен Т.Рысқұлов РКП(б) X съезінің делегаты ретінде наурыз айының басында Москва қаласына келеді. РКП(б) X съезімен бір уақытта Москва қаласында түрік халықтары коммунистерінің II Жалпы ресейлік кеңесінде шақырылған болатын. 6-9 наурыз аралығында өткен түрік халықтары коммунистерінің II Жалпы ресейлік РКП(б) ОК жанындағы түрік халықтары арасында үгіт пен насихат жүргізетін Орталық Бюроның ұйымдастырылуымен ашылады. Кеңеске түркістандық қазақтар С.Қосанов пен Н.Төреқұлов және Қазақ АКСР-нен жас саясаткер С.Сәдуақасов қатысады. Кеңесте ұлт мәселесі талқыланады. Осы мәселе бойынша негізгі баяндама жасаған Г.Сафаров Түріккомиссияның саясатын ақтап алуға тырысып, барлық «кінәны» жергелікті «ұлтшылдардың», «пантүрікшілдердің», «панисламшылардың» басына үйіп төгеді. Сол үшін де Т.Рысқұлов тарапынан қатаңға сынға ілігеді [5].

Еуропалық империалистер суреттегендей пантүрікшілдік өмірде болған емес, оның басқа түрі бар. Біздің айтайын дегеніміз – Түркия, империалистік Түркия, ол енді жоқ. Шығыстың орасан зор халқын соңынан ертетін жаңа Түркия бар. Біздің қолымызда Кавказды, Азияда, Түркістанда бұқараны Кеңес құрылысына тартуда орасан зор маңызы болған Кемалдық қозғалыстың тәжірибесі бар. Бұған көз жұмуға болмайды, әрі пантүрікшілдікті ескі көзқарас тұрғысынан қарастырудың қажеті жоқ. РКП(б) тарихында, оның өткізген ірі басқаруларының бірде-бірінде, мейлі ол съез болсын, не конференция болсын, не кеңес болсын, «пантүрікшілдікті» жақтап ешкім тап Т.Рысқұловтай ашық сөйлеген емес. Т.Рысқұлов өз ойын ашық және тұжырымдап айқын түрде білдірген. Т. Рысқұловтың РКП(б) ОК ұлт саясатын «қызыл империализмге» теңеп, ал түптің түбінде түрік тілдес халықтар Ресеймен емес, тарихы мен тағдыры, тілі мен діні, мәдениеті бір Түркия мен табысады деген пікіріне қайран қалдырады. Мысалы, өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Түркияны мысалға ала отырып, ол былай дейді: «Қазір Кемалдық Түркия түркі халықтарының қозғалысына басшылықты кеңестік Ресей жасай алмайды деп мәлімдегісі келіп отыр. Біз олардың айтқанының дұрыс екенін мойындауымыз» керек. Түркістандағы түрік халықтарының шынайы жанашырына айналған Т.Рысқұлов және ол басқарған Мұсбюро бірте-бірте мемлекеттік құрылымға айнала отырып түрік халықтарының тарихында маңызы терең мәселелерді шешуде өз үлесін қосты.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Алматы, 1994.- 76 б.
2. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс Алматы, 2002.-138б.
3. Серікбаев М. Тұрар. //Дала мен қала. 19 наурыз, 2012.
4. Жүгенбаева Г.С. М. Тынышпаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938):// т.ғ.к...дисс. автореф. – Алматы: 1999.- 15б.
5. Қоңыратбаев О. Тұрар туралы тың дерек // Жұлдыз, 1993. №5. -189-192бб.

#### **Ахметов С.И.**

старший преподаватель Шымкентского университета. Республика Казахстан.

#### **ТРАГИЧЕСКИЕ СУДЬБЫ РЕПРЕССИРОВАННЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КОНЦА 1930- х ГОДОВ XX СТОЛЕТИЯ**

Обретение Казахстаном независимости придало мощный импульс росту национального и духовного самосознания народов Центральной Азии, оказало благоприятные предпосылки для восстановления реальной исторической картины прошлого, глубинных исторических корней и памяти народа. Тысячелетняя история казахов тесно взаимосвязана с историей народов тюркского мира. Но однако в условиях господства жесткой советской тоталитарной системы историческое сознание народа подверглось в значительной степени деформации и деградации. Стремление народа к познанию своей истинной истории рассматривалось сквозь призму идеологического осуждения в национализме и пантюркизме.

За годы независимости благодаря усилиям исследователей Казахстана были заново восстановлены ранее вырванные и искаженные национальные страницы истории, вскрыты целые пласты ранее неизвестных и строго засекреченных архивных документов и материалов, касающиеся трагических и драматических событий конца 1930-х годов XX столетия. Тем не менее, еще по-прежнему сохранилось немало белых пятен и пробелов требующих концептуального



переосмысления. Среди них актуальной задачей выступает исследование тернистых путей и общественно-политической и научной деятельности выдающихся представителей казахской национально-интеллектуальной элиты Туркестанского края, оказавшиеся жертвами советской тоталитарной системы. Между тем до настоящего времени жизненный путь и творческая деятельность многих ярких представителей казахской интеллигенции еще не получили до конца научного освещения, а с другой стороны она намеренно искажалась и фальсифицировалась партийными идеологами. Как известно, характерной чертой развития исторической науки Казахстана, как и во всей стране, 1930-е годы являлось идеологическое обеспечение культа личности Сталина, а также насаждение в сознание людей азбучных истин марксизма. Политические репрессии середины 1930-х годов безжалостно уничтожили цвет казахской нации, значительную часть интеллектуальной элиты. В период с 30-х по 50-е годы прошлого века видные деятели науки и культуры, представители национальной интеллигенции Казахстана подверглись массовым репрессиям. Их судьбы трагичны: часть была расстреляна, остальные осуждены на различные сроки, некоторые из них скончались в лагерях, выжившая часть была осуждена повторно. Это такие выдающиеся исторические личности, как Ахмет Байтурсинов, Алихан Бокейханов, Магжан Жумабаев, Миржакып Дулатов, Халел Досмухамедов, Жаханша Досмухамедов, Уалитхан Танашев и многие другие. Судьбы основной массы «врагов народа» решались тайно, на заседаниях Военной коллегии Верховного Суда СССР, на особых совещаниях НКВД и в так называемых «тройках» и «двойках». Казахстанцам часто инкриминировался шпионаж в пользу Японии и Германии, что подтверждалось только собственными «признаниями» обвиняемых и осужденных при отсутствии иных доказательств в делах. Распространенными были обвинения в антисоветской агитации и пропаганде, основывавшиеся главным образом на доносах соседей, сослуживцев. В период с 1921 по 1954 годы в Казахстане было осуждено 100 тыс. человек, к 25 тыс. из них была применена высшая мера наказания – расстрел» [1].

Как отмечают казахстанские исследователи Анарбаева Б.Б. и Саитова Н.А.: «Проблема политических репрессий 20-50-х годов XX века является одной из перспективных тем современной науки Республики Казахстан. Изучение научно-наследия репрессированных ученых, причины применения массовых политических репрессий по отношению к казахской интеллигенции и катастрофические последствия репрессий для Отечественной науки стали объектом пристального внимания и исследования многих казахстанских исследователей. Важнейшими источниками по данной теме являются казахстанско-российские сборники документов, архивные и музейные фонды. Данная проблема активно исследуется и зарубежными учеными. Многие пишут о феномене репрессированной науки» [2].

Мы солидарны с точкой зрения авторов и считаем, что необходимо продолжить научно-исследовательскую работу по выявлению фактов и сведений, касающихся жертв массовых политических репрессий конца 1930-х годов XX столетия. Как отмечает известный казахстанский исследователь М. Койгельдиев: «в 1920-1940-х годах прошлого века в нашей стране были истреблены целые социальные слои, отечественная интеллигенция, духовные служители» [3].

В период массовых репрессий 30-х годов XX века, в первую очередь, была репрессирована значительная часть казахской интеллигенции, так как на тот период в ней видели угрозу для советского государства. К примеру, в начале 1937 года в составе ЦК Компартии Казахстана числился 131 человек: члены ЦК – 85, кандидаты в члены ЦК – 35, члены ревкомиссии – 11 человек, а в результате политических репрессий к концу года осталось лишь 68 человек». [4].

По мнению академика НАН РК М.К. Козыбаева: «О массовых политических репрессиях периода сталинщины написано немало. Однако память вновь и вновь возвращает людей к трагическим событиям недавнего прошлого, когда в застенках Гулага гибли миллионы ни в чем не повинных людей. Помимо того, многие народности по воле режима были депортированы из родных мест, оказавшись частью своего рода резервациях, а частью погибшие вследствие бесчеловечных условий перемещения. С укреплением тоталитарного режима усилилась репрессивная политика и против участников национально-освободительного движения, а также политических партий, действовавших на окраинах Российской империи накануне и в период революции 1917 года. Эта политика легла в основу программы действий ВКП(б) КПСС на протяжении всего существования СССР. Особенно ожесточенный характер оно приобрело после совещания в ЦК РКП(б) с участием ответственных работников национальных республик и областей, прошедшего в июне 1923 года в Москве. На этом совещании в центре внимания его участников оказалась национальная политика большевиков, и главным образом, - осуждение ошибок националистического толка в работе местных

кадров, а подспудно идеи создания конфедерации тюркских народов СССР. В числе носителей этих ошибок оказались и казахстанские работники. Причем объектом критики стал Т. Рыскулов, обвиненный в связях с известным общественным и государственным деятелем Татарии М. Султангалиевым, к тому времени арестованным. Итоги совещания и дальнейший ход социально-экономических реформ в стране стали роковыми для представителей национальной интеллигенции в республиках СССР» [5].

Закономерным результатом становления тоталитарной власти стало раскручивание репрессивной машины. Усилились политические преследования участников партии Алаш, высказывавших сомнения в правильности политики центра. Грубо нарушались права республики, не считались с национальными особенностями и интересами казахов. Политика силового политического давления усилилась с прибытием в Казахстан Ф. И. Голощекина. Политика Малого Октября привела к бедствиям и массовым репрессиям 1937-1938 годов. Несогласных с «преобразованиями» под разными предлогами в 1927-29 гг. удаляли из республики. К концу 20-х гг. подозрительность и нагнетание стали всеобщими. В 1928 г. была репрессирована большая часть интеллигенции, бывшие деятели Алаш Орда - Дулатов, Жумабаев, Аймауытов. В это время начинаются поиски врагов, случайные аварии на шахтах объясняются их происками, фабрикуются уголовные дела, проводятся чистки в партийных организациях. Было создано большое количество лагерей - Сазлаг, Карлаг, Алжир и многие другие. Репрессивная машина набирала обороты. Только в Казахстане службой НКВД было «разоблачено» 183 организаций, с общим числом «агентов» - 3720 человек. С 1920-1953 гг. было подвергнуто политическим репрессиям около 110 тыс. человек. В 1935-1938 гг. около 17% всей казахстанской партийной организации было объявлено врагами народа. Сталинская репрессивная машина оборвала жизни таких видных деятелей как: Абдурауф Фитрат, Абайдулла Ходжаев, Ашурали, Захири и многих других. Была уничтожена и национально-либеральная интеллигенция, среди них - Х. Досмухамедов, М. Тынышпаев, Ж. Акпаев, М. Жумабаев, т.е. почти все деятели партии Алаш-Орда - было репрессировано 4297 человек. Излюбленным объектом сталинских репрессий выступали носители того или иного уклона. Ещё на X съезде Ленин говорил, что эти уклоны не серьёзны, что их ещё можно поправить, и по сталинской системе «поправка» эта заключалась в моральном и физическом уничтожении политических оппонентов. Также репрессиям подверглись и местные партийные деятели - так называемые национал - уклонисты. Одни из них мечтали о «переходе отсталых народов» к более передовым социалистическим нациям. Среди них - Т. Рыскулов, У. Исаев, С. Сейфуллин, У. Джандосов, Т. Жургенев, А. Токжанов, А. Икрамов, Г. Артыков, А. Каримови др. другие находились в поисках более умеренных альтернатив. Они были больше ориентированы на этническую идею с учётом реалий своих республик. Их отличало трагическое ощущение последствий силового вторжения в государства. Поэтому они выражали неприятие большевистской модели трансформации традиционного общества. В отдельные моменты они даже полностью отходили от политики, но все же были уничтожены системой. [6].

Как отмечают авторы коллективной монографии «История Казахстана: народы и культуры» Н. Э. Масанов, Ж. Б. Абылхожин, И. В. Ерофеева, А. Н. Алексеенко, Г. С. Баратова: «Сталинская репрессивная машина день и ночь работала на то, чтобы держать страну в постоянном режиме тотального страха, она же обеспечивала бесперебойное функционирование «лагерной экономики». Был физически уничтожен цвет национально-либеральной интеллигенции. Почти сразу же после внесудебного разбирательства были расстреляны Ж. Аймауытов, Ж. Акпаев, А. Габбасов, Х. Досмухамедов, Ж. Досмухамедов, М. Б. Жумабаев, М. Тынышпаев и другие сподвижники алашской идеи. Всего по так называемому делу «Алашорды» было репрессировано 4297 человек, из них 2062 человека расстреляны. Излюбленными объектами сталинской охраны выступали так называемые носители того или иного уклона. Уклонами же назывались всякие отклонения от генеральной линии партии в вопросах строительства социализма» [7].

По официальным данным, в Казахстане с 1921 по 1954 г. были ли репрессированы 103 тысячи человек и расстреляны свыше 25 тысяч. Стоит отметить, что «профессионально-патриотические» авторы в Казахстане обычно называют гораздо большие цифры. Например, журналист Сейсен Амирбеков в газете «Айкын» в статье «Что скрывается за намерением Москвы отмечать День памяти жертв голодомора?» утверждает: «...если теперь углубиться в историю, то мы сможем увидеть, что жертвами «красного террора» стали в то время и миллионы казахов. С 1918-го по 1932 год погибло, по разным источникам, от 3 до 4,5 миллиона наших соплеменников. Более одного миллиона казахов вынуждены были, спасая свои жизни, бежать на чужбину. Дополнительно к этому в 1937-1938 годах было репрессировано порядка ста тысяч представителей казахской интеллигенции. Многие из них погибли в лагерях. Шестьдесят шесть тысяч человек было расстреляно». Тотальный

размах репрессий в Казахстане, скорее всего, явился не следствием кровожадности местного НКВД (хотя и она имела место), а спецификой кадрового состава самой парторганизации, строения партийной элиты. Дело в том, что вся история парторганизации Казобкома-крайкома ВКП(б) – бесконечная жестокая война родоплеменных группировок за лидерство, наркомовская чехарда, заговоры-сговоры, подсиживания, доносы и докладные в вышестоящие инстанции. Ведущий казахстанский исследователь элиты республики, ее истории и актуального состояния Д. Ашимбаев в ряде работ наглядно демонстрирует эту ситуацию в руководстве Казахстана в 20-е и особенно в 30-е гг. XX в. Как вспоминала супруга секретаря Алма-Атинского ревкома Ураза Джандосова Фатима Джандосова (Сутюшева), «...с первых же дней в новой столице (имеется в виду Кзыл-Орда, куда казахстанское правительство переехало в 1925 г.) среди казахов началась концентрация группировок по родам... каждый старался сделать политическую погоду Казахстана». Жена другого репрессированного – экс-председателя СНК Сакена Сейфуллина – вспоминала, что Ежов спрашивал ее мужа, почему это казахи такие жалобщики. «Чуть что – строчат один на другого» [8].

Идея Турара Рыскулова – создание единой Тюркской советской республики в Средней Азии – была отвергнута руководством ЦК ВКП(б) как национальный уклон. Султанбек Ходжанов выступал примерно с тех же позиций, уточняя, что объединить земли тюркской или казахской республики можно исключительно по признаку национального доминирования, поэтому считал возможным и необходимым вывести из состава Казахстана области, населенные преимущественно русским населением. Рассматривая процесс трансформаций традиционной казахской элиты необходимо хотя бы кратко отметить и вопрос сталинских репрессий в республике, которые «привели к уничтожению целых социальных групп и слоев, при этом особенно пострадали представители казахской интеллигенции». Стоит выделить следующие моменты: первые две волны арестов «буржуазных националистов» в 1928 и 1930 гг. охватили главным образом представителей творческой интеллигенции, старых «алашордынцев», и были не такими значительными (всего пострадало около 100 человек). Действительно, массовые репрессии именно властной элиты начались уже после массового голода, с разоблачения в первой половине 1937 г. «заговора» так называемой «антисоветской национал-фашистской организации», которая сплотила в своих рядах, по материалам следствия и показаниям обвиняемых, всех «национал-уклонистов», с 1925–1926 гг. выступавших единым фронтом. Руководители тогдашних «национал-уклонистов» – Т. Рыскулов, С. Ходжанов, Н. Нурмаков и С. Садвокасов – якобы «объединились в целях борьбы с советской властью» жуза. Они и приняли на себя первый удар карательной машины НКВД. Вполне возможно, что направлял этот удар лично сам всемогущий тогда генеральный комиссар госбезопасности СССР (с 1937 г.) Н. Ежов. Его оценка качественного состава казахстанской парторганизации того времени известна – «все национальные кадры, все казахские коммунисты заражены национал-уклонизмом и группировочной борьбой, здоровых партийных сил среди них нет». Форма защиты, которую избрали арестованные, была вполне понятной: в качестве соучастников они начали называть фамилии своих вчерашних соперников по «группировкам», а именно: представителей Среднего и Младшего жузов Кулумбетова, Садвокасова, Мендешева, Исаева и многих других. Маховик репрессий раскрутился и вышел из-под всякого контроля – двух выбитых показаний разных подследственных хватало для ареста все новых и новых «заговорщиков» [9].

В конечном итоге сталинский режим применительно к казахстанской элите, вне зависимости от жузовой и племенной принадлежности, лишь уничтожил своих самых верных последователей. Выходцы из южных, байских, слоев («национал-уклонисты») были расстреляны в 1937 – первой половине 1938 г.; их вчерашние соперники, средние и младшежузовцы (тоже в значительной степени дети баев), были уничтожены во второй половине 1938 г. Однако среднее звено партаппарата, все выжившие в страшные годы коллективизации и репрессий и заменившие перед войной оказавшихся «врагами народа» прежних республиканских «вождей», оказалось в основной массе представителями байских кругов исключительно Старшего жуза. Взяв под свой единоличный контроль Алма-Атинский и Кзыл-Ординский совпартаппараты, а также географически южные основные вузы, именно выходцы из Старшего жуза все стремительнее стали выдвигаться на первые роли. Качество элиты в результате репрессий пострадало, но суть ее осталась прежней – родоплеменной. Верхний слой первых руководителей был уничтожен практически полностью (за редкими исключениями), но гораздо менее пострадавшее среднее аппаратное звено в большинстве своем состояло из представителей «южан-старшежузовцев», внедрившихся в столичный аппарат [10].

Почти все, кто в 20-ые годы хоть раз попал в списки инакомыслящих, впоследствии неоднократно арестовывались, сажались в тюрьму, ссылались в лагерь. А с 1931 года начались

расстрелы: за «контрреволюционную деятельность» к высшей мере были приговорены ЖусупбекАймауытов, ДинмухамедАдиллов, АбдирахманБайдильдин, Ахметсафа Юсупов. Некоторые из репрессированных (М.Дулатов и др.) скончались в лагерях, остальные (А.Байтурсынов, М.Жумабаев и др.), отбыв наказание, в 1937 году были повторно привлечены к ответственности и расстреляны в 1937-1938 годах. В январе 1933 года на пленуме ЦК ВКП(б) Иосиф Сталин впервые употребил термин «враг народа». Руководство страны приступило к уничтожению вероятной оппозиции в центре и в национальных республиках. Массовым репрессиям подверглись все слои населения, аресты и следствие производились в ускоренном режиме, спускались план и разнорядки, всячески поощрялось доносительство. Судьбы большинства «врагов народа» решались тайно, на заседаниях Военной коллегии Верховного Суда СССР, на Особых совещаниях НКВД и в так называемых «тройках» и «двойках» [11].

По I категории на 5 марта арестовано 3113 чел. Дела их еще не рассмотрены. По II категории работа производится в 16-ти районах сплошной коллективизации. Из них 16-ти районов-13- чисто зерновых и 3- земледельческо-скотоводческих. Согласно контрольным цифрам, по II категории подлежит высылке по Казахстану 2450 чел. Фактически будет выселено меньше, в связи с тем, что, во-первых, многие из этих районов сбежали, и, во-вторых, что мы ведем чрезвычайно сдержанную линию, имея в виду трудности и огромные материальные возможности. Что касается III категории – то ясной картины у нас по краю нет.

К этому надо добавить, что к декабрю месяцу у нас скопилось по хлебозаготовительным делам 13 тыс. чел., что превысило вместимость наших тюрем в 4 раза. В качестве выхода из этого положения мы решили 4500 чел. из тюрем переправить в другие округа для использования их на лесоразработках.

АПРК. Ф141.Оп1. Д.2948.Л. 7

Қосымша №2

**Справка Комиссии Казкрайкома ВКП(б) об утверждении количества репрессированных байско-кулацких хозяйств. Алма-Ата. 10 апреля 1930 г. Сов. Секретно, 1-я категория**

Округ	Группир.	Арестов.	Одиноч.	Всего	Кулаки и бай	Средн.	Бедняки	Белых	Служащ.
Акмолинская	64	407	177	584	479	76	19	5	5

[3, 75-89 бет].

1932 жылы негізінен қазақтардың опат болуына белгілі саяси науқан барысында оларды тек көшпенді малшылыққа тән күнкөріс көзінен айыру және өмір сүру салтына күрт өзгеріс жасау басты себеп болды. Сол уақытқа дейін қазақ экстенсивті малын бағу үшін жайылымнан жайылымға ауысып, көшіп жүре беруге дағдыланған. Сол әдетті салдарынан, әлеуметтік төңкерістер туғызған өзгермелі замандарда (1917-1918 және 1921-1923 жылдары) екі дүркін ашаршылыққа ұшыраған. 1926 жылдан бастап қазақ ауылдарында «Кіші Қазан революциясы» өрті тұтатылып, ағайындардың арасына жік салатын таптық сына қағылды. 1928 жылы байларды тәркілеу науқаны жүргізілді. Онымен сабақтасып, күштеп ұжымдастыру науқаны басталды. Мұндай әрекеттерге жер-жерде наразылық танытқан көтерілістер туды. Оларды басу үшін әскери күш қолданылып, іс жүзінде отарлық соғыстар өтіп жатты. Халыққа түрлі салықтар салынды. Сол шақтың бейшаралық бейнесін ел ішінде аралап кеткен: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген мысқылды ұраны анық көрсетеді. Осы оқиғалар көшпенді қазақты малдан айырды, тиісінше, азық-түліксіз қалдырды. Өкімет тарапынан уақытында қажет жәрдем берілмеді. Сондықтан да қазақ жалпы санының жартысына дейін жоғалтып, шың мәнінде ұлттық апатқа ұшырады. [4, 213 бет].

Большевиктер тұтас ұлтты қақ жарып, бір-біріне қырғызып, таптық санамен таптатады. Таптық саясатты желеу еткен большевиктер ұлттың ынтымағын бұзып, алаш зиялыларының ізгі мұратын іске

асырмайды. Өздерін «құтқарушы» ал ұлт өкілдерін «халық қанаушылары», «жаулары» ретінде көрсетіп, ел арасына іріткі салады. Басты мақсаты – елдің санасындағы дербес ұлтпыз деген ұғымды мүлдем өшіру еді. Ол үшін қазақты аштықпен есенгіретеді. Елі үшін, ұлттың қамы үшін күрескен, аштарға жәрдем көрсетуге қатынасқан барлық азаматтарды, халық өкілдеріне айыптайды. Оған 1921-1922 жылғы ашаршылық кезіндегі оқиға дәлел.

**Қазақ даласына ажал сепкен аштықтың қалай жайылғанын төмендегі кестеден анық байқаймыз. (Кесте Т. Жұртбаевтың «Талқы» кітабынан алынды).**

1-кесте

1921 жылдың наурыз айының соңындағы мәлімет.

№	Губерниялар	Тұрғындардың жалпы саны	Аштыққа ұшырағаны	Пайызы
1	Орынбор	680 271	526 401	80,3
2	Қостанай	455 598	414 350	74,5
3	Ақтөбе	501 637	361 049	72,0
4	Орал	470 028	446 536	99,0
5	Бөкей	224 028	66 255	29,5
6	Ақмола	1 млн 021 164	472 000	46,2
	Жиыны	3 млн 353 228	2 млн 286 591	68,2

Кестенің соңына «Бұл толық есеп емес. Аштардың да, өлгендердің де саны бұдан әлдеқайда көп болған» деген ескерту берілген. Болса болар. Мәселен, жоғарыдағы кестеден Ақмола губерниясы тұрғындарының аштықтың қаһарлы тырнағына аз ілінгенін байқауға болады. Неге? Себебі, Қазақстанның Семей, Ақмола губерниялары 1921 жылдың көктеміне дейін Сібір әкімшілігі органдарына қарап келгені белгілі. Алайда, Сібір әкімшілігі 1920 жылы өз құрамындағы Ақмола мен Семей губернияларының Қазақ Автономиясының құрамына өтетіндігінен хабардар болғандықтан салғырттың барлық ауыртпалығын осы екі губернияға жүктейді. [5, 49-52 бет].

Татьяна Невадовскаяның «Қазақстан трагедиясы» атты шығарған өлең жолдары сол кездегі жағдайды төмендегідей суреттейді.

«Көктем туып бар тіршілік оянған,  
 Қаумалаған қалың ойдан жеріп көр.  
 Жер де, міне, жасыл реңге боянған,  
 Көз алдымда.... мұз құрсаңған өліктер.  
 Кір-қожалақ, балақ биті басқа өрген,  
 Бірақ оны елемеймін мен тіптен.  
 Көрген сәтте сорлыларды босқа өлген,  
 Ет жүрегім жүгірмей-ақ еңтіккен»

Қазақстан тарихында «1932 жыл» қара жазумен жазылатын дата. Бұл жыл республика басына төтенше төнген нәубет, бұл жыл – халық тұрмысымен, психологиясымен санаспай омыра басшылық етудің, әкімшіліктегі волонтаризмнің аяғы немен тынарын мәңгі еске салып тұруға, мәңгі сақтандырып тұруға тиіс жыл. Бұл жыл ешуақытта ұмытылуға тиіс емес, керісінше келер ұрпаққа үлкен сабақ болуы тиіс. Бұл - орны толмас халықтық қасірет.

1937 жылы да халықтық бір санақ болған еді. Сталин ол санақтың нәтижесін дұрыс емес дегенді сылтау етіп, оны мүлдем жойып жіберуге тікелей нұсқау берген. Өйткені санақ қорытындысы коллективтендіру нәубеті мен репрессия қасіретінен бүкіл еліміз 10 миллион адамынан айырылып қалғанын анық байқатады. Сондықтан ол екі жылдан соң әлгі нәубеттерде өлген адамдардың орнын біршама толтырып барып, 1939 жылы қайта санақ жүргізуге шешім қабылдаған. Халықтың бұрынғы саны әлі толық қалпына келіп үлгермегендіктен бұл санақ қорытындысы да талай сырды аңғартатыны анық. Мәселен, қазақтардың 2 миллионға (50 пайызға) кемуін сол санақ нәтижесінен көруге болады. [6, 87 бет].

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» туралы №456 Жарлығына 2020 жылдың 24 қараша күні қол қойды. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау болып табылады. [7, 1 бет].

Советтік саяси науқандар кезінде бұрмаланған заңсыздықтарға әртүрлі формада қарсылық көрсеткен жекелеген адамдар мен қоғамдық-саяси топтардың өкілдерін анықтау мақсатында Мемлекеттік комиссияның мүшесі, Жобалық Кеңсенің жетекшісі Сабыр Қасымов бастаған



ұйымдастырушылар кезекті топтық семинар (05.11.2021жылы) өткізді. Онда көптеген түйінді мәселелер ортаға салынып талқыланды. 5 ай ішінде 5 топ үш бағытта жұмыс жасады. Бірінші бағыт бойынша, ҚР ПМ Ақпараттық-сараптамалық орталығы арнайы архивінің мәліметтері бойынша, 1920-1950 жылдары Ақмола облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны - 6090, соның ішінде ақталмағандары - 429. Ақмола қаласы бойынша қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны - 6832, соның ішінде ақталмағандары - 616. Бұдан шығатын қорытынды, Ақмола облысымен салыстырғанда Ақмола қаласында саяси науқан құрбандары -742 адамға, сәйкесінше ақталмағандары - 187 адамға көп. [1, 2 бет].

Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Төлек Тілеуханның «Отыз жетінші жылдың балалары» деп аталатын 2013 жылы жарық көрген кітабында «Отыз жетінші жылдың балалары» атты романы және әңгімелер топтамасы енді. Романда әке-шешелері отыз жетінші жылы қуғынға ұшырап кеткен үш сәбидің тағдырларына араша түскен қарт әйелдің сонау Сібірге дейін балаларын іздеп барған ерлікке пара-пар іс-қылықтары бейнеленген. Орысша бір ауыз сөз білмейтін, қалтасында көк тиын қаржысы жоқ, бұрын-сонды ауыл айналасынан шығып көрмеген қазақ әйелі қайсарлық пен төзімділіктің керемет үлгісін көрсетеді. Шығарманы оқи отыра сол замандағы адамдардың тағдырын көз алдына елестетіп, еріксіз жанарына жас толады. Қасиет-құнын жоғалтпай асыл құндылықтардың бар екеніне көзін жетеді. Демек, тарих саласында қалыптасқан өз зерттеуін қажет ететін мәселелерді шешу аса маңызды. Соған сәйкес таңдап алынған мәселе сол олқылықтың аз да болса орнын толтырады деп ойлаймыз. Ендігі жерде өз зерттеуін қажет ететін басты мәселе, тарихымызды таразылап, ой елегінен өткізу, ел игілігіне жарату басты парыз.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Күлпаш Ілиясова, Саяси қуғын-сүргіндер: Зерттеу мен зерделеу, egemen.kz
2. 31 мамыр- Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні, egemen.kz
3. А.С. Зулкашева, Г.Т.Исахан, Ж.А.Сатаева, Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов, Алматы, Раритет, 2018 жыл
4. Қойшыбаев Б.О., Тарих және тұлға, Тараз, Сенім, 2019 жыл
5. Қариева Т, Қазақ қалай аштыққа ұшырады?//Қазақ тарихы, бас редактор С. Әбішқызы, 2002 жыл №3, Алматы
6. З. Қыстаубаев, Нәубет, Алматы, Жалын, 1990 жыл
7. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» туралы №456 Жарлық 2020 жыл 24 қараша, adilet.zan.kz.

### **Сарибаев Абдуғаппар Уралбайұлы**

ОҚМПУ, Тарих педагогы мамандығы магистранты. Шымкент, Қазақстан Республикасы.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ**

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азаншақырып атын қойған. Әкесінің інісі (Ерғазы) Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орысшаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ПМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлы

қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық Қазақ газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол Қазаққа жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, Қазақ газеті арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

1910 жылдың 9 наурызында Орынборға келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда қызмет етеді. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «қазақтың ерте оянған тобының» инициативасымен, елден қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару ұйғарылады. Сөйтіп бұл газет Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен 1913 жылдық басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін басылып шығады. Бес жылдай уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін үлкен тиражбен (8000 дана) шығып тұрған «Қазақ» газеті ең алдымен қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік, дамуы үшін күрескен және қазақ қоғамының мүдделерін көздейтін мәселелер көтеріп, оларға әлеуметтік үн беріп отырды. Газет әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға қойды. Қазақ тілін сақтап әрі қарай дамыту керектігін, ол үшін қазақ балалары сауатын ана тілінде ашып, ана тілінде оқу керектігін, ұлт мектептеріндегі оқу-тәрбие ісін дұрыс жолға қою қажеттігін жиі жазды. Патша үкіметінің өз қол астындағы халықтарға қатысты саясатына, әкімшілік тәртіптеріне қарсы пікір айтып, шындықты жазғаны үшін жергілікті үкімет орындары тарапынан бұл газетке бірнеше рет айыппұл салынады, редакторы түрмеге жабылады. Әрине, бұл газет өзінің бес жылдық өмірінің ішінде бастан-аяқ біркелкі бағытта болған жоқ, оның беттерінде әрдайым прогрессивтік, демократтық сипаттағы материалдар ғана орын алып қойған жоқ. Дегенмен әр құбылысты, әр нәрсені қазіргі өлшеммен емес, өз кезеңіндегі мән-маңызына қарап бағдарласақ, «Қазақ» газетінің халқымыздың мәдениет тарихында елеулі орын алуға тиіс екендігі көрінеді. Оның үстіне, тілі мен стилі жағынан бұл газет – революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің ішінде ең бір жақсы үлгісінің бірі, ол әсіресе қазақ әдеби тілінің нормаларын қалыптастырып, таза сақтап отырған, қазақ публицистика стилін жетілдіре түсті.

А. Байтұрсынұлы 1917 жылдың соңында газеттен кетіп, осы кезден бастап 1919 жылдың науырызына дейін «Алаш» партиясының жұмысына араласады, «Алашорда» атты уақытша халық кеңесінің (үкіметінің) оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. «Алаш» – жылдың орта тұсында құрылып, 1920 жылдың орта шенінде тараған ұйым болатын. Ұлттық буржуазиялық идеологияны негізге алған бұл партияның алғашқы кезеңдегі платформасы ұлттық даму, яғни тәндікке оқу-білім арқылы, халықтың мәдениетін көтеру арқылы жетуге болады деп танып, осы майданда ширек ғасырдай аянбай тер төгіп, еңбек етіп келе жатқан Байтұрсынұлы сияқты адамды елеңдетпей тұра алмады. «Алашқа» қызмет ете жүріп, ол өзге партиялардың да ұстанған бағыттары мен көздейтін мақсаттарына үңіледі, оны қазақ халқы үшін қайсысының бағдарламасы қолайлы деген ой толғандырады, шешуші жолдарын іздестіреді. Ол қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, оқытушылық, ұстаздық қызметін тоқтатпаған. Ол 1921 – 1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты деп аталатын оқу орнында, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Бұдан кейін де Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ мемлекеттік Университетінде, Абай атындағы педагогикалық институтта сабақ берген.

А. Байтұрсынұлы оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде:

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,

Сап-сары аяқтары ұзын маса.

Өзіне біткен түрі өзгерілмес,

Дегенмен қара я қызыл маса.

Үстіне ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.

Ұйқысын анда-санда бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса,-деп, білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызыңдап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды. Бұл мақсатын өлеңдерінде де, публицистикалық мақалаларында да бейнелі тілмен жақсы

білдіреді: «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп тіпті батыра айтады. Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық - әкімшілік істеріне араласуына да алып келген - өз диттеген ағартушылық мақсаты деуге болады. А.Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. А.Байтұрсынов – қазақ тілін зерттеуші. А.Байтұрсынов 1985 жыл мұғалімдер даярлайтын мектепті бітірісімен бала оқыту ісін қолға алып, 13-14 жыл бойы ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі кластық училищелерінде мұғалім бола жүріп оларға қажетті жағдайлардың жайын ойлайды. Ең алдымен қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбаларын қалыптастыру керек екенін түсінген ол алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі. Кейіннен араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сөйтіп 1912 жылы Орынборда қазақша сауат ашатын «Оқу құралы» жарық көрді. Бұл еңбек 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу-ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылды. «Біздің заманымыз – жазу заманы». Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» («Тіл құрал», 1 тіл танытқыш кітап. Сөз басы) дегенді өзіне міндет етіп алады да, сол міндетті атқару үшін «Тіл құрал» деген атпен үш бөлімнен (үш кітаптан) тұратын оқулық жазуға кіріседі. «Тіл-құрал»- қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Кітаптың «Сөз басында»: «Тіл құрал» деген қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұрын болмаған жаңа зат. Бұл қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық болды. «Оқу құралы» мен «Тіл құралды» жазумен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматика дегенді де жазған. Бұл кітабын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді екі кітап етіп 1928 жылы Қызылордада жарыққа шығарды. Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек тіл білімі саласы емес әдебиеттанудың да көптеген терминдерін жасаған. Бұлар да өте сәтті шыққан қонымды атаулар болды. Сондықтан олар да күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді. Ғылымның тек осы екі саласы емес, жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлуметтік терминдердің көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, жалпы халықтық тілге сіңісіп кеткен. Бұл салада ең басты ұстанған принципі – ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазып шыққан. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Араб таңбаларын қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды – жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазды. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кездегі интеллегенция жаппай мойын бұрды. 1911-1912 жылдары Уфа мен Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды. Сол кезде оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. А. Байтұрсыновтың тағы бір зор еңбегі – терминдерді жасау. Бұдан бөлек, ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – ғалымның жазып кеткен мұрасы. Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым», - деп жазды Байтұрсынұлы.

Түркітану. Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926 ж. Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық I-съезіне қатысып, Түркі тілдеріндегі терминология жайлы деген тақырыпта баяндама жасады. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына

көп күш жұмсады. Осы мақсатта Оқу құралы (1912), Тіл құралы (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап Әліпби (1924), Жаңа әліпби (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды. Қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады. Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. 1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының 43 қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. Келесі жылы КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ "үштігінің" шешіміне сәйкес, ату жазасына кесілді. Бірақ бұл шешім бірнеше рет өзгерді. 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деген үкім шығарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. Ал 1934 жылы М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. Орталық мұражайда кеңесші болып істеді. Өкінішке қарай, Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шокаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф. Голощекин жандандыра түсті. Ақырында қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп, 1937 жылы 8 желтоқсанда жазықсыз атылып кетті. «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылдыхалықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті», - деп жазды Сәкен Сейфуллин. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарма психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптаумен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум.

жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшан-теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.«Менің көзім ашық болса, бұл кепті кимес едім. Мендей болмайын десең, оқы», – деп, Сібірге айдалып бара жатқан әкесінен естіген А.Байтұрсынов, 1912 жылы Орынбордақазақша сауат ашатын «Оқу құралын» жарыққа шығарады.Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек тіл білімі саласы емес әдебиеттанудың да көптеген терминдерін жасаған. Бұлар да өте сәтті шыққан қонымды атаулар болды. Сондықтан олар да күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді.Ғылымның тек осы екі саласы емес, жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлуметтік терминдердің көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, жалпы халықтық тілге сіңісіп кеткен. Бұл салада ең басты ұстанған принципі – ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды.Қазақ тілін сақтап әрі қарай дамыту керектігін,«Қазақ» газетінің негізін қалаушы, теңдікке оқу-білім арқылы, халықтың мәдениетін көтеру арқылы жетуге болады деп танып, осы майданда ширек ғасырдай аянбай тер төгіп, еңбек етіп келе жатқан Байтұрсынов сияқты адамды елеңдетпей тұра алмады.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Қ. Мұқаметов. «Бес арыс», 261 б.
2. Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. «Білім кеңесі»,1926, Б.56.
3. Байтұрсынов А. «Ақ жол», Алматы, 1994, №464
4. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы мұрағаты. Қ.9. Іс 67, П.10.
5. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқы», Алматы, 1991.

### **Шалдарбекова А.Б., Шалдарбекова М. Б.,Танкиш Н.П.**

Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент

## **ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫН МЕКТЕПШЕН БАЙЛАНЫСТЫРҒАН ОЙШЫЛ М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ БІЛІМ БЕРУ ІСІН ДАМУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

Республика Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылы 16 наурыздағы халыққа жолдауын «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп атады. Әлем күннен күнге жаңарып келеді, сол жаңа әлемге сәйкес даму біздің мемлекетімізден де жаңаруды талап етеді. Сондықтан әрине, жолдаулардағы Жаңа Қазақстан, жаңару, жаңғыру деген сөз тіркестері бостан босқа айтылмаса керек. Оның астарында үлкен жүк, мағына жатқандығы бәрімізге түсінікті. Оны еліміздің жаңа тарихи кезеңдегі даму стратегиясының өзекті де күрделілігін ел дамуын айқындауға негізделген оның бағытына тереңдеген сайын айқын сезінудеміз.

**Біріншіден**, біз жаңа әлем дегенде, күрделі, қайшылықты және күрт өзгермелі әлемде өмір сүріп отырғанымызды пайымдап, түйсінуіміз керек. Мұны бізге адамзат баласына үлкен қайғы-қасірет әкелген, зорлық пен зомбылықтың небір түрлер орын алған ХХ ғасырдағы даму мен өзгерістер сипаты айқын дәлелдеп кетті. ХХІ ғасырдың адам баласы үшін оңай болмайтынын бүгінгі таңда айқын көріп отырмыз. Оның дәлелі ретінде шекаралас немесе көрші мемлекеттерде, атап айтқанда кезінде Кеңестер одағын ортақ отанымыз деп келген мемлекеттер арасындағы, яғни Ресей-Украина соғысын атасақ болады (2022 жылы наурызда бейбіт азаматтардың жаппай өлтірілуі-Буча қырғыны).

Екіншіден, жаңа әлемнің аса маңызды мәні әрі ерекшелігі жаһандану үрдісімен ашылады. Жаһандану – дүниежүзілік дамудың жетекші үрдісі. Соның аясында қазірде бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған жаңа тұрпатты проблемалармен бетпе-бет тұр.

Үшіншіден – қазіргі әлемдегі өзгерістердің, жаһандану және басқа да үрдістер, қақтығыстар мен олардың қорытындылары тікелей және жанама түрде адамдардың бүкіл тіршілігіне әсер етіп, әлеуметтік саланы әлемінің ең басты бағыттарының біріне айналдырды. Азық түлік , шикізат тапшылығының басталуы.

Төртіншіден, қоғамдық қатынастардың барлық салаларындағы үдерістердің қатаң бәсеке жағдайында өтуі тереңдей түсуде.

Бесіншіден, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімізбен сезіндірген, сондай-ақ, татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшіліктің қаншалықты құнды екендігін бағалай білуге итермелеген оқиғаларға (Қаңтар оқиғасы) куә бола отырмыз.

Алтыншыдан, жаңа әлем инферналдылықты, адам тағдырының тығырыққа тірелуі мәселесін (COVID-19), яғни әлемге тараған жұқпалы індет өлім мәселесінің өзектіленіп, өлімнің – факт ретінде адам өмірінің әрбір сәтіне қатысып отыратындығын қайта қайта еске салуда.

Сондықтан да мұндай жағдайлар осы оқиғалар өрбуінің негізгі авторы мен кейіпкері, яғни жаңа әлемнің субъектісі мен объектісі, адам баласының да күрт өзгеруін қажет етеді. Сондықтан қазақтың бүгінгі ұрпағының дамудың жаңа жолына түсуі - заңды құбылыс. Дегенмен, әлемдік мәдениетті ұлттық танымды жоққа шығарып барып қолдау дұрыс емес. Әлемдік мәдениетті қабылдау барысында ұлттық танымды, ұлттық нақышты, ұлттық болмысты, ұлттық кодты сақтай отырып қабылдаған дұрыс.

Қоғамның дамуы адами капиталға байланысты. Сондықтан да болар жолдаудағы негізгі басымдық адами капиталды дамытуға негізделген. Адами капиталдың дамуы білім беру ісіне тікелей байланысты. *Сондықтан Жолдауда* білім беру бағдарламаларының өзгерістерге үнемі бейім болу керектігі айтылып және адамдардың жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту мәселесі көтерілген. Бұл әрине тектен тек айтыла салған мәселе емес.

Дәл осы контексте Мағжан Жұмабаевтың білім туралы ізденістерінің мәні аса зор. Мағжан Жұмабаев та басқа зиялылар сияқты білім беру, халық ағарту мәселелеріне көп көңіл бөлді. Бұл ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қауымы үшін аса маңызды, кезек күттірмейтін әлеуметтік, мәдени, рухани мәселе еді. Ат төбеліндей аз ғана білімділер шоғырымен барлық жағынан екпіндеп енген ХХ ғасырдың аласапыран үрдістерінде жоғалып кетпей, оның зауалдарына төтеп беру мүмкін емес еді. Дәл осы үрдіс жанарған әлемдегі жаңа Қазақстан үшін де өз ақиқаттығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, өзінің ауқымдылығымен, өте қажеттерімен, кезек күттірмейтін, өзектілігімен қоғамдық дамудың шешуші факторына айналып отыр. Ал жаңа Қазақстанды құрушылар ол біздің жастарымыз. Жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын фактор ол білімді болу.

Сол дәуірде өмір сүрген М.Жұмабаевтың көрген өмір тауқыметі де аз емес еді.

«Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, Қазақ газетіне өз өлеңдерін жариялайды.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитеті құрамына сайланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты.

Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды.

“Алаш” партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпы қазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті.

1929 жылы М.Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 жылы наурызда М.Жұмабаев Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, 19 наурызда ату жазасына кесілді (1. 66 б).

Мағжан түсінігінде білім алу тек жай ғана сауатты болу ғана емес, өз болмысын, сонан соң дамыған тұлғаның жоғары сұранысына қарай айналадағы ортаны өзгерту деген сөз. Себебі, өзгерген орта жаңа қатынастар, ұмтылыстар жүйесін тудырады. Мұндай жағдай әр адамның жеке өмір сүру салты мен тәжірибесінен жоғары және әлдеқайда кең. Ол өзі күтпеген жерде ой туындататын, өзін-өзі ұйымдастыру қажеттігіне тап болады, яғни ол өз тәжірибесі мен мүмкіндігін кеңейтуге мәжбүр. Дәл осы уақытта білім адамға көмекке келеді. Әр түрлі білімдер жүйесінде бүкіл адам баласының тәжірибесі, іс-қимылы сөздер ең ұғымдар, заңдар мен әлем туралы теориялар әлеміне еніп, өзінің виртуалды болмысын одан әрі жалғастырған.

Білім – адам болмысын түбегейлі өзгертетін құндылық. Құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Олар адамның сезімін, ойын, еркін біртұтас бірлікке келтіреді және адамды қалыптастыруда шешуші роль атқарады.

Ал құндылықтың өз мағынасы қалай? Жалпы қазақ өркениетінде «күн, құныкер» сөздері көбінесе адамға істелген қастандыққа күн сұрауға байланысты айтылады. Мысалы, ауызекі әңгімеде «әкесінің құнын сұрады», «ердің құны мың жылқы» деген сөз тіркестері жиі кездеседі. Ал философияда ол кең мағынада, әр нәрсенің маңыздылығына байланысты айтылады. «Құндылықтық қатынастар философияның негізгі мәселесі «Адам - әлемі» қатынасының ажырамас бөлігі болып табылады... Құндылықтар негізінен адам арқылы анықталатындықтан және олар адам үшін, оның дамуы, жетілуі үшін қажет болғандықтан әлеуметтік сипатқа ие болады» деп жазды ғалым С.Нұрмұратов [2, 161 б.].

«Өнер-білім қайтсе табылар» деген өлеңінде Мағжан:

«... Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,  
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,  
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,  
Құлақ тігіп, көз салып, жиып – терсе.  
Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе...  
«Өнер-білім – қарны ашқа ас!» - деп білсе  
«Дүниенің теңізінде адасқанға,

Тура жол көрсетейін, бас!» - деп білсе» [3, 24 б.] деп жаза отырып, білімнің ашыққан адам үшін ас қандай роль атқарса сондай маңызы бар екенін атап көрсетеді. Білім мәселесі оқулық жазу, мектеп ашу, балалардың сауатын ашу сияқты шараларды іске асырумен ғана шектелмеуі тиіс. Бұлар, әрине, өте қажет шаралар. Оны жақсарту жолында Мағжан біраз тер төккені мәлім.

«Жаз жетті. Қыс бойы саңырау, шырт ұйқыда, шала-жансар жатқан дала оянды. Оған жан бітті... Он төртінші айдай, үлде мен бұлдеге оранған, жаңа бой жеткен қыз болды. Жастар, қыздар шешесінің қыс бойы үйде кигізбеген жаңа тіккен көйлек, күміс таққан шалқыларын киіп, қуанып, қуаныштары қойнына сыймайды. Кексе қыздар, бозбалалар елдің жайлауы, биенің байлауы, жұрттың жиыны болатын мерзім де жетіп қалды-ау деп іштерінен қуанады. Биыл ойын-той көп болмай-ақ деп тілейді.

Міне, жаз жетті, дала әдемі, көңілді. Жалғыз-ақ, сол сүйкімді даланың орасан кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз. Ойсыз. Ішіп-жеу, ойнап-күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері. Ол – жарты адам» [4, 204 б.].

Осы үзіндіде Мағжанның білім туралы көзқарасының түпкі мақсаты айтылған. Білім – адамды адам ететін өзекті фактор. Соның арқасында ол жануарлар әлемінен жоғары көтеріліп, өзі шыққан табиғи ортадан биіктеп, оның қыры мен сырына үңілетін, сол тұрғыдан оны жан-жақты байыптайтын тұлға дәрежесіне көтерілді. Жақсы киім, жақсы тамақ, ойын-сауық та қажет. Олар оның мерейін көтереді, өзін асқақ сезінуге жағдай жасайды. Бірақ бұл қажеттіліктер – тіршілік етуді тепе-теңдікте ұстап тұру үшін ғана керекті мұқтаждықтар. Олар адамның мән-мағынасын, оның өмірінің түпкілікті мақсатын, міндетін ашып бере алмайды. Күнделікті ойын-сауыққа берілген адам ешқашан да өзін толыққанды азамат ретінде сезіне алмайды. Өйткені көтеренікі көңіл көлеңкелі, мұңды көңілмен ауысуы мүмкін. Адамның көңілін әруақытта көтеріп отыратын фактор – ол еңбек және тынымсыз ізденіс жасау. Ал тынымсыз ізденістің астарында білім жатыр ғой.

«Білімге көңіл  
Жоқ үйден түңіл - ...»  
«Білімсіз – есек,  
Опасыз десек,  
Сөйлеп, күліп жүрсе де:  
Өлікпен тең  
Ит-кұсқа жем

Тірі боп ғұмыр сүрсе де» [3, 27 б.] деп ақын білімсіз адамның жарты болмысының образын жасайды. Әрине, сана сезімге қатты әсер ететін ұтымды сөздер, ұйқастар. Білімсіз адамнан жетесіне жеткізіп, түбін түскізе жирендіріп алып, оған қарама-қарсы білімді адамды суреттейді.

Білімді мен білімсіз өзара ұшырасқан жағдайда кімнің мерейі үстем болатындығы бірден көзге түседі. Өйткені, Мағжанның пікірінше:

«Білген жан – көсем!  
Сөйлесе – шешен жұртты аузына қаратар!  
Жұртты аузына қаратар!

Істегені - өрнек,  
Қор қылмас ермек,  
Нәрсені іске жаратар.  
Білімдінің сөзі – ем,  
Мейірімі көп, өзі – кең!» [3, 27 б.].

Әрине, көп білген адамның дүниеге көзқарасының аясы кең, мүмкіндігі жоғары. Әр нәрсенің байыбына барып, тереңіне бойлай алады, оның көрінбейтін тысқары астарына да үңіле алады. Сондықтан ол не болса соған ашуланып, тоңмойындық көрсетпейді. Егер жағдай өзі күткендей болмаса, одан бірден қорытынды жасап, айқай-шу шығармайды, әр оқиғаның, іс-әрекеттің артын бағады. Өйткені, әр адамның әр түрлі мүмкіндігі, көзқарасы болатындығын әрқашанда түсінеді. Сондықтан оған адамдармен араласу оңай, тез арада тіл табысып кете алады. Қайда барса ол сыйымды. Мағжан сөзімен айтсақ «білімі мол - бұйымды».

Білім адам баласын түбегейлі өзгерте алатын аса қажетті құндылық болғандықтан оған әруақытта ұмтылу қажет. Мағжанның білім туралы өлеңдерінің жалаң үгіттен әлдеқайда терең мағынада жазылғандығы оның осы тақырыптағы әрбір өлеңінен көрініс береді.

Осы тұста «Қарағым» деген шығармасын аттап өтуге болмайды.

«Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.  
Оқымай ойын қуған балаларға  
Жолама, шақырса да қасына ерме!  
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,  
Алам деп көктен жұлдыз олың серме,  
«Қарманған қарап қалмас!» - деген рас  
Тоқтамай істей білсең батып терге  
Жасынан оқу оқып, өнер қуған  
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге» [3, 32 б.].

Әрине, бұл өлеңнің әр жолының өзіндік жүгі бар. Қарағым, оқу оқы деп әке баласына айтқандай Мағжан өзінің туған ұлтына айтып отыр. Өзгермелі, мазасыз және күрделі әлемде өркениеттер жүйесінен өзіне лайықты орын алу үшін Қазақстан азаматтары осы заманғы жоғары талапқа сай білімді болуы бірден бір қажеттілік. Ойынға уақытын босқа жұмсамай, ұдайы алға ұмтылу ғана адамды алға жылжытады. Осы тұста бір айта кететін жайт, Мағжан өмір сүрген тарихи дәуірде ойын кеңістігі онша кең емес еді.

Қазіргі жасөспірім өзі үшін ойынның әртүрлілігімен, көптілігімен бірден оның болмысын баулап алатын мәдени-рухани ортаға тап болып отыр.

Соңғы жылдары қоғамдық сананың барлық деңгейінде жаңа типтегі Қазақстан азаматын тәрбиелеу қажеттігі пісіп жетілді. Оның іргелі қасиеттері мынадай құндылықтардан тұрады:

- туған жерін, елін, Отанын сүю;
- ұлттық мәдени дәстүрлер мен діл талаптарына адалдық танытып, оларды қастерлеу шама шарқы келгенше оларды орындау;
- өз өмірінің бағыт-бағдарын анықтап, алдына мақсат қоя алу;
- өз ісінің майталман шебері болу;
- қоғамды және онымен бірге өзін де тұлға етіп қалыптастыруға негіз болатын идеяны жақтаушы және қорғаушы болу;
- заңды құрметтеуге ұмтылу;
- салауатты өмір салтын сүю және ұстану;
- ертеңіне сеніммен қарай алатын оптимист болу.

Бұл қазіргі стратегиялық міндет.

Мағжан қазақ халқын өз өміріне ойлана қарап, оның мәнін түсінуге, өмірде не жақсы, не жаман, не ақ, не қара, не түзеу, не қисық екенін айыра алу жолында білімнің, ақылдың, еңбектің орнын көрсете білген.

Мағжан шығармашылығының адамшылыққа, ізгілікке, парасаттылыққа, достыққа тәрбиелеудегі орны ерекше. Ойшыл ақын жастарды тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлді. Өйткені, ол арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті, отты көзді, жалынды сөзді, иманды, аппақ көңілді жастарға сенді, оларға үлкен үміт артты. Халықтың өскелеңдігі мен жарқын болашағы оның жастарында деп есептеді.

Мағжанның білім туралы ұстанымының философиялық ағынасын анықтау мәселесіне қомақты дәлел бола алатын екі жұмысына тоқталайық. Оның бірі «Бастауыш мектептегі ана тілі» деп аталады.



«Бастауыш мектептің міндеті баланы айналасындағы жиһанмен, яғни, жаратылыспен, әлеумет ұйымымен һәм адамзаттың еңбек түрлерімен таныстыру. Таныстырғанда жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, ауданды бірте-бірте кеңейтіп, басқыштан таныстырып, үй, мектеп, ауыл, болыс, губерна, жалпы қазақ жері ...» [5, 176 б.] деп, балаға білім берудің қисынын көрсетеді.

«Жақыннан алысқа, таныстан жатқа» дегені, кішкене балаға, ең алдымен, оған таныс, үйреншікті заттар мен қатынастардың болмысын жан-жақты ашып көрсетіп, соны игеріп болған соң оның жеке тәжірибесінің аясынан тыс, оған таныс емес әлемді бірте-бірте, белгілі жүйемен таныстырып отыруды ұсынады. Оған таныс емес әлем жүйелі оқытудың арқасында өзінің жеке қырларымен бала санасының алдында ашыла береді. Әрбір жаңа ашылым баланы ойландырады, ол бір нәрсені екінші нәрсемен салыстырып үйренеді, осы салыстыру барысында заттар мен құбылыстардың ортақ қасиеттерін анықтаумен қатар олардың арасындағы айырмашылық та көзге түсе бастайды.

Бала алдымен өз жанұясын, ауылын, болысын, сонан соң жалпы қазақ жерін тани алады. Сонан соң қазақ жерінен басқа да жерлер мен елдер барлығына куә болады. Мұндай тәсілді жаңа дәуір философы Ф.Бэкон индукция деп атаған. Кез келген жаңа білім бұрынғы білімге сүйене алса, не болмаса оның заңды жалғасы болса ғана нәтиже береді. Философиядағы бір ой екінші ойды туғызады деген қағида бұл жерде өте жақсы дәлелін табады. Қай уақытта оқу баланы қызықтырады? Егер ол, ең адымен, балаға түсінікті болса, яғни оның балаң болмысының тәжірибеіне сүйенсе, сонымен қатар, оған түрткі салатындай қызықты болса. Сол жағдайда бала оқуға қызығушылық танытады, ал қызығушылық бар жерде ұмтылыс та бар. Өзі қызыққан, соны білуге ұмтылған бала өзін-өзі одан әрі дамытады, ал мұғалім осы процесті ұйымдастырушы және дем беруші ғана. Білімнің адамды жасаушы, дамытушы фактор екендігі осыдан көрінеді, яғни адамға тірек, негіз болу білімнің онтологиялық табиғатын көрсетеді.

Мағжанның: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін байынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» [6, 313 б.] деп жазды. Әрине, өте орынды пікір.

Ұлттың болашағын мектеппен байланыстырғаны дұрыс идея. Ақын өмір сүрген уақытта қазақ мектебінің халі өте нашар болғандығы тарихи шындық.

Мектептің болашағын талдау барысында Мағжан ақын еліктеу факторын көбірек еске алады. Ғасыр басында: «еліміздің саяси һәм шаруашылық тұрмысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да біз еліктеу ауданында жүрміз. Қазақ жанын қайшылап отырып, жат қалыпқа салмақтымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру яки жаңа қалып жасау тәжірибесіне кірісуіміз қарадай қорқытады» [6, 315 б.] деген Мағжан күдігі әлі де қайталанып отыр. Елімізде тез арада он екі жылдық мектеп бағдарламасына көшу де сол еліктеу факторынан туындап отыр ғой. Еліктеудің әр түрі бар ғой. Жалаң еліктеу немесе диалектикалық еліктеу болады деп ойлаймыз. Егер де қоғамның даму стратегиясы жалаң еліктеуге құрылса, онда түбінде біз өзінің шыққан тегі мен дәстүрін білмейтін тобырға айналамыз. Ұлттың ұлт болып қалуының бастапқы алғы шарты – тілі, діні, дәстүрі.

Тілімізге, дінімізге, дәстүрімізге немқұрайды қарап, басқа мәдени үрдістерге иек арта берсек, онда өзімізге тән қадір-қасиеттен, рухани қуаттан айрылып қаламыз. Бұған жол беруге болмайды. Сондықтан біз диалектикалық еліктеу жолын таңдауға тиіспіз. Бұл үшін не істеу керек. Ең алдымен, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды тарихи көзқараспен бағалап, оның кертартпа жақтарынан бас тартып, құнды жақтарын қазіргі жас ұрпаққа таныстырып, олардың бойына сіңіру аса маңызды ұлттық іс-шара. Мұны іске асыратын бірден-бір бастапқы орын – балалар бақшасы және мектеп.

Сонымен қатар, жаһанданумен қатар еніп жатқан басқа мәдени үрдістерге де сын көзімен қарап жақсы үлгілерді қабылдап, жаманынан бас тарту шараларын ұдайы іске асыру қажеттігі қоғамдық өмір үрдісі. Яғни ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің батыс және шығыс елдерінің үлгілерімен ұшырасуы нәтижесінде жан-жақты ойластырылған, сұрыпталған жаңа рухани құндылықтар бағдарламасы қалыптасуы қажет. Бұл - алдыңғы қатарлы ұлт зиялыларының бастапқы міндеттерінің бірі.

Қазіргі өркениет дамуының постиндустриялық кезеңі білім үлгісін қайта қарауды алға тартады. Мұнда адамның білімі, тәжірибесі және құндылық бағдарлары бастапқы бағдар болады. Бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына мұқият қарау дәуірі. Адамзат дамуының жаңа кезеңіне білім беру жүйесі, білім беру философиясы және жаңа білім үлгісі сай болуы тиіс. Бұл үшін білім үлгісінің мүмкін болатын даму бағыттары жөніндегі білім керек. Қазіргі қолданып жүрген білім үлгісінде этикаға, моральға, адамгершілікке азырақ орын

берілген. Сондықтан да ендігі бағыт адамгершілік қағидаларына негізделген тәрбие мен білімге сүйеніп, ұлттық өркениет мәселерін жандандыру болмақ.

«Шынында керек болмас бұл

Аласұрған көңілге

Оқу оқы, өнер қу,

Басқалардан түңіл де?

Жұрттың қамын көп ойла,

Уайым-қайғы жеп ойла!

Артша қалған сорлы жұрт

Алға бассын деп ойла» [4, 20 б.] деп ақын жұрттың қамын ойлайтын азаматтың білім қуған, өнерлі адам екендігін тағы да еске салады.

«Оқу-білім – ер жаны» деген қағиданы да Мағжан дүниеге келтірді.

Мағжанның білім туралы ізденістерінің маңыздылығы мынада:

- білімді адам болмысының даму, қалыптасу, жетілу кезеңдерінің бәріне тікелей қатысатын, тұлға жасаушы, тудырушы фактор ретінде қарастыруы, яғни адамды тұлға деңгейіне көтеретін бірден-бір маңызды жол – білім алу жолы;

- білім адам жанына азық болатын, оған жақсылық пен жамандықтың арасын саналы айыруға көмек көрсететін рухани бағдар ретінде бағаланады;

- білім адам мен адам, адам мен қоғам, қоғам мен қоғам арасын ізгілендіретін маңызды рухани тетік болып көрініс береді;

- білім әлем-адам, адам-адам, адам-қоғам қатынасындағы көркемдік, әсемдік, яғни эстетикалық құндылықтарды танудың, олардан ләззат алып, қуаныш, риза болушылық сезіміне бөленудің негізі.

Білімнің көмегімен ұлттық құндылықтарымыздың құдіретін танып, оның мәдени-тарихи негіздерін игеріп, адамзат игілігіне қызмет ету аясын кеңейтеміз, ұлттық тәрбиедегі туған жер, ата-қоныс, елдік пен ерлік, азаматтық пен адамгершілік, имандылық пен парасаттылық, өмір өткелдері, қоғам жайлы философиялық толғау тұжырымдарын, шешендік өнерді дүниеге келтірген даналарымыз бен ойшылдарымыздың адамзаттың рухани дамуындағы қайталанбас орнын анықтаймыз; ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды үйлесімді дамыта отырып, адамзаттың бүгінгі мен ертеңіне қызмет етуін қамтамасыз етеміз.

### Әдебиеттер

1. Салықов К. «Мағжанға тағзым». - Алматы: Жазушы 2008. -130 б.
2. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. - Алматы, 2000. – 180 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
4. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы: Жазушы, 2003. – 130 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. Баланы тәрбиелі қылу жолдары. – Алматы: Рауан, 1993 – 112 б.
6. Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі // Жұлдыз, 1993, №1, 176 б.

Дархан М.Ұ.

ОҚМПУ, 2-курс магистрі. Шымкент, Қазақстан Республикасы.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-АУМАҚТЫҚ МЕЖЕЛЕУ САЯСАТЫНА ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі мемлекеттілік үшін күрес күрделі сипат алды. В.И.Лениннің идеясы бойынша басталған Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуге қазақ саяси басшылығының көзқарастары үйлесе бермеді. Мәселен Мұстафа Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясы Орта Азиядағы түркі мемлекеттерін біріктіруге арналған еді. Бірақ Кеңестік билік Мұстафаның бұл идеясынан өлердей қорықты. «Мұндағы саяси тіршілікке сын көзін қадап отырған М.Шоқайдың түрлі мысалмен дәлелдеп қорытқанындай большевизм «Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан өлердей қорқады. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысады». Тұтастықты бұзудың жалпымүркілік тұтастықты сезіну беретін

қуатты әлсіреудің төте жолы - Орта Азиядан алдымен Қазақстанды оның Орта Азиялық бөлігімен қоса бір бөліп алу, сөйтіп бауырлас халықтардан қазақтарды ажыратып алшақтатып жіберу».

Тұрар Рысқұловтың да идеясы осы сипатта еді. Ол Түркістан Республикасын құру үшін талмай күресті. Осыған байланысты Т.Рысқұловты 1924 жылдың аяғына таман Монғолияға елші етіп ауыстырды. «Түркістан Республикасы Кеңестерінің XII съезі Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты іс жүзіне асырыла бастаған кезде өтті. 1923 жылдың соңына таман бұл бағыттағы шаралар тұрақты сипат ала бастаған еді. РКП (б) Орталық Комитетінің алдында Орта Азияның үш республикасының аумағын қайта межелеп, жеке-жеке ұлттық республикаға жіктеу міндеті тұрды. Ал РКП (б) Орта Комитеті Т.Рысқұловты бұл процеске қарсы тұрған адам деп санады, сондықтан да оны межелеу саясаты толық қарқынмен басталғанға дейін республикадан тысқары алып кетуге тырысты. XII съезд аяқталысымен-ақ РКП (б) Орталық Комитеті бұл іске шұғыл кіріскені белгілі. 1924 жылы 24 және 31 қаңтар, 4-14 ақпан күндері бұл мәселе РКП (б) Орталық Комитетінде үсті-үстіне талқыланды. Талқылауға С.И.Гусев, М.И.Калинин, В.В.Куйбышев, И.М.Межлаук, Я.Э.Рудзутак, И.В.Сталин, Г.В.Чичерин және басқа да көптеген адамдар қатысты. Сондықтан да Т.Рысқұловтың Түркістан Республикасынан өтуі РКП (б) Орталық Комитетінің саясатының нәтижесі деп түсіну қажет.

Сұлтанбек Қожанов өз кезегінде Орта Азия Федерациясын құру жөнінде бастама көтерді. Ол өлкеде ту тіккен республикаларды алдымен экономикалық қауымдастыққа, содан соң Орта Азия федерациясына біріктіру, сосын экономикалық және саяси-әкімшілік тұрғыда қалыптасқан қуатты құрылым ретінде, Республикалар Одағына - КСРО-ға кіру бағытын ұстанды. Өйткені дәл солай 1922 жылы Закавказье Федерациялық Социалистік Республикасы құрылған болатын. Оған грузиндер, армяндар, әзірбайжандар біріккен еді. Бірақ С.Қожановтың бұл идеясын Орта Азиялық бюро қолдамай тастайды. Ол жөнінде И.Варейкис өз пікірін білдіріп, бұл идеяны болашақтың ісі деп қарастырады. Менің пайымдауымша, – деп жазды И.Варейкис, –Қазақстан Республикасының Орта Азия бірлестігіне кіруін мына себепті уақытша тоқтата тұру керек. Бірінші ой қорыту бойынша, Қазақстан республика экономикасының қай орталыққа таралуы әлі нақты анықталмаған (оны Қазақстанның өзі де дәл білмейді), тіпті бүкіл Қазақстан үшін тартылыс орталығы болатын сондай орталық бар ма екен? Бұл нәрсе әлі анықталмаған. Екінші ой қорыту, Қазақстан орасан үлкен аумақты алып жатыр, ол автономиялы республикаларын қоспағанда РКФСР аумағына тең. Қазақстанның бір шеті Амударияға тіреліп, Өзбекстан шекарасына жетеді, екінші бөлігі Алтай, Томскіге созылып жатыр, тағы бір бөлігі Самараға сәл жетпейді. Осы себептерге байланысты И.Варейкис Қазақстанның Орта Азия бірлестігіне кіруіне қарсы болды. Осылайша қазақ зиялыларының бірігуге бастаған ұсыныстары қабылданбай тасталды. Сөйтіп, И.Варейкисше айтсақ енді «үлкен бір пәтердің жеке бөлмелері» анықталатын болды.

К.Абдуллаевтың «Шыңжаңнан Хорасанға дейін» атты еңбегінде: «межелеудің басты қозғаушы күші кеңес басшылығының антисоветтік жобалар ретінде панисламизм мен пантюркизмнен туындайтын ықтимал қауіптің алдын алуға деген ұмтылысы болды», – деп жазады. Автордың пікірінше, «Делимитация XI ғасырдан бастап Орта Азияны басқарған түркі әулеттерін қалпына келтіру жоспарларын жерледі. Бірақ ең бастысы, ол пантюркизмге қатты соққы берді. Түркі ынтымақтастығының «ұлттық пәтерлерге» бөлінуінен басқа, өңірде Тәжікстан – өңірдің жалғыз түркі емес республикасы пайда болды. Сталин Ұлттық коммунистердің Орталық Азияда біртұтас Түркі республикасын құру талаптарына қарсы шығып, түркі ынтымақтастығын бұзу және кеңестік құрылымға балама ретінде пантюркистік мемлекет идеясына қарсы тұру мақсатында «арий анклавын» құрды. Бұл 1924 жылғы ұлттық-аумақтық межелеудің салдарын қамтиды. Орта Азия халықтары «қазан балалары» деп жарияланды және бұдан былай большевиктер мен орыстарға өздерінің қалыптасуына қарыздар болды. Асығыс жүргізілген шекаралар мен одан әрі кеңестік саясат тәжіктерді, өзбектерді және басқа халықтарды бейбіт көршілерден бітіспес қарсыластарға айналдырды. Аймақтың ұлттық элиталары Кремльдің ресурстары мен бағасына байланысты бір-бірімен ауыр шайқастарға қатысуға мәжбүр болды. 10 жылға жуық уақытқа созылған делимитация барысында большевиктер дұрыс емес шекаралар орнатып, анклавтар, даулы учаскелер құрып, аймақ халықтары арасында келіспеушіліктер туғызып, сонымен бірге жаңадан құрылған республикаларда шексіз билікке ие болды. Бұл саясат Римдіктерге ұқсас болды «бөлу және жеңу», сонымен бірге Қытайдың «варварларды варварлардың көмегімен бақылау» саясатын еске түсірді, сол уақытта Шыңжаңда өтті». Орта Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу аса күрделі мәселе еді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Сондай-ақ, экономикалық орталықтар мен елді мекендерді бөлу

мәселелері көп жағдайда тығырыққа тіреліп отырды. Экономиканың даму деңгейі мен халықтардың ұлттық құрамы туралы статистикалық мәліметтердің мардымсыздығы жағдайды одан әрі қиындатты. Болашақ шекараны анықтау үшін КСРО тәжірибесінде қалыптасқан мынадай үш принциптің негізге алынуы тиіс болды:

1. Ауданның табиғи-тарихи жағдайының біртектілігі;
2. Экономикалық құндылықтар;
3. Халықтарының ұлттық-мәдени және тұрмыстық жағдайларының біртектілігі.

Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуді тікелей жүзеге асырушы Орта Азия бюросында И.Зеленский, Я.Рудзутак, К.Бауман, Ф.Карклин секілді азаматтар қызмет етті. Өзбектер жағынан А.Икрамов, Ф.Ходжаевтар жұмыс жасаса, қазақтар жағынан С.Қожанов, С.Меңдешев, Т.Жүргенов секілді азаматтар ат салысты. Ұлттық-аумақтық межелеудің жүргізілу барысы және оның мәні үнемі баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. Баспасөз құралдары белгілі бағытта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатты. Ұлттық-аумақтық межелеу барысында Түркістан АКСР-ның Қазақ АКСР-на қосылуының зор маңызы болды. Түркістанның Сырдария және Жетісу облыстарының қазақтар басым өңірлері Қазақ АКСР-на қосылуы тиіс болды. 1924 жылғы ақпандағы мәлімет бойынша осы екі облыстың межелеу кезінде Қазақстанға өтетін жер көлемі 602713 кв. версті құрды. Бұл аумақ Орта Азиядағы жаңа республикалар аумағынан әлдеқайда көп. Патшалық Ресей көптеген орыс емес этностар шетелдіктер немесе шетелдіктер ретінде жіктелген империялық мемлекет болды. Кеңестік Ресей де моноэтникалық мемлекет болған жоқ, бірақ ол ерікті ассимиляцияны ынталандырды, орыс емес халықтың ұлттық өзін-өзі тануын насихаттады. Этникалық азшылықтың өзіндік ұлттық аумағы, белгілі бір дәрежеде автономиясы, ұлттық мектептері және Ұлттық элиталары болды. Соған қарамастан, ұлттың анықтамасы немесе ұлттық делимитация Кеңес одағында саяси қиын мәселе болды. Орталық Азияда «орыс әлемін» ілгерілету және большевиктердің даулы «демаркациясы» әлі күнге дейін аймақты біртұтас тұтастыққа біріктіруге кедергі келтіретін бөліну сызықтарын жасады.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Зиманов С.З. Даулетова С., Исмагулов М. Казахский революционный комитет. Алма-Ата, 1981.
2. Қойгелдиев М. М. Шоқай және Түркістан. А. 1998
3. Қазақ совет энциклопедиясы., 1977. 10-том
4. Рыскулов Т. Собрание сочинений в трех томах. А., 1997

### III-СЕКЦИЯ

## САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МЕН ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ҚИРАТЫЛУЫНА ҚАРУЛЫ ҚАРСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЛАГЕРЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ

Таштанов Ж.А.,

PhD докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ аға оқытушысы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Шымкент өңірлік жұмыс тобының мүшесі

### КӨПҮЛТТЫ БОСТАНДЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ, СЕБЕПТЕРІ МЕН ТАРИХИ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстандағы Кеңес үкіметінің зорлыққа негізделген саясатына деген наразылықтың алғашқы белгілері 1928 жылы жүргізілген тәркілеу кезінде пайда болды. Алайда жаппай ұжымдастыру науқаны басталысымен бірқатар аудандарда негізгі қозғаушы күштері кедей және орташа шаруалар болған көтерілістер бұрқ ете түсті. Көтерілісшілер кеңес және партия мекемелерін талқандап, құжаттарды өртеді. Алайда көтерілісшілердің нашар қарулануы мен олардың ұйымдаспағаны көтерілістердің жеңіліске ұшырауына әкеп соқты. Мемлекеттің күш қолдану саясаты шаруалардың табанды қарсылығына кездесті.

Көптеген аудандарда сотсыз, тергеусіз ату шаралары жүзеге асырылды. ОГПУ қызметкерлері мен жергілікті кеңес және партия қызметкерлері тұтқындалғандарды кітті калибрлі винтовкалармен, бытыралы мылтықтармен атып, аяусыз қорлады. Бұл фактілер Қазақстандағы Кеңес өкіметінің 20-30-жылдардағы қылмыстарын ең қорқынышты, адамзатқа қарсы жасалған қылмыстармен қатар қоюға болатынын дәлелдейді. Бүтіндей алғанда қазақтардың жалпы санының кемуіне себепші болған «Кіші Қазан» ұжымдастыру саясатын геноцид деп есептеуге болады. Онымен бір мезгілде билік органдары қазақтардан «босаған» жерлерге КСРО-ның басқа аймақтарынан қуғын-сүргінге ұшыраған, мал-мүлкінен айырылған кулактарды әкеле бастады.

Жаппай бой көрсету тұрғындардың ұжымдастыру саясатына қарсы жауабы болды. Сол дәуірдегі Басшы органдағылардың пікірінше Қазақстанда болып өткен көтерілістер таптық күрестің шиеленісуінің салдары, өз қызметін баяғыда тоқтатқан «Алаш» партиясы әрекетінің нәтижесі болды.

1929-1931 жылдарғы халықтың барлық бой көрсетулері жеңіліске ұшырады. Мұның басты себебі көтерілісшілердің нашар қарулануы мен жеткілікті ұйымдаспағандығында еді. Көтеріліс қозғалысының төмендеуіне 1930-1931 жылдардағы аштық та аз рөл атқарған жоқ. Өлсіреп, қалжыраған, аштыққа ұшыраған көшпелілер өз мүдделерін қолдарына қару алып қорғай алмады. Наразылықтың негізгі формасы - Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аудару болды. Осы көтерілістердің бірі және алғашқысы «Бостандық көтерілісі» болды.

Бостандық ауданы Сырдария округының ең шалғайдағы, әрі толықтай кеңестендірілмеген ауданы болатын. Бостандық - Ташкент облысының солтүстік-шығысындағы аудан. Солтүстігінде Қаржан тауы арқылы Оңтүстік Қазақстанның Қазығұрт ауданымен, шығысында Қырғызстанның Талас облысымен шектеседі.

Ауданның халқы бес ұлттан құралды: қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз және азсанды европалықтар. Негізгі халқы - өзбек пен тәжіктер болатын. Бостандық ауданы 1956 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан облысы.) облысының әкімшілік құрамына қарап келген. 1956 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының «Қазақ КСР-і мен Өзбек КСР-інің арасындағы шекараларына жекелеген өзгерістер енгізу туралы» Қаулысымен Бостандық ауданы түгелімен Қазақ КСР-і құрамынан Өзбек КСР-і құрамына берілген.

Бостандық ауданындағы шаруалар көтерілісінің себептеріне тоқталсақ: Біріншіден, ауылшаруашылығы есебінен индустрияландыру қарқынын жеделдету өнеркәсіп товарларының қымбаттап, керісінше, ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының төмендеуінен шаруалар астық тапсырудан бас тартты. Нәтижесінде 1927/1928 жылы астық дайындау көлемі алдыңғы жылғы астық дайындаудан төмен болды. Екіншіден, 1927 жылдың 29 желтоқсанында Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің жабық мәжілісінде қабылданған «Астық дайындауды күшейту туралы» қаулысы, Өлкелік партия комитетінің 1928 жылғы 7 қаңтарындағы «Астық дайындаудың барысы туралы» қаулысы шешімдеріне сәйкес:

-Астық дайындауды жеделдету және ақша түсіру мақсатында салықтың барлық түрлерін: ауыл шаруашылығы салығы, өзіне-өзі міндетті салық (*самообложение*.) т.б. несие мемлекеттік қамсыздандыру, серіктестіктердің пай төлемдерін тез арада жинап алу қажет болса кей жағдайларда

күш қолдануға рұқсат берілді;

Үшіншіден, 1928 жылдың 11 сәуірінде БК(б)П мен БОАК-нің біріккен пленумында «1929-1930 жылдардағы астық дайындау науқаны туралы» қаулының негізінде шаруалардың астығын мемлекеттік төмен бағамен алуға, ал, көнбеген жағдайда әкімшілік немесе сот арқылы тартып алуға үкімет уәкілдеріне билік берілді.

Архив материалдарына қарасақ 1929 жылы 21 октябрьде Бостандық ауданына қарасты Галабасай ауылының азаматы Омар Дәуренұлы мойнына түскен салығын уақытында төлемегені үшін акт жасалып, барлық мал-мүлкі тәркіленіп, базарға шығарылған.

Нәтижесінде:

- 1). Алты қанат үй тұрмысыменен 194 сомға сатылды.
- 2). 2 сандық ескі 15 сомға сатылды.
- 3). 2 ешкі 16 сомнан 32 сомға сатылды.
- 4). Және бір ешкі 17 сомға сатылды.
- 5). 1 лақ 6 сом 80 тиынға сатылды.
- 6). 1 тоқал ешкі 13 сомға сатылды.
- 7). 2 ешкі 12 сом 20 тиыннан 24 сом 40 тиынға сатылды.
- 8). 3 лақ 6 сом 70 тиыннан 20 сом 10 тиынға сатылды.
- 9). 3 ешкі 12 сом 60 тиыннан 37 сом 80 тиынға сатылды.
- 10). 3 лақ 6 сом 60 тиыннан 19 сом 80 тиынға сатылды.
- 11). 3 ешкі 15 сомнан 45 сомға сатылды.
- 12). 3 лақ 7 сом 10 тиыннан 21 сом 30 тиынға сатылды.
- 13). 3 ешкі 17 сом 50 тиыннан 52 сом 50 тиынға сатылды.
- 14). 5 ешкі 16 сом 80 тиыннан 84 сомға сатылды.
- 15). 7 лақ 5 сом 20 тиыннан 36 сом 40 тиынға сатылды.
- 16). 2 есек 38 сомнан 76 сомға сатылды.

Қара малдар

- 1). Қоңыр сиыр бұзауымен 66 сом 20 тиын.
- 2). Қызыл сиыр бұзауымен 60 сом 20 тиын.
- 3). Ала сиыр бұзауымен 71 сом 70 тиын.
- 4). Қара құнажын бұзауымен 60 сом 70 тиын.
- 5). Қоңыр наубас 41 сом 60 тиын.
- 6). Қызыл құнажын 46 сом 50 тиын.

Жылқыдан

- 1). Күрең бие құлынымен 168 сом.
- 2). Ақжал бие құлынымен 195 сом.
- 3). Сары бие құлынмен 162 сом.
- 4). Қара бие құлынымен 128 сом.
- 5). Жирен байтал 156 сом.

Тәркіленген мал-мүліктің жалпы пұлы 1 мың 8 жүз 50 сом 10 тиын. Соның ішінен қайық пұлына 4 сом берілген, айдап апаруына 6 сом 50 тиын, байлағанға 2 сомға жіп алынды, үш күн баққан адамға 1 лақ берілді. Барлық шығыны 12 сом 50 тиын, содан қалғаны 1 мың 8 жүз 37 сом 60 тиын.

Сатылмай қалған малдары: 2 өгіз, 2 байтал, 1 ат, 4 ескі туырлық, 2 мың бау беде, 2 қап зығыр, 3 там, 1 асхана, үсті төсек және тағы бір амбархана және бір там. Осы жоғарыдағы көрсетілген заттар сатылмай қалды. Бірақта осы сатылмай қалған малдарды жақын арада сатып, кассаға берер. Осы 41 ешкінің ішінен 3 лақ базар ішінен жоғалды. Көпшілік ішінен қайда кетенін білмейміз. 1 мың 8 жүз 37 сом ақшаны кассаға салу үшін Жолдыбай Мәтенұлына жолықсын деп, акті түзеледі.

Комиссия мүшелері:

- 1) Толымбекұлы, (қолы қойылған).
- 2) Мәтенұлы (қолы қойылған).
- 3) Нарбайұлы (қолы қойылған).[1]

Көтерілістің барысы, қорытындысы

Көтеріліс 1929 жылы 27 қыркүйекте Піскем ауылында басталды.

Бостандық көтерілісін ұйымдастыруда Т.Мұсабаев пен Ө.Майлыбаев белсенділік танытты.

Олар 1929 жылы тамызда Шатқал алқабында жасырынып жүрген басмашылар тобының басшысы И.Чаныбековпен астыртын байланыс орнатады.

Өз кезегінде И.Чаныбеков көтерілісшілерге қолдау көрсетті.

Көтеріліске 500-дей адам қатысты.

Әлеуметтік құрамы жөнінен бұлардың көбісі орташалар мен кедейлер болатын.

Бостандық көтерілісіне аудандағы 19 елді мекеннің 12-сі қатысты. Көтерілісшілер аудан орталығы Ходжикентті қарсылықсыз алғанымен, жазалаушы отрядтың келе жатқанын естіп шегінуге мәжбүр болды. Жазалаушы отрядпен алғашқы қақтығыста көтерілісшілер жағынан 8 адам өліп, 20-ға тарта адам тұтқынға алынды[2].

Бричмулла қышлағы түбінде болған шайқаста көтерілісшілерге И.Чаныбековтің басмашылар тобы көмекке келді. Шайқас екі сағатқа созылды. Көтерілісшілерден 50-ге тарта адам қаза тапты. Аман қалған көтерілісшілер И. Чаныбековпен бірге Көксу бағытына қашып, жасырынды. Алайда көтеріліске қатысушылар ОГПУ -дің тынбай іздестіруінің нәтижесінде көп кешікпей түгелдей тұтқындалды.

Көтеріліс кеңес билігі тарапына басып-жаншылғаннан кейін көтеріліске қатысқан шаруалар РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 - бабының бірнеше тармақтары бойынша сотталды.

-РСФСР ҚК 58-бабы, 2-тармағы «Қарулы көтеріліс», 58-бап, 8-тармақ «Терроризм», 58-бап, 10-тармақ «Кеңеске қарсы үгіт және насихат» бойынша айыпталып сотталғандар:

1.Акулов Мулла Джамал 48 жаста, тәжік, дихан.

2.Султанов Мансур 51 жаста, тәжік, имам

РСФСР ҚК 58-бабы, 2-тармағы «Қарулы көтеріліс», 58-бап, 10-тармақ «Кеңеске қарсы үгіт және насихат» бойынша айыпталып сотталғандар:

1. Ша-Азимов Ша-Ақпар 58 жаста, тәжік, дихан.

РСФСР ҚК 58-бабы, 2-тармағы «Қарулы көтеріліс», 58-бап, 8-тармақ «Терроризм» бойынша айыпталып сотталғандар:

1.Адинаев Абдукагар 70 жаста, тәжік, дихан.

2.Мусабаев Наджметдин 37 жаста, тәжік.

3.Саитов Тойчи 30 жаста, тәжік, дихан.

РСФСР ҚК 58-бабы, 2-тармағы «Қарулы көтеріліс» бойынша айыпталып сотталғандар:

1.Хаитбаев Мулла-Ураз 58 жаста, қырғыз, дихан.

2.Нанаев Юлдаш 53 жаста, 18 жанды асыраушы.

3.Джиянбаев Сайфутдин 44 жаста, тәжік, саудагер.

4.Усманбеков Кенжибай 45 жаста қырғыз, дихан.

5.Юлчиев Ергеш 30 жаста, тәжік, дихан.

6.Мир Халимов Икрам 32 жаста, тәжік, дихан.

7.Хаитов Исай 34 жаста, тәжік, дихан.

8.Мадмуратов Ширмат 32 жаста, тәжік, дихан.

9.Алшынбаев Дүйсен 38 жаста, қазақ, дихан.

10.Джанзаков Ширмат 38 жаста, қазақ, дихан.

11.Жаңабаев Чемурбай 53 жаста, қазақ, дихан.

12.Кариев Мирзадаулет 39 жаста, тәжік, дихан.

13.Абдумаликов Абдуманап 31 жаста, тәжік, жұмысшы.

14.Сайбов Абкар 40 жаста, тәжік, дихан.

15.Мама-Юсупов Мама-Юнус 35 жаста, тәжік, дихан.

16.Касымов Юлчи 44 жаста, тәжік, дихан.

17.Мама-Расулов Ша-Мамут 35 жаста, тәжік, дихан.

18.Мирзаев Зиятдин 46 жаста, тәжік, дихан.

19.Саржанов Касан 42 жаста, өзбек, дихан.

20.Дадабаев Арий 28 жаста, өзбек, дихан.

21.Нигмажанов Махмуджан 25 жаста, тәжік, дихан.

22.Ниязбеков Абдулла 36 жаста, тәжік, дихан.

23.Ниязкараев Ташмат 48 жаста, тәжік, дихан.

24.Четкараев Тойлыбай 31 жаста, қырғыз, дихан.

25.Ганиев Абляс 35 жаста, татар, қызмет көрсетеді.

26.Мирзаахмедов Махмут 37 жаста, өзбек, дихан[3].

Сырдарья округі Бостандық ауданындағы көтеріліс қатысушылары құрамы жағынан көп ұлтты болғанын байқаймыз.Бұдан шығатын қорытынды Кеңестік диктатураның зорлықшыл әрекеттеріне қарсылық толқыны ұлт таңдамай жалпы халыққа бірдей түскен ауыртпалыққа төзе алмаудан туындаған қарсыласу қозғалысы болғаны.Көтерілісшілердің тіпті басмашылармен одаққа барып қолдау алғанының өзі де сол кездегі тоталитарлық жүйенің езгісінің қаншалықты қарапайым халыққа

таңдау қалдырмағанын көрсетеді.

Бостандық көтерілісінің қорыта келгенде қуғын-сүргінге ұшырағандарды толық ақтауға тікелей қатысты материалдар Өзбекстан мұрағаттарында көптеп кездеседі. Ол тек Бостандық көтерілісі ғана емес, күштеп ұжымдастыру кезінде амалсыздан 3.436 қожалық, 187.909 бас малымен Өзбекстанға босып кетті. Егер әр отбасыда орташа есеппен 7 адамнан деп есептейтін болсақ, 24,052 адамның тағдыры бізге белгісіз[4]. Ал оның жауабы Өзбекстан архивінде. Алайда, он жылдан асты Қазақстан азаматтарының Өзбекстан мұрағаттарына кіруіне тиым салынған. Осы проблеманы қазіргі екі ел арасындағы байланыстың қайта жаңғыру жағдайында үкімет немесе мемлекет деңгейінде келешекте шешіп беріледі деген ойдамыз.

#### **Пайданылған деректер мен әдебиеттер**

1. Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві. Қор - 2, тізбе - 1, іс-20, парақ-3.
2. Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві.Қор-3, тізбе-1, іс-13, 1-8 парақ
3. Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві.Қор-3, тізбе-1, іс-13, 9-14 парақ
4. Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві.Қор-3, тізбе-1, іс-13, 9-14 парақ

#### **Батырбекқызы Г.**

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, PhD

#### **СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ҚАСІРЕТІ**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1997 жылы Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялады. Осыған орай тарихымыздың көленке беттері қайтадан ашылып, елеусіз, ескерусіз келген халқымыздың біртуар азаматтарының көптеген еңбектері жөнінде біле бастадық. Олардың еңбектері көп зерттеуді қажет етеді. Ал біздің шарықтап көкке желбіреткен еліміздің тарихы тереңде жатыр. Тарихқа үңілмей, болашаққа жол тарту мүмкін емес. Қазіргі осы күнге жету үшін қандай бұралаңдаған жолдар өткенін білу жас ұрпақтың міндеті деп білеміз [1, 135 б].

2020 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Осыған орай Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік республикалық өңірлік комиссиялары құрылды. Бұл дегеніміз тарихи әділдікті қалпына келтіру ісіндегі еліміздің кезекті нақты қадамы. Сол жылдардағы қуғын-сүргін кезіндегі істердің бұқаралығы, жабықтығы, құпиялығы өкінішке орай, еліміздің тарихында көптеген ақтамақ қалдырды [2].

Қазақ халқының тарихында еліміздің, ұлтымыздың болашағы үшін күресіп, барынша тер төккен азаматтарымыз аз болмады. Дегенмен, ұлтының көсегесін көгертпек болған арыстардың есімі сол кездегі сұрқия саясаттың ықпалымен ұзақ жылдар бойы тасада қалып келді. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда колхоздық қозғалыс қарқынды дамып, партия ұжымдастыруды жүзеге асыруға жұмысшыларды тарта бастады. Ұжымдастыруға күмәнданғандардың барлығын ретсіз «подкулачники» деп атады [3].

Ұжымдастыру идеясы ең қатыгез тотальды террормен пара-пар болды. Ұжымдастыру жергілікті тұрғындардың жағдайларын ескерместен мәжбүр етіліп, қазақтың ежелгі өмір салтын бұзды. Бірқатар облыстардан шаруалар Иран мен Ауғанстанға қоныс аударды.

1929 жылы алғашқы машина-трактор станциялары (МТС) құрылды. 1931 жылдың күзіне қарай еріктілік пен материалдық қызығушылық қағидаларын бұза отырып, шаруашылықтардың 65% -ы ұжымдастырылды.

1930-1932 жылдары республикада аштық басталды, ол тарихқа «ұлы жұт», халықтың ең үлкен трагедиясы ретінде енді. 6,2 миллион қазақтың 2,1 миллионы өлді, ал 1933 жылға қарай 40,5 миллион ірі қара малының 4,5 миллионы қалды. Ұжымдастыру кезінде миллионнан астам қазақ қоныс аударды. Аштықтан қайтыс болған жергілікті халықтың саны 40 жылдан кейін қалпына келтірілді [4].

1929-1931 жылдары Қазақстанда қарулы көтерілістер толқыны болды. 80 мыңға жуық адам қатысқан 372 көтеріліс болды. Осы толқулардың нәтижесінде тек 1931 жылы Қазақстаннан шамамен



281 230 шаруа қожалықтары кетті, көтерілістердің 5551 қатысушысы Кеңес өкіметіне қарсы сөйлегені үшін сотталды. Оның 883-і атылды.

Сондай көтерілістердің бірі – 30-жылдардың басындағы Созақ көтерілісі. Ол сол кездегі дереккөздер бойынша «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс» деп сипатталды. Созақтағы оқиғаларды 1920-1929 жылдары Қазақстан тарихында болған ұжымдастыру, мүлікті тәркілеу, аштық, отырықшы өмірге көшу мәселелерімен ажырамас байланыста қарау керек. Осы немесе басқа түрлендірулерді революциялық жолмен жүзеге асыру қарапайым халықтың наразылығын туғызбай қоймады. Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұловтың И.В.Сталинге жазған хатынан, күштеп ұжымдастыру дәстүрлі көшпенділер қоғамының бірқатар ережелерін бұзғанын, оны елемеу халықтың наразылығының өсуіне және көтерілуіне алып келгенін аңғарамыз [5].

Бірақ мемлекеттік саяси басқару (МСБ) офицерлерінің бірі өзінің «жоғары» жаққа жазған баяндамасында мынандай қорытындыға келеді:

Ұжымдастыру кезіндегі шамадан тыс мәжбүрлеу және сонымен бірге колхоздарды әлсіз басқару наразылық білдірушілердің жігерлі іс-әрекеттеріне әкеп соқтырды. Партияның халықтан оқшаулануы, большевиктер үшін күтпеген көтерілісшілер рейдіне әкеп тіреді. Аса маңызды уақытта қорқақтың танытқан аудандық партия қызметкерлерінің қашып кетуі [6].

Оқшауланған наразылықтардан басталып, наразылық біртіндеп жаппай үлкен масштабқа ие болды. Онда бүлікшілер: колхоз дамуын тоқтатуды; кеңестерден бас тартуды; теологиялық оқу орындарын қайтаратын жаңа мектептерді жабуды; комсомолды «атеистер ұйымы ретінде» таратуды; Орталық Азиядағы билікке тек мұсылмандарды ғана қабылдауды талап ете бастады [7].

1930 жылдың ақпан айының басында Созақта антисоветтік көтеріліс орын алды. Биліктің 1930 жылы мұсылмандардың қасиетті Рамазан айында діни жораларды жасаған адамдарға қарсы жазалар қолдануы – туындаған наразылықтың бірден-бір себебі болды. Ақпан айында Созаққа жақын Сарт-Сауранбай аймағында 400-ге жуық адам жиналды. Бұл жиында бұрын болыс болып қызмет еткен Сұлтанбек Шолақұлы бірауыздан «хан» болып сайланып, оның басшылығымен бүлікшілердің алғашқы отрядтары құрылды. Олар «Кеңес өкіметі құласын!», «Хан билігі жасасын!», «Жасасын қазақ үкіметі!» деген ұрандарды алға тартты. Кейіннен Созақ көтерілісінің ауданы Түркістаннан Жаңақорғанға дейінгі Сырдария белдеуін қамтыды. Көтерілісшілер жергілікті полицияны қарусыздандырып, мемлекеттік қызметкерлер мен белсенділерді өлтірді [8].

Көтерілісті басу үшін жақын Ташкенттен жалпы күші 225-ке дейінгі бірнеше әскерлендірілген топтар көшірілді. Жазалау бөлімшелерінің саны жақын елді мекендерден коммунарлар отрядтарымен толықтырылды. Көтерілісшілер мен жазалаушы отряд арасындағы алғашқы қақтығыс 1930 жылы 12 ақпанда Созақ қаласының маңында болды. Исаев басқарған Шымкент коммунистік отряды көтерілісшілерден жеңілді. 13 ақпанда Никитенко басқарған ОГПУ отряды зеңбіректер мен пулеметтерден оқ атқаннан кейін Созаққа кірді. Көтерілісшілер Шолақорған ауылына шегінді. 16 ақпанда Созақ аймағында көтерілісшілер мен біріккен мемлекеттік саяси әкімшілік (БМСӘ) әскерлері арасындағы төрт сағаттық шайқас нәтижесінде 400-ге жуық көтерілісшілер қаза тапты, соның ішінде хан Сұлтанбек те бар. 200-ден астам адам тұтқынға алынды. Қалған көтерілісшілер солтүстіктен Шу өзенінің батпақты төменгі ағысына қарай қашты [9].

126 көтерілісші Созақ ауданында болған көтерілісте, 16 ақпандағы Созақ қыстағы үшін шайқаста 200 белсенді атылып, 389 адам тұтқындалды. Шайқас кезінде хан және оның қостаушысы болған орталығы талқандалды. Тарихи дерек бойынша, Созақ операциясының нәтижесінде 290 ат, 20 түйе, 150-дей оқ-дәрімен атылатын қару, 100 шақты қару қолға түскен.

Жазалау операцияларын Қазақстан БМСӘ-нің бастығы А.Р. Ольшанский басқарды. Коммунарлардың отрядтары Ольшанскийдің нұсқауымен Созақ көтерілісіне қатысқан сотсыз және тергеусіз күдікке алынған, тіпті жазықсыз адамдарды атып тастады. Көтерілісшілер сол жылдың көктемінде жеңіліске ұшырады. Көтерілістің идеологы ирандық Ассадулла Сафар 1930 жылы 3 наурызда Алматыдағы БМСӘ комендатурасында атылды. Большевиктерден қашып құтылған кей көтерілісшілер Басмачи отрядтарын құра бастады. Олардың кейбіреулері мезгіл-мезгіл Кеңес өкіметімен күресуге тырысып, 1931 жылы ғана толығымен жойылды. Көтерілістің басқа қатысушыларын қудалау 1938 жылға дейін жалғасты [10].

Жазушылар одағының мүшесі Өтеш Қырғызбаевтың еңбегіндегі мәлімет бойынша, 1928 жылы 3 қыркүйекте Қазақ Халық комиссарлар кеңесінің «Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» қаулысымен Созақ ауданы құрылған. Тарихи деректер бойынша, бұрын Сырдария губерниясының Түркістан уезінің құрамында болған алты болыс елде сол жылы үйдің саны 12 мыңнан асқан, халықтың қолында бір миллионға жуық мал болған.

1928 жылы қарашада БКП(б) Орталық комитетінің пленумында күн тәртібіне шаруаларды еріксіз ұжымдастыру мәселесі қойылып, бұл туралы арнайы қаулы да қабылданады. Қазақ өлкелік партия комитетіне 1925-1931 жылдары жетекшілік еткен Голощекин елді мейлінше қысқа мерзімде отырықшылыққа көшіруді бұйырады [11].

Жаппай ұжымдастыру ісіндегі бұрмалау Созаққа да жетеді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деп ұрандатқандар ұжымдастырудың принципін бұзып, халықтың сауын және ұсақ малын жинап алып, ортақтастыруға салған. Сөйтіп Созақ аудандық партия комитетінің пленумы шақырылып, колхоздастыру міндеті талқыланады [12].

Ұжымдастыру бейбіт елді кедейлікке ұшыратады. Ауыл шаруашылығына байланысты салықты төлей алмаған халықтың мал-мүлкі тәркіленіп, түрмеге қамала бастайды. Жазықсыз қамалғандарды босату туралы халықтың өтініші билік тарапынан қараусыз қалады. Одан бөлек, мал-мүлкі жоқ кедейлерге жүн және астық салығы салынады. Созақ көтерілісіне 1930 жылы барлығы 5 мыңдай адам қатысқан. Сол уақыттағы деректер бойынша, бұл оқиғалар «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс» ретінде сипатталған екен. Кейінірек Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатында мынадай жайт атап көрсетіледі: күштеп ұжымдастыру дәстүрлі көшпелі қоғамның бірқатар ережесін бұзумен қатар жүргізілген. Өмір салтын қорлау қоғамдық наразылық пен қарсылықтың өсуіне әсер еткен [13].

1930 жылдың ақпанында 400-дей адам Сарт Сауранбай деген жерде жиналып, совет өкіметіне қарсы күресуге шешім қабылдайды. Жиналған жұрт «Совет өкіметі жойылсын!», «Хан билігі жасасын!», «Қазақ үкіметі жасасын!» деп ұрандатады. Халық болыс қызметін атқарушы ретінде Сұлтанбек Шолақұлын таңдайды. Оны ақ киізге көтеріп, хан сайлайды. Сөйтіп хан өз басшылығымен көтерілісшілердің алғашқы жасақтарын құрады [14].

Көтеріліс Сырдың бойындағы Түркістаннан Жаңақорғанға дейінгі аумақты қамтыған. Көтерілісті басу үшін Ташкенттен жалпы саны 225 адам, бірнеше әскерленген топ жіберіледі. Жазалаушы жасақтың қатары жуырдағы елді мекендердегі коммунарлар отрядымен толыққан. Көтерілісшілер мен Біріккен мемлекеттік саяси әкімшілік отрядтарының арасындағы алғашқы қақтығыс 1930 жылы 12 ақпанда Созақ маңында болған. Шайқас екі жаққа да жеңіс әкелмейді. Себебі көтерілісшілер қару-жарағының нашарлығына байланысты шегінуге мәжбүр болды. Бірнеше топқа бөлінген көтерілісшілердің бір тобы Ташкент бағытына, басқасы Шолаққорған арқылы Шуға беттейді [15].

Көтерілісшілер Шолаққорғанға қарай шегінгеннен кейін №6 ауылда Никитенконың жасағы оларды тоқтатты. 15-16 ақпанда көтерілісшілер ауданына Журавлев пен Логачев жасағы келіп жетті. Ұрыс көтерілісшілердің жеңілуімен аяқталды. Сұлтанбек хан өлтіріліп, 200-ге жуық адам тұтқынға алынып, 400-ге жуық шаруа қаза болған [16].

Ал, Өтеш Қырғызбаевтың еңбегіндегі мәлімет бойынша, шешуші шайқас Созақтың «Жаңа базар» төңірегінде өткен. Мұздай қаруланған қызыл отрядтың соңғы тобын жан-жақтан қоршап алып, көзін жояды. Осы қырғын шайқаста көтеріліс басшыларының барлығы оққа ұшады. Басшысынан айырылған жасақ қарсы тұра алмай, тізе бүгеді. Созақ ауданында болған көтерілісте 126 көтерілісші, 16 ақпандағы Созақ қыстағы үшін шайқаста 200 белсенді атылып, 389 адам тұтқындалды. Шайқас барысында хан және оның ұйытқысы болған орталығы талқандалды. Тарихи дерек бойынша, Созақ операциясының нәтижесінде 290 ат, 20 түйе, 150-дей оқ-дәрімен атылатын қару, 100 шақты қару қолға түскен [17].

Жазалау операцияларын Қазақстан Біріккен мемлекеттік саяси әкімшілік басшысы Ольшанский басқарған екен. Оның нұсқауы бойынша коммунарлар отряды Созақ көтерілісіне қатысы жөнінде сол күдік тудырған жазықсыз адамдарды сотсыз және еш тергеусіз атқан. Көтерілісшілер сол жылдың көктемінде талқандалып, ал көтеріліске қатысушыларды құғындау 1938 жылға шейін жалғасқан. Қазақстанда 1929-1931 жылдары Совет өкіметіне қарсы ұйымдастырылған 300-дей көтерілістің ірілерінің бірі – 1930 жылғы Созақ көтерілісіне биыл 92 жыл толды. «Байлар мен діндарлардың билікке қарсы қарулы көтерілісі» деп бағаланған осы толқу әлі күнге дейін саяси бағасын алған жоқ» дейді зерттеушілер [18].

1928 жылдың тамызында Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің «Ауқатты байлардың мал-мүлкін тәркілеп, жер аудару» жөніндегі қаулысы шыққаннан кейін Қазақ өлкелік партия комитетін басқарған Филипп Голощекин елді неғұрлым қысқа мерзім ішінде отырықшылыққа көшіруді бұйырды. «Орталық биліктің жергілікті белсенділері халықтың қолындағы соңғы сауын малына дейін сыпырып алып, түрлі салықтармен халықты мезі қылды, елдің ішерге асы қалмады. Ал «колхозға бірікпейміз» дегендерді белсенділер қамап тастады» дейді зерттеушілер [19].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков «Созақ көтерілісіне жергілікті белсенділердің жасы келген адамдарды апанға салып, қыс айларының қар-аралас жаңбыры кезінде азаптауы түрткі болған» дейді: Егер де 1930 жылдың басында орта шаруалардың үлкен тобын бай-құлақ деп айыптап, Созақ пен Шолаққорғанның жанында қазылған апанға салмаса, бұл көтеріліс басталмайтын еді. Сұлтанбек Шалақұлы бастаған жігіттер ашық аспан астында ауыр жағдайда отырған осы аталарын босатып аламыз деп сылтау ғып келген, – дейді Т.Омарбеков.

Созақ көтерілісін зерттеген тарихшының айтуынша, 1930 жылдың ақпанында әр ауылдың наразы жұрты жиналып, атқа мінерлері бас қосып, қолдарына қару алған. Халық Сұлтанбек Шалақұлын хан көтеріп, көтеріліске жетекші етіп сайлады. Көтерілісшілер ақпанның 7-сі күні таңертең өздеріне қорлық көрсеткен белсенділерді ұстап алып, оларды көпшілік алдында сабап өлтіреді. Созақ абақтысында жатқандарды босатады. Наразы жұрт балта, айыр, орақпен қаруланып, камбалар мен дүкендердегі азық-түлікті тонап, жұртқа таратып жібереді. Аудандық атқару комитетінің кеңселері өртеліп, байлар тізімі жойылады [20].

Т.Омарбеков көтерілісшілердің аудандағы 20 шақты басшы, белсенді мен комсомол өкілдерін жазалап, Маркс пен Лениннің суреттерін көшеге шығарып өртегенін айта келе: – Міне, бұл – шынында да кеңестік жүйеге қарсы ашықтан-ашық болған, айқын түрдегі ұлт-азаттық көтеріліс, үлкен көтеріліс, – дейді. Оның айтуынша, Сұлтанбек Шалақұлы бастаған жасақ 2 мың адамнан асқан. Бірақ көп ұзамай зеңбірекпен қаруланған жазалау отрядтары келіп, шоқпар, мылтықпен қаруланған бас көтерілісшілерді қоршап алып, қырып салған [21].

Осы оқиғаны зерттеп, «Созақ көтерілісі» деген кітап жазған жазушы Өтеш Қырғызбаевтың айтуынша, «Созақ көтерілісіне басшы болған Сұлтанбек Шалақұлының 1930 жылы ақпандағы шайқаста қызыл әскер қоршауында қаза тапқаны айтылғанымен, оның сүйегін көрген немесе өлімін растайтын ешкім табылмады». Зерттеушінің сөзіне қарағанда, Созақ көтерілісінде мергендігімен аты шыққан Салықбай Аралбайұлы көтерілістен кейін 10 жылға сотталған. Беломор каналының құрылысында үлгілі еңбегі үшін орден тағып, елге оралған Салықбайды жерлестері «халық жауы» деп билікке ұстап беріп, атқызып тастаған екен [22].

Талас Омарбеков «ресми деректерде Созақ көтерілісінде 400-ден астам адамның қаза тапқаны айтылады» дейді. Осы оқиғаны зерттеушілердің бірі Өтеш Қырғызбаевтың сөзінше, «бұл көтеріліс кемінде 2 мың адамның өмірін қиған». Алғашқы кезде 500 сарбазды атып өлтіргені, кейін тағы 400-ін табан астында атқаны бар, негізі үлкен қырғын болған. Елге санын азайтып көрсеткен тарихи деректерді ғана берген. Созақ көтерілісінен кейін көп адам тау асып, құм басып, көрші елдерге үдере көшкен, сол кезде көбісі жолда қырылған. 1928 жылы өз алдына аудан болып құрылған Созақта 12 мыңға жуық отбасы, 1 миллионға жуық ұсақ мал болған екен. «Көтерілістен кейін Созақ ауданында халықтың үштен бірі ғана қалды» дейді тарихшылар.

### Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 б.
2. Токаев К.К. О государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий. Указ Президента РК от 24 ноября 2020 года №456 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000456> (қаралым күні: 25.06.2022).
3. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы: Университет «Туран». – 1997. – 360 с.
4. Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы, «Арыс»-Казахстан. 1998. – 428 с.
5. Алимгазинов К. Воспоминания как идеологический инструмент советского строительства в Казахстане в 1920-1930-е гг. / К.Алимгазинов // Қазақ тарихы. – 2018. – №4. – 46-48 б.
6. Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы). Алматы, ОО «OST- XXI век». 2009. 424 с.
7. Байкадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қозғалысы (1928–1932 жылдар): дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2001. 150 б.
8. Боранбай Ж. Созақ көтеріліс. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Алматы: Астана полиграфия, 2011. Т.21. 336 с.
9. ГАОПИТО. Ф.3. Оп.1. Д.15. Л.12.
10. ГАОПИТО. Ф.3. Оп.1. Д.17. Л.7.
11. История Казахстана: с древнейших времен до наших дней // В 5 т. – Алматы: Атамұра. – 2000. -Т.3. – 766 с.

12. Қозыбаев М. Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски. - Алматы, 2000. – 417 с.
13. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
14. Кыргызбаев О. Созақ көтерілісі (деректер, естеліктер). Алматы: Арқас. – 2003. – 148 с.
15. Кыргызбаев О. Созакская трагедия. Сугир куйши. Алматы, 2021. – 576 с.
16. Маймақов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы межелеу). – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2005. – 208 б.
17. Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: Арыс, 2018. – 480 б.
18. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат. – 1997. – 320 б.
19. Омарбеков Т. Зобалаң: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-1931 жылдары болған халық наразылығы). - Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
20. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: көмекші оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.
21. Омарбеков Т. XX Ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы: Қазақпарат, 2001. 404 б.
22. Pianciola N., Zharassov A. Elusive Rebels: Researching the Uprisings on the Eve of the Great Famine in Kazakhstan (1929–1931) // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Сер.: Историческая. 2020. № 2 (97). С. 34-43.

**Есенгельдиева С.М.,**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.  
Қазақстан Республикасы.

### **САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ ҒАҒДЫРЫ**

Өткен тарихтың қойнауынан орын алған, азалы кезеңдердің бірі тоталитарлық жүйенің қатігездігін үнемі еске салып тұратын саяси қуғын-сүргін - елдің аяулы азаматтарының берекелі шаңырағын шайқады-ау келіп. Шындыққа шынайы көзқараспен қарап, ақиқатқа құмтылудан ұртық қандай жақсы қасиет бар? Шындық ішқырап, құлағындағы даусы естіліп жатса да жтроцкишіл, жапонның, ағылшынның, немістің «ыңшысы» деп қалық жауы атанған талай-талай азамат ійдауға і түрмеге жөнелтіліп жатты. Ана - бауыр еті баласынан, ийел – өмірлік тірегі жолдасынан, бала – ата-анасының қамқорлығынсыз қалды. Әй-шайға қарамастан «халық жауы» атанып ұсталғандардың отбасы мүшелері, туған-туыстардың қамауға алынуы жығылған үстіне жұдырық болды. Сәбилердің шат-шадыман күлкісі естіліп жататын базарлы үй мазарға айналды. Күпия архивтегі құжаттарда мыңдаған адамдардың аялқыға түскен ғағдыры жатыр.

31 мамыр тар жолда байғақ кешіп, ұлтының қамы үшін азар да безер болып, мұз шайнап, от кешкен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл жайында 2020 жылы мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссия құруға бұйрық беріп, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы жарлық шығарды. Қатал да қасіретке жолы бұл күн өткенді еске түсіріп, көзге жас шиырлатады. Ұлы ерорлық өрекет қазақ баласын аямай борға жығып, ітірлей ікүздан итерді. Елім деп жемешегі мүзілген қазақ интеллегенциясының бетке ұстарлары: А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, О. Жандосов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев. С. Асфендияров... суық қарудың көзіне ілінді. Саяси қуғын-сүргін және шаршылық құрбандарын еске алу күні елімізде жыл сайын аталып келеді. 1937-1938 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер азиялысының көпшілігі қуғын-сүргін құрбанына айналды. Сол кездегі қатігез аяасат нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес жақындары да жапа шекті. Верттеушілер деректеріне сүйенсек, осы кезең аралығында Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Сол жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және аяасат баласының азиялы қауым өкілдері ұтылған. Жалпы, 1930-1953 жылдар аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған. Қазақстан аумағында ұрналасқан лагерлерге жорейлер, жоляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ жалықтары және басқа да ұлт өкілдері жоныс ұударған.

Облыстық партия ұйымының қызметі Сталиннің жеке басқа табыну аяасаты ықпалымен жүріп жатты. Сталиннің Кеңес қоғамының социализмге қарай қадам басқан жайын таптық жүрес барынша і шиеленісе түседі деген қате іікірі ақыры негізсіз жаппай қуғын-сүргінге өкеп жоқтырды. Жалық

жауларын іздеу партия қатарынан басталды. Ол саяси жұмысқа үлкен риян желтірді. Саяси қағдай мынаны айқын көрсетті. Облыстық партия конференциясында Сталиннің нұсқауында көрсетілгендей коммунистер арасындағы қалық жауларын анықтау мәселелеріне басты назар аударылғаны егін емес. Конференцияға дайындық барысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының көптеген мүшелері «халық жауы» деп танылды [2, 24-28б.б].

Сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшырағандардың бірі -Күләндәм. Өмірдің небір бөлес-белдерін артта қалдырды, азабы мол көк жайғақ жұмыр кешті. Көкірегінді қайғы шалып, қасіретке толы шерменде болған өмір ертегі сияқты бұл күні. Жүдеулі шақтарды іске алғанда о дүниеге аттанып кеткендердің аты-жөні де айға орала береді. Солармен бірге өткізген күндер, айлар жылдар санаға мұң бекеліп, ой тұңғыығына жетелейді. Күләндәм паның айтуы бойынша Сұлтанбекті қаңертең ұстауға адамдар келген екен. Анасының естелігін қызы Зипа Қожанова қалғастырып кетіп, әкемді ұстап алып кете балысымен Ақмал Икрамовтың үйіне асықтым. Келсем ол кісі жұмысқа жиналып жатыр екен. Болған оқиғаны бастан-аяқ айтып бердім.

- Жоқ, мүмкін емес, Сұлтанбекті ұстау заңсыздық, - деп мені жұбатты. Іле-шала Ақмал Икрамовты да, Дайзолла Қоджаевты да ұстағанын естігенде бәрімізді қорқыныш ұйірді. Бір айдан кейін Икрамовтың, Қоджаевтың балаларын және мені Шілдің алдында «халық жауының» балалары деп мойынымыздан талстүгімізді шешіп алды. Пионерді пионерден, жомсомолды жомсомол мүшелігінен шығарды. Бізге сенімсіздік көрсетілді. «Халық жауының» балалары деген таңба бізге қаншама кесірін тигізді. [3, 8-9б.б]

Екі айдан кейін өзімді тұтқындады. Әйтеуір ауыс туған бала-шағаны алып кетті. Өзімдей әйелдер, еңіресе етегі қасқа жолады. Әйтеуір қырық аулы қалық. Біреулері қомырауындағы балаларымен келген. Әсіресе бір өзбек әй еліне қаным ашиды. Өзі жап-жас, үйде бес балам қалып еді деп жылап отырды. Сұлтанбек - менің он тоғыз қасымнан ісерігім болған қалтын іесім. Жастайымыздан бір-бірімізді қнаттық. Әке-шешеміз бізді қалың мал алып айттырған жоқ. Дегенмен қазақтың қаза жолын ұстап әке-шешеміздің рұқсатымен жосылдық. Есімін ел білмейді, сол жиын. Ал тарихта аның аты-жөні бар. Соны маңгілік қөндірушілер болды ма білмеймін, кейінгі кезге дейін Сұлтанбек туралы ешкім бір ауыз жақсы ітебіз білдіре алмады. Өткен тарихқа ісүйеніп, жөн-жосықсыз ікір айтатындар болды-ау! Ең болмаса бір адам нақтылап жазса екен деп жүргенімде жазушы Бейбіт Қойшыбаев Сұлтанбек туралы өңгіме қозғай бастады. Асылы өткен тарихты қаза бастаған адамдардың ішінде Сұлтанбектің есімін ауызына алған ол ікігітке ішім жылып қалды, - деген еді Күләндәм апай қемсеңдей қөңілі босап.

1937-жылдың арасында Мәскеудегі бір үлкен жиналыста, үзіліс кезінде Иосиф Виссарионович Сталин Сұлтанбекке:

-Қалай, Шыңғысқан, Өзбекстанға білігінді жүргізіп жатырсың ба? - дейді. Сол ісәтте Сұлтанбек жылып алғандай:

-Жолдас Сталин, қазірше Шыңғысқан сіз болып тұрсыз ғой, - депті. Қаһары қатты қөсем бар і сыры ішінде жеткендей сырт тұрылып жүре береді.

-Сталиннің қаһарына ілігетін шығармын деп Сұлтанбеккі ита беруші еді, - дейді Күләндәм апай арасын шайқап, өткен өмірге көз ікібергендей болды. [3, 9б]

Ал інді Дәмеш апай: Темірбек қолшыбай мені жұмысқа апарып бастамақ болып кеңсесіне кіріп жеткені сол еді, іле-шала бір бөгде адам келіп: «Сіз өзіңіз жүре бөреніз» - деді маған. НКВД-нің адамдары Темірбекті жұмыс арынан күтіп отыр екен. Қазір ашық айтылып жатқан, ал сол кезде қай түскендей ісер өтетін қиға еді. Содан ба, айге аралғанда Темірбектің қағаздарын қаттауға келген адамдардан не алғандарының ізімін де құрамаппын. Есімді қиғандағы ең алғаш өкінгенім - өріммен қоштаса да алмай қалғаным болды. «Не айтқысы келді екен? Кейінгі ұрпақтарға жеткізер манатын да қыңдай алмай қалдым-ау! Осы өкініш мені әлі күнге мазалайды. Кейін кездесу береді дегенді естіп НКВД-ге бардым. Бірақ қажет болар-ау деген ааттарды дайындаймын деп жүріп уақыттан бес минут кешігіппін. Соның ісылтауымен кездесе алмадым. Темірбекке жапсырындар деген қатымды өзер өткіздім. Ертеңіне жағы барсам, маған жауап бар екен. Хат шығар деп ісуана ішсам, екі айлық ақшасын алуға іенім білдірген қолхат екен. Әрі қараймын, бері қараймын басқа іштеңе жоқ. Ол ақшаны алуға бармадым. Бітті, сол Темірбегімнен айырылып іқалдым. Іле-шала өзімізді де тұтқындады. «Айыпталатынымды» Темірбектердің қказасы туралы іқабарды қоқыған ісәтте-ақ білгенмін. Қалалық «Социалды Алматы» газетінің версткасынан ққыдым. Қөшеде істіп, ісұлап қалмасын деп таныстарым беріп ікіберіпті. [3, 13б]

«Халық жауының» өйелі деп пәтерден қуды, 58-ші ітатьяның 17-тармағымен 8 жылға іесіп, соттап ікіберді. Түрме іолған өйелдер, тіпті кейбіреулерін іемшектегі балаларымен алып келген. Бәрімізді қайғының қара бұлты басып, зар өңірейміз. Ақыры атапқа алынып Ақмоладан бір-ақ

шықтық. Барған жерімізді «26-шы нүкте» дейді екен. Ұлы Отан соғысы басталысымен соғысқа алыңыз деп 100-ден аса ырыз жаздым. Мамандығым дәрігер. Мына лагерде жүргеннен көрі қан майданға араласып, әскерлерге қолдан келген көмегімді көрсеткім келеді. Амал не, жазған өтініштерімнің бәріне жауап ала алмадым. Үш жылдан астам Ақмолада болдым, одан соң мені Нижний Тагиль қаласының маңындағы лагерге ауыстырды. Мұнда да сол бйелдердің лагері. Ал мен көрген күндерімді жайтып жайтып жеткізсем екен?! Әсіресе өзімнен жетпейтіні Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза Рысқұлова емшектегі баласымен көрмегенді көрді. Көз жасы көл болған Әзизаға қабырғам жайысатын. Күні кеше қалқынның қамын бөкеп шапқылып жүретін Темірбегімнен бір айырылып, құлымнан бір айырылып, өзімнің айдалып жетуімді қалай амытайын. Сөйтіп 8 жыл көрмейтінді көріп, өстімегенді өстідік қой.

Қуғын-сүргінге ауыстырылғандардың бірі - Бибіжамал Шапайдың естелігіне тоқталайық. 1937-жылдың қазан айы Нығыметті ұстауға НКВД-нің бірнеше адамы келді. Әске Әкелей Л. И. Мирзоян араласты. «Нығыметті жау десендер бәріміз жау болғанмыз» деп Нығыметті НКВД-нің қолына бермей қарсыласқанынан не пайда, соңынан Мирзоянның өзін де ұстап кетті. 1939-жылы Қазақстаннан 19 адамды «халық жауы» деп атып жіберді. Соның ішінде менің күйеуім Нығымет Сырғабеков та бар еді. Дәл атылған күні мені де жамауға алды. Түрмеге, қазіргі МХК мекемесіне бірнеше рет кездесуге бардым. 58-статьяның 7-тармағымен «халық жауының әйелісің, қылмысқа қатысың бар» деп 8 жылға соттады да жіберді. Күні ертең өзімізді де ұстайтынын сезіп екі баламды, қызым Розаны Қызылжардағы ауыстарыма беріп жібердім. [3, 176]

Жазықсыз жапа еткен жандардың бірі Сақыпжамал. Ол кісі өзінің естелігін былайша еске алады. Қалай ірі қалғанбыз, қанша адам апат болып кетті десенші. Бұл рәңгімені жайтып жайтырған 1937-жылы Казкрайкомның баспасөз бөліміндегі меңгерушісі, республикалық «Лениншіл жас» газетінің редакторы Зарап Темірбековтың әйелі Назарова Сақыпжамал Шапай. Мескеуде кәсіподақтың пленумына қатысуға кеткен едім. Ананы ұстапты, мынаны ұстапты деген күңкіл сөз, кімге сенерінді білмейсің. Үйге түнделетіп Мәскеуден телефон шаламын. Зарапқа «басың ауырмай ма?» деймін. Бұл бәле-жаладан амансың ба дегенім. Себебі бүкіл ел бойынша бір бәле басталып еді, көлеңкемізден қорқамыз. Әзер дегенде пленум да бітті. Пойызбен Алматының вокзалына келсем, еш адам жоқ. Күтіп алып, шығарып алатын ығы-жығы баяғы қаптаған қалық жым-жылас, көрінбейді. Бұралқы иттер мен мысықтар босып жүр. Төбе шашым тік тұрды. Дереву такси қалдап алып, үйге келсем Зарап жоқ. Екі балам арлап қалған. Зарап бір бет қағазға: «Сақып, өнді үйде болмасын, «ана» жерге алып кететін шығар. Төрт күн бойы шақырып мазамды алып жатыр. Мені ұстайды. Әзіңе-өзің берік бол» деп жазып қалдырып кетіпті [3, 36 б].

Халық жауының әйелдері деп атанылған әрбір анаға алды 3 жыл, ерті 8 жылдан берсе, 1937-жылдан 1954- жылға дейін қаншама адамның тағдыры тәрк болғанын ойлаңыз. Қалпы 26-шы нүктеде қанша тұтқын әйел отырды деген сауалға лагердің бұрынғы басшылары нақты жауап бере алмады. Орта есеппен мұнда 22 мыңдай тұтқын әйелдер азап шеккені белгілі болып отыр. Қарапайым үй шаруасындағы әйелдерден бастап, ақын, жазушы, ғалым, өнші, биші, артист, режиссер, дәрігер, партия, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, стенографист, мұғалім, кішігірім мал дәрігерлеріне дейінгі әр қилы мамандық иелері қорлық көрген екен. Сол лагердің қазіргі кезде сұлбасы да жоқ.

Ал енді Күнжамал Шапайдың естеліктері: Бір жарым жасымда аманнан тірідей айрылып, бір жасымда өктемді ұстап алып кетіпті. Өктемді ұстап отып, шешемді лагерге жайдап жіберіпті. Ес білгенімде Балдықорған облысы, Сарқант ауданындағы балалар үйінде болдым. Әйтеуір жұлағыма біреудің: «сен Бейімбет Майлиннің қызысың» дегені өсімде қалыпты. Атымды Галия, Галя дейді бәрі. Бірақ фамилиямның Майлина болуына да шүбдәландым. Сарқанттағы балалар үйіндегі тәрбиеші әйелдер «жаудың қызы» деп нақтырып жіберетін.

Зұлматты 1936-1937-жылдардың мерзімді баспасөзіне назар аударар болсақ, екеке басқа табындың ардаптары көз-алдымызға бәз қалпында келе қалар еді. 1936 жылы тамызда «Троцкистік – зиновьешілік террористік орталыққа» қатысты сот процесі Н.И. Бухариннің отылуымен аяқталған еді. Бұдан кейін НКВД-нің «Үштік»-«төрттіктерінің» қолымен арталып, мөрімен белгіленген айыптау қорытындыларымен талай азамат оққа байланды. Репрессияның қара жауылы қазақ даласына да шаңдатып кетті. Ежов бастаған өзіміздің НКВД-сі қазалау шараларын қолдану жағынан инквизицияның шебір қорақылығын пайдалануда, күш қолдануда алдарына қан қалмады. НКВД қызметкерлерінің қан жауы мен нан тауып жеуі Әкелей Әздері қасаған қатыгездіктеріне байланысты болды. 1937-жылы 23 қаңтарда Москвада Пятаков, Сокольников, Редеке т.б байырғы большевиктерге сот процесі аңғаза жүрде жүргізілді. 1937-жылдың 23 ақпан мен 15-наурыз аралығында өткен Орталық партия Комитетінің Пленумы «халық жауларын» өшкерелеуге арналды. Қ

10. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. «Карлаг» - Алматы, 1997. С.65-84.

**Ахметжанұлы Е.**

М.Қозыбаев атындағы СҚУ магистранты. Қазақстан Республикасы

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ**

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі – егемен республиканың жаңа тарихындағы ажарлақ оқиға. Тұлғаның бостандығы мен құқығы қазіргі қоғамның өшпес құндылығы болып саналады. Мемлекеттің тәуелсіздікке жету жолы қаншалықты ауыр әрі ұзақ болғанның көзі қарақты қауым жақсы түсінеді. Қазақстандық тарихнамада Кеңес Одағы кезінде Елімізде орын алған қуғын-сүргін тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыру үдерісі қалыптасқан. Тарихшы Ю. Романов қуғын-сүргін тарихын 3 кезеңге бөліп, бастапқы кезеңге 1920-1936 жылдар аралығын жатқызып, онда 16-18% қазақ – орыс шаруалары, зиялы қауым өкілдері қудаланды десе, ал екінші 1937-1938 жылдар аралығындағы кезеңде қуғын-сүргін ең биік шегіне жетті, бұл кезеңде қоғам азаматтарының 50-55%-ы зұлымат тырнағына ілінді деп көрсетіледі. Үшінші кезеңге ұлы отан соғысынан бастап 1987 жылға дейінгі аралықты жатқызып, бұл жылдарда 30 - 33% адамдар қуғынға ұшырағанын атап өтеді. Сондай ақ, бұл кезеңдерге қуғын – сүргінге Қазақстанды мекендеген 80 –нен астам ұлт өкілдерінің ұшырағанын атай отырып, оларды пайызға шағып көрсетеді. Мәселен, 35 – 40% қазақтар мен орыстар, 10% немістер, 6- 7% украиндар, 2% поляктар, 1,5% еврей халқы, 1% дан төмен белорус, балқар, қарашай және армян халықтары қуғын-сүргін құрбандарына айналған.

Тарихшы ғалым К.Нұрпейіс қуғын-сүргін тарихын алты кезеңге бөлген: 1 кезең – 1917 -1920 жылдар аралығы, 2 кезең -1920 жылдардың екінші жартысы, 3 кезең – 30 жылдардың басы, 4 кезең - 1937 – 1945 жылдар аралығы, 5 кезең- 40 жылдардың екінші жартысы мен 50 жылдар 6 кезең 1986 жыл [1, 13 б].

XX ғасырдың отызыншы жылдарының екінші жартысы «халық жауларына» қарсы Сталиндік қуғын – сүргін саясатының ұлғайып, өзінің шарықтау шегіне жеткен кезі еді. Барлығынан қауіптену, негізсіз айыптау, үстірт шешім қабылдау, көпшілік алдында аяусыз әшкерелеу сол кездегі шолақ белсенділердің іс әрекеті партияның темір саясаты еді. Олар жалған айып тағудың, абақтыға

отырғызудың жеңіл әдісі жапон, неміс, тыңшыларының агенті депайып тағу жаппай жайылып күшейді. Болмаса әлде біреулерін Алаш-Орда партиясының құрамында, контрреволюциялық ұйымдарға қатысып, Кеңес одағының түбіне жетуді мақсат етті деген кінәләр тағылды [2, 6 - б.].

Кеңес мемлекетінің жазалауға арналған жүйесінің тарихындағы осы уақытқа дейінгі лайықты түрде зерттелмеген қасіретті парағын Кеңес Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің 1930 жылғы 7 сәуірдегі «Еңбекпен түзеу лагерлері туралы» ережені бекіту жөніндегі қаулысы ашады. Осы қаулыны қабылдау әміршілдік – төрешілдік басқару әдістерін бекітумен, соның ішінде еліміздің қоғамдық – саяси және халық шаруашылығы тыныс – тіршілігінің барлық салаларында қисынсыз қуғын сүргін тетігін кеңінен пайдаланумен сабақтасады. 1922 жылы Кеңес Одағы Халық Комиссариаты жанынан біртұстас қоғамдық орган – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (БМСБ – ОГПУ) құрылды [2, 419 - б.].

Еңбекпен түзету лагері Қаулыға сәйкес 1930 жылғы 13 мамырда Қазақ Кеңестік Халық Комиссарлар Кеңесі Қарқаралы округінің Бесоба мен Қоянды жәрменкелер аралығындағы 110.000 гектар жерді барлық құрлыстарымен «Объединённое государственное политическое управление» (ОГПУ) арнайы мақсаттағы лагерлерерінің қарамағына өткізу туралы шешім қабылдайды.

Еңбекпен түзу лагерлерінің ұйымдастыру мен басқаруды жүзеге асыруға арналған орган ретінде ОГПУ – ды таңдау күтпеген шешім болды деуге болмайды.

Шындығына келгенде, қазақтың ұлан байтақ даласы сол тұста айыпты, айыпсыз бас бостандығынан айырылғандардың, шарасыз жер аударылғандардың мекен жайына айналды. Барлық Орталық Сары Арқасы – Жезқазған, Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстары, Оңтүстіктегі Қызыл - Орда облысының Арал теңізінің маңы тағы басқалары түрме мен лагерлерге толы болды. Мәселен Қарағанды лагері (Карлаг) Одақтың мемлекеттік органы «Главное Управление исправительно трудовых лагерей» (ГУЛАГ) тың бөлімшесі.

Лагерді Қиыр Шығыс пен Орта Азияда, Солтүстікте, Оралдашоғырландыру көзделді. 1930 – 1931 жылдар аралығында бірқатар лагерлер, атап айтқанда, Темниковский, Қарағанды, Вишерский, Темниковский, Беломер – Балтық, Қиыр Шығыс лагерлері ұйымдастырылды. Олардың әрқайсы нақты шаруашылық талаптарды шешу үшін құрылды. Мысалы, Темниковский лагері - ағаш дайындаумен, Беломер – Балтық лагері канал құрылысымен, Вишерский лагері – ағаш дайындаумен және целлюлоз – қағаз комбинатын салумен, Қарағанды лагері – ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысты. Келесі жылдары бұл лагерлердің қатарын Свирьский, Дельстрой, Сібір, Дмитровский және басқа да лагерлер қосылды. Негізінен Кеңес Одағы Ішкі Істер Министрлігі (НКВД) колониялары мен Еңбекпен түзеу Бас Басқармасының уақытында Кеңес Одағын да лагерлерде 2 199 535 адам жабылып, жалпы саны 63 лагер болды [3, 419 - б.].

1931 жылы Қазақстан аумағында Қарағанды лагері (КАРЛАГ) болды. Оны құру тарихы 1930 жылға барып тіреледі; Халық Комиссарлары Кеңесі өзінің 1930 жылғы 13 мамырдағы жабық отырысында қаулы қабылдады, қаулыда ол жер шаруашылығы халық комиссариатының қорытындысы мен Лагерлердің Қазақ басқармасының «Ақмола және Қарқаралы округтарынан» «Көлемі 110 000 га тұтас жер алабын мерзімсіз және өтеусіз пайдалануға кесіп беру туралы» өтінішімен келісті. Содан кейін ОГПУ Қарағанды еңбекпен түзеу жеке лагерлерінің 1931 жылғы 19 желтоқсанындағы №1 бұйрығымен Қазақ еңбекпен түзеу лагерінің «Гигант» кеңшарындағы жаңа бөлімшесі ОГПУ – дың Қарағанды еңбекпен түзеу жеке лагері болып қайта құрылды (Карлаг ОГПУ), ол Гулагқа тікелей бағынатын болды. Лагер басқармасы Долинское елді мекенінде болды. Түрлі жылдары саяси жала айыптармен қуғындалған мыңдаған тұтқындар ГУЛАГ – тың осы алып лагері арқылы өтті. Қазақстан территориясында Қарағанды Лагерінен басқа Песчаный, Луговой, Степной, Дальний деп аталатын лагерлерде жұмыс істеді. Келешектегі Карлагтың аумағында 4 мың қазақ үй тігіліп 80 мың адам тұрды. Этникалық құрамы бойынша орыс және неміс халқының 1200 үйі тұрғызылды. Лагер құру мезетіне қарай Карлаг аумағында көп ұлтты халық тұрды. Долинка селосында тұрғындар саны 2630 адам болды, елді мекен аумақтық-кенттік бірлестіктің дербес құқығын пайдаланды [3, 420 - б.].

Карлагта өте жиі жағдайда кездескен №58 бап бойынша яғни «халық жауы» «төңкеріске қарсы үгіт насихат жүргізгені үшін» (КРА), «әлеуметтік қауіпті элемент» (СОЭ), «антикеңестік үгіт жүргізгені үшін» (АСА), «отан сатқандар отбасының мүшесі» (СОМ) және тағы басқа айыптар тағылып, Ішкі істер Халық Комиссариаты жанындағы (ПХК) Ерекше мәжілістің, «Екілік» «Үштіктің» ұйғаруымен 8, 10 және 25 жылға бас бостандығынан айырылғандар жазаларын өтеді. Ләм лим деп тіл қатқан барлық сөзінен «саяси қателік» іздеген ПХК-нің «қырағы» қызметкерлері ешбір айыбы жоқ адамдарды барынша көбісін аталмыш еңбекпен түзеу лагерлеріне жаппай тоғытты.

Осы бір Қызыл Империяның қылышынан қан тамып тұрған зұлмат уақытта Кеңес Одағында бірде бір мемлекет ГУЛАГ бұғауынан тыс қалмады. Барлығы бірдей тұтас халық, ұлттар жазықсыз жапа шегіп нақақтан айыпқа ұшыраған алыптары мен қаймақтарынан айырылып құсадан қан ішті.

Қарағанды облысы бойынша 1937 -1938 жылдары 1495 адам атылды. Облыс бойынша барлығы 6228 адам адам тұтқындалды. Қазақстанның өзін жалпы тұтас алғанда қазіргі зерттеліп, белгілі болып отырған деректерге сүйенетін болсақ елде репрессияға 103 мың адам ұшырап, оның 25 мың адам атылды бұл елде әрбір төртінші тұтқындалушының ату жазасына тағайындалғанын көрсетеді. «Карлаг басқармасы Мәскеуге – ГУЛАГ – БМСБ – тікелей бағынышты болғандықтан, кеңестік органдар, республикалық облыстық партия аппараттары іс жүзіне лагерьдің жұмысына араласу құқығы болмады. Шын туайтына келгенде Карлаг «Үй ішінен үй тігіп» мемлекет ішіндегі мемлекетке айналды». Өзінің жеке нақтылы билігі, көлігі, қару жарағыпochtасы, телеграфбайланыстары, тіпті өзіне белгілі мемлекеттік жоспары бар « жеке ел» болып саналды.

«1939 жылы Карлагта Кеңес Одағындағы барлық тұтқындардың 3% ы немесе нақты цифрмен келтіретін болсақ 35072 адамды құрап ПХК - ның 42 лагерінің ішінде тоғызыншы орында болды» [4,86].

Қарағанды Еңбекпен Түзету лагері (КАРЛАГ). Қарағанды аумағында орналасқан ең үлкен лагерь болды. Халық комиссиары А. А. Андреевтің басшылығымен және БМСБ күшімен 1930 жылдың басында «Гигант кеңшары құрылды. Дәл осы кеңшардың негізінде Кеңес Одағы БМСБ - ның 1931 жылғы 17 қыркүйектегі №527/285 бұйрығымен Қарағанды Еңбекпен түзету лагері жұмысын бастады.

1940 жылға қарай лагерь аумағының көлемі оңтүстіктен солтүстікке қарай 300 км, батыстан шығысқа қарай 200 км аумақты қамтып, лагерь территориясының жалпы көлемі 1 780 650 га жерді құрады. Лагерьде сотталғандарға үкім оқылған Қарағанды облыстық сотының көшпелі Алқасы қызмет етті.

Орталық Қазақстанда дамып келе жатқан көмір – металлургиялық өнеркәсіп үшін (Жезқазған және Балқаш, мыс қорыту комбинатары, Қарағанды көмір бассейні) үлкен азық түлік және өндірістік базасын құру Карлагты құрудағы басты міндет болып табылды.

Басқарма аппаратында әкімшілік шаруашылық (АХО), бақылау жоспарлау (КПО), есепке алу тарату (УРО), үшінші оперативтік – чекістік (ОЧО), емдеу, қаржы, көлік, арнайы, саяси, өндірістік, жер өңдеу бөлімдері болды. Жер өңдеу бөлімі ең ірісі болғандықтан, келесі құрлымдарды қамтыды: қоныстандыру қызметі, мелиорация және ирригация қызметі, мал шаруашылығы және ветеринарлық қызмет, механикаландыру қызметі. Айта кетерлігі лагерь жанынан Мал шаруашылығы ғылыми зерттеу станциясы (НИС), Ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясы (СХОС) құрылды. Екі станциясының да жеке тәжірибелік (эксперименттік) базасы болды. Мал семірту бойынша экспедиция жасақталып, тұрақты түрде қызмет атқарды. Карлагтың ауыл шаруашылық жұмыстарымен айналасатын 19 кеңшары қызмет атқарды. Бөлімшелердің әр қайсысының өзіне тиесілі өндірістік учаскелері мен фермалары болды. Бұдан өзге Қарабас бөлімшесі (жөнелту пункті және жабдықтау базасы, Балқаш бөлімшесі (мердігерлік жұмыстарға мамандандырылған) ерекше әкімшілік бөлімдері қызмет атқарды. Лагерь басқармасы мен оның бөлімшелері өзара телефон, телеграф, радио, почта арқылы байланысып отырды.

Жазасын өтеушілер деп аталған айыпталушы тұтқындар келесі өнеркәсіп орындарында әртүрлі жұмыстарға жегілді. Атап айтқанда олар өнеркәсіп өндірістері (ағаш өңдеу, тігін цехы, пима басу, металл өңдеу), құрылыс металлдары өндірісі, шыны зауыты, қант зауыты көкөніс кептіру зауыты, көмір шахталары (28.07.1956ж дейін), әктас карьері, кең қолданыстағы тауар өндірісі, Балқаш көлінен балық аулау, Қазақ КСР-ның тың және тыңайған жерлеріндегі кеңшарлар мен астық қоймаларының құрылысы.

Карлагта аты төрткіл дүниеге танымал ғалым, мәдениет және өнер қайраткерлері, діни қызметкерлер саясаткерлер және әскери басшыларда жалған айыптармен тұтқынға ұсталып жазасын өтеушілердің қатарында болды. Лагерьдегі темір тор мен ішкі қысым суретші, ақын, жазушы, сәулетші тоқымашы сияқты өнерлі жазасын өтеуші аталмыш айыптылардың шығармашылық дамуына ешқандай тосқауыл бола алмады. Олардың жасаған шығармашылығы түрлі жолдармен бүгінгі күнге дейін жетіп әлі көптеген ғылыми зерртеу жұмыстарын қажет етері сөзсіз.

Карлагта болған өнер адамдарының шығармашылығы өнердің: балет, ән, кестелеу, драмалық қойылым, мүсіндеу, графика және кескіндеме сияқты әр түрлі жанрларында көрінді. Шынайы таланттары бастықтардың тапсырмасы бойынша әлемдік керемет туындылардың көшірмелерін жасап шығарды, әр түрлі тұрмыстық заттар, киімдер тікті. Ағаш шеберлерінің қол өнер туындылары көздің жауын аларлықтай тамаша қалыпта жасалды.



Лагерь шығармашылығы сонымен қатар өздерін осы тар қапаса жазықсыз жауып, бас бостандығы мен еңбек еркіндігінен айырған жеке адамдардың тұлғалық болмысын жоюға барлық күшін салған тотолитарлық жүйенің жұмысына барлық ынта күш жігерімен қарсы тұрып коммунизмнің шынайы келбетін әлем мен болашақ өскелең ұрпақ алдында паш етіп көрсетіп кетті.

1957 жылы 27 шілде де Қарағанды еңбекпен түзету лагері жабылып, Қарағанды облысы ИМ Басқармасының қамау орындары басқармасы болып қайта құрылды [4, 86.]

КСРО Министрлер кеңесінің 1948 жылғы 2 ақпандағы қаулысымен аса қауіпті мемлекеттік қызметкерлерді ұстау үшін қатаң режимдегі лагерьлер мен абақтылар ұйымдастыруға шешім қабылданды. «Особый» лагерьге жалпы еңбекпен түзеу лагерьлерінен бас бостандығынан айыруға сотталған бүлікшілер, лаңкестер кеңес өкіміне қарсы ұйымдар мен топтарға қатысушылар ауыстырылды.

КСРО ИМ «Степной» ерекше лагері Қарағанды облысы аумағындағы алғашқы «Особый» лагерь болды. Оның құрамында бірнеше бөлімшелер құрылды. №1 – Рудный кентінде Қарағанды темір жол Новорудная станциясы, Түрлі-түсті металл министрлігінің тау-кен жұмыстарына тұтқындарды пайдалану арқылы ИМ Карлагтың Жезқазған ауданының екінші лагерьлік бөлімшесі. «Степной» лагері 1956 жылға дейін жұмыс істеді.

№8 «Особый» лагері - КСРО ИМ «Песчаный» лагері, оның орналасқан жері ИМ №99 әскери тұтқындар лагерінің базасында Қарағанды көмір алабында болды. «Песчаный» лагері 3 лагерьлік бөлімшеден тұрды. Тұтқындарды шахталар мен құрылыс және көмір өнеркәсібінің басқа да кәсіпорындарына пайдалану жоспарланды. Құжаттар бойыншашындығында оның негізгі өндірістік саласы Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысы аумағында шахталар, тұрғын үй және басқа да мәдени тұрмыстық объектілер салу екендігі анықталды.

«Песчаный» лагері 1955 жылдың қыркүйек айына дейін жұмыс істеді. Айыпталушылар негізінен босатылды, ал олардың 58 і «а» (Отанға сатқындық) бабы бойынша ұзақ мерзімге сотталғандары Карлагқа және Одақтың басқа да лагерьлеріне ауыстырылды.

1952 жылдың маусым айында «Песчаный» лагерінің 7-ші лагерьлік бөлімшесінің базасында орталығы Павлодар облысының Екібастұз қалалық типі кенті болған КСРО ИМ-нің «Дальный» лагері құрылды, 1954 жылдың мамыр айына дейін жұмыс істеп, қайтадан 7-ші лагерьлік бөлімше болып құрылды. Бұл лагерьдің барлық мұрағаттық құжаттары КСРО ИМ «Песчаный» лагерінің қорында сақтаулы.

1949 жылдың аяғында №9 «Особый» лагер – КСРО ИМ «Луговой» лагері құрылды. Лагерьдің басқармасы Қарағанды облысының Шерубай-Нұра көмір кен орнында көмір шахталары құрылысын салумен байланысты болды. «Обый» лагері абақтылардағы сотталғандар мен еңбек пен түзеу лагерьлерінде ұстаулы айрықша контингенті жіберу есебінен жасақталды. Ол 1951 жылдың күзіне дейін жұмыс істеді. «Луговой» лагерьнің сақталған аздаған құжаттары «Песчаный» лагерінің қорының құрамында сақтаулы. Әліпбилік картотекаға сәйкес Қарағанды облысының лагерьлері арқылы 850 000-ға жуық адам өткенін санауға болады. Бұл лагерьдің қорлары 30-50 жылдардағы қуғын-сүргіннің жан түршігерлік кезеңіні бейнелейді [5, 1506.].

«Отанын сатқандар» отбасы мүшелерін қудалау туралы алғаш рет 1934 жылғы 8 маусымда КСРО Орталық атқару комитеті қаулысында айтылды. Онда қашық кеткен әскери қызметшілердің барлық мал мүлкі тәркіленіп, отбасы мүшелері 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады деп көрсетілді. Алайда, репрессияға ұшыраған отбасы мүшелеріне қарсы бағытталған шара бірінші рет емес еді. Бұл туралы 1930 жылғы 2 ақпанда жарық көрген БМСБ №44/21 бұйрығы ашып көрсетеді. Жарлықта айыпталушыларың отбасы мүшелері туралы келесідей айтып көрсетіледі: сотталғандар, концлагерьге қамалған немесе жоғары айыптау шарасына (ату) тартылған отбасылар Одақтың солтүстік аудандарына жаппай жер аударылған кулактармен және олардың отбасыларымен, отбасындағы еңбекке қабілеттілердің барлығы және отбасы мүшелерінің әлеуметтік қауіпсіздігі дәрежесін ескере отырып, жер аударылуы қажет еді. Бұндай отбасылардың мүлкі жер аударылған кулактар отбасылары сияқты тәртіппен тәркіленді. Кулактар мен оның отбасыларын жер аудару науқаны бірінші кезекте Кеңес Одағының келесі аудандарында жүргізілді: УКСР, Қазақстан Солтүстік Кавказ және Дағыстан, Орталық Волгалық өлке, Белоруссия, Сібір, Орал, Ақмола облысының аумағында «Отанын сатқан опасыздар әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР) ашылды, осы лагерьдің аумағында Кеңес Одағы бойынша, соның ішінде Қазақстандағы да белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің әйелдері мен қыздары жазаларын өтеді.

Шынына келегенде, әйелдер мен балалардың ұсталуына Ішкі істер халық комиссиарының 15 тамыз 1937 жылғы №00486 жедел бұйрығы әсер етті. Бұл құжат ең алдымен саяси айыпталғандардың әйелдерінің кінәсін еш дәлелдемей - аққамауға алуға және лагерьге жіберуге құқық берді. Қысқа

мерзім ішінде бас аяғы бірнеше ай барысында «барлық отанын сатқандардың әйелдері қамауға алынды. Бұйрықтың мәтіні келесідей үндеседі: «осы бұйрықтың қалғандарынан соң 1936 жылдың 1 тамызынан бастап бірінші және екінші санат бойынша Әскери Алқа және әскери трибуналда айыпталған оңшыл-троцкистік, тыңшылық-диверсиялық ұйымдар мүшелері, «Отанын сатқандар» әйелдерін репрессиялауға кірісіндер» деп ашық айтылады. Бұл «халық жаулары деп ұсталған азаматтардың әйелдері мен отбасы мүшелеріне үлкен шабуыл еді.

«Отанын сатқандар» әйелдердің Ақмола лагері туралы үлкен деректер тобына «Узницы «Алжира» (Список женщин – заключенных Акмолинского и других отделений Карлага) құжаттар жинақтарын алуға болады. Құжаттар жинағы Қарағанды облысы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп басқармасы құжаттарына сүйеніп шығарылған. Құжаттар жинағында аталған лагерь арқылы өткен 5380 әйел тізімі берілген. Оның 4546 – сы «Отанын сатқандар» отбасылары мүшелері ретінде, қалғандары басқа саяси айыптау арқылы жүзеге асырылған [6, 246.].

«Отанын сатқандар» әйелдері 5 жылдан 8 жылға дейін абақтыға жабылды. Екі жылдан соң, яғни 1939 жылғы 20 тамызда Карлаг басқармасы бұйрық шығарды, онда былай делінген «3,5 жылға дейін сотталған мамандарды да ауданда мамандығы бойынша пайдалану керек, ал 5 жылдан асса тек қана жалпы қарауылданатын жұмыстарда пайдалану керек». Әрбір «отанын сатқындар» әйеліне жеке есеп карточкасы жасалды. Онда төмендегідей сұрақ қойылған: аты жөні, тегі, туған жері, жылы, әлеуметтік тегі, ұлты, бодандығы, білімі, бұрынғы партиялығы, тұрғылықты жері, мамандығы, қашан және қай жерден келді, қашан өзгерді, қашан босатылды, қашан аяқталды және сол сияқты тағы басқа сұрақтар.

Тек қана сотталған әйелдерге арналып, осы 1937 жылғы 3 желтоқсанда ПХК бұйрығы негізінде, былайша айтқанда «26 нүктенің» базасында жер аударылғандардың еңбек кенті ПХК Карлагтың Ақмола арнайы бөлімшесі құрылды. Бір жастан үш жасқа дейінгі балалы әйелдердің бірінші легі 1938 жылдың 6 қаңтарында Ақмолаға жеткізілді. Аталған лагерь шыныменде өте ерекше лагерь болды. Мұнда жалпы легімен барлығы 20 мыңнан астам әйелдер нақақ жазықсыз айыппен отырып шықты. АЛЖИР де тұтқындалған әйелдердің қатарында есімдері ел жұртқа Одақ көлемінде жақсы таныс тұлғаларда болды: Әзиза Рысқұлова мен оның анасы Әрипа Есенғұлова, Дәмеш Жүргенова, Рабиға Асфендиарова, әнші Лидия Русланова, жазушы Галина Серебрякова, маршал Тухачевскийдің отбасындағы әйелдер, жазушылар Борис Пильняктың әйелі Кира Андронникошвили, Юрий Трифоновтың әйелі Евгения Лурье, Болат Оқуджава мен Мая Плисецкаяның аналары мемлекет және саяси және қоғам қайраткерлерінің әйелдері еді. Лагерь бірнеше саман барактардан, төрт мұнара мен темір торлардан тұратын. Қаңтар мен Ақпан айларында тұтқындалғандар тоқтаусыз кезең кезеңмен жеткізіліп жатты. Тек қана Бутыр түрмесінен 1600 айыпты тұтқындалған әйелдер жеткізілді. Алжирге әйелдер сол тұста Одақтың әр жағынан жеткізілді мәселен: Мәскеу, Ленинград, Украина, Грузия, Армения, Орта Азиядан жеткізілді. Қамауға алумен қатар бір мезгілде өте қатаң тексеріс іздеу тінту жұмыстары жүргізілді. Тінту жұмыстары кезінде қару жарақ, көбейткіш құрал жабдықтар, әскери жабдықтар, шетелдік ақшалар, кесек құйма, металдар, жеке құжаттары мен ақшаға қатысты құжаттар тартып алынды. Айыпталып жеткізілген тұтқынның барлық жеке заттары тартып алынды. Тұтқындардың баспаналарының есігіне құлып қойылды, кейінірек бұл пәтерлер кеңес қызметкерлеріне берілді. Қамауға алынып, тінту жүргізілгеннен кейін, әйелдер тергеу жұмыстары жүргізілген және қысқаша айыптау қорытындысы шығарылған тар түрмелерге күзеткерлермен жеткізілді. Ары қарай іс КСРО ПХК Ерекше қарауының қарауына жіберілді. Бұл жерде тіпті, тергеуге алынғанның айыптылығы толық дәлелденгені недәлелденбегені ескере қоймады. 1938-1953 жж аралығында АЛЖИР тар қапасының азабының дәмін 20 мың тұтқын әйел тартты. Түрмеде болғандардың нақты саны саны әлі күнге дейін нақтыланбады бұл әрине өз кезегінде тарих ғылымының алдына жаңа мақсат міндеттерді қояды. Тұтқындардың шамамен 90%-ның жоғары білімі болды. Тұтқындардың арасында әр түрлі мамандық иелері болды мысалы дәрігерлер, құрылысшылар, геологтар, мұғалімдер мен суретшілер. Мысалы мұнда Украинаның Харьков опера театры толығымен болды. Тұтқындалғандардың өздерінің 1000 артист, 360 пианист әйел қамауда болды. АЛЖИР тұтқындар ішінен өз дәрігерлері мен медбикерлері де болды. Олар «алжирдағыларға» да, сондай ақ ерікті жалданушы қызметкерлерге де қызмет етті.

Лагерьлердегі адам өлімі жоғары болды. 1940-1950 жылдар арасында Карлагта 10 мыңнан аса сотталғандар қайтыс болды. Әсіресе 1943 жылы адам өлімі тым көп болды ай сайын осы уақытта 100 деген адам қазаға ұшырады. Адам қазасының көптігіне Ақмола мен Қарағанды облысы аумағында жер аудару мен қамау орындарының маңындағы жерлеу орындарының көптігі дәлел болады [7].

Тарих Ақмола облысының бұрынғы Малиновка, қазіргі Ақмолауылында болған Ақмола лагері жайлы ұмытқан жоқ Бұл ХХ ғасырдағы Сталиндік қуғын сүргін саясатының жүргізген жалпы адамзатқа соның ішінде қорғансыздың күнін кешкен шарасыз әйел азаматшаларға қарсы жүргізген адам сенгісіз қылмысының айқын куәгері ретінде сақтаулы тұр. Тәуелсіздігіміз бен Егемендігіміздің жұлдызы жарқыраған уақытта тарих ғылымы бұл қылмыстардың әлі де бізге белгісіз қыр сыры мен құпиясын таныстырып жарияға жар етері сөзсіз.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын - сүргін тарихы: оқу құралы - Алматы: Эверо, 2017 -136 б.
2. Қадірұлы Ғ. Көкарал: оқу құралы. - Петропавловск: Асыл Мұра орталығы, 2007- 221б
3. Байпақов К., Алдажұманов К., Қозыбаев М., Нұрпейіс. К.Н. Қазақстан Тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 4 Том\ Алматы: Атамұра, 2010 – 751 б.
4. Орынбасарұлы Н. КАРЛАГ: оқу құралы. Қарағанды: Болашақ университеті, 2012 -568б
5. Қалыбекова М.Ч. Науқанды заман: Қазақ жеріне халықтарды депортациялау тарихы (1937 – 1956 жж): монография\ Алматы, 2019 - 208 б
6. Жүнісбеков Б. ALASH–ALZHIR: оқу құралы. Астана: Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музейінің кешені, 2011. 383 б.
7. АЛЖИР лагерінің тарихы. // <https://museum-alzhir.kz/kz/murazhai-turaly/alzhyr-lagerinin-tarihy>.

### **Сүлеймен Ғ.С., Утева К.Қ.**

Ж. Тәшенов атындағы университетінің аға оқытушысы  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

### **СЫРДАРИЯ АЙМАҒЫНЫҢ, БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНДАҒЫҚАНДЫ БҰЛҒАҚ**

Зорлық пен дөрекі әкімшілік-сот бассыздығына наразылық білдіру, тек ауыл шаруашылық өндірісінің күрт құлдырауынан ғана көрінген жоқ.

Қазақстанда бүкіл елдегі сияқты қалың шаруашылық, қарсылық көрсете бастады, ал көптеген аймақтарды ұйымдастырылған қарулы көтеріліске ұласты. Ауыл еңбекшілерінің алғашқы ұйымдастырылған көтерілісі 1929 жылдың күзінде басталды. Айталық, қыркүйек айының аяғында кезекті астық дайындау науқанының барысында, Сырдария округі Бостандық ауданының Ұзын, Піскем, Жаңа Қырғыз қыстақтарында шаруалар көтерілісі бұрқ етті, оған 400-ден аса адам қатысты. Көтерілісшілер қатарында қазақ шаруалары қырғыз, өзбек диқандары да болды. Бұлғақты ұйымдастырған Піскем қыстағының тұрғындары, Талиб Мусабаев, Бектай Халматов, Төлеген Азизов және басқалары көршілес қырғыз аумағында орналасқан Шатқалы елді мекеніндегі диқандар мен сондай-ақ биліктің шектен шығуына наразылар мен байланыс орнатты. Жөнсіз салынған салық, астық тапсыру жоспарының жоғарылығы (ауқатты деп аталған шаруашылықтың әрқайсысына 600 пұт астықтан) қырғыз шаруаларының жаппай көтерілуіне алып келді. «Жағдай күн сайын нашарлап барады, - деп Т. Мусабаев көтеріліс бола қалған жағдайда, бірлесіп іс-қимыл жасау жоспары талқыланған бас қосуда. Салық өсуде және астығымызды сыпырып алып отыр. Қыста аштықтан өлгенше, бірақ күнде өлгеніміз жақсы...»<sup>1</sup>

Көтерісшілерді Богустан, Сыджақ, Бритч-Мула қыстақтарының шаруалары қолдады. Бірлесе қимылдай отырып, олар аудан орталығы Ходжакентті басып алды. Көтерісшілер ауылдық кеңестің төрағасы мен бірнеше белсенділерін өлтіріп, сосын кооперативтерді, ауылдық мекемелердің мүліктерін ж.т.б мекемелерді талқандап тонады. «Бостандық ауданы Сырдария округінен ең тысқары орналасқан елді-мекен. Бостандық ауданы 3 республика- Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстанмен шектеседі. 1924 жылға дейін бұл аудан басмашы қозғалысының ығында болған және ықпалы зор болды»<sup>2</sup>

Аудан тұрғындары негізінен 5 ұлттан; өзбектер 9 әкімшілік қыстақтан, ұлт санымен қосқанда 3981 шаруашылықтан, тәжіктер 5 әкімшілік қыстақ, 1596 шаруашылықтан, қырғыздар 2 әкімшілік қыстақ 204 шаруашылықтан, еуропалықтар 1 әкімшілік поселок, 79 шаруашылықтан тұрды.<sup>3</sup>

Негізгі тұрғындар- өзбектер мен тәжіктер. Бостандық бұлғағы өздігінен бір күнде бұрқ ете қалған жоқ. Сол жылдың көктемінде Бостандық ауданының ауқаттылары Сайрам ауданының ауқаттыларымен біріге Ташкентте астыртын бас қосу өткізіп, совет үкіметінің солақай саясатының тізесі батқаны, салықтың тым көбейуі жайында мәслихат өрбіп, бірлесе іс-қимыл жасау туралы шешім қабылдады. Бостандық ауданындағы бұлғақтың өрбуі жайында өкіметтік комиссиясының

баянхатында, тарихи, географиялық, ауыл шаруашылығының жағдайы, әлеуметтік-мәдени қызметі, партиялық ұйымдардың жағдайы, кеңестік аппараттың жағдайы толық қамтылған.<sup>4</sup>

Сырдария аймағы округтік атқару комитетінің төрағасы Макиннің баянат тілхатында, Бостандық ауданындағы қалыптасқан жағдайы жайында былайша баяндалады. «Бостандық ауданы шеткері жатқан әлсіз советтенген, патриалхалды әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі сақталған аймақ. Совет өкіметімен, партияның саясаты (азық-түлік салығы, қосымша шексіз салық, паранжамен күресі ж.т.б) жергілікті халықтың, ауқаттылардың, діни қызметкерлердің наразылығын тудырды. Бостандық ауданындағы бұлғақ алдын-ала дайындалған, әсіресе Сайрам ауданының ауқаттыларымен байланыста болған, Ташкент қаласында астыртын (нелегально) жиналыс өткізген».<sup>5</sup>

Архивтік дереккөзге сүйенсек, Бостандық бұлғағы тыңғылықты, жүйелі, астыртын дайындалғаны, бұлғаққа бастайтын үгіт-насихат жұмыстары жүргізілген. Негізгі себеп, солақай солқылдақ саясатының себеп салдары (азық-түлік салығы, ауыл шаруашылық салығы ж.т.б) Жергілікті халықтың ашу-ызасын, кеңес өкіметіне деген өшпенділікті тудырды. Партия қызметкерлерінің мардымсыз жұмысының салдарынан, тым әлсіз советтену саясатының себептерінен басмашылық қозғалыс өрши түсті. Астыртын ұйым Шатқал аңғарындағы топтасқан басмашылармен астыртын байланысып отырған. Архивтік дерек көздеріне сөз берсек:

«-Ұзын қышлағы бойынша, басмашылар қатарына 80 адам енді, басшысы болып бай Юлдаш Нанаев сайланды.

-Богустан қышлағы бойынша тұрғындар басмашылықты қабыл алмады, бірақ-та басмашылардың қатарына Исламов пен Мадалиев енді.

-Сыджақ қышлағы бойынша, бұқара басмашылықты үнсіз қабыл алды, жиналысқа 20 ғана адам келді.

-Ал Ходжакенттегі басмашы қозғалысының ұйымдастырушысы 8 адам, ең басты ұйымдастырушылары Тляб Исмайлов, Дау Халмуратов және молда Алим болды. Соңғысы, яғни, молда Алим ауқатты байлармен жиын өткізіп, жиыннан соң Шатқал аңғарына кетіп, 29-30 қыркүйек айында басмашылар қосынын ертіп алып келді»<sup>6</sup>

О.К. Орталық Азия бюросына берген өзінің баянат тілхатында Ж. Макин, Б.К.П. О.К. Орталық Азия бюросының өкілетті өкілі ж. Алимовты 5 пункт бойынша қатты сынға алады.<sup>7</sup>

Сонымен бұл бұлғақ 27-ші қыркүйекте Піскем қыстағында тұтанып өрши түседі. Жергілікті кеңес өкіметінің шапшаң қимылы мен Ташкенттен келген қызыл әскердің көмегімен 30-шы қыркүйекте қанды қырғынмен басып тастайды.

КАССР Сырдария аймағы Бостандық ауданындағы контрреволюциялық көтерілісінің айыпты қорытындысы бойынша 27-29 қыркүйек айындағы Бостандық бұлғағы бай, дінкеш элементтердің ұйымдастырылғаны дәлелденіп, қылмыстық процессуалдық кодексінің 221-ші бабы бойынша КАССР прокурорына, сотқа дейін жеткізуге, көшпелі КАССР-нің жоғарғы сотына тапсырылды.

Айыптау қорытындысы бойынша 32 адам РСФСР Қ.К 58-2 бабымен айыпталды. Істі КАССР көшпелі жоғарғы сотына, КАССР бойынша ОГПУ-нің өкілі Шумилов пен Журавлев өткізді.<sup>8</sup>

Жергілікті жұрт арасында бостандық ауданының ата-қонысты жайлаған, дулат, Жанбай- жаныс бұлғағы тілге тиек етіледі. Бұл тақырып меңіреу құпия сырға толы. Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша архив дереккөздері жоқтың қасы. Мемлекетаралық келісім болса, Ташкент қаласының мұрағат қойнауынан зерделеп ізденуге болады. Ол жеке тақырып, келешектің еншісіне қалдырайын. Бостандық бұлғағы бей-берекет (стихиялық) бас көтеруі ұзаққа бармады, 3 күнге созылып, кейін басып тасталды. Оның 181 белсендісі сотталып, ал 82 белсендісі ату жазасына кесілді.

Түйін; партиялық-чекістік сарапшылар әбден таптаурын жалған насихаттық жолдармен кезекті рет қайғылы жағдайларға «ұлтшыл элементтердің жауыздық әрекеттері» - деген айдар тақты. Сонымен қоса халық қарсылығының антиклерикалдық саясаттың әсері аз болған жоқ. Ар мен діни наным-сенімге, бостандықты жалған насихаттай отырып, партия мен мемлекет, сонымен бірге қылышынан қан тамған атеистік науқандар жүргізді, ол мораль мен құқықтың бүкіл нормаларын ашықтан ашық таптап, дінге қарсы шектен тыс вандализм әрекеттеріне дейін барды. Бұлда жергілікті, тұрғылықты халықтың ашу-ызасын тудырды. Кеңес өкіметінің, саясатының мәні осындай, өзгеше болуы мүмкін емес, өйткені ол жеке меншікті құртады, сөйтіп, жұмыс істемей жалқауланып, басқа ауқатты адамдардың есебінен күн көргісі келетіндерге мүмкіндік береді. Бірақ мұндай саясатпен ұзаққа бара алмайтыны табиғи құбылыс, солай болып шықты да...<sup>9</sup>

Талас Омарбековтың мәліметі бойынша кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарынан, Қазақстан бойынша 364 көтеріліс, наразылық бұлғақтар болған. Соның бірі Бостандық бұлғағы.

Сонымен, Сырдария аймағы Бостандық ауданындағы бұлғақ толық, тиянақты, ізденімпаздық, жаңа заманға сай тарихи, саяси, көзқараспен зерделеуді талап етеді.

Ел болам десең тарихыңды түгенде, жұрт болам десең асылыңды дәріпте демекші, тарихты жаңа көзқараспенақиятын ашып, шындықтың шыңын жазу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

### **Пайдаланған деректер мен әдебиеттер**

1. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1.
2. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 49 бет.
3. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 49 бет.
4. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 49-56 беттер.
5. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 57 бет.
6. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 59 бет.
7. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 59-62 беттер.
8. ТОҚСТМАқор. 2. Бума 1. іс 1. 70-75 беттер.
9. ҚР. ҰҚК мұрағаты8443 қ. 692 п.

### **Досалиева Гульшат Амангелдиевна**

БІ.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

## **АЛЖИРДІҢ ӘЙГІЛІ ТҮТҚЫН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕР**

«Халық жауы еді» деген сөзді естігенде, біз өз заманының құрбаны болған таусылған және табанды күрескерді бірден елестетеміз. Адамның отбасы болғанын, балалары болғанын сирек еске алады. Біз декабристердің әйелдерін білеміз-олардың ерліктері айтылды, жазылды. Оларға ақындардың жалынды жолдары мен ұрпақтардың алғыстары арналды...

НКВД-дағы ұзын-сонар кезек, жер аударылу, кешегі достарға деген өшпенділік пен мұң..., жеккөрушілігі және қайғы..., адам төзгісіз қайғы ... бұл үкім емес, оны жою мүмкін емес өмір бойы стигма болды. Осы терең рухани жан жарасымен олар халық жауының әйелінің ащы үлесімен жалғыз қалды...

1937 жылы 3 желтоқсанда НКВД-ның «26-пункт» деп аталатын еңбек поселкесін ашу туралы бұйрығы шықты, онда Қарлаг НКВД-сының Ақмола арнаулы бөлімі, балалы әйелдердің алғашқы легі құрылған. 1938 жылы 6 қаңтарда Ақмолаға келді. Бұл лагерь ерекше болды. «АЛЖИР» – Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері – тұтқындар деп атаған. 20 000-нан астам әйел сахнадан өтіп, 8 000-ға жуық әйел басынан аяғына дейін қызмет етті. Лагерьде 62 ұлттың әйелдері болды. Олар негізінен есімдері посткеңестік кеңістікте кеңінен танымал мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткерлерінің әйелдері: Азиза Рысқұлова мен оның анасы Арифә Есенғұлова, Демеш Жургенева, Рабиға Асфендиярова, әнші Лидия Русланова, Гүлжамал Майлина, Гулянда Хожанова, және т. б. болды.

«Лагердегі әйел» тақырыбы өз мәні бойынша қайғылы. Лагерь мемуарларының ең жарқын және қорқынышты беттері әйел қаламынан шыққаны кездейсоқ емес және жазықсыз сотталған әйелдердің естеліктері болды. АЛЖИР - олардың айтқандары және олар туралы айтқандары ГУЛАГ туралы ең салмақты және ең өткір айғақтардың бірі. [1].

Қарлаг, АЛЖИР тұтқындары әйелдерінің тағдырының тарихын көптеген тарихшылар зерттеген. В.Могильницкий өзінің "Маршалдың қара раушандары" атты кітабында Қарлаг тұтқындары – 1930-шы жылдардағы сталинизм құрбандары туралы егжей-тегжейлі баяндайды. Бірде таң атқанда 11 тұтқын далаға шығарылып, атылды. Олар үлкен сазды шұңқырға құлады, олар бірден жермен жабылды. Олар негізінен лагерьде жаңа тұтқындарға орын босату қажет болғандықтан тергеусіз атылды.

### **АЗИЗА РЫСҚҰЛОВА**

Азиза Рысқұлова 1911 жылы 6 тамызда Жаркент қаласында дүниеге келген. 1922 жылы отбасы Алматыға көшіп келеді. 18 жасында Азиза гүлдеп, қаланың алдыңғы қатарлы сұлуларының біріне айналды. Дәл сол кезде Тұрар Рысқұловтың Алматыға кезекті сапары кезінде Ескендір Тынышпаев оларды таныстырды. Жоқ, бұл бір қарағанда өзара махаббат емес еді. Тұрар Рысқұлұлы бойжеткенді бірден баурап алғанымен, тұрмысқа шығу ұсынысына жауап ретінде бұл қадамға баруға көпке дейін батылы бармады. Шамасы, бұл жерде үлкен жас айырмашылығы маңызды үлкен рөл атқарса керек. Құжаттарға сәйкес, ол одан он бес жас үлкен, шын мәнінде, он жеті. Жоғары сезімдер, нәзік, мейірімді, ілтипатты сөз, сендіре білу, табандылық ақыры 1931 жылы бүкіл Исенғұловтар әулетінің Мәскеуге көшуімен, соңынан Әзиза мен Тұрардың шаңырақ көтеруімен аяқталды. Алматыда 1929

жылы ветеринарлық техникумды бітіріп, Азиза сол кездегі қаладағы жалғыз жоғары оқу орны – ветеринарлық институтқа оқуға түседі. Мәскеуге көшкеннен кейін әкесінің жолын қуып, Мәскеу малдәрігерлік институтында оқуын жалғастырып, оны 1935 жылы ойдағыдай бітіріп, ветеринария мамандығы бойынша диплом алып, Мәскеу ветеринарлық академиясына жұмысқа орналасады.

Институтты бітіргеннен кейін Азиза үшін жаңа кезең басталды. Үйімен, отбасымен, сүйікті жарымен, жұмысымен бірге толыққанды, қызықты өмір сезімін тудырды. Алайда бұл кезең ұзаққа созылмады. Ол адамның қалыпты өмір сүру идеясын мәңгілікке ұмытып, қасіретке, трагедияға ауыстырылуы керек еді. Мамыр айында Рысқұловтар ерлі-зайыптылар қысқа демалысқа Кисловодскіге келді. Бұл кезде Азиза Рысқұлова кенже қызына жүкті болған. Босануға қырық күн қалды, ол кезде 21 мамырда тура Демалыс үйінде Тұрар Рысқұлов қамауға алынды. Ол таң қалды, бірақ сабырлы болып, түсініспеушілік болды деп сендірді. Өкінішке орай! Ол қатты қателесті. 1938 жылдың 9-10 ақпанына қараған түні сегіз жарым айдан кейін ол Лубянканың зындандарында атылды. [2].

Қалған Рысқұловтар жанұясы әбден абыржып, үмітсіз күй кешті. Олар таныстарының Мәскеуден шұғыл кету туралы кеңесіне құлақ аспады. Неге артында кінәні сезбестен бір жаққа қашасың? Оның үстіне Рида сәбидің дүниеге келуіне санаулы күндер қалды. Отбасы Новинский бульварындағы пәтерден шығарылып, Сокольникидегі Русаковская көшесіндегі коммуналдық пәтердің бір бөлмесіне орналастырылды. Тұрар Рысқұлов қамауға алынғаннан кейін екі ай өткен соң Азизаның інісі жиырма жастағы Шәміл Исенғұлов «контрреволюциялық қызметі» үшін қуғын-сүргінге ұшырап, Коми АССР-інде бес жылға сотталды. Оның болашағы сызылып тасталынды. Ол лагерьден ауырып, күйзеліп оралды.

1938 жылы ақпанда Әзизаның анасын да алып кетеді. Үй шаруасындағы елу жастағы Арифа Атаулқызы сегіз жылға сотталып, «Рысқұловтың тыңшысы» ретінде Ақмола лагерінде жазасын өтеген. Ол 1945 жылы бостандыққа шығар алдында бас миына қан кетуден қайтыс болды. Анасының соңынан 1938 жылы 30 сәуірде Әзиза сәби қызымен Қарағанды лагеріне жіберіледі. Қамауға алынғаннан кейін бес күн өткен соң, оның бес жасқа толмаған қызы Сәуле Рысқұлова Украинадағы, Одесса облысының Дубки ауылындағы балалар үйіне жіберілді.

Азиза Рысқұлова анасымен Карлагта кездесті, бірақ олар өте қысқа уақыт бірге болды. Олар мәңгілікке бөлініп, Арифа Атаулқызын АЛЖИР-ге жіберіп, мәңгілікке айырылды. Кішкентай Рида басқа балалар сияқты үш жасында анасынан ажырап, Қарағанды облысының Осакаровка балалар үйіне жіберілді. 26 жасында тұтқындалған Азиза Рысқұлова лагерьде 10 жылға жуық уақыт өткізді. Оның ішінде сегізі – 58-бап бойынша Отанын сатқанның отбасы мүшесі ретінде, қалғаны – азаматтық тұлға ретінде. Әзиза түрмеде болған жылдар бойы мал дәрігері болып жұмыс істеді. Ол тамаша, жоғары санатты ветеринар, жылдам, жеңіл, қажымайтын, төзімді болды. Осы себепті оны босатылғаннан кейін де осы жұмысты істеуге көндірді. Сегіз жылдық мерзім біткен соң Азиза Рысқұловаға Риданы балалар үйінен алуға рұқсат берілді. Қыз нағыз жабайы еді: ол аз сөйлейтін, айналасындағылардан аулақ жүретін. Оның лексиконында қарапайым күнделікті сөздер болған жоқ. Риданың балалар үйіндегі өмірі қандай болды, тек болжауға болады. Оның өзі бұл туралы ешқашан айтпаған.

Сәуле Рысқұлованың естеліктерінен: «Мен анаммен және әпкеммен 1948 жылы кездестім. Бір түнде өзімізді туғандай сезіну оңай емес екені белгілі болды. Ананың мейірімі мен қамқорлығынсыз өткен жоғалған балалық шақ пен жастық шақтың орнын толтыру немесе қайта тірілту мүмкін бе? Ұзақ уақыт бойы әпкем екеуміз "ана" деген сөзді айта алмадық, біз "сіз" деп жүгіндік. Бұл репрессиялық қуғын-сүргін заманының қайғылы аяқталуы емес пе? Жоғары лауазымды туыстар анаммен және бізбен, оның балаларымен сөйлесуден қорқып, тіпті олардың үйіне жақындамауды ескертетін хабаршылар жіберді. «Қайтып оралғаннан кейін Азиза негізінен қалалық ветеринарлық-санитарлық қызмет жүйесінде ветеринарлық дәрігер болып жұмыс істеді. Ол қырық жылдан астам ғұмырын ветеринария саласына арнады. Құрмет грамоталары мен алғыс хаттар оның жұмысының тұрақты серігі болды. Біз оны әрқашан мақтан тұтамыз. Еңбеккер, қыз, әйел, ана, үш немересі мен көптеген шөберелерінің әжесі Азиза Тубекқызы туралы қысқаша әңгіме келешек ұрпаққа мәңгілік естелік!»

### **ГУЛЯНДАХОЖАНОВА**

ГуляндаХожанова 1901 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген, қазақ. 29.05.1938 жылы КСРО ПХК (ҚЖО) кезектен тыс мәжілісінің қаулысымен Отанын сатқындардың отбасы мүшесі ретінде ерекше Кеңеспен 8 жылға еңбекпен түзеу лагерінде (ЕТЛ) жазасына кесілді.

14.09.1938 жылы Ташкент түрмесінен "Алжирге" келді. Лагерьде болу кезеңі көрсетілмеген. 06.10.1945 жылы Карлагтан босатылды. Жұбайы-Сұлтанбек Ходжанов (1894-1938), мемлекет және

қоғам қайраткері. 1920 жылы-Түркістан СДК Ішкі Істер Халық Комиссары, 1934-1937 жылдары – КСРО ХКК кеңестік бақылау комиссиясының бақылаушысы. 1937 жылы 2 шілдеде тұтқындалып, 1938 жылы 8 ақпанда ату жазасына кесілді. 1957 жылы ақталды.

Гүляндам лагерде 8 жылдан астам қызмет етіп, босатылып, біраз уақыт елді мекенде тұрады. 87 жасқа дейін өмір сүрді. Ол да әпкесі Ләтифа сияқты қайратты, жігерлі мінезді еді. Ол сол кезде іштен бас тартқандардың көпшілігі қайтыс болғанын айтты. Оларды лагерге әкелген кезде онымен бірге комсомол комитеті хатшысы Рақпар деген өзбек қызы жиырма екіде еді. Оның бес баласы қалды, байғұс ылғи жылап отырды. Оны түрмеге жауып, балаларын алып кетті. Гүлянда Ходжанова оны аяп, әйелді әйтеуір тыныштандыру үшін нанның қиқымынан құмалақ жасап, шашып жіберіп: «Егер жыласаң, мен ештеңе айтпаймын. Міне, сенің анаң, оның балалары бар, уайымдама». Рақпар қуанып, тынышталды. Көп ұзамай ол анасынан хат алды, онда оның балаларын балалар үйінен алғаны туралы хабарланды. [3].

Гүляндам Ходжанова Әзиза Рысқұлова тұтқында қызын дүниеге әкелгенде, әйелдердің бәрі қызды қарауға кеткенін еске алды. Ал Гүляндам мал баққанда Әзизаға сүтін жасырын өткізетін. Мал бағу қиын әрі жауапты болды. Кішкентай қозыны да жоғалтқаны үшін оны лагерде болу мерзімін ұзартады деп қорқытты.

### **ГҮЛЖАМАЛ МАЙЛИНА**

Гүлжамал Майлина – белгілі жазушы Бейімбет Майлиннің жары.

1900 жылы Қарабалықта туған, қазақ. 1938 жылы 21 маусымда КСРО НКВД жанындағы ОСО бес жылға еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтейді. 1938 жылы 3 қазанда Алматыдағы түрмеден Ақмолаға келген. Бейімбет 1937 жылы тұтқындалғанда Гүлжан мен Бейімбет Майлиндердің бес баласы болды. Одан кейін Гүлжамал да қамауға алынды. Әукенді «халық жауының» баласы ретінде жазалаушы батальонға жіберіп, сол жерде қаза табады. Кіші балалары Семейдегі балалар үйіне жіберілді. Кіші Гүлсім Алматыдағы Балалар үйіне ауыстырылып, 1942 жылға дейін сонда болды, кейін Сарқанд балалар үйіне ауыстырылды, қыз 1948 жылға дейін сонда тәрбиеленді. Балалар үйінде тәрбиеленген ол өте ақылды, жігерлі қыз болып өсті. Өмірі қиын болды. «Халық жауының» қызы болғандықтан, басқа балалар оған «қараңғылық» ұйымдастырды - олар оны ұрып-соғып, сынған әйнекте тұруға мәжбүр етті. Көбінесе олар аштықтан өлді. Таңертең қайтыс болған балаларды жинап, оларды төсек-орындардан түсіріп, алып кету үшін арбаға тиеді. Бірде мәйіттердің арасында аштықтан толығымен әлсіреген Галя да болды. Бір әйел оны шығарған кезде қыздың әлі тірі екенін байқап, оны өзіне алып кетті. Мен оған қамқор болдым, қасықпен тамақтандырдым. Осы әйелдің арқасында Галя тірі қалды. [4]. Қыз 13 жаста болғанда, оны орыс әйелімен бірге Новосибирск қаласына жіберді. Барлық заттар мен ақшаны алып, әйел Галяны тастап кетті. Жалғыз, аш қыз бірнеше апта бойы станцияда жүрді. Полицейлер тергеуден кейін оны Қарағандыға анасына жіберді. Кездесуде анасы қатты жылады. Ал Гүлжамал балалары Мереке, Еділ, Галямен бір терезелі кеншілер сарайында тұра бастады. Гүлжамал Майлина лагерде қой баққан. Ол өзінің естелігінде бір оқиғаны, бірде елу бас қойынан айырылып қалғанын айтып, лагер бастығы оны таппасаң, жазасын ұзартамыз деп қорқытқан. Қой іздеп Киров совхозына тентіреп кіріп, шеттегі бір үйге кіреді. Ал үйдегі кішкентай балаларды көргенде, ол өз балаларын есіне түсіріп, жылай бастады. Үй иесі оны жұбатып, шай беріп, көршілерді шақырды. Оның Бейімбет Майлиннің әйелі екенін білген совхоз директоры орнынан тұрып, ауылдың жылқышыларының барлығы қой іздейтінін, таппаса, әр үйден бір қой беретінін айтты. Бірақ, бақытына орай, жоғалған қойлар табылады.

Гүлжамал лагерден 1945 жылы босатылды. "Халық жауының" әйелі ретінде ол жұмысқа қабылданбады. Ол кеншілердің киімдерін жуды. Мереке мен Еділ шахтада жұмыс істеген. Олар кедейшілікте өмір сүрді.

### **ДӘМЕШ ЖҮРГЕНЕВА**

Дәмеш Жүргенева (Ермекова) 1905 жылдың қазан айында Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген, қазақ. Ағасы Д.Ә.Ермековтың кеңесі бойынша Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) емдеу факультетіне оқуға түсіп, оны 1929 жылы бітіреді. Аспирантураны 1930 жылы бітірді. 1931 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданды. 1933 жылы Дәмеш Әмірханқызы ҚазММИ-нің ішкі аурулар кафедрасының ассистенті болып тағайындалды. 1937 жылдың тамызында Д.А.Жүргеневаның күйеуі, Қазақ КСР Ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенев тұтқындалды. 1938 жылы наурызда ол сотталып, атылды. Дәмеш Әмірханқызы Отанын сатқанның әйелі ретінде заңсыз түрде сегіз жылға бас бостандығынан айырылды. 1945 жылы наурызда оны босатты, бірақ ол клиникада дәрігер болып жұмыс істеуге қалды, тек 1947 жылы Дәмеш Әмірханқызы Алматыға оралып, ҚазММИ-нің өкпе туберкулезіне қарсы емханада, содан кейін Бурабай шипажайында дәрігер болып, кейіннен Қарағанды қаласында

дәрігер болып жұмыс істеді. 1957 жылы толықтай ақталды. 1966 жылы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері жоғары атағын алды.

### **РАБИҒА АСФЕНДИЯРОВА**

Рабиға Асфендиярова (Лапина) – ҚазАССР Денсаулық сақтау халық комиссары (1931–1933) С.Д.Асфендияровтың әйелі. 1893 жылы Самарқанд қаласында туған, қазақ. Рабиға Санкт-Петербургтегі Смольный дворяндық қыздар институтында оқыды. Ол қазақ зиялы әйелдерінің алғашқы бірі болатын. Сәулет өнерін оқып, түркітану, юриспруденциямен айналысқан. Оның ата – анасы өте білімді адамдар болған, анасы – Зухра Ахмеровна- гимназияда оқыған сол кездегі санаулы әйелдердің бірі. Рабиға тұтқындалып, бес жыл бойы Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагеріне қамалды. 05.05.1943 жылы босатылды. Тұтқынға алынуын күткен ол он жеті жасар кенже қызы Адолатты Мәскеуге шет тілдер институтында оқитын үлкен қызы Әлияға жібереді.

### **САҒАДАТ ТАШТИТОВА**

Сағадат Таштитова Ақмола облысында дүниеге келген. Оның күйеуі, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің хатшысы болған Қайсар Тәштитов «халық жауы» ретінде атылды. Сағдат өзінің туған жерінде азап шегіп, шейіт болатынын ешқашан ойламаған. Ол өзінің естелігінде былай деп жазды: «Әрине, бұл жерде біз үшін өте қиын болды, бірақ әйелдер көп ұлтты құрамға қарамастан, батылдықпен, тату өмір сүрді. Көбісі қатал өмірге төтеп бере алмай, қайтыс болды, оларды үлкен шұңқырларға көміп, фамилиясын, туған күнін және қамауға алынғанын көрсететін белгіні бекітіп тастады. Өлгендерді түнде алып кетті. Бір күні таңертең жұмысқа бара жатып, жолда мәйіттерді көрдік. Карлагта Ресей мен Қазақстанның саясат, мәдениет, білім, ғылым саласындағы көптеген көрнекті қайраткерлерінің әйелдері мен туыстары өз мерзімін өтеген. Алжирдің бұрынғы тұтқындарының естеліктері мен есімдерінің бұл қайғылы тізілімін шексіз толықтыруға және ұзартуға болады. [5].

"АЛЖИР" азап түрмесінде С.Меңдешевтің әйелі Рәзия, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүппүн, С.Аспандияровтың әйелі Рабиға, Майнұр Сарымолдаева, Елизавета Садуақасова, Мария Есқараева, Мәриям Тоғжанова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Таштитова, Шәкітай Тәгімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова (лагерьде атылды), Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Сақыпжамал Назарова, Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мәрияш Есенгелдина т.б. көптеген қазақ азаматтарының әйелдері, аяулы аналар жазасын өтеді. Біз осы жұмысымызда қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында зерттеуді қажет ететін, ақтаңдақ беттің қыр-сырына үңіліп, тот басқан, күн түспейтін көлеңкеде жатқан, шаң басып, мұрағат сөрелерінде қаз-қатар тізіліп тұрған тарихи деректер мен құжаттарды жарыққа шығарып, ғылыми айналымға енгізуді көздедік. Зерттеу нысанамыз – Алаш қайраткерлерінің отбасылық жеке өмірі. Алаш зиялыларының отбасылық жеке өмірі – ғибратты, тағылымды. XX ғасыр басындағы қазақ азаматтары мен қыздары шеттерінен оқыған еді. Олар өз замандастарының қаймағы, нағыз қазақ интеллигенциясы болды. Олар қазақтың бағы еді. Амал нешік, олар жасындай жалындап өте шықты! Олардың әрбір қырын, сан салалы соқтықпалы, соқпақты өмір жолдарын зерттеу – бізге артылған аманат жүгі. Егер нақты тарихи бағасын бере алмасак, бабалар рухы бізді кешіре алмас. Текті бабалардың ұрпағы әсте осал болуға қақысы жоқ! Сондықтан біз осындай мойнымыздағы аманатты сезініп, тылсымға толы тағдыр иелерінің жеке әлеміне үңілуді хош көріп, зерделедік. Зерттеу нәтижесі жаман емес. Бірсыпыра мәліметтерге қанық болдық. Әлі де зерттеу жалғасары анық. [6].

Қайран, боздақтарым-ай! Солақай саясаттың құрбаны болып, жер жастанған ақиықтарым-ай! Қарағай басын шортан шалған заманда, қаратүнек кезеңде қара тізімге еніп, туған халқына, шетсіз, шексіз сүйген өз еліне оларды «халық жауы» қылып көрсеткен, тағдырларымен ойнаған қаны бұзық, қаны қара қанға жерік Сталин мен Голощекин, Мирзояндар қан қақсатты емес пе! Тұтас буынның төл басы – Ахмет, сыршыл, романтик ақын – Мағжан, жыр құлагері – Ілияс, жыр сұңқары – Сәкен, «қазақтың Джек Лондоны» атанған – Жүсіпбектің те өмірлері балдай тәтті болмады. Бірақ, бұлардың еңбектерін бізге жеткізген, мұраларын қызғыштай қорғаған әйелдері еді. Әйелдері мұрагерлері болды. «АЛЖИР» (Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) – Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шаруашылық, партия-кеңес басшыларының әйелдері мен қыздары жазықсыз жазасын өтеген лагер. С.Сейфуллиннің әйелі Гүлбаһрам, Б.Майлиннің әйелі Күнжамал, Т.Рысқұловтың әйелі Әзиза, С.Қожановтың әйелі Күләнда, С.Меңдешевтің әйелі Рәзия, Т.Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүппүн, С.Аспандияровтың әйелі Рабиға, Майнұр Сарымолдаева, Мәриям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Жанбике Шанина, Айша Қабылова, Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын



Қалменова, Мәдина Оразова, Мәрияш Есенгелдина т.б. көптеген қазақ азаматтарының әйелдері, аяулы аналары «жазасын» өтеді. [7].

Лагерге анасымен бірге түскен сәбилер 2-3 жасқа жеткен соң аналарынан айырылып алынып, балалар үйінің тәрбиесіне берілді.

Сөзімізді қорытындылайтын болсақ, Алаш арыстарының әйелдері – сенімді серіктері. Бір сөзбен айтқанда, «музасы» деу орынды. Бұл әйелдер – ұлттың ұстыны, ұйытқысы. Бұлар – бүгінгі жеткіншек қыздарға үлгі. Нағыз қазақ қызы, қазақ әйелі осындай болу керек-ті. Олар Алаш арыстарының жан жолдастары һәм мұндастары, әдеби кеңесшілері бола білді.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Ғабитова Ф. Өртеңде өнген гүл. – Алматы, 1998 жыл, 143 б.
2. «Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам» республикалық жастар журналы, №1(37) 2012 жыл, 52 б. // Мағжанның ақындығы Сәкендікінен жоғары.
3. Мағжан әлемі. Әдеби зерттеу. Құраст.: Сүлейменов Ж. Алматы: Асыл кітап, 2009. 496 б.
4. «Ақ желкен» республикалық жасөспірімдер журналы, №7 (20478), 2013 жыл, 29-31 бет
5. Республикалық «Жұлдыздар отбасы» («Аңыз адам» ) журналы, №20 (32) қазан, 2011 жыл, 52 б. // Ахаңның ұрпақтары Мәскеуде тұрады.
6. Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан Қазақ жерінің жоқшысы. I т. – Шымкент: Азиат, 2016 ж. 652 б.
7. «Ұлт болмысы» республикалық әдеби-мәдени журнал №9 (11) 2012 жыл, 21 б.

#### **Жұмағұлов Б.С.**

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясы 1-жұмыс тобының жетекшісі (Абай атындағы ҚазҰПУ)

### **XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстандағы XX ғасырдың 20-шы жылдардың аяғынан басталатынауыл шаруашылығын ұжымдастыру өзініңорасан зоралапатымен ерекшеленіп, кейін халықтың наразылығын, толқуын және көтерілістерін туғызды.

Оның себептері:

- бұл іс үкімет тарапынанэкономикалық тұрғыдағы алдын-ала дайындықсыз (материалдық көмек көрсету, тиісті азық-түлік қорын жасау, т.б.) жүргізілді ;

-ауыл тұрғындары арасында аталған науқанның қажеттігі туралытүсінік жұмыстары іске асырылмады;

- қысқа мерзімге белгіленгенұжымдастырудақорқыту, күштеу, жазалау шарылары барынша кеңінен қолданылды;

- малдары тартып алынған, тәркілеуге түскендерге, тіпті өз еріктерімен өткізгендерге азық-түліктік, тағы да басқа көмектер жасалмады;

-ұжымдастырылуға тиістіаудандардажаңа шаруашылықты негіздеудің табиғиерекшеліктері ескерілмеді;

- көшпелі мал шаруашылығымен айналысып келген шаруаларды жаңа кәсіпке дайындаужұмыстары іске асырылмады;

- тәркілеуге жататынауқатты, орта шаруаларға «социализмнің жаулары» деген айып тағылып,олардың басым бөлегінің қарсылықтарын тудырды;

- ұжымдастыру ісіне жауапты кеңестік белсенділердің басым бөлегінің білімсіздігі, тәжірибесіздігі,әдепсіздігі мен қатігездігі тұрғындардың бұл науқанға қарсылығын одан ары күшейтті.

Өмір сүрудің негізгі көзі - малынан айырылатын қазақ шаруасына осының барлығы тұтқиылдан келгеналапаттайәсер етіп,олардың басым бөлегіұжымдастыруға бірден қарсы шықты. Мысалы,шекаралас аудан тұрғындарымүмкіндігінше малдары, жанұяларымен көрші мемлекеттерге өтіп кетуге әрекет жасады, ондай жағдайы жоқтар наразылықтарын малдарынсою арқылы білдірді.Ал, нағыз батылдарының соңғыәрекеттерікүші тең емессталиндік билікке қарсы қарулы көтеріліске шығу болды.

Осындай жағдайда өткізілген Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру халыққа орасан зор күйзелу, қайыршылану, оның арты тұрғындардың бұрын болмаған көлемдегі қырғынға ұшырауына әкелді.

Міне осылай «Аса қаталдық және күш қолданумен іске асырылған сталиндық ұжымдастыру науқаны қолдан жасалған аштықты әкеліп, Қазақстанның экономикасын қиратты. Қазіргі күнгі анықталған баға бойынша 3-4 миллион қазақтар немесе олардың сандарының жартысынан астамы 1930 - жылдардағы қолдан жасалған аштықтан қаза болды» [1].

Жергілікті қазақтардың мүліктерін тәркілеу мен ұжымдастыруға қарсы алғашқы наразылықтары жоғарыда аталып кеткендей, малдарын жасырын сою болды. Бұл құбылыс бүкіл елде белең алып, большевиктік билік оған қарсы шара қолдана бастады. Мысалы «... КСРО ОАК мен ХКК “Малды жосықсыз союға қарсы күрес шаралары туралы» қаулысының негізінде 1930 жылғы қаңтардас от өндірісінде мал сойғаны және «ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанын болдырмау және оның белең алуына кедергі келтіру мақсатымен» арандатушылық пен айналысқаны үшін анықталған адамдарға қарсы 79-бап қабылданды. Аталған бапта «басқа жерге көшіре отырып немесе ерсімен, екі жылдық мерзімге дейін бас бостандығын айналыру» түріндегі жаза көрсетілді [2].

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын осындай бағыттағы ұжымдастыру шекаралас аудандардағы жергілікті қазақтардың көрші мемлекеттерге жаппай жасырын қоныс аударуларына ұласты. Бұл істің кең белең алуына байланысты жергілікті кеңес ұйымдары әскери шекара бөлімдерімен бірге оларға қатаң шара қолдана бастады. Көрші мемлекеттерге осындай жағдайдағы қоныс аудару әсіресе сол мерзімдегі Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Алматы өңірлеріне молынан тарады.... Бүкіл одақтық ОГПУ - дің Қазақстан бойынша орынбасары Альшанскийдің 1930 жылдың 22 желтоқсанындағы арнайы мәліметінде жазылғандай: «1930 жылғы 24 қарашадағы мәліметтерге қарағанда қазақтардың ішкі және сыртқы көші-қоны тоқталар емес». Осы құжатта баяндалатынындай, Алматы мен Семей округіне қарасты шекаралық аудандардағы қазақтардың Қытайға көшуі ерекше аталады.

... 1931 жылғы 31 желтоқсандағы БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті жалпы бөлімінің материалдарында Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданынан 170 шаруа қожалықтары, оның ішіндегі 30 бай қожалықтары, қалғаны – кедей және орташашаруа қожалықтары Қытайға көшіп үлгергендігі көрсетілген. Шекарадан 63 рет жеке тұлғалардың өтіп кетуі тіркелсе, олардың ішінде 5 коммунист, 9 комсомол мүшелері болып шыққан. Құжатта қоныс аударудың негізгі себептері: “1) өлкенің ауыл шаруашылығын жоспарлау мен басқару кезінде жіберілген кемшіліктері; 2) шаруашылық-саяси науқандарды іске асыру барысындағы асыра сілтеулері; 3) ауылдарда революция заңдарын орындату жолындағы күрестің әлсіздігі және ауылдық ұйымдармен жекелеген аудандық қызметкерлердің зорлық-зомбылығы; 4) ауыл ұйымдарының әлсіздігі мен үгіт-насихат жұмыстарының атқарылмауы; 5) ауылдағы өндіріс тауарларының тапшылығы; 6) байлардың арандату әрекеттері және олардың кедейлер мен орташа шаруаларға ықпалы, сондай-ақ қазақ ауылдары мен Қытайдағы қазақтардың арасындағы рулық-туыстық қатынастар деп көрсетілген” [3].

... Осылайша Қазақстаннан жаппай қоныс аудару - күштеп ұжымдастыруға қарсы күрестің бір түрі ретінде көрініс алып жатқан болатын. Жаппай қоныс аудару соңы – Қазақстанды үлкен демографиялық апатқа ұшыратты. Әртүрлі статистикалық мәліметтер бойынша, XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстандағы ашаршылықтан жергілікті халықтың 2-миллиондай адам (40%) шығыны болса, миллионға жуық адам ұжымдастырумен ашаршылық салдарынан Отанынан кетуге мәжбүр болды.

Осы мерзімде Кеңестік империя патша үкіметінің қазақ жерін отарлық қоныстандыру, саясатын одан ары жүргізе отырып, Қытаймен шекаралық осы аудандарды тағы да орыстармен қоныстандыра бастады. Мысалы, аталған тұрғыда Зайсан уездік жерге орналастыру комиссиясының 1927 жылдың 8 ақпанындағы шешімімен түгел қазақтар мекендеп келген шекаралық Тарбағатай болыстығының Бозша қонысына (қоныс аударушы Василий Абрамкинның өтініші бойынша) 41 адамнан тұратын 8 орыс шаруашылығына шабындық, т. б. қолайлы жер алынып берілді.

Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың шет елге жаппай жасырын қоныс аударуын болдырмау мақсатында Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесі 1930 жылдың 3 сәуірінде шекара аймағынан 100 шақырым қашыққа барлық байлар, кулактар және олардың жанұяларын қоныс аударту туралы қаулы шығарды. Осы қаулыға орай 1930 жылдың аяғынан бастап Шығыс Қазақстанның Күршім, Зайсан, Тарбағатай өңірлері қазақтарын жаппай Өскемен уезі аймақтарына көшіре бастады. Міне осыдан барып, Қазақстанның жаңа заман тарихындағы орын алған осындай бұрын болып көрмеген қырғынның себептерін айқындау, қорытындысын толығымен зерттеп, ашығынан жариялау тарих ғылымы үшін ғана емес, сталиндік өз халқын қыру саясатының

құрбандары болғандардың рухы үшін де қажет екендігі айғақ. Қазақстандағы осы науқанның басында болғандардың аюандық қызметтерін дехалқымыз ешқашан ұмытпауы керек деп есептейміз. Соның ішінде “...1920 жылы Михаил Фрунземен бірге Орталық Азияға келген Ф.И. Голощекин ұжымдастыру кезінде Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болды, осы кездегі қылмыстық тәжірибенің елеулі бөлегі үшін жауап беруі керек. Құжаттар айғақ болатынындай, Голощекин мен оның әкімшілігі одан ары тіпті орталықтың нұсқауларынан да ары толық ұжымдастыруға ұмтылды және бұған аса қаталдық пен күш көрсету арқылы қол жеткізілді. 1930 жылдың көктеміндегі Сталинге жазған ерекше құпия хатында Голощекиннің өзі Қазақстанда қолданған әдістерінің қаталдығын мойындады: «Жекелеген аудандарда ұжымдастыру аса қажеттерін, еңсоңғы үзім нандарына дейін алу арқылы іске асырылуда», - деп жазуы оның осы саясатты іске асырудағы орнын көрсетіп беретіндігі белгілі [9].

Міне осылай «Кеңестік саяси ұжымдастыру елдің барлық аудандарында орасан бұлдіру мен қайғы әкелді. Қазақстанда оның экономикасының өзіндік ерекше жағдайына байланысты (байырғы тұрғындарының көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты) бұл қасірет болмаған жағдайда орын алды. Қазақтар үшін ұжымдастыру отырықшы өмір салтына күштеп ауыстырушылық және қазақ тұрғындарының басым бөлегінің өмір сүруінің негізіне айналған дәстүрлі мал шаруашылығын қирату бағытымен жүргізілді. Егер 1930 жылы Қазақстан өзіндегі 40 миллион бас мал болуы арқылы ет өндіру мен оны шығарудың негізіне айналса, 1932 жылы онда барлығы 5 миллион ғана мал болып, екі жыл бұрынғының 8-ден 1-і ғана қалды [10].

Қазақтардың дәстүрлі экономикасы мен өмір салтын аяусыздықпен бұзу болмаған мөлшердегі қолдан жасалған аштықтың себебіне айналды. Ол миллиондаған қазақтардың аштықтан құтылу мақсатымен өздерінің үйлерін тастауларына мәжбүр етті, алайда жол бойында аштық пен аурудан қазаға ұшырады [11].

Арты алапат аштыққа, адамдардың жаппай қырылуына әкелген күштеу, мәжбүрлеу, қорқыту, зорлау мен жазалау арқылы жүргізілген ұжымдастырудың соңы Қазақстанның барша аймақтарындағы жергілікті тұрғындардың басқа амалдары қалмаған қарулы қарсылықтарына ұласты [12].

1930 жылдардың басындағы Қазақстанның әр аймақтарында орын алған “көтеріліс ошақтары артиллерия, тіпті авиацияны пайдаланған тұрақты әскерлер күшімен қаталдықпен басылып, негізінен балалар, әйелдер, қарттар қырғынға ұшырады. Қозғалысқа қатысқандары үшін ОГПУ орындары арқылы 5551 адам жазаланып, оның 883 атылды. Сотсыз жазаланғандар саны одан да көп болды [13].

Міне осылай «Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң дазұлмат ғасыр болды. ... ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді» [14].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс» [15] - деуі отандық тарихшыларға жоғарыда айтылған мәселелер бойынша үлкен міндет жүктейді.

2020 жылғы 24 қарашада мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлыққа қол қойған болатын. 2020 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ. Көшербаевтың төрағалығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысы өтті. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру екенін атап өтті. Қазір жер-жерде, облыстарда сол кезде жазықсыз жапа шеккендерді толық ақтау туралы комиссия құрылып, мамандар жұмысты бастап кетті. Алматы қаласы бойынша құрылған 9 жұмыс тобының «372 көтерілісті басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы, сондай-ақ осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін соттан тыс және сот органдарының тарапынан қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау бойынша қорытындыны және ұсынымдарды зерделеу, дайындау туралы материалдар жинау» атты жұмыс тобы осы бағытта біраз жұмыстар тындырды. Мысалы, комиссия мүшесі заңгер Уалихан Ахатов Бетпаққара көтерілісі және оған қатысқан адамдардың Алматы қалалық полиция департаментінің және Орталық мемлекеттік мұрағаттарындағы жеке істерін саралап, зерттеу жұмыстарымен айналысып, мыналарды анықтады. Көтеріліске кәмпескелеу науқаны себеп болды. Қазақ АКСР-і ОАК-нің шешімімен мұнда көптеген байлар, ауқаттылардың мал мүліктері тәркіленді. Аталған саяси науқан барысында

байлардың отбасыларының, өлкеден шыққан Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Есболовтың және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Ә.Жанбосыновтың серіктері мен балаларының әділетсіз қуғындалып, абақтыға жабылуы жергілікті халықтың ашу-ызасынтудырды.

Көтеріліс басталған кезде Бетпаққараның өзінде ғана РКФСР «Қылмысты істер кодексінің» 58-бабы бойынша «контрреволюционерлер», «ұлтшылдар», «алашордашылар» деген айыптармен көптеген адам тұтқында жазықсыз отырды.

Бас көтерушілердің басты мақсаты - аталған адамдарды қамаудан босату болды. Кеңес өкіметі органдарындағы басшы адамдардың озбырлығы, астық дайындау науқандарындағы жүгенсіздіктер, өкіметтің дінге теріс көзқарасы қалыптасқан ахуалды шиеленістіре түсті. Бұл нағыз халықтық көтеріліс болатын. Себебі, мұрағат деректерінен көргеніміздей тек қазақ ұлтының өкілдері ғана емес, сонымен қатар басқа да ұлт өкілдерінің аталған көтеріліске қатысқаны белгілі.

Қазіргі таңда Бетпаққара көтерілісіне қатысушылардың жеке істерін зерттеп жатырмыз. Тергеу қоры. (№ 648 қылмыстық іс). Бақылау ісі № 012318. 3 томдық. Ол ОГПУ органдарында есепте тұрған тергеу тұтқындарының істері зерттеліп жатыр, онда ИТЖ-ға бұлтартпау шарасын тағайындау туралы қаулы жоқтығына қарамастан тергеуде болғаны анықталды.

Тургумбеков Сейдахмет, Айдабулов Байкен, Ергазыев Сұлтан, Култанов Байтмухамед, Амиров Бекмагамбет, Бейсембаева Аткурмай, Саурбаев Альмагамбет, Дюсенов Абдрахман, Адырбаев Байтурсын, Абдиев Ахмет, Байжанов Альшагир, Балтабаев Абдильда, Секибаев Баймагамбет, Каралдин Байкадам, Сатыбалдин Мурза, Исмаилов Мухамеджан, Кавылов, Баймуратов Әбіш, Ибраев, Габбасов Ахметжан, Бармаков Омар, Исенбаев Мағзум, Малаев Нугман, Жандильдин Тлеукабыл, Баймуратов Шопыбай.

Сонымен қатар, Қазақстанның оңтүстігіндегі Созақ ауданында ірі бой көрсету болып өтті. Оның басталуына ауданда мал-мүлкінен айырылған кулактар мен олардың туыстары үшін бірнеше тұтқындар лагерінің ашылуы мен мұсылмандар үшін қасиетті саналатын Ораза айында діни әдет-ғұрыптарды орындағандарға өкімет орындарының айып салуы сылтау болды. Бұл 30-жылдардың басындағы неғұрлым ірі көтерілістердің бірі. Көтеріліске 5 мыңдай адам қатынасты. Сол уақыттағы деректер бойынша бұл оқиғалар «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс» ретінде сипатталды. Ақпан айында Созақтың төңірегіне 400-дей адам жиналды. Болыс қызметін атқарушы С.Шолақов хан болып сайланды, ол өз басшылығымен көтерілісшілердің алғашқы отрядтарын құрды. Созақ көтерілісі Сырдың бойындағы Түркістаннан Жаңақорғанға дейінгі аумақты қамтыды. Көтерілісті басу үшін Ташкенттен жалпы саны 225 адам болған бірнеше әскерлендірілген топ жіберілді. Жазалаушы отрядтың қатары жуырдағы елді мекендердегі коммунарлар отрядымен толықты. Әрине қантөгіспен басылды. Көтерілісшілер сол жылдың көктемінде талқандалды. Көтеріліске қатысушыларды құғындау 1938 жылға дейін жалғасты. Зерттеу жүргізу барысында төмендегі Созақ көтерілісіне қатысушылар мен оларды ұйымдастырушылар анықталып олардың жеке істері сараланып, зерттеліп жатыр. Олар: Сұлтанбек Шолақұлы, Али Асадулла, Баскиев Мирза-Ахмет, Бейсенбаев, Ж.Достманбетов, М.Ахмедов, Д.Атамьшев, А.Ундабаев, М.Тыншбаев, Х.Джемолтдинов, Кужак, Д.Атинбаев, К.Жолшиев, С.Шалымбетов, А.Дюганов, О.Оразбаев, Т.Аюбеков.

Ал, тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлекова Мереке Жетісу жеріндегі Ақсу ауданындағы көтерілістің себептері мен оған қатысушылар туралы деректерді анықтады.

27 наурыз 1930 жылы 200 адамнан тұратын көтерілісшілер Абакумовканы басып алады. Оларға Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы жергілікті адамдар да қосылады. Келесі күн көтерілісшілер жағына Арасан жерінің тұрғындары қосылып 40 адамнан тұратын отряд құрады. Көтеріліс ұлттық сипатта болмады, олардың қатарындасол жерлерде тұрып жатқан орыстарда қатысты. Тіпті орыстардан тұратын жеке арнайы көтерілісшілер отряды да жасақталған. Көтеріліске қатысушылардың шешімі бойынша орталық штаб Ақсуда болды, оның құрамына Е.Жанбаев, К.Калиев және Г.Сатырбаев кірді. Алғашқы ОГПУ жасақтарымен шайқастары 28 наурызда болды. Көтерілісшілер алдымен Арасан ауылын басып алады. Осы жерде оларға орыс шаруаларыда қосылады. Көтерілісшілердің негізгі отряды Егеубек Жанбаев бастаған Ақсуды басып алып жергілікті партия-кеңес белсенділерін тұтқындайды [16].

1930 жылы Жетісу өңірінде Ақсу-Бүйендіден басқа Ақешкі, Қопа шатқалында және Баян тауларында болды. Көтеріліске қатысушылар туралы құжаттарда оларды қарақшылар ретінде сипаттаған. Көтерілістің шын себебі көрсетілмеген. Жергілікті жерлердегі партиялық кеңестік құқық қорғау мекемелері тарапынан жүргізіліп отырған қуғындау халық бұхарасын осындай көтерілістерге итермелегендігі туралы айтылмайды. Көтерілісшілер мен олардың басшыларын феодалдар мен

байлардың қуйыршықтары деп, ал көтерілістің негізгі басты қатысушылары кедей және орта шаруаларды адасып жүргендер, қараңғылықтан, байлар мен кулактардың алдауына түсіп қалғандар деп сипаттаған[17].

Аксу-Бүйенді көтерілісінің басшыларының бірі Танирберген Тұрысбеков қарапайым халықты жаппайқырылудан аман сақтап қалу үшін адамдарды көрші жатқан Қытай территориясына өткізіп жіберген.

20 маусым 1931 ж. Оразалы Кастеков бастаған көтерілісшілер Алматы облысы, Кастек ауданының «Комсомол» колхозының конторын басып алған. Аңырақай тауларындағы екі шайқастан соң көтерілісшілер талқандалады. Бірақ бас көтерулер мен қарсылықтар желтоқсанға дейін созылады.

Алматы облысының Балқаш ауданында жергілікті белсенділер күшпен шаруаларды колхоз қатарына кіргізеді. Колхоз қатарына кіргендерден «ерекше салық» алынады. 3 сәуір 1930 ж. тәркіленген байларды жер аудару туралы көшпелі сот отырысы өтіп жатқан кезде Кеңестер Үйіне ызаланған халық басып кіреді. Кеңес мекемелерінің қызметкерлерін тұтқынға алып оларды тұтқындайды да соттың барлық құжаттарын жағып жібереді. Көтерілісшілер жергілікті анаулаушылар одағының қоймасындағы қаруларды алады. 7 сәуірде көтерілісшілердің кезекті отырысында көтеріліске басқа аудандардың адамдарын да шақыру мәселесін талқылайды. Бірақ жазалаушы отрядтың күтпеген жерден келуі мен Мемлекеттік комиссия бұл жоспарларын жүзеге асыруларына бөгет болады. Қаруланған күшке қарсы тұра алмайтындарын түсінген көтерілісшілердің жасырынуына тура келеді. 21 сәуірде көтеріліс толығымен басылады. Сталинге жазған хатында 1931 ж. Голощекин Қазақстандағы ең ірі көтерілістер қатарында осы Аксу-Бүйендіні жатқызады (кейбір зерттеушілер оны Сарқант көтерілісі деп атайды)[18].

Ардақ Беркімбаев өзінің зерттеу саласы бойынша Шыңғыстау көтерілісінің материалдарымен танысып, оларға қатысты құжаттарды зерделеді. Кеңес үкіметінің колхоздастыру саясатына қарсы шыққан Шыңғыстаудағы көтеріліс Қазақстанның басқа да аудандарында болып жатқан көтерілістермен үндес еді. Тіршіліктің тірегі, күнкөрістің көзі тек мал ғана болған қазақ ауылы үшін бұдан өткен қысым-қианат болмас. Жұрт жаппай аштыққа ұшырай бастады. Оның үстіне, жұртқа түсініксіз әрі ешқандай экономикалық, материалдық негізі жоқ жерде коллективтендіру ісі мәжбүрлеумен жүргізіле бастады. Ауданға қарасты Саржал, Машан, Бақанас және Жидебайдағы «Өркенді» кооперативтерін талқандап, Қарауылдағы орталыққа шабуыл жасалады. Көтерілісті Медеуов Санияз және Торайғыров Емілжан басқарып, оған барлығы 200-ден астам адам қатынасқан. Көтерісшілер ақ жалау көтеріп, халықты аудандағы кеңес үкіметін құлатуға шақырған. Көтерісшілер көрші Қу және Абыралы аудандарымен байланыс орнатып, оларды көтеруге әрекеттенеді. Бірақ Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері бұған кедергі жасады, көтеріліс кең тарап үлгермей жатып-ақ ақпан айында күшпен басып тасталынды. Тұтқындалғандардың жалпы саны -189 адам. Олардың ішінен ОГПУ-дің «ерекше үштігінің» 1931 жылғы 15 мамырдағы шешімімен 47 адам ату жазасына кесілді, ал 105 адам еңбек түзету лагерьлеріне қамалды, Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 13 адам жер аударылды, шартты түрде 23 адам тағы сотталған екен.

Маңғыстаудағы көтерілісшілер тағдыры туралы мынадай мәліметтер белгілі болды. Көтеріліс барысында қолға түскендер ішінен 802 адамның № 17, 38, 100, 3329, 5671-ші тергеу істері бойынша РСФСР қылмыстық кодексінің 58-2 бабы (контрреволюциялық көтеріліс) және 59 бабы (бандитизм) бойынша жауапқа тартылып, тергеу жүргізу кезінде осылардың ішінен 79 адам Гурьев, Ақтөбе абақтыларында қайтыс болып, 215 адам әрекеттерінде қылмыстық құрамының болмауына байланысты босатылды деп көрсетеді. Ал, 508 айыпкердің ісін Гурьев Мемлекеттік біріккен саяси басқармасының оперсекторы қылмыстарын белгілеу үшін Қазақстандағы өкілдігіне жіберді. Бұлардың үштігі өзінің 1931 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен Доссор, Жылой, Ойыл және Маңғыстау аудандарынан 135 көтерілісшіні және 5 сәуірдегі 1932 жылғы қаулысымен 373 Маңғыстаулықты соттап жіберді дейді. Маңғыстаудағы көтерілістің 15 басшысы мен белсенді қатынасушылары ату жазасына кесіліп, олар халқының бақыты үшін шыбын жанын қиған ерлер – Боқымаш Шоланұлы, Қарамырза Ембердіұлы, Рахмет Боқымашұлы, Демеген Айтжанұлы, Қоғабай Алдасүгірұлы, Өтебай Жанасұлы, Қойшығұл Жантілеуұлы, Демепберген Ембердіұлы, Көбеген Құрманұлы, Қойсара Қайдағұлұлы, Әмір Нысанұлы, Қазақ Шиенұлы, Көбейсін Қуантырұлы, Жұмабай Үсенұлы, Лұқпан Сарықұлұлы екендігін айтады.

21 адам дүние-мүлкі тәркіленіп, концентрациялық лагерлерге айдалды. 17 адам дүние-мүлкі тәркіленбей 10 жылға айдалды. Бес жылға дүние-мүлкі тәркіленіп 125 адам, ал дүние-мүлкі тәркіленбей 14 адам сотталды. Бір жылдан үш жылға дейін дүние мүлкін тәркілеп 39 адам, дүние-мүлкі тәркіленбей 53 адамға түрмеде отыруға үкім шығарылды. Қазақстан өңіріне бес жылға – 19

адам (үш жылға дүние-мүлкін тәркілеп – 11, дүние-мүлкі тәркіленбей – 8 адам жер аударылды). Алпыс алты адамның тергеу уақытында абақтыда отырған мезгілдері есепке алынып, қамаудан босатылған екен.

Ал, заңгер Шолпан Забих Алматы облысындағы көтерілістер туралы мынадай мәліметтер береді.

Алматы облысының аумағында, сол кезеңде Алматы округінде 1930 жылдың көктемінде Қаратал ауданында ұжымдастыру саясатына қарсы халық көтерілісі басталды. Қаратал ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда Ескелді, Күмік, Төменгі, Қаратал және Оңтүстік Балқаш болыстарының негізінде құрылған. Халық наразылығының негізгі себебі қазіргі билік жүргізіп отырған қазақ ауылын қайта құру, отырықшы өмір салтына көшу, банктердің, орташалардың мүлкін тәркілеу, жергілікті халықтың барлық құқықтарын бұзу болды. Алматы облысы бойынша қалалық комиссия көтерілістің 20 қатысушыларының ақталмағандығын анықтады, олардың ішінде Қаратал көтерілісінің құрбандары Иманғалиев Максұт, Махаметчинов Сейітжапар, Бақытжан Боза, Торғауытов Уатқан, Болтаев Ахметжан, Болтаев Мұқыш, Баймағамбетов Абдағамбар т.б. бар. Олардың барлығы тұтқындалып, ҚазССР ІІП жанындағы Үштіктің шешімімен РКФСРК ҚК 58-бабы бойынша түрлі мерзімге түрмеге қамалды, кейбіреулері жоғары жазаға кесілді. Алайда олардың арасында іздеу жарияланғандар да бар, сондықтан олардың тағдырына көз жеткізу қиын, себебі мұрағаттарда көтеріліске қатысушылар туралы толық ақпарат сақталмаған.

Қазіргі уақытта қалалық комиссия көтеріліске қатысушылардың тергеу істерін, жауап алу хаттамаларын мұқият зерделеп, сол уақыттың жалпы бейнесін жасайды. Уақыт өте келе сарғайған мұрағат құжаттарын жазып, әр адамның өмірін өзінен еріксіз өткізіп, көтеріліске қатысушының тағдыры қаншалықты қайғылы болғанын түсінесің. Мұрағаттық құжаттардың құрғақ фактілерінің артында олардың тағдырлары, сондай-ақ олардың балалары мен туған-туыстарының тағдырлары тұр.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Архив Президента РК, Ф. 5-Н, Оп. 1, Д. 2935, Л.13.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнанбүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: Атамұра, 2010, 263 б.
3. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты - Правда о голоде1932-1933 годов /Аяган Б.Г., Кыдыралина Ж.У., Ауанасова А.М., Кашкимбаев А.Н., Анафинова М.Л., Ильясова К.М. Под редакциейБ.Г. Аягана. - Алматы: ТОО «Литера-М», 2012-336 с.+16 с. вклейка-каз., рус., 135-136 б.
4. Бұл да сонда, 136-141 б.
5. Ғасырлар бойы созылған қасірет. Қазақстандағысаяси қуғын- сүргін жәнеашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған республикалықғылыми – тәжірибелікконференция материалдары. Қарағанды, 2012, 17, 25-26 б.
6. Қарасаев Ғ.М. Қазақстан және Алтай өңірі XVIII-XX ғасыр аралығында: Қазақстанның шығысы жәнеАлтай өлкесі деректерінен.-Толықтырылып, 2-басылымы. Өскемен, “Медиа-Альянс” баспасы, 2004, 348-351бб.
7. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 2935, лл.13, 15-16,18,19
8. Ғасырлар бойы созылған қасірет. Қазақстандағысаяси қуғын- сүргін жәнеашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған республикалықғылыми – тәжірибелікконференция материалдары. Қарағанды, 2012, 17 б.
9. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 2935, л.16
10. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 2935, лл.15-16
11. История Казахстана: народы и культуры. Алматы 2001, 290-298 бб.
12. Бұл да сонда, 280-281 б.
13. Қазақстан тарихы (көне заманнанбүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: “Атамұра”, 2010, 302 б.
14. Н.Назарбаев. “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” 12 сәуір 2017, 3 б.
15. Қ.Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат //Егемен Qazaqstan. 05 қаңтар 2021ж.
16. <https://go.mail.ru/redir?type=sr&redir=eJwNy70NwjAQOGE3jHMYc1EQjIK>
17. СпецархивДП г.Алматы, Ф 20 оп.1 Д 03821 лл.1-3
18. Үш жылда 372 көтеріліс болды //Егемен Қазақстан, 2017 ж. 24 мамыр

#### IV-СЕКЦИЯ

### МУСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ «ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ»: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ

А.Қ.Ахмет, т.ғ.д., профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазақстан Республикасы.

#### СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Уақытында соғыс тұтқындарының тағдырын зерттеу мен зерделеу жабықта, қиын тақырып болғандығы белгілі.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерінің бірі – соғыс тұтқындары туралы тереңірек қарастырған жөн. Бізде көптеген оқиғаларға, тіпті адам тағдырына да өз мақсат-мүддеміз емес, өзгелердің көзімен, қоғамдық құбылыстардың барлығын еш реңксіз, «ақ» пен «қараға» бөле саралайтын идеология тұрғысынан қараудың ызғары әлі де сезіледі. Бұл жағдай, әсіресе екінші дүниежүзілік соғыс барысында тұтқынға түскен отандастарымызға қатысты көзқарастан айқын байқалады. Олардың артында қалған ата-аналары мен жанұяларына, ағайын-туысқандарына тілдей ғана майдан даласынан хабар-ошарсыз кетті деген қасаң жазылған үшбу хаттар ғана келді.

Кеңестік кезеңде тұтқынға түскендерді көріп, естісек болғаны олардың барлығы сатқындар болып есептелгені белгілі. Біздің санамызға ондаған жылдар бойы коммунистік идея солай құйып келгені де жасырын емес. Бұның себебі, көбіне Кеңес үкіметінің соғыс тұтқындарына «сатқындар» ретінде қараушылыққа байланысты. Ал сол сана сезімді қирататын уақыт жетті.

Неміс зерттеушісі Кристиан Штрайттың «Они нам не товарищи» еңбегінде атап көрсетілгендей, неміс армиясының «Россиядағы әскердің тәртібі туралы» бұйрығының 3 тармағын сөзбе-сөз келтірсек «По отношению к личному составу Красной армии, в том числе военнопленным, требуется крайняя сдержанность и высочайшая бдительность, так как есть основание рассчитывать на коварные методы борьбы. Особенно непроницаемыми, не поддающимися расчету, коварными и бесчувственными являются азиатские военнослужащие Красной Армии» [1, с. 58]. Аталған еңбекте екінші дүниежүзілік соғыс тұтқынға түскен түркістандықтардың еврейлермен пара-пар қорлық, сұмдық пен азапты бастан кешкендігін архив деректерімен дәлелденеді.

Бізде зерттеушілер шынында соғыстың бастапқы кезінде қалыптасқан күрделі жағдайды және тұтқындар құбылысын тудырған басқа да факторларды еске алумен басын қатырмайды. 1941 жылдың жазы мен күз айларында кеңес әскерлерінің барлық майданда бірдей аса ауыр жеңілістерге ұшырауы кеңес солдаттарының неміс тұтқынына қалай түскенін, әсіресе, мұнда адами фактордың маңызды рөл атқарғанын анықтайды. Кеңес соғыс тұтқындарының тағдыры Қызыл Армияның герман әскерлерінің соққыларына төтеп бере алмауының көрінісі екендігін білдіреді. Соғыстың алғашқы айларындағы ұрыстар барысында бүтін полктер мен дивизиялар қоршауда қалып, тұтқынға түсуге мәжбүр болады. Кейбір зерттеушілердің мәліметтері бойынша, кеңес соғыс тұтқындарының саны 5,7 млн адамға дейін жеткен, олардың ішінде 3,8 миллионы немістер тұтқынына соғыстың алғашқы айларында-ақ түскен. Қызыл Армияның кейбір жауынгерлері мен командирлері тұтқынға контузияға ұшырап, не қатты жараланған күйде түседі. Түркістандықтарға жетіп жатқан жағдайда ғана, қару ең соңғы кезекте берілді, себебі олар екінші сорттағы жауынгерлер ретінде есептелді. Өмірі қолдарына бұрын қару ұстамаған 19 жас шамасындағы боздақтар бақайына дейін қаруланған герман әскерлеріне қарсы қойылды, осылайша тура өлімге айдап салынды.

Сонымен бірге, тұтқын мәселесін зерттеуде майданға кірген солдаттардың көңіл-күйіне, әлеуметтік жағдайына, қазақ елінің опан-топанын шығарған Кеңес өкіметінің көзқарасына онша мән берілмейді.

...1941 жылдың қазан айында Мұстафа Шоқай аса құпия түрде Вали Каюм-ханға жазған хатында «Мен бұл жолдарды сіз үшін ғана жазып отырмын, оны аса құпия ұстауыңызды сұраймын», - деп бастап, неміс лагерлеріндегі түркістандықтардың өлім мен өмір арасындағы қайғылы жағдайы, лагерь әкімшілігінің оларға көрсетіп отырған зорлық-зомбылықтары жөнінде баяндайды [2, 7 б.].

Немісше Stammlager (Шталаг) – негізгі лагерь деген ұғымды білдіреді. Шталаг – екінші дүниежүзілік соғыста фашистік Германияның қатардағы жауынгер соғыс тұтқындарына арналған лагерь. 1941 жылы Германияда 80-ге жуық осындай лагерьлер болды. Мұнда сағат сайын, күн сайын өмір үшін күресуге мәжбүр екендігі туралы адам сенгісіз сұмдық жағдайлардың болғандығы тарихтан белгілі.

Кеңестік кезеңде соғыс тұтқындарының тағдырын зерттеу мен зерделеу «құпия»жабық тақырыптардың біріболғандығы белгілі.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерінің бірі – соғыс тұтқындары туралы мәліметтер. Бұл туралы өлкеміздің тарихында арнайы зерттеу жұмыстары жоқ.Осыған орай екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өлім лагерінде ажал құшқан жерлестеріміз туралы республикалық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат беттерінде мақалалар жарияланды [3].

Жаудың қоршауына ұшырап, қолға түсіп қалған жауынгердің тағдыры қатты өкіндіреді. Әр адамның тағдыры үлкен хикая, ол ойыншық емес. Оның ұрпағына, бала-шағасына әсер етті. Сондай адамдардың айтылмай жатқан тағдыры қаншама. Олардың тарихтағы лайықты орнын беру әділеттілік болмақ. Шетелдік ғылыми орталықтар әскери тұтқындардың тағдыры туралы тақырыпты зерттеумен жетілікті айналысады, қоғамдық ұйымдар түрлі жұмыстар жүргізуде екені белгілі. Тұтқындардың ағайын-туыстары архивтерге хабарласып, өлген, жерленген жері туралы ақпарат, оның тағдырын анықтау үшін қандай да бір дерек іздеп жатуы соғыс жаңғырығының әлі толық жойылмаған қабаттары жетіп артылатынын байқатса керек. Ресейде осыған орай 2006 жылы ОБД (электрондық архив) «Мемориал» жұмысын бастады. Осы аталған архив қорындағы тұтқында қаза тапқан жерлестеріміздіңқұжаттарына назар салсақ.

... Соғыс барысында тұтқынға түскендер шталагтарға айдалды.

Аталған лагерьлерде немістердің қанына сіңген ұқыптылықпен қолға түскен соғыс тұтқындарының анкетасын мүмкіндігінше толық толтыруға тырысқан. Анкетада тұтқынның аты-тегі, туған жылы мен күні, ұлты, мекен-жайы, жанұялық жағдайы, балалары, мамандығы, білімі, қай тілде сөйлейді, бойы, шашы мен көзінің түсі, әскери шені, қай бөлімде қызмет атқарды,қандай әскери мамандық бойынша оқығандығы,қай жерде тұтқынға түсті, қанша ақшасы мен бағалы мүлкі, лагерьдегі нөмірі туралы мәліметтер толтырылған. Анкетаға әрбір тұтқынның бармақ ізін бастырып отырған. Сондай-ақ қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берілмеген жағдайда жазаға тартылатындығы анкетада көрсетілген. Анкеталардағы мәліметтерді неміс тілмаштары тұтқындардан жауап алу барысында толтырған. Қолдарында ұстап отырған кішкентай тақтайшада тұтқынның лагерьдегі нөмірі. Фотоға түсірерде тақтайшадағы нөмірді кетіріп, жаңасын жазып жәнеанкетаға тұтқынның 3×4 фотосын жапсырып отырған.

Лагерьлерде тұтқындардың шамадан тыс шоғырлануы адам төзгісіз антисанитаралық жағдайға соқтырды, күніне 10 тұтқынға бір буханка нан берілді, ол да жетіспеді. Неміс лагерьлерінде тұтқындар ашық аспан астында ұсталды, тамақтары үсіген қырыққабат пен қабығы ашылмаған картоптан тұрды. Ашыққан тұтқындар лагерь айналасындағы шөптерді азық ретінде қолданып, оны да жеп тауысқан. Тұтқындар ашық аспан астында ұсталды, күн суыта олар амалсыздан жер қазып, жер кепелерде өмір сүруге мәжбүр болды. Лагерьлерде тұтқындар аштықтан, аурудан, азапты жұмыстардан, майдан даласынан алған ауыр жарақаттарынан өлім құшты.

Осындай өлім лагерьлерінде ажал құшқан бірнеше жерлестеріміз туралы аталған лагерьлерде толтырылған мәліметтерге назар аударсақ. Өлім лагерьлерінде кіндік кескен туған жерінің бір уыс топырағы бұйырмай ботадай боздап өткен тұтқындардың бірі жерлесіміз**Қали Төреғалиев** Гурьев қаласында 9 қаңтар 1901 жылы дүниеге келген. Жұмысшы батальонның қатардағы жауынгері. Тұтқынға 7 мамыр 1942 жылы түскен. Украинадағы355-Проскуров(Proskurow)шталагерінде болған. Лагерь 1942 жылдың қаңтары мен 1943 жылдың қараша айлары аралығында Украина территориясында болған. Лагерь Ракова әскери қалашығының аумағында орналасты. Аталған лагерьде әскери тұтқындарға екі мезгіл ғана тамақ берілген. Күндіз 100 грамм (картоп қабығы, тары, алабота, балдыр, емен қабығы кебек, сияқты әртүрлі қоспадан жасалған), яғнисуургот нан, түскі мезгілде бір ожау қабығы тазаланбаған картоп, қызылша, капуста сияқты көкіністердің суға былғанған быламығы берілді. Тұтқындарға берілген тамақтың еш құнары жоқ болатын, әрі іш ауруларын қоздырды. Лагерьде 60 мыңға жуық тұтқындар аштан, түрлі жұқпалы аурулардан өлді. Жауынгер Қ. Төреғалиев лагерьде 19 қаңтар 1943 жылы қаза тапқан. Толтырылған анкетада жұбайы болуы керек Төреғалиева Бақыт есімі және оның Бақсай ауданы Кондаурово (қазіргі Алмалы) ауылында тұратындығы жазылған.

**Қаражан Нұртазиев** Гурьев облысында 13 қараша 1919 жылы дүниеге келген.Соғыстың алғашқы апталарының бірінде 13 шілде күні Орша түбінде тұтқынға түскен. Лагерьдегі номері № 39854. Ченстоховадағы № 316 шталагта 1942 жылдың25 мамырда қайтыс болған [4].

**Құрмаш Жұмалиев** 1918 жылы бұрынғы Бақсай ауданы (қазіргі Махамбет), Гапоз?ауылында дүниеге келген. Мәліметте солай толтырылған. 23 жастағы жауынгер сапер батальонында әскери борышын өтеп жүргенде соғыс басталған. Ол II-Штетин (Щецин) әскери округінің Вестфаленхоф II Н



(302) шталаг лагерінде тұтқында болған. Бұл лагерь Польша мемлекеті аймағындағы Гросс Борн Редеритце (Groß Born-Rederitz (Borne)), (Баркниевко) орналасқан. Жерлесіміздің лагерьдегі жеке нөмірі №16537. Осы өлім лагерінде боздақ 1941 жылдың 22 желтоқсан күні қаза тапты. Немістер толтырған анкетаданың жанұясы туралы мәліметте әкесі Балгенов Жұмәлі есімі жазылған.

**Ислам Жанайев** 15 шілде 1917 жылы Бақсай ауданы Бақсай ауылында туған. Қызыл армияның 62-ші атқыштар полкінің қатардағы жауынгері. Соғыстың алғашқы күндерінің бірі 25 маусым күні Литва территориясында тұтқынға түскен. Литваның Зилуте (Silute) жеріндегі I C (331) шталаг лагерінде тұтқында болған. Тұтқынның лагерьдегі жеке нөмірі №3174. Жауынгер өлім лагерінде азапты күндерді бастан кешіп, 1 жыл 4 айдан кейін, яғни 24 қазан 1942 жылы өлім құшты. Тұтқын анкетасында ағасы Жансиев Талғат (Талихат) есімі, мекен-жайына «Гурьевский» ұжымшары жазылған.

Ал **Құрал Қарабалиев** 1917 жылы бұрынғы Бақсай ауданы (қазіргі Махамбет), Сарайшық ауылында дүниеге келген. Қызыл Армияның қатардағы жауынгері. Сталинград қырғынында 7 тамыз күні 1942 жылы жау қолына тұтқынға түскен. Сол жылдың 22 қазанында 25 жасында лагерьде ажал құшқан.

Осындай өлім лагерьлерінде ажал құшқан бірнеше жерлестеріміз туралы мәліметтер беріп өтсек. Өлім лагерьлерінде туған елінің бір уыс топырағы бұйырмай ботадай боздап өткен тұтқындарының бірі **Өтешов Табылды** 1915 жылы 15-шілде күні Қазақ КСР, Гурьев облысы, Есбол ауданы, Гребенщик ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Жанұялы, 2 баласы бар. 5 кластық білім алған. Қызыл Армияның 574 жаяу әскер полкінің 9 батальоны, 3 ротасының қатардағы жауынгері. 1941 жылдың 6 шілдесінде Бобуриск маңында тұтқынға түскен. Тұтқында №301 шталагта болған. Лагерь Польшаның Люблин воеводствосындағы Демблин қаласында орналасқан. Ажал лагері 1942 жылы ашылып 1943 жылдың аяғына дейін жұмыс жасады. Бұл лагерьде кеңестік 150 мыңдай соғыс тұтқындары ашттықан, әртүрлі жұқпалы аурулардан өлді. Жерлесіміздің лагерьдегі жеке нөмірі №280891. Тұтқынға түскеннен кейін үш айдан соң, яғни 1941 жылдың 18 қазан күні лагерьде бақилық болған [5].

**Сариев Саят** 1918 жылы 10 қазанда Гурьев облысы, Есбол ауданы, Қаңбақты ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Бұл боздақ 1941 жылдың 30 тамызында жау қолына тұтқынға түскен. Германия территориясындағы Берген-Бельзен маңындағы №XI C (311) стационарлық лагерьде (шталаг) болған. Лагерь Германияның Төменгі Саксония территориясында орналасқан. Ол 1941 жылдың 2 желтоқсан күні лагерьде қаза тапты. Толтырылған анкетаға бармағын басқан, туған-туысқандарынан анасы М.Биғалиева деп көрсетілген [6].

Келесі бір тұтқын **Қайыр Досмұхамбетов** 1902 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Қаңбақты ауылдық кеңесінде өмірге келген. Изюм түбінде 1942 жылдың 1 шілдесінде тұтқынға түскен. Ол №IV В шталагта тұтқында болған. Лагерь Германияның Мюльберг (Mühlberg) қаласынан 8 шақырымдай жерде орналасқан. Тұтқынның лагерьдегі жеке нөмірі №183196. Жерлесіміз 1942 жылдың 26 қыркүйек күні ажал құшты. Тұтқын анкетасында анасы Досмұхамбетова Барша деп көрсетіліп, бармақ ізі басылған.

**Бисекен Итегеев** 1896 жылдың 15 мамыр күні Гурьев облысы, Есбол (қазіргі Индер) ауданы Мәмбет құмында дүниеге келген. Жауынгер 26 мамыр 1942 жылы Харьков түбінде тұтқынға түскен. Тұтқын лагеріндегі жеке нөмері №182010. Алғашқы кезеңде IV – Дрезден әскери округі №IV В Мюльберг (Mühlberg) лагерінде болды. Кейін 28 қыркүйек 1942 жылы XI – Ганновер әскери округінің Альтенграбов (Altengrabow) XI А шталагерінде, 5 қаңтар 1943 жылы Фрайнсхайм (Freinsheim) XII F шталагқа ауыстырылған. 47 жасында 21 шілде 1943 жылы сол лагердің лазаретінде өкпе ауруынан қайтыс болған. Лагерьдегі толтырылған анкетада туған жерінің мекен-жайы жазылып, бармақ ізі басылып, әкесі Итегей, анасы Қадиша және Бибат есімді әйелі көрсетілген [7].

**Сапиев Махмұд** 1898 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданында дүниеге келген. 685 атқыштар полкінің қатардағы жауынгері 1941 жылдың 13 шілде күні Воронеж түбіндегі шайқаста жау қолына тұтқынға түскен. Тұтқында азап шегіп, ажал құшқан Зенне №326 (VI K) шталагері Форелькурт-Штукенброк (Германия) қаласының маңында орналасқан. Лагерь маңындағы бауырластар зиратында әртүрлі ұлттар меніндегі 65 мың соғыс тұтқындары жерленген.

Лагерь анкетасында жұбайы Сапиева Қабира Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Шортанбай фарватерінде тұратындығы көрсетіліп, тұтқын жерлесіміздің бармақ ізі басылған. Лагерьдегі жеке нөмірі №67786. Соғыс құрбаны 1941 жылдың 22 қараша күні қаза тапты [8].

Тағы бір теңіздік **Мұстафа Нерғалимов** лагерь анкетасында толтырылған мәліметтер бойынша жерлесі М. Сапиевпен бір полкта әскери қызмет атқарған және де бір мезгілде тұтқынға түскен. М. Нерғалимов 1904 жылдың 27 шілдесі күні дүниеге келген. Лагерьдегі жеке нөмірі №67796.

Бұл боздақты жерлесінің лагерьдегі нөмірінен 10 тұтқын ғана бөліп тұр. Олардың өлім лагеріндегі азапты күндерді бірге кешкендеріне шүбә жоқ. Жерлесінен бір айдан соң 28 желтоқсан 1941 жылы лагерьде ажал құшты. Анкетасына толтырылған мәлімет бойынша жұбайы Нерғалиева Назипа Теңіз ауданының Байда ауылында тұрғандығына куә боламыз.

**Шамшиа Нұрмұханов** 1916 жылы Гурьев қаласында туған. Қатардағы жауынгер. Францияның Ле-Пюан қаласы маңындағы лагерьде 25 қаңтар 1945 жылы өлген [9].

Қатардағы жауынгер **Жұманов Иманғали** 1910 жылы дүниеге келген. Жерлесіміз 15 тамыз 1942 жылы Воронеж түбінде тұтқынға түскен. Ол Германияның Тюрингия жерінде орналасқан № IX К шталагта (Бад-Зульца) болған. Лагерьдегі жеке нөмірі №9522. Бұл лагерьде 42 мың адам өлген. Соғыс құрбаны лагерьдің азапты күндерін бастан кешіп 10 қараша 1943 жылы опат болды. Жұбайы Жұманова Галина анкетадағы мәлімет бойынша Теңіз ауданының Қошалақ ауылында тұрған.

**Өтепов Теміртас** 1918 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Ботақан ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына 1940 жылы алынған. 2 кластық білімі бар. Қатардағы қызыл әскер тұтқынға 1941 жылдың 20 шілдесі күні түскен. Лагерьде 1941 жылдың 14 қазанында қаза тапқан.

**Миянов Хамза** Гурьев облысы, Теңіз ауданында 1908 жылы дүниеге келген. Армия қатарына 8 қаңтар 1942 жылы Теңіз аудандық әскери комиссиратының шақыруымен майданға аттанған. Дерек бойынша қатардағы жауынгер Х.Миянов 1942 жылдың 11 қараша күні тұтқындар лагерінде қаза тапқан [10].

**Жанзыев Ислам** 15 шілде 1917 жылы Бақсай ауданында туған. Соғыстың алғашқы күндерінің бірі – 25 маусымда Литва аумағында тұтқынға түскен. Соғыс тұтқыны Литва территориясындағы Зилуте №1 С (331) шталагында болған. Лагерьдегі жеке нөмірі №3174. Тұтқынның номерінен байқатынымыз кеңес жауынгерлерінің алғашқы тұтқындар тобында болғандығын аңғарамыз. Анкетада әкесі Талихаттың есімі жазылып, бармақ ізі басылған.

**Қуаныш Сарқұлов** Гурьев қаласында дүниеге келген. Қатардағы жауынгер. 1942 жылдың 25 қыркүйегінде Украинадағы Проскурова/Ракова лагерінде ажал құшты [11].

**Ғари Дәулетов** 1903 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Зеленый (қазіргі Көктоғай) ауылында өмірге келген. Анықтама бойынша қатардағы жауынгер. Бейбіт күнде қарапайым шаруа болған. Тұтқынға Сталинград шайқасы барысында 22 қыркүйек 1942 жылы түскен. Германияның IV – Дрезден әскери округі, Мюльберг (Mühlberg) лагерінде 1943 жылдың 21 сәуірінде көз жұмған [12].

**Мұханышәли Мырзабеков** (16.10.1894 ж., Гурьев облысы, Индер ауданы 4 ауыл – 23.04. 1944 ж.) – соғыс тұтқыны. Қызыл Армияның 600-жаяу әскер полкінің жауынгері. VIII – Бреслау (Вроцлав) (Breslau (Wroclaw)) әскери округі, Польшаның Гёрлиц (Görlitz) аумағындағы VIII А шталагерінде тұтқында болған. Лагерьдегі жеке нөмірі № 78422 [13].

...Толтырылған анкеталардан байқайтынымыз боздақтар 2-6 ай көлемінде ғана азапты «ғұмыр» кешіп ажал құшқан.

Америка Құрама Штаттарында тұтқында жүрген немесе хабарсыз кеткен әр адам соғысып жүрген жауынгер болып есептеледі. Кім-кімнің де ұрыс даласында немесе тұтқында қаза болғаны ресми дәлелденгенінше осылай бола береді.

Ал ең өкініштісі бізде мұндай адамдар Ұлы Отан соғысына қатынасқандар тізімінде ұзақ уақыт бойы болған жоқ...

### Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер

1. Военно-исторический журнал №1, 1992. с.95.
2. Мұстафа Шоқай Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 476 бет. / Құрастырған, алғы сөз бен түсіндірмелерді жазған Көшім Есмағамбетов.
3. А.Ахмет. Тұтқынға түскеннің бәрін сатқын деуге болмайды // Атырау, 1 мамыр 2010 ж., К.Л.Есмағамбетов, А.Ахмет Соғыс тұтқындары мәселесі әлі де қоғам назарында // Егемен Қазақстан, 9 мамыр 2012 ж., А.Ахмет Соғыс тұтқындары... Ұмытылып барады // Абай kz, 10 сәуір 2016 ж., Соныкі. Тамұқтан өткен тағдырлар // Үш қоңыр, 4 тамыз, 2017 ж., Соныкі. «Бізге тұтқындар жоқ, сатқындар бар!» мұндай пиғыл талай ошақтың отын өшірді // Дендер, 21 желтоқсан, 2017 ж., Соныкі. Соғыс тұтқындары // Үшқоңыр, 26 қаңтар, 2018 ж., Соныкі. Оралмаған боздақтар // Дендер, 8 ақпан 2018 ж. Соныкі. Соғыс тұтқындарының тағдыры // Жайық шұғыласы, 4 мамыр, 2018 ж., Соғыстың бейкүнә құрбандары // Серпер, 4 мамыр, 2018 ж., Олар сатқындар емес, тұтқындар еді // Нарын таңы, 4 мамыр, 2018 ж., Ағаев ақиқаты немесе «тұтқындар» неге ақталмайды? // Атырау, 29 наурыз 2022 ж., Соғыс тұтқыны // Жайық шұғыласы 15 сәуір 2022 ж.

4. Центральный архив Министерства обороны Российской Федерации (Далее ЦАМО). Ф.58. Оп. 977521. Д.982.
5. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп. 977526. Д.4.
6. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп. 977520. Д.2743.
7. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп. 977521. Д.1749.
8. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп. 977520. Д.1293.
9. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп. 18003. Д.1613.
10. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп.977521. Д.650.
11. ЦАМО РФ. Ф.58. Оп.977521. Д.1392.
- 12.ЦАМО РФ. Ф.58. Оп.977527. Д.19.
- 13.ЦАМО РФ. Ф.58. Оп. 977528. Д.114.

**Аққали А., Өмірзақова А.**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, т.ғ.д., профессор

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, педагогика және психология магистрі

**ТАМУҚТАН ӨТКЕН ТАҒДЫРЛАР**

Екінші дүниежүзілік соғыстағы әскери тұтқындардың тағдыры әлемдік тарихтың ең бір қасіретті парақтарының бірі. Соғыстың зардабы орасан зор әрі ауыр болды. Тек 1942 жылдың ақпанына дейін немістерге тұтқынға түскен Кеңес әскерлерінің саны 3.9 млн. адамға жетті, солардың 2.8 млн. қырылып қалды. Бұл сұмдық факті көпке дейін бүркемеленіп келді.

Соғыс кезіндегі тұтқындар жөнінде Гаага (1899 ж., 1907 ж.) және Женевада (1929 ж.) әскери тұтқындар туралы конвенциясы қабылданған болатын. Бұл конвенциялар шарты бойынша соғысушы мемлекеттер өз тараптарынан соған орай бірінші, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында соғыс тұтқындарына адамгершілікпен қарады. Бірақта Кеңес үкіметінің тарапынан ұстанған қағида бойынша, яғни «Бізде әскери тұтқындар жоқ, сатқындар бар», - деген ұстаным миллиондаған тұтқындардың тағдырына сұмдықта қатал ауыр зардаптарын тигізді.

Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқынға түскен түркістандықтардың еврейлермен парапар қорлық, сұмдық пен азапты бастан кешкендігін архив деректері айғақтайды. Соғыстың алғашқы айларында түркістандықтарға (қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, қарақалпақ) жетіп жатқан жағдайда ғана, қару ең соңғы кезекте берілді, себебі олар екінші сорттағы жауынгерлер ретінде есептелді. Өмірі қолдарына бұрын қару ұстамаған 19 жас шамасындағы қазақтар, өзбектер, қырғыздар, түрікмендер мен тәжіктер бақайына дейін қаруланған герман әскерлеріне қарсы қойылды, осылайша тура өлімге айдап салынды.

Сонымен бірге тұтқын мәселесін зерттеуде майданға кірген жауынгерлердің көңіл-күйіне, әлеуметтік жағдайына, қазақ елінің опан-топанын шығарған Кеңес өкіметінің көзқарасына онша мән бермейді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда кеңес қоғамы саяси да, этникалық, не әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан біртұтас болмады. Елдегі ауқатты шаруаларды тәркілеу, ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыру, діни қауыммен күрес, саяси қуғын-сүргіндер және Кеңес өкіметінің басқа да іс-шаралары ұрыс барысына теріс әсер етті. Өкелері немесе туыстары арнайы геноцид саясаты салдарынан аштықтан өлген немесе Сібірге айдалған, «әлеуметтік тазартуға» ұшыраған солдаттардан жанқиярлық ерлік күтуге бола ма?! 19-20 жасар бозбалалар Кеңес өкіметінің игілігін сезініп те үлгерген жоқ-ты. Соғыстың алғашқы күндерінде майданға республикадан көп адам ресурстары жөнелтілді. Адамзат тарихындағы алапат соғыс үлкен зардаптарға ұшыратып, көп адамдарды Отанынан ажыратып, миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Ұлы Отан соғысының майдандарынан 350 мыңнан аса қазақ өз еліне қайтпады, олардың біразы тұтқынға түссе, көпшілігі майдан даласында қаза тапты. Архив деректеріне сүйенетін болсақ тек Атырау облысы бойынша соғыста хабар-ошарсыз кеткен, қаза тапқан жиырма алты мыңнан астам жерлестеріміздің тізімі жасақталған. Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтардың бірі екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тұтқындар жөнінде және Түркістан легиондарында қызмет еткен (әрине көпшілігі өз еріктерімен емес) жерлестеріміз жөнінде өте аз мәліметтер білеміз. Майдан даласында жараланған қазақ жігіттеріне көмек көрсетілмеді. Ұрыс даласынан әкелінсе де, емдеу пунктіне қабылданбады, не басқалардан кейін, ең соңынан қабылданды. Мұндай жағдайға назар аударған қазақ командирлері (көпшілігі кіші шендегі) «ұлтшыл» атанып, аяғы трибуналға да жеткен. Кейбір тұтқындар соғыстан кейін өзін күтпеген, сенбеген Отанына оралды, оларды тексеріп, лагерьлерде ұстап, тексергеннен және адалдығына көз жеткізгеннен кейін еркіндікке босаты. Дегенмен де бұрынғы әскери тұтқындар

тұрақты түрде бақылауда болғаны жасырын емес. Енді біреулер Отанында күтіп тұрған ащы тағдырды сезіп, жат елде қалып қойды да, өз таңдаған тірліктің өкініш уын ішіп күн кешті. Мұндай адамдар Отан тізімінде ұзақ уақыт бойы болған жоқ.

Оның бір мысалы, Финляндия Республикасының Ұлттық архив қорынан табылған құжаттарда 1939-1940 жылдары кеңес-фин соғысында тұтқынға түскен Құрманғазы ауданының тұрғындары Нұрым Сарахметов, Сайын Зиналиев, Валит Ермаханов, Кемет Сарсенғали, Карим Жүнісов, Сатыбалды Иманғалиев туралы деректердің болуы [1].

...Сол сұрапыл жылдары Мұстафа Шоқайға қолына түскен бір жапырақ қағазға жазып берген жерлесіміздің өтініші назар аударалық. Қойын дәптердің парағына араб қарпімен жазылған мына бір құжат аумалы-төкпелі заманда ғұмыр кешкен, бірақ қиындықтарға қарамастан алға ұмтылған қайсар қазақ жасының өмірінен белгі береді. Өлім алдында тұрса да, рухын жоғалтпаған бұл жасты тыңдап көрелік: «Сәлем бердік. Нашарға жағдай туғызу мақсатында алыс жерден келген мұсылман баласы. Сізге жүрегімнің терең түкпірінен шыққан махаббатқа толы сырымды ұсынып, төмендегі жағдайымды еске алуыңызды өтінемін. Мен Гурьев (Үйшік) облысынанмын, Қаңбақтыны жайлаушы Қосымбай болыстың туған немересі Жалғасұлы Сембай боламын. Орта білімім бар. Мамандығым оқытушы, Гурьевтегі оқытушылар курсы бітірдім (мұғалім болар). Бірақ жасымнан газет-журнал жұмысына араласудамын. Бұл іс – өмірлік алға қойған мақсатым. Мұның қайнар бұлағы – ақын-жазушылық жұмысы. 30-жылдан жазушылық талаппен қазақтың көркем әдебиетімен таныстым. 31-жылдан өз бетіммен қолыма қалам алып, түрлі жағдайға арнап өлең, әңгіме жаза бастадым. Бірақ Қосымбай болыстың («бөрінің») тұқымы деп... менің шығармаларым керексіз пұлға айналып отырды. Мектеп бітіргеннен кейін облыстық газетке жұмысқа кіріп, қазақтың көне фольклорын жинау жөніндегі комиссияға іліндім. Сонымен «Алаш заманындағы ақын-жазушылардың сойылын соғушы» деп облыстық газет алқасынан шығарды. Көп адамдармен бірге мені де қуды. Сіздің есіміңіз біздің елде өшпес орын алды. Францияда дегенді естіп, елде жүргенде армандаушы едім. Сол тілегім орындалып, сізбен бүгін жолыққалы отырмын. Мен бір түпсіз тұңғиыққа батқан қара тастай қайғылы ауыр халде тұрмын. Болашақ жас талантты өлім халінен алып қалуыңызды сұраймын. 4-жұмысшы тобы, 2-барак. Жалғасұлы Сембай. 19.Х.41.» [2,14-15 бб.].

Осы тағдырлас жерлес соғыс тұтқындарының қилы тағдырларына тоқталсақ. Түркістан легионының құрамында болған көктоғайлық Берекет Кенжебаев, таңдайлық Амандос Есенов, бақсайлық Ғайпен Бейісов, тұтқындар таңдайлық Бөтеш Байсұлтанов (Коми АССР-інде тұрды), индерліктер Тұқпатола Қалымов, Айғали Көпжанов (Ресейдің Қорған облысында тұрды). Соғыс тұтқындарының бірі жылыойлық Құрайыш Танатаров (1924-1961 жж.). Соғыстың алғашқы жылында-ақ тұтқынға түскен. Фашистердің концлагерінде екі жылдай болып, жан азабын шеккен боздақтардың бірі. 15 жылға сотталып, Магадан облысында алтын өндіретін лагерьде ауыр жұмыстарға жегілген. Ал тұтқында болған индерлік Сейілхан Ғабдуллиннің қилы тағдырын тебіренбей тыңдау мүмкін емес. Ол туралы А.Жұмашұлы мен Н.Дүкенбайдың «Қилы тағдыр: Өмірнама» атты кітабы жарыққа шықты [3].

Индерліктер Жолдыбай Ахыбаев (1924-1997 жж.), Жұмагелді Баймұқанов (1921-1990 жж.) махамбеттік Биғали Есмағамбетов (1922-1998 жж.) және Б.Тетебеков (1922-1985 жж.) (Павлодар облысы), Нұрлыбек Негиматов (Ақтөбе облысы) 1942 жылы Харьков қаласы үшін болған шайқаста, яғни 22-30 мамыр аралығында қоршауды бұзу операциясы кезінде тұтқынға түсті. Бұл қоршауда 239 мың кеңес жауынгерлері жау қолына тұтқынға түсуге мәжбүр болды.

1945 жылдың сәуір айында оларды неміс концлагерінен американдықтар азат етті. Соғыс тұтқындары ретінде американдықтар оларға тамақ, киім беріп, лазареттерге орналыстырып, естерін жиғызған. Кейін тұтқындар лагеріне әр елдің әскери өкілдері келіп тұтқындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Кеңес тұтқындарын олар өз тараптарынан Америка, Австралия, Канада, Англия, Франция елдеріне баруға шақырған. Бірақ олар Отанына қайту туралы шешім қабылдады, арнайы тексерістен соң өкінішке орай Молотов облысының (қазіргі Пермь өлкесі) Гремячинск поселкасындағы көмір шахталарындағы каторгалық жұмыстарға жіберілді. Бұл соғыс тұтқындары туралы ардагер шахтер А.Ф.Глушков өз естелігінде: «Соғыстан кейінгі жылдары поселкаға соғыс тұтқындарын әкеле бастады. Көпшілігі Қазақстан, Орта Азия халықтарының өкілдері еді. Әскери тұтқындар № 62 шахтаның ауласындағы барактарда қатаң күзетте өмір сүрді. Оларды ең ауыр да азапты жұмыстарға жекті. Кейбіреулері туған өлкелеріне қашқанымен ұсталып, жазаланды, атылды», - дейді [4, с.47.].

Пермь өлкесінің Гремячинск қалалық архив қорында туған жерінен жырақта, шахтада азапты жұмыстар атқарған бұрынғы әскери тұтқындар Ж.Ахыбаев, Ж.Баймұқанов, Б.Есмағамбетов, Е. К. Тушовский, Б.Текебеков, Р.Зорманов, Б.Ерімбетов, О.Әлиақпаров, Ж.Бигшаев, Б.Мухаметжинов (Мухамбежинов), Б.Сабанқұлов, М.Төлендин сияқты жерлестеріміз мен отандастарымыз туралы мәліметтер сақталған. Олардың көпшілігі туған жерінен жырақта ауыр жұмыстардан, аштан,

шахтадағы авариялардан қайтыс болды. Көбі туған жеріне жете алмай «Отанын сатқан», «сатқын», «тұтқын» деген жала жабылған сөздер мен қорлық таңбаны ар көріп, сол жақта мәңгілікке тұрақтап қалуға мәжбүр болды. Соғыстан кейінгі халықшаруашылығын қалпына келтіру жылдарында жұмысшы күші жетіспегені белгілі. Соғыс тұтқындары ну орманда ағаш кесу, шахта қазу, жол салу, жаңа салынып жатқан қалаға аса қажеті аурухана, мектеп, клуб, әкімшілік, тұрғын үй ғимараттарын салу жұмыстарына да қатынасты. Техника жетіспегендіктен, көптеген жұмыс қол күшімен атқарылды. Соғыс тұтқындары әдеттегідей қара жұмысшы ретінде пайдаланылды. Тұтқыннан оралғандардың жағдайы өте ауыр болды, аштық, суық, жұқпалы аурулар адамдарды баудай қырды. Гремячинск аймағында әр кезеңде 17 көмір шахтысы жұмыс жасады. Олардың жұмыс жасаған уақытында 800 млн тонна көмір өндіріліп, шахтерлардың үш ұрпағы өсіп, тәрбиеленіп жетілді. Соғыстан кейінгі жылдары да көмір шахталарындағы жұмыстың көпшілігі қол күшімен атқарылып, жүзеге асты. Шахта шурфына түсу, шығу жұмыстары да қолмен атқарылды. Көмір қазу ұнғымасына дейін жаяу барып, жаяу қатынап жұмыс жасады. Өндірілген көмір вагонеткаларға қолмен тиеліп, түсірілді. Осы шахталарда жұмыс жасаған жерлесіміз, индерлік Ж.Ахыбаевқа берген анықтамаға назар аударсақ. Пермь облысының Гремячинск қалалық әскери комиссиариатының 15 қазан 1990 жылғы №822 анықтамасы бойынша қатардағы жауынгер Жолдыбай Ахыбаев 1924 жылы туған. 1941 жылдың 11 маусымы мен 1942 жылдың 15 қазан аралығында Кеңес армиясының қатарында қызмет етті делінген. Ал 1993 жылдың 31 тамыз күнгі «Кизелуголь» өнеркәсібіне қарасты «Западняя» шахтасының директоры В.Вахрушев пен кәсіподақ комитетінің төрағасы Л.Аникиннің Жолдыбай Ахыбаев туралы қатынас қағазында Ж.Ахыбаев 1921 жылы туған. Зейнеткер. Аталған шахтада 1946-80 жылдар аралығында жерасты тау-кен жұмысшы мамандығы бойынша жұмыс атқарды. Жұмыс жасаған кезеңдерінде шахта әкімшілігі тарапынан бірнеше рет мадақталды деп жазады. Гремячинск қалалық архиві қорындағы 1949 жылдың 20 сәуірінде толтырылған жеке карточкасында 1924 жылы Куривская (архив құжатында солай, өз қолымен толтырылған болуы керек) облысы, Исвольский (Есбол) ауданында туған. 1-кластық білімі бар. Қазақ. Қатардағы жауынгер. Шахтада жүк тиюші деп толтырылған [5, л.5].

Зейнеткерлікке шығуына байланысты 1979 жылдың 29 қаңтар күнгі толтырылған мәлімет бойынша 1924 жылы Гурьев облысы, Еспол ауданының, Аққала ауылында дүниеге келген. Жалпы еңбек өтелі 1946 жылдан басталған. Бір қызығы архив қорында бұл кісінің жұбайы Гүлзиян (Гүлжиһан) Шайхмарданованың (Ахыбаева) (1927 ж.т.) жеке карточкасы да сақталған. Ол кісі Татар АКСР-нің Чишма ауылында дүниеге келген. 3 кластық білімі бар. Шахтаға 1950 жылдың 10 шілдесінде жүкші болып орналасқан [6, л.98].

Тағы бір жерлесіміз, индерлік Жұмагелді Баймұқановқа 1948 жылдың 3 наурызында толтырылған жеке карточкада 1921 жылы Гурьев облысы, Еспол ауданы Степан Разин колхозында туғандығы көрсетілген. Қазақ. 5-кластық білімі бар. Толтырылған карточкадағы мәлімет бойынша шахтаның №2 учаскісіне 1948 жылдың 27 наурыз күні тасқалаушы болып алынған [7, л.21].

Ал архив деректеріндегі 1948 жылдың 30 қарашасындағы мәлімет бойынша махамбеттік Биғали Есмағамбетов 1922 жылы Гурьев облысы, Новобогат ауданы Жамбыл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 3-кластық білімі бар [8, л.157].

Мақаттық Евгений Карлович Тушовский 1918 жылы туған. Орыс. Гурьев облысы, Мақат ауданы, білімі 8-кластық. Мамандығы шофер. Жалпы еңбек өтелі 1937 жылдан басталады. Шахтада бұрғышы, слесарь, қазушы болып жасаған [9, л.38]. Павлодарлық Бинай Текебеков Баянауыл ауданы, № 4 ауылда 1922 жылы дүниеге келген. 4 кластық білімі бар. Кеңес армиясының қатардағы жауынгері. Неміс тұтқынында болған. 1946 жылдан Гремячинск қаласындағы «Западная» көмір шахтасында жұмыс жасап, 1972 жылы зейнеткерлікке шықты [10, л.135]. Сол жақта жүріп Шамсинер Шмайқызына үйленіп, ұрпақ сүйді. 23 ақпан 1985 жылы қайтыс болды. Балалары Темірғали (1951), Рафаиль (1956), Нағима (1958) бүгінгі күні зейнеткерлікке шығып Гремячинск қаласында тұрады. Оларда ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда.

Бұлардың кейінгі өміріне қысқаша тоқтала кетсек. Өмірдің заңдылығына сай жерлестеріміз сол жақта жүріп өмірлік қосақтарын тауып отау құрды. Азапты жылдарды бастарынан кешіріп жерлестеріміздің кейбіреулері туған жеріне оралса, кейбірі сол жақта қалып қойды. Мысалы, индерлік Жолдыбай Ахыбаев Ресейдің Пермь облысының (қазір өлке) Гремячинск қаласында тұрып, татар қызы Гүлжиһанмен отау құрып Әмина, Дінмұхамед, Даулетбай, Зульфар, Фарид есімді ұл-қыздарын өсіріп, көмір шахтасында жұмыс жасап зейнеткерлікке шығып, 1994 жылы 70 жасында қайтыс болды. Балалары Дінмұхамед (Гремячинск), Дәулетбай (Воркутада), Зульфар (Кузбасста) да шахтада жұмыс жасады. Ал 13-ші ауылдық Биғали Есмағамбетов татар қызы Ғалиямен бас қосып 9 ұл-қыз тәрбиеледі. 50-ші жылдардың басында елге келіп, ұзақ жылдар бойы ауылшаруашылығы саласында қызмет атқарып, 1998 жылы бақилық болды. Ал, индерлік Жұмагелді Баймұқанов 1949 жылы башқұрт қызы Сәкина Габдуллинаға үйленіп, өмірге 3 ұл, 5 қыз әкелді. Елге 1951 жылы

оралып, ұзақ жылдар Индер борат руднигінде жұмыс жасады.1990 жылы69 жасында өмірден озды.Бүгінгі күндері қыздары Жұмазия, Қалғыз, Әсия Саратов қаласында тұрып жатыр. Әкесінің шаңырағына Салауат атты баласы ие болып отыр.Бинай Текебеков болса Шамсинер Шмайқызына үйленіп, ұрпақ сүйді. Балалары Темірғали (1951), Рафаиль (1956),Нағима (1958) бүгінгі күні зейнеткерлікке шығып Гремячинск қаласында тұрады. Оларда ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда.

Бұрынғы әскери тұтқындар өздерінің соңынан құзырлы органдар тарапынан бақылаудың барын білетін, сондықтан да «бетегеден биік, жусаннан аласа» тіршілік кешіп өтті. Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен Кеңес жауынгерлері өмірі мен ерен ерліктерін, мұңы мен қайғы-қасіреттерін, жан күйзелістері мен үміт-армандарын өздерімен бақиға ала кетті. Олардың көпшілігі өле-өлгенше өз елдерінде майдангер ретінде ардақталмай, бұйығы өмір кешіп, өмірден озды. Кейінгі ұрпақ оларға мәңгілік қарыздар екендігін естен шығармай, олардың ауыр тағдырына мінәжат етіп, бастарын иіп өтсе, азаматтық парыздарын өтегендік болған болар еді.

XX ғасырдың жазықсыз жапа шекен тұтқындарын саяси ақтайтын мезгіл жетті.

Фин соғысына, фашистік Германиямен соғысқа қатысқандар мына дүниеде жоқ. Оларға «ақтаудың» да, «даттаудың» да керегі бола қоймас. Бірақ, олар жөнінде жасалған адамгершілік іс-шаралар бүгінгі күнгі ұрпақтары, туыстары үшін керек, қазақ халқының тұтастығы үшін, болашақ үшін керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер**

1. Ғ.Исахан. Жағаға қайтқан толқындар // Егемен Қазақстан, 22 сәуір 2014 жыл.
2. Есмағамбетов К.Л. Түркістандық әскери тұтқындар: Құжаттар мен материалдар жинағы  
Туркестанские военнопленные: Сборник документови материалов. / Жауапты редактор т.ғ.д. қауым. профессор А.Қ.Ахмет.– Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 296б.
3. Жұмашұлы А., Дүкенбай Н. Қилы тағдыр: Өмірнама. – Алматы, 2007. –208 б.
4. Песков Н. Жизнь,как она есть (из записок краеведа). Гремячинск, 2004. с.93.
5. Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Ф. 30. Оп. 2. Д. 1588а.
6. Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Ф. 30. Оп. 2. Д. 1172.
7. Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Ф. 30. Оп. 2. Д.1059.
8. Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Ф. 30. Оп. 2. Д. 1177.
9. Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Ф. 30, Оп. 2. Д. 1185.
10. Архивный отдел администрации города Гремячинска Пермского края, Ф. 30, Оп. 2. Д. 1204.

## Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлы

тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры,  
Шымкент, Қазақстан Республикасы

### ОҢТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ: ҚҰПИЯ ҚОРЛАР ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ

Құпия архив құжаттарына сүйене отырып, соғыс тұтқындарының тағдыры әртүрлі болғандығын байқаймыз. Бір бөлігі Қызыл Армия жағына өтер кезінде фашистермен қақтығыста өлім құшты, ал келесі бөлігі Қызыл Армия құрамына кірді. Соғыс аяқталған соң әскери тұтқындардың басым бөлігі елге қайтып оралды. Кеңестік билік оларға кешірім берілетініне уәде берді. Бірақ бұл уәде жалған болып шықты. «Түркістан легионы» мүшелері жазаға тартылып, сталиндік лагерьлерге тоғытылды. Ендігі жерде ХХ ғасырдың жазықсыз жапа шеккен саяси тұтқындарын ақтайтын мезгіл жетті. Өйткені, бүгінгі ұрпақ, Отан үшін от кешкен жауынгерлердің туған-туыстары, жақындары мен бауырлары олардың тағдыр-тарихы туралы танып-білуі тиіс.

Екінші дүниежүзілік соғыстың сыры ашылмаған ақтаңдық беттерінің бірі – тұтқындар мәселесі. Әлі күнге дейін осы мәселе жөнінде тұщымды байлам айтылып, келісімді баға берілген жоқ. Тұтқындар тағдыры, легион мәселесі тасада қалып келеді [1]. Біздіңше концлагерьде кінәсіз азапталып, тұтқыннан әупірімдеп тірі қалғандарды фашизм «тозағын» көрген осындай әскери тұтқындарды түгелдей «сатқын» деу шындыққа жанаспайды. Оған архив қорларында «құпия» сақталған деректерді ақтара отырып көз жеткізе түстік.

Бүгінгі күні Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінде қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты істердің жалпы саны – 17 мың 231 сақтау бірлігін құрап отыр. Солардың ішінде әскери тұтқындардың жалпы саны – 8 504, фильтрациядан өткен және трофейлік материалдар бойынша – 8 248 іс сақталған.

Ақталмаған әскери тұтқындардың архивтік қылмыстық істері қорының жалпы саны – 356.

Сондай-ақ «Түркістан легионында» болған оңтүстік жерлестеріміздің де жалпы саны – 100 асатыны анықталды [2].

Солардың ішінде жат жерде жау қолында қалып, қапастан қасірет шеккен сарбаздарымыздың бірқатарының қиын тағдырларымен тереңірек танысып шықтық. 200 астам азаматтардың жеке істерімен танысып, бірқатарына талдау жасалынды. Қазіргі таңда олар жөнінде қысқаша тізбе жасалынып, мәліметтер жинақталып, толықтырылуда.

Архив қорларына байыппен үңілсек, сол кездегі НКВД-ның да тұтқын біткеннің бәріне теріс көзқарас қалыптастырғаны айқын. «Өз еркімен әрі қаруымен фашистерге берілгендігі; Түркістан легионына» адал қызмет етуге ант бергендігі жайлы мәліметтердің көпшілігін ойдан құрастырып, кешегі жауынгерлерді жаппай қаралау орын алғандығын да жан-жақты зерттеу қажет деп ойлаймыз.

Әрине, біз әскери тұтқындарды түгелдей ақтап алу керек деген ойдан да аулақпыз. Біздіңше әр құжаттың, әр тергеу хаттамасының артында сарсаңға түскен сарбаз тағдыры тұр. Соны да ескерген жөн.

Архив құжаттарын ақтара отырып, аңғарғанымыз, тұтқында, сондай-ақ «легионда» болғандардың арасында жерлестеріміз де бар екені анықталды. Сол көп құжаттың ішінен біз аудан-ауданға бөліп қарап, оларға жеке тоқталуды жөн көрдік. Мәселен, сол кездегі Қаратас (қазіргі Қазғұрт) ауданынан сарсаңға түскен тұтқындар тағдырына терең үңіліп, оларға талдау, сараптау жұмыстары жүргізілді.

Солардың бірі сарбаз Ордабаев Сайдулла 1900 жылы дүниеге келген [3, п.п 3-12]. Қаратас ауданындағы Жартысу ауылынан шыққан қазақ. Сотталмаған, сауаты жоқ, партия қатарына алынбаған. Әскерге алынғанға дейін «Жаңа тұрмыс» колхозында колхозшы болған. 1942 жылы тұтқынға түсіп, 1945 жылдың маусымында ағылшын лагерінен босатылған.

Дегенмен бұл тұтқында болған азаматтың құжаттары толық сақталмаған. Тергеу материалдары да түгел емес. Тек айыпкердің сиясы өше бастаған, өз қолымен жазылған жауабын ғана таптық. Ежіктей оқи отырып, ұққанымыз, Ордабаев шын мәнінде «легионда» болған екен.

«1942 жылдың көктемінде лагерьде тұтқындардың қарасы көп емес еді. Орманшылар командасына алынып, лагерьден 3 шақырым жерде отын дайындадық. Сайын даладан басқаны көрмеген қыр қазағына қалың орманда жұмыс істеуге көндігу қиындау екен. Кейін келе етім үйреніп кетті. Бұл ойдың басыма қалай келгенін білмеймін, маған мүлгіген ну орманды паналап қашу дұрыс көріне берді. Қашуға ұзақ дайындалдым. Жолдас та таптым. Ташкенттік Николай екеуміз бір пышақ, ескі компас, қос уыс тұз, аздап көгерген қатқан нан тауып, тамыздың басында ебін тауып ол «тозақтан» қашып шықтық. Күндіз қалың бұтаға тығылып, тек түнде өндірте жүріп, оңтүстік-

шығысты бетке алып, қалжырап талғанымызша жүре бердік. Кейде алдымыздан село тұрғындары нан, картобын қоржынымызға салып беріп, жол көрсетіп, шығарып салады.

Осылай жолымыз оңғарылып-ақ келе жатыр еді, бір күні түнде қатты нөсер төкті. Тығылар жер таппадық. Үсті-басымыздың бәрі малмандай су. Айдалада бос тұрған жартылай жанған ағаш үйге кірдік те, сілеміз қатып ұйықтап қалыппыз. Бұл шатаспасам, Орлов облысының Глинцы қаласынан 25 шақырым шалғайда жатқан селоның маңайы екен. Жылқы жайып жүргенауыл балаларынан жол сұрадық. Ауыл да алыс емес екен. Ол жаққа бару қауіпті, дереу жиналып, бір шақырым жүрдік пе, жүрмедік пе, артымыздан ат тұяғының дүбірі естілді. Балалар балалығын жасап біз туралы ауылдастарына айтып қойыпты. Осылайша полицайлардың қолына түстік.

Сытылып кетеміз деп жүріп СС түрмесіне түсіп, күн сайын гестапода азаптатып көп күн жаттық. Немістер де жеңістен күдер үзген-ау, біздің лагерьден қашқанымызға мүлдем сенбей, күн сайын сұраққа алып, «Диверсантсындар, қандай тапсырмамен келдіңдер, қай аймақта парашютпен секірдіңдер?» деп қинауын қоймады.

Ақыры біздің тағдырымызды полицайларға тапсырды. Қайта лагерьге жөнелтуді бұйырыпты. Бірақ Иван атты полицайдың айтуынша, жақын маңайдағы лагерьде тиф ауруы тарап, тұтқындар жаппай қырылып жатыр екен. Мұны естіген бізде ес қалмады. Иванның аяғына жығылып, «зажигалка» сыйлап, осы түрмеде қалдыруын жалынып сұрадық. Қандай жұмыс болса да бас тартпайтынымызды, бұйрығын, айтқанын екі етпейтінімізді айтып жатырмыз. Ол да бізге жаны ашыды ма, көнді. Қалай дегенде де біз тұрған түрме лагерьмен салыстырғанда жұмақ мекені екен. Көрші бөлмедегі жағылған пештің жылуы бізге де келіп, әйтеуір жан сақтадық. Бірақ бәрібір кейін лагерьден лагерьге ауыстырылып, азаптың бәрін бастан кештік. Гомель деген жерде болғанымыз ғана есімде қалыпты. Содан соң бізді Барановичи деген жердегі лагерьге жіберіп, сол жерде 1943 жылдың жазына дейін болдым. Бұл жерде де жағдайымыз мәз болды дей алмаймыз. Азық-түлік тапшы, кей күндерді аш өткіземіз. Адам жанын шыбын өлтірудей көретін қаскөйлерге қарсы тұрар әл-дәрмен жоқ. Бірер айдан соң тірі қалғандарды бір үлкен лагерьге күзетпен жаяу жеткізді. Қай жер екенін де білмейміз, бірақ Варшаваның жақын екенін естіп жатырмыз. Одан Краков қаласына көштік. Соған қарағанда Совет әскері қарқын алып, тықсырып бара жатқан болу керек деп іштей қуанып жүрдік.

Ал 1944 жылы шілдеде бізді Берлин қаласының сыртына эшелонмен әкелді. Мұнда екі күн аялдаған соң бәрімізді Дортмунд қаласына жеткізіп, жан-жақтағы лагерьлерге тарата бастады. Мен Бохум қаласына жөнелтім. Шырт ұйқымнан оятып сұрасаң да санамнаншықпас, №2557 бөлмеде жатқанмын. Американдықтар келіп құтқарғанша осында болдым», - деген тұтқынның хатынан бармаған жері, баспаған тауы қалмағанын, жас ғұмырының жалынды шақтарын абақтыда азаппен өткізгенін оқи отырып, біздің де жанымыз күйзелді. Осындай ғұмыры өкінішпен өткен соғыстан қайтқан солдаттар тағдыры тасада қалмаса екен дейміз.

Ал «легионер» Жолдасов Көбей болса осы Қаратас ауданының Жартытөбе ауылының азаматы ретінде майданға аттанады [4, п.п 8-29]. 1914 жылы «Қазақстанның XX жылдығы» колхозында туылған ол соғыстан соң, сотталғанға дейін өз өңіріндегі «Қызыл диқан» кеңшарында тіршілік кешкен.

1939 жылы әскер қатарына алынып, жауынгерлік дайындықтан өткен К. Жолдасов Термез қаласындағы №506 әскери бөлімде қызмет етеді де, 1941 жылы Иранның Гогран қаласына жіберіледі. 1942 жылы бөлім командирі шенін алған Көбей Алматыға оралып, одан әрі Ақмоладағы кавалериялық бөлімде 2 ай болып, майдан даласына бет түзейді. Харьков маңында Жолдасов қызмет еткен 3-армия анталаған жаудың қоршауында қалып, 1942 жылы ауыр жараланып қолға түседі. 3 ай бойы гестапаның тергеудегі азаптарына төзген тұтқын Германияның Нойхамеріндегі лагерьде жол жөндеу жұмыстарына жегілсе, Францияның Альбшрехинде (Альби) де ауыр жұмыстан әбден жүдейді. Ал 1944 жылы Ахметов бастаған 18 адаммен бірге Бельгия партизандарына қашып қосылып, темір жолдарды жарып, күші басым жаумен талай рет шайқасқа түседі. Бірақ бұл жөнінде нақтылы дәлел жоқ.

1944 жылы Голландияда ағылшын әскерімен шайқаста тұтқындалып, Англияға жөнелтіледі. Ғұмыр бойы «Түркістан легионының» тұтқыны», «ағылшын жансызы» деген жаладан басын арашалай алмаған Жолдасовты 1948 жылы жауапқа тартқан Қаратас аудандық ҰҚК қызметкерлері «Үш бұлақ» бастауыш мектебінің бұрынғы мұғалімінің унтер-офицер ретінде «Түркістан легионында» болғанын, кейін легион штабында 1943 жылы (Легионово, Польша) қару-жарақ қоймасын басқарғанын, ағылшын барлауымен біте қайнаспаса да байланысы барлығын өз шешімінде шегелеп айтыпты.

Дегенмен бұл шешімде шындық басым деп кесіп айту да қиындау. Себебі 1949 жылы осы аудандағы Ленинское селосындағы үйіне тінту жүргізілгенде де оның атына берілген №612426



померлі әскери билет пен №854 паспорт орнына жүретін уақытша куәліктен өзге ештеңе де табылмаған. Яғни сезік тудыруарлық құжаттардың жоқтығы да жауапсыз сұрақтарды көбейтіп отыр.

Тергеу материалдарына тігілген Жолдасовтың еңбек жолы жайлы мәліметтер мынадай екен:

«... Мен Ташкенттегі қазақ педагогикалық техникумында 1929-1932 жылдары білім алдым. «Қазақ әдебиеті» бөлімін бітіріп, туған жерге оралып, бала оқыттым. 1933-1934 жылдарда өз ауылым – Жартытөбедегі бастауыш мектептің меңгерушісі болдым. 1939 жылға дейін аудандағы бірқатар мектептерде ұстаздық еттім. Осы жылы Орта Азия әскери округі шақыртуымен Термез қаласына әскери борышымды өтеуге келдім.

... Полк комиссары Кентанау қоршауда қалғанымызды айтқанда сарбаздардан сабыр кете бастады. Біз бұл кезде бір селоның жанында бекініп жатқанбыз. Қалайда қоршауды бұзып өтудің жоспарын талқылай бастадық. Уақыт аз, жау жақын жерде. 17 адамнан тұратын барлаушылардан бірде-бір адам тірі қайтпады. Дереу екінші барлау тобын жасақтап, түнделете жолға шығардық. Олардың бесеуі ғана аман келіп, «темір құрсауды» бұзып шығудың мүмкін еместігін айтты. Жау шебін жарып шығамыз деген жоспарымыз жүзеге аспады. Бірнеше рет шабуылға шығып, көп шығынға ұшырап, кері шегіндік. Өлгендерді түн жамылып асығыс-үсігіс жерлеп, сетінеп қалған бөлімдерді бір-біріне қосып, аз әскерді аман алып қалудың қамына кірістік. 1942 жылдың 27 мамырындағы түні кезекті ұрыста сол аяғыма мина жарықшағы тиді, командиріміз де жараланды.

Бәріміз окопта жайрап жатырмыз. Таң қылаң бере біздің окопқа қарай 10-12 неміс танкісі беттеп келе жатты. Артында қаптаған жау автоматшылары. Бәріміз тым-тырыс тына қалып, алдыңғы жаққа үреймен көз тігіп отырмыз. Кенет жау бағытын кілт өзгертіп, әлі де ұрысы басылмаған село жаққа қарай кетті. Ол селоның аты есімде жоқ, білетінім, ауыл біздің бекіністен небәрі жарты шақырым жерде болатын. Жаудың соңғы тобы қарсы алдымыздан өте бергенде комиссар Кентанау оқ жаудыруға бұйрық берді. Аз немісті ес жидырмай жусатып салдық. Алайда тұс-тұстан көмекке автоматшылар келіп, граната лақтырып, біздің бөлімнің быт-шытын шығарды. Тірі қалғандардан өлгендер көп. Комиссар Кентанау да қаза тапты. Көп ұзамай тұтқынға түстік. 10-12 адамбыз. Бізді Кременчук қаласындағы лагерьге қамады. Немістер партияға өткен коммунистерді сөзге келмей атып тастап жатыр. Соңғы ұрыс алдында комиссар Кентанау барлығымыздың партбилетімізді жиып алып, өртеп жіберген. Станцияға келген пойыздардан жүк түсіріп, жүк артып, күніміз өтіп жатты. 1943 жылы біздің лагерьден 500 тұтқын іріктеліп, Германияға жіберілді. Ішінде мен де бармын. Шығыс Пруссияның Загн қаласы. 2000-ға тарта тұтқын сым қоршаудың ішінде жатырмыз. Біраз уақыт бізді ешкім мазаламады. Бар-жоғымызды ұмытқан сияқты. Шілденің басында бізге «Түркістан легионына» өткенімізді хабарлады. Оның қандай «легион» екенін де білмедік. Сұрауға дәрмен қайда?! Осы жерде бізді ұлт-ұлта бөліп, «Орыс азат ету армиясы», Түркістан, грузин, армян, Волга татарлары т.б. легиондар құрылды. Бәрімізді медициналық тексеруден өткізіп, неміс офицерлеріне табыстады.

Лагерьде бастан-аяқ бірге болғандардан 2-ақ адамды атын атап, түсін түстеп айта аламын. Біріншісі Анвар атты өзбек жігіті. Екі лагерьде бірге болдық та, ол кейін Нойхаммерде қалған. Кейінгі тағдырынан хабарым жоқ.

Екіншісі – Каримов Бексейіт. Франциядағы жолдасым еді. Оны да көрмегелі, хабар алыспағалы қай заман...» .

Қазығұрттық соғыс құрбаны Тілеуқабылов Сопыбектің солдаттық ғұмыры да соқтықпалы-соқпақты жолға толы екен[5, п.п 2-9].

1912 жылы Қаратас ауданының Жүзім ауылында туған Сопыбек кедей отбасынан шыққан. 1942-1945 жылдары тұтқында болып, Германияның Бохум, Польшаның Зольдин лагерьлерінде ұсталған. Жоғары білімді, мамандығы мұғалім.

1946 лагерь басшысы, майор Ельмаков берген анықтамада оның соғыстан кейінгі жылдарда, нақтырақ айтсақ, 1945 жылдың 5 қарашасы мен 1946 жылдың 1 ақпаны аралығында Батыс Германиядан тұтқыннан босатылғандар орналастырылған №309 лагерьде есеп бөлімінің тілмашы болып істегені, өз жұмысына жауапкершілікпен қарағаны жазылған. Ал ОҚО ҰҚК-нің 2-бөлім басшысы майор Сухенко тарапынан 1949 жылы берілген келесі бір анықтамада Сопыбектің Шымкент қаласындағы Тоқаев көшесінің 7-үйде тұрып, №7 орта мектепте ұстаздық еткені атап көрсетіліпті. Ал осынау №248 істегі маңызды құжаттың бірі – оның өз қолымен толтырылған өмірбаяны. Сондықтан Тілеуқабыловтың талайлы тағдырына тереңірек үніле отырып, осынау автобиографиядан да қысқаша үзінді бере кетуді жөн көріп отырмыз.

«... Шешемнің көрер жарығы бітіп, көзі жұмылған соң тірі адам тіршілігін жасайды емес пе, 1929 жылға дейін әкемнің тәрбиесінде өстім. Сол жылы әкем мені Шымкенттегі КИМ мектебіне беріп, онда бір жыл оқыдым. Күзге қарай Ленинградтағы «Красный Выборжец» зауыты қарамағындағы ФЗУ-да дәріс алып, «токарь» мамандығын игеріп шықтым. Елге оралған соң алдымен

Сарысу ауданында инспектор, сонан соң Шымкенттегі облыстық халыққа білім беру бөлімінде мұғалімдер даярлаумен айналысып, 1934 жылы білімімді жетілдіру үшін Ленинградқа екінші рет сапар шегіп, Герцен атындағы педагогикалық институтқа аттанып кеттім. Бірақ бұл арманым іске аспады. Орын толып қалғандықтан елге қайтуды ар санап, амалсыздан Ленинград облысы, Псков қаласындағы Киров атындағы институтқа құжаттарымды тапсырдым. 1939 жылы оқуымды ойдағыдай аяқтап, Қазақстанға қайта оралдым. Оқып жүрген кезімде үздіктер қатарынан көрініп, 1939 жылы партия қатарына да кандидат болып қабылдандым. Облыстық білім бөлімі Шымкенттегі Калинин атындағы мектепке жолдама беріп, сол білім ордасында математика пәні мұғалімі болып істедім. Алайда жаным қалаған бұл жұмысты ұзақ атқара алмадым. Ұзамай қалалық военкоматтан шақырту келіп, әскер қатарына алынып кеттім. Біздің әскери бөлім Батыс Украинаның Хыров деген елді-мекенінде орналасып, полк штабында писарь болдым. Сол арада соғыс өрті лаулап, біздің бөлім де кескілескен шайқастың талайына қатысты. Қарасы қалың жаумен шегіне ұрыс жасап келеміз. Гайсин қаласынан 40 шақырымдай жердегі, Винницаның шығысына таман орналасқан деревнядағы жан алып, жап беріскен шайқас түп-тура екі күнге созылды. Үшінші күні немістерді деревняның бір бөлігінен түре қуып шықтық. Дегенмен біздің бөлім қоршауда қалып қойған болатын. Деревняда әлі ұрыс жүріп жатқанын автоматтың толассыз тарсылынан аңғарып келеміз. Біз ауылға беттей бергенде немістер өзеннен өтер көпірді жарып жіберіп, өзен бойын жағалап, өткел іздеп, біраз жүріп қалдық. Бұл әрекетіміз бекершілік екен, батпақты жерде жүрісіміз өнбей, бағытымызды өзгертуге тура келді. Бізде қару-жарақ та қат. Үш адамда бір мылтық. Батпаққа батқан арбаларды итшілеп жүріп итеріп шығарып, әрең дегенде орталық көшеге шықтық. Сол сәтте 60-қа тарта адамның қарасы көрінді. Алыстан шырамытпағанмен, жақындай бере жау қолына түскен өз жауынгерлеріміз екені байқала бастады. Құтқарып алатын қауқар қайда, күзеті мықты. Көп ұзамай сол солдаттардың кебін киетініміз де айдан анық. Сондықтан сөзге келмей, арбаларды өртеп жібердік. Штаб басшысы капитан Мумренконың бұйрығын да бұлжытпай орындап, арнайы қаптарда сақталған солдаттардың жеке құжаттарын, топографиялық карталарды жою үшін соңғы арбаға да от қойдық. Осы абыр-сабыр үстінде жау да жетіп келіп, еңгезердей неміс солдаты мені автоматпен ұрып, сұлатып түсірді. Одан арғысын білмеймін, шамада бір сағаттан соң есімді жисам, жартылай жанған арбаның жанында әлі жатыр екенмін. Бұл 1941 жылдың 30 шілдесі еді. Осылайша бізді, 5000-ға жуық әскери тұтқынды жаяу шұбата айдап, Винница қаласына алып келіп, аэродромға жинады. Бәріміз ашпыз, тіске басар түк жоқ. Аштықтан бұратылып, ісініп өлгендердің саны да көбейіп барады. Тәулігіне бір литр су қосылған атала берді. Нан туралы сөз етпей-ақ та қояйын. Ебін тауып қашып шығып, бір айдай әр деревняны бір паналап, немістер жоқ жермен жүріп отырдық. Нәсер жауынға да қарамай, көбіне түнде жолға шығамыз. Кездескен жанның бәрінен азық сұраймыз. Бағытымыз бұлдыр. Арамызда сол жердің тумасы Александро деген серігіміз болды. Гомель облысында тұрады екен. Соның ақылымен туған ауылы Синское селосына да аяқ іліктірдік. Келуін келгенмен, бұл жерде тұрақтай алмайтынымыз анық байқалды. Себебі немістер мал-жанын түк қалдырмай сыпырып кеткесін ауылдағылар да аштыққа ұрына бастапты. Содан аз-кем аялдап, солтүстік-шығысқа бет түзеп, қайта жолға шықтық. «Қырсық бір айналдырса шыр айналдырады» деген рас екен, орманнан шыға бере екі неміс солдатына кезігіп, қарсыласа алмай, қайта қолға түстік. Бізді Могилев қаласындағы штабқа алып келді. 3 күндей ұстап, «Қайдан жүрсіндер?, Партизандар қайда?» деп ұрып-соғып, тергей бастады. Тоқтаусыз тепкілегендердің «Швайн русь» дегеннен басқа сөзін ұқпаймыз. Бет-аузымыз дап-дала. Мұнан түк шықпасын түсінді ме, келесі күні немістер бір аудармашы ала келіп (Приволжалық жергілікті неміс екен), тілдесе бастады. Бұл 1941 жылғы қарашаның басы болатын. Лагерьдегі тозақ өмір осылай басталды. Тәулігіне 200 грамм нан мен тұзсыз атала береді. Аршылмаған шіріген картоптан жасалған аталаның сасық иісі мұңкігенде, ішпей жатып жүрегіміз айнитын. Амал жоқ, шошқа да тұмсығын батырмайтын быламықты талғажау еттік. Қарашаның соңына қарай солдаттар арасында тиф ауруы қатты тарап, мен де 15 күндей нәр татпай жатып қалдым. «Госпиталь» деп аталатын, есік-терезесі аңғал-саңғал сыз барактамыз. Күніне 200-дей адам аурудан өледі. Аурудан аман, тірі жүргендер ертеден қара кешке дейін кеселден көз жұмған тұтқындарды көмумен болды. Кейде олар жерлеп үлгере алмай, мәйіті айни бастағандармен бірге көрер таңды көз ілмей атқызып шығамыз. Осындай алапат аштықтан, алмай тынбайтын аурудан соң барактағы 900 адамның 50 шақты ғана солдат қалдық». Түйіндей айтқанда, Тілеуқабылов Сопыбек тартқан тауқымет осындай. Бір айта кетерлігі, оның ісіне қатысты құжаттарда сотты болғандығы көрсетілмепті. «Түркістан легионында» да болмаған. Ал тағы бір қазығұрттық соғыс құрбаны Бердіқұлов Досалыға қатысты №1259 іс қозғалыпты [6, п.п 6-9]. Ол 1918 жылы 5 мамырда ОҚО, Қаратас ауданы, Жылыбұлақ ауылында туған. Қазақ, ВЛКСМ мүшесі. Комсомолдық билетін немістер тартып алып қойған екен. 5 кластық білімі бар, мамандығы жоқ, бұрын сотталмаған. Кеңес

әскері қатарына 1940 жылы алыныпты. Соғысқа дейін туған ауылында колхозшы болып жұмыс істеген сарбаз 1941 жылы №121 полк құрамында шайқаста ауыр жараланады. Польшадағы тұтқындар лагерінен де қашып шығып, Конской деген шағын қалашықта қайта қолға түседі. Тағы да қашуға әрекеттеніп жүргендеәшкерге болып, «сенімсіз солдат» 1944 жылы Германияның Гамбург қаласына жөнелтіледі.

Осы «Федель 28» лагерінде жүкші болып жүрген жауынгерді 1945 жылы ағылшын әскері босатып алып, еліне қайтарыпты.

Тергеуде берген жауабында:

«... 1941 жылдың мамырында біздің бөлім Белосток маңында алғашқы ұрысқа араласты. Қарақұрымдай қаптаған жау бекінісі осал Белостокты бірер күнде-ақ қоршауға алды. Қоршаудан сытылып шығу үшін 4 күн шайқастық. Тұтқынға түскендерді Брест қаласы маңайындағы әскери лагерьге әкелді. Бұл жерден де бас сауғалай қашып, Конскіда қайта ұсталғанымды, Гамбургке қалай айдалғанымды бұрын да айтқанмын. Сондықтан ол жайында қайталап жатпаймын», - деген Бердіқұлов та «Отанын сатты» деген айыптан құтыла алмапты.

Ал Тұрымбетов Қырықбай[7, п.п 6-7], 1914 жылы туылған, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратас ауданы, «Қазақстанның 20 жылдығы» колхозының тұрғыны. Партияда жоқ, шаруа отбасынан шыққан, білімі 5 кластық, үйленбеген, сотты болмаған. Әскер қатарына 1935 жылы шақырылған екен. Қ.Тұрымбетовке тағылған айып, ол Қызыл әкердің сапында бола жүріп, 1941 жылы тамыз айында Смоленск маңында қолындағы қаруымен жау қолына тұтқынға түсіп қалады. Тұтқында жүріп, «Түркістан легионының» құрамында ант қабылдады» деп көрсетілген. Сонымен бірге 1942 жылы желтоқсан айында Совет-герман майданының ұрыс даласында Кеңес әскеріне қарсы шығыпты деген айып тағылады. 1943 жылы қаңтар айына Қызыл әскер бөлімдері оны қолға түсіреді. Осыған байланысты Әскери трибунал Қ.Тұрымбетовті «Отанына опасыздық жасады»деп РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1, «б» бабы бойынша, ең жоғары қылмыстықжаза – ату жазасына кеседі.Сонымен бірге Әскери трибунал Қ.Тұрымбетовке кесілген ату жазасын шұғыл түрде орындауды және оны қатаң бақылауға алуды да ұмытпапты.

Жалпы күні бүгінге дейін сұрапыл соғыстағы тұтқындар қасіреті жабық тақырыпқа айналғаны жасырын емес. Кеңес үкіметі де соғыс тұтқындарын түгелдей«сатқын» деп санап, оларға еш аяушылық білдірмеді. Біз тілге тиек етіп отырған оңтүстікқазақстандық соғыс құрбандарының қилы тағдыры да мыңдаған солдатты сергелдеңге салған сол күндердің бір үзігі ғана. Демек, соғыс тұтқындары, «Түркістан легионы» турасында да Тәуелсіз Қазақстанның өз ұстанымы болуы керек. Білікті ғылыми зерттеулер жүргізіліп, архивтер де толық ашылуы тиіс. Сонда ғана тарихи шындыққа көз жеткізіп, «легион» жайлы аңыз бен шындықтың ақ-қарасын айырып, оң байламға келетініміз анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер**

1. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. Алматы: «Жазушы» 1968; Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах, Алматы, 2002.
2. Шымкент қалалық Полиция департаментінің арнайы архиві. (ШПДАА) Ф-9,Тізбе 8823НС
3. ШПДАА. Іс.2334. П.п. 3-12.
4. ШПДАА. Іс.1643(4543). П.п. 8-29.
5. ШПДАА. Іс.5390/3. П.п. 2-9.
6. ШПДАА. Іс.2469 (1759ф). П.п. 6-9.
7. ШПДАА. Іс.4951. П.п. 6-7.

#### **Исова Лаура Тәңірбергенқызы,**

т.ғ.к., әл-Фараби атындағыҚазҰУ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті. Алматы, Қазақстан Республикасы.

### **КСРО ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1934 ЖЫЛҒЫ(8 МАУСЫМ) «ОТАНДЫ САТУ» ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗАЛАУ ЗАҢЫ: ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ТАРИХИ ТАҒДЫРЫНДА**

XX ғасырдың саяси ойы мен әлемдік геосаяси теке-тірестер сабақтастығының тарихи беттері көптеген мәселелерді жаңаша ғылыми сараптамалық ой елегінен өткізуді қажет етеді. Әсіресе, 1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да еуропалық елдерде, Түркістан

легионында тұтқында болған қазақстандық әскери тұтқындар мәселесі, академиялық ғылымдар тоғысында жаңаша қаралып, мәселенің күнгейі мен көлеңкесі болып келген тұстарын мұрағаттық деректер негізінде жан-жақты бағамдау сұранысын арттырды. Осы орайда мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың тапсырмасымен құрылып, екі жыл көлемінде тұрақты жұмыс істеп жатқан, жетекші тарихшы, құқықтанушы, халықаралық қатынастартанушы ғалымдардан тұратын мемлекеттік комиссия, тарихтың ақтандақтарын қайта қарай, кеңестер кезеңіндегі орын алған саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналған тұлғаларды ақтау бағытында қажырлы зерттеу жұмысын жүргізуде. Отандық, шетелдік мұрағаттарда атқарылып жатқан зерттеу жұмыстары аясында комиссия мүшелерін деректер мазмұны терең қарауға жетелейтін мәселелер де жүйеленді.

Қазіргі ғылыми әдебиеттердегі соғыс тақырыбы мен соғыс мәселелерінің күрделі тұстарын терең қарау әлі де болса көптеген сұрақтарды жүйелей қараудың сұранысын тудыруда. Құқықтық ғылыми әдебиеттердегі басқа да академиялық ғылымдар мәселесін тоғыстырған соғыс тақырыбы, әсіресе соғыс барысындағы тұтқындарға қатысты мәселелерді зерттеу мемлекеттік қауіпсіздік, кеңестік идеология және репарация үдерістеріне сай бағытталған. Кеңестер Одағы кезеңінде бір саяси жүйеде болған мемлекеттің тарихи мәселелерін зерттеудегі ресейлік мектептің бірқатар бағдары қалыптасты. Екінші дүние жүзілік соғыстың әртүрлі мәселелері, соның ішінде соғыс тұтқындары, коллаборационизм сипаты мен белең алуы М.И.Семиряга зерттеулерінде [1] сарапталады. Соғыс тұтқындарының тұтқынға түскен жақпен ара қатынасының байланыстық жақтары О.Ю.Макаровтың және тұтқындардың мемлекеттік қорғаныс комитеттері тарапынан саяси тағдырының шешім табуы Ю.А.Горковтың, әскери тұтқындардың барлау-бақылау қызметтеріне тартылуы мен репрессиямен жалғасқан тұтқыннан оралғаннан кейінгі тағдырлары жөніндегі зерттеулер В.И.Лазарев, О.Б.Мозохин, А.И. Матвеев, А.М. Гуськов және СМЕРШ атақты әскери тұтқындар лагерінің шындығы Л.Г. Ивановсынды әскери тарих, құқықтық салада зерттеу жүргізген сарапшылар еңбегінде бағамдалады [2-8]. Жалпы әскери тұтқындарға қатысты олардың құқықтық статусы және құқықтық жауапкершілік және жазаға тартылу механизмінің заңнамалық мазмұны әлі де болса күрделі. Барлық құқықтық әдебиеттердегі дейтәжіремеленудегі түсініктің қиын түсіндірілуінен бастап, қолдануы барысындағы нақтылығын сипаттаудың өзі, соғыс жағдайындағы аласапыран жағдайда қолданылуы ретімен де қарама-қайшылықты сұрақтар тудырып, тергеу үдерістерінің мемлекеттің ішкі саясатындағы амалдарға тәуелді болған тұстарына көптеп дәлел болатын секілді.

Отан қорғау мақсатында соғысқа аттанған кеңестік жауынгерлер сапындағы қазақстандық азаматтардың майдан даласындағы ақуалы, әртүрлі жағдайда қарсылас жақтың тұтқынына түсу және ары қарайғы аса қайғылы, күрделі тағдырларының көптеген жылдар бойы аса құпия құжаттармен жасырын болған жеке мәліметтерінің ақиқатын ашу, тарихи жадыны жаңарту мүддесінде қолға алынды. Басқа да кеңестік мемлекеттік әскери тұтқын жағдайында болған азаматтарының басына түскеніндей, қазақстандық әскери тұтқындар да, кеңестік биліктің оларға қатысты аса ауыр заңдарымен айыпталып, тұтқын тағдырын кешкен сол статусы алынбаған қазақстандық азаматтар ұзақ мерзім мемлекет тарапынан ақталу мүмкіндігін көздері тірісінде көре алмай кетті.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық-әскери тұтқындардың қайғылы тарихи тағдырында мықтап орын алған КСРО Орталық Атқару комитетінің 1934 жылдың 8-маусымындағы «Отанды сату» жөніндегі Жазалау заңының да қолданыстық сипаты аса ауыр болды.

Соғыс философиясы барлық тарихи кезеңде адам өмірі құрбандығының аса өрескел, төтенше жағдайларымен ұласатын беттерімен сабақтасқан. XX ғасыр көлемінде аса тұтқиыл дұшпандық сипат алған және миллиондаған адам өмірін қыршын қиюмен қатар, тірі болмысты аса азапқа салған әскери тұтқын феноменінің екінші дүние жүзілік соғыстағы тұрпаты, соғысушы екі жақтағы да саяси жүйе тараптарының оларға қатысты заңды амалдарының аса қатал түрлерінің қолданыс табуымен жүзеге асты. 1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да еуропалық елдерде, Түркістан легионында тұтқында болған қазақстандық әскери тұтқындар мәселесі тақырыбымен Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты және Алматы қаласындағы ҚР Полиция департаментінің арнайы мұрағатында жүргізілген арнайы жоба аясындағы зерттеу жұмысы барысында аса зер салатын деректер мазмұны кеңейді. Аса құпиялығы алынбауы себепті және қазақстандық әскери тұтқындарды ақтау үдерісі әлі де жүзеге асуына байланысты, олардың жеке мәліметтері әлі зерделенеді. Алайда, мұрағаттарда қазақстандық әскери тұтқындарға қатысты қолданылған заңды нормативті-құқықтық баптар мен заңнамалардың мазмұнын кеңестік жүйеде әрекет еткен мемлекеттік органдар жариялаған бұйрықтар мен жарлықтар баптарының құрылымы мен қолданыстық сипаттарымен танысу мәселесі дара бағамдауды талап етеді. Әртүрлі жағдайда соғыс тұтқынына айналған кеңестік әскер құрамында соғысушы қазақстандық әскери тұтқындарға

қатысты, олардың айыптарының түріне сай белгіленген нормативті-құқықтық қылмыстық заңнама баптары, мұрағат деректеріндегі тұтқындар сотталған РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-1 «а», 58-1 «б», 58-1 «в» және 58-1 «г» баптарын тереңірек анықтау, қылмыстық кодекстің осы баптарының қылмыс мазмұнына қарай қолданылуының талаптарының қандай болғандығы жөніндегі түсінікті де қалыптастырудың қажеттілігін тудырды.

Кеңестік жүйенің жаңа құқықтық амалдарының негізі, аса төтенше сипат алған заң, нормативті-құқықтық актілерде белгіленіп қойған болатын. Отанға сатқындық жасау кеңестік қылмыстық заңнамалармен соғыстың алдындағы азғана мерзімде қарастырылған еді. XX ғасырдың отызыншы жылдарын әбден жауыр қылған жаппай күдікпенушілік және «қарапайым кеңес тұрғындарының» аса сақтығына әкеліп соқтырған қырағылық жаппай насихаттың құралына айналғаны бар. Кеңес мемлекетінің «ішкі жауларының» капиталистік сыртқы күштерімен байланысы бар деп күдікке ілініп, айыпталған партия мен мемлекет басшылары, «әскери интервенция орын алған жағдайда, қаржылық блокада жолымен моральды, материалды қолдауға ие болады» деген желеумен жауапқа ілікті [9, 6-б.].

Осы сарындағы құқықтық жауапкершіліктің тұрпаты, КСРО Орталық Атқару комитетінің 1934 жылдың 8-маусымындағы «Отанға сатқындық жасау баптарымен (контрреволюциялық және басқару тәртібіне қарсы ерекше Кеңестер Одағына арналған қауіпті қылмыстар) мемлекеттік қылмыстар жөніндегі Ережелерге толықтырулар туралы» жарлықтың жариялануына әкеліп соқтырған еді [10]. Аталмыш заң қазақстандық әскери тағдырына қатысты ерекше қолданыс тапқан қылмыстық кодекстер арқылы өзінің қолданысын тауып, заңдық негіз болға аса қолданыстық заңдық амалдардың бастауына ілікті. Отанға сатқындық жасау заңы РСФСР Қылмыстық кодексі мазмұнына енгізіліп, 58-1 «а» бабымен («Отанға сатқындық»), 58-1 «б» («Әскери қызметкерлер жасаған Отанға сатқындық»), 58-1 «в» («әскери қызметкерлердің кәмілетке толған мүшелерінің жауапкершілігі») және 58-1 «г» («Сақтықтық жөнінде хабар жеткізбеу») секілді баптармен белгіленді [11].

РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-1 «а» бабының құқықтық нормалық сипатына сәйкес, Отанға сатқындықтың объективті жағы, «КСРО әскери әлеуетіне, оның мемлекеттік тәуелсіздігі немесе оның аумағына қол сұғушылықпен шығын әкелген КСРО азаматтары жасаған әрекеттер; осылайша: шпионаж, әскери немесе мемлекеттік құпияны мәлімдеу, жау жағына өтіп кету, қашу немесе шетелге ұшып кету» тұрпатын қамтиды. Аталған әрекет санаттары мысал ретінде белгіленген. Оған объективті белгілерді сипаттаудағы «осылайша» сөзі қолданылып, одан кейін сатқындық әрекет реттері келтірілген. Оның расталуы ретінде 1936 жылғы КСРО конституциясының 133 бабы ережесіндегі аталмыш нормалардың сәйкестігі дәлел ретінде белгіленеді. Осы конституция бабында, мемлекеттің әскери күшіне шығынның барлық түрі ретінде ауқымды көрсетіледі [11, 40, 65-66].

Сонымен қатар, сатқындық әрекеттердің осындай ауқымды көлемі түсінігі төңірегіндегі ұғым кеңестік құқықтық доктринаның ұстанымына енеді. Аталған заңның ықпалымен Отанды сату жөніндегі қылмыстық құрамды жобалауда қолданыс тәсілі қалыптасып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 16 бабында қарастырылғандай, балама қолданыс ретінде осы қорғаныс нормасын кең түсіндіруде жалғасын табады, сөйтіп жаумен кез-келген байланыс сатқындыққа жатқызыла бастайды.

Отанға сатқындық жөніндегі заңның ықпалы, ары қарайғы нормативті-құқықтық дамудың бағыттарында Отанға сатқындық түрі ретінде «сатқындық жасау ниеті барлықты» да бекітеді. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1942 жылдың 24 маусымындағы №1926сс «Отанды сатқандардың отбасы мүшелері жөніндегі» жарлығы [11, 23-40-66] оның жалғасы іспетті болды. Оған қоса, КСРО Ішкі істері халық комиссариатының КСРО Прокуратурасымен бірлескен 1942 жылдың 27 маусымындағы №252 «КСРО Ішкі істер комиссариаты жанындағы Ерекше жиналыста басқа да одақтас республикалар мен РСФСР Қылмыстық 58-1 «а» және 58-1 «б» баптарымен аса айып тағылған немесе сот органдарымен сотқа тартылғандарға қатысты олардың кәмілетке толған отбасы мүшелеріне репрессия қолдану жөніндегі» бұйрықта 1934 жылғы (8 маусым) «Отанды сату» жөніндегі Жазалау заңының мазмұнын күшейте түсті. Сондай-ақ кеңестік жүйе ауқымында қабылданып, қолданыс тапқан «Отанды сатуға» қатысты нормативті-құқықтық заңнамалар ауқымында әскери тұтқындардың жазалану механизмінің аса өрескел асыра сілтеуге ұласқанын, тұтқындардың тұтқында болған жері мен тұтқындар лагерлеріндегі шараларға тартылуы, немістердің оларды пайдалану техникасына қарай сипат алуынан көруге де болады.

КСРО Орталық Атқару комитетінің 1934 жылдың 8-маусымындағы «Отанды сату» жөніндегі Жазалау заңының да қолданыстық сипаты, кеңестік қылмыстық құқық институтының ары қарайғы, аталмыш заң аясында әрекет етудегі ауқымын кеңейтіп, РСФСР және одақтас республикалардың қылмыстық кодекстерінің жұмыс істеуінде нақты баптарымен негіз жасады. Осындай нормативті-құқықтық мазмұны аса күрделі Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық-әскери

тұтқындардың қайғылы тарихи тағдырында мықтап орын алған аса ауыр болды. Қазақстандық әскери тұтқындардың тұтқынға түсу барысында әрекеттерінің және азапталу тұлпаттарының әртүрлігіне қарамастан, соғыс барысы және соғыстан кейінгі тарихи Отанға қайтарылуы және арнайлы фильтрациялық құрылымдар арқылы кері оралуы тексерісінен кейінгі аталмыш Заңды құжаттармен қылмыстық жазаға тартылуы репрессиялық амалдармен орындалды.

### **Пайдаланған деректер мен әдебиеттер**

1. Семиряга М.И. Коллаборационизм. Природа, типология и проявления в годы Второй мировой войны. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2000. – 863 с.
2. Макаров О.Ю. Коллаборационизм и сотрудничество в ВОВ// Вестник Нижегородского университета им.Н.И.Лобачевского. 2011. №3. С.185-191.
3. Горьков Ю.А. Государственный комитет обороны постановляет (1941–1945). Цифры,документы.М.,2002. С. 521.
4. ЛазаревВ.И.Деятельностьоргановвоеннойконтрразведкивначальныйпериод.С.41;
5. МозохинО.Б.Правона репрессии.М.,2006.С.224–225.
6. Матвеев А.И. 1418 дней и ночей Великой Отечественной войны. Записки фронтовогоконтрразведчика. М., 2002.
7. Гуськов А.М. Под грифом правды. Исповедь военного контрразведчика. Люди. Факты. Спецоперации. М., 2004..
8. Иванов Л.Г. Правда о СМЕРШ. Запискифронтовогоконтрразведчика.М.,2007.
9. Советская юстиция. 5 августа 1934. №15. С.6
- 10.Сводзаконов СССР. 1934. №33.Ст.255
- 11.Постановление ВЦИК и СНК РСФСР от 20 июля 1934 года «О дополненииУголовногоКодекса РСФСР ст.ст. 58-1 «а», 58-1 «б», 58-1 «в» и 58-1 «г» // Собраниеузаконений РСФСР. 1934. №30. Ст.173.
- 12.Конституция СССР 1936 года // Известия ЦИК СССР и ВЦИК. 6 декабря 1936. №283. С.40, 65.
- 13.Фомин А.А. Эволюция правовогоподхода к оценкедеятельностиколлаборационистов в годыВеликойОтечественнойвойны //Genesis: историческиеисследования. -2017.-№5. -С.23-40. DOI: 10.7256/2409-868X.2017.5.20220URL:[https://nbpublish.com/library\\_read\\_article.php?id=20220](https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=20220).

### **Әлібек С.Н.,Досыбай Н.Ж.**

тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры,  
Шымкент,Қазақстан Республикасы.  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің Қазақстан тарихы пәні  
оқытушысы

## **ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДА БОЛҒАН ҚЫЗЫЛҚҰМДЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ АЗАПТЫ ТАҒДЫРЫ**

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылы 24 қарашада №456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия құру туралы» жарлығы шыққан болатын. Жарлықтың негізінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы комиссия құрылып, бұрын жабық болып келген архивтер де құпия сақталған құжаттар мен жұмыс жүргізілуде. Соның нәтижесінде оңтүстікқазақстандық әскери тұтқындардың азапты өмірі ісіне қатысты тергеу материалдарымен танысуға мүмкіндік туды.Екінші дүниежүзілік соғыс, қазақ халқының тағдырына да үлкен әсерін тигізді. Жалпы алғанда,оңтүстікқазақстандық әскери тұтқындардың азапты өмірі сол кезеңдегі республикамызда болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғалармен сабақтас өрбіді және сол оқиғалардың айқын көрінісі болды. [1 с. 2].

1943 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданында орын алған жағдайдың мән-жайын анықтап сараласақ, кеңес өкіметіне қарсы топ құрған осы азаматтардың ісіне қатысты біраз мәселенің басы ашылары сөзсіз. Соғыс жылдары Қазақстан территориясында ірі әскери құрамалар мен жекелеген бөлімдер құрыла бастады. Оның ішінде 316-ші атқыштар дивизиясы – 8-ші И.В. Панфилов атындағы гвардиялық атқыштар дивизиясы), 38-ші Алматыдағы атқыштар дивизиясы, Ақмола, Петропавл, Семей, Жамбыл және тағы да басқа қалаларда 310-ші, 314-ші, 29-ші, 238-ші атқыштар

дивизиялары 106, 105, 96-ші қазақ ұлттық кавалериялық дивизиялары, 100-ші және 101-ші жекелеген ұлттық атқыштар бригадалары құрылғаны белгілі. Соғыстың бастапқы кезінде кеңестік қарулы күштер қатарында 170 мыңнан астам қазақстандықтар болса, олардың көпшілігі батыс шекаралардағы бөлімдерде, соның ішінде Брест гарнизонында болды [1, 2-6].

Жалпылай айтсақ, кеңес одағы кезінде Ұлы Отан соғысына қатысқан адам саны 35 миллионнан асса, оның 5 миллионнан астамы тұтқында болған. Яғни әрбір жетінші адам түрлі жағдайларға байланысты тұтқынға түскен. Тұтқыннан қашқандары, құтылып кеткендері де болған, партизандарға қосылып кеткендері және бар. Қайтадан кеңес әскеріне қосылғандары да болды. Солардың анық-қанығын білуге қатысты сұрақтар соғыс аяқталғаннан кейін қойыла бастаған [2, 3-6].

Құжаттарды анықтап зерттеп, саралай отырып, істің-мән жайына келер болсақ, Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм аумағында, Талды-Опан елді мекенінде 1942 жылдың тамыз айында, Кеңес өкіметіне қарсы қарулы топ құрылғаны туралы мәліметтер келіп түседі. Соның ішінде, кеңестік әскери шұғыл топтың жинаған жеке құжаттарына қарай отырып, Қызылқұм аумағында құрылған қарулы топ жетекшісі Санатбеков Жомарт Өзбекстан аумағында бұрыннан кеңес өкіметі қарсы топтың қатысушысы болып есептелген. Бұл топ 1943 жылдың қаңтар айының басында, кеңес өкіметіне қарсы заңсыз жиналыстар өткізгендігі, Арқабаевтың анасы Арқабаева Танидің пәтерінде тұрып, бір жыл бойы мал бағумен айналысқан, Ибрагимов, Савтбеков, және Битеновтар мен бірге Сасық-көл елді мекенінде кеңес өкіметіне қарсы шыққандығы атап өтілген [3, 4-6].

Осы анықталған мәліметтерге жүгінсек, ұйымдасқан топ өз мақсатын жүзеге асыру үшін, Ибрагимовтың ағасы арқылы барлық мәліметтерді алып отырған. Құжаттарда жазылған мәліметтерге сәйкес, осы топтың негізгі қатысушыларының аты-жөндері анықталады. Олар: Саватбеков Жомарт, Арқабаев Жамантай, Шалаев Ақбай, Битенова Илияс сияқты азаматтар.

Сонымен қатар, 1943 жылдың қаңтар айының басында Мырзагелдиев есімді азамат, Ибрагимов пен ағайынды Ешметовтер Рахим және Маталай есімдерінен бөлек Киров ауданынан қосымша екі адам келеді. Олар сонымен қатар, қару-жарақпен және бірқатар сарбаздар мен осы топтың құрамына кіреді [4, 5-6]. Саватбеков Жомарттың бастаған антисоветтік көтерілісшілер тобының алдарына қойған басты мақсаттары мыналар еді:

1. Соғысқа шақырудан жалтару және бас тарту;
2. Жапай қарулану;
3. Құмға жасырынып, билік органдарына шабуыл жасау;
4. Қызылқұмда жасырынып, қосымша күштерді ұйымдастыру;
5. Қосымша күштерді ұйымдастыра отырып, жылқы басын көбейту;
6. Аудан орталығында сенімді күш жинап, КСРО ішкі істер халық комиссариаты қызметіндегі қаруы бар адамдардың көзін жою, соңында Қызылқұмның жеріне тығылып, жаңа күштерді жинақтау.

Осы аталған бағыттарда ұйымдасқан топ деген атқа ие болады. Нәтижесінде, 1943 жылдың 29-шы қаңтарында, КСРО ішкі істер халық комиссариаты қызметкерлеріне қарсы қарулы қарсылық көрсетті деп, жасырынған топты ұстау әркеті басталады. Қабылданған жедел іс-шаралар нәтижесінде топ мүшесі болған, Арқабаев, Шалабаев және Битенов есімді азаматтар Қызылқұм ауданының Сасық-көл деген жерінде қолға түседі. Арнайы ұйымдасқан топты, 1943 жылы 8 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы жерінде, КСРО ішкі істер халық комиссариаты тұтқындап, қылмыстық жауапкершілікке тартқан. Кеңес өкіметіне қарсы көтерілісшілер қатарындағы: Ибрагимов қарулы топты ұйымдастырушы деп, ал осы топқа қатысушылар Арқабаев Жамантай, Шалабаев Ақбай, Битенов Иляспек деген азаматтар 1943 жылы тұтқындалып, қарулы сыбайластыққа қатысы бар деген айыппен қоршауға алынады [5, 6-6].

Осы аталған азаматтарға мынандай айыптар тағылған:

1. Ибрагимов Оис-1979 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы Шардара ауылының тумасы, КСРО азаматы, қазақ, сауаты аз, алдын сотталмаған, орта тапты шаруа, тұтқындалғанға дейін Қызылқұм ауданының мал шаруашылығында шопан болып жұмыс істеген.

2. Арқабаев Жамантай-1902 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы Шардара ауылының тумасы КСРО азаматы, қазақ, шаруа, бұрын сотталмаған әскери бөлімді өз бетімен тастап кеткен, кеңестік әскер қатарына шақырылғанға дейін Сасықкөл елді мекеніндегі мал шаруашылығында жұмыс істеген.

3. Шалабаев Ақбай-1889 жылы туған Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы Шардара ауылының тумасы КСРО азаматы, қазақ кедей шаруалардан шыққан сауатсыз, бұрын сотталмаған, кеңестік әскер қатарынан қашып, Сасық-көл елді мекенінде жасырынған.

4. Битенов Иласпек-1911 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы Шардара ауылының тумасы, КСРО азаматы, қазақ, сауатсыз, бай шаруа отбасынан шыққан, сотталмаған, Киров ауданында, содан кейін Сасық-көл елді мекенінде, бір ай жасырынып жүрген [6, 7-б].

Осы іс бойынша: Ибрагимов Оис Сасық-көл ауылында, мал шаруашылығында жұмыс істеп жүріп, әскерден қашқындар қатарында, Саватбеков Жомарт есімді азаматпен Өзбекстан аумағында, бір топта болып, совет өкіметіне қарсы қарулы көтерілісті ұйымдастырды деп айыптар тағылған.

Қарулы топтың қатысушылары: Арқабаев, Шалабаев және Битеновтар Сасық-көл елді мекенінде жасырынып, совет өкіметіне қарсы көтеріліп, қарулы топтың ұйымдастырушылары болғандығы жөнінде айтылады. 29.01.1943 жылы Қызылқұмда оларды ұстау операциясы басталған. Осы аталған топ, РСФСР ҚК 59-3 және 193-баптарында көзделген КСРО ішкі істер халық комиссариаты қызметкерлеріне қарсы қарулы қақтығысқа барды деп айыпталды.

№ 7734 тергеу ісі бойынша, Ибрагимов, Арқабаев, Шалабаевтың және Битенов есімді азаматтар Шымкент қаласы әскери бөлімінде тергеуде болып кейінен істері сотқа жіберіледі.

Осы аталған істің анықтамасы бойынша: айыпталушылар Ибрагимов, Арқабаев, Шалабаев және Битенов Қызылқұмда 1943 жылдың 8 ақпанында тұтқындалған. Тұтқындалу барысында дәлел ретінде, 5 дана тегіс құрастырылған қарудың 2 данасы, оның патронды гильзасы – 28, пистон 100 дана, бұрынғы ескі үлгідегі қару-жарақ 1 дана, оған гильзалар 29 дана, құжаттар КСРО ішкі істер халық комиссариатында тәркіленіп сақтаулы тұрғандығы жазылған. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті кіші лейтенант Дорошевтың жүргізген айыптау қортындысы бойынша, Ибрагимов, Битенов пен Арқабаев, Шалабаев Ақбай РСФСР ҚК 58-1-де 58-11-де статьясымен ұсталып абақтыға жабылғандығы жөнінде құжаттарды келтірген.

1943 жылғы 8 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер халық комиссариаты Қызылқұм аудандық сотында: Ибрагимов, Битенов, Арақабаева және Шалабаев Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданының аумағында болған қарулы топтың қатысушылар ретінде қамауға алынып, қылмыстық жауапкершілікке тартылып, айыпталған [6, 7-б].

Осы азаматтар қызыл армия қатарына шақырылса да, Қызылқұмда жасырынған, қашқындар қатарында болғандығы дәлелденген. Бұл топ 1943 жылдың қаңтар айының басында Сасық-көл елді мекеніндегі жоғарыда айтып өткеніміздей Арқабаевтың анасының пәтерінде тұрып, кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан топ есебінде жүргендігі анықталған. Ибрагимов, Саватбеков, Арқабаев, Битенов есімді азаматтарға қатысты заңсыз құжаттар дайындалғандығы жайлы толық мәліметтер де берілген [7, 8-б].

1943 жылдың қаңтар айында осы қарулы топқа Ешметов Рахым пен Ешметов Маталап есімді азаматтар да қосылғандығы анықталып жазылған. Қарулы топтар 5 мылтықпен және 1 ескі мылтығымен қаруланғандығы айтылады. Қарулы антисоветтік көтерілісшілер тобының негізгі мақсаттар мыналар болды деп көрсетілген:

1. Қызыл Армия қатарында болудан бас тарту;
2. Жасырын түрде қарулану;
3. Қызылқұмда жасырынған қашқындар есебінен, қарулы топтың құрамын толықтыру;
4. Аудан орталығында қарулы топты ұйымдастыру, жауапты қызметкерлердің көзін жою, ішкі істер халық комиссариатында бар қару-жарақ пен оқ-дәрілерді қолға түсіру.

Сонымен, 1943 жылдың 23 қаңтарында ішкі істер халық комиссариаты қызметкерлері қарулы топты ұстау барысында, қарсылыққа тап болады. Десекте, 1943 жылдың ақпан айында жедел іздестіру іс-шаралары нәтижесінде, Арқабаев, Шалабаев және Битенов т.б. қарулы топтың мүшелері қолға түседі.

Қазіргі кезде қоғамда осы архивтегі жазықсыз сотталғандардың ісін қайта қарау жөнінде бірқатар көзқарастар бар. Бірі оларды анықтау керек десе, екіншілері оларды сатқындар деп айыптап жатады. Бұл жағдайда дәл айту қиын. Осы аталған оңтүстікқазақстандық әскери тұтқындардың азапты тағдыры, Қызылқұм тумаларының сол кездегі ісі саяси жағдайға байланысты болғанын атап өтуіміз керек.

Қорыта айтқанда, зерттеулерімізді алға жылжытуға көмек беретін бізге қажетті көп деректер әлі де толық емес. Себебі бізден соғысқа аттанған кісілердің көбісі, әсіресе өз қандастарымыз, шынын айту керек, сауат деңгейі бастауыш мектеп көлемінде болған, ал едәуір бөлігі сауаты мүлдем жоқ сарбаздар. Олардың көпшілігі тек қазақ тілінде сөйлеген, орысша білмеген. Тергеу барсында түсінбегендіктен тіптен өзіне қатысты дүниелерді де айта алмаған, қағазға да түсірмеген. Айталық, құжаттарда сарбаздар қай жерде тұтқынға түскен, қандай лагерьде отырған деген сауалдарға жауап толық емес. Тағы бір мәселе соғыс біткеннен кейінгі уақытта совет тұтқындары жайлы материалдар шетелдік архивтерден алынып, Мәскеуге жинақталғаны белгілі. Материалдарды салыстыру керек,



қарау керек, әрбір тұтқында болған азаматтың тағдыры қалай қалыптасқанын объективті тұрғыда зерделеуіміз қажет [8, 9-б ]

Қазақстан тарихының қасіретті парақтарының бірінен саналатын ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы шаруаларға қарсы бағытталған, «ұлтшылдыққа» айыптау, қудалау науқаны қазақ қоғамын өз тарихы мен мәдениетіне, өз ұлтының тұлғаларына күйе жағуға мәжбүрледі. Бұл «саяси қуғын-сүргін» науқаны 1953 жылы Сталин қайтыс болған соң, яғни «Хрущевтік жылымық» кезеңінде сәлде болса бәсеңдеді. Сотталғандар мерзімінен ерте босатылып, «халық жауы» жаласымен атылып кеткендер ақтала бастады. Бірақ бұл жаңадан билік басына келген Хрущевтік топтың партиядағы позициясын нығайтуға, халық алдындағы беделін көтеруге ғана бағытталған әрекеті еді. Оңтүстік өлкеміздегі әскери тұтқындар мәселесі, жалпы «1943 жылғы тұтқынға түскен қызылқұмдық» азаматтардың тағдыры туралы зерттеу мен зерделеу жұмыстары одан әрі жалғасын таба беруі керек деп ойламыз.

Өйткені тұтқында болған осы азаматтардың жеке берген сұрақ-жауаптарына қарап,

[8, 9-б] жазықсыз жала жабылған советтік әскери трибуналдың зардабын көрген, әділетсіз жазаланғандар мен құрбан болған әскери тұтқындар тарихтан өз бағасын алып, саяси тұрғыдан да өзіндік орыны анықталуы керек деген ойдамыз.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Боздақтар. Жинақтама том. (құрастырған П.С. Белан, Н.Едігенов) Алматы: Қазақстан, 1995, 408б
2. Көпішев Қ. Қара бұлт қақ жарған. Алматы: Қазақстан. 1994.
3. Аброй мен парыз. Ұжымдық монография: Алматы. 2005. 201-б
5. Шымкент қалалық полиция департаментінің арнайы архиві. Ф-9. Тізбе 8823 НС. (ШПДАА)
6. ШПДАА, Қ.9.Т.8823.Іс.21.П п. 1-60.
7. ШПДАА, Қ.9.Т.8823.Іс.21.П п. 1-29.
8. ШПДАА, Қ.9.Т.8823.Іс.21.П.380.
9. ШПДАА, Қ.9.Т.8823.Іс.21.П.70

**Ишанходжаева Замира Райимовна**, доктор исторических наук, профессор.Национальный Университет Узбекистана им. Мирзо Улугбека.г. Ташкент, Узбекистан,

### **ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В УЗБЕКИСТАНЕ**

Расширение возможностей для исследователей и формирование информационного пространства является одним из важнейших факторов развития исторической науки сегодня. Это в свою очередь позволяет идти рука об руку и в русле с инновациями и цифровыми технологиями в исследованиях и образовании, которые позволяют изменить характер организации научных исследований и учебно-воспитательного процесса, внедриться в информационно-образовательную среду, повысить качество науки и образования, мотивировать исследователей и обучающихся в получении новых сведений и знаний.

В данной статье автор уделяет внимание истории изучения репрессивной политики советской власти посредством технологий, где пойдет речь о создании образовательных систем по данной тематике, основанной на искусственном интеллекте. Что в свою очередь предоставляет неограниченные возможности сбора, хранения, передачи, преобразования, анализа и применения разнообразной по своей природе информации; создание единой информационно-образовательной среды; совершенствование методического и программного обеспечения образовательного процесса; развитие самостоятельной поисковой деятельности исследовательской; повышение мотивационной стороны обучения и др. Распоряжение Президента № Р-5598 от 8 октября 2020 г. “О дополнительных мерах по более глубокому изучению наследия и увековечению памяти жертв репрессий”, Указом Президента Республики Узбекистан № ПФ-6097 от 29 октября 2020 года “Об утверждении концепции развития науки до 2030 года”, Приказом Министерства высшего и среднего специального образования Республики Узбекистан № 97 от 14 марта 2022 года, в рамках прикладного гранта А-ОТ-2021-542 – “Создание мультимедийного комплекса и электронной платформы для более глубокого изучения наследия и увековечению памяти жертв репрессий и подчеркивающих важность их социально-политических, духовных и просветительских идей в образовании и воспитании” –

проведена определенная работа по теме гранта. Для начала были определены основные задачи, которые необходимо было решить в рамках проекта. Они сложились в три основных направления работы – это создание электронной книги Памяти, создание обучающего контента по теме гранта, формирование электронной базы данных по теме проекта. В процессе решения данных вопросов были проведены исследования, с промежуточными результатами которых мы бы хотели поделиться. Предполагается, что эта информация будет включена в электронную базу данных по теме. На сегодняшний день в исторической науке Узбекистана накоплен обширный корпус научных знаний, посвященных тем или иным аспектам истории Узбекистана советского периода.

Отдельные исследования, связанные с данной темой, затрагивали эти проблемы в основном в рамках изучения культурной жизни Узбекистана в советский период, либо касались истории жизни и деятельности конкретных представителей национальной интеллигенции, пострадавших от сталинских репрессий.

Научную литературу, касающуюся тему репрессий в советский период можно разделить на три основных периода и одну группу: 1) публикации, написанные в 50-е годы XX в., когда уже стало возможным говорить о репрессиях, и исследования с 60-х годов до середины 80-х годов XX в.; 2) труды, написанные во второй половине 80-х и до 90-х годов XX в.; 3) Работы, написанные после обретения Узбекистаном независимости; 4) Зарубежные публикации.

Во второй половине 1950-х годов, после известных постановлений, направленных на развенчание культа Сталина, был приоткрыт доступ к архивам, созданы более благоприятные условия для научной деятельности. В итоге стала расширяться тематика исследований, обогатилась их документальная база, начала подниматься и изучаться проблема сталинских репрессий. Но критика сталинизма носила дозированный характер, укладываясь в русло идеологических установок, спускаемых партийным руководством. Суть концептуальных подходов тех лет сводилась к тому, что вина за политический террор налагывалась исключительно на Сталина и его окружение. Вследствие этого тема сталинских репрессий рассматривалась исключительно в аспекте реабилитации партийных и советских работников, вынужденных выполнять указания сталинского руководства. К тому же, после краткосрочной «хрущевской оттепели» и прихода в 1964 г. к руководству советского государства Л.И.Брежнев критика бывшего руководителя последовательно стала затихать. Все это отразилось на характере исторических исследований, в том числе связанных с анализом культурных процессов в Узбекистане в пространстве 1920-х начала 1950-х годов. К ним мы можем отнести работы М. Корахонова, Т.Н.Кары-Ниязова, Х.П.Пулатова, И.Кадилова, У.Султонова, Р.Шарафутдинова, С.Мухаммедова, М.Султонова, У.Арифова и др. Освещая процессы культурной жизни Узбекистана, эти авторы делали основной упор на достижения в различных областях – науке, образовании, культурно-просветительской деятельности, литературе, искусстве и, как правило, связывали это с «руководящей ролью коммунистической партии». Работы были предельно идеологизированы, выдержаны в духе своего времени. Вместе с тем нельзя не отметить, что они содержали интересные сведения о самоотверженном труде представителей просвещения, науки, литературы и искусства о состоянии культурно-просветительской сферы Узбекистана в исследуемый период[1].

В научной литературе второй половины 60-х – начала 80-х годов наблюдаются робкие попытки критического осмысления воздействия преступной практики сталинизма на духовную жизнь народов Союза, в частности узбекского народа. Однако позднее и вплоть до середины 80-х годов эта тема оказалась фактически табуированной. Основное внимание исследователей сосредоточилось на аргументации исторической потребности «ленинской культурной революции», обосновании классового характера культурно-духовных преобразований. Причем возрастающей критике подвергались представители национальной интеллигенции, деятели литературы и искусства, которые несмотря на насаждение чуждой народу большевистской идеологии стремились отстаивать национальные традиции в отечественной культуре, сохранить вековое культурное достояние народа. Это касалось, в первую очередь, джадидов, таких известных поэтов, писателей, просветителей, как А.Фитрат, Чулпан, Усман Насыр и др., обвиненных в национализме и репрессированных в 30-е годы. Определенные шаги по объективному изучению проблемы сталинских репрессий были сделаны во второй половине 80-х годов[2]. Начало этому положили российские историки. В 1993 г. для узбекского читателя стала открытием книга А.Авторханова «Империя Кремля», в которой дается достаточно серьезный анализ национальной политики Советского Союза, в том числе периода репрессий.

Различным аспектам репрессивной политики советской власти посвящен целый ряд монографий, вышедших в России. Среди них можно выделить работу «Наше отечество. Опыт

политической истории», книгу Т.И.Славко «Кулацкая ссылка на Урале 1930 – 1936 гг.» и др., в которых на обширном корпусе архивных данных отчетливо показана социальная, духовная и экономическая жизнь народов Союза в условиях репрессий. В конце 80-х – начале 90-х годов и в Узбекистане появились ряд интересных работ, содействующих формированию новых подходов к оценке советской культурной политики и особенностей духовной жизни Узбекистана в советский период. В частности, в серии статей Р.А.Нуруллина, А.Маврулова, в монографических исследованиях С.А.Атамурадова, И.В.Мирзаева, А.Расулова, О.Шарафутдинова, Н.Худойбергана и др. авторов в публицистически заостренной форме стали подниматься вопросы губительного воздействия репрессивной практики тоталитаризма на духовную жизнь узбекского народа, необходимости реальной реабилитации представителей национальной интеллигенции, ставших жертвами сталинского террора. Однако подлинного прорыва в исторической науке в этой области еще не было достигнуто. Ведь «перестроечные» мероприятия осуществлялись в русле косметического обновления тоталитарного режима, коммунистическая идеология все еще занимала господствующие позиции.

Только после обретения Узбекистаном независимости стали формироваться необходимые основы объективного исследования проблемы репрессий 20-х – 50-х годов и их реальное воздействие на интеллигенцию республики. Распоряжение Президента Узбекистана И.А.Каримова от 12 мая 1999 г. «Об увековечении памяти жертв репрессий в Узбекистане» воодушевил историков и способствовал зарождению целого направления в исторической науке, посвященного изучению причин, истоков и особенностей репрессивной политики властей в колониальный и советский периоды истории. При этом у историков республики есть понимание того, что в изучении любого другого вопроса здесь необходим объективный анализ, дабы увлекаясь этой темой, не забывать, что наряду с негативными явлениями, противоречиями в развитии, засильем моноидеологии, существовали достижения, главной причиной которых был сам народ, его терпение и трудолюбие[3].

Уже в начале 90-х годов и позже, в условиях изменившихся исторических и политических реалий стали появляться исторические труды, написанные в качественно новом методологическом ключе. Темы настоящего исследования, в той или иной степени касались работы Б.Алиева, Г.Гулямова, В.А.Германова, А.А.Голованова, А.Маврулова, В.Мирзаева, С.Шермухамедова, Н.Мухитдинова, М.Нишанова, Т.Рахманова, И.Турсунова, Б.В.Хасанова, С.Шермухамедова, А.Чориева, Ю.А.Эргашевой, О.Ата-Мирзаева, В.Гентшке, Р.Муртазаевой и др. Развитию темы во многом способствовала публикация воспоминаний Мунаввар кори Абдурашидхонова, Шукурулло и др. Большое значение для исследуемой проблемы имела подготовка и публикация первых сборников документов, осуществленная рядом исследователей под руководством проф. Р.Шамсутдинова, в частности «Қишлоқ фожеаси» («Трагедия кишлака»), «Репрессия. 1937-1938 годы», «Трагедия среднеазиатского кишлака. Коллективизация, раскулачивание, ссылка (1929 – 1955 гг.)», которые содержат уникальные документы и материалы о сталинских репрессиях в городе и деревне, трагических последствиях коллективизации в 30-е годы XX века. Жертвам репрессий советской власти в Каракалпакстане посвящена книга Ш. Бабашева «Жазыксыз жазаланган репрессия курбанлары» (Естелик китабы). Особого внимания заслуживает публикаторская деятельность Благотворительного фонда «Шахидлар хотираси», издающая как публицистические, так и научно-популярные книги. Так, в популярной книге Х.Ахроровой «Изларингни излайман» содержатся сюжеты из жизни видных деятелей 30-х гг., подвергшихся репрессиям – С.Ахрорий, М.Абдурашидхонова, С.Тиллаханова, О.Нусратуллаева, М.Султанмуродовой, С.Холдоровой, С.Жабборова, основанные на материалах из личных дел репрессированных. К такого рода публикациям можно отнести и работы Н.Бокий, Н.Каримова, Х.Ниязова, С.Ахмедова, Ш.Турдыева и др. Также биографический характер имеют ряд работ Н.Каримова, освещающие жизнь и творчество узбекского литератора, одного из основателей узбекского театра Абдулхамида Сулейманова – Чулпана, одаренного спортсмена – Х.Иноятова, деятеля культуры К.Берегина. Очерки «Қор кўйнидаги лолалар» («Тюльпаны в объятиях снега») рассказывают о жизни талантливых узбекских женщин, репрессированных в 30-е годы XX в.

Важным, но малоизученным, а также мало исследованным страницам истории Узбекистана изучаемого периода посвящены серия книг «Тарихни номаълум саҳифалари» («Неизвестные страницы истории»), которые сейчас представлены 10 томами. В 2004 г. к 100-летию Боту Н.Каримовым и Ш.Турдыевым были опубликованы его избранные произведения[4].

Не менее важным для источниковой базы исследуемой проблемы является мемуарная литература. Воспоминаниям о своем отце Махмуде Ходиеве (Боту) посвящена книга известного общественного деятеля, проф. Н.М. Махмудовой. Определенное внимание на научную разработку

проблемы репрессивной политики советской власти оказали работы российских историков, наиболее интенсивно публиковавшиеся с конца 90-х годов и особенно в 2000-ые годы. Это работа П.Поляна «Не по своей воле»[5], об этнических репрессиях и принудительных миграциях; «Книга памяти жертв политических репрессии в СССР», подготовленная Российской Национальной библиотекой и международным проектом «Возвращенные имена». Деятельность советских спецслужб в сложные 30-е годы, как контрольных органов хорошо вскрыта в работах О.Мозохина, М.Тумшиса. Большой интерес в исследовании проблем сложных 1920-1950-х годов представляет работа М.Азадовского и Ю.Оксмана «Переписка 1944-1954». Вопросам реабилитации посвящена работа Н.Ф.Бугая[6]. Много информационного материала содержит Каталог историко-документальной выставки «Советское общество и война» изданный Федеральным архивным агентством в честь 65-летия Победы во Второй мировой войне. В нем приведены неизвестные ранее документы и архивные комплексы, свидетельства непосредственных участников событий, неизвестные ранее документы о восприятии войны. Зарубежную литературу представляют работы известного американского политолога, профессора Р.Такера «Сталин: Путь к власти. 1879-1929. История и личность» и исследования Р.Конквеста[7]. Его книга «Большой террор» посвящена исследованию причин, внутренней логике и масштабам террора, организованного Сталиным в 30-х годах XX в. Численные оценки жертв террора, сделанные Р.Конквестом, часто оспариваются. Однако, по нашему мнению важнейшая часть книги – это подробное отслеживание трагических событий 30-х годов XX в., подтвержденных документально. Некоторый материал по исследуемой теме содержит работа таких зарубежных ученых, как А.Беннигсен и Ш.Лемерсье-Келькеже[8].

В работе Д.Виллера «Современная история Советской Центральной Азии», рассматриваются культурные процессы, в том числе на территории Узбекистана и влияние советской репрессивной политики на них. Н.Дуглас в монографии «Покрытая империя. Гендер и власть в сталинской Центральной Азии», наглядно показывает интенсивность культурной трансформации в регионе и ограничения советской политики в этой сфере. Таким образом, мы видим, что стараниями историков в определенной мере восстановлены отдельные страницы, связанные с судьбой репрессированных граждан 1920-1950-е годы, написаны труды, охватить всех их в рамках одной статьи не представляется возможным. Но тем не менее, решая задачи, поставленные перед участниками гранта, была проделана определенная работа по созданию на базе имеющейся информации электронной платформы по более глубокому изучению этой научной проблемы. Тем не менее, обширный пласт актуальных вопросов по истории репрессий в области остаётся пока вне зоны комплексного изучения.

#### **Использованные источники и литературы**

1. Ишанходжаева З.Р. Репрессивная политика советской власти и её воздействие на культурную жизнь Узбекистана (1925 – 1950 гг.); Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук; Ташкент – 2012; с.4
2. Коэн С. Бухарин. Политическая биография. – М.: Прогресс, 1988
3. Там же, с. 5
4. Боту. Танланган асарлар. – Тошкент: Шарк, 2004. – 129 с.
5. Полян П. Не по своей воле. История и география принудительных миграций в СССР. – М.: Мемориал, 2001. – 326 с.
6. Бугай Н.Ф. Реабилитация (XX – начало XXI века). – М., 2006. – 463 с.
7. Conquest R. «The Harvest of Sorrow. Soviet collectivization and the Terror – famine». – New York, 1986; Конквест Р. Большой Террор. – М.: Ракст никс. 1991 – 416 с.
8. Bennigsen A. Co-authorship with Chantal Lemercier-Quelquejay. Islam in the Soviet Union. – New York: Praeger, 1967. – 272 p.

**Мулдахметова Ж.И.**, Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова,  
кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры «История Казахстана»

#### **НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ**

Советский период истории Казахстана напрямую связан с сегодняшней жизнью государства, так и с жизнью будущего поколения, в этой сфере существуют проблемы, объективное мнение

которых еще не до конца сформировано. Особенно оно связано с историей советского тоталитаризма в связи с историческими событиями и деятельностью политических деятелей 20-30-х годов XX века.

В конце 80-х гг. XX в. проблема «белых пятен», поднимавшаяся в прессе, когда под влиянием демократических процессов в стране начали глубоко изучаться основы советского государства, отдельные события истории сталинских политических репрессий были собраны из небольшого количества источников, которые вошли в различные книги и учебники.

С 90-х годов наблюдается активное изучение проблем Отечественной истории, в том числе мало трудов о советском тоталитаризме и его истории в Казахстане. Отрадно и то, что в большинстве случаев вопрос рассматривается комплексно и всесторонне просматривается причинно-следственная связь произошедших событий. Сегодня, исследуя проблемы истории массовых политических репрессий 1930-1940-е гг. до сих пор не учитывались ее конкретные причины, влияние внутренних и внешних факторов. Известно, что политика советского тоталитаризма, проводимая в Казахстане и других национальных республиках, имеет свои корни и ее проявления в каждом регионе различны.

Например, законы и политические решения, принятые в первые годы советской власти, ограничивали участников небольшевистских партий и движений, что в конечном итоге, что и переросло в политическое преследование, а к 1928 г. привело к преследованию представителей фракций и оппозиции, находившихся внутри власти ВКП(б), а затем к их подавлению в качестве политических противников. Это борьба с главным соперником И. Сталина, Л. Троцким и его сторонниками привела к репрессиям в национальных республиках видных общественных и культурных деятелей, представителей руководящих кадров и интеллигенции, которые контактировали с ними в свое время и представителей Алашского национального движения казахского народа в 1937-1938 годы. Это известная сторона проблемы. А рассмотрение конкретных причин этого до сих пор не раскрыто соответствующими архивными документами. Известно, что отсутствие соответствующих документов и информации открывает путь к разным выводам.

Все это говорит о том, что методологические методы исследования в данном вопросе еще не полностью сформированы. Советский тоталитаризм раскрывает природу и историю. Как известно, западные историки в свое время были впереди в раскрытии природы и истории советского тоталитаризма. Однако они все еще не хотят признавать, что в этом вопросе решающую роль сыграли прежде всего внешние факторы для СССР. Так, США долгое время не поддерживали признание Советского государства, установив дипломатические отношения только в 1933 году. Секретные документы и материалы, которые публиковали российские историки, были вывезены Л. Троцким за границу в 1929 г., продолжая его борьбу со И. Сталиным в международном масштабе в 1936 году. Война в Испании ясно доказала, что это создало большие неудобства для Советского Союза, в том числе для Коминтерна. А это, в свою очередь, привело к проведению политики массовых репрессий против троцкистов в КСРО, которая, со своей стороны, охватила как национальные республики, так и Казахстан. В любом случае, необходимо учитывать внешние политические причины этого вопроса. Массовые политические репрессии в истории советского тоталитаризма, как было сказано выше, советская власть боролась со своими бывшими противниками и оппозицией как внутри так и извне. Сложившейся в середине 1920-х гг., политика их искоренения сопровождалась насильственной реализацией хозяйственно-экономических мер. Следственные дела потерпевших или наказанных лиц, открытые судебные процессы, проведенные в то время для содержания населения в панике, доказывают, что в первую очередь это было сделано для реализации и привлечения людей к строгому трудовому порядку. Например, в 1936-1940 годах вышли законы, запрещающие рабочим и колхозникам добровольно бросать работу. Подобные проблемы касаются истории военного времени, в том числе истории знаменитого «Туркестанского легиона».

За последние 20 лет были изданы различные книги о Туркестанском легионе. Из книг Х. Амирова «Крах легиона», вышедший в советский период - 1970 г., С. Шакирбаева, «Крах Большого Туркестана» - в том, что они были написаны не с точки зрения прежней коммунистической идеологии, а с точки зрения отклонения в другую сторону [1, с-47]. Например, ветеран, который стал военнопленным и вступил в легион, еще в 1990 году в своих воспоминаниях, опубликованных в газете «Азат», написал так, будто он достиг высокого уровня служебной деятельности, участвовал в подавлении партизанского движения и путешествовал по странам Европы. Например, «Когда я был на службе в Берлине». В то же время он вырос из рядовой немецкой армии до офицерского звания «гауптман», что означает (нем. Hauptmann) — воинское звание младшего офицерского состава в Вооруженных силах Германии (германская имперская армия, рейхсвер, вермахт) [2, с-5]. Вопрос не в том, что такие легионы комплектовались сизбойцов, попавших в плен народов СССР: «Волжско-

Уральский», «Кавказский» ,а интересно само объяснение причин их создания за которыми стояли судьбы многих людей. И если те, кто вступил в такие легионы, чувствовали себя хорошо, почему когда войска подходили к фронту и вступили в бой, легионеры массово бежали или пополняли ряды партизан. Казахи, участвовавшие в партизанском движении в Югославии, Италии, Франции, в основном являются воинами этого легиона. Еще одно внимание уделим тому, что авторы не в полной мере владеют документами. К примеру, информация о «Туркестанском легионе» была известна уже во время войны через органы советской разведки, которые свидетельствуют имеющиеся сегодня документы. Как бы то ни было, когда советские разведслужбы говорили о Туркестанском легионе, что во время войны выслали своих представителей шпионов из казахских, киргизских и других среднеазиатских народов. Только в 1943-1944-е годы из Казахстана было внедрено более 40 разведчиков для внедрения Туркестанский легион и другие эмигрантские организаций в Германии. Например, в истории бывших органов НКВД и других органов безопасности есть следующая информация: «Ценную информацию дал разведчик Бурханов Рахим Мунзинович, внедренный в Туркестанский национальный комитет еще в годы войны. В 1945 г. он сдал отчет о проделанной им работе и деятельности руководителей ТНК. Этот отчет в настоящее время находится в Москве. В 1960-х годах в КГБ СССР был сделан запрос о легализации Р. Бурханова как работника КГБ, однако, ответ получен отрицательный» [3, с. 94].

После войны легионеры, вновь попавшие в плен на территории западных стран, по возвращении в страну вынуждены будут выдавать гарантийные расписки на службу разведке США, Великобритании и даже Германии. Отличившихся в рядах немецких войск командование войск намеренно передавали на советскую сторону. Все, кто вернулся в страну, после войны будут осуждены на длительный срок за пребывание в легионе.

В сентябре 1955 года советская власть объявила и освободила всех, кто служил в легионах. К сожалению это не было применительно для участников «освободительной армии», созданной А. Власовым. Считалось, что они добровольно вошли в состав и служили. А те, кто был в легионах, считалось что их намеренно отправляли по национальности, религии, поэтому в этом вопросе должно быть изложено объективное исследование на основе известных и до сих пор нераскрытых документов. Необходимо показать трагедию судеб людей в те трудные времена и что они пострадали как жертвы войны, в том числе великих империй. Так, на страницах газеты «Егемен Қазақстан» историком К. С. Алдажумановым впервые был поднят вопрос о реабилитации и пересмотре дел участников Туркестанского легиона.

Первые шаги по вопросам изучения истории советского тоталитаризма, его преступлений и других деяний прошло больше 30-лет. Об этих проблемах, о которых ранее было запрещено говорить, исследовать, известно, что тогда были допущены и более-менее эмоциональные выводы. Сегодня, бесспорно, что историческая истина требует объективного анализа событий, нового методологического исследования. Вопрос в том, что мы можем правильно анализировать и объяснять их причины, действия исторических деятелей с точки зрения национальных интересов и истины.

#### **Использованные источники и литературы**

1. Алдажуманов Қ.С. Қазақстанда кеңестік тоталитаризм тарихын зерттеу мәселелері. Отан тарихы. Алматы, 2004. С. 45
2. Фукалов И. Туркестанский Легион. История и повседневность.: История одной из самых малоизученных страниц Второй мировой войны. Изд. Lambert. 2020
3. Амиров Т. Крах легиона Алма-Ата : Казахстан, 1970, С. 94.
4. Абдукап Кара. Истина Туркестанского легиона – между свастикой и красной звездой. Исследовательский институт «Общественное мнение» Астана, 2015. С. 227

**Онгарова А.А., Кадиргалиева А., Сыпабеков Н**  
Шымкент университеті, магистр, аға оқытушылар

#### **ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС ЖОЛЫНДАҒЫ ТҮРКІ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҚҰРЫЛҒАН ПАРТИЯ МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН РӨЛІ**

Қазақстанда ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік-саяси, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде Алаш қозғалысы өмірге келген еді. Қозғалыстың басты тірегі 1917 жылы шілдеде құрылған жалпы ұлттық «Алаш» партиясы еді.

1917 жылы 14 наурызда Қазақстанның оңтүстігінде Шура-ислами ұйымы құрылды. Шура-ислами идеологиясы түркі-моңғол халықтарының идеясы бірігуі және ұлттық өзін-өзі басқаруға жеткізу болды. 1917 жылы «Үш жүз» қырғыз социалистік партиясы Орталық комитетінің басшысы алдымен Мұқан Әйтпенев, оның орынбасары Көлбай Тоғысов болды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда Бірінші Бүкілқазақ съезі болды, оған Ақмоладан, Семейден, Оралдан, Жетісудан, Ферғана мен Бөкей ордасынан делегаттар келді. Съезде 14 мәселе қаралды: мемлекет басқару жүйесі, автономия, жер мәселесі, милиция ұйымдастыру, земство, халыққа білім беру, сот, дін, әйел құқығы, Құрылтай жиналысын шақыру, Бүкілресейлік мұсылман съезі, саяси партия құру, Жетісу облысындағы оқиға, қазақтардың Киевте өтетін Бүкілресейлік Федеративтік кеңеске және Петроградта өтетін халыққа білім беру мәселесі жұмысына жіберу. Барлық мәселе бойынша ұлттық-демократиялық мазмұндағы конструктивті қарарлар қабылданды. Бұл съезде қазақ ұлттық Алаш партиясын құру туралы шешім қабылданды. Оның мүшелері Петербургтің, Мәскеудің, Омбының әртүрлі оқу орындарында білім алған еуропалықтар болды, сонымен қатар ақсүйектер, мұғалімдер, тілмаштар болды.

1917 жылы 26 қарашада Қоқанда Түркістан мұсылмандарының өлкелік IV Төтенше съезі өтті. Оның жұмысына 300-ден астам делегат қатысты. Съезге қазақ халқының өкілдері ретінде Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев, М. Шоқай сынды т.б. көрнекті қоғам қайраткерлері қатысты. 27 қарашада съезд Түркістан автономиясын құру туралы қаулыны жариялады. Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің құрамы 12 адамнан - 8 жергілікті халық өкілінен, 4 басқа ұлт өкілінен жасақталды. Түркістан автономиясының Премьер-министрі және Ішкі істер министрі болып М. Тынышпаев, Сыртқы істер министрі болып М. Шоқай сайланды. Кейін М. Шоқай Премьер-министр болды. Сонымен бірге құрамы 54 адамнан тұратын Ұлттық жиналыс құрылып, оның үштен бір бөлігі жергілікті емес ұлт өкілдерінен құралатыны анықталды. 1917 жылы 1 желтоқсанда Түркістан автономиялық үкіметі өлке халқына Үндеу жариялады. Үндеуде Түркістан Ресей Федеративтік Демократиялық Республикасының автономиялық бөлігі болатынын мәлімдеді. Съездің өткізілген орны және автономияның әкімшілік орталығы Қоқан қаласында орналасқандықтан, оны Қоқан автономиясы деп те атады. 1918 жылы қаңтарда Қоқан автономиясы большевиктердің тарапынан қарулы қысымға ұшырады. Олар Премьер-министр М. Шоқайға Кеңес үкіметін мойындау, қаруларын тапсыру және милиция органдарын тарату туралы ультиматум қойды. Бірақ олардың бұл талаптарын орындаудан Түркістан үкіметі бас тартты. Қоқан автономиясын жою үшін бұл аймаққа 1918 жылы ақпан айының 5-нен 6-на қараған түні 11 эшолон кавалерия, артиллерия және жаяу әскер бөлімдері жеткізілді. Ал 6-7 ақпанда Қоқан автономиясын большевиктер әскери күшпен талқандады. Автономия жетекшілері бас сауғалауға мәжбүр болды, «Шура-ислами» ұйымы ыдырап кетті. Сөйтіп, Түркістан автономиясы жойылды. Қазақ өлкесінде Кеңес үкіметін орнату әр-түрлі жағдайда жүргізілді. Өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен саяси күштердің ара салмағына байланысты оның бірқатар ерекшеліктері болды. Өлкенің кейбір аудандарында Кеңес үкіметін орнату ұзаққа созылып әрі қан төгіспен өтсе, ал кейбір аудандарда бейбіт жолмен орнады. Торғай, Орал, Жетісу облыстарының көптеген аудандарында Кеңес үкіметі қарулы көтерілістің нәтижесінде орнады. Ал Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Көкшетау, Ақмола қалалары мен Бөкей Ордасында билік кеңестерге бейбіт жолмен көшті. 1917 жылдың қазаны мен 1918 жылдың наурыз айының аралығында Кеңес үкіметі тек Оралдан басқа жерлерде, Қазақ өлкесінің барлық аумағында орнатылды. Кеңестерге қарсы күштердің ошақтары Орынбор, Орал және Жетісу аудандары болды.

Алашорда жетекшілері бірінші кезекте Қазан төңкерісінде жеңіске жеткен большевиктердің билігі - Кеңес үкіметімен байланыс орнатуға тырысты. Алашорда үкіметінің арнайы тапсырмасы бойынша Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар Мәскеуде Кеңес үкіметінің басшылары В.И. Ленин және И.В. Сталинмен келіссөздер жүргізді. Ал Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Халел Ғаббасов Кеңес үкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинмен Семейден телеграф арқылы келіссөздер жүргізді. Алашорда жетекшілері «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясын» негізге ала отырып, Алаш автономиясы мен Кеңес үкіметінің бірін-бірі өзара тануы жөнінде талап қойған еді. Алайда бұл талап орындалмады. Кеңес үкіметінің жетекшілері Алаш автономиясын мойындамайтыны белгілі болды. Олар Ресей халықтарына кеңестік үлгідегі автономия берілетінін мәлімдеді. Алашорда үкіметінің дипломатиялық қадамдары кеңестік билік тарапынан қабылданбады. Алашорда жетекшілері Кеңес үкіметімен байланыс орнату және олармен ымыраға келу саясатынан бас тартып, оларға қарсы саяси күштермен одақтасу тактикасына көшті. Міне, осыдан бастап, Орынборда Кеңес үкіметін құлатқан атаман А. Дутовпен, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетімен, Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен байланыс орнатады. Алашорда үкіметінің 1918 жылғы шілдедегі қаулысына сәйкес «Алаш автономиясы аумағында Кеңес

үкіметінің барлық декреттері заңсыз» деп танылды. Ал сол жылы тамыз айында Семейде тұңғыш Алаш атты полкі құрылды. Бұл ІІ Жалпықазақ съезінде қабылданған Алаш әскерін жасақтау туралы қаулысын жүзеге асырудың бастамасы болатын.

1918 жылы 11-14 қыркүйекте тарихта «Уфа Директориясы» деген атпен қалған кеңес шақырылды. Ол Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің, Уақытша Сібір үкіметі өкілдерінің, Орынбор, Орал, Сібір, Иркутск, Жетісу, Енисей, Астрахан казакәскерлерінің, Башқұрт, Алаш, Түркістан үкіметтерінің, бірқатар саяси партиялар өкілдерінің басын қосты. Жиында Уфа директориясының қурылуына байланысты Ресейде бір орталықтан басқарылатын биліктің құрылатындығы және автономиялық басқаруды тоқтату жөнінде шешім қабылданды. 1918 жылы 4 қарашадағы осы органның арнайы грамотасында барлық облыстық үкіметтердің қызметтері тоқтатылатыны, оның ішінде «І-Алаш үкіметі — Алашорда өз қызметін тоқтатты» деген қаулы шығарылған. Осылайша Кеңес үкіметіне қарсы күштердің басын қосқан Уфа директориясы өзінің шешімімен Алашорданың қызметін тоқтатты. 1918 жылы 11 қыркүйекте Алашорданың Батыс бөлімі құрылды. Оның орталығы болып Орал облысының Жамбейті қаласы белгіленді, ал жетекшісі Ж. Досмұхаметов болды. Бұл мәселе бойынша: «әскери жағдай мен жол қатынасының нашар дамуына байланысты Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару үшін Алашорда бөлімі құрылады», - деп көрсетілді. Батыс бөлім, яғни Ойыл уәлаяты құрамына: Орал облысы, Бөкей Ордасы, Маңғыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уездері кірді. Алашорданың Шығыс бөлімінің орталығы Семейде орналасты. Алашорда үкіметінің кейінгі тағдыры бүкіл Ресей аумағын қамтыған Азамат соғысының күрделі оқиғаларымен тығыз байланыста өрбіді.

1918 жылы Көктемде Түркістан автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Оның құрамында Қазақстанның оңтүстігіндегі Жетісу, Сырдария облыстары кірді. Ақмола, Семей облыстары орталығы Омбы қаласы болған Батыс Сібір өлкесіне, Торғай, Орал облыстары Орынбор губерниясына, Бөкей Ордасы Астрахан губерниясы қарамағына кірді. Қазан төңкерісінен кейін көп уақыт өтпей-ақ елде азамат соғысы мен шетел басқыншылығының жорығы басталды. Себебі төңкерістің жеңісі құлатылған қанаушы тап өкілдерінің қарсылығын тудырды. 1918 жылы 23 наурызда Орал казак-орыстары Гурьевте бүлік шығарды. 1918 жылдың 28-29 наурызында ақ казактар алашордашылармен бірігіп Орал қаласында төңкеріс жасады. Ресейдегі азамат соғысының өрістеуіне Антанга елдері дем берді де, олардың көмегімен Сібірдегі Чехословак корпусының әскерлері бүлік шығарды. Бүлікшілер Сібір қалаларымен бірге Қазақстанның солтүстіктегі қалалары Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай, Семей қалаларын басып алып, Кеңес органдардан қамауға алды. 1918 жылы жазында Кеңес елі үшін ең басты майдан – Шығыс майданы болды. Бұл бағытта ақтармен 4-ші армия ұрыс жүргізді. Осы жылдың жазында қазақ ұлттық әскери бөлімдер ұйымдаса бастады. Олар алдымен Жетісуда, одан кейін Орынбор мен Орал қалаларында құрылды. Бөкей ордасында қазақ атты әскер полкі Қызыл армияның құрамдас бөлігі болды. 1918 жылының басында Әліби Жангелдин мен Амангелді Имановпен Торғайда екі атты әскер эскадроның, әскери оқу және пулемат топтарын, Ырғызда атты әскер құрды. Ақтөбе майданына 1918 жылы Әліби Жангелдин бастаған экспедиция Мәскеудан көп қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізді. Ақтөбе майданының қарулы күштері 1919 жылы 22 қаңтарында Орынборды, 26 қаңтарда Орал қаласын азат етіп, Қазақстан мен Түркістан аудандары мен Орталық Ресей арасындағы қатынасты қалпына келтірді. 1919 жылы көктемде Фрунзе бастаған қызыл әскер отрядтары Қазақстанның Солтүстік аудандарында Колчак әскерлеріне қарсы күрес жүргізді. Қазақстанда Колчактың тәртібіне қарсы ірі көтеріліс Қостанай уезінде болды. Ақмола, Семей облыстарында партизандық қозғалыстар өрістеді. Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағында Жетісу майданы 1918 жылы тамыз және 1919 жылы қазанның орта кезіне дейін ақ гвардияшыларға қарсы табанды күрес жүргізді. Осы аймақтағы қорғаныс орталығы болған Черкасское селосын атауға болады. 1919 жылы орта кезінде Қызыл армияның шабуылдарының нәтижесінде Колчак әскерлері екіге бөлінді. Олардың бір бөлігі Сібірге, екіншісі Түркістанға қарай шегінеді.

Қызыл армияның Түркістан майданы 1919 жылы тамыз айының екінші жартысында Колчактың «Оңтүстік армиясын» біржолата талқандады. Осының нәтижесінде Түркістан майданының әскер бөлімдері Солтүстік Жетісуға жеткізіліп, мұндағы қарсылықты тезірек басуға мүмкіндік берді.

1919 жылы олар Колчак үкіметінің (Бүкілресейлік Уақытша үкімет) ықпалында болды. Бірақ Колчак үкіметі де Алашорда жетекшілерінің автономия құру жөніндегі үмітін ақтамады. Керісінше, адмирал Колчак монархиялық билік орнату идеясын көтере бастаған еді. Осылайша қазақ зиялылары өте күрделі жағдайда қалды. Азамат соғысында қазақ халқын өз жағына тарту үшін Кеңес үкіметі Алаш-орда жетекшілерімен қарым-қатынас орнату керек екенін жақсы түсінді. Сөйтіп, Кеңес үкіметі 1919 жылы 4 қарашада Алашорда құрамында болған азаматтарға кешірім жасау жөнінде қаулы шығарды. Сол жылдың 21 желтоқсанында Алашорда жетекшілері Кеңестер жағына өту туралы



шешім қабылдайды. Ал, 1920 жылы 9 наурызда Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін тарату жөнінде Кеңес үкіметінің қаулысы қабылданды.

Бостандық пен демократия идеяларын жария еткен 1917жылғы Ақпан төңкерісінен кейін ұлттық және діни ұйымдардың белсенділігі артқандығы белгілі. Сол жылдың Сәуір айында Орынборда мұсылман бөлімдерінің қалыптасуын үйлестіру жөніндегі жұмыстарды қабылдауға тиіс біртұтас орган – “Әскери кеңес” құруға шешім қабылдады. Ресей империясының құрамындағы кейбір мұсылман халықтардан бір өзгешелігі ретінде қазақтардың әскери қызметі міндеткерлікке жатпайтындығын атап өту қажет. Бірінші думаның депутаты Ә.Бөкейхан 1911 жылы шақырылған 3 Думаға кадет – депутаттардың фракциясы арқылы қазақтардың әскери міндеткерлігі туралы заң жобасын енгізу туралы ұсыныс жасады. Ә.Бөкейхан Қазақтар үшін әскери міндеткерлікті енгізуді заңнамалық деңгейде жүзеге асыруға талпынысы барысында екі мақсатқа қол жеткізуді көздеді: Негізгі мақсатының бірі- бастапқыда қазақтар үшін тиімді болып есептелінген әскери міндеткерліктен босату туралы 1834 жылғы заңды жою болатын. Екінші мақсат- басқа халықтармен, бірінші кезекте орыстармен, әсіресе қазақтармен тең құқылыққа қол жеткізу.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Ғабидалин Ғ. Миллатчилиннің бағзи асаслари. - Қазан: Анчъ, 1918. - 40 б.
2. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории «Алаш-Орды». - Алматы: Казгосиздат, 1935. - 178 с.
3. Дахшлейгер П.Ф. О периодизация дореволюционной истории Казахстана // Материалы объединенной научной сессии посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьской период. - Ташкент, 1955. - 500 с.
4. Кан Г. В., Шаяхметов Н. У. Қазақстан тарихы. Оқулық. - Алматы: «Алматы кітап», 2012. - 320 бет.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4- том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
6. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы: 2005.- 592 бет.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

**Кадирғалиева А.Т., Оңғарова А.А., Бейсенбаев М.А.**

Шымкент университеті, магистр, аға оқытушылар

### **АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Бүгінгі таңда қазақ қоғамының тарихи санасын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Өйткені өз еліміздің тарихын тану арқылы ғана өткен ғасырдың соңында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің қадіріне жете аламыз. Қазақ халқының тарихына үңіліп қарасақ еліміздің азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз. Өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кез-келген ел ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп бергендей, ұлттық идея ел дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және тағы басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болады. Ұлттық идея этностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастықпен біріккен адамдар тобының бөлісетін ұжымдық мақсат-мұраттары, дүниетанымының көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығын білдіреді. XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

А. Сейдімбек, Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлының «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты ғылыми зерттеулерінде: «Ұлттық идеяның мәні мәңгілікке ұмтылуда. Оның мазмұнына көз жүгіртсек, екі бөліктен тұрады. Бірі – ұлт екіншісі – идея мәселесі. XX ғасыр қазақ тарихына ұлы өзгерістер әкелді. Олардың ішінде ұлтты ұлықтағандары да, ұлттың қасіретіне айналғандары да бар. XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығы ұлттық идея тарихына терең із қалдырғанын байқамау

мүмкін емес. Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениетті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманның сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, С. Лапин, Б. Қаратаев сияқты дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, ілешала Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, тағы басқалар әрлендірді.

Бұдан әрине ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шетінен періште болды деген ой-түйін шықпауы керек. М. Дулатов жазғандай, «ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып, шағым жүргізіп жүрген соғылғандар» қай аймақтан да табылатын. Мұндайлар тарихи прогрестің өзегінде тұрған жоқ» - деп атап көрсетеді [1, 19 б.].

Осы мәселе бойынша Ресейлік тарихшы-ғалым Д. Аманжолова: «Аса ірі тарихи оқиғалар, біріншіден, инерциялық сипатта болса, екіншіден, ұзаққа созылатын саяси салдарға ие болады. Осыған байланысты, Алаш тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігі арасында өзара тарихи байланыс пен сабақтастық бар. Екіншіден, ХХ ғасырдың басы мен соңында империялық және кеңестік мемлекеттілік дағдарысқа ұшырады. Осының өзі қоғамның белгілі бір бөлігінің, атап айтқанда, Алашорданың идеялық дем берушілері мен кеңестік және посткеңестік Қазақстанның саяси жетекшілерінің шешуші қимылдар жасауына түрткі болды. Үшіншіден, екі жағдайда да ұлттық қозғалыстар саны арта түсті. Төртіншіден, алашордалықтар қазақтардың мемлекеттік құрылымының түрін, еуразиялық геосаяси кеңістіктегі орнын, өкілеттігі мен мәртебесін өз көзқарастары тұрғысында дамыта білді. ХХ ғасырдың соңындағы саяси қайраткерлер де саяси сауаттылық, күрделі міндеттерді шешуде шапшаңдық таныта білді. Өйткені, Кеңес Одағы деп аталатын аса қуатты империя дамып жатты. Осы кезде қоғамды сақтап қалып, жаңа мемлекетті, ұлттың ілгері дамуы үшін қажетті жағдайларды жаңадан құру керек болды. Бұдан бөлек, аталған жағдайда мемлекеттілік – ұлттық мәселелерді шешетін және оны шешудің кілті жатқан негізгі құрал болатын», - деп келтіреді [2, 22 б.].

Жапониядағы Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының Орталық Азия бойынша маманы, профессор Уяма Томохиконың пікірінше: «Алашордада әлдебір идеология болды деп айтпас едім. Бұл қозғалысқа қатысушылардың әртүрлі идеялары болды. Егер олардан нені үйрену керек деген әңгіме туса, онда адамгершілікті, азаматтылықты және қарапайымдылықты деп жауап беруге болады. Олардың идеясы – халыққа қызмет ету болатын. Патша тұсында олар Алашордалықтар халық игілігі үшін жұмыс істеген адамдардың жақсы үлгісі ретінде қала бермек. Автономиялы үкіметті құрған кезде өздерін министр деп емес, жай ғана Алашорда мүшелері деп атады. Алашордалықтардың қазақтардың мәдени деңгейін дамытуға талпынысы мен жапондықтардың өз халқының мәдени және экономикалық деңгейін көтеруге ұмтылыстары арасында әлдебір ортақ дүниелер бар деп ойлаймын», - десе [3, 12 б.]. Ал тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев: «1917 жылы Алаш автономиясын құру туралы хабарлама ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың әрекеті болды. «Ресей империясының құрамындағы Алаш автономиясы» деген сөзді айта отырып, Әлихан Бөкейханов қазақтар өз мемлекетін құруға әлі даяр емес дегенді білдіргісі келді. Ол жеке мемлекеттілікке өту үшін даярлық кезеңі қажет, тәуелсіздік туралы мәселені болашақта айтуға болады деді. Желтоқсанның сол бір күндерінде бір кездері Алаш қозғалысы өз алдына қойған мәселелер көтерілді. Қазақстанның 1991 жылы мемлекеттілік алуы Алашорда идеясының заңды жалғасы деп есептеймін», - деп ойын білдіреді [4, 3 б.].

Әрине ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мақсаты ұлттық еркіндік жолындағы күресі болатын. Аталған 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалысының белең алуына да өз ықпалын тигізді. Бірінші орыс революциясының дүмпуі Ресей империясының құрамындағы шет аймақтарындағы елдерде де ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер етті. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға, әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркішілдік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскенді. Олардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына бірінші орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады. 1905 жылғы революциядан кейін қазақ зиялыларының белсенді қайраткерлері қазақ халқының саяси санасын қалыптастыру жөнінде жүргізген жұмысы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдық жағынан рәсімдеу идеясына әкелді [5, 4 б.].

Қазақ ұлтының тарихында, қазақ ұлтының дамуына үлестерін қосқан, өздерінің болмысы да, көзқарастары да дара туылған, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялы қауым өкілдерінің рөлі ерекше болды. Өздерінің саяси бағыттары мен әлеуметтік базасы

жағынан оларды үш топқа бөліп қарастыруға болады және сонымен бірге ХХ ғасырдың 1918-1929 жж. кеңестік билікке тартылған ұлт зиялыларын төртінші топ ретінде қарастырдық. Олар большевиктік көзқараста болғанымен тұтас Түркістан идеясын көтеріп, тәуелсіздік үшін күрескен ұлт зиялылары еді. Аталған бұл топты екінші тарауда арнайы қарастырамыз. *Бірінші топқа* - «Алаш» партиясының либералды-демократтар тобы жатты. Партияны бұлай деп атап және оның негізін салған адам, ол қазақтың көрнекті саяси қайраткері Әлихан Бөкейханов. Оның мақсаты Ресей аясында қазақтардың автономиялық тәуелсіздігіне қол жеткізу болды. Алаш зиялыларының өкілдері сұлтан, бай, билер мен ауқатты малшылар мен жериеленушілер отбасынан шыққан адамдардан құралған. Олардың басым көпшілігі Санкт-Петербургте, Мәскеуде және т.б. Ресейдің орталықтарында жоғары білім алған, сонымен бірге отаршыл әкімшілікте - дәрігер, мұғалім, қорғаушы болып қызмет атқарды. Бұл топты («батыстықтар» деп атаған) мынадай жарқын адамдар құрайды: А. Байтұрсынов - «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист тілтанушы; Ж. Ақаев - заңгер; М. Тынышпаев - инженер; М. Дулатов - ақын, жазушы; М. Жұмабаев - ақын, жазушы; Х. Ғаббасов - жазушы; Ж. Аймауытов - жазушы, ақын; Х. Досмұхамедов - дәрігер; Ж. Досмұхамедов – экономист; А.К. Кенжин – мамандығы мұғалім. И. Мустамбаев – геолог; А.Ә. Ермеков – ұстаз ғалым, математик және сол секілді көптеген т.б. [5, 24 б.]

Ұлт зиялы қауым өкілдерінің *екінші тобын* мұсылман қозғалысының өкілдері құрады, олар Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын алған болатын. Бұл топтың өкілдері М. Шоқай У. Хожа, А. Махмуд, Х. Юрғули-Ағаев, С. Герцфельд, Ш. Шагиахметов, Ә. Оразаев, К. Қары, С. Ақаев, А. Бадин, Кішкенбаев, Пилиев және Кәрімбаев, М. Бехбуди [5, 52 б.]

*Үшінші топты*, саны жағынан аз және әлсіз топты көзқарастары социалистік бағытты ұстанушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жериеленушілерден шықты. Олар: Көлбай Төгісов, Мұқан Әйтпенев, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар болды.

Ал бұл туралы С. Сейфуллин «Қырғыз зиялылары туралы» атты мақаласында былай деп келтіреді: «Қырғыз интеллигенттері екі лагерге бөлінді: I - ші лагерге жататындардың басым көпшілігі реакциялық топтағы қазақтар, кадеттер және оңшыл эсерлер болашақ партия ұйымдастырып оның атын тапқырлықпен дәстүрлі ұлттық күрес үрдісімен «Алаш» деп атады. Ал, II - лагерге жататындар орыс большевиктерін жақтаушы азшылдық топ өкілдерін құрады, олар қазан төңкерісі жеңіске жеткен соң «Үш жүз партиясы төңірегіне топтасты» .

Ұлттық идеяны насихаттауда қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесіне сәйкес идеологиялық ықпал етудің ең басты құралы - баспасөз болғандықтан, ең бірінші газет-журналдардың санын көбейтіп, елге тарату ісін жолға қоюдан бастады, мәселен А. Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда. «...газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі».

Өйткені халықтың маңдайына біткен жалғыз «Қазақ» газеті идеологиялық жұмыстың ауқымына аздық етеді. Сол себепті бұл істі жандандыру талабында, идеологиялық саясатта үгіт-насихат құралдарына деген мұқтаждық қолбайлау болғандықтан ұлт зиялылары Семейде «Сарыарқа» газетін (1917 жылы маусым айынан 1919 жылдың тамыз айына дейін шығып тұрған, алғашқы редакторы – И. Әлімбаев), Қызылжарда «Жаңа заман» журналы (1917 жылдың қазанынан бастап 6 саны ғана шыққан), Ақмолада «Тіршілік» газеті (1917 ж. қыркүйегінен бастап шығарыла бастаған редакторы – Р. Дүйсенбаев, кейін С. Сейфуллиннің ықпалымен большевиктік бағыт ұстанған), Семейде «Абай» журналы (1918 ж. 15 қаңтар 1918 ж. қараша аралығында шығып тұрған, редакторы – Ж. Аймауытов пен М. Әуезов), Қызылжарда «Жас Азамат» газеті (1918 ж. 30 шілдесінен бастап аптасына бір шыққан, 1919 ж. 8 ақпанға дейін 22 саны шыққан, редакторы - Қ. Кемеңгеров), Алаш идеясын халықтың санасына сіңіру жолында немесе мәдени-ағарту саласында болсын идеологиялық жұмыстың ауқымын кеңейтті. Әрбір аймақтарда газет-журналдар шығарып, тарата отырып, қазақ зиялыларының ұлттық идеяны насихаттаудың жүйесін қалыптастыруы – идеологиялық бағыттағы жұмыстарындағы зор жетістік деп есептеуге негіз бар.

Отарлық жүйе жылдарында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті ғана болса, онда цензура тәртібіне байланысты ойларын ашық жеткізе алмағанын ескерсек, Ақпан революциясынан кейін Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағында ғана осыншама газет-журналдардың (сандары аз болса да) шығарылуы және идеологиялық жұмыстарды цензурасыз ашық жүргізуі маңызды құбылыс болып табылды. Сондай-ақ, егер біз бір ғана «Қазақ» газетінің отарлық әкімшілік тарапынан қысым жағдайының өзінде ол жүйеге қарсы идеологияны қалыптастыруда жүргізген жұмысы ұшан-теңіз десек, демократия жағдайында идеологиялық қызмет атқарған Алашшыл газет-журналдардың қазақ

қоғамы үшін шексіз тарихи маңызы болды. Қазақтың баспасөз тарихында бұрын болып көрмеген тарихи жетістіктік болды.

Жалпы алғанда, ұлттық идея, оның аталуы қоғамның басты міндеті емес. Ұлттық идея сәттіліктің сиқырлы әлемінің есігін ашар алтын кілті. Қара халық үшін ең бастысы – тұрақтылық, қауіпсіздік, өз қабілетін іске асыру. Егер Алашорда идеясына келер болсақ, сол кезеңдегі зиялы қауым, оның иманды бөлігі халық алдында өзін кінәлі, қарыздар сезініп, оған қызмет етті. Олардың басты мақсаты бүгін де қажет болуы мүмкін. Бұл – экономиканы жетілдіру, азаматтардың мұқтажын қанағаттандыратын құқықтық база, тең құқылық, келісім мен бейбітшілік, бұл – ұлттың мәдени дамуы, өкілетті органдарға, қоғамдық құрылымдарға қатыстыру арқылы тек элитаны ғана емес, бұқара халықты да саяси үдерістерге тарту. Алашордалықтар үнемі осыны талап етіп келген. Бұл идеялар бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұлар Қазақстанның, жалпы кез-келген елдің ілгерілеуге қарай барар жолындағы басты негіз болуы керек және солай да болар.

Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол ерқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

- 1 Ғабидалиев Ғ. Миллатчилиннің бағзи асақлари. - Қазан: Анчы, 1918. - 40 б.
- 2 Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. - Москва, 1941.- 150 с.
- 3 Брайнин С., Шафиро Ш. К вопросу о роли казахской национальной интеллигенции в 1917 г. // Большевик Казахстана. - 1933. - № 4. - С. 27-50.
- 4 Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории «Алаш-Орды». - Алматы: Казгосиздат, 1935. - 178 с.
- 5 Дахшлейгер П.Ф. О периодизация дореволюционной истории Казахстана // Материалы объединенной научной сессии посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьской период. - Ташкент, 1955. - 500 с.

**Абдурахманов Н.А., Кадирғалиева А.Т., Купбаева Р.М.**  
Шымкент университеті, т.ғ.к., аға оқытушылар

#### **М. ШОҚАЙ БАСТАҒАН САЯСИ ЭМИГРАНТТАРДЫҢ ЕУРОПАДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН ЖҮРГІЗГЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕСІ**

Бүгінгі күні барынша зерттеу нысанына айналған Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің белгісіз тұстары басым. Әсіресе эмиграция жылдарында атқарған қызметі үлкен сұранысқа ие. Қазіргі таңда Мұстафа Шоқай тарихи тұлға ретінде тиісті бағасын алғанымен, қоғамдағы екіұшты пікірлердің бары рас. Тарихи дерекке негізделмеген пікірлердің болуы өткінші және ұлт қайраткеріне қатысты пікір араздығын тудыруға бағытталған құбылыс деп санаймыз. Дегенмен қоғамдағы мұндай пікірдің болуы зерттеушілердің алдына жаңа міндет жүктеп отыр. Демек нақты тарихи дерекке негіздей отырып, М. Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіне объективті баға берілуі бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің аясы ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ресей қоластындағы түркі халқының басын қосуды ойлаған ұлт қайраткері большевиктерге қарсыласудың ерекше тәсілін, яғни эмиграция жолын тандады. Эмиграция – саяси, экономикалық және өзге де себептерге байланысты өз елінен мәңгілік немесе уақытша ерікті немесе еркінен тыс қоныс аудару болып табылады [1]. Осы тұрғыдан келгенде М. Шоқай өзінің саяси көзқарастары үшін шетелге өз еркінен тыс кетуге мәжбүр болған. Түркішіл қайраткердің негізгі саяси көзқарасы, яғни тұтас

Түркістан идеясы – большевиктер тарапынан қорқыныш тудырып, оның соңы түрлі тосқауыл тіпті ашық күш көрсетуге жалғасқандықтан түркішіл қайраткердің эмиграциялық қызметі басталған.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің жаңа белеске көтерілуінде Түркия елінің, Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түркішіл қайраткерлермен болған кездесулер мен пікір алмасулар үлкен септігін тигізген. Түркішіл қайраткерлермен болған кездесулер арқылы өзінің саяси көзқарастарымен бөлісіп, идеялас қайраткерлермен тығыз байланыстар орнатылды.

Жат жұртта аса ауыр жағдайда жүріп Түркістанның тәуелсіздігі үшін ерен ерлік танытқан Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы тәуелсіздік идеясы өмірінің соңына дейін еш ойынан кетпегендігін зерттеу барысында байқадық. Қолына қару емес қалам алып баспасөз істерімен айналысуы және шет елдегі осындай күресі тек Түркістанның тәуелсіздігіне арналған іс-әрекеті еді. Мұстафа Шоқайдың баспасөз арқылы тәуелсіздікке ұмтылған іс-әрекетінің жандануынан соң, оған жауап ретінде Кеңестер Одағында, соның ішінде өзінің отаны Түркістанда еркін ой-өрісінің күн өткен сайын тарыла түсуі байқала бастады. Жаңадан келген большевиктер үкіметінің рухани өмірінде де, шексіз билікке ұмтылып ешқашан да, оппозицияға жол бермейтінін жақсы айыра білді. Сондықтан да оның пікірінше, Түркістандағы кеңестік билікті сынауды өзінің тікелей ұйымдастыруымен 1927 жылдан бастап Стамбулдан шыға бастаған қайраткер З.У. Тоған басқарған «Иени Түркістан» журналында орын алды. «Иени Түркістан» журналының басты мақсаты – Түркістан ұлттық тәуелсіздік идеясы мен түркі халықтары арасында ынтымақтастық пікірін айтуы көзделді.

Сонымен қатар Түркістан халықтарымен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды басты мақсат етіп қойған журнал болып табылды [155]. «Иени Түркістан» журналында М. Шоқайдың Кеңестік Орта Азия мемлекеттерінде болып жатқан мәдени жаңалықтармен қоса көбінесе тәуелсіздікке бастар маңызды мақалалары жарық көрді. Айта кету керек «Иени Түркістан» журналы «Түркістан ұлттық Бірлігі» ұйымының басылымы болатын. Сол себептен эмиграциядағы тұтас Түркістанның ортақ мүддесі жолындағы журнал болды. М. Шоқай бастаған эмиграциядағы ұлт зиялыларының басым бөлігінің мақсаты бір тәуелсіздік үшін күрес болатын. Сондай зиялылардың бірі Илтердің (Салих Еркені) атты өлеңдері ерекшеленіп тұрды.

Еуропаға М. Шоқай шешіміне ұқсап 1923 жылы 20 ақпанда З. Уәлиди Тоған да де келген болатын. Т. Рысқұлов оған байланысшы жіберіп, оның кешірімге ие болғанын және Я. Рудзутакпен кездесу үшін келуіне болатынын хабарлап айтады, сонымен қатар, Т. Рысқұлов осындай шешімді талқылау барысында «жолдас Уәлидовтың қайда екендігі және соңғы жылдары немен айналысқаны белгісіз» деген сөздің де көтерілгенін ескертеді. З.У. Тоғанға жазған жеке хатында Я. Рудзутак: «Егер сіз, кері қайтқыңыз келмеген жағдайда, сізге қажетті елге шығып кету жұмысын жеңілдетуді өз мойныма аламын» деп жазды [2].

Отанда қалған Алаштың зиялылардың тағдырында кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдай алмады, бірақ мойындауға мәжбүр болды. М. Қойгелдиевтің еңбегінде көрсетілгендей. Ә.Бөкейханов ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын», - деп кеңестік биліктің бұл міндетті толық атқара алатынына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын сүргінге түсіп артынан түгел атылады [3, 224 б].

Өз отанында қалған Алаш зиялыларына тиесілі басқа үлес жоқ екенін Мұстафа Шоқай жақсы түсінді. Түсінгендіктен де саналы түрде эмигрант тағдырын тандап алды. Оның бұндай қадамға баруы, ерліктің үлкені болды. Оған себеп эмиграцияда Тұтас Түркістан идеясын шетелде жүріп ұлттық мемлекеттілік мәселесін өмірінің соңына дейін көрсетіп бергенін негізге алсақ та жеткілікті екені айқын. Түркістанда тұратын халықтардың тәуелсіз мемлекеттерін көзімен көрмесе де ол алдын ала болжай білгені өз ойларынан баспа бетіндегі мақалаларымен еңбектерінен байқалып тұрғанын байқаймыз.

Сонымен, 1921 жылы М. Шоқайға да, 1923 жылы З.У. Тоған да Түркістандағы Т. Рысқұловтың коммунист бола тұрып қуғындала бастағаны белгісіз болды деп айта қою қиын болар еді.

Заманының өзі мән бергеніндей ешқандай да эмиграциялық жолға бармай, отанында қалған Алаш зиялылары түгілі, өз ұлтының табиғи құқы жолында күрес жүргізген немесе дұрыс пікір айтқан коммунистік тұғырнамадағы түрік қайраткерлерін кешіре алмаған РКП(б) ОК-ның М. Шоқай мен З.У. Тоған «кешіруі» екіталай еді. Мұны М. Шоқай да, А.З. Уәлиди де айқын ұғынса керек. Сондықтан да олар саналы түрде эмигрант тағдырын тандап алып, Түркістанның азаттығы мен тұтастығы жолында өмірлерінің ақырына дейін күрес жүргізді.

М. Шоқайдың эмиграциялық өмірінің алғашқы екі-үш жылы «өмір үшін күрес» және Францияға қалыптасу кезеңі болып өткенге ұқсайды. Мысалы, 1923 жылы Германияда орын алған

ауыр экономикалық дағдарыс уақытында ондағы инфляцияны пайдаланған М. Шоқай мен М. Яковлевна екеуі алты ай Германияда тұрып, ақшаларын үнемдеуге мәжбүр болады [4, 127 б].

Тек қана 1923 жылдан бастап олар Ногот (Ножан) қаласында тұрғанда, күнкөріс қамымен М. Шоқай Керенскийдің «Дни» және Милоковтың «Последние новости» басылымдарында корректор болып қызмет істейді. Мария Шоқайдың және басқа да зерттеушілердің айтуына қарағанда, 1923 жылдан бастап М. Шоқай «орыс демократиясынан мүлдем теріс айналып, орыс баспасөзінен де қол үзген» [5].

М. Шоқай мақалаларының көбінесе дерек ретінде кеңес баспасөзі мен жауапты ресми қызметкерлердің мәлімдемелерін пайдаланды. М. Шоқай пайдаланған Кеңес баспасөз органдары арасында «Еңбекші қазақ», «Қызыл Өзбекістан», «Түрікменістан», «Йени Ферғана» секілді түркі тілдеріндегі газеттер мен «Правда Востока», «Советская степь», «Революционный восток», «Правда», «За партию» секілді орыс тіліндегі журналдар кездеседі. Кейде «Яш Түркістан» журналы аталған газет-журналдардың біреуімен айтыс-тартысқа да түсетін еді. Кеңестік баспасөз органдары М. Шоқайдың өз беттерінен үзінділер бере отырып алға тартқан сыни пікірлеріне жауап бере алмай қиналатын. Чағатай кеңестік баспасөз органдарының он жыл бойы «Яш Түркістан» журналында жазылған сындардың ешбірін теріске шығара алмағандығына атап көрсетеді.

М. Шоқайдың бұлтартпас деректерге сүйенген жорамалдарын теріске шығара алмаған кеңестік баспасөз органдары балағатқа дейін баратын. Бірақ, М. Шоқай оған байланысты ашуланып қапа болудың орнына оны тұжымдарындағы дәлдіктің бір көрінісі ретінде қабылдап қуанатын. Ол осыған орай туындаған қуанышын мына сөздермен тілге тиек етеді: «Алға қойған мақсатыма жеттім. Пікірлерім оларды абыржытты. Егер, олар маған ашумен жауап беріп жатқан болса, демек мен орынды айтқанмын» - [5] деген мына бір сөздері М. Шоқайдың қуанышын болашаққа сенімділігін байқаймыз.

- М. Шоқай өз мақалалары арқылы большевизмнің шынайы болмысын ашып, әшкерелей білді;

- Кеңестердің ұлт саясатын ақтап алып, түркістандықтардың «шовинизмі» туралы, «пантүрікшілдік» пен «панисламшылдықтың» орыстарға төндіріп отырған қатері туралы жар сала жазуға кіріскен эмиграциядағы орыс «демократиясы» мен баспасөзіне қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Орыс «демократиясының» өтірігін большевиктік басылымдар арқылы әшкерелеп отырды;

- Эмиграциядағы орыс «демократиясына» сатылып, жалған намыс жетегінде жүріп, «панисламизм» мен «пантүрікшілдікке» қарсы арандатушылық мақсаттағы мақалалар мен кітаптар шығарумен айналысқан «дашнактар» (армяндар) мен өзге де христиандық сенімдегі азғын элементтерге қарсы әшкерелеушілік бағытта мақалалар жазды;

М. Шоқай саналы ғұмырын Түркістан үшін сарп еткен ортақ мүдде жолында бүкіл түркістандықтар арасында келіспеушіліктер болып, олар өз арасында бірнеше топтарға бөлініп кеткендігі белгілі. Сол топтар «Мұстафа Шоқайдың мұрагерлеріміз» деп атаған негізгі үш топ төңірегінде өрбіген еді. Аталған топтардың барлығы Түркістан азаттығы жолында күрес жүргізген болатын.

Яғни Мұстафа Шоқай қайтыс болған соң Уәли Қаюм ұйымдастырған «ұлттық Түркістан Бірлігін Комитетіні» баспасөз органы ретінде 1942 жылы Берлинде жарық көре бастаған «Милли Түркістан» журналы 1950 жылдан бастап 1975 жылға дейін Дюссельдорф қаласында жарияланып тұрды. Бұл уақыт аралығында үздіксіз жарық көріп, барлығы 134 саны басылған «Милли Түркістан» журналының Мұстафа Шоқай шығарған «Яш Түркістан» журналынан тілі мен мазмұны жағынан айтарлықтай айырмашылығы бар еді. «Милли Түркістан» журналында көбіне Уәли Қаюм мен доктор Баймырза Хайттың мақалалары орын алған еді.

Сонымен, қорытындылай келе, Түркістан саяси эмигранттарының азаттық қозғалысы азат және Тұтас Түркістан идеясы үшін қызмет еткендігін; Түркістан, Еділ-Орал және өзге де түрік халықтары ұйымдарының, «түрік бірлігі» идеясына топтасуына Кеңестік және эмиграциялық орыс шовинистерінің, өзге де түрікшілдікке қарсы топтардың әрекеттерінің басты себеп болғандығын; азат және Тұтас Түркістан идеясы үшін күреске өз өмірін арнаған М. Шоқайдың жетекшілік ролінің жоғары болғандығын; М. Шоқайдың ешқандай өзге идеяға қызмет етіп, сатылмағандығын және соғыстан кейін де М. Шоқай бағытының өз жалғасын тауып, әлі күнге созылып келе жатқандығын атап көрсетеміз.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 2003. - 288 б.
2. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүкіл адамзаттың дамуындағы жаңа белеспен сәйкес келіп отыр. // Халықаралық ақпараттық агенттігі. <http://www.inform.kz/kaz/article/2564148>

3. Әбжанов Х.М. Азаттық тарихы және зерттеу методологиясы // Қазақстан мұрағаттары. - 2010. - №4 (16). - 20-26 бб.
4. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. - Алматы: Сөздік-словарь, 2001. - 369 б.
5. Нурпеисов К.Н. Они боролись за независимость Казахстана // Казахстанская правда. - 1997. - 12 августь. - С. 5.

**Култаев Талгатбек Сейтханович**, кандидат исторических наук, главный научный сотрудник архива Президента Республики Казахстан. г. Алматы.

### **КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ: ПРИЧИНЫ ЯВЛЕНИЯ**

Проблема коллаборационизма считается одной из тем, которая до сих пор изучена не до конца. Поэтому при изучении данной темы должны быть всесторонне рассмотрены причины начала коллаборационистского движения в годы Отечественной войны, его направления, идеологические основы и место в истории. Представляется, что историки используя еще не открывшиеся архивные материалы и другие не введенные в научный оборот данные должны в ближайшее время объективно изучить и научно осветить виды коллаборационизма, причем необходимо отказаться от ранее сложившихся косных точек зрения и стереотипов.

Любая из войн, происходивших на различных этапах истории человечества, имеет свои особенности и состоит из множества предшествующих ей различных событий. Одни и те же процессы, деятельность конкретных личностей оцениваются со временем по-разному и были ли они правы или нет не могут быть полностью доказаны в последующие века и не факт что все они сыграют какую-то заметную роль и займут достойное место в истории. Среди таких уникальных исторических событий и явлений коллаборационизм выделяется своей самобытностью и многообразием оттенков [1, с. 600].

В советское время коллаборационизм являлся закрытой темой и лишь только в некоторых отдельных работах давалась ему однобокая оценка где, в основном, изображали «деятельность» предателей. Но коллаборационизм, возникший во время Великой Отечественной войны отличается своими особенностями и как историческое явление определяется своими специфическими направлениями. По правде говоря, основы коллаборационизма начали формироваться в Советском Союзе еще до войны, и на это были разные причины. В частности, включение Армении, Азербайджана и Грузии, провозгласивших свою независимость после революции большевиками, в состав Советского государства не без помощи Красной Армии; создание Советского Союза в 1922 г. без принятия политических предложений многих народов; уголовная политика в период проведения коллективизации сельского хозяйства; репрессии миллионов невинных людей во время "красного террора"; оккупация Латвии, Литвы и Эстонии накануне войны; политическая диктатура Коммунистической партии и др. Тысячи людей, готовых поддержать коллаборационистскую политику, жили за границей, где было много групп белогвардейцев, которые проиграли гражданскую войну в 1918-1920 годах и стали эмигрантами. Поэтому в настоящее время четко прослеживается тот факт, что советские и современные казахстанские историки и политологи не могут согласиться с безапелляционными, односторонними толкованиями о том, что для появления коллаборационизма в Советском Союзе не было никаких оснований.

К концу 30-х годов XX века международная ситуация обострилась. Милитаристская Япония в это время подчинила себе большую часть Азии, а на западной стороне Евразии два тоталитарных государства - фашистская Германия и Советский Союз - начали реализовывать свою агрессивную политику. Быстро определив свои интересы, СССР и Германия 23 августа 1939 г. подписали «пакт о ненападении друг на друга», который впоследствии стал называться «пактом Молотова-Риббентропа» [2, с. 371]. Реализуя «секретные протоколы» этого пакта, в 1939-1940 годах Германия подчинила себе подавляющее большинство Европы, а Советский Союз оккупировал Латвию, Литву, Эстонию и захватил определенную часть земель Финляндии и Румынии. Кроме того, в 1939 году независимое польское государство было атаковано СССР и Германией. После чего ее территория была разделена между ними согласно их соглашения. Но эти два тоталитарных государства хотели продолжать свою агрессивную политику, потому что фашистская Германия хотела установить порядок «Третьего Рейха» на всей планете, а лидеры СССР хотели установить социализм во всем

мире. Это было время, когда началась Вторая мировая война, и, тем не менее, лидеры Германии и СССР ускорили войну между двумя странами своей политикой.

22 июня 1941 года Германия напала на Советский Союз, чтобы реализовать свой план «Барбаросса». Так началась известная истории Великая Отечественная война [3, с. 272]. В июне-ноябре 1941 года на основе разрушительного наступления фашистской Германии немецкая армия захватила Литву, Латвию, Эстонию, Белоруссию, Молдавию, Украину, Северный Кавказ и западные районы РСФСР и начала угрожать Ленинграду и Москве. В боях этого периода Красная армия потерпела много поражений и потеряла миллионы солдат и офицеров, в результате чего территория с населением 23 миллиона человек была оккупирована и около 3,9 миллиона человек попали в плен [4, с. 639].

В этих непростых условиях на оккупированных территориях среди более 5 миллионов депортированных в Германию, среди миллионов советских заключенных и эмигрантов коллаборационизм получил широкое распространение. На возникновение этого явления существенно повлияли и многочисленные ошибки руководителей СССР, которые в условиях войны издавали непопулярные среди народа приказы и постановления. Например, 16 августа 1941 г. Государственный комитет обороны издал приказ № 270, по которому советские граждане, попавшие в плен к врагу, были объявлены «предателями», а также в приказе, изданном 12 сентября, «сторонниками врага» признавались граждане, оказавшиеся на оккупированных территориях. [5, с. 507]. Миллионы советских граждан, попавших в тупик с такими приказами, вынуждены были встать на сторону врага, сотрудничать и поладить с ним.

Также большое влияние на коллаборационистские действия советских граждан оказала агитационно-организационная работа, проводимая фашистской Германией в начале войны. С началом войны германские лидеры восприняли Советский Союз как многонациональный "рыхлый гигант" и начали заявлять, что это государство вот-вот развалится. Они считали, что проводимая ими политика приведет к разладу между этносами и они разбегутся по своим национальным квартирам. 17 июля 1941 года министр по делам Востока Германии А. Розенберг представил Гитлеру свой знаменитый план «восточной политики». По нему после разгрома СССР на его территории будут созданы независимая Украина, Кавказская Федерация и государства Туркестана, а третьестепенное русское государство будет сохранено на его территории XIII века [6, с. 311]. Немцы также уделяли большое внимание агитационной работе, они издавали 128 газет на русском, украинском, белорусском языках и распространяли их среди населения. Например, в 1942-1944 гг., известный на Западе советолог А. Авторханов издавал газеты «Газават» и др. издания, которые по сути являлись антибольшевистскими органами печати на Кавказе.

В 1941-1943 гг. германские оккупанты запустили десятки предприятий на оккупированных ими территориях, принудительно вовлекая туда бывших советских граждан. При этом следует отметить, что в Украине и Белоруссии, признав власть немцев, продолжали свою работу более 100 колхозов, которые по договору платили налоги оккупантам. Немцы проводили своеобразную «мягкую» политику на оккупированных территориях, где не было партизан. В газетах и журналах, листовках, издаваемых оккупантами, Германия писала о том, что война направлена не против советских народов, а против системы большевизма, которая правит СССР. В немецкой прессе и в газетах, выходящих на языке ряда советских народов цитировались слова А. Гитлера сказанные им в 1941 г., что «у немецкого народа не было враждебного отношения к народам России... Не Германия хочет распространять в России свою национальную идеологию, а еврейско-большевистские правители Москвы, хотят установить свою власть над нашими и другими европейскими народами...» [7, с. 146]. Это сформировало у многих советских граждан обманчивую идеологию, что можно жить и под властью Германии. Такую точку зрения поддерживали и некоторые прозападные представители советской интеллигенции.

До конца 1941 г. в результате крупных поражений Красной армии около 4 млн. красноармейцев, офицеров и генералов при различных обстоятельствах попали в руки противника. Многие из них попали в лагеря, созданные немцами и оказались в разных трудных условиях. Тысячи людей стали гибнуть, не терпя лагерной обстановки, а с другой стороны, не терпя голода, в которых, по словам некоторых людей, которые впоследствии освободились из плена, «происходили ужасные события каннибализма». Оказалось, что многие лагерные заключенные оказались в тупике, их в число «предателей» ввели лидеры СССР. Именно в такой ситуации заключенные, которые хотели избежать гибели в концлагерях, поверили в пропаганду немцев, их средств массовой информации встали на сторону захватчиков и вступили в ряды их вооруженных сил. Так поступили и те



военнопленные, которые имели свои политические цели и были убеждены, что могут построить свое национальное государство в составе Германии.

В конце 1941 года в городище Ошторф в Белоруссии были введены военнопленные бывших советских кавалерийских, воздушно-десантных корпусов, создана русская национальная народная армия (РННА). Этой армией из восьми тысяч человек командовал бывший командир советской дивизии полковник Боярский, именно в это время на польской земле была сформирована первая русская национальная бригада СС. Ну а создание вооруженных сил из эмигрантов взял на себя национальный трудовой союз (НТС), которые служили в России, Украине и Белоруссии, этот союз вел свою работу под командованием немцев.

На оккупированной немцами украинской земле было создано множество коллаборационистских воинских формирований. Они назывались «Украинская освободительная армия» (УОА), «Украинская повстанческая армия» (УПА), «Украинская национально-освободительная армия» (УНОА). На оккупированной оккупантами белорусской земле, особенно в городах Новогрудск, Барановичи, Белосток активно действовали различные национальные организации. Они с помощью немцев создали организацию «Самооборона» («Самаховы»), под руководством которой создавали вооруженные силы, борющиеся против партизан. С началом войны коллаборационизм получил широкое распространение и в оккупированной Литве, Латвии и Эстонии. Для создания этнических военизированных формирований привлекались представители и многих других народов СССР. Например, во время войны были сформированы: в Азербайджане — 10, в Грузии — 13, в Армении — 12, у северокавказцев — 9, у крымских татар — 8, у народов Поволжья и Урала — 7 национальных батальонов.

Кроме того, немцы образовали 26 батальонов, сформированных из народов Средней Азии, которые в истории известны как «Туркестанский легион» [8, с. 165]. Что касается темы об этом легионе, то она отражается в истории по-разному. Лидеры и идеологи СССР считают вождем «Туркестанского легиона» известного среднеазиатского деятеля Мустафу Чокая и по-своему доказывали, что он является для СССР предателем. Конечно, М. Чокай, изгнанный из Советского государства и поднимавший проблему Туркестана в эмиграции, открыто демонстрировал сопротивление политике большевиков, возглавляющих СССР. Историческая правда в том, что и Гитлер, а также его соратники, успешно начавшие войну, намеревались использовать М. Чокая в своих целях. В связи с этим известно, что немцы предоставили ему возможность встретиться с туркестанскими военнопленными, которые томились в их лагерях. М. Чокай, который на этих встречах увидел плачевное состояние своих земляков, которые испытывали множество трудностей: голодали, мучались от болезней и т.д. чтобы спасти их жизни мог предложить им войти в состав формирований туркестанцев,

Нынешние казахстанские историки, которые не могут избавиться от прежних советских взглядов пишет Б.Кадамбек стараются показать, что М. Чокай не имел никакого отношения к туркестанцам в легионе. По правде говоря, М. Чокай не считал предателями тех представителей среднеазиатских народов, которые входили в состав создаваемых немцами легионов, а скорее считал их основой Вооруженных сил будущего независимого Туркестанского государства. Поэтому, кажется, настало время открыто заявить и доказать, что великий деятель предвидевший течение истории М. Чокай, хоть и с помощью немцев, способствовал созданию Туркестанского легиона для обретения независимости. В связи с рассматриваемой темой следует отметить еще один немаловажный факт - туркестанские соединения не использовались немцами в войне против Красной Армии, а использовались для борьбы с партизанами во Франции, Голландии, Бельгии и на Балканах. Ряд бойцов Туркестанского легиона, выступавших против тоталитаризма и стремившихся к независимости, впоследствии были наказаны советским руководством [9, с. 5-11].

К размножению коллаборационистов в годы войны относились решения, принятые тогдашним руководством СССР путем клеветы на некоторые народы. Хотя коллаборационисты были меньшинством своих народов, в 1941-1944 годах ряд народов подвергся депортации, среди которых были немцы, чеченцы, ингуши, калмыки, карачаевцы, греки и армяне в Поволжье. Они были депортированы в восточные регионы: Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан и др. По официальным данным, всего их было более полутора миллионов, а по западным данным это число оказалось в два раза больше [10, с. 457].

В настоящее время существует возможность исследовать и анализировать проблему коллаборационизма выданного «на гора» в советский период, исследованную в едином характере и с одной точки зрения, исходя из принципа исторического объективизма. При углубленном изучении движения коллаборационизма в годы войны, мы обнаруживаем, что он имеет разные виды,

направления и другие особенности. В частности, ими можно назвать: людей эмигрантских организаций, которые с периода Октябрьской революции выступали против советской власти, ряд бывших советских граждан, которые с самого начала служили немцам на различных должностях, думая о пользе своей выгоды и людей, которые были вынуждены вступить в ряды коллаборационистов, чтобы спасти свою жизнь, попав в руки врага и испытав различные страдания в концлагерях. Помимо них, надо подсчитать тысячи людей, которые по разным причинам выступали против власти Коммунистической партии и советской власти. А вот советских граждан, которые участвовали в движении коллаборационизма, веря в обещания германского руководства дать независимость, мы считаем необходимо отнести к политически ориентированным людям.

Очевидно, что коллаборационистское движение, имевшее место в годы Великой Отечественной войны, явилось историческим фактом и имеет особый характер. Во время войны коллаборационизм стал проблемой, возникшей там, где не думали лидеры Советского Союза, это явление можно считать результатом многих ошибок, допущенных в политике и идеологии правящей партии и советского государства. Следует отметить и то, что появлению и развитию упомянутого движения оказало влияние активная работа идеологических и информационных органов фашистской Германии перед войной и во время войны.

В заключении хочется отметить, что возникновение движения коллаборационизма и его направления зависели от следующих факторов: тоталитарная система, сложившаяся в советском государстве, насилие и уголовная политика при коллективизации, массовые политические репрессии, произошедшие в 1920-30-е годы и др.; крупные поражения Красной армии на начальном этапе войны, страдания миллионов советских солдат, попавших в плен и оказавшихся в немецких лагерях, объявление руководством СССР пленных советских граждан предателями; призывы и различные планы, которые фашистская Германия распространяла и доводила народам СССР до и в начале войны, подтолкнувшая часть советских граждан к общению с врагом; сотрудничество с оккупантами представителей эмиграции за рубежом; убежденность определенной части легионеров, что они являются солдатами будущего независимого Туркестанского государства; политика депортации ряда народов в глубокий тыл.

#### **Использованные источники и литературы**

1. Советский энциклопедический словарь.-М.: Сов. энцикл.,1985.-1600 с.
2. Берхин И.Б. История СССР (1917–1978) / И.Б. Берхин. — М.: Высш. шк., 1979. — 664 с.
3. История СССР. Эпоха социализма. — М.: Высш. шк., 1985. — 479 с.
4. История России. С начала XIX века до начала XXI века. — М.: Аст-Астрель, 2006. — 863 с.
5. Зуев М.Н. История России: учеб. для вузов / М.Н. Зуев. — М.: «Приор-издат», 2005. — 688 с.
6. Верт Н. История Советского государства. 1990–1991 / Н. Верт. — М.: Прогресс-Академия, 1995 — 544 с.
7. Новейшая отечественная история. XX век. — М.: Владос, 2004. — 463 с.
8. Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы (1971–1991) / Б.К. Адамбек. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. – 244 б.
9. Адамбек Б.К. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы коллаборационизм туралы.// Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих.Философия сериясы.=Вестник Карагандинского университета. Серия История.Философия. – 2022. - № 4.
10. Орлов А.С. История России / А.С. Орлов, В.А. Георгиев, Н.Г. Георгиева, Т.А. Сивохина. — М.: Проспект, 1997. — 544 с.

**Қоскеева Ә.М.,С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, PhDдоктор. Алматы қ., ҚР.**

#### **ТҮТҚЫНДАҒЫ СКРИПКАШЫ (ӘЙТКЕШ ТОЛҒАНБАЕВ ХАҚЫНДА)**

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, тұтқынға түскен, өнер құдіреті өмірін сақтап қалған қазақтың кәсіби скрипкашысы Әйткеш Толғанбаев «Түркістан легионы» сапында болды. Онымен бірге 101 жасқа қараған шағында Түркияда өмірден озған қазақтың тұңғыш скрипкашысы Әлім Алмат, әнші Мұхаметқали Бақыткерейұлы, қаламгер Хамза Абдуллин, ақын Мәжит Айтбаев секілді өнерлі қазақтар болды.

Жұрт «Түркістан легионы» деп атаған «Түркістан ұлттық комитетінде» түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың, небір талантты өнер шеберлері, ақын-жазушылары мен журналисттер болды десеңізші!

Қазақ әншісі Мұхамбетқали Батыргереев соғыстың от-жалынында тұтқына азабын көре жүріп, өзінің взвод бастығы сияқты шамалы мүмкіндігін пайдаланып, қазақ азаматтарына қол үшін берді. Көмек жасады. Неміс тұтқынында болып, қиын-қыстау кезеңге ұшыраған Әйткеш Толғанбаевты құтқарып қалуды ойластырған да – Мұхамбетқали Батыргереев [1, 65-б.].

Әйткеш Толғанбаев болса ғажап дарын еді. Ел қазынасы – алтыны еді. Алайда мәдениет төрінде жарқырап көріне алмады. Солақай саясат оған мұрша бермеді. Ол ән-күйді жастайынан қастерлеп өсті, оны қадір тұтқан отбасында тәрбие көрді. Кезінде «поэзия құлагері» Ілияс Жансүгіров пен белгілі композитор Латиф Хамиди алдында өнер көрсеткен. Ақжол тілеген, «тұсауын кескен» де сол Ілияс пен Латиф ағалары болатын. 14 жасында облыстық көркем өнерпаздар байқауында бірінші орын алды.

Арада біраз жылдар өтті. Соғыс. Немістің тұтқын лагері. Қазақтан шыққан екінші скрипкашы Әйткеш Толғанбаев өзінің естелігінде Алматыдағы музыкалық училищенің сол кездегі директоры Сағыр Қамаловтың кезінде Скрипкашылар бөлімінің меңгерушісі Иосиф Антонович Лесманнан сабақ алғанын айта келіп, «Ұстазым музыкалық сауаттылығымды көтеру үшін маған жоғары курс студенті Ғалым Әбсәламовты (Әлім Алмат) бекітті, оның әрбір сабағы жаңалықтарға толы болатын. Мен одан опера, симфония, оратория, балет сияқты жаңа музыкалық жанрлар туралы білдім... Музыка әлеміндегі – тембр, гармония, регистр, динамиканы үйрендім» - деп жазады [2, 10-б.].

Сөйтіп өзімен бірге «барын бөліскен И. Лесман, Л. Хамиди, А. Жұбанов, М. Әуезов, И. Коган, Ф. Мансуров, А. Дзыгар, М. Костылев және басқа да ұстаздарымен бірге Ғ. Әбсәламовтың есімін ерекше атайды. Қарап отырсақ, екеуінің жас айырмасы 7 жас екен, Әлім Алмат 1917 жылғы, Әйткеш Толғанбаев 1924 жылғы.

Соғыс кезінде қазақтың қос скрипкашылары Берлинде кездесіп қалады. Бұл туралы Ә. Толғанбаев: «поезд арқылы күзетшілердің бақылауымен Фрайбургтан шыққан олар жолдан Түркістан Ұлттық Комитеті орналасқан Берлинде аялдайды да, ТҰК-нің аядай бір болмесінде түнеп шығады.

«Есімде, кенеттен есік ашылып, Ғалым Әбсәламов кіріп келді. Бір кездері Алматы музыкалық училищесінде сабақ үйреткен сол баяғы жас бозбаланың өзі. Сәнді киінген, шашы еуропалық үлгімен қойылған.

- Ғалым сен қайдан жүрсің?

- Сені де танымай қалдым, - деді ол. Бойың өскен сияқты. Күнде бес сантиметр қосатын шығарсың. Қазақ музыкантын әкеле жатыр дегенді естіп қалып, амандасып кетуге келдім. Бірақ, сені көрем деп ойлаған жоқпын» - дейді.

Содан кейін автор, «Әбсәламовтың соғыстың алғашқы күндері-ақ тұтқынға түскенін, ТҰК лагеріне қалай келгенін, Түркістан легионының өкілдері оны іздестіріп, тұтқыннан босатуға көмектескенін және алмандарға талантты скрипкашы ретінде Берлин музыкалық Академиясы оқуға жіберуге ұсыныс жасағанын айта келіп, «бір жылдан кейін Берлин музыкалық Академиясы бомбаның астында қалып, Венаға кететінін, тағы бір жылдан кейін соғыстың аяқталатынын, алдымен Францияға, сосын Түркияға қарай кететінін, ол кезде Ғалым қайдан білсін» - деген ішкі ойымен бөліседі [2, 22-23-бб.]. Жалпы түркістандықтардың ішкі жан күйзелісі олардың хаттарынан айқын көрінеді:

«Қалтқыдай дауыл тұрып, толқын тепкен,

Мен бір жан орын алған алыс шеттен.

Қысқан қыс, күйдірген жаз зардабымен,

Қоштасар бір күн күнім келер көпшен. (Қобызшы Қорқыт. Берлин, 1943 ж.)».

Ол замандағы Түркістан эмиграциясының жағдайын бір сөзбен айтып шығудың өте қиындығын тілге тиек еткен Әлім Алмат, - «Біз не істесек те, қайда барсақ та, ойымыз жан түршіктіререлік оқиға – Мұстафа Шоқайдың өлімі маңайында болды» - дейді. Бұл хатқа түскен:

«...Мен түс көрдім, түсімде алма көрдім,

Алма көрдім ойда емес, жарда көрдім.

Алма емес ағашта өскен, өнген,

Сабағынан үзілген қалда көрдім.

(Қобызшы Қорқыт. Берлин. 03.7. 1943)» [3].

Келесі қазақ музыканты Шадыбек Тоқмамбетов 1945 жылдың сәуірінде Зунум Жаманқұловтың жетекшілігімен Альба қаласындағы Түркістан легионының 120 тұтқынымен бірге

француздардың «Маки» партизандары жағына өтіп кеткен. «Маки» Қарсыласу қозғалысын генерал Шарль де Голль басқарған. Олар қыркүйек айында Франция территориясын азат еткен. Осы айдың соңында Ш. Тоқмамбетов артиллерия полкіне түседі, жылдың аяғында бұл артполк Брест Литовскиге дейін жетеді. Ол 1946 жылдың сәуіріне дейін Артиллерия Басқармасында қызмет еткен. Алайда, елге аман-есен оралысымен, мамыр айында қайтадан тұтқындалып, Қырғыз Республикасының Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің түрмесіне жабылады [3].

Жау қолына түскен музыкантты өнері аман алып қалды. Ол туралы Әйткеш Толғанбаевтың өзі: «Менің өмірімде ән мен күй ерекше орын алады. Бәлкім, қиямет-қайымда тірі қалуыма бойыма біткен өнер, әсіресе скрипка аспабын меңгеруім себеп болған шығар... Венаны тандандырдым осы өнеріммен. Скрипка тартатын мені, азиятты немістер, француздар қатты бағалады. Олардың арасында өнерді бағалайтындар асып-төгіліп жатады. Әсіресе, сұлу бикештері мені – азият скрипачты қалай ұнатты, ойпыр-ай! Жүрегім жылады. Өнер тірі болса мен де тірімін ғой деп өзіме тәубе жасадым. Скрипкада Верди, Бизе, Брамс шығармаларын сызылтқанымда олар таңдай қағатын. Сарасатенің «Цыганские напевы» орындағанымда олар аттай желетін. Тұтқындардың мейірі қанып, ал мені тұтқындаушылар тіпті бостандыққа шығарып жібергісі келеді... Өнер барлық тілге ортақ. Жау бомбасынан жаралы болып тұтқынға түскенімде, немістің обер-лейтенанты өнер адамы екеніме сенбеді. Ал мен скрипкада ойнағанда ол басын құшақтап ойға қалды» [4].

Осындай тамаша өнер иесінің тегін адам болуы мүмкін емес еді. Әйткеш Толғанбаев тірі кезінде берген бір сұқбатында қайда туғанын, қайдан шыққанын, кім екенін айтып берген еді. «Туған жерім – Семей облысы, Шыңғыстау ауданы, Қарауыл ауылы. Ата-бабамыз Ырғызбайдан тарайды. Ырғызбайдан – Өскенбай мен Мырзатай. Өскенбайдан – Құнанбай, одан Абай, Шәкәрім. Ал Мырзатайдан – Жұман, Толғанбай. Толғанбайдан – мен – Әйкеш» [4] деген еді скрипкашы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ұлы Абай болса, скрипка аспабын ұлтымызда алғашқылардың бірі болып, еркін меңгерген оның немере інісі болып шығады. Бұл, біздіңше, ғажап сәйкестік!

Әйткеш Толғанбаев тұтқында жүріп, Әміре Қашаубаев секілді Еуропаға қазақ өнерін таныстырды. Құрманғазының «Сарыарқа», «Ақбай», «Кісенашқан», «Түрмеден қашқан», «Балбырауын», «Қайран шешем» күйлерін, Түркештің «Көңілашар» күйін скрипкада күңіретті. Ал «Елім-айды» еңіреткенде немістердің өзі күрсінетін.

Қызыл әскердің Жоғары Бас Қолбасшылығы Ставкасының 1941 жылғы 16 тамыздағы № 270 бұйрығы бойынша «...Әрбір әскери қызметкерді, оның қызметтік жағдайына қарамастан, өзінен жоғары басшылығынан талап ету міндеттелсін, егер оның әскери бөлімі қоршауда қалса, өздеріне жету үшін, ақырғы мүмкіндікке дейін күресу, егер ондай әскери басшы немесе қызыл әскердің бір бөлігі жауға қарсыласудың орнына тұтқынға берілетін болса, олар барлық тәсілдермен құрлықтағы сияқты, әуеде де жойылсын, ал тұтқынға берілген қызыл әскерлердің отбасы мемлекеттік жәрдем мен көмектерден айырылсын» және бұл бұйрық барлық роталарда, эскадрондарда, батареяларда, эскадрильяларда, командалар мен штабтарда оқылсын» - делінген [5, 120-121-бб.]. Кеңес үкіметінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы И. Сталиннен бастап КСРО маршалдары қол қойған бұл бұйрықтың орындалмауы мүмкін емес-тін. Осы бұйрықтың ызғары соғыстан кейін де күшінде қалды, соғыс тұтқындары қатаң бақылауға алынды, айыпталды, абақтыға жабылды. Солардың қатарында болған скрипкашы Әйткеш Толғанбаевтың тағдыры қиынға соқты. Ол 70-жылдары «Қазақстанның тұңғыш скрипкашысы ретінде» мойындалса да, кеңестік биліктің қысымынан тәуелсіздікке қол жеткізгенше құтыла алмады. 1970 жылдары Әйткеш Толғанбаев бұрынғы Италиядағы кеңес елшісі М.А. Костылевті іздестіреді. Бұл кісі Әйткеш үшін көп жақсылықтар жасаған еді. Ол тарихи сұқбатты былайша еске алады: Жеке әңгімелескенде бұрынғы елші: «Шындықты білгің келе ме? Мен сонда білгенмін, Одаққа қайта оралған соң сізді тұтқындайтынын.

-Білдіңіз бе? Сонда маған ишара да жасамадыңыз ба?

-Құқым болмады. Егер айтсам, өзіме оңай соқпаған болар еді. Менің қолымнан келгені сіздің қайтатын мерзіміңізді созу ғана болды... Сіздің аман қалғаныңыз, ол бақыт қой. елшінің бұл жауабы Кеңес үкіметінің әскери тұтқындарға жариялаған кешірімі әділеттілікті аттап, жалған болғандығын дәйектеп-ақ тұр [6].

Әйткеш Толғанбаев елге оралу туралы көп толғанған. Ол ортаға танымал скрипкашы болғандықтан да, оған Италияда келешегіне жарқын жол ашылған-ды. Бірақ туған даласына, туған Отанына деген сүйіспеншілігі, оны Қазақстанға оралтты. Олардың бір бөлігі Қарыс Қанатбай, Әлім (Ғалымжан) Алмат, Баймырза Хайт Германияда қалуды ұйғарды немесе Түркия, Египетке қоныс аударды... Әлім Алмат кейінірек әлем жұртшылығына музыкант ретінде танылды.

1977 жылы 13 мамырда «Советская культура» газеті Әйкеш Толғанбаевты «республиканың бірінші скрипкашысы» деп атады. Атақты композитор М. Иванов-Сокольский «Толғанбаев еңбегі

зор, ғажайып сезімді музыкант», - деп жазды «Казахстанская правда» газетінде. Солай болса да Әйткеш Толғанбаев «халық жауы» болған соң болашағы күңгірт еді, көпшілік оның талантын мойындады, билік басындағылар «байқамады, көрмеді. Шетелдік гастролдерге шақырылмады, халықаралық конкурстарға қатыстырылмады. Неткен қаталдық! Елдің мақтанышы болар, атақ-даңқын шығарар өнер жұлдызы боларын бұрын білмеді ме? Әлде байқағысы келмеді ме? Жиырмаға да келмеген талантты жасты бірден соғыстың от-жалынына салғанда не ұтты? Шахтер, мақташы деп керек-ау деген адамдар броньмен елде қалып жатты емес пе? Ал билік болса, Әйткеш Толғанбаевтың келешекте қазақ өнерінің туын желбірететіндігін ескергісі де келмеді. Әйткеш Толғанбаев шын мәнінде еліміздің ұлттық байлығы болатын. Сол кезде оған ешкім мән бере қоймады. Өкінішті-ақ. Байқамаған, елемеген бір шаруасы осы. Елге оралған соң бұрынғы қателікті түзетуге тағы ықылас көрсетілмеді. Қайта, керісінше, оған өнер айдынында алаңсыз самғап, қанат қағуына мүмкіндік жасау орнына қуғын-сүргінге түсірді. Алматыға келген соң туған-туыстарымен, жора-жолдастарымен қауышудың орнына бірден түрмеге жапты. Соғыс тұтқыны деп сенімсіздік көрсетті. Қылмыскер деп таныды. 25 жылға бас еркінен айырып, тірі қалуы екі талай – Магаданға жіберді. Сондай шешім қабылдауға негіз болған құжатта былай делінген:

«...В мае 1943 года Толғанбаев немецким командованием был передан в распоряжение антисоветской националистической организации – «ТНК» и направлен в «Туркестанский легион». В этом легионе Толғанбаев, являясь руководителем ансамбля взвода пропаганды, проводил идеологическую обработку легионеров в духе преданности фашистской Германии и ненависти к Советскому Союзу, путем исполнения и постановки антисоветских националистических песен и пьес. В июне 1944 года принял присягу на верность фашистской Германии, затем был отправлен на борьбу с французскими партизанами. В июне 1944 года в г. Вене Толғанбаев был делегатом «Туркестанского конгресса» и на этом конгрессе был утвержден членом «Национального собрания» [1, 66-б.].

Бұдан соң Толғанбаев одақтастар әскерінің тұтқыны бола жүріп, ағылшын барлау органдарына қызмет етіпті-мыс. Айыптау қорытындысындағы осы жазулар әйгілі скрипкашының келешегін тас талқан қылуға әбден жетті. Жастық шағының ең бір ғажап кезеңін итжеккенде өткізді. Көп уақыт бойы табиғат берген талантын туған еліне таныта алмады. Шет елге өнер көрсетуіне тыйым салынды. Соның салдарынан Әйткеш Толғанбаевтың «қазақтың Паганиниі» екенін кеш білдік. Әйгілі скрипкашы Әйткеш Толғанбаевтың сөзімен айтқанда, әділдікті «40 жыл, 33 күн» бойы күткен. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ол, 1992 жылы Қазақстан Республикасының сол кездегі Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атына 3 беттік ресми хатын жолдайды. Онда соғыстан кейінгі жылдары өзінің жеке басынан өткен қысымдарды, қоғамның қарама-қайшылықтарын баяндайды. Қаз КСР Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің 80-жылдардағы негізсіз әрекеттерін, қарапайым өнер адамының тауқыметін, кеңестік жүйенің сорақы саясатын дәлелдей, 5 пункттен тұратын өтінішін білдіреді. Солардың ішінде 1946 жылдың 3 ақпанында тұтқындалудың алдында Римдегі Кеңестік Елшілікте (Италия – 1944-1945 жж.) қызмет істегенін, сол кезде өзінің жеке бағалы заттарымен бірге қымбат тұратын «Штейнер» скрипасын ҚазКСР МҚК-нің қарақшылары талан-таражға салғанын, тіпті Ұлы Отан соғысына қатысқаны туралы куәлігін де негізсіз тартып алғанын жеткізеді. Сосын скрипкаға арналған оқу құралы мен естеліктерін баспадан шығаруға мүмкіндік беруін сұрайды. Соңында өзінің кім екенін айғақтайтын дәйектерді, атап айтқанда 1977 жылдың 13 мамырындағы «Советская культура» газетіне шыққан «Первая скрипка Республики», 1991 жылдың 14 желтоқсанында Германияда жарияланған «Скрипач и КГБ» деген мақалаларын көрсетеді [7, 49-б.]. Тәуелсіздік – скрипкашы Ә. Толғанбаевтың бұл негіздемелерін растайды және бір жылдан кейін «Исповедь судьбы жестокой» деп аталатын кітабы жарық көреді. Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбыстық жазбалар орталық мемлекеттік мұрағатында кезінде Алматы музыкалық училищесінде Әлім Алматқа скрипадан сабақ берген профессор Иосиф Антонович Лесманның Әйткеш Толғанбаевпен бірге түскен суреті сақталған [7, 50-б.]. Сондай-ақ, Әйткеш Толғанбаевтың жеке қорында оның шығармашылығы туралы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Иосиф Коганның «Советская культура» (13.05.1977), Қазақстан Компартиясы Мақаншы райкомы мен аудандық атқару комитетінің органы – «Ленинская зная» (27.09.1977) газеттерінде «Первая скрипка Республики» атты мақаласы мен оның қазақша нұсқасы Қазақстан Компартиясы Абай райкомы мен аудандық атқару комитетінің органы – «Совхоз туы» газетінің «Біздің жерлестеріміз» айдарында берілген «Республиканың бірінші скрипкашысы» (аударған Б. Сағындықов) атауымен жарияланған мақаласы сақталған. Бәрінен де елінің қорлығын көтере алмаған талай боздақ өзін-өзі өлтірді, қаншамалары Кеңес концлагерлерінде із-түссіз кетті. «Бүйткенше өлгенім жақсы еді ғой» - деп бірнеше рет оқталғанымен жеме-жемге келгенде дәті жетпегенін айтады тағы бір қазақ тұтқыны Сүлеймен Бекенов [8, 9-б.].

Еріксіз күрсінесің, көкейде «апырай, не деген қоғам еді, адамды қорлаудың бұдан асқан түрі бар ма?» деген ызалы сауал қалады. Қатардағы жауынгер жазғандай: «Соғыс неге керек, неге кінәсіз бірін-бірі танымайтын, қатандығы жоқ адамдар біріне-бірі жау болып қырылысып жатыр» деген ойлар көп оралады. Бұл өте орынды, жүректен шыққан қарапайым әрбір жауынгердің ойы еді. Әйткеш Толғанбаевтың да ойы осы болатын. Тіпті, кейде «білмеймін, олар енге өлді, мен неге аман қалдым, оны да білмеймін» деп, өз ойымен де арпалысады...

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Кәкен А. Түркістан легионы. – Астана. Республикалық баспа-полиграфия орталығы, 2000. – 140 бет.
2. Толғанбаев А. Исповедь судьбы жестокой / Лит.запись И.М. Саввина, С.А. Толғанбаевой. – Алматы: Казакстан, 1993. – 112 с.
3. Садықова Б.Әлім Алмат: «Табыс етем өлгендер аманатын...» // Қазақ елі. Еларалық апталық. №48(72). – 29 қараша, 1996 жыл
4. Қалжанов А. «Қазақтың Паганиниі» киноға сұранып тұр// Астана ақшамы. - 2018. - № 68 (3728). - 9 маусым. - 9 б.
5. Участие казахов во второй мировой войне в странах Западной Европы: Сборник материалов круглого стола / отв.ред. Г.М. Мендикулова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 165 с.
6. Аяған Б.Ғ. Тәлкекке түскен тағдырлар // Егемен Қазақстан. – 26 маусым. – 2014 жыл.
7. Ильясова К.М. Айтылған тарих немесе Стамбул жазбалары. – Астана: «Типография Стимул», 2016.- 175 б.
8. Қазақ тұтқыны / Бас.ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 256 б.

### **Косанбаев К., Косанбаев С.К., Садықұлова С.С.**

д.ф.н., профессор университет «Мирас», Шымкент, Қазақстан

к.и.н., доцент ЮКУ им. М.О.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

к.и.н., доцент ЮКУ им. М.О.Ауэзова

### **М.ШОКАЙ: ЛИЧНОСТЬ, РОЖДЕННАЯ ВРЕМЕНЕМ**

На современном этапе, когда Казахстан вновь обрел независимость, вышел на новые исторические рубежи, в значительной степени повысился интерес к глубинным историческим корням и прошлому, особенно к переломному концу 1930-х - началу 1940-х гг. XX столетия, определившим наш взгляд, ключевые направления общественного развития независимого Казахстана. Сегодня настойчивой потребностью времени выступает задача глубинной переоценки сложного и тернистого пути ряда известных представителей казахской национальной интеллигенции, оказавшиеся жертвами советской тоталитарной системы.

В условиях политико-идеологического давления и прессинга, многие отрасли гуманитарных наук, как известно, подверглись в значительной степени деградации и деформации, из поля зрения отечественных исследователей выпали наиболее важные и ключевые проблемы истории казахского народа. В период насаждения чуждой для местных тюркских народов идеологии, по партийным соображениям власти запретили углубленное изучение жизни и деятельности многих видных и ярких представителей казахской интеллигенции, на них были навешаны ярлыки врагов народа, и вскоре имена подвергшихся репрессиям были надежно стерты из памяти народа.

Демократизация, утверждение гласности, разрушение и коренная ломка старой партийной системы, способствовало на наш взгляд, подъему и росту национального и культурного самосознания народов Центральной Азии, способствовали духовному оздоровлению казахской нации, стимулировали и вдохновили представителей казахской интеллигенции на поиски и ответы ряда вопросов о прошлом, настоящем и будущем. В историческую летопись Независимого Казахстана достойно вписались имена многих ярких представителей казахской национальной интеллигенции А.Н.Букейханов, А.Байтурсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ж.Досмухамедов, Т.Рыскулов и многие другие. К ним относится и крупный общественный и государственный деятель Туркестана, исследователь истории, этнографии, фольклористики своего родного народа М.Шокай, оставивший яркий и неизгладимый след в истории народа. К сожалению, как мы отмечали выше, его многогранная жизнь и деятельность во благо народа и Отечества не получила в отечественной

историографии научного освещения. Партийные идеологи всячески создавали искусственные препятствия и преграды для восстановления реального политического портрета и деятельности М.Шокая. В советской партийной историографии патриотический образ и благие деяния М.Шокая были представлены в совершенно противоположном ракурсе.

В нынешних условиях суверенного развития Казахстана, в связи с восстановлением утраченных и ранее вырванных национальных страниц истории, возрождением исторической памяти, прошлого и справедливости, резко повысился интерес к глубокому и всестороннему изучению ряда известных личностей, обладавших значительным научно-интеллектуальным потенциалом, опытом и знаниями во многих отраслях гуманитарных наук. Как отмечает известный среднеазиатский исследователь В.А.Германов: « В 1920 году, когда красная армия вошла в Грузию, границу Турции, пересек М.Чокай-оглы. Из Турции он переехал в Берлин, затем во Францию, и наконец, обосновался в пригороде Парижа. В первую очередь обратился к Версальской конференции, чтобы привлечь ее внимание к трагической судьбе народов Туркестана. В эмиграции в течение более двух десятилетий он издавал и редактировал ряд периодических изданий, среди которых журнал Яш Туркестан, издававшийся в Стамбуле. В Европе он изучает арабский язык, находясь в эмиграции, он становится лидером тюркской диаспоры» [1].

По воспоминаниям известного казахстанского писателя А.Алимжанова: « Мустафа Чокай-оглы – выступил как просветитель, как глашатай древнейшей и богатейшей культуры и истории народов Средней Азии и Казахстана, пропагандистом трудов гениальных ученых - энциклопедистов Центральной Азии.... Знаток русской литературы, поклонник А.С.Пушкина и Ф.М.Достоевского, внимательный читатель трудов русских востоковедов Тураева, Бартольда, Левшина, Миллера, Потанина, глубокий почитатель гуманизма и демократичности передовой интеллигенции России, Мустафа Чокай-оглы никогда не отождествлял царских карателей и послеоктябрьских палачей с русским народом» [2].

Вместе с А.Керенским он окончил с отличием Ташкентскую мужскую гимназию, а также юридический факультет Петербургского университета. Будучи депутатом IV Государственной Думы России, он возглавил комиссию представителей по защите прав народов Туркестана. В период российской революции 1917 года группа Мустафы Чокаева готовилась к созданию в Туркестане национальных автономий в составе единой Туркестанской конфедерации. В ноябре 1917 года в Коканде состоялся Всетуркестанский конгресс политических движений и партий, где было объявлено о создании Кокандской автономии. Первым ее президентом был избран М.Тынышпаев, но после его отставки был единогласно избран М.Шокай. В январе 1918 года Совет народных комиссаров Туркестанской республики решил ликвидировать параллельное мусульманское правительство. В ночь с 5 на 6 января кольцо вокруг Коканда замкнулось. Мустафе удалось вырваться из окружения, и он попал к повстанцам, затем нелегально добрался до Кавказа и включился в демократическое движение кавказских народов» [3].

Об этом же факте отмечают известные исследователи С.Тилеукулов, А.А.Голованов, Ш.Оразымбетов: « После ликвидации Кокандской автономии, Мустафе Чокаю удалось вырваться из огненного Ашхабада, затем через Ашхабад, Красноводск, Баку в Грузию, правительство которой возглавляли в то время меньшевики, и сразу же активно включился в демократическое движение кавказских народов» [4].

Известный казахстанский исследователь А.Исмаилов, исследовавший жизнь и деятельность М.Шокая, дал на наш взгляд, правдивую и объективную оценку событиям прошлых лет. По его свидетельству: « со времени провозглашения независимости Казахстана как суверенного государства, стало возможным объективное изучение, переосмысление и переоценка многих страниц национальной истории, роли и значения деятельности выдающихся представителей национальной интеллигенции в борьбе за освобождение и защиту материальных и духовных сил родного Отечества. Многие из них в годы Советской власти были объявлены реакционными личностями по меркам большевистской идеологии и классовой теории. Среди звезд первой величины в рядах борцов за национальную свободу в Туркестанском крае, ярко светит имя Мустафы Шокая. Его роль в организации идейно – политического противостояния власти российского самодержавия и большевистских Советов, на наш взгляд, в достаточной полной мере с позиций новых современных взглядов только начинает получать свое всестороннее освещение» [5].

Мы солидарны с точкой зрения А.Исмаилова и считаем, что только в условиях суверенного развития Республики Казахстан, стало возможным исследование жизненных путей и деятельность ряда личностей, которые заплатили своими жизнями во благо ее процветания и расцвета в будущем. Мы глубоко убеждены в том, что оставленное ими богатейшее историко-культурное

наследие будут изучаться и исследоваться молодыми и яркими представителями казахстанской молодежи.

Каждый год, когда вспоминают о Второй мировой и участии казахстанцев в этой кровопролитной войне, мы чтим память всех, кто воевал. И героев, и тех, кто остался без медалей. И тех, кто пал, и тех, кто вернулся из боя. И мучеников, и праведников. Но особняком в этом ряду стоят те, кто попал в плен к немецко-фашистским захватчикам. Долгое время судьбы военнопленных замалчивались. А те, кто вернулся, были под постоянным контролем специальных органов. Между тем, численность советских солдат, попавших в плен, особенно летом и осенью 1941 года, была огромной. Органы статистики сообщают цифру в 3 млн. 900 тысяч человек, т.е. около 4 миллионов советских солдат попали в немецкий плен. В целом, за годы войны горечи плена, по информации французского историка Н. Верта, испытали около 6 млн. советских людей [6].

Примерно такую же цифру приводит на основании данных КГБ Б. Садыкова. Цифра огромная и ужасающая! Я не помню, чтобы в истории человеческой цивилизации столько людей попадало в лагеря враждующей стороны. Большинство солдат, как и сами пленные, были очень молодыми – от 17 до 37 лет. В этот мрачный период в плен попали и талантливый музыкант Айткеш Толганбаев, и писатель Хамза Абдуллин, и тысячи тысячи других солдат. Более 3 миллионов человек погибли в немецких концлагерях.

О судьбе пленных, оказавшиеся в «Туркестанском легионе» казахстанские историки стали писать в условиях суверенного развития. Кроме того, вышли в свет монографии исследователей Амантая Какена, Бахыт Садыковой и Гүлжауһар Көкебаевой, воспоминания тех, кто выжил после немецких и советских концлагерей. Подробно данная тема была изучена в монографии профессора Абдулахапа Кара, этнического казаха из Турции.

Известный казахстанский исследователь Б. Аяган, работа в Центральном архиве КГБ СССР, выявил ряд ценных фактов и сведений, касающиеся трагических судеб участников «Туркестанского легиона». Документы со штампом («Сов. секретно», экз. 1. Особого отдела НКВД СССР Закавказского фронта, 6-ое отделение от 19 января 1943 года, № 1840/б, г. Тбилиси), сообщают «О перешедших на сторону Красной Армии солдат «Туркменского легиона» (так в документе) немецкой армии. Здесь же сообщается: «Справка. Подлинный документ находится в деле, том 1, фонд (неразборчиво), опись 312 «Е», порядковый 663, стр. дела 10-11, которые хранятся в Центральном архиве КГБ СССР. В левом углу печать КГБ при Совете Министров СССР от 31.12.1965 года».

Мы отмечаем Б. Аяган: « публикуем эти документы, так как они проливают свет на имеющиеся «белые пятна» в истории и непосредственно касаются судеб конкретных людей. Нам надо учесть, что не все, кто попадал в плен, были предателями: даже часть участников «Туркестанского батальона», как сообщается в донесении НКВД, «самовольно и с оружием в руках переходили на сторону Красной Армии». Обстоятельства пленения советских солдат подробно расписаны в докладной начальника 7 отдела ПУ ЧГВ ЗКФ майора Зусмановича (майор без имени). Данные по Туркестанскому легиону до развала СССР находились в фонде ЗКФ, д. 286, оп. 1019, л 106-110, Ш, об., 112-115. Мы специально подробно указываем фонды и дела, чтобы будущие исследователи могли их разыскать по этим путеводителям. Перебежчик (так в тексте – Б.А.) Бектасов (без имени) описал немецкие лагеря для пленных бойцов и командиров РККА, как места издевательского, нечеловеческого режима, где основная масса пленных переносила мучительные страдания и погибала. В частности он показал, что «В конце июля 1941 г. меня из Либавского госпиталя перевели в Тильзитский лагерь для военнопленных. Там к этому времени было около 24000 пленных. В течение осени и зимы в лагере погибло 18-19 тысяч человек. Политработников и евреев сразу же по прибытии их в лагерь выделяли из основной массы пленных и расстреливали. Расстреливали также за малейшие нарушения лагерной дисциплины. От голода и болезней (тиф, дизентерия, воспаление легких, туберкулез) в день умирало не менее 100 человек».

Ввиду страшного голода пленные питались, чем попало, нередко встречались и факты каннибализма (людоедства). Подобные показания дали Нургалиев, Умурзаков и другие. Нахождение солдат из Казахстана в Тильзитском лагере подтверждают и показания Иделева – татарина по национальности. Его рукопись я обнаружил во время работы в Гуверовском архиве войны, революции и мира (США). При этом надо подчеркнуть, что Советский Союз, не подписав в свое время Гаагскую и Женевскую Конвенции «О содержании военнопленных» (27 июля 1929 года), обрек на страдания и мучения миллионы своих граждан, попавших в плен. Многие пленные были в отчаянии и погибали от голода, от тоски, во время попыток к бегству. Военнопленные из СССР были лишены права на медицинскую помощь, защиты международного красного креста, переписки с родными и т.д. Руководители Советского государства во главе с И.В. Сталиным отказались от



поддержки граждан и их семей попавших или сдавшихся немецким частям, что развязало руки фашистской администрации.

Некоторые исследователи считают, что создание Туркестанского легиона было идеей Мустафы Чокая. Не любивший советскую власть и не принявший немецкую идеологию, политический эмигрант М. Чокай считал, что вызволить из плена, голода и унижений попавших в плен туркестанцев можно путем создания различных организаций. Источники по-разному пишут о позиции М. Чокая в создании военизированных отрядов. В сообщении, о котором мы говорим, на имя Заместителя наркома внутренних дел Союза ССР начальнику управления особых отделов Комиссару госбезопасности 3 ранга тов. Абакумову сообщается: (стиль и орфография сохранены) «25 декабря 1942 года на участке обороны 68 Морской стрелковой бригады, 56 армии, на нашу сторону добровольно перешли 41 солдат «Туркменского легиона» немецкой армии, состоящая из бывших военнослужащих Красной Армии рядового командного состава, которые в ходе боев в 1941 году одновременно попали в плен к немцам, находились в лагерях, а затем были отобраны и зачислены в 3-й батальон «Туркменского (?) национального легиона» состоящего из средне-азиатских национальностей, из коих: казахов – 20, узбеков – 9, татар – 4, киргизов – 3, таджиков – 3, туркмен – 1, башкир – 1.

Здесь же сообщается, что «одним из инициаторов организации «Туркменского легиона» является эмигрант Велихан, узбек (так в тексте)». Обратите внимание, что солдаты Туркестанского легиона на сторону Красной Армии стали переходить в декабре – 1942 года, т.е. задолго до победы советских войск.

В следующей справке сообщается, что «Туркестанский пехотный легион» сформирован немецким командованием при непосредственном участии так называемого «Туркестанского национального Комитета», во главе которого стоит «буржуазный националист» Вали Каюм Хан, которому дана подробная характеристика: как выглядел, какого был роста, с кем общался и т.д.

Перешедший на сторону Красной Армии на участке Брянского фронта легионер Сейтмуратов сообщил, что до Вали Каюм Хана председателем «Туркестанского комитета» был известный националист Мустафа Чокаев, который в январе 1942 года умер. (Известный казахский политический эмигрант Мустафа Шокай (Чокай) при невыясненных до конца обстоятельствах умер 27 декабря 1941 года и поэтому формирование туркестанского легиона происходило без его участия.

Об этом же факте пишет известный среднеазиатский исследователь В.А.Германов: «Мустафы Чокая не стало 27 декабря 1941 года, и сегодня все основания полагать, что его устранили нацисты за отказ от сотрудничества вместе с ними. Миф о том, что он стоял у истоков Туркестанского легиона, который начал формироваться спустя год после его смерти, не выдерживает никакой критики» [7].

Мы целиком согласны с точкой зрения В.А. Германова, ибо М. Чокай не мог принимать непосредственного участия в создании Туркестанского легиона, ввиду того, что его не было в живых. Ведь «Туркестанский легион» был создан после его смерти.

Туркестанский легион был сформирован в июне 1942 года. Иногда называются другие месяцы. Но эти разночтения связаны с тем, что формирование различных батальонов происходило в различные месяцы с июня по сентябрь, например, как 7-ой батальон, имевший номер 785.5-ый, был сформирован в июне 1942 в городе Ромны (Польша), 6-ой батальон под номером 784 был собран в июле 1942 года в местечке Легионове под Варшавой. Существует представление, что в легион все вступали добровольно. Но как показывает анализ, некоторые действительно вступили в легион, спасаясь от голода, а некоторых просто заставили записаться в отряд. Так попал, например, в легион Айткеш Толганбаев. Основными центрами формирования национальных антисоветских легионов являлись специальные лагеря – казармы при станциях Легионово и Едлин в Польше. Были также и другие центры. Легионерам на форму пришивали эмблему с изображением мавзолея Ходжа Ахмеда Яссауи и надписью «С нами Аллах!». В легионе все пленные в соответствии с их национальным происхождением распределялись по частям. Здесь, кроме батальонов «Туркестанского батальона», формировались армянский, азербайджанский, грузинский, украинский и даже арабский легион, составленный из пленных, захваченных в Африке. Огромное число легионеров из русского населения составили две армии – Русскую Освободительную армию (РОА) под руководством генерала армии Власова и армию под командованием генерала Каминского. Были также и другие полки, состоящие из казаков.

После прибытия в центры подготовки будущим легионерам выдавалось нормированное питание, специальная форма и проводилась военно-тактическая подготовка. Им платили даже по 45 золотых и больше в месяц, а по увольнительным выпускали в город. (Кстати, до сих пор историками

страны не изучено положение «хиви»). «Хиви» – так по-немецки сокращенно называли советских солдат, помогавших немецкой армии). «Хиви» не были пленными в полном смысле, а больше походили на вольнонаемных. Оставшиеся в окружении или обессиленные советские солдаты сами приходили в немецкие части и за питание и проживание помогали немецким солдатам рыть окопы, блиндажи. Эти «хиви» при частях находились месяцами, но исчезали при наступлении советских частей, так как красноармейцы обходились с ними очень жестоко. Численность «хиви» не установлена, но их число было велико; некоторые считают, что их было около миллиона. Частично о «хиви» пишет в своих воспоминаниях немецкий офицер, побывавший в советском плену ВигандВюстер («Кровавый кошмар вермахта».М, 2010). Он приводит множество фотографий этих «хиви».

С пленными, которые зачислялись в легионы, проводились беседы и лекции, где подчеркивалось, что СССР будет распущен, восстановится религия, колхозов не будет, и каждый сможет получить землю для ведения хозяйства.

Для легионеров выпускался журнал «Милли Туркестан» и журнал на русском языке «Клич». Командовали батальонами немецкие офицеры – Мадельбайер, Хайс, Мармадер и другие. В каждом батальоне было около 300 солдат. Перед отправкой на фронт легионеры принимали присягу, причем все общественные мероприятия проходили с участием мулл. Агитаторы постоянно подчеркивали, что Германия поможет народам Туркестана. Одним словом, идеологическая обработка умов проводилась постоянно. И все же, статус солдата легиона был гораздо ниже статуса солдата немецкой армии.

Летом и осенью 1942 года батальоны «Туркестанского легиона» были отправлены на фронт и прибыли на станцию «Кабардинскую» и «Асфальтовую». Судя по названиям, они находились недалеко от Кубани и Дона. Как сообщали позже сами легионеры, по пути следования на фронт «настроенные в пользу перехода на сторону Красной Армии активизировались, а по прибытии в район фронта начали выливаться в форму конкретной подготовки и существования индивидуальных и групповых переходов на сторону Красной Армии». Начиная с Ростова-на-Дону из батальона стали убегать одиночные солдаты и небольшие группы. В роли организаторов перехода выступили Байжанов и Бектасов. Немецкая сторона, информированная своей агентурой, пыталась запугать их расстрелами и репрессиями, которые наверняка постигнут легионеров и их семьи, в случае их перехода на сторону Красной Армии. Настроение солдат «Туркестанского легиона» было очень сложным. Часть из них, верно, служила немецкой стороне. Командование таких людей постоянно поощряло. Другие сильно боялись карательных акций советских властей и выжидали удобного момента. Немало людей при первой возможности переходили на сторону Красной Армии. Как сообщал Нургалиев, «На Украине из поезда сбежало 10 человек, а на Кубани, когда шли пешком из Белореченской – 7. В Асфальтовой и по дороге на передовые убежало 13 человек. Утром 22 декабря, еще до нашего перехода, сбежал один стрелок. 23 декабря вечером Бектасов и Байжанов собрали всех своих людей из тех, кого можно было быстро собрать. В эту ночь нам на смену должны были придти немцы, уже пришли их связисты. ... Байжанов и Бектасов ушли раньше, взяв с собой 29 человек». При переходе на сторону Красной Армии случались и трагедии. Офицеры НКВД приводят случаи, когда некоторые отказывались уходить, их расстреливали на месте. Возможно, этим убитым были некто Ахметов или Сыздыков». Немцы, увидев перебежчиков, открывали обстрелы, во время которых были убиты ряд легионеров. Некоторые перебежчики были задержаны специально выставленными немецкими постами и были задержаны, часть расстреляна на месте или осуждена к длительному тюремному заключению.

В ночь на 18 сентября 1943 года солдаты и офицеры 389 батальона «подняли восстание» (так в тексте), уничтожили имевшихся немцев и полностью перешли на сторону частей Красной Армии. Инициаторами организованного перехода были командир I-ой роты Атаханов Абдулла. Командир батальона майор Вальтер был убит перешедшими легионерами. Практически в каждом батальоне были случаи перехода легионеров на сторону Красной Армии. Отдельная группа под руководством Агаева уроженца Гурьевской (Атырауской) области была заброшена в Западный Казахстан для ведения диверсионной работы. Но вскоре она была окружена и уничтожена особистами НКВД. Общая численность солдат «Туркестанского легиона» составляет около 100 000 человек. Но эти цифры требуют уточнения. Видя ненадежность солдат легиона, немецкое командование отозвало их с фронта и отправило для борьбы с партизанами Италии и Югославии. Их дальнейший путь исследован в трудах Бахыт Садыковой, дипломатического работника в посольстве Казахстана во Франции.

Таким образом, следует особо подчеркнуть роль и место в Отечественной истории своего народа мега звезды той сложной и противоречивой эпохи М.Шокая. Безусловно, он, находясь среди

своих сородичей оказавшихся в немецком плену, руководствовался благими намерениями. Находясь в эмиграции М.Шокай, тесно сотрудничал с российскими эмигрантами, писал статьи, очерки, монографии, где были отражены наиболее важные и актуальные проблемы истории казахского народа. Его многогранная научная деятельность будет исследоваться, и изучаться молодыми и перспективными исследователями и вскоре ими будут опубликованы немало интересных работ и статей, где будет отражено в реальности тот сложный и противоречивый период, о котором не раз писал М.Шокай.

#### **Использованные источники и литературы**

1. В.А.Германов Историки Туркестана в условиях политического террора 20-30-х годов. Ташкент, 2000. С.29.
2. А.Алимжанов Дороги людей –дорога человека. Вспоминая Мустафу Чокай-оглы // Дружба народов 1992. №2. С. 199.
3. В.А.Германов Историки Туркестана в условиях политического террора 20-30-х годов. Ташкент, 2000. С.30.
4. С.Тилеукулов, А.А.Голованов, Ш.Оразымбетов Туркестан на историческом повороте 1917 – 1920 гг. Ташкент, 2002. С. 92.
5. А.Исмаилов М.Шокай: годы жизни в Ташкенте и Петербурге // В книге Алибека С.Н. Из истории родного края. Алматы, 2011. С. 122.
6. Н.Верг История советского государства. Москва, 2000. С. 34.
7. В.А.Германов Историки Туркестана в условиях политического террора 20-30-х годов. Ташкент, 2000. С.31.

## V-СЕКЦИЯ

### САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН КЕЗЕҢІНДЕГІ МИГРАЦИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР: ЖАППАЙ АУА КӨШУ ЖӘНЕ ДЕПОРТАЦИЯ

Пазилов Ержан Джаркинбаевич

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент, Қазақстан.

#### 1916-1930 жж. ТҮРЛІ НӘУБЕТТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ БОСҚЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ

Отандық тарих ғылымында ХХ ғасырдың 20-30 шы жылдарындағы босқыншылық мәселесі соңғы жылдарға дейін жіті зерттелмеген «ақтандақты» тақырыптардың бірі болып келді. Босқыншылық нәубетінің демографиялық салдарлары, ауа көшу барысындағы жалпы халықтың шығыны, көшіп барған шет елдердегі қазақтардың күнделікті өмірі т.б. мәселелер әлі күнге дейін басы ашық күйінде қалып отыр. Соңғы кездеріелімізде осынау нәубетті кезеңнің себеп-салдарлары мен ауқымына терең үңіліп, шынайы бағалау үрдісі қарқын алды. Оған 2020 жылдың 24 қарашасында ҚР Президенті Қ. Тоқаевтің «саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» арнайы Жарлығы тың серпін берді. Осыған байланысты Қазақстанда республикалық және аймақтық жұмысшы топтары құрылып, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Қазіргі таңда әлемдік тарих ғылымында макротарихтың астарындағы «кішкентай адамдардың» өміріне бас мән беріле бастағаны байқалады. Зерттеушілер әлеуметтік тарихқа, оның жаңа бағыттарының бірі болып табылатын күнделікті өмір тарихына бет бұрып, зерттеу нысанына қарапайым адамның күнделікті өмірін, яғни оның тарихи үдерістердің әртүрлі факторларының әсерін қалай қабылдағанын және оларға қайтарған жауабын талдауға назар аудара бастады. Осы ретте отандық зерттеушілер тарихты қорытудағы жаңа методологиялық бағыттардың бірі ретінде күнделікті өмір тарихын – қоғам және адам өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алған кезеңдерін (ашаршылық, депортация, босқыншылық, саяси қуғын-сүргін) зерттеуге тиімділігі жоғары екендігін алға тартады.

Оңтүстік өңір – ХХ ғасырдың алғашқы жартысында орын алған түрлі саяси-шаруашылық науқандар мен аштық кезінде ауа көшу жаппай орын алған, сондай-ақ Қазақстанның басқа өңірлерінен босып келген халықтар Орта Азия елдеріне өткен транзитті аймақ болды. Жалпы оңтүстік халқы босқыншылық нәубетін бірнеше рет басынан кешірді. Оның алғашқысы – 1916-1921 жылдардың аралығында болды. Бүкіл Қазақстанды қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің зұлматты жалыны Оңтүстік өңірді де айналып өте қоймағаны архив деректерінен белгілі. Тарихта осы өңірде патша үкіметінің тыл жұмыстарына алу жөніндегі маусым жарлығына қарсы Орта Азиядағы ең ірі, «қанды» көтерілістер – Жетісу көтерілісі, Жызақ көтерілісі орын алды. Мәселен, жәй ғана аудандық деңгейдегі баскөтеруден патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы «ашық соғысқа» айналып үлгерген Жызақ көтерілісін басу үшін құрамында 6 зеңбірекпен қаруланған 13 рота, 3 казак жүздігі, 1 рота саперлік әскерилері бар тұтас армия күші жұмылдырылды. Көтерілісшілерді арнайы жазалау операциясын Түркістан генерал-губернаторы А. Куропаткиннің өзі тікелей жүргізді. Жызақ уезіне қарасты көшпелі қазақтар мекендейтін Атақорған, Қызылқұм, Қорғантөбе, Шардара, Пістелітау, Көктөбе сынды 6-болыстың тұтастай халқы жазалаушы отряд қырғынынан бас сауғалап аман қалу үшін Бұқар хандығының иелігіне қарай үдере босуға мәжбүр болды. Көшуге мүмкіндігі болмай, жұртта қалып қойған халық жаппай ашаршылыққа ұрынды. Оның басты себептерінің бірі – жергілікті халыққа көтеріліске қатысқаны үшін «жаза» ретінде деп, контрибуция (*соғыс шығыны*) төлеуге міндеттеуі еді. Әр болыс халқының жылдық контрибуция шығынының көлемі – 200 мың сомды құрады [1].

Аталмыш соғыс шығыны патша өкіметін тақтан тайдырып, төңкерістің нәтижесінде билік басына келген большевиктер тұсында да жойыла қоймады. 1919 жылдың тамыз-қазан айларының аралығында халықтың жағдайын өз көзімен көру үшін Түркістан өлкелік Ұлт істері Комиссариатының арнайы өкілі Балапанов көшпелі қазақтар мекендейтін осы 6-болысты аралайды. Оның Түркістан өлкелік Ұлт істері Комиссариаты басшыларының атына 1919 жылдың 23-қазан күні жазған 16-беттік баяндау хатында төмендегідей мәліметтер келтіреді [2]:

1. Көктөбе және Пістелітау болыстарында 1918-1919 жылдар аралығында көшпей қалып қойған 3000 шаңырақ қазақтардың 1400 шаңырағы (*әр шаңырақта орташа 6-7 адам*) аштықтан қырылып қалған. Көпшілігі тамақ іздеп жан-жаққа босып кеткен. Аталмыш болыс шегінде қазіргі таңда 300

киіз үйлі қазақтар ғана көшіп-қонып жүр. Ашыққан халық «құмаршық» жеп күнелтіп жүр. Қыс мезгіліне қажетті азық-түлік қоры жоқ, киімдері шұрқ тесік, жұпыны.

**Кесте 1**—1933 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына Орта Азия республикаларынан қайта көшіп келген қожалықтар саны

Жоғарыдағы кесте мәліметтеріне сүйенсек, 1933 жылдан бастап, саяси-шаруашылық 2.

№	Аудандар	1933 ж. қожалықтың жалпы саны	1933 ж. қайта көшіп келген қожалық саны	Жалпы қожалыққа шаққанда көшіп келген қожалық үлесі %
<b>Көшпелі және жартылай көшпелі аудандар</b>				
1	Қазалы	4460	4157	93,2
2	Қармақшы	4132	1038	25,1
3	Қарсақпай	3500	751	21,4
4	Қызылқұм	2260	1549	68,5
5	Тереңөзек	2501	1267	50,6
6	Созақ	3132	999	31,9
7	Қызылорда	3615	1798	49,7
8	Талас	3783	1879	49,6
9	Сарысу	2276	1909	83,8
10	Шаян	2756	845	30,6
	<b>Барлығы</b>	<b>32 415</b>	<b>16192</b>	<b>50</b>
<b>Отырықшы-егіншілік аудандар</b>				
11	Арыс	9100	1394	15,3
12	Әулиеата	8302	1842	22,1
13	Бостандық	5394	759	14
14	Жуалы	6184	1653	26,7
15	Қаратас	5879	2172	37
16	Келес	6053	1794	29,6
17	Ленгір	7100	801	11,2
18	Мерке	6700	1445	21,5
19	Сайрам	4100	852	20,7
20	Түркістан	17300	540	3,1
21	Жаңақорған	3227	1970	61
22	Мақтарал	4600	270	5,8
	<b>Облыс бойынша барлығы</b>	<b>111754</b>	<b>30963</b>	<b>27,7</b>

Атақорған, Қызылқұм, Қорғантөбе болыстары қазақтары да ашаршылықтан қатты зардап шегіп отыр. Мәселен, Атақорған болысындағы 1500 шаңырағы бар көшпелі халықтың 900 отбасы мүшелері түгел қырылып қалған. Болыс аумағында осы күнде 200 киіз үйлі қазақтар көшіп-қонып жүр. Қызылқұм болысындағы 1200 үйлі қазақтардан 500 шаңырақ адамдары аштықтан түгел қаза тапқан. Қазіргі күнде 400 отбасы ғана қалған. Олардың өзі аш-жалаңаш.

3. Жызақ уезі исполкомының мүшесі Есалы Оразбаевпен бірге Шардара болысы халқының жағдайын зерттеген Балапанов, 2000 үйлі көшпелі қазақтың 1000 шаңырағының отбасы мүшелері аштықтан түгел опат болған. Қазіргі күнде көшіп кетуге шамасы жоқ 500 үйлі қазақтар құмаршық жеп, Сырдария өзені жағалауында қауын егіп күн көруде. Қыс айына қамданбаған. Сонымен қатар, Бетпақ дала (*Голодная степь*) уездік коммунарлар бастығы Қосбармақовтың айтуынша, оған қазан айының ортасында Шардара болысының бір топ қазақтары арызданып келген. Арызданушылардың көрсетуінше, Жызақ исполкомы Шардара болысы қазақтарына 200 мың сом контрибуция салық салып, оны көшпелі қазақтардан мәжбүрлі түрде өндіріп алуға кіріскен. Басқа болыстарға да осындай көлемде соғыс шығынын төлеуді талап еткен.

Баяндамашы Балапанов, өз хатының соңында ашаршылықтың салдарынан 1916-1919 жылдар аралығында Жызақ уезіне қарасты 6-болыс қазақтарының 2/3 бөлігі қырылып қалғанын айта келе, халықтың бір бөлігін аштықтан аман сақтап үшін совет үкіметіне бірқатар шараларды жедел қолға алу қажет деп ой түйіндейді. Атап айтқанда, соғыс шығынын өндіріп алуды дереу тоқтатып, ашаршылықтың ең өткір кезеңдері – қыс және көктем мезгілдерінде азық-түлік түрінде көмек беруді ұсынады. Сондай-ақ, көшпелі қазақтардың егін шаруашылығымен айналысуы үшін қажетті тұқыммен, күш-көлікпен қамтамасыз етіп, Сырдария өзенінен арық қазуға көмектесу қажет екенін негіздейді. Қазақ әйелдерінің арасында ерте кезден бері кең тараған, бірақ қазіргі күні тоқырап қалған тоқыма өнерін қайта жандандыру үшін қолөнер жабдықтарын таратып берудің маңызы зор екенін дәлелдеуге тырысады.

Кеңестік билік тарапынан жүргізілген түрлі саяси-шаруашылық науқандар мен зорлық-зомбылық саясатының салдарынан (көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру және ұжымдастыру, ет-астық дайындау, бай қожалықтарды тәркілеу, жаппай қуғын-сүргін) Оңтүстік өңір халқының жаппай ауа көшуінің келесі кезеңі – 1930-1933 жылдарға сәйкес келеді. Мәселен, 1933 жылы 29-наурызында БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің бірінші хатшысы Л. Мирзоянның И. Сталиннің атына жолдаған құпия хатында жаппай ауа көшу жайлаған аймақтар қатарында Оңтүстік Қазақстан бірінші аталып өтіледі. Аталмыш құпия хаттың мәліметтеріне сүйенсек, тек 1931-1933 жылдары ғана Қазақстаннан 160 мың шаруа қожалығы (шамамен 800 мың адам) көшіп кеткен[3]. Халықтың жаппай ауа көшуі орын алған аймақтар қатарына Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қарағанды облысының оңтүстік бөлігін, Ақтөбе облысының шығыс және оңтүстік аудандарын, Батыс Қазақстанның бірнеше аудандарын жатқызады. Әсіресе, босқыншылықтан қатты зардап шеккен аудандар ретінде Созақ, Жаңақорған, Әулиеата, Талдықорған, Мерке, Талас, Шу, Қордай, Іле, Қаратал, Жітіқара т.б. аудандары деп көрсетеді. Құпия хатта Қазақстаннан ауа көшіп кетумен қатар, көрші республикалар аумағынан тұрақ таппай өзінің тұрғылықты атамекеніне қайта келіп жатқан халық нөпірінің көп екенін де жазады. 1933 жылғы наурыз айындағы мәлімет бойынша Қазақстанға қайта оралған халық саны – 90 мың шаруашылық, немесе 500 мың адам деп көрсетеді. Орта Азия республикаларының аумағына кезінде мал-мүлкімен көшіп кеткен халық, қайтқан кезінде мал-мүліксіз, аш-жалаңаш күйде оралып жатқандықтан, Орталықтан көмек ретінде 6 млн. сом қаржы бөлуді сұранады. Бұл қаржы күніне адам басына 250 грамм нан бөлу мөлшерінде босқын халықты аштықтан құтқаруға, медициналық көмек көрсетуге жұмсалатынын жазады. Сонымен қатар, аштықтан титықтап амалы қалмаған халық еш болмаса өз ұрпағын аман сақтап қалуды көздеп, жас балаларын станцияларға, қалалар мен аудан орталықтарына тастап жатқаны айтылады. Ата-анасы тастап кеткен балалардың тек 57 мыңы ғана арнайы мекемелерге орналастырылғанын, сол себепті орталықтан балалар үйіне қабылданушылардың лимитін көбейтуді сұрайды. Л. Мирзоян құпия хаттың соңында Қазақстанда орын алған ауыр жағдайдың бір шешімі ретінде, мал-мүлкінен түгел айырылған аш-жалаңаш халықты Қазақстанға қайта келуіне тосқауыл қойып, оларды көрші республикалар аумағында тұрақтап қалуын қамтамасыз етуі үшін тиісті іс-шараларды жүргізуін өтінеді.

Оңтүстік Қазақстаннан жаппай үдере босқан халық көшінің негізгі бағыты Қытай және Орта Азия республикаларының (Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан аумағы болғаны белгілі. Ашаршылықтан бас сауғалап, аман қалуды көздеген халықтың жол-жөнекей қиындықтарын (қуғыншы отрядпен шайқас, азық-түлік және су тапшылығы, эпидемия т.б.) айтпағанның өзінде, көшіп барған көрші елдердің билігі де босқыншыларды қабылдауға онша құлықты болмағаны байқалады. Мәселен, осы жылдары кеңестік билік көсемдері мен мемлекеттік органдарының басшылары атына, көрші республикалар аумағына көшіп барған қазақтардың аянышты тұрмысы баяндалған хаттар толассыз ағылып жатты. Осындай хаттардың ішінде Өзбекстан аумағындағы қазақтардың ауыр тұрмысы баяндалған хат ерекше назар аударарлық. Хаттың авторы – Бұқара қаласы Гузар-Михнат №34 үйдің тұрғыны Асимов Таждаулет деген босқын қазақ ұлтының өкілі[4]. Ол Халық Комиссарлар Кеңесі Председателінің орынбасары Чубарь жолдастың атына жолдаған хатында 1931-1933 жылдары Өзбекстан, Түркменстан және Қарақалпақстан елдерінің аумағына жаппай ауа көшкен халықтың қасіретті тағдырын жазады. Оның айтуынша, осы елдердің территориясына көшіп келген қазақтардың бір бөлігі Қазақстанға қайта көшіп кеткенімен, басым бөлігі қалып қойған. Қазіргі таңда Өзбекстанда тұрып жатқан босқын халыққа шаруашылық және тұрмыстық тұрғыда тиісті жағдайлар жасалмаған: босқын қазақтар арнайы есепке алынбаған, жергілікті халықтан оқшау өмір сүріп, қарапайым тұрмыстық-мәдени мұқтаждықтарын қамтамасыз етуден мақырым қалған. Олар ашық аспан астында, ең тұрмысы жақсылары өздері қазып алған жертелелер мен үйшіктерде тұрып жатыр. Босқын қазақтардың көп бөлігі кездейсоқ еңбекпен

күнелтеді, тұрақты жұмыспен қамтылмаған. Сол себептен аш-жалаңаш қазақтар жұмыс іздеп бір ауданнан келесі аудандарға көшіп қонып жүреді. Хатта жергілікті халық босқын қазақтарды «адам жегіш» құбыжық ретінде сенімсіздікпен қарап, орайы келсе мазақтап, қорлауға дайын тұратынын жазады. Мысал ретінде бірнеше фактілерді келтіреді. Базар болатын күні қазақтардың сатуға алып келген бірлі-жарым малы қышпақ тұрғындары тарапынан тартып алынған. Малынан айырылып, шағым айтуға келген босқын қазақтарды жергілікті милиция өкілдері тыңдағысы келмей, көмектесудің орнына еш жерде тіркелмегені үшін айыппұл салған. Аудандық мекемелер жаппай мобилизациялау бойынша жергілікті органдардың қаулыларына сүйеніп, босқын қазақтардың түйелерін тартып алып, соңынан қайтармай қойған. Мұндай фактілер Кассан, Бекбуди, Каган аудандарына тіркелген. Аталмыш аудандарда мал-мүлкін тартып алып ғана қоймай, еңбек күшін мобилизация сылтауымен босқын қазақтарды еркінен тыс мәжбүрлі дала жұмыстарына (мақта теру, егін суғару, арық қазу т.б.) жеккен. Еңбекақыларын төлемеген. Кейбір аудандарда жергілікті қышпақ тұрғындары өзара сөз байласып, түн мезгілінде босқын қазақтардың ауылдарына шабуыл жасап, мал-мүліктерін зорлықпен тартып алып кеткен. Хатының соңында қарапайым адами құқықтары аяққа тапталған босқын қазақтар мұндай азаптан өздерін құтқару үшін қайта Қазақстанға көшіп баруына қолдау көрсетуін, өз беттерінше көшуге мүмкіндіктері жоқтығын айтып көмек сұрайды. Хатты автор Өзбекстанның төмендегідей аудандарында тұрып жатқан 3200 қазақ шаруашылығының атынан жазып отырғанын жеткізеді:

1. Қашқа-дария округі – 230 шаруашылық
2. Бұқара – 210 шаруашылық
3. Катта-Корган станциясы – 50 шаруашылық
4. Каган станциясы – 150 шаруашылық
5. Раметан ауданы – 200 шаруашылық
6. Опкент ауданы – 150 шаруашылық
7. Каракөл ауданы – 200 шаруашылық
8. Бауман ауданы – 150 шаруашылық
9. Термез ауданы – 150 шаруашылық
10. Кенемек ауданы – 200 шаруашылық
11. Акалабад ауданы – 60 шаруашылық
12. Байрамали ауданы (Туркменстан) – 200 шаруашылық
13. Қарақалпақ АССР – 1250 шаруашылық

Осы хатта айтылған фактілердің шынайлығын тексеру үшін арнайы комиссия құрылып, КазЦИК мүшесі Байдаулетов Өзбекстан және Қарақалпақстан территориясына іс-сапарға жіберіледі. Байдаулетов Өзбекстанның 23 ауданын аралап, жергілікті жерлердегі босқын қазақтардың тұрмыс жағдайымен танысады. Хатта баяндалған бірқатар фактілерде сәйкессіздіктер анықталғанымен, жалпы айтылған мәселелер түгелімен расталады. Байдаулетов өз баяндамасында Өзбекстанның жергілікті кеңес органдары босқын қазақтардың шамамен алғандағы санын да білмейтінін, оларға уақытша тұрғындар ретінде қарап, арнайы есепке алуды жөн деп таппағанын жазады. Бірнеше мың шаруа қожалығы мұнда 1930-1933 жылдары Қазалы, Түркістан, Жаңақорған аудандарынан көшіп келген екен. Баяндама соңында ұсыныс ретінде, Өзбекстан республикасының билігіне тез арада босқын қазақтарды арнайы есепке алып, оларды шаруашылық тұрғыдан тиімді орналастыруды (ТОЗ-ға, сельхозартельге), балаларды оқытуды, медициналық көмекпен, баспанамен, жұмыспен қамтуды жедел қолға алу қажеттігін негіздейді. Сонымен қатар мүмкіндігінше, босқын қазақтарды өздерінің тұрғылықты атамекендеріне қайтару мәселесін ұсынады.

1930-1933 жылдар аралығында құрамына қазіргі Қызылорда мен Жамбыл облысының көптеген аудандары енген Оңтүстік Қазақстаннан және ішкі және сыртқы босып кету үдерістерін қоса алғанда 120 387 қожалық ауа көшуге мәжбүр болған. 1930 жылмен салыстырғанда 1933 жылы шаруа қожалықтарының саны 64%, халық саны 62,6% азайып кеткен[5].

Архив деректеріндегі қарастырылып отырған мәселені жекелеген аудандары бойынша талдасақ, ОҚО отырықшы-егіншілік аудандарымен (Сайрам, Әулиеата, Қаратас, Арыс т.б.) салыстырғанда, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда (Қызылқұм, Созақ, Тереңөзек т.б.) халықтың ауа көшуі жаппай сипат алғанын байқаймыз. Сонымен бірге, Оңтүстік өңірмен көршілес Орта Азия республикаларына халықтың мәжбүрлі жаппай ауа көшуі стихиялы түрде болмағанын, оның ұйымдасқан формада жүргенін, жетекшілері бар екендігіне көз жеткіземіз. Ал халықтың үдере көшуіне басшылық жасағандардың әлеуметтік құрамына келсек, олардың арасынан 3 әлеуметтік топ өкілдері – ұлт зиялылары, байлар, молда-ишандар ерекше көзге түседі.

Зерттеліп отырған мәселенің мән-жайын жете түсіну үшін, Оңтүстік Қазақстан облысында 1930-1933 жылдардың аралығында мал басы саны көрсеткіштеріне де назар аудару өте маңызды. Осы тұрғыда, ОҚО 1930 жылы барлық мал басы саны – 6 680 637 (100%) болса, 1931 жылы – 2 161 865 (32,3%), 1932 жылы – 949 201 (14,2%), 1933 жылы небәрі – 736 050 (11,1%) мал басы ғана қалған[6]. Сонда мал басы санының өсімін есептемегеннің өзінде ОҚО 1930 жылмен салыстырғанда 1933 жылы мал басы саны 89% азайып кеткенін, 6 млн. 680 мың малдан 736 мың ғана қалғанын байқаймыз.

науқандар барысында өрескел асыра сілтеушіліктердің орын алғанын түсінген үкіметтік органдар жағдайды түзеу үшін жедел шараларды қолға алғанын байқаймыз. Өйткені, 1933 жылы аштық пен ауа көшу салдарынан Оңтүстік Қазақстанда мақта, қызылша, астық шаруашылығында жұмыс күшінің жетіспеушілігі орын алып, мемлекеттік жоспарды орындау көрсеткіштері күрт төмендеп кетті. Сондықтан үкіметтік деңгейде аймақтан ауа көшуге мәжбүр болған халықты өздерінің бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтару жөнінде шешім қабылданды. Осының нәтижесінде Оңтүстік өңірден көшіп кеткен қожалықтардың басым бөлігі өздерінің тұрғылықты мекендеріне қайта орала бастады.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. 122-қор, 1-тізімдеме. 39-іс.
2. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. 122-қор, 1-тізімдеме.49-іс
3. Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві. Р-5446-қор. 14а-тізімдеме. 13-іс.
4. Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві. Р-5446-қор. 48а-тізімдеме. 2012-іс.
5. Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві. Р-5446-қор. 14а-тізімдеме. 409-іс.
6. Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві. Р-6759-қор. 3-тізімдеме. 98-іс.

**Мамраймов С.Д., Мамраймова А.Е.**

ОҚМПУ Шымкент, Қазақстан.

«Intellect» физика-математикалық мектеп-лицейі. Шымкент, Қазақстан.

### **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА КҮШТЕП КӨШІРЛГЕН ХАЛЫҚТАР**

Кеңестік тарихтың қасіретті беттерінің бірі – саяси қуғын-сүргіннің құрбандары большевиктердің белсенді саяси қарсыластары, олардың саясатымен келіспейтіндігін білдірген адамдар ғана емес, сонымен бірге тұтас халықтар болды. Сонымен, 1936-1937 жж. КСРО шекара белдеуін «тазалау» үшін Украина КСР-ден поляк және неміс отбасыларын, Қиыр Шығыстан этникалық корейлер шығарылды. 1939-1941 жылдары поляктар, немістер сондай-ақ, «контрреволюциялық және ұлтшыл элемент» отбасыларының мүшелері деп табылғандар Батыс Украина мен Батыс Беларусь аумағынан жер аударылды.

1941 жылы 14 мамырда БКП (б) ОК және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Балтық елдері, Батыс Украина, Батыс Беларусь және Молдова республикаларынан «ұлтшыл элемент» өкілдерін (оның ішінде бұрынғы жандармдар, «контрреволюциялық ұйымдардың» мүшелері, ірі жер иелері, саудагерлер және т.б.) шығару туралы Қаулысы қабылданды, оның негізінде 1941 жылдың мамыр-маусым айларында осы аумақтардан 85 716 адам шығарылды [1].

Халықтарды депортациялау КСРО ұлттық саясатының мынадай стратегиялық мақсаттарын көздеді:

- 1) елді билеу үшін үрей тудыру;
- 2) халықтардың ішкі бірлігін ыдыратуға ұмтылу және этникалық ассимиляцияны қалыптастыру;
- 3) билеуші режимнің әскери-саяси және экономикалық қателіктері үшін жауапкершілікті қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың мойнына артуға ұмтылу;
- 4) Сібірдің, Қазақстанның және Орталық Азияның шөлейт аймақтарындағы халық санын арттыру;
- 5) Кеңес одағының бұрынғы артта қалған аудандарын өндіргіш күштермен қамтамасыз ету [2].

Орталық өкімет орындарының шешімдеріне сәйкес қоныстанушылар көшірілетін жерлерден өздерінен алғандарының орнына қысқа мерзімде шаруашылық учаскелерін, малдарын және астық алуы тиіс болды.



1944 жылы мамырда қабылданған КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында арнайы қоныстанғандардың әрбір отбасына бір бас ірі қара, орта есеппен 200 кг тірілей салмақ, ал ірі қара мал болмаған жағдайда қой, ұсақ мал беру қарастырылған. Ал ұсақ мал бір бас ірі қараға 200 кг тірілей салмақ есебінде беру керек. Алайда, арнайы қоныстанушыға сиыр немесе қой сыйға тартып, оған бірден заттай және ақшалай салық салынды. Көбінесе адамдар салық төлеу үшін сол сиырды сататын. 1945 жылы арнайы қоныстанушылар салықтан босатылды.

Арнайы қоныстанушылар колхоздарға, совхоздарға, өнеркәсіп орындарына орналастырылды. Бір адамға 3 м<sup>2</sup> тұрғын үй алаңының белгіленген нормалары сақталмаған. Арнайы қоныстанушыларға жеке құрылыс салу үшін жер телімдері берілді, олардың біразына шаруашылық ұйымдары үй салып берді [3]. Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, жер аударылғандардың жағдайы қиын күйінде қалды, тұрмыс жағдайы өте нашар болды, азық-түлік жеткіліксіз, киім-кешек пен аяқ киім жоқ, медициналық көмек нашар көрсетілді.

Ұлы отан соғысы жылдары Түркістан облысының 17 ауданына 17884 отбасы, 70301 адам: шешен-ингуш, қарашайлар, хабардин-балқарлар, немістер және Грузиядан келген арнайы қоныстанушылар қоныстанды.

Қарашайлар 1943 жылы қарашада, шешен-ингуштар 1944 жылы наурызда, хабардин-балқарлар 1944 жылы маусымда, немістер 1941 жылы, Грузиядан арнайы қоныс аударушылар 1944 жылы желтоқсанда келді.

Мәселен, 1946 жылдың 10 шілдесіне дейін 16946 отбасы – 57780 адам тіркелген.

Соның ішінде:

Солтүстік Кавказдан:

1. Шешен-ингуш - 5258 отбасы, 22837 адам

2. Қарашайлар - 5973 отбасы, 24434 адам

3. Балқарлар - 727 отбасы, 2610 адам

4. Кабардиндер - 255 отбасы, 910 адам

Барлығы: 12228 отбасы, 50782 адам

Грузия КСР-нен

1. Түркі-әзірбайжандар 2230 отбасы, 10258 адам

Барлығы: 14508 отбасы, 61040 адам [4].

Түркістан облысына 1941-1946 жылдар аралығында колхоздардың бос үйлеріне, шаруашылық мекемелері мен ұйымдарының жаңадан салынған үйлеріне тұрақты пайдалануға 3772 отбасы қоныс аударылды, колхоздарға қоныстанған 7251 шаруа қожалықтарының 6538-і барлығы колхозға мүшелікке тіркелді. Ауыл шаруашылығы артелінің жарғысына сәйкес жеке учаскелер алды.

Арнайы қоныстанғандардың жалпы санынан 7251 отбасы колхоздарға, 2820 отбасы совхоздарға, 2036 отбасы кәсіпорындарға, 302 отбасы мекемелер мен ұйымдарға қоныстанып, жұмысқа орналастырылды.

Солтүстік Кавказ бен Грузияның арнайы қоныстанушыларына 39 029 центнер немесе 58 671 бас ірі қара мал, оның ішінде қоғамдық малды толықтыру үшін 9234 центнер арнайы қоныстанушыларды қабылдаған колхоздарға берілді.

Медициналық көмек көрсету арнайы қоныстанушыларға басқа жұмысшылар, қызметкерлер, колхозшылармен бір деңгейде көрсетілді.

Анықталған панасыз және қараусыз қалған арнайы қоныстанушылардың балаларынан 983 адам балалар үйіне орналастырылды [4, ф.40, опись 9, іс 67, 10 бет].

Қазақ байларын тәркілеу туралы Декрет 1928 жылдың 27 тамызында қабылданды. Декрет бойынша тәркілеу науқаны 20 қыркүйекте басталып, 1 қарашада аяқталуға тиіс болды. Бұл заң сол жылдың қыркүйек және қараша айларында зорлық-зомбылықпен жүзеге асырылды. Сонымен ірі байларға көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300 бастан жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Отырықшы аудандарда мұндай меже 150 бастан жоғары қарай болды. Алайда ауқатты шаруалардың көпшілігінде мұндай көлемде мал басының болмауына байланысты, бірнеше туыстас қожалықтар бір шаруашылық ретінде күшпен біріктіріліп, тәркіленді. Қазақстан үкіметінің ресми дерегі бойынша, осы науқан барысында 696 шаруашылық тәркіленген. Шын мәнінде, кәмпескеленген шаруашылықтар сандары мыңнан асып кетті [1, 102 б.].

Кәмпескенің алдында Қазақ Елінің мал саны шамамен қырық миллионнан асқан болатын. Ал аштықтан кейін не бары төрт миллионнан асар-аспас мал басы қалды. Алдымен өзгенің дүние мүлкін заң шығарып оны тәркілеу қаншалықты дұрыс?! Жылдар бойы маңдай терімен тапқан дәулетін тартып алып оны басқаларға береміз деу ар тұрғысынан болсын, заң жағынан болсын қылмыс болып саналады. Яғни, кеңес өкіметі қылмыскерлердің құрған мемлекеті болды. Сол жасаған қылмысты жуып-шаюдың бірден-бір жолы жасаған істерін ерлікке бағалау еді. Жарлы жанға қазақ қоғамында байлары мал табуына тиым салмаған еді. Тіпті біздің елдің дәстүрлі қоғамында бай-кедей болып бөлініп, әрқайсысы жеке ауыл болып отыру үрдісі де кездесе қоймайтын. Жатақтардың пайда болуына алдымен Патшалық Ресейдің отарлау саясатының әсерлері болса, әлеуметтік жағдайдың тым төмендеуінен азды-көпті батырақтар пайда болды. Батырақтар дегеніміз – әлеуметтің жағдайы тым нашар адамдарды айтқан. Басында баспанасының жоқтығынан бөлек өзін күні өзі көруге дәрменнің аз жандар еді. Қазақ Елінің ертеден келе жатқан кәсібі мал шаруашылығы болса, онда ол үшін кең жайылым қажет болды. Жайылымдар отарлық елдің озбырлығының салдарынан тарыла бастауы қоғамда жатақ, байғұс, батырақ сияқты әлеуметтік төмен топтардың пайда болуына алып келді. Қазақ АССР-і Халық комиссарлар кеңесінің 1928 жыл 3 тамыздағы қаулысына сәйкес Қазақстанның жекелеген округтерінен мал-мүлкі тәркіленгендерді орналастыру төмендегідей тәртіппен жүзеге асырылды:

1. Жетісу мен Сырдария округтерінен Орал округіне
2. Орал округінен - Жетісу округіне
3. Гурьев округінен - Петропавл округіне
4. Қарқаралы округінен - Қостанай округіне
5. Семей округінен - Сырдария округіне
6. Павлодар округінен - Ақтөбе округіне
7. Петропавл округінен - Ақтөбе округіне
8. Қызылорда округінен - Адаев округіне
9. Ақмола округінен - Гурьев округіне
10. Ақтөбе округінен - Қарқаралы округіне
11. Қостанай округінен - Семей округіне [2].

Сонымен, Семей уезінде 9 ауданда, атап айтқанда: Бесқарағай, Жарма, Аягөз, Ұлан, Қызыл-Таң, Шыңғыс, Күршім, Тарбағатай, Қызыл-Тас аудандарында 49 тәркілеу комиссиясы жұмыс жасап, ауылдардың өзінде осы мақсатқа 800 -ден астам адам жұмылдырылды. Соған қарамастан, бай шаруашылықтарын жою өте қиын болды, кедей көшпенділердің кейбірі байларды иеліктен шығару саясатына наразы болды. Кедейлердің кейбірі тәркіленгендерді қолдады, кейбірі қарсы болды.

Семей округінен Сырдария округіне жер аударылғандарға байланысты құжаттар (өтініштер, актілер, қаулылар және т.б.) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатында сақтаулы. Сақталған құжаттардан Аягөз ауданынан Қосан Қуанышұлы, Ұйпалақ Шынқожаұлы [4], Берікбол

Малдыбайұлы Қызылтас ауданынан, Әлиасқар Тырайысұлы [5], Жарма ауданынан Имангелді Шәкірұлы [6], Дүйсебай Тұсамысұлы, Жақсыбай Нұржанұлы, Рабиға Нұғыман келіні, Мұхамеди Асубайұлы, Сымайыл Нұрлыбайұлдары [7] сынды байлар деп кәмпескеге ұшырап, жер аударылғандардың әулеті, отбасы, балалары және олардың ауыр тұрмыс тіршілігі туралы мағлұматтар алуға болады.

Сонымен қатар, Ресей Федерациясы мемлекеттік архив қорларында сақталған құжаттарда Семей облысынан жер аударылғандардың қиын өмірі және оларды байлар қатарына қосу кезінде құйтырқы мақсаттар болғандығы туралы мәліметтер кездеседі. Мәселен, «ҚазОАК және Қаз ХКК-нің 27/8 1928 жылғы кәмпескелеу туралы декреті негізінде Сырдария округіне жер аударылған 18 азаматтың шағымы туралы баяндамада 1) 17 жастағы Қылышбаевты 80 жастағы әкесін Семейде қалдырып жер аударған; 2) Тұрағұл Ибрагимовтің мүлкін кәмпескелеу барысында арнайы түрде оның мүлкі Зубайр Ибрагимовтың мүлкімен бірге есептелген. 3. Ибрагимов патшалық кезеңнің өзінде бөлек өмір сүрген; 3) Шемғожин Ұйпалақтың мал санын арттырып көрсету үшін Батима атты жесір әйелдің малымен қосып есептеген. Ал, ол әйел күйеуі бар қызының қолында тұрған» [8, 11 п.]. Архив құжатындағы осы мәліметті қазақтың ұлы ақыны Абайдың ұлы, қоғам қайраткері, ақын, Алаш Орда үкіметінің белсенді мүшесі Тұрағұл Ибрагимовтың есімі кездеседі. Бұл жердегі Зубайр Ибрагимов - Тұрағұлдың ұлы. Ол шынымен де, әкесінің отауынан бөлек тұрғандығы туралы ауызекі мәліметтер бар. Аталған құжатта «Малдыбаев Берікбол және Ибрагимов Тұрағұл үкіметтің алғашқы жасаған тізімінде болмаған. Жер аударылатын, кәмпескеленетін тізімге жергілікті органдардың қосымша тізімімен енгізілген» деген мәлімет кездеседі [8, 11 п.]. Сонымен қатар, ұлы ақын ұрпағы Тұрағұлды «рулық қарсылық көрсеткені үшін айыпталады» [9, 49 п.]. деген мәлімет тағы бір архив құжаттарында жазылған. Сондықтан, Тұрағұл Ибрагимовты Семей өңірінен Оңтүстік Қазақстанға жер аудару арнайы мақсатта тапсырыспен орындалды деп тұжырымдауға болады. Бұл Абай ұрпақтарын арнайы құрту үшін жасалған болатын.

Семей округінен жер аударылғандардың дені Сырдария округінің көшпелі, жартылай малшаруашылығымен айналысатын Шаян, Қараспан, Созақ, Келес, Талас, Шу, Сарысу аудандарына, ішінара Әулие Ата ауданына жіберілді. Ең алдымен, жер аударылып келгендердің жергілікті климатқа бейімделуі өте қиын жағдайда өтті. Бұл туралы Семей округінен Сырдария округіне жер аударылғандарға қатысты архив құжаттарынан анық көруге болады. Сырдария округі Аткамының әкімшілік бөлімінің бастығына Семей округі Аягөз ауданынан жер ауған Қосан Қуанышұлынан «...Шаян ауданын іс жүзінде қарастыра келгенде біз сықылды денсаулығы кем һәм суық тәрбиесінде өсіп-өнген адам баласына тура келмейтін табиғат жаратылыс жағдайына бірнеше себептері болғандықтан, ол ауданға баруға көңіліміз соқпай, тиісті себептерін айта келіп, алдыңызға қағаз бетінде де һәм ауызша да мұңымызды шағып, арызымызды ұсынамын. Өзіміздің туып-өскен жеріміз Семей аймағы Аягөз ауданы қысы суық, жазы шамалы жылы болушы еді.

...Шаян ауданының ауа райы өте ыстық, жаратылыс жағдайы қысы-жазы ұдайы көшпенді жұрт болғандықтан, бұл көшпенділік реті көршілес Созақ, Шу һәм Сарысу аудандарымен іргелес, аралас отыруы дәлел» [10], - деп жазылған өтініштен анық байқауға болады.

Сондай-ақ, жер аударылғандардың тұрмысы мен күн көрісі де төмен болды. Жер аударылған семейліктер өздерімен бірге ешқандай да бір құрал-сайман, қаражат ала келмегендігін де айтуымыз керек. Бұл туралы Семей округі Қызылтас ауданынан жер ауып келген Әлиасқар Тырайысұлының «Бұрынғы тұрмысым Семей округі Қызылтас ауданы шала көшпелі, қысы суық, жазы шамалы жылы болушы еді. Негізгі кәсібім малшылық болды. Маған ұйғарып отырған Қараспан ауданы тұрмыс жағдайымызға үйлеспейтінін көрсетемін. Бірінші, Қараспан ауданы өте ыстық, салқын-суығы жоқ.

Екінші, ыстық жерде шаруа өркендетіп өмір сүрмек түгіл салқын жерде күнелтіп жүрген денсаулығымыздың нашарлығынан ыстық ауада біржола денсаулықтан айырылатын көрінеміз. Соншалық ыстығы қиын ауданда қаражаты жоқ, қолғанаты жоқ нашар адам не нәрсемен егін салып, шаруа көркейте алады.

Үшінші, халқының көбі көшпелі ел. Көшкенде елменен ілесіп жүруге қаражатымыз жоқ, басымызда үйіміз жоқ. Және қолөнерге кәсіп қылып жан сақтауға күнделік қызмет табылатын үлкен қаласы жоқ» [11], - деп, жазған өтінішіндегі сөздерден жалпы жер аударылған көпшілік байлардың тұрмыс жағдайының өте төмен болғандығын және ашаршылық алдындағы жанайқайы екендігі көрінеді.

1928 жылы тәркілеу науқанымен басталған аласапыран 1933 жылдарға дейін жалғасты. Осы жылдары қудалауға түскен байлардың тағдыры туралы әлі де жабық қорлардағы материалдарда қандай құнды деректер жатқандығы зерттеушілерге беймәлім екендігі анық. Сонымен қатар, кәмпескенің тарихы тарих ғылымы тұрғысынан ғана емес, заңтану, психология, экономика,

әлеуметтану ғылымдары зерттеу әдістемесі, одан қалды болмыс тұрғысынан да қарастырылуы тиіс. Сонда осынау болған нәубәттің мәні толық ашқан болар едік. Сөйтіп, күшпен ұжымдастыру арқылы отарлаушылар қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылықтың дәстүрлі мәдениетін күйретті. Осындағы жаппай ұжымдастыру науқанымен қатар, халықты отырықшыландыру бірге жүргізілді. Отырықшыландыру барысында қазақтың ауылдық-рулық тұрмыстық жүйесінің ерекшеліктері ескерілмей, көшпелі немесе жартылай көшпелі қоғамды отырықшылыққа күштеу саясаты қазақ этносының өмір сүру қабілетін ондырмай бұзды. Соның зардабын әлі тартып отырмыз.

#### **Пайдаланылған деректе мен әдебиеттер**

- 1 Оразов. Р.Е. Жетісу: қазақ байларын тәркілеудің барысы мен салдары // Отан тарихы, - 2015. № 1. 100-117 б.,
- 2 ОҚМА: Ф.74, оп. 1, д. 297, л. 2.)
- 3 Краткий отчет о работе Семипалатинского губисполкома-окрисполкома за 1927—1928 операционный год. — Семипалатинск, 1928. — С. 21, 22, 23.
- 4 ОҚ МА. 74 қор, 1 тіз., 173 іс, 152 п.
- 5 ОҚ МА. 74 қор, 1 тізбе, 173 іс, 158 п.
- 6 ОҚ МА. 74 қор, 1 тіз., 173 іс, 163 п.
- 7 ОҚ МА. 74 қор, 1 тіз., 173 іс, 164 п.
- 8 РФ МА. Р1235-қор, 65-тізім, 165-іс, 11 п.
- 9 РФ МА. Р1235-қор, 123-тізім, 360-іс, 49 п.
- 10 ОҚ МА. 74 қор, 1 тіз., 173 іс, 155 п..
- 11 ОҚ МА. 74 қор, 1 тізбе, 173 іс, 158 п.

#### **Отарбаева Динара Кенесовна**

ОҚМПУ, Тарих мамандығының магистранты. Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

#### **ҚУҒЫН-СҮРГІН КЕЗЕҢІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қуғын-сүргін кезеңіндегі Қазақстанда ұлт мәселесінің «сталиндік ұлт саясаты» арқылы жүзеге асуы Қазақстан тарих ғылымында идеологиялық, саяси, мәдени, экономикалық салаларының теориялық даму мәселелері арқылы көрініс тапты.

Осы кезеңде социалистік мәдени революцияның «занды нәтижесі ретінде» «ұлттық интеллигенцияның» құрылғандығы белгілі. Буржуазиялық-ұлтшылдар мен кеңестік интеллигенцияның шын мәнісіндегі негізгі айырмашылығын айтпай оқырман санасында тек «жақсылық», «даму» болған сияқты көрсетуге тырысты. Алайда, өкінішке орай үлкен айырмашылық бар болатын. Ол, негізінен, «ұлттық идеологияның», «ұлттық сананың» қалыптасуына тікелей қатысты болатын. Ал саясаттан, өмірден, мәдениеттен, ... шет қалған қазақ халқының «қоғамдық сана-сезімі» бұл жүйелерсіз сөз болып отырған қазақ ұлтына ешбір көмек бере алмасы түсінікті болатын, ХХ ғасырдың 20- рево- 30 жылдарындағы ұлттық идеологияның басында тұруға көзқарас алаш «ұлтшылдары» саяси өмірден шеттетілген болатын.

Жаңадан құрылған «ұлттық интеллигенция», Вығын А. Байтұрсынов айтқандай, «қуыршақ мемлекет» интеллигенциясы болатын, бұл интеллигенцияның қоғамдағы қызметі, мақсаты, міндеттері алаш ұлтаматтарына қарағанда тіптен басқаша болатын. Біріншіден, ескі ұлтжанды азаматтарды (интеллигенттерді, интеллигенцияны) түбірімен алмастыру қажет болды, себебі қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпын, салтын, қоғамдық қатынасын қайта құруға, («қиратуға» деп түсіну керек) бағытталған большевиктер саясатына олар қарсы болды; екіншіден, кеңестік билікке мал шаруашылығына негізделген көшпелі мәдениеттің ажырамас бөлігі «көшпелі мал шаруашылығын» (жалпы, казак мал шаруашылығымен еуропалық түсінікте айналысқан жоқ болатын, көшпеліліктің өзі малға «қараған», казак -рқы- еркіндікте болатын...) жою үшін, индустрияландыруды жүргізу үшін міндетті түрде және «ұлттық интеллигенция» қажет болатын. Оны А.П. Кучкин «бай-жартылай феодалдардың» малын конфискелеу, «жартыжылдық феодализмнің қалдықтарын жою мәселесі неге ерте де емес кеш те емес тура 1928 қойылды»-деп сұрай отырып, оған өзі жауап береді.

Біріншіден, бұл әрекетті ауыл еңбегінің өз қолымен жүргізу керек еді, ал олардың саясисанасы осы кезеңде ғана «осы дәрежеге жетті...» [1] дейді. Екіншіден, ауыл бұқарасын өз соңынан ерте алатын жергілікті қазақ кадрларының өскенін «күту керек еді». Ал үшіншіден, КСРО-дағы индустрияландыру Қазақ республикасының өндірістік күштерінің жоғары дәрежеде дамуы қажет. Төртіншіден, байлардың кейбір ауылда саяси билікте болып отыруына ендігі жерде шыдау

мүмкін емес еді, өйткені ауылды социалистік жолға түсіру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қажет болатын, ал байлар үстемдігі сақталып тұрған жағдайда оның барлығы да «іске аспақ емес» [2] Осылайша, 1920-1950 жылдары тұрғындарды күштеп көшіру — сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бір бөлігіне айналды. Жалпы КСРО-да саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі депортацияға ұшырағандардың саны 1920 жылдан 1949 жылға дейін 3,2 млн адам басына жетті. КСРО-да ең көп орын алған жаппай қуғын-сүргіндік көші-қондардың төмендегідей түрлері қолданылды:

- этностың белгілері бойынша депортация «жазаланған халықтар», «шекараларды тазалау», «сенімсіз халықтар».

- әлеуметтік-таптық белгілері бойынша депортация 1934 жылға дейінгі кулақтарды жер аудару кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы) деп атады.

- Саяси идеология негізіндегі 1934-1944 жылдары көшірілгендерді «еңбек қоныстарындағылар» деп атады. 1944 жылдан бастап «арнайы қонысаударылғандар» деген атау қолданылды.

Жоғарыда аталған күштеп жүргізілген депортациялардың ішінде уақыты жағынан большевиктік әлеуметтік-таптық геноцид бірінші болып жүзеге асырылды. Кубань казактарының, зиялылар қауымы, діни жолдағылар алғашқы большевиктік тәжірибенің құрбанына айналды. Одан кейін кулақтар мен байларды тап ретінде жою басталды. Оларды үш топқа бөлді. Солардың ішінен екінші топқа жататындарды КСРО-ның алыс аудандарына қоныс аудару көзделді. Жоспарлы түрде сталиндік күшпен алып келіп қоныстандырудың мұндай көлемі этностардың гендік қорына нұқсан келтірді, миллиондаған қарапайым халықтар ұжымдастыру жылдарында аштан қырылды. Жаппай ату жазаларына ұшырады және жазалау қапастарына қамалды.

Қазақ жеріндегі байларды тәркілеу барысында шамамен 5500 отбасы сыртқа көшірілсе, Қазақстанға Орта және Төменгі Еділ жағы, Орталық қаратопырақты және Ресей облыстары, Солтүстік Кавказ жерінен 1932-1933 жылдары мыңдаған адамдар жер аударылды. Қазақстан «Сібір айдауы» сөзінің синониміне айналды. Осылайша халықтарды күштеп көшіру 1945 жылға дейінгі уақытта басталып, әр түрлі әлеуметтік топтар мен сословиелерді, этностық топтарды КСРО-ның орталық аудандарынан 20—30-жылдары Қазақ жері, Орал, Орталық Азия өңірлері, Сібір жері, Қиыр Шығысқа жаппай көшіріп-қондыру қызу жүргізіліп жатты.

Кулак деп аталған миллиондаған таңдаулы қарапайым шаруалардың көзін құртқан этнодемографиялық жағдай халықтарға зор зиянын тигізді. Қазақстанда ұжымдастыру кезінде жер аударылған кулақтардан тұратын арнайы көшірілгендердің 100-ге тарта қоныстары болды. Олар арнайы комендатураларда тізімде тұрды. ГУЛАГ лагерь қызметі жүйесіне күшпен тартылып, көмір отын өндіру, металл өндірісі, темір жолдарымен электростанциялар, Ішкі істер Халық Комиссариаты құрылыс нысандарында, мақта өсіру, қызылша егу, қант өндіру шаруашылықтарында және т.б. қара жұмыс күші ретінде пайдаланылды.

Арнайы күштеп жер аударылғандардың азаматтық құқығы сақталды, қоныстанған аумақтық аудан көлемінде жүріп-тұруына ғана құқық берілді. Бірақ қоныстанған жерінен кетуге шарасы болмады. Олардың тұрмыстық-шаруашылық мәселелерін шешу НКВД-ның, ГУЛАГ басшыларына жүктелді.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының ортасында жаппай саяси қуғын-сүргіннің тереңдеуіне сол кездегі әкімшіл-әміршіл саясат және оңшыл оппортунистермен тартысы түрткі болды. Орталықтағы болып жатқан бұл жағдайлар ұлт республикасында, өңірлерде тұрғындарды жаппай саяси қудалауға жол ашып берді. Осы шарамен мұнда да «халық жаулары» — «ұлтшыл-фашистер» деп жазалау қолдан ұйымдастырылды. Елде сталиндік жаппай қуғын-сүргіннің кең етек алуына жол берілді.

Қуғын-сүргін кезеңіндегі "халық жауларын" анықтау саясаты салдарынан Қазақ жерінде 100 мың адам сотталған, оның 25 мыңы ең жоғары жазалау шарасы - ату жазасына кесілген.

Миллиондаған қазақстандық 1932-33 жылдары ашаршылық құрбаны болған. Республика аумағында ГУЛАГ құрылымының ең ірі лагерлері - АЛЖИР, Степлаг, Карлаг болған. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан лагерлеріне 5 миллионнан аса адам жер аударылған. Кейбір мәліметтер бойынша, тұрғындардың жалпы саны бұл саннан едәуір көп.

Қуғын-сүргін кезеңінде Қазақстан миллиондаған кеңес азаматы үшін депортация аймағы болған. 1937 жылғы күзде республикаға жүздеген мың кәріс, түрік, иран, күрд, әзербайжан секілді ұлттар қоныс аударған. Сондай-ақ, соғысы жылдарында елге немістер, гректер, шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, қырым татарлары және басқа да халықтар жер аударылған. Олардың саны - шамамен 1 миллион 200 мың.

1920-жылдары қазақ халқының негізгі кәсібі және республикадағы халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып, көшіп-қонып жүрген еді. Сондықтан, осы ғасырдың 20-30 -



жылдары большевиктердің күшпен жүргізген аграрлық саясаты ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи дамуына кедергі жасады. Ф.И.Голощекиннің қазақ халқының көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, ортағасырлық, мәдениетсіз социалистік құрылыспен үйлеспейтін сала ретінде сипаттап, оны түбірімен өзгертіп, «социалистік» қайта құру бағытын ұстанды. Бұл қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсерін тигізіп, халықтың әлеуметтік жағдайына зиянын тигізетіні ескерілмеді.

Жаңа экономикалық саясаттан ауытқу, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудағы жіберілген өрескел қателер мен асыра сілтеулер қазақ ауылына қатты әсерін тигізді, аштық тудырды, өлкенің жергілікті тұғындарының көші-қондық жағдайларын күшейтті.

40 жылдан аса уақытта қазақтар азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932–33 жылдардағы аштық, 1937–38 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады. Осы аштық, қуғын сүргін салдарынан қазақтар — 22 пайызға, украиндықтар — 21 пайызға кеміген. Бұл екі халық Кеңес өкіметінде ең көп шығынға ұшыраған ел болып есептеледі.

Қазақ халқының үдере көшу көлемі туралы қазақтың белгілі бірегей ұлы тұлғасы Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге, В. Молотовқа жазған (1933 ж. 9 наурыз) хатында: «Қонысын тастап, Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен-жайларынан келіп түскен, шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда: қазір Орта Еділде – 40 мың, Қырғызстанда –100 мың, Батыс Сібірде — 50 мың, Қарақалпақстанда — 20 мың, Орта Азияда – 30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар қалмақ жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды... Бұл қазақтардың көші қоны емес, басы ауған жаққа кетуі», – деген дерек келтіреді.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларды толық күйреткен 1928 жылдың 27 тамызындағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декреті қазақ даласына ерекше қасірет әкелді. Бұл қаулы ауыл шаруашылығындағы қуғындау зұлматының басы болды[3].

Өлкелік комитеттің II пленумындағы баяндамасында Ф.И.Голощекин: «Қазақтардың ұлттық сана сезімі өсіп келе жатқанын», ал мұның «жетекшісі - байлар» екенін айта келіп «Қазақ халқының кедейленуі мен қайыршылануынан кеңес өкіметіне келер пәлендей қауіп жоқ» деген тұжырым жасады. Сөйтіп, аталған қаулы бойынша республикада 700 шаруашылықты тәркілеу керек болды. Ресми құжаттар бойынша, Қазақстан аумағында 696 қазақ байларының қожалықтары тәркіленіп, оның ішінде 619 қожалық иелері өзінің тұрған мекенінен басқа жаққа жер аударылуға тура келді. Олардан 144474 мың бас мал тартылып алынып, колхоз, совхоздарға бөлініп берілген [4].

Бір-бірімен сабақтаса жүргізілген тәркілеу, ет және астық өнімдерін дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаттары дәстүрлі мал шаруашылығын толығымен күйретті. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан күн-көрісі болып келген көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген мал шаруашылығының ерекшеліктерін ескермеу, оған зиян келтіру қазақ халқының аштыққа ұшырап, қырылуына тікелей әсер етті. Ел басына түскен небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш ұжымдастыру зардаптарынан болған аштық пен босқыншылықтың бәрінен асып түскені белгілі. Орталықтың күштеу саясатының салдарынан жасанды ашаршылық туындап, халқымыз бұрын-соңды болып көрмеген демографиялық зұлматқа-геноцидке ұшырады. Үш жылға созылған ашаршылықта республикада сол кездері қазақ жұртының тең жартысына жуығы қырылып, 15 пайызы Қазақстаннан тысқары аймақтарға біржолата оралмастардан көшіп кетуілеріне әкеп соқты.Аталған қаулы бойынша, тәркілеуге ұшырағандарға олар ауып келген өңірден жер таңдап алуға рұқсат етілген еді. Бірақ өкіметтің бұл «рақымшылығы» орындалмады. Республикалық Орталық Атқару Комитетінде, округтердің жер шаруашылықтарына түскен арыз-шағымдарының мазмұнына қарағанда, тәркіленгендердің басына төнген қайғы-олар шеккен қасіреттің бір ұшы ғана еді. Қазақстанның бір шетінен екінші шетіне жер аударылған отбасылардың жол бойында шеккен азабының өзі тарихымыздың ақтандақ беттерінің тағы бір тарауын құрайды [5].

Яғни, республиканың өз ішіндегі қазақтардың көші-қондық жағдайларына тоқталайық. Демек, қуғын-сүргін кезеңге дейін көштің ағылуы елеулі сипатта жүрсе, бұдан бұлайғы уақытта қазақ халқының ішкі сыртқы көші-қон тасқыны ұдайы өсіп отырды.

Тәркілеу науқанының қарсаңында республиканың өз ішіндегі көші-қон мәселесінде Жетісу мен Сырдариядан Орал округіне, Гурьевтен Петропавлге, Семейден Сыр бойына, Павлодардан Ақтөбе аймағына, Қызылорда өңірінен Адай округіне, Ақмоладан Гурьевке, Ақтөбеден Қарқаралыға,

Қостаннайдан Семей округіне жер аудару туралы 1928 жылы 30 тамыздағы қаулысы шыққан еді. Осы ерсілі-қарсылы шұбырындыда талай қазақ (әсіресе бала-шаға) қырылды.

Тәркіленгендерден Қызылорда жақтан Адай округіне 47 бай (үй-ішімен 325 адам), Ақмола округінен Гурьевке 15 бай (үй-ішімен 69 адам) жер аударылып келген. Көп адамға туған жердің топырағы да бұйырмады. Ресми деректерге жүгінсек, тек жеке отбасы жер аударылған сияқты болып көрсетіледі. Ал шындығында, тәркіленген байлардың бала-шағасы ғана емес, туыстары да айдауға, немесе қудалауға ұшырады. Осылайша, қазақ халқының басына төнген, 1928 жылдан басталған еріксіз көші-қон ісі ұжымдастыру дәуірінде өзінің шырқау шегіне жетті.

1929 жылы қараша айында Орталықтың нұсқауымен Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы қазақ шаруаларын жоспарлы түрде отырықшылыққа көшіру жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Шұғыл түрде 1930 жылдың қаңтарында республика Халық Комиссарлар Кеңесінің жанынан отырықшыландыру комитеті құрылды. Бұл комитетке отырықшылыққа көшетін аудандар мен халық санын анықтау, отырықшылыққа ауысқан қожалықтар арасында егіншіліктің дамуына және ұйымдастыру негізінде мал шаруашылығын интенсификациялауға көмектесу міндеттері жүктелді.

Қазақстаннан сыртқы көші-қон қозғалысының өршуі, ата мекенді тастап ауа көшуі қуғын-сүргін кезеңінде басталды. Мысалы, Батыс Қазақстанда қоныс аударушылық 1927-1928 жылдары үдей түсті. Қыр жайлап, көшіп-қонып жүрген адай, табын тайпаларының отбасылары кеңес өкіметінің құрығынан және жұт салдарынан құтылмақ болып Қарақалпақ, Түркмен жеріне көшіп барды. Сол кезде үдере көшкен адайлардың екі мың отбасын оңтүстік Қазақстанға (Мақтаралға) күшпен қоныстырған.

1928-1929 жылдары Маңғыстаудан басқа республикаларға көшіп кеткендер туралы мәлімет сақталған. Мәліметтерге жүгінсек 16 ауылдағы 158 үйдің 47-і бір түнде көшсе, 7 ауылда 300 үйдің 291-і, 4 ауылдан 182 үй, 13 ауылдан 341, 12 және 14 ауылдардан 500-дей үй көшіп кеткен. Мұрағаттарда сақталған мәліметтер бойынша Маңғыстаудың ауылдық кеңесінен 1928-1929 жылдары 1390 отбасы көшіп кеткендігін айғақтайды. Жалғыз Маңғыстау емес, ауа көшушілік бүкіл республика бойынша жаппай сипат ала бастады.

Осыған байланысты Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесі 1931 жылы наурызда «Қазақстан жерінен ауа көшумен күрес туралы» қаулы қабылдап, көршілес республикалардың үкімет басшыларына жедел хаттар жолдады. 1931 жылдың 7 ай ішінде Қаржы комиссариатының мәліметінде Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Орал, Сібір, Қытайға және Еділ бойына 213 мың қазақтардың жер ауа көшкендігі айтылады [6].

Қазақстандағы қиыншылық жағдайлардан өз ішіндегі көші-қон жағдайларының күшейе түсуінің қазақ халқына әкелген ауыртпашылығы өз алдына, үкімет тарапынан жүргізілген қуғындау салдарынан және аштықтан қорыққан қазақтар республикадан тысқары жерлерге, Қазақстанмен көршілес республикаларға және одақтас мемлекеттерге, арғысы шетелдерге жаппай көше бастады. 1931-1933 жылдарда болған қызыл қырғыннан барлық шығын-3 миллион адам және қызылтабан босқыншылығынан барша халықтың 1900 мыңы шетке қарай біржола үдере көшкен. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281280 шаруа қожалығы көшіп кетті, олардың елеулі бөлігі Қытай, Иран, Ауғанстанның жеріне ауып барды. Ашаршылық жылдары республика шегінен тыс жерлерге барлығы 1030 мың адам көшті, олардың 616 мыңы біржолата кетті де, 414 мыңы кейіннен Қазақстандағы жағдай түзеле бастаған уақыттарда елге қайтып келді. Олардың ішінде 200 мыңға жуығы Қытайға, Ауғанстанға, Иран мен Түркияға өтіп кетті [7].

Қазақстанның өз ішіндегі көші-қон жағдайларының салдарынан халық құрамының өзгергендігі және жергілікті қазақ халқының үлес салмағы жағынан азшылыққа айналғаны тарихи демографиялық жағынан ғылыми деректер негізінде айқындала түсті. Ал енді республикадан тыс сыртқы көші-қонға байланысты көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттер арқылы шетелдерге ауған қазақтар жайында ғалымдар әртүрлі пікірлер айтып, деректік мәліметтер келтіруде.

Көптеген қазақтардың іргелес республикаларға ауып кеткендігін халық санақтарының мәліметтері де дәлелдейді. Егер, 1926 жылғы санақ бойынша басқа республикаларда 314 мың қазақ тұрған болса, ал 1939 жылы олардың саны 794 мыңға жеткен еді. Енді, 1926-1939 жылдары аралығында жер ауып барғандар (имигранттар) есебінен қазақтар РСФСР-да -2,3 есе, Өзбекстанда -1,7 есе, Түркіменстанда -6 есе, Тәжікстанда -7 есе, Қырғызстанда -10 есе артқан.

Ашаршылыққа ұшыраған аудандарға көмек беру жұмысы әуелден дұрыс ұйымдастырылмады. Ф.И.Голошекин қуғындау садары мен аштықтан босқын болып кеткендерді «қазақтар ежелден көшіп қонып жүруге әдеттеніп кеткен» -деп түсіндіруге тырысты. Ол мұны көшпенділердің тұрмысы қайта құрылып, өзгеріп жатыр деп дәріптеді.

Ашаршылық зардабынан республикадан тысқары жерлерге босқын болып кеткендердің қолдары жеткендері халық шаруашылығының әр түрлі мекемелеріне жалданып, Мурманск, Сібір, Қиыр Шығыс, Камчаткаға дейін барды. Әрине, мұндай мүмкіндік бола берген жоқ. Қырғызстанға босып барған 100 мыңдай адамның ішінен 1933 жылы сәуірде тек 2500 адамды ғана жұмысшы ретінде орналастыруға нұсқау берілді. Тәжікстандағы Вахш су электр станциясының құрылысына өз бетімен барғандарға жұмыс та, ақы да, азық-түлік те жоқ болып шықты. Мысалы, 1931-1932 жылдары Қырғызстанға 5470 қазақ отбасы көшіп барды. Қазақ халқы шаруашылығы есебі басқармасының жоғары ұйымдарға берген мәліметтеріне қарағанда 1930-1932 жылдары Қазақстаннан тыс жерлерде (қайтып келгендерді есептемегенде) 1,3 миллион адам көшіп кеткен. Олардың 500-616 мыңы өзге республикаларда қалып қойса, 200-205 мың дайы шетелдерде мекендеп қалғандығына байланысты деректер бар.

Егер қуғын-сүргін кезеңіндегі Бүкілодақтық санақ мәліметтеріне сүйеніп талдау жасасак, көрші одақтас республикалардан қайтпай қалған қазақтар 300 мыңнан асатыны байқалады. Яғни, қысқа мерзімде мұншама қазақ халқының жат жерге қоныс аударуы-адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қасіретті оқиға еді.

Қазақстаннан тысқары жерге кеткендердің де жағдайы мәз болмады. 1932 жылы қазақтардан Еділ бойына 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, Батыс Сібірге 50 мың, Қарақалпақстанға 20 мыңнан астам, Өзбекстан мен Тәжікстанға 45-50 мыңдай адам барған еді. Мысалы, көршілес Қырғыз республикасына барған қазақтар жөніндегі шолуда: олардың жалпы санын айту қиын, өйткені халық өз бетімен лек-легімен келуде-деп жазылған. Сол құжатта Қордай асуында Қырғыз еліне жете алмай өліп қалған көптеген адамдардың денесі көктемде қар астынан шыққаны айтылады. Сол сияқты Еділ және Сібір жаққа кеткен қазақтардан да көп адамдар аштан өліп, шығынға ұшыраған еді.

Қазақ жеріндегі ұжымдастыру арқылы қолдан жасалған 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтан қазақтардың жаппай қырылуы, бір ұлттың басына әкелген зобалаңның өте ауыр қайғы-қасіреті болса, соның салдарынан шетелдермен басқа аймақтарға көшіп кетудің кең өріс алуы, қазақ халқының өз Отанында азайып көршілес республикалар мен, Кеңес Одағының басқа республикаларында және шетелдерде тұрып, өмір сүріп жатқандығын байқатады. Нақтырақ айтқанда республикадағы ішкі немесе сыртқы көші-қонына байланысты қазақтардың өзінің Отанындағы халықтар арасындағы үлесінің азайып, ал керісінше дүние жүзі бойынша олардың санының өскендігін байқаймыз.

Бүгінгі тарихымыздағы ақтандақ тақырыптың бірі-сан мыңдаған қазақтың саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі республикадан сыртқы көші-қонға байланысты Қытай астып кетуі. Демек, 1931-1932 жылдары аштыққа ұшыраған қазақтарға өкімет тарапынан болған қысымға шыдамаған Тарбағатай өңіріндегі бір дүйем ел Қытайға өтіп кетуге әрекет жасапты. Бұл негізінен Көкпекті, Ақсуат, Аякөз, Үржар елді мекендерінің халқы болатын. Шекарада қызылдар оқ боратып, одан аман қалғандарын осы өңірді мекендеп, өмір сүруге күштейді. Яғни, Ақсуаттың құт-береке дарыған Қызылтас, Қызылкесек өңірінен жер ауған біршама жұрт шекарада тоқталып, Көкталға әкелінді. Олардың сол кездегі ұзын саны 500 отбасын құраса керек. Бұл дегеніміз 1374 адамдар болғаны көрінеді [6]. Ал енді тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбеков «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты еңбегінде ол шетелге кеткендер жайлы толық тоқталады. Соның ішінде, Қытаймен шекаралас аудандарына қысқаша сипаттама береді. 1931 жылы бұлардың жалпы саны 11 болды (бұрын 16 болды). Олар: Алакөл, Лепсі, Жәркент, Кеген, Катон-Қарағай, Зайсан, Тарбағатай, Үржар аудандар, сондай-ақ, Талдықорған және Ақсу аудандарының шекараға жақындау бір бөліктері еді. Шекаралық аудандардағы халықтың жалпы саны 1931 жылы 505,701 адам, яғни Қазақстан халқының 7,33 пайызы болды. Ал олардың әлеуметтік құрамы төмендегідей еді: жұмысшылар-25510 адам, қызметкерлер - 25318, ұжымшаршылар-228387, кедейлер мен батырақтар-101924, орташалар-79264 және кулақтар-45298 болған екен. Сонмен бірге, осы құжатта шекаралық аудандардағы халықтарының ұлттық белгілері де берілген. Яғни, 66,1 пайызы-қазақтар, 33,35 пайызы еуропалық ұлттардың өкілдері және 0,55 пайызы Орта Азия халықтары болатын, яғни шекаралық аудандардағы қазақтар саны-334.368 адамдар екендігі байқалады [8].

Қорытындылай келе айтарымыз, қоғамдағы көші-қон мәселелерін реттеп, шешу жолдары қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отырғанын көрсетеді. Саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі Қазақстанның ішкі көші-қон мәселесінде қазақтардың бір қиырдан екінші қиырға, немесе бір аймақтан екінші аймаққа көшіп-қонып жүруі олардың салтына айналса, ал кейбіреулері ауылдардан қалаларға қоныс аударып, көшіп жатты. Олар фабрика мен заводтарға жұмысқа орналасып қалалардағы өндіріс орындарының қатарындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің қатарын толықтырды. Ал сыртқы көші-қонда Қазақстандағы кеңестендіру саясатының нәтижесі, колхоздастыру науқанында қазақ байларын тәркілеп, қуғындау мәселелерінің өріс алуы,

жәнеұжымдастырудың салдарынан келген ашаршылық апатының қайғы-қасіреттеріне шыдай алмаған қазақтар көршілес республикалар мен одақтас мемлекеттерге, одан арғысы шетелдерге қоныс аударып, көшіп кеттіуінің нәтижесінен қазақ халқы өз отанында аз ұлтқа айналса, алдын ала ойластырылған, сол кездегі жымысқы саясатқа байланысты олардың орнына көршілес елдерден республикамызға орыстар мен басқа да ұлт өкілдерінің қоныс ауып келуініңтолқынынан Қазақстан индустриясының дамып, жаңа қалалардың пайда болып, ескі қалалардың жаңаруына, ауыл шаруашылығы мен мәдениетіне тигізген игі әсерін айта кеткен жөн. Демек, саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі қазақ халқының көші-қон мәселелеріне байланысты тарихының демографиялық ақтаңдақ кезеңдерін ғылыми тұрғыдан зерделеу, бұрмаланған тұстарын демографиялық бағытпен жаңадан зерттеп жазу, жаңаша тарихи демографиялық көзқарастарды қалыптастыру, бұл дегеніміз бүгінгі күн талабынан алып қарағандағы қазақ халқының зерттеу аралығын қамтитын көші-қон мәселелерін тарихи демографиялық тұрғысынан ашып көрсету болып саналары анық.

Республика мен аймақтардың әлеуметтік-демографиялық жағдайына әсер ететін факторлардың бірі халықтың көші-қоны болып табылады. 1992 жылы Қазақстанда көші-қон процестерін реттеу мен бақылаудың күрделі мәселелерін шешу, бұл процеске ғылыми негіздеме беру мақсатында «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [10]. Онда азаматтардың көші-қонға құқығы бар, яғни республикада тұрғылықты жерін белгілеу, басқа елге көшу немесе қайтадан көшіп келу құқығы бар. Дегенмен, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі қазақ халқының ішкі және сыртқы көші-қон мәселесіндегі тарихи сипаты осындай болғанымен, осы күндері қазақ көші-қон мәселелерінің тарихындағы осынау кеңестендіру дәуірінің ақтаңдақ беттері тарихи тұрғыдан зерттелініп, талай тарихи деректердің мәні ашылуда. Қазақ халқының көші-қон мәселелерінің тарихын түбегейлі зерттеу халқымыздың өткен жолындағы кеңестендіру жылдарыныңжағдайларын білу ғана емес, алдағы уақытта оны әлеуметтік жағынан зерттеуге де негіз болуда. Қазақтардың көші-қон мәселелерін тарихи жағынан қарастыруда, кезінде кеңестендіру кезеңінің зерттеу аралығын қамтыған Қазақстандағықиыншылықтарға байланысты республикамыздан көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттерге және шетелдерге қоныс аударып кеткен қазақ қандастарымыздың өздері болмаса да, ұрпақтары бірлі жарым болса да, өз Отанымызға қайтып оралуда. Яғни, көш қонды болған сайын, егеменді еліміз, тәуелсіз Қазақстанның туу желбіреп, шаңырағы биіктей бермек.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Ш.Бұлғауов.Қазақ тарихы.2008ж.57б.
- 3.Систематическое собрание законов КазАССР действующих на 1 января 1930 г. Алма-Ата, 1930. -70-71с.
- 4.Қозыбаев М. Қ., Алдажұманов Қ. С., Әбілқожин Ж. Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы, 1992. -7 б.
- 5.ҚР ОММ. 135-қор, 1-тізбе, 12-іс, 66 п.
- 6.Р ОММ. 229-қор, 3-тізбе, 196-іс, 111-113 п.п.
7. Тәтімов. М. Цифрлар шежіресі. -Алматы, 1968. -79-81 б.
8. Саябаев М. Көкталдағы құлыптас құпиясы // Семей таңы. 1998 жыл. 8 шілде, 4 б
9. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.-Алматы: Санат, 1997.-274-275б.
10. «Әлеуметтану» еларалық ғылыми-сараптамалық журналы.№1(2), бет-54. Типография «ТОО Эксим-про-К»,2010

**Найманбаев Б. Р.**

**ҚР ҰҒА-ның профессоры, т.ғ.д.**

#### **НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОГО ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 20-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА**

После событий Октября 1917 года была приостановлена работа Переселенческого Управления по изъятию казахских земель. Однако, это не означало прекращения самовольного переселенческого движения на территорию Казахстана. Несмотря на ряд законов, предусматривающих прекращение переселения на территорию республики, до окончательного землеустройстваместного, как казахского, так и русского населения, в связи со сложным положением Поволжских губерний, обострившегося в результате неурожая 1921 года, ВЦИК своей Инструкцией от 28 июля 1921 года разрешил выселенцам этих губерний переселение в другие места, в том числе и в Казахстан.

Кроме того, Коллегия Наркомата земледелия РСФСР (НКЗ РСФСР) Постановлением от 3 января 1922 года при участии представителей Казсовнаркома, разрешила частичное переселение из Центральных губерний тех переселенцев, которые успели к этому времени ликвидировать свои хозяйства на местах [1].

Казахский Наркомзем (КазНКЗ) выступил против подобных решений, и 11 января 1922 года Техническая Коллегия Главного Управления Землеустройства и земельных улучшений признало, что дальнейшее переселение извне в Казахстан "грозит гибелью как пришлого, так и местного населения и в корне препятствует проведению планомерных мероприятий по землеустройству» [1, Л.6].

Результатом такого подхода стало Постановление Коллегии о воспрещении переселения извне в Казахстан. Меры, предпринятые партийно-государственными органами КССР к прекращению переселенческого движения, оказались безуспешными, так как не проводились в жизнь "благодаря сепаратистским и несогласованным выступлениям местных органов власти». Другой причиной неуспешности предпринимаемых КазНКЗ мероприятий, явилось то, что распоряжения и указания самого Наркомата носили неясный, разноречивый характер.

По Положению от 17 апреля 1924 года границы Казахстана закрывались для надобностей земледельческой колонизации до окончательного выяснения размеров земельных нужд местного населения. Несмотря на законодательное утверждение данного положения, единого подхода к проблеме колонизации Казахстана со стороны Центральных органов и местных не наблюдалось. Оживленно этот вопрос обсуждался в Госплане и НКЗ РСФСР и Казахстана. Президиум Госплана рассматривал эту проблему с позиций интересов Центра. Необходимость постановки проблемы экономико-политической колонизации и планомерной утилизации неосвоенных населением земельных богатств окраин члены Госплана РСФСР объясняли разнообразием естественно-исторических условий страны и неравномерной заселенностью различных районов. Сторонники этого подхода считали, что "...только при достаточном насыщении земледельческим элементом край может получить активный баланс... население необходимо довести до оптимальных пределов - это необходимая предпосылка для хозяйственного процветания края» [2].

Таким образом, государственные чиновники в Центре выступили активными последователями сторонников теории "земельной тесноты", пропагандировавшей русским царизмом в целях эскалации переселенческой политики. В свою очередь казахстанские местные органы выступили с совершенно противоположной интерпретацией необходимости и возможности колонизации Казахстана. В проекте тезисов, представленных Президиумом КазЦИКА на Совете Национальностей ЦИКа СССР в 1927 году, было заявлено о том, что наличный запас земель, при условии интенсивного оседания коренного населения, может оказаться даже и недостаточным. В связи с чем была выявлена необходимость создания соответствующего фонда путем мелиорации. Можно отметить, что одним из недостатков землеустроительной кампании была плохая согласованность планов и практической работы водного хозяйства и землеустроительных органов. Кстати говоря, в низовых советских и партийных органах существовала точка зрения, что полезнее направить государственные мероприятия и средства на орошение новых земель и на расширение ирригационных сетей, нежели на процесс уравнительного передела земли.

В 1927 году на Совещании водных работников был ясно осознан факт, что в условиях Казахстана большая часть земель (особенно в Южном Казахстане) не представляет ценности без обводнительных работ.

Советское законодательство, устанавливая преграды целесообразному развитию мелиорации, в свою очередь препятствовало и становлению рационального землеустройства. Как и в дореволюционный период, Центральные органы желали воспользоваться землями, уже подготовленными к сельскохозяйственной утилизации, но находящихся уже в пользовании казахского населения, в то время как местные органы доказывали необходимость увеличения земельного фонда посредством ирригационных мероприятий.

Казахский Госплан активно выступил против соображений Центра, посчитав, что колонизация в данное время не может быть положена в основу плана Казахстана на ближайшее пятилетие. КазНКЗ со своей стороны также выступил против переселенческой политики, как политики, угрожающей безболезненному устройству оседающего казахского населения. На заседании Коллегии КазНКЗ в декабре 1924 года были вновь подтверждены все состоявшиеся ранее со стороны КазНКЗ постановления о воспрещении всякого переселения на территорию Казахстана извне впредь до окончания работ по сплошному казахскому землеустройству. Наркомат не обделял вниманием при землеустройстве и русские переселенческие хозяйства. Так, говорилось о необходимости принятия мер к земельному хозяйственному устройству переселенцев извне, освоивших в Казахстане земли до 21 августа 1922 года. Они подлежали устройству за их счет на землях фактического землепользования, если эти земли были им законно предоставлены. Если же земля законно переселенцам не была предоставлена, то устройство этих переселенцев должно было производиться с учетом требований хозяйственного целесообразного дальнейшего использования государственных земель и потребностей в последних коренного населения при их землеустройстве. Переселившиеся на территорию Казахстана после 31 августа 1922 года никакому землеустройству не подлежали. Некоторые ограничительные мероприятия

земельных органов Казахстана по отношению к землеустройству русских переселенцев нельзя рассматривать как националистический подход в деле решения земельного вопроса в Казахстане. Эти мероприятия имели вынужденный характер, связанный с недостаточностью подготовленного сельскохозяйственного земельного фонда, а также с колониальным наследием в разрешении земельного вопроса коренного населения Казахстана.

В основу перспективного плана землеустройства в КССР легла мысль о том, что вариация типов хозяйств во всех районах Казахстана зависит от естественно-исторических, а также бытовых условий Казахстана. В Постановлении КазНКЗ по вопросу об утверждении Плана говорилось о том, что необходимо учесть факт недостаточности земельных норм для казахского населения для ведения прогрессивного хозяйства и в связи с этим увеличить нормы. Необходимость увеличения норм мотивировалась следующими причинами: "а) изъятием при колонизации Киргизского Края Переселенческим Управлением лучших земель, благодаря чему оставшийся фонд имеет земли в большинстве случаев худшего качества, что возможно компенсировать только увеличением норм; б) для киргиз, переходящих на оседлость или полuosедлость необходимо увеличить нормы на предмет освоения с новым образом жизни" [3].

Кроме причин экономического характера КазНКЗ учитывал и политический аспект землеустройства, связанный с вопросом о возможном переселении на территорию Казахстана и изъятии излишних земель для нужд колонизации. Так, Наркоматом проводилась линия на установление очередности землеустройства, на исключение оседлых европейских поселков из планов сплошного землеустройства.

К середине 20-х годов национальный аспект землеустройства не потерял свою актуальность. В тезисах по земельному вопросу к V Партконференции отмечалось, что "первоочередной задачей земельной политики в КССР конференция считает урегулирование поземельных отношений между различными национальными группами населения"[4].

В тезисах также отмечался факт внутреннего переселения сельского населения, вызванного кризисом экстенсивного зернового хозяйства русских земледельческих элементов и кризисом оседания казахского населения.

Таким образом, любое переселение - внутреннее или внешнее - не способствовало установлению устойчивых земельных отношений в Казахстане и рациональному землеустройству. Тот факт, что оседание казахского населения проходило очень трудно, вызвало идею о том, что коренное население не может полностью освоить всю земельную площадь, имеющуюся в его распоряжении. Вывод был сделан единственный - необходимо переселение извне. Трезвые рассуждения, независимые от политических веяний, должны были привести к закономерному вопросу: возможно ли вообще оседание казахов, а также к выводу о необходимости содействия землеустраиваемому населению. ЦИК Казахстана обоснованно воспретил всякое переселение в Казахстан, а также самовольное переселение внутри ее и разработал мероприятия в отношении землеустройства уже переселившихся [5].

Большое значение в деле проведения антиколониционных земельных мероприятий в Казахстане имела 5 Партконференция. На этой конференции была проведена платформа национальной интеллигенции, по которой устанавливалась очередность, то есть первоначально землеустраивались казахи, а затем уже русские переселенцы в зависимости от срока прибытия в Казахстан. Это решение недолго имело силу закона. Также как и в 1925 году, когда ЦИК РСФСР выразил свое несогласие с декретом КазЦИКА от 11 апреля 1925 года и предложил отменить постановление по вопросу о переселениях, также и в феврале 1926 года ВЦИК постановил полностью отменить очередность землеустройства. Казахские органы пошли на определенный компромисс, который заключался в следующем: в районах сплошного землеустройства, наделение землей как казахского, так и иного населения, должно было проводиться одновременно, но за казахским населением сохранялась первоочередность в том смысле, что в данном землеустроительном участке устанавливалось в первую очередь количество земли, необходимое для казахского населения. Европейское население должно было устраиваться на излишках земли.

Таким образом, с самого начала проведения сплошного землеустройства в Казахстане Центр пытался сосредоточить в своих руках всю административную власть в решениях вопросов землеустройства и землепользования в Казахстане. В частности, в руках Центра была сосредоточена прерогатива разрешения земельных споров в Казахстане. Все дела в случае их обжалования рассматривались в порядке надзора и контроля Особой Коллегией Высшего контроля (ОКВК) по земельным спорам РСФСР в Москве, а органам Казахстана присваивалось лишь право рассмотрения кассационных жалоб на решения Губземкомиссий. Естественно, что такой метод пересмотра решений Губземкомиссий не удовлетворил существовавшие в КССР условия земельных взаимоотношений, так как незнание действительного состояния земельных отношений приводило к расхождению директив ОКВК с указаниями Казахского правительства и КазНКЗ. Дополнительно к этому с 1 октября 1926 года Особая Центральная Комиссия (ОЦК КССР) была упразднена [6]. Против этого выступили

Ж.Султанбеков, Салимгерей Каратлеуов, требовавшие предоставления ОЦК права высшего контроля.

Казахстанскими органами предпринимались меры по землеустройству русского переселенческого населения. Так, в Постановлении КазЦИК и КазСовнаркома от 11 апреля 1925 года следующие категории переселенцев были отнесены к числу закономерных землепользователей: все переселенцы, прибывшие в Казахстан до 19 февраля 1918 года (до принятия закона о социалистическом землеустройстве), прибывшие с 19 февраля 1918 года до 31 августа 1922 года (введении основного закона о трудовом землепользовании).

Кроме того, уделялось внимание и землеустройству тех переселенцев, кто занимал земли незаконно. Так, переселенцы, прибывшие в Казахстан в период с 19 февраля 1918 года по 31 августа 1922 года на самовольческих основах, должны были устраиваться после удовлетворения земельных нужд местного казахского населения при его землеустройстве.

В целом можно отметить, что в 1925-26 годах наблюдались некоторые положительные тенденции в землеустройстве казахского населения, как например, признание преобладающей роли природно-климатических факторов при устройстве населения на земле, проведение некоторых обследовательских работ по изучению казахского землепользования, научная выработка земельных норм, решение земельного вопроса в интересах коренного населения.

Однако, Центральные органы все более настойчиво стали проводить установку на переселение на окраины. В резолюции III Совещания НКЗ Союзных и Автономных Республик (1926 г.) по докладу "Положение переселенческого дела в союзном масштабе" Наркомземам предлагалось немедленно приступить к завершению работ по составлению планов переселенческих мероприятий. Проведение подобных мероприятий объяснялось необходимостью скорейшего вовлечения в хозяйственный оборот свободных земель в целях увеличения сельскохозяйственной продукции, а также разгрузки перенаселенных районов.

На III-ем Совещании признание негативного влияния самовольного переселения на ход земельных работ привело не к выводу о необходимости прекратить всякое переселение в многоземельные районы и выселения самовольцев, а к решению о необходимости усиления работ по организации планового переселения и землеустройства самовольных переселенцев. Все эти решения по-прежнему шли в разрез с решениями местных казахстанских органов. К тому же Центр усилил свои полномочия, оставляя за собой право постановлять об отводе необходимых земель государственным учреждениям и предприятиям, признаваемых имеющими общесоюзное значение, а также в переселенческий фонд и контролировать действия союзных республик по отводу таких земель.

В 1927 году наряду с усилением централизованно-административного надзора над органами землеустройства проводилась так называемая чистка земельных органов. Так, были смещены со своих постов Ж.Султанбеков, Салимгерей Каратлеуов, Алихан Букейханов, Алиаскар Алимбаев. В связи с ликвидацией Федкомзема в 1927 году стал разрабатываться вопрос о передаче его функций Совещанию Наркомземов. По всей вероятности, если не по форме, то по существу НКЗ РСФСР должен был превратиться в директивный наркомат. Ж.Султанбеков не без тревоги отмечал, что аппарат НКЗ, заполненный старыми переселенческими чиновниками, а также Переселенческий комитет не обеспечивают устойчивости того курса землеустройства, который был установлен уже в Казахстане "[7]. Имелась несогласованность подходов к вопросу о плановом переселении на территорию Казахстана Центра и местных органов. Политика Центра имела свое продолжение. Так, 5-6 июля 1927 года Пленум Всесоюзного Переселенческого Комитета (ВПК) открыл Казахстан для планового переселения.

Совет Национальностей ЦИК в своей резолюции также подтвердил свое согласие по этому вопросу с Переселенческим комитетом. В то время, когда противостояние в вопросе о переселении обострилось, самовольное переселение в Казахстан продолжалось. Центральные органы занимали попустительскую позицию в этом вопросе, практически санкционируя переселение в Казахстан. По мнению Переселенческого Комитета, внеплановое движение трудового земледельческого населения в Казахстан из перенаселенных частей Союза не может быть прекращено никакими административными мерами, так как это движение имеет глубокие экономические основания, коренящиеся, с одной стороны, в наличии неиспользованных земельных пространств Казахстана, а с другой стороны, в аграрной перенаселенности других частей Союза.

Так как с начала 1927 года в некоторых Центральных органах РСФСР и СССР (Наркомземе, Федеральном Комитете, Переселенческом Комитете) стали вновь выдвигаться вопросы об открытии переселения в Казахскую республику, а связи с этим и вопросы о пересмотре существующего Положения о землеустройстве и всей земельной политики по отношению к Казахстану, начали осуществляться первые практические мероприятия. Так, ВПК сосредоточил в своих руках прерогативу выработки земельных норм для целей землеустройства в Казахской Республике. Для разрешения этой задачи ВПК поделил Казахстан на 3

основных района - земледельческий, скотоводческо-земледельческий и чисто скотоводческий. На основе выработанных норм, основывающихся на материалах экспедиции Ф.Щербины, а также материалов бывшего Переселенческого Управления, были определены излишки, годных для земледельческого хозяйства (следовательно, и для колонизации) земель в Северном Казахстане в 38 млн. га, общей емкостью 3 млн. 600 тыс. душ переселенцев. В южном Казахстане (в Джетысу) излишняя площадь удобных земель определена в 2 млн. га. [8].

В Центральных органах, в аппарате ВКП неоднократно обсуждалась деятельность Казахского правительства, которое якобы стремилось "разбазарить" земельные фонды только в наделы казахскому населению. Кроме того, Центральные органы пытались посредством пропаганды заинтересовать Союзные Республики делать заявки на казахстанские фонды. Торогожин, хорошо знакомый с землеустроительными работами этого периода, а также с взаимоотношениями Центра и местных органов, отмечал существование совершенно нелепого заявления о необходимости изъятия колонизационного фонда независимо от устройства местного населения. Он верно подметил, что подобная политика НКЗ РСФСР и ВПК сводилась к провалу начатого землеустройства казахского населения и к изъятию из руководства казахского правительства всего землеустроительного дела на территории республики[9].

Представительство КАССР при Президиуме ВЦИК выступило с протестом против самого факта выработки ВПК земельных норм для целей землеустройства в Казахстане. Кроме того, отмечалась неправильная методика, легшая в основу этого исчисления. За основу нормирования ВПК принял данные 30-ти летней давности, не соответствовавшие современному состоянию казахского хозяйства, а следовательно, эти нормы были недостаточны.

При этом не учитывался факт, что эти районы были уже в состоянии переизбыточного заселения, что местное население ощущало недостаток земель для рационального ведения земледельческого хозяйства.

Отсутствие детального анализа форм землепользования казахского населения и типов хозяйствования, отсутствие сплошного обследования, а также уменьшение норм земельного наделения местного населения привели к обнаружению земельных фондов, как для совхозного строительства, так и для заселения и доприселений. Эти данные противоречили данным, по которым казахское население было недостаточно обеспечено землями, даже по трудовым нормам. Вместе с тем, русские селения также были перенаселены до 300%.

ВПК выдвинул положение о том, что никаких надбавок, ни в открытой, ни в скрытой форме к вычисленной норме не должно быть. Таким образом, игнорировались идеи о зависимости типов хозяйствования от природно-климатических условий. Кульминационным шагом, предпринятым Центром, стала организация в 1928 году в составе КазНКЗ Переселенческого Управления для осуществления мероприятий по заселению переселенческого фонда Казахстана.

В 1929 году на Пленуме Краевого Комитета ВКП(б) вопрос о переселении на территорию Казахстана был поднят открыто. По этому вопросу выступил Измухан Курамысов. Партийный деятель указывал на пути освоения земельных ресурсов Казахстана: 1.оседание и внутриреспубликанское переселение, 2. строительство крупных колхозов, 3. переселение извне[10]. Линия И.Курамысова в этом вопросе вполне соответствовала и взглядам секретаря Казкрайкома. Так, Ф.Голощекин в одном из своих выступлений в 1927 году поднял вопрос о переселении извне в Казахстан. Он полагал, что задерживающим фактором развития являются огромные пустующие пространства. Вместе с тем Ф.Голощекин считал необходимым решать земельный вопрос не только с точки зрения пользы Казахстану, но и СССР [11].

Субъективные устремления сторонников переселения на территорию Казахстана не фиксировали характер объективных обстоятельств, сложившихся в земельных отношениях казахского населения. Апологеты данной кампании не пытались спрогнозировать последствия осуществления их намерений. В оппозиции к И.Курамысову, Ф.Голощекину выступила национальная интеллигенция.

Несмотря на провозглашенные решения о том, что плановое переселение возможно лишь после удовлетворения интересов местного населения, в марте 1929 года было издано Постановление ЦИК и Совнаркома СССР о признании переселенческого фонда Казахстана имеющим общесоюзное значение. С 1929 года Казахстан был открыт для планового переселения. В связи с этим был утвержден новый порядок землеустройства переселенцев. Переселенцы-самовольцы, прибывшие в Казахстан до 1929 года должны были землеустроиваться на общих основаниях с местным населением, переселенцы-самовольцы, прибывшие в Казахстан после 1929 года устраивались наравне с переселившимися только на фондах общесоюзного значения за счет ВПК.



### Использованные источники и литературы

1. ЦГА РК, ф.74, оп.2, д.162, л.24 об.
2. АП РК, ф.139, оп.1, д.598, л.109 об.
3. ЦГА РК, ф.74, оп.1, д.78, л.76 об.
4. ЦГА РК, ф.938, оп.1, д.45, л.27 об.
5. ЦГА РК, ф.938, оп.1, д.52, л.60 об.
6. ЦГА РК, ф.5, оп.6, д.54, л.49 об.
7. АП РК, ф.141, оп.1, д.744, л.8. 445.
8. АП РК, ф.141, оп.1, д.744, л. 55 об.
9. АП РК, ф.141, оп.1, д.744, лл.155 об.-156.
10. АП РК, ф.141, оп.1, д.2385, л.л.2-8 об.
11. Голощекин Ф. Казахстан в полосе социалистической реконструкции. - Алма-Ата: Госиздат, 1930.- 84 с. С.22.

**Мәден А.Т.**

т.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті

### АҚТӨБЕ ӨңІРІНЕ КӘРІСТЕРДІҢ КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУ ТАРИХЫ

Ақтөбе өңіріне күштеп жер аударылған халықтардың бірі – кәрістер болды. 1937 жылы 21-тамызда КСР Одағының ХКК және БКП (б) ОК-нің 1428-326сс нөмірлі «Қиыр шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан кәріс халқын көшіру туралы» құпия қаулысы қабылданды. Сол қаулыға сәйкес «Қиыр шығыс өлкесіне жапондық шпионаждың енуінің алдын-алу мақсатында» деген желеумен Қазақстан мен Өзбекстанға кәрістер күштеп көшірілді. Қаулы бойынша бұл шараны тез арада бастап, 1938 жылдың 1-қаңтарына аяқтау жоспарланды [1, 129-130 бб.]. Нәтижесінде, 1937 жылы Қазақстан территориясына 20 530 кәріс отбасылары жер аударылды. Оларды облыстар бойынша төмендегідей етіп орналастыру көзделді: Алматы облысына – 4774 отбасы, Ақтөбе облысына – 1285, Гурьев облысына – 1322, Батыс-Қазақстан облысына – 500, Қарағанды облысына – 2255, Қызылорда облысына – 6467, Қостанай облысына – 720, Солтүстік Қазақстан облысына – 1500, Оңтүстік Қазақстан облысына – 1698 отбасы. 20 530 шаруашылықтың 3530-ын кәсіпорындар мен мекемелерде орналастыру жоспарланған. Іс-жүзінде кәсіпорындар мен мекемелерде 1938 жылдың 15-мамырына қарай 6165 шаруашылық, яғни, 2635 шаруашылыққа артық орналастырылады [2, 10-11 пп.]. Бұл дегеніміз шамамен 30 мың кәріс қалаларда орналастырылды деген сөз.

1938 жылы 17-ақпанда Ішкі істер халық комиссариатының Қоныстандыру бөлімі бастығының атына берілген кәріс қоныстанушыларын орналастыру туралы мәлімдемде Қазақстанға барлығы 20 789 кәріс отбасы немесе 98 454 адам келгендігі айтылады. Оның ішінде Ақтөбе облысына 1 744 отбасы немесе 7 666 адам, Батыс Қазақстан облысына – 1 950 отбасы немесе 9 017 адам орналастырылған [3, 63-64 бб.]. Жер аударылған кәрістерге қатысты деректерге жүгінсек батыс аймақ бойынша Гурьев облысына ең көп адам орналастырылғандығын көреміз. Қазақстан Коммунистік партиясының Гурьев округтік комитеті бюросының 1937 жылғы желтоқсан айына тиісілі қаулысына сенсек, осында 1266 кәріс отбасысы келген. Олар негізінен балық зауытына, Теңіз және Гурьев ауданының колхоздарына орналастырылды. Оның ішінде 654 адам Гурьев қаласының түрлі кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған [4, 1 п.].

Ақтөбе облысының аумағына кәрістер 1937 жылдың қазан айының бірінші жартысынан бастап келе бастады. Облыс басшылығының орталыққа жазған қызметтік хатында аталмыш уақытта бастапқы жоспарланған 700 шаруашылықтың 290-ының келіп болғандығы, қалғаны қазан айының екінші жартысында келуі қажет екендігі айтылады [5, 3 п.].

Облысқа көшірілген кәріс шаруашылықтарын бұрынғы жойылған Жармұхамед совхозына орналастыру туралы шешім шығады. Сол совхоздың негізінде 6 колхоз ұйымдастырылып, оған 205 шаруашылық орналастырылды. Оның ішінде «Бөгетсай» колхозына – 39, «ІІІ-Интернационалға» - 41, «Қызыл Октябрьге» - 39, «Шіліктісайға» - 43, «Октябрьдің 20 жылдығына» - 32, «Тұщыарыққа» - 11 отбасы бөлінді.

Осы колхоздардың колхозшыларының жеке пайдалануына 781 бас, қоғамдастырылған малға 1 636 бас мал беріледі. Оның ішінде қоғамдастыруға және жеке пайдалануға «Бөгетсай» колхозына – 634 бас, «ІІІ-Интернационалға» - 582 бас, «Тұщыарыққа» - 179 бас, «Октябрьдің 20 жылдығы» атындағы колхозға – 393 бас, «Шіліктісайға» - 333 бас, «Қызыл Октябрьге» - 296 бас мал беріледі.

Сонымен қатар, аталған кәріс шаруашылықтарына шабындық және егістік жерлер бөлініп беріледі. Алты колхозға барлығы пішендік шабындық ретінде 3983 гектар жер, егістік ретінде 60772 гектар жер бөлінді.

Сонымен Қызылорда облысынан бұрынғы көшірілген шаруашылықтарды есептегенде барлығы 535 корей шаруашылығы болды, ондағы отбасы мүшелерінің саны 2054 адамды құрады.

Қоныстанушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 250 тұрғын үйден тұратын 4 поселке құрылысын (Бөгетсай, III-Интернационал, Қызыл Октябрь, Шіліктісай) жүргізу көзделіп, онда барлығы 338 ғимарат (тұрғын үй, мектеп, монша, наубайхана, т.б.) салу жоспарланған [6,168, 170-174 пп.].

Дегенмен, бұл жоспарлардың көпшілігі жоспар күйінде қалды, толыққанды орындалмады. Құрылыс жұмыстары сапасыз жүргізілді. Тұрғын үй және мектеп құрылысына құрылыс материалдары жетіспеді, оларды жеткізетін көлік болмады. Құрылыс жұмыстарын жүргізетін жұмысшылар жетіспеді. Олар жұмысқа жауапкершілікпен қарамады. Осылайша, көшірілген кәрістердің әлеуметтік-шаруашылықтық мәселелері дер кезінде шешілмеді.

Жераударылған кәрістерді Ақтөбе облысына көшіру жұмыстары кезең-кезеңмен жүргізілді. Бірақ бұл жұмыстар әуел бастан жеткілікті деңгейде жоспарланбады және ұйымдастырылмады. Өйткені, кәріс шаруашылықтарын облыстарға бөлу ол өңірлердің шаруашылық-экономикалық жағынан нақты мүмкіндіктерін ескерусіз жүргізілді. Сондықтан кейде кәріс шаруашылықтарын бір облыстан екінші бір облысқа қайта көшіру жағдайлары орын алып отырды. Осындай себептермен Ақтөбе облысына көршілес Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарынан кәріс шаруашылықтары қосымша қоныстандырылған.

Архив деректері бойынша 1938 жылғы 3-сәуірдегі Кеңестердің Ақтөбе облыстық атқару комитеті Президиумының «Көшірілген кәріс шаруашылықтарын жөнелту және орналастыру туралы» қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысынан келген 92 кәріс шаруашылығын Жармұхамедов совхозының базасында құрылған колхоздарға орналастыру жоспарланған. Ал Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің 1938 жылғы 28-тамыздағы қаулысы бойынша Қызылорда облысының Қармақшы ауданынан 236 шаруашылықты құрайтын Сталин атындағы және «Новый Мир» колхоздарын Ақтөбе облысына көшіріп, бұрынғы Жармұхамедов совхозының территориясына орналастыру туралы шешім қабылданған [6, 45, 56 пп.]. Жалпы алғанда Ақтөбе облысына Батыс Қазақстан облысынан 197 отбасы, Қызылорда облысынан 182 кәріс отбасы қосымша қоныстандырылды [7, 97б.]. Күштеп көшірілген кәрістердің осындай облысаралық немесе бір облыстың ішіндегі көші-қоны оларды орналастыру барысында орын алып отырды. Осы кәріс ұлтына қатысты айтсақ, Ақтөбе облысында оларды бір ауданның аумағына шоғырландыру шешімі қабылданды. Депортацияланған басқа ұлт өкілдеріне қатысты мұндай саясат болмады.

Сонымен облысқа 1937 және 1938 жылдары келген 818 қоныс аударылған кәріс шаруашылықтарының 417-сі жеке қоныс аударылған колхоздарға біріктірілген, 49 шаруашылық жұмыс істеп тұрған колхоздарға қосымша қоныстандырылады және 352 шаруашылық түрлі ұйымдар мен кәсіпорындарға жұмысшы және қызметкерлер ретінде орналастырылған [8, 1 п.].

Жер аударылған кәрістердің көпшілігі оқыған, белгілі-бір мамандық иелері болатын және олар қалаларда тұруға сұранды. Мысалы, архивте сақталған осындай бір топ жер аударылған кәрістердің сол кезеңдегі Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Мирзоянға жазған арызында Ақтөбе облысына қоныстандырылған кәрістердің шамамен 55 %-ның түрлі біліктіліктегі қызметкерлер, атап айтқанда, инженер-геологтар, инженер-механиктер, есепшілер, радиотехниктер, сауда ісінің мамандары (товароведы), қаржыгерлер, медиктер және тағы басқалар екендігі, шамамен 30 %-ның оқушылар мен студенттер екендігі, яғни, жер аударылғандардың осы негізгі бөлігінің ешқашанда ауыл шаруашылығына қатысы болмағандығы, қалған 15 %-ды құрайтын қарттар, балалар және қара жұмысшылардың өзінің ешқашанда ауыл шаруашылығында жұмыс істемегендігі, қазіргі таңда бұл адамдардың колхозда жұмыссыз отырғандығы, оларды мамандықтары бойынша пайдаланудың мүмкін болмай отырғандығы жазылған [2, 2 п.]. Бірақ бұл өтініштер көп жағдайда ескерілмеді. Жоғарыда атап өткендей, орталық және жергілікті билік органдары кәрістерді ауыл шаруашылығына, бау-бақша және дәнді-дақылдар өсіруге пайдалануды көздеді. Дегенмен, оған қажетті қолайлы өңірлер таңдалып, суармалы жер берілмеді.

Жалпы кәрістерді Қазақстанға жер аударудың екі кезеңмен жүргізілгендігін атап өткен жөн. Бірінші кезең, 1937 жылдың күзінен 1938 жылдың көктеміне дейін. Бұл уақытта кәрістерді Қиыр Шығыстан алып келді және оларды бір жерге жинап, уақытша тұрақтады. Олардың уақытша тұрағы жертөлелер, қоймалар, атқоралар, шошқа қоралар, бұрынғы түрмелер, бос жатқан мешіттер және басқа осы сынды ғимараттар болды. Кәрістерге ешқандай азық-түлік берілмеді, олар жолға алып

шыққандарын ғана талғажау етті. Кәрістер үшін осы бірінші қыс өте ауыр болды, олар аштықта, аязда өмір сүрді, жаппай ауруға шалдығып, балалар, әйелдер, қарттар арасында өлім-жітім жоғары болды.

1938 жылы көктемде кәрістерді жер аударудың екінші кезеңі басталды және ол Қазақстанның ішінде жүрді. Қоныстандырудың бұл кезеңі кәрістердің 60 %-не жуығын қамтыды, ал тасымалдау қашықтығы жер жолмен 20 шақырымнан темір жол арқылы 4000 шақырымға дейін созылды. Осы уақыттан бастап олар тұрақты өмір сүретін мекендеріне бөлінді. Олардың негізгі бөлігі игерілмеген жерлерге, егіс шықпайтын, тиімділігі жоқ, яғни таратылған совхоздардың аумақтарына орналастырылды. Бұл жұмыстардың барлығы НКВД-ның қатаң бақылауымен жүзеге асырылды [1, 117,119 бб.].

Бұдан кейін кәрістердің көшіп-қонуының үшінші кезеңінің де болғандығын атап өткен жөн. 1938 жылдың қысында олардың орналастырылған жерлерден жаппай өзбетінше көшіп жатқандығы туралы ақпараттар келе бастады. Олар ешқандай жағдайы жоқ колхоздарда қол қусырып отыра алмады. Ондай колхоздарда егістікке қажет суды айтпағанда, дұрыс ауыз су болмады. 1939 жылдың күзіне қарай жағдай одан әрі ушықты. Колхозшыларға азық-түлік жетіспеді, егіннің түсімі өте төмен болды. Азық-түлік пен киім-кешектің жоқтығынан балалар мектепке барудан қалды. Осындай мазмұндағы хаттарды кәрістер жергілікті атқарушы билік органдарына толассыз жазды. Дегенмен оларды тыңдайтын құлақ болмады. Сондықтан олар Қазақстан ішінде өз тағдырларын өздері орнықтыруды бастап, қолайлы жерлерге жаппай қоныс аударды. Кейбір кәріс отбасылары Өзбекстанға қоныс аударды [1, 119 б.]. Осылайша, Қазақстанға күштеп көшіріліп әкелінген кәрістер ешкімге керек болмады. Кейін олар жоғарыда айтылғандай жан сақтау үшін бас сауғалап, өз күндерін өздері көруге мәжбүр болды.

Ең сорақысы күштеп жер аударылу арқылы бірінші рет қуғын-сүргінге ұшыраған кәрістер жаңа жерлерге келгеннен кейін НКВД органдары тарапынан 1938 жылдан бастап екінші рет қуғын-сүргінге ұшыратылды. Архив деректері көрсететіндей оның барысында «Жапония тыңшысы», «КСРО шекарасынан заңсыз өтуші», «кеңес үкіметіне қарсы...» деген жалған айыптармен кәрістер жаппай тұтқындалды. Ақтөбе облыстық полиция департаментінің архивінің деректері бойынша олар НКВД жанындағы ГПУ-дің соттық емес органдарының шешімдерімен ату жазасына кесілген. Тек қана кәрістерден тұрған «үштіктің» хаттамасына қарасақ тізімдегілердің 99 %-не ең жоғарғы жаза тағайындалғандығын көреміз. Бұл сталиндік зұлмат жылдарында бір ұлтқа қатысты этноцид саясатының жүргізілгендігін кезекті рет дәлелдейді. Ал мұндай жазадан аман қалғандары ұзақ жылдарға ЕТЛ-ге айдалды немесе еңбек жасақтарына алынды.

Мәселен, НКВД Актюбкомбинатындағы тұтқындардың 1943 жылдың алғашқы 8 айындағы ұлттық құрамы туралы мәліметте 82 кәріс ұлты өкілінің болғандығы көрсетіледі. Бұл уақытта лагерде барлығы 13472 тұтқын ұсталған.

Ал 1943 жылдың 1-қазанындағы мәлімет бойынша Актюбкомбинатта еңбекке мобилизацияланғандардың саны 2597 адамды құраса, оның 23-і кәрістер болған. Еңбекке мобилизацияланғандар Ақтөбедегі өнеркәсіптік алаңда, Дөңде, Бершүгірде, Орскіде, Чкаловта, Көлтабанда жұмыс жасады. Осы мәліметке сәйкес басқа бөлімшелер және алаңдарда тағы да 4 кәріс ұлтының өкілі жұмыс жасаған [9, 10-12 пп.].

Осылайша, кәрістер кеңестік қуғын-сүргін саясатының зардабын мольнан тартты. Бір тәуліктің ішінде күштеп жер аударылған олар жаңа жерлерге келгеннен кейін екінші мәрте қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл шаралар кеңес үкіметінің аз ұлттарды ұлттық бірегейлігінен айырып, ассимиляцияға түсіру саясатымен байланысты болатын. Нәтижесінде кәрістер ұлттық ерекшеліктерінен, тілінен, мәдениетінен, діни сенімінен айырылды. Осындай қиын жағдайда жер аударылған кәрістерге аталған нәубеттерді еңсеруге қазақ халқының да қамқорлығы ықпал еткенін атап өткен жөн.

### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. – 428 с.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚРПА), 708-қор, 1-тізбе, 69-іс.
3. Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 274 с.
4. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА), 855-қор, 1-тізбе, 36-іс.
5. АОМА. 13-қор, 5-тізбе, 591-іс.
6. АОМА. 85-қор, 1-тізбе, 1005-іс.
7. Зұлмат пен үрей: зобалаң анатомиясы. Төрт томдық. 1 том. Байдосов З.Б. – Ақтөбе: «Нобель» баспасы, 2014. – 313 б.

8. АОМА. 13-қор, 8-тізбе, 408-іс.
9. АОМА. 13-қор, 12-тізбе, 238-іс.

**Найманбаев Б.Р., Сыздықова Г.М.**

т.ғ.д., ҚР ҰҒА-ның профессоры Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан  
ф.ғ.к., доцент Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,  
Қазақстан

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНАН**

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялап, егемен елге айналуы көптеген мәселелерге, оның ішінде ұлттық тарихымызға жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Алдағы төртінші онжылдықтың міндеті - қуатты ел және кемел ұлт болу. Сонымен қатар бізге саяси және экономикалық реформалар мен сананы жаңғырту үдерісін жалғастыру, ұлттың заманауи талаптарға бейімделген жаңа бірегейлігін қалыптастыру қажетт.... Егер біз ұлт пен мемлекет ретінде өмір сүргіміз келсе, қазіргі және болашақ ұрпақ жаңа сынақтарға дайын болуы керек», - деп атап көрсеткен еді [1].

Қазіргі тарихшылардың алдында тұрған көкейкесті проблемалардың бірі 1920-1950 жылдары Кеңес мемлекеті жүргізген халықтарды депортациялау (күштеп қоныс аудару) саясаты және оның қайғылы салдары мәселесі болып табылады. Депортация саясаты И.Сталин басқарған коммунистік басшылықтың Кеңес халқына қатысты саясатында маңызды рөл атқарады.

1920-1950 жылдары тұрғындарды күштеп көшіру - сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бір бөлігіне айналды. Жалпы КСРО-да депортацияға ұшырағандардың саны 1920 жылдан 1949 жылға дейін 3,2 млн адамға жетті [2].

КСРО-да ең көп орын алған жаппай қуғын-сүргіндік көші-қондардың төмендегідей түрлері қолданылды:

-этностың белгілері бойынша депортация (*«жазаланған халықтар», «шекараларды тазалау», «сенімсіз халықтар»*).

-әлеуметтік-таптық белгілері бойынша депортация (*1934 жылға дейінгі кулақтарды жер аудару*) кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы) деп атады.

-саяси мүдде негізіндегі 1934-1944 жылдары көшірілгендерді *«еңбек қоныстарындағылар»* деп атаса, 1944 жылдан бастап *«арнайы қоныс аударылғандар»* деген атау қолданылды [3].

1920-50 жылдары депортациялау саясатының нәтижесінде Одақтың әр түкпірінен, ұлттық республикалардан жер аударылған халықтардың белгілі бір бөлігі (кәрістер, неміс, қырым татарлары, ингуштар, шешендер, қарашайлар, месхетин түріктері және т.б.) ҚазКСР аймақтарына оның ішінде Қазақстанның Оңтүстік өңірлеріне де көшірілді.

Кеңес мемлекетіндегі депортация тарихы және арнайы қоныс аударылғандардың тағдыры туралы мәселе «ГУЛАГ тарихында» жарияланған мұрағаттық құжаттар мен материалдар жинағында да көрініс тапты [4]. Қазақстанға жер аударылған халықтар ұзақ уақыт бойы НКВД-КГБ органдарының қатаң бақылауында өмір сүрді, олар арнайы командирлер тізімінде болды.

Кеңес мемлекетіндегі мәжбүрлі көші-қонның ерекшелігі оның бүкіл Одақтағы феноменальды таралуы мен ауқымында болып табылады. 1930-50 жылдары миллиондаған кеңес адамдарының мәжбүрлі қоныс аударуы демографиялық және экономикалық салдарға ие болды.

1930 жылы «кулак» деп жер аударылған шаруа отбасылары ОГПУ лагерлер Бас басқармасының (ГУЛАГ) бақылауына алынды, бұл «арнайы қоныс аударушылар» (спеспереселенес) деп аталды. 1933 жылы терминнің орнына «еңбек көшкіндері» (еңбек қоныстанушылары) термині қолданыла бастады. Осыған байланысты жер аударылған шаруалардың отбасылары заң бойынша сот шешімімен емес, жергілікті атқарушы органдардың шешімімен жер аударылғанын атап өткен жөн. Бір таңқаларлығы, бұнда бесіктегі сәбилерге дейін шаруалардың жер аударуға жіберілген мерзімін көрсетпеді.

Жаңа контингент ретінде 1939 жылға дейін жер аударылғандар (негізінен батыс, оңтүстік және шығыс шекараларда тұратын корейлер) олардың мәртебесіне сәйкес «әкімшілік жер аударылғандар» болып саналды. Олардың кейбіреулері белгілі бір мерзімге – бес-он жылға жер аударылды.

Ұлы Отан соғысы кезінде халықтарды депортациялауды Кеңес мемлекеті алдын-алу шарасы ретінде (Еділ немістері, күрдтер, түріктер, гректер) жазалау шарасы ретінде (шешендер, ингуштар, балқарлар, қарашайлар, Қырым татарлары) және шекара тұрғындарының неғұрлым «сенімді» қабатын құру мақсатында әскери-стратегиялық сипаттағы шара ретінде қарастырды.

Арнайы қоныс аударылушыларды жер аударудың негізгі орны Орталық Қазақстан болғаны белгілі, онда ГУЛАГ филиалдарының бірі - Карлаг орналасқан, ол арқылы саяси себептер бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған жүздеген мың адамдар тұтқындар ретінде ұсталынған.

1920 жылдар «таптық жауларға» қарсы түрлі зорлық-зомбылықпен ерекшеленді. 1920 жылдардың екінші жартысында Кремль қоныс аудару саясатының экономикалық пайдасы туралы ойлана бастады және империялық Ресей сияқты Қазақстанда, Оралда, Сібірде және Қиыр Шығыста жаңа ауылшаруашылық аудандарын дамытуға бағытталған отарлау жобасын бастады. Бұл XIX ғасырдың аяғында басталған және Столыпин реформаларымен күшейтілген, бірақ бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1917 жылғы төңкеріспен үзілген патша саясатының жалғасы болды. Мәскеу мақсатты аумақтарды анықтау, олардың экономикалық және ауылшаруашылық бейінін анықтау және көшуге дайын халық санын анықтау үшін бірқатар зерттеулер жүргізді.

1925 жылы БКП(б) бюросы «Әскери-стратегиялық және саяси маңызы жағынан шекаралас аудандардың ерекше жағдайы мен маңыздылығын» атап өткен шешім қабылдады. Виктор Деннингхаус 1930 жылдардың басында Кремль-жұдырықпен күрес ұранымен – Батыс шекаралас аудандардан кейбір этникалық топтарды алып тастады деп санайды. 1930 жылы ВКП(б) бюросы Польшаның шекаралас аудандарындағы поляк қоныстарына қатысты құпия шешім қабылдады.

«Зиянды элементтерді» немесе «таптық жауларды» көшіруді қамтамасыз еткен Беларусь пен Украина. 1935 жылы Кеңес өкіметі финдерді, немістерді, поляктарды, латыштарды, эстондықтарды және литвалықтарды солтүстік-батыс шекаралардан шығарды. Немістер мен поляктар да қазіргі Украинаның батыс шекарасынан жер аударылды.

1937 жылдың қыркүйегінде корейлер Қиыр Шығыс шекара аймағынан Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылды [5].

1937 жылғы тамызда қол қойылған Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) ОК-нің корей халқын көшіру туралы қаулысы 1937 жылы Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралас аудандарынан Қазақстан мен Орта Азияға корей халқын депортациялауға әкелді. 20-шы жылдары Амур аймағында шамамен 200 мың адам болды. Қазақстан аумағына 20 141 кәрістер отбасы немесе 95421 адам келді, басқа деректер бойынша - 98 454 кәріс. Олар келесі облыстарда орналасты: Алматы-1721 отбасы; Оңтүстік Қазақстан - 8693; Ақтөбе-1874; Қостанай - 877; Батыс Қазақстан - 1839; Солтүстік Қазақстан-2702 және Қарағанды - 2425 отбасы. Егер 1926 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда бар болғаны 42 кәріс болса, 1939 жылы 96 453 адам болған.

Қазақстанның жекелеген өңірлерінде депортацияланған халықтардың саны Оңтүстік Қазақстанның экономикалық аймақтағы демографиялық жағдайға әсер етті. Мұнда халық санының өсу қарқыны шамамен 22% - ды құрады, бұл жалпы республикалық қарқыннан 8,4 есе жоғары. Халықтың өсуі негізінен орыс халқының келуіне байланысты болды. 1939 жылы орыстар 1926 жылмен салыстырғанда 4,1 есе көп болды. Егер 1926 жылы олардың Оңтүстік Қазақстан халқының құрамындағы үлесі 11,1% - ды құраса, 1939 жылы - 37,3% - ды құрады. Олардың саны қалаларда - 7 есе, ауылдарда - 2,6 есе өсті.

ҰОС дейін Қазақстанға депортацияланған 136947 адам (36350 отбасы) болды, олар 6 облыста - Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан орналастырылған еді.

Қазақстандағы арнайы қоныс аударушылардың жалпы санын айту өте қиын, ол жыл сайын дерлік өзгеріп отырды. 1949 жылдың 1 қаңтарына республикада 820 165 арнайы қоныс аударушылар болды. 1952 жылдың 1 шілдесіне есепте 974 469 адам тұрды.

Қоныс аудару туралы деректерге сәйкес 1949 жылғы 20 қаңтардағы жағдай бойынша Оңтүстік Қазақстан облысына 59398 адам қоныс аударды [6]. Таблица-1.

№	Күштеп қоныс аударылған халықтар	От басы	Адам саны
1	Карашайлар	4705	17649
2	Шешен-ингуштер	4270	14730
3	Кабардин-балкарлар	610	1964
4	Грузиядан	2385	9558
5	Крымнан	63	163
6	Немістер	4904	15317
7	Калмыков	7	17
	Барлығы:	16944	59398

Келген арнайы қоныс аударушылар колхоздарға, совхоздарға және өнеркәсіптік кәсіпорындарға орналастырылды. Арнайы қоныс аударылғандардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайы

ауыр болды. Нормаға сай бір адамға 3 шаршы метр мен бөлек бөлмені беру тиісті болса, іс жүзінде үй соғуға жер берілді, ал кейбір жерлерде бір пәтерде 2-3 отбасы орналастырылды.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қоныс аударушылары үшін барлығы 1169 жаңа тұрғын үй салу жоспарланған: ирандықтар үшін-972, кәрістер үшін-48, күрдтер үшін-149[7].

Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтарға қатысты мәлімерреді көптеп келтіруге болады. Ол үшін қазіргі мүмкіндік болып тұрған мұрағат құжаттарын кеңінен пайдалансақ, көптеген тарихқа беймәл фактілерге қол жеткізеріміз анық.

1980 - 1990 жылдар аралығында КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда күштеп қоныс аударуға ұшыраған халықтарға қарсы жаппай қуғын-сүргінге байланысты құжаттар құпиялығы ашуға рұқсат берілді. Осы тақырыптағы алғашқы еңбектер жарыққа шығарыла бастады, соғыс алдындағы және соғыс жылдарындағы халықтардың жер аударылуының тарихы мен ауқымын ашатын жұмыстар көптеп пайда болды.

КСРО-ның жер аударылған халықтарының тарихын зерттеудің алғашқы әрекеттерінің бірі А.М.Некричтің еңбектері болды [8].

Жеке халық өкілдерін депортациялау тарихы орыс тарихшыларының еңбектерінде толыққанды көрініс тапқан. Атап айтқанда В.Н.Земсков[9], Н.Ф.Бугайдың[10] еңбектері. В.Н. Земсков 1940-1945 жылдардағы еңбек қоныс аударушылардың тарихын аша отырып, олардың саны мен Қазақстан облыстары бойынша қоныстану географиясы туралы деректерді келтіреді.

Депортация тарихы бойынша алғашқы ғылыми зерттеулермен айналыса бастаған ҚР ҰҒА-ның академигі М.Қ. Қозыбаев Қазақстанға жер аударылған халық саны туралы ауқымды мәліметтер келтірген[11].

Сонымен қатар Қазақстандық ғалымдар Г.В.Канның «Қазақстан кәрістерінің тарихы», К.С.Алдажұмановтың «Халықтарды Қазақстанға депортациялау», С.Жаманқұлов «30-жылдары Қазақстандағы поляктар», Л.Михайлова «Оларды тауарлық вагондарда мал сияқты алып жүрді», С.М.Машимбаев пен Л.Т.Исвановтың «Қазақстандағы поляк қоныс аударушыларының тарихы мәселесі (1936-1946 жж.)», М.Х.Асылбеков пен А.Б.Ғалиевтің «Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер (1917-1980 жж.)», А.Н. Алексеевтің «1920-1990 жылдардағы Қазақстан халқы» атты жұмыстарын атауға болады.

КСРО халықтарының депортациясы республика халқының ұлттық құрылымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Бұрынғы Кеңес Одағының әртүрлі жерлерінен қоныс аудару ағындары Қазақстан халқын көбейтіп, жергілікті емес топтардың пайда болуына әкелді, сондықтан күштік көші-қон нәтижесінде халықтың қазіргі ұлттық құрамының негіздері қаланды. Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға сол қиын, сын жылдары өмір сүруге қарапайым қазақ халқының жанашырлығы мен гуманизмі көмектесті. Бұл көпұлтты қазақ қоғамының ұлтаралық құрамының негізі болып табылады. Депортацияның қайғылы тарихы көпұлтты қазақстандық қоғамды біріктірудің негіздерінің біріне айналды.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер**

1. ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. 25 ақпан 2021 // <https://24.kz/ru/news/top-news/item/446936-polnyj-tekst-stati-k-tokaeva-nezavisimost-prevyshe-vseg>
2. Депортированные в Казахстан народы. - Алматы, 1998.
3. Земсков В.Н. Спецпоселенцы в СССР. 1930-1960. М., 2003.
4. ГУЛАГ: Главное управление лагерей. / Сост. А.И.Кокурин, Н.В.Петров. М., 2000.
5. Машимбаев С.М., Исова Л.Т. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936–1946 гг.). Алматы, 2005, -С.46
6. Түркістан облысының қоғамдық-саяси мемлекеттік мұрағаты. Қ.40, Т.9, Іс.1211, П.1-14
7. Түркістан облысының қоғамдық-саяси мемлекеттік мұрағаты. Қ.40, Т.2, Іс.1068, П.49
8. Некрич А.М. Наказанные народы. - Нью-Йорк, 1978. - С. 115–116.
9. Земсков В.Н. Депортации населения. Спецпоселенцы и ссыльные. Заключение. // Население России в XX веке. Т. 2. М., 2000;
10. Бугай Н.Ф. Погружены в эшелоны и отправлены к местам поселений. // История СССР. М., 1991, №1
11. Козыбаев М., Козыбаев И. История Казахстана (учебник для 10 класса рус.школ). 3-е изд., доп. Алматы, 1992, -С.209–215

### **ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДЫҢ ОЙРАНЫ**

XX ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының тарихындағы ең бір ауыр жылдардың бірі болды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, 1917 жылдардағы қос төңкеріс, азамат соғысы, 1920-1921, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісі, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін қазақ халқының демографиялық өсіміне ғана емес, қазақ ұлтының ұлттық рухының өшуіне алып келді. Дәл осы кезеңде дүниеге келген ұрпақ бір емес, бірнеше рет тағдырдың тәлкегін басынан кешірді. «Айтылмаған сөз жетім» дегендей, соңғы жылдары XX ғасырдың нәубеті туралы ащы шындықты ашуға бағытталған бірқатар шаралар қолға алынды. Бірқатар зерттеулер мен құжаттар жинағы жарыққа шықты.

1997 жылды «Жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялауы, әрбір жылдың 31 мамырын сол құрбандарды еске алу күні болып белгілеуі – кешегі Қызыл империя жылдарындағы террордың құрбандары болғандарды аза тұтуға мәжбүр етеді. Осыған байланысты тарих ғылымы мен тарихшылардың алдына мұрағат деректері негізінде Отан тарихы беттеріндегі «ақтаңдақтарды» жойып, тарихтың ақиқатын ашып жазу міндеті қойылды. Қазіргі таңда Қазақстанда әміршіл-әкімшіл социализм жүйесін орнықтырудың сталиндік концепцияның асыра сілтеулері мен бұрмалауларын тарихи тұрғыдан зерттеп, объективті баға беру өзекті болып отыр. Бұл бағытта көп тер төгіп, қомақты зерттеулер жазған М.Қозыбаев, К.Нүрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Ж.Әбілхожин, Д.Махатова және т.б. ғалымдардың Қазақстанның кеңестік кезең тарихын, әміршіл-әкімшіл социализм жүйесінің қалыптасу мәселесі мен оның идеологиялық астарларын ашып көрсеткен іргелі зерттеулерін айтып өтуге болады. 1935-1938 жылдар аралығындағы И.В.Сталин бастаған шағын арандатушы топтың өзінің туған халқына қарсы жасаған ауқымды қылмысын кезінде шетелдік тарихшы Роберт Конквест «үлкен террор» деп атаса, ал оның әріптестері Михайл Геллер мен Александр Некрич көрсетілген кезеңдегі қырғын өзінің көлемі жөнінен 1930-1934 жылдардағы шаруаларға қарсы геноцид көлемінен төмен екендігін ескеріп, «кәдімгі террор» деп сипаттады. Әсіресе, Қазақстан жағдайында М.Геллер мен А.Некричтің тұжырымдары ащы шындыққа жақын екенін мойындасақ та, осы кезеңдегі сталиндік қуғын-сүргін көлемінің әлі де нақты анықтала қоймағанын байқауға болады. Кейбір деректер 1937-1938 жылдары Қазақстандықтардың 44 мыңының түрмелерге түсіп, 22мыңының атылып кеткенін айтса [1], басқа деректерде 1930-1950 жылдары жазалау машинасынан 100 мың 971 қазақстандықтың өтіп, оның ішінде 20.170 адамның атылғаны айтылып жүр [2]. Әрине, Одақ көлеміндегі қасіретпен салыстырғанда Қазақстан мәліметі көп төмен болуы заңды. Мысалы, жоғарыдағы Роберт Конквест 1937 жылы қаңтарда кеңес түрмелерінде қамалғандар 5 миллион болса, ал 1938 жылдың желтоқсанына дейін тағы да 7 миллионға жуығы қамалғанын, ал шығынға келер болсақ, Ежов басқарған жазалау науқанында ғана (1937 ж. Қаңтар-1938 ж. желтоқсан) 1 миллионға тарта адам атылып, тұтқында 2 миллион адам өлгенін айтады. Тарихшылардың мәліметіне қарағанда, 1950 жылға дейін Колыманың бір өзінде ғана өлгендер 3 миллионнан кем емес [3]. Сонымен қатар, Александр Солженицын 1939 жылдың 1 қаңтарына дейін Одақ бойынша 1 млн. 70.000 адамның атылғанын атап көрсететінін де айта кеткен жөн [4]. Оның пікірінше, сталиндік қуғын-сүргін жылдарында түрмелер мен лагерьлерде отырғандар саны 12-15 миллион адамдай болып табылады. Дегенмен де, Қазақстандағы сталиндік қасіретті Одақтық көрсеткіштермен емес, өзімізге этникалық жақын, көрші республикалармен салыстырып қарастырсақ, біздегі адам шығынының тым көп екендігін байқар едік. Мұны белгілі демограф Мақаш Тәтімов дөп басып, төмендегідей сипаттап жазған еді: «Рулық-тайпалық санадан әлі арыла қоймаған халқымыз бұл жолы да басқа туысқан халықтарға қарағанда, шығындар мен қуғындауға көп ұшырады. Мысалы, 1937-1938 жылдарда нақаққа ұшырағандар процентке шаққанда қазақтарда өзбектерге қарағанда үш есе көп болған» [1].

Республиканың партия және кеңес басшы қызметкерлері түгелге жуық қуғын-сүргінге ұшырады. 1937 жылғы жазықсыздарды жазалаудың ең бір сорақы да тұрпайы түрі – күнәсіздерді жалған жалалармен айыптап, арнайы сот процестерін ұйымдастыру болды. 1937-1938 жылдарда жазаланған «ұлтшыл-фашистер» аталатындардың істері айғақтағандай, Н.И.Ежов пен оның жандайшаптары оларға жала жабуда пәлендей бас қатырмады. Түрлі топтарға қатысқандардың, ұлтжанды азаматтардың бұрынғы істері көтерілді, солардың қатарына кезінде республиканың мүдделерін қорғаған, қазақ халқының 1931-1933 жылдарда жаппай қырылуына ашық наразылық білдірген адамдар да жатқызылды. Маңызын асырып көрсету үшін РКФСР Халық Комиссарлар

Кеңесі Төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов, КСРО БОАК хатшысының орынбасары Н.Нұрмақов, Қазақ КСР ОАК төрағасы Ұ.Құлымбетов бастаған «ұлтшыл-фашистердің» «Қазақстанды КСРО-дан бөлуге және оны Жапонияның протекторатына беруге әрекет жасағандары» туралы болжам ойдан шығарылды және оларға жапон-герман тыңшылары деген жала жабылды. Осы сарындағы айыптаулар республиканың барлық басшы қызметкерлеріне және мәдениет қайраткерлеріне түгелдей дерлік тағылды, бұл Қазақстандағы қуғын-сүргіннің өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Сондай-ақ буржуазиялық ұлтшылдардың қызметіне қатысқандары туралы айыптаудан басқа, оларға көбіне, экономикадағы, әсіресе 30-жылдардың бас кезіндегі ауыл шаруашылығындағы сәтсіздіктер кінә етіп тағылды. Мәселен, 1938 жылы бұрынғы Алматы облыстық комитеті мен қалалық БК(б)П комитетінің бірінші хатшысы Ж.Сәдуақасовқа, жазушы С.Сейфуллинге, Халық ағарту комиссариатының төрағасы Т.Жүргеновке және басқаларына Қарақұмда, Ырғыз, Сарысу және т.б. аудандарда «көтерілісті ұйымдастыру» айыбы тағылды. Әрине, осындай айыптаулардың ақылға сыймайтыны күмән тудырмайды. Іс жүзінде, айып тағу үшін басқа себептер негіздеме болды. Солардың ең бастысы экономикадағы сәтсіздіктер үшін жауапкершілікті басқаларға аудара салу әрекеті еді. Сол жылдары шығып тұрған мерзімді басылымдарда жала жапқан материалдарды басу үлкен науқанға айналды. Мәселен, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 15 тамыздағы санында – «Құлымбетов, Жүргенов, Жандосовтар – түлкі құйрықты шошқалар – өздерінің фашист қожайындарының тапсырмаларын орындау үшін үнемі астыртын жұмыс жүргізіп келгендігі айқындалып отыр. Халық жаулары Асылбеков, Нұрсейітов, Ғатауллин бастаған контрреволюцияшыл ұлтшыл топ Орталық Қазақстанның мал шаруашылығын өсіртпеуге, кері кетіруге аз қастандық істеген жоқ», - деп жазды. Идеологияның негізгі құралы болып саналатын баспасөзде «Комсомолға кіріп кеткен жауды толық жоямыз», «Комсомолдағы халық жауларын түгел әшкерлеп, түп тамырымен құртайық!», «Буржуазиялық ұлтшылдардың ұясын тас-талқан жасау керек» деген сияқты редакциялық нұсқауға толы мақалалар қаптап кетті. Сондай-ақ 1937 жылдың алғашқы жартысында газет беттерінде негізінен өзара сынды күшейту, әшкерелеу мәселесі көбірек айтылса, күн тәртібіне халық жауларын құрту, түп тамырымен жою міндеті қойылды. «Халық жауы», «тап жауы», «ұлтшыл-фашистер», «банды», «жалдамалы төбеттер», ұлтшыл-элемент», «жат элемент», «алашордашыл агент» тағы басқа осындай жан түршілерлік сөздер баспасөз беттерінде «әшкерелегіш» терминдерге айналды.

1937-1938 жылдары жаппай жазалауға ұшырағандардың көп болғаны соншалық, олардың істерін сот, прокуратура қарап үлгіре алмады. Соған орай И.Сталиннің тікелей нұсқауымен жер-жерде арнайы «үштіктер» құрылды. Осы «үштіктердің» шешімімен талай боздақтардың өмірі нақақтан қиылды. Сонымен Қазақстанның әр облысында құрылған үштіктер төмендегілер еді [5]:

1. Солтүстік Қазақстан облысы – Панов, Степанов, Сегізбаев.
2. Батыс Қазақстан облысы – Ромейко, Сатарбеков, Спиридов.
3. Оңтүстік Қазақстан облысы – Пинтель, Досов, Случак.
4. Қостанай облысы – Павлов, Кузнецов, Байдабеков.
5. Шығыс Қазақстан облысы – Чирков, Свердлов, Юсупов.
6. Ақтөбе облысы – Демидов, Мусин, Стецура.
7. Қарағанды облысы – Адамович, Духович, Пинхасик.
8. Алматы облысы – Шабанбеков, Сәдуақасов, Қожанов.

Талайлардың тағдыры РКФСР қылмыс кодексінің аты шулы 58 бабы арқылы шешіліп, ОГПУ-НКВД үштіктері арқылы сотталып, атылды.

1937 жылы бүкіл КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда да жаппай жүзеге асырылған «халық жауларына» қарсы күрес белгілі қоғам, мемлекет, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерімен қатар сан мыңдаған қатардағы азаматтарды қамтып, олардың атылғандары атылып, қалғандары ұзақ мерзімдерге ГУЛАГ-тың (Мемлекеттік лагерьлер басқармасы) алыстағы лагерьлеріне айдалды, түрмелерге жабылды. Жалған жаламен «халық жауы» аталған боздақтардың басым көпшілігі кіндік қаны тамған Отанына оралмай шет, шалғай өлкелерде көз жұмды. Қазақстан түрмелер мен лагерьлер жүйесіне айналды. Мұнда Карлаг (Қарағанды лагерьлері), Степлаг (Дала лагерьлері), (АЛЖИР) Халық жаулары әйелдерінің Ақмола лагерьі сияқты лагерьлер жүйесі жасалды. Осындағы АЛЖИР лагерьі КСРО-дағы әйелдер қамалған жалғыз азаптау орыны болды. Сонау 1937-ші жылы НКВД-ның арнайы бұйрығымен салынған Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагерьі, кейін баршаның аузында АЛЖИР аталып кеткен азап орталығында 20 мыңға дейін нәзік жандар қамауда болған. Қарағанды лагерьінің 17-ші бөлімшесінің артынан 26-шы нүкте болып құрылған осынау тозақ орталығында небір ел жайсаңдарының зайыптары, қыздары мен қарындастары жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті. Ең сұмдығы мұнда бойына нәресте біткен аналарға да мейірімділік жасалмады. Нәтижесінде темір



тордың ар жағында 1 мың 507 нәресте дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбаны болды. Лагер қабырғасында дүниеге келген нәрестелер үш жасқа дейін осында азапты күндерін өткізіп, артынан Қарағанды облысындағы Осакаров балалар үйіне жөнелтіліп отырған [6]. Айта кететін бір мәселе Ақмола облыстық мұрағатында тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жасалған Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдерінің лагердегі тұтқындары туралы мәліметтер беретін «30-40-жылдардағы репрессия құрбандары және олардың туыстары туралы құжаттар жиынтығы» деген арнаулы қор бар. Бұл қорда сақталған құжаттар сол кезеңнің бірден-бір дерек көздері болып табылады.

Номенклатуралық интеллигенцияның үлкен бөлігі, өздері сеніммен қызмет еткен жүйенің құрбандарына айналды. «1937-1938 жылдары қазақтың оқыған интеллигенция өкілдерінен 66 мың адам жапа шекті. Бұл шығын алдыңғы шығыннан аз болғанмен, халықтың интеллектуалдық потенциалын әлсіретіп, психологиясын жасытуда алдыңғы трагедиядан ешбір кем болған жоқ» [7]. Зиялы қауымынан айырылған қазақ халқы «тілсіз», «мылқау» күй кешіп есеңгіреп қалды. Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатының келеңсіз, теріс жақтарын сынайтын қарсыластарын, яғни тұтас бір халықтың көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларын тұншықтыру, құрту арқылы ұлттық сананы жою – империялық саясаттың патша заманынан келе жатқан сенімді тәсілі еді. Оған мына бір оқиға дәлел. Ә.Бөкейханов «Алашорда» үкіметі Ресейден дербес мемлекет болғысы келетінін мәлімдегенде патша адмиралы Колчак олардан қалай айрылмаудың сынайын былай танытады: «Маған салса қазақтарды бағындыру қиынға соқпас еді. Ол үшін халыққа сөзі өтетін, халық сенетін 500 интеллигенттің көзін жойса, жетіп жатыр – қазақтар тағзым етті деп есепте» - деген екен. Осы әккі тәсіл іс жүзіне асырылды. Себебі ол расында да қазақ ұлтының ең осал жері болатын. Сол осал жерден ойып кірген «қызыл идеология» сан алуан құйтырқы әдістер арқылы көзі ашық, оқыған азаматтарды өздерінің жымсық саясатын жүзеге асыруға бөгет болады деп қорқып, оларды орталарынан аластатып, қуғын-сүргінге ұшыратты.

Сталиндік режимнің өз халқына қарсы қуғын-сүргін әрекеті кейінгі жылдарда да жалғасты. Әсіресе бұл негізсіз қудалауға түскен халықтарды туған елінен күштеп көшіру барысында айқын көрінді. Соғыс қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға корейлердің, күрдтердің, немістердің, шешендердің, ингуштардың, қарашайлардың, балқарлардың, қарайымдардың, түрік-месхетиндердің және т.б. күшпен көшірілгені белгілі. Осындай күшпен көшірілгендердің жалпы саны 900 мыңға жуық адамға жетті [8]. Нақ сол жылдары республиканың күллі аумағы көбінесе жүйеге қас деген жалған желеумен жіберілетін адамдарды, сондай-ақ қылмыскерлерді айдайтын орынға айналды. Мұнда түрмелердің, лагерьлердің және күштеп қоныстандыруға арналған орындардың тарам-тарам жүйесі қалыптасты.

Кейінгі жылдарда Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңын іске асыруда Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары үлкен жұмыс атқарды. «Әділет» тарихи мемориалдық қоғамымен бірге және республика ҰҚК басшылығының қолдауымен ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізіліп, сталиндік кезеңнің жаппай қуғын-сүргін құрбандарының тізімдері алынды. Сонымен қатар қуғын-сүргін құрбандарын жаппай жерлеген орындарды іздестіру жұмыстары жүргізілді. Құжаттамалық айғақтар мен көз көргендердің жоқтығына қарамастан Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында қуғын-сүргін құрбандарының жаппай жерленген жерлері анықталды. Тек Қызылорда облысы бойынша ғана 1153 адамның [9], Алматы облысы бойынша 2209 адамның ату жазасына кесілгенін айта кеткен жөн [8]. Олардың арасында көрнекті мемлекет пен қоғам қайраткерлері, шығармашылық интеллигенцияның өкілдері болған. Қазір олардың жерленген жерлеріне естелік белгі орнатылды.

XX ғасырдың 30 - жылдарынан бастап дін иелері де жаппай қуғын-сүргіннің қармағына ілікті. 1937 жылы Қазақ өлкелік комитеті «діннің таптық мәнін түсіндіре отырып, дінге қарсы үгіт-насихатты кең құлашпен жүргізу» туралы шешім қабылдады. Осы кезден бастап «еңбекшілердің таптық жауы» ретінде дін иелеріне қарсы қатаң жазалау шаралары жүргізілді. Қазақстанның түкпір-түкпірінде молдалар мен ишандарға, тәуіптер мен бақсыларға қарсы қудалау науқаны басталды. 1937-1938 жылдары қазақ ауылдарындағы дін иелерінің барлығы дерлік ұсталып, түрмеге жабылды не ату жазасына кесілді. Тек молда мен ишандар ғана емес олардың балалары мен немере-шөберелері де молдалар санатына жатқызылып, жазалаудың құрығына ілікті. Бұл науқан әсіресе Оңтүстік Қазақстан аймағында кең құлашпен жүргізілді. Айыптау істері сол аудан мен жекеленген ауылдық кенестердің атымен атала берген. Біз тек бір ғана Қызылорда облыстық Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) тыңшыларының 1937-1938 жылдары қырық молданы ұстап, Қарауылтөбе,

Тайшы құмына апарып атқан туралы мәліметті келтіре отырып [9, 422-423-бб.], сол молдалардың бірқатарының аты-жөнін беруді жөн санадық.

#### **Қармақшы ауданы бойынша**

Алдашбаев Әубәкір – 1937 жылғы 27 қыркүйекте атылған.

Алдашбаев Қожахмет – 1937 жылғы 27 қыркүйекте атылған.

Еркебаев Баймахан – 1937 жылғы 28 қарашада атылған.

Маралұлы Әбдіхалық – 1938 жылғы 19 қарашада атылған.

Ізтілеуұлы Тұрмағамбет – үш рет түрмеге қамалған, үшіншісінде Әбдіхалық атты баласының қайтыс болған хабарын естіп, құрт ауруына шалдыққан соң түрмедегілер оны уақытша босатуға мәжбүр болған. Кейін «заңды түрде» ату үшін айдап әкелуге барғанда өлгенін естіп, көрді аштырып барып, актіге бұрынғы тәртіп бойынша «атылған» деп жаза салған.

#### **Арал ауданы бойынша**

Бекенов Жұбаназар – 1937 жылғы 19 қазанда атылған.

Жүрсінов Тілеуқұл – 1937 жылғы 15 қыркүйекте атылған.

Таңжарықов Жиенәлі – 1937 жылғы 20 тамызда атылған.

Сүгірәлиев Мұса – 1938 жылғы 2 ақпанда атылған.

Сүлейменов Сатулла – 1937 жылы атылған.

Латыпов Шарафуддин – 1937 жылы атылған.

Исалдаев Ерке – 1940 жылғы 22 маусымда 5 жылға сотталған.

Жалмағамбетов Жұмағазы – 1937 жылғы 14 қарашада 10 жылға сотталған.

Қарақұлов Наурызбай – 1937 жылғы 4 қарашада 10 жылға сотталған.

Қожаров Есімхан – 1937 жылғы 2 қарашада 10 жылға сотталған.

Смағұлов Серкен – 1937 жылғы 10 қарашада 10 жылға сотталған.

Кәрімов Ахмади – 1937 жылғы 13 қазанда 10 жылға сотталған.

Демесінов Жұмахан – 1937 жылғы 4 қарашада 10 жылға сотталған.

Егізбаев Айтмағамбет – 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

#### **Терөзек ауданы бойынша**

Нүрекеев Мұхаметжан – 1937 жылғы 14 қарашада атылған.

Бихожаұлы Алтынхожа – 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

Нұрмұхаметұлы Нұраддин – 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

Қалменұлы Сұлтан – 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

Алдабергенов Құрбан – 1937 жылғы 30 желтоқсанда 10 жылға сотталған.

Қарлыбаев Әбдікей – 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

#### **Сырдария ауданы бойынша**

Әмірғалиев Үмбет – 1938 жылғы 2 қыркүйекте атылған.

Жақыпов Әубәкір – 1937 жылғы 20 қазанда атылған.

Әбласанов Иқрам – 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

Сейтназымов Илья – 1937 жылғы 20 қыркүйекте 10 жылға сотталған.

#### **Қазалы ауданы бойынша**

Кононов Петр Васильевич – 1938 жылы 22 сәуірде атылған.

Үмбетов Аман – 1938 жылы 24 қарашада ұсталып кетіп, хабар жоқ.

Бекқұрақов Айтжан – 1937 жылы ұсталып кетіп, хабар жоқ.

Оразәлиев Рахмет – 1940 жылы 22 маусымда 8 жылға сотталған.

Алдазауыров Әбен - 1940 жылы 22 маусымда 8 жылға сотталған.

Ыбыраев Сәндібай - 1940 жылы 22 маусымда 8 жылға сотталған.

Омаров Нұрахан - 1940 жылы 22 маусымда 8 жылға сотталған.

Аралбаев Кемал - 1940 жылы 22 маусымда 8 жылға сотталған.

Қолқаев Нұрқожа – 1937 жылы ұсталып кетіп, хабар жоқ.

#### **Жалағаш ауданы бойынша**

Оразов Маханбет – 1937 жылы ұсталып кетіп, хабар жоқ.

Бұл тізімдегі хабарсыз кетті делінген молдалар мен ишандардың біразы 1937 жылғы маусым-шілде айларында ұсталып, сол жылғы 5 қыркүйектегі Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі істер халық комиссариаты басқармасы үштігінің қаулысымен 13 қыркүйекте бәрі бір күнде атылған.

Талай боздақты жаппай қуғын-сүргін жылдарында елдегі НКВД қызметкерлері әртүрлі айла-шарғымен ұстап, түрмеге жаба берген. Ең әрісі біреуден біреу өш алғысы келсе, НКВД-ға барып, «сыбыр» етсе болды, бейкүнә жандарды жалған жалалармен айыптап, сол сәтте түрмеден бір-ақ шығарған. Сол жылдары халықтың арасында үрей мен бір-біріне деген сенімсіздік белең алды.

Тоталитарлық режимнің қылмыстарын әшкерелеу бүгінгі күннің қажеттілігі. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, сталиндік зұлматтың құрбандарын мәңгі есте қалдыру сынды ізгі мақсатқа бағытталған қоғамдық белсенділікті көтеру заманның талабы болып отыр. Архив қойнауында жатқан құжаттар негізінде зұлматқа тікелей қатысы бар тұлғаларды әшкерлеу ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарының алдындағы басты парыз. Оны іске асыру тарихи әділдікті толығымен қалпына келтіруге, демек, республикада қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға сеп болары анық.

#### **Пайдаланған деректер мен әдебиеттер**

1. М.Тәтімов. Зұлматтың ауыр зардабы. Демографиялық талдау. А., 1996, 63-б.
2. А.Тасымбеков. Жан дауысы. А., 1994, 171-б.
3. Роберт Конквест. Большой террор. Флоренция, 1974, 962-б.; Геллер, Некрич. Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. Кн. 1. Лондон. 1982, 26-б.
4. А.Солженицын. Архипелаг Гулаг. Т.1. 439-б.
5. Ақиқат журналы. -1992 ж. -№9.
6. Қазақ тарихы. - 2009 ж. - №4.
7. «Лениншіл жас» газеті, 01.10.1988 ж.
8. Қазақстан тарихы. Т.IV. А., 2010, 431-б.
9. Аза. I-кітабы. Қызылорда облысы. Қ., 2000, 5-б.

#### **Козгамбаева Гүльнар Бестибаевна.,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

#### **Исабек Баршагүл Қашқынқызы**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

### **ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ШЕШЕН ЖӘНЕ ИНГУШ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНАН**

Қазақстанға өзге ұлттар мен тұтастай халықтарды жаппай қоныстандыру XX ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды және бұдан кейінгі қабылданған БК(б)П Орталық комитеті мен КСРО халкомы кеңесі шешімдерінде және ПХК-ның құпия құжаттарында шекаралас көрші капиталистік елдер қауіпінен, тыңшы шпионаждықтың ұлғайуына байланысты шекаралық аймақтарды тазарту үшін Қазақстанға күрдтердің, түріктердің, гректердің, поляктардың және т.б. ұлттардың жер аударылғанын байқаймыз[1,385б]. Кеңестік жүйе тұсында саяси қуғын-сүргін бірнеше сатыдан өтті. Ол патшалық Ресей тұсындағы Сібірге жер аудару, каторгаға жіберу сияқты тәжірибені ұтымды пайдаланды. Әуелде депортация бұрынғы жүйеге қызмет еткен жеке адамдарға, одан кейін БК(б)П қарсыластарына, онан соң тұтас ұлттарға жайылды. Осындай сталиндік қуғын-сүргін ұшырып, жер аударылғандарды ұлттық болмысынан, ділінен, мәдениетінен айырып, оларға жазықсыз кінә тағып, қатал жазалады. Бұл кеңестік билік тұсында ұлт саясатының бұрмаланып, заңдылықтың сақтамағандығының нақты көрінісі еді. Тоталитарлық жүйенің жүргізген саясаты мен кеңестік биліктің қаһарына ұшыраған халықтар Орталық Азия және Қазақ еліне күшпен жер аударылды. Қазақстанға жер аударылғандар республиканың көптеген облыстарына қоныстандырылды. Өртүрлі элеуметтік топтар мен жіктерді, сондай-ақ, аз ұлттар мен этникалық топтарды күштеп жер аудару Ұлы Отан соғысына дейін басталып, соғыс жылдарында жалғасын тапты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистерге және гитлерлік режимге көмек берді деген желеумен Еділ бойы немістер, Солтүстік Кавказ, Қырым жағалауы халықтары қуғынға ұшырып, өздерінің мекендерінен қуылып, алыс жерлерге күш қолдану арқылы жер аударылды. Сталиндік жүйенің заңсыз жүргізген осы саясаты туралы зерттеулер бүгінде жүргізілуде, алайда ашылмай жатқан мәселелер де баршылық, сондықтан аталмыш тақырып өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Депортациялау саясаты соғыс уақытысында да жалғасын тауып, көптеген ұлттар оның құрбанына айналды. Кеңестік жүйе тұсында шығып жатан түрлі заңдар мен қаулылар депортацияланған халықтардың болашағы мен олардың жан-жақты дамуына үлкен тосқауыл болды. Ата қоныстарынан, ғасырлар бойына қастерлеп қорғап келген жерлерінен кеңестік биліктің солақай саясаты кесірінен шешендер, ингуштар, қарашайлар, балкарлар күштеп қоныс аударылды.

Ғалым Земсковтың еңбегінде: «Солтүстік Кавказдан арнайы елді мекенге келген кезде жер аударылғандар 608749 адам екендігі ескерілді. Олардың ұлттық құрамы: 362282 - адам шешендер,

134178 - адам ингуштар, 68327 - адам қарашайлар, 37406 адам - балқарлар және 6556 – адам басқа ұлттар болды. 1948 жылдың 1 қазанына дейін көрсетілген адам санынан бастапқы қоныстану сәтінде екі рет есепке алынғандықтан 32981 адам есептен шығарылды (демек, арнайы қоныстануға 575768 - Солтүстік кавказдықтар болды» деген мәлімет келтіреді [2,с.105].

Депортацияға ұшыраған халықтардың басым көпшілігі өздеріне таныс емес, жат жерге және климаттық жағдайы қолайсыз, қазақтың шөл және шөлейт аймақтарына көшірілді. Күштеп жер аударылып, оның ауыр зардаптарын басынан кешірген Солтүстік Кавказ халықтарының бірі қарашайлар болды. Қарашай халқы 1922 жылы құрылған Қарашай - Черкес автономиялық облысында өмір сүрді және ондағы тұрғындардың үштен бір бөлігін құрады. 1926 жылы облыс екі ұлттық ауданданға бөлінді [3,с.239].

1943 жылғы жабық шешіммен Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 11 711 отбасы немесе 45 529 адам көшірілді. Жүріп жатқан соғысқа қарамастан, 1943 жылдың 2 қараша күні таңға жақын Кавказдың Қарашай автономиялы облысын Кеңестің ПХК ның бөлімшелері қоршауға алып, екі сағат ішінде барлық қарашай халқы қарудың күшімен мал таситын вагондарға тиеліп, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанға жер аударды. Бұған қарсы шыққан жүздеген қарашайды сол жердің өзінде атып тастады. Ертесіне сағат онда адамдар тиелген жүк вагондары жүруге дайын тұрды. Ол вагондарда 63323 жазықсыз қарашай болған еді. Осылайша 70 мыңға жуық тұрғыны бар Қарашай автономиялық облысын жойылды [4].

1943 жылы 28-29 желтоқсанда Кеңес Одағының Жоғарғы кеңесі Төрағасының Жарлығымен «Қалмақ автономиясын жою туралы шешім шығарылған. ХКК - нің 28 желтоқсандағы «Қалмақ АКСР-ның тұрғындары қалмақтарды депортациялау туралы қаулысы негізінде 95000 қалмақтар қуғындауға ұшырады. Қалмақтарды жасырын «Ұлыс» күштеп көшіру операциясы бойынша жүргізілді [5, 2004с.]. 1943 жылы қалмақтар елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылды. Аз уақыт шамасында 99252 адам көшіріліп, оның 2268 –і Қызылорда облысына орналастырылды... Келесі осындай ауыр тағдыр күтіп тұрған шешендер мен ингуштер болды. 1944 жылы 31 қаңтарда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қаулысы бойынша шешендер мен ингуштерді мәселесі көтеріліп, оларды Қазақстан және Қырғызстан жеріне көшіру, керектігі айтылды. 1944 жылы шешендермен бірге ингуштер есепке алынып, ақпанда 310630 күштеп көшіріліп, наурызда Қазақстанға 344589 адам келген [3,238-239с.].

КСРО - ның құрамында болған автономиялық республикаларды жоюға негіз жоқ еді, алайда бұл мәселе заңсыз жүргізілді. Бір жағынан соғыс, елдегі қиын жағдай, екінші жағынан жазаланған халықтарды республика аумағына көшіріп, орналастыру қиын болды. Шешендер мен ингуштерде осындай ауыр тағдырды бастарынан өткізді. Кавказ халықтары ішінде ерекше қайсарлығымен және жауынгерлігімен көзге түсетін шешендер мен ингуштерді туған жерлерінен көшіру НКВД тарапынан үлкен дайындықты қажет етті.

Солтүстік Кавказ халықтары, соның ішінде шешендер мен ингуштар және т.б. халықтарды күштеп көшіру бойынша белгіленген нүктелерге жер аударту мен пойыздарды жөнелту 1944 жылы 23 ақпанда жергілікті уақытпен 02:00 басталып, сол жылдың 9 наурызында аяқталды. Операция «Пантера» атты радиодан берілген арнайы кодты сөзбен басталды. «Чечевица» операциясы бойынша бірінші Новосибирск, Омск, Алтай және Красноярск аудандары жоспарланды. Бірақ кейін шешендер мен ингуштарды Қазақстан мен Қырғызстанға көшіру шешімі қабылданды.

1944 жылы ақпанда шешендердің 510 630, ингуштардың 78479-ы көшірілген болатын. Қазақстанның: Жамбыл облысына – 16565 адам, Алматы облысына – 29089, Шығыс Қазақстанға – 34167, Оңтүстік Қазақстанға – 39542, Ақтөбе облысына – 20309, Семейге – 31236, Павлодарға – 41230, Қарағандыға – 37938 адам қоныстанды. Бұл қоныс аударушылардың қатарына 1944 жылы ақпан айында Қызыл әскерден шығарылған шешендер мен ингуштың адамдарға мың адам келіп қосылды. 1945 жылы 1 қаңтарда арнайы қоныс аударылған 440544 шешен мен ингушқа есептелінсе, 1944 жылдың басында келгендер саны 365173- ке (өлім жітімге байланысты) қысқарды. 1949 жылы өмір сүру дағдысына бейімделуге орай, туу саны артып, адам саны өсті. 1953 жылы басында комендант кеңсесінде тіркеуде 316717 шешен және 83518 ингуш тіркеуде болған [6, с.76].

Л. Берияның 1944 жылдың 7 наурызда И. Сталинге жолдаған мәліметі бойынша осы кезге дейін шығыс аудандарға жер аударуға байланысты жүргізілген үш операция барысында 650 мың шешендер мен ингуштер жаңа жерлерге орналастырылды. Грозныйлық кеңес зерттеушісі В.Филькин соғыс жылдары әскерге 18500-ден аса шешендер мен ингуштар жіберілді [7, с.43] деген мәлімет келтіреді. Шешендер мен ингуштардың көпшілігі Брест қамалы гарнизонында әскерде болды. Брест қамалы мен оған іргелес үш қамалда (қорғанда) қаза тапқан екі мың кеңес солдаттары мен офицерлерінің екі жүзден астамы шешендер болды [8,с.10].

1944 жылдың ақпан айынан кейін Қызыл Армиядан босатылған шешен және ингуш ұлтының әскери адамдары НКВД-нің арнайы қоныстарының қарамағына өтті. Дәл осындай жағдай майданда жүрген депортацияланған халықтардың барлығына қатысты болды. Олардың барлығы өздерінің туған-туыстары тұрып жатқан қоныстарға немесе Орал, Сібір өнеркәсіп өндіріс орындарына жіберілді. КСРО-ның басқа НКВД лагерьлеріндегі шешендер мен ингуштер Қарағанды лагеріне ауыстырылды. Дағыстан АКСР-да, Грузияда, Әзірбайжанда, Краснодар өлкесі, Дондағы Ростов, Астрахан облысында тұрып жатқан шешендер мен ингуштар да депортация қармағынан аман қалған жоқ, көші-қон 1945 жылдың соңына дейін жалғасты.

Кеңес дәуіріндегі ресми деректерге сай, жарты миллионнастам шешендер мен ингуштар депортацияланды. Алғашқы күндері аштықтан, аяздан, аурудан 70 мыңдай адам қайтыс болды. Жер аудару кезінде барлығы 200 мыңдай шешен, 30 мыңдай ингуш қаза тапты. Шешен-Ингуш АКСР-і 1957 жылы ғана қайта құрылды. Ол кезде әке-шешесі, жеті бауырымен бірге Ингушетияның Базоркино (қазіргі атауы – Чермень) ауылында тұрып жатқан Хажбикар Акиев депортацияны әлі ұмыта алмайтындығын айтты. Хажбикар Акиевтің айтуынша, 1944 жылы ақпан айының басында Базоркиноға совет әскері келе бастаған. Ел арасында «бұлар совет-герман соғысында шегінген әскерлер» деген сыбыс тараған. Көп ұзамай бұл әскерлердің келу мақсаты не екені де белгілі болған. «Ақпанның соңғы күндерінің бірінде таң бозынан бәрімізді оятты. Ер адамдарды «жиналысқа барасыңдар» деп алып кетті. Айнала жарық бола бастағанда әскерлер үй-үйді аралап, жиналуға 30 минут уақыт беретінін айтты. Бізді бір жаққа алып кететінін түсіндік. Жиналуға мұрсат та берген жоқ. Жұрт әйтеуір қолға ілінгенін асығыс-үсігіс алып жатты. Әскерлер «жастық, көрпеше алыңдар» деді. Тұрғындарға тіпті ас-су, керек-жарак заттар алуына да мүмкіндік бермей, жүк вагондарына тиеген. Жолшыбай аштық пен суықтан сәбилер мен қарттар көп өлген. Вагонда әрбір отбасыға бір-бір сәкіден ғана берілген. Бір вагонда төрт-бес отбасы болды. Күн суық, жейтін ешнәрсе жоқ, тамақ пісіретін орын да жоқ. Ортада буржуйка пеш тұрды. Дәретханамыз – шелек болды, жолшыбай станцияларға тоқтаған кезде тек бір адамға шәйнекпен су алуға немесе шелекті төгуге рұқсат берілді. Ал былайша тіпті су алуға да тыйым салды. Егер адам өлсе, көмуге мүмкіндік болған жоқ. Мәйітті тастауға тура келді. Кейде мүмкіндігінше жүзін қармен жасыруға тырысып жатты. Мал екеш малды да бір жаққа апарсаң, жем-шөбін ала барасың ғой. Бізге ештеңе бермеді, екі-үш күн бойы нәр татқыздады, су да ішкізбеді. Қаншама адам суықтан, аштықтан өлді. Мемлекет қалайша халыққа сондай озбырлық жасай алады? Мен соны түсінбеймін»,– деп ол кезде 12 жаста болған Хажбикар Акиевке алады [9].

Сонымен қатар, соғыс жылдарында Қазақстанға эвакуацияланған адамдардың 40%-ы төрт облысқа: Алматы, Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстанға бөлінді. Кеңес Одағының ХКП начальнигі М.В. Кузнецов 1944 жылы 5 қыркүйекте арнайы қоныс аударылғандар саны Қазақстанда - 930000 адам. Ал, 1945 жылы 1-қаңтарда республикамызда 224226 - неміс, 380397-шешен және ингуш, 41125 - қарашай, 2320 - қалмақ, 19790 - балқар 4259 - адам Қырымнан, 9642 - Балтық жағалауы мен Молдавиядан болды. Депортацияланған халықтар облыстар бойынша қарашайлар Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарына қоныстандырылса, Қырымнан қоныс аударғандар Атырауда, ал шешен-ингуштар және балқарлар барлық облысқа бөліп орналастырылған [10, 64-65бб.].

1944-1945 жылдары Қазақстанда шешен және ингуш халықтарының қоныстану географиясы Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қамтыды. Айта кету керек, Көкшетау және Талдықорған облыстары алғашқы орналастыруда көрсетілмеген, өйткені олар 1944 жылы құрылған болатын. Шешендер мен ингуштар қазіргі Атырау (Гурьев) және Батыс Қазақстан облыстарынан басқа Қазақстанның барлық облыстарына шоғырлана қоныстандырылды [11, с.96]. Мәселен архив материалдары бойынша Қазақстанның Оңтүстік облысының 17 ауданына Солтүстік Кавказ бен Грузиядан депортацияланған халықтар қоныстандырылды [12, 4п.]. Төмендегі

Оңтүстік Қазақстан облысының аумағына депортацияланған халықтар (1946 ж.)

№ пп.	Депортацияланған этностар	1946 жыл					
		25 ақпан		10 мамыр		20 маусым	
		Жанұя саны	Адам саны	Жанұя саны	Адам саны	Жанұя саны	Адам саны
1	Солтүстік Кавказдан жер	10 783	37 360	11 888	44 570	10 546	36 386

	аударылғандар						
2	Грузиядан жер аударылғандар	2301	9694	2280	10 258	2337	9784
3	Немістер	3156	8829	-	-	-	-
	Барлығы:	16 240	55 883	14 168	54 828	12 883	46 170

Қазақстан территориясын көшірілген шешен және ингуш халықтарының жағдайы ауыр болды. Ол туралы Қостанай облысына Шешен-Ингуш АКСР Чеберлоевск ауданы Садо селасынан күштеп көшірілген Залимат Бадиева өзінің естелігінде 1944 жылы 23ақпанда көшіп келгендегі қиыншылықтары туралы айтады. Ол: «Отбасымен (4 балалары) және анасы мен екі інісімен күштеп жер аударылды. Анам мен екі інім маған беймәлім жерге жер аударылды, олар туралы көп уақытқа дейін хабар білмедім. Біздің отбасын Қостанай облысындағы ауылға жіберді, бізге тұруға барак типіндегі сарай беріліп, бірден құрылысқа тас қалаушы ретінде жұмысқа салды. Бірінші жылы біздің тұрмыстық жағдайымызөте ауыр болды, өйткені берген үй суық, жылытатын отын жоқ, азық түлік жетіспеді. Жергілікті басшылықхалықтарға бізді жаман етіп көрсеткендіктен, бірінші жылдары бізге олардың тарапынан ешқандай көмек болмады.Жұмыста мен күндік жоспарды асыра орындап, кеше карай үйге балаларыма 400 грамм нан әкелетін едім. Күйеуім 1948 жылы қайтыс болады, артынан көп ұзамай кенже қызымда дүние салды. Қостанай обылысы мен үшін ауыр да қиын, суық пен аштық жылдары ретінде есімде қалады»- дейді [13, с.77-78].

Жер аударылған ұлттар мен тұтастай халықтар өзінің туған жерінен, тілінен, дінінен айырылуы олардың мәдени дамуында үлкен кері әсері болып, көп кедергі жасады. Алайдаолар басына түскен қиыншылықтарға қарамастантілін, ата салтын, дәстүрлерін берік ұстанды. Қазақ еліне жер аударылғаншешен, ингуш және т.б. халықтар мен этникалық топтарауыр жағдайларына қарамастан, халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, оның өркендеуіне өз үлестерін қосты.

Шешен ұлт өкілдерінен 1946 жылы ірі өнеркәсіп орындарында 826 адам жұмыс істеп, оның көпшілігі қажырлы еңбектерімен көзге түскен. Бұлардың арасында 354 адам өз нормаларын 200% - 300% дейін артығымен орындады, ал 472 адам 150% - 200% дейін көтеріп, үкімет тарапынан марапаттарға ие болған. Лениногор кенішінде жұмыс істеген 332 шешендердің арасынан суырылып шыққан стахановшылар мен екпінділер қатарынан Кенъмат Дахаев, Сешимикунтей Катаевты атауға болады. Олар 1946 жылы күнделікті жұмыс нормаларын 205%орындды.Лениногор өндіріс орындарында үлгіліжұмыс істегеншешен ұлтының бір өкілі Қызыл Жұлдызбен марапатталды [11, 141с.].

Туған жерінен жер аударылған ұлттаркелген жеріне сіңісіп, бейімделуге мәжбүр болды. Олар аянбай еңбек етіп, барлық күштерінсалып, маңдай тері еңбегімен ауыртпашылықты көтере білді. Бір ғана бүгінгі Түркістан облысынадепортацияланған халықтардың жалпы саны 1949 жылғы 20 қыркүйектегі архив деректерінде 59 398 адамнан құралған 16 944 жанұя деп көрсетіледі. Оның ішіндегі шешендер мен ингуштар 4270 жанұя -14730 адам болды[8, 2п.].

Күштеп қоныс аударылған халықтарға «Отанын сатқандар» ретінде келген жерлерінде рұқсатсыз басқа жақтарға шығуға қандай тыйым салынса, олардың мектептен кейінгі білім алуларына да сондай шектеулер қойылды. Күштеп қоныс аударылғандарды және еңбекке жарамдыларын әр түрлі салаларда тек арзан жұмыс қолы есебінде пайдаланды. Бұл жұмыс арнайы қоныс аудару басқармасымен жергілікті партия және кеңес мекемелері арқылы қадағаланды.

Кеңестік халық комиссариаты 1945 жылы 8қаңтарда «арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайы туралы» келесі №35 Қаулы шығарды:

1.Арнайы қоныс аударушылардың отбасы қожасы немесе оның орнындағы адам 3 күн сайын ПХК-ның арнайы комендатурасына отбасындағы барлық өзгеріс пен оқиғаларды (баланың дүниеге келуі, отбасы мүшесі қайтыс болуы, қашып кету және т.б.) хабарлауға міндетті.

2.Арнайы қоныс аударушылар қатаң түрде оларға белгіленген тәртіпті және жергілікті орындағы қоғамдық тәртіпті және ПХК –ныңарнайы комендатурасының барлық билігіне бағынуға міндетті.Жергілікті жердегі қоғамдық тәртіпті бұзғандар әкімшілік тексеру түрінде 100 сомға дейін айыппұл төлеуге немесе бес тәулікке қамалады[14,357с.].

Мәжбүрлі түрде көшірілгенхалықтардың билікке деген наразылығы туып, олардың арасында өз отандарына қашқандар болды. 1948 жылы 26 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумы «Ұлы Отан соғысы уақытысында Кеңес Одағының шалғайжерлерінен көшіріліп, қоныстандырылған адамдар, міндетті түрде сол жерді мекендемей қашатын тұлғаларға қылмыстық жауапкершілікке

тартылады», деген Қаулы қабылданды[15,9б.]. Бұл қаулы соғыс уақытында арнайы қоныс аударылғандардың – өмір бойы осы жағдайда қалатындығын белгіледі. Тұрған жерінен қашып кеткені үшін қолданылатын жаза – 20 жыл каторгалық жұмыспен 5 жыл бас бостандығынан айыруға алып барды. Келтірілген қаулы 1949 жылы маусымында күшіне енді.

Жер аударылған халықтардың ішінде ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін шаруалар, жұмысшылар және интеллигенция өкілдері де болды. Бірақ та олар, жер аударылған мекендерде өздерінің мамандығы бойынша жұмыс істемеді. Олардың мамандығы да, білімі де ескерілмеді. Депортацияға ұшырағанға дейін, өздері тұрған жерлерінде мұнай саласында қызмет еткен шешен-ингуштар мен зауыт-фабрикаларда жұмыс істеген немістер, поляктар колхоздар мен совхоздарға қоныс аударылғаннан кейін өз мамандықтары бойынша емес, қара жұмыстарға тартылып, ең ауыр жұмыстарды атқарды. [16, 15п.]. 1952 жылы наурызда есепте тұрған барлық жер аударылған халықтар 2737398 адам болған. Олардың Қазақстанда 1178168 адамы тұрақталса. Оның ішінде Солтүстік Кавказдан келгендер 448379 адам болды. Ал поляктардан 35218 адам болды [17, 168с.]. Кеңестік биліктің жүргізген құйтырқы саясаты барысында депортацияға ұшыраған халықтар құқықтық шектеулерге ұшырап, көшірілген елді мекеннен алыс кетпеуге, әскер қатарына шақырылуына, жергілікті халықтармен бірдей білім алуына, қызметтерде жұмыс істеуіне тыйым салынды. Соғыс жылдарында майдандағы жауынгерлерге қажет киімдер мен бұйымдарды көбінесе күшпен жер аударылғандар мен лагерлерде тұтқында отырған ұлт өкілдерінің көмегі арқасында жасалды. Депортацияланған қарттар, балалар, әйелдер еңбек армиясы қатарында жұмыс істеді. Олар жылуы жоқ барак үйлерде тұрып, ауыр тұрмыс жағдайында жұмыс істеді. Аурудан, аштықтан, суықтан 1944-1948 жылдар аралығында 101036 шешен, ингуш, балкар ұлт өкілдері қайтыс болған [18, 22-24с.].

1953 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда арнайы қоныстанушылар саны 988373 адамға жетті. Ол КСРО-ғы 2753356 адамның 35,9 %-ын құрады. Қазақстанға күштеп қоныс аударылған шешен және ингуш халықтарының басым бөлігі Оңтүстік Қазақстанға орналастырылды. Дегенмен Солтүстік Қазақстан облыстарындағы шешендер мен ингуштардың да саны айтарлықтай көп болды. Шешен-ингуш халықтарының республикадағы географиялық орналасуы елдің 15 облысын қамтыды. 1946 жылы 1 қаңтарда Солтүстік-Қазақстан облысында 14 776 шешен және 5 366 ингуш ұлтының өкілдері мекендеді [19]. Алайда республика аумағына депортацияланған ұлттар ішінде жер аударылғанға дейін коммунистік партия қатарында болып, лауазымды қызмет атқарғандарды саяси үгіт насихат жүргізу жұмыстарына тартылып, лауазымды қызметтер атқарды. Оңтүстік Қазақстан облысында депортацияға ұшырағанға дейін Шешен-ингуш АССР-да басшылық лауазымды қызметтер атқарғандар Қазақстанда да түрлі лауазымды қызметтерге алынды. Олардың ішінде: Галашкин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Георгиевка аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін С.Б. Мизаев атқарды; кадр офицері, гвардия майоры, Фрунзе Академияның тыңдаушысы, Түлкібас аудандық тұтынушылар одағының нұсқаушысы С. В. Висаитова, Шешен-Ингуш ЛКЖО ОК хатшысы, Түлкібас ауданындағы шаруашылық сантехмашина қоймасының меңгерушісі А. М. Магомаева және т. болды [20, 163-164с.]. Шешендер мен ингуштардың арасында Кеңес Одағы Коммунистік партиясының кандидаттары мен мүшелері болғандығы белгілі. Қазақстанның партиялық органдары оларды қоғамдық жұмысқа араластырды. ЧИАССР-дің бұрынғы басшы қызметкерлерін және партия қатарында болған коммунист шешендер мен ингуштарды Қазақстанда басшылық жұмыста пайдалану үшін есепке алу жүргізілді. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша бұрынғы басшы қызметкерлер болған шешендер, ингуштар және қарашайлардан КОКП мүшелері қатарында 1956 жылы тамыз айына қарай 34 адам болды [20, 164с.].

Тарихи Отанына қайта алмай, тұрақтап қалған шешен, ингуш халықтарының өкілдері қазақ жерінде өніп-өсіп, өркендеп отыр. Келмеске кеткен тоталитарлық жүйе, жер аударылған халықтардың трагедиялық тарихына қиянаты, ойланбай істелген іс - шаралары арқылы жазылмас жара, өшпес із қалдырды. Бүгіндері Қазақстанда шамамен 140-тай ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр. Қазақ елінің өткен тарихы сияқты, жер аударылған халықтардың да өмірінде көптеген азапты күндер өтті десек, бүгіндері олар, екінші Отаны - Қазақстан Республикасында еркін де тыныш, жайлы өмір сүруде. Бүгінгі, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі, олардың да өткен тарихындағы ақтаңдақ беттерін ашық айту мүмкіндігіне жетіп отырғыны баршамызға аян. Ұлт ретінде, болашақ ұрпақтарының сахна төрінен ығысып қалмауына жол ашылып, жеке мәдени орталықтарын дамытып, кейінгі буынның тілдерін дамытып, ата-баба салт-дәстүрімен сусындатып, өз Отандарымен тығыз байланыс жасауларына тәуелсіз мемлекетіміздің ықпалы зор. Мемлекеттер арасындағы бейбітшілік пен дипломатиялық қарым - қатынас бұдан да тығыз байланысып жатса, жер аударылған халықтардың өз атамекендеріне бірігіп, біржола оралу үмітіне жетері анық. Сонымен түйіндей айтар

болсақ, ендігі жерде бейбіт елімізде тұрып жатқан барлық халықтардың, өткенді саралай отырып, болашақ ұрпақтар үшін, елдің ертеңі үшін, жұдырықтай жұмыла еңбек етіп, халқымыздың тыныштығын сақтап, жас тәуелсіздігімізді қорғау - басты міндет.

Қазақстанның өркендеп дамуына, кезінде қазақ жеріне депортацияланған ұлттардың да үлкен үлесі бары сөзсіз. Өйткені, жоғарыда айтылған жетістіктерге қол жеткізу үшін, елдің кешегі іргетасы қалануы қажет еді. Ол қажеттілік үлкен өткелден, талай - талай сындардан өтті.

Терезесі тең Қазақстандық ұлттар легі жергілікті ұлт – қазақтармен қоян-қолтық өмір сүріп, тілі мен дінін, салт-дәстүрі мен мәдениетін дамыту үстінде және оған барлық мүмкіндіктер де бар. Қазақстанда тұратын өзге ұлттың қайсысы болмасын, осы жерде өзінің екінші отанын, өзінің ешқандай қысымсыз және шектеусіз, толық құнды рухани және әлеуметтік өмірін тапты. Сонау бір отты жылдарда Отандарынан айырылып, айдауға түскен, еріксіз жер аударылғандардың өздерінің де, ұрпақтарының да, бүгінде жолдары ашық, болашақтары ел келешегімен бірге екені баршаға мәлім. Өйткені, сол бір қиын – қыстау кезең, Қазақстанның барлық ұлттарына бірдей сын болып, оны бәрі бірге жұмыла көтерген ұлттар, болашағының тек қана бірлікте екенін жете ұғып отыр.

### Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. 3 кітап. Алматы: Қазақ университеті. 2016., - 454 бет.
2. Земсков В.Н., Спецпереселенцы в СССР, 1936-1960гг./Земсков В.Н.; Институт российской истории. – М.:Наука, -2005. -306с.
3. Алдажуманов Қ.С., Алдажуманов Е.К., Депортация: Выселение народов Северного Кавказа и Калмыкии / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998.– С. – 428. (238-239).
4. Динашева Л.С., Баубекова Д. М. Кавказ халықтарының Қазақстанға депортациялануы тарихынан // Молодой ученый. - 2018. № 16.1 (202.1).- С. 27-29.// <https://moluch.ru/archive/202/49772/> (дата обращения: 22.02.2022).
5. Бугай Н.Ф. «Депортация народов»/Война и общество. 1941-1945 гг. Книга вторая. –М.:Наука, 2004 С.
6. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 256 с.
7. Филькин В.И. Чечено-Ингушская карательная организация в годы Великой Отечественной войны Советского Союза. Грозный, 1960. – 43 с.
8. Оглаев Х. 1990. Брест – орешек огненный. – Грозный, 1990. - 9-11 с.
9. Мұқанқызы М., Депортация куәгер (Акиев Х) «Сол озбырлықты әлі түсінбеймін». [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_stalins\\_deportation/25271077.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_stalins_deportation/25271077.html) (Айналым күні 26.03.2022).
10. Есимова А. Влияние миграционных процессов на этнографическую структуру населения Казахстана (1941-1945гг.)//Фемида, 1998,-№ 9. - 63-69 с.
11. Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 508 с.
12. ТОҚСТМА.40-қ.,9-т., 1211-іс, п. 4.
13. Бациева З. Воспоминания жертв депортации / От депортации к интеграции: документы и материалы, посвященные к 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан / Составители Грибанова Е.М., Гунашев и т.д. – Алматы: Дәуір., 2004. -256с.
14. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс – Казахстан. – 1998. – 357 с.
15. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ универ, 1992. - 9 б.
16. ҚРПМ. – 708-қ. – 10-т., 1381-іс, 15-п.
17. История сталинского ГУЛАГа. Спецпереселенцы. Т.5. – М.МИГУП. –Т.2., 1994. - с. -168.
18. Алексенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 г.г. – Алматы: Ғылым, 1993. -125 с.
19. Утегенов М.З., Капбасова Д.С. Халықтарды күштеп қоныс аудару – Ақмола облысында полиэтникалық халықтың қалыптасуының бір факторы ретінде // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1377> (айналым күні 11.02.2022).
20. Ермекбай Ж.А., Исакиева З.С. Общественно - партийная деятельность чеченцев и ингушей в годы вынужденного переселения // Актуальные проблемы истории народов Северного Кавказа. Сборник материалов Всероссийской научной конференции с международным участием г. Грозный.– Махачкала: АЛЕФ, 2019. –с. 160-170.



## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1	<b>ҚОЖАМЖАРОВА ДАРИЯ ПЕРНЕШҚЫЗЫ</b> «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің» Басқарама Төрағасы-ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Шымкент қаласы әкімдігінің жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия мүшесі, «Аманат» партиясы Шымкент қалалық филиалының Партиялық бақылау комиссиясы жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы <b>ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	3
2	<b>ҚАСЫМОВ САБЫР АХМЕТЖАНҰЛЫ</b> Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің басшысы, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, заң ғылымдарының кандидаты <b>ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ</b> .....	6
3	<b>ӘБДІҒАЛИҰЛЫ БЕРІК</b> Ұлытау облысының Әкімі, саясаттану ғылымдарының кандидаты <b>ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ</b> .....	8
4	<b>ҚОЙГЕЛДИЕВ МӘМБЕТ ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ</b> Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі <b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯНЫҢ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	9
<b>ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНЕРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ</b>		
5	<b>ӘБЖАНОВ ХАНКЕЛДІ МАХМҰТҰЛЫ</b> Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, «Рухани жаңғыру» бөлімінің басшысы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылымдар Академиясының академигі <b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	16
6	<b>НҰРЫМБЕТОВА ГҮЛШАТ РАМАЗАНҚЫЗЫ</b> Қазақстан Республикасы Президенті архиві XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығының басшысы, саяси ғылымдарының докторы, профессор <b>ҚАСІРЕТТІ ӘШКЕРЕЛЕГЕН ҚҰЖАТТАР</b> .....	20
7	<b>КАБУЛЬДИНОВ ЗИЯБЕК ЕРМУХАНОВИЧ</b> Директор института истории и этнологии им. Ш.Валиханова, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК <b>ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРЕСЛЕДОВАНИЯ БАЕВ И ДРУГИХ КАТЕГОРИЙ АУЛЬНОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ 20-Х ГОДОВ XX ВЕКА</b> .....	23
8	<b>АХМЕТ АҚҚАЛИ</b> Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, т. ғ. д., профессор <b>ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЕРІ Ғ.БЕЙІСОВ МҰСТАФА ШОҚАЙ ХАҚЫНДА</b> .....	31
9	<b>АДИЛОВ АБРОР АНВАРОВИЧ</b> доцент, к.и.н., Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека <b>ИЗ ИСТОРИИ РЕПРЕССИЙ СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОТНОШЕНИИ ДУХОВЕНСТВА В УЗБЕКИСТАНЕ</b> .....	35

- 10 **ТҰРСЫН ХАЗРЕТ МАХАНҰЛЫ**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы  
**САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІННІҢ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫН «СӨЙЛЕТУ» ӘДІСТЕМЕСІ**..... 38
- 11 **ЖАНЫСБЕКОВА ГҮЛНӘР ӘМІРБАЙҚЫЗЫ**  
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент өңірлік комиссиясының Жұмыс тобының жетекшісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
**ОҢТҮСТІК Өңірде жүргізілген саяси қуғын-сүргінді тарихи зерттеу: нәтижелер мен мәселелер (Жұмыс тобының есептік баяндамасы)**..... 41

#### I-СЕКЦИЯ

#### XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН: ТӘРКІЛЕУ, ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ

- 12 **Жанысбекова Г.Ә.** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Шымкент.Қазақстан.  
**Әшим Ж.Қ.** Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің тіркеу бөлімінің меңгерушісі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистранты. Шымкент.Қазақстан.  
**XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ Өңіріндегі бай-құлақтарды тәркілеу**..... 50
- 13 **АйтайБ.С.**, ОҚМПУ-н аға оқытушысы, т.ғ.к, Шымкент.Қазақстан.  
**САЙРАМ АУДАНЫНДА БАЙЛАР ЖӘНЕ ИШАНДАРҒА ҚАРСЫ БОЛЬШЕВИКТІК РЕЖИМНІҢ 1929-1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАСАҒАН САЯСИ ҚУДАЛАУ ШАРАЛАРЫ**..... 54
- 14 **Сүлеймен Ғ.С., Турумбетова Г.А., Ж.Тәшенов** атындағы университетінің «Тарих және география» кафедрасының аға оқытушылары. Шымкент.Қазақстан.  
**ТАР ЗАМАН ЗАР ЗАМАНҒА ҰЛАСҚАН КЕЗЕҢДЕГІ СЫРДАРИЯ ГУБЕРНИЯСЫ БОЙЫНША ІРІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ АУҚАТТЫ БАЙЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?**..... 58
- 15 **Алдаберген М.Н.**, т.ғ.к.доцент ОҚМПУ.Шымкент.Қазақстан.  
**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН АШТЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН Өңірі**..... 60
- 16 **Анарбаев Қ.С.**, ОҚМПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті басшысы, т.ғ.к.Шымкент.Қазақстан.  
**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ШАРУАЛАРҒА ӘСЕРІНЕ ТАРИХИ БАҒА БЕРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**..... 63
- 17 **Алдабергенова М. К.**, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Әлем тарихы және дінтану кафедрасының доценті м.а., PhD.  
**Жадраева Г. Ә.**, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Әлем тарихы және дінтану кафедрасының аға оқытушысы.  
**Нұрманова Ш.**, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Тарих кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент.Қазақстан.  
**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖАЙЛЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ПАЙЫМДАР**..... 67
- 18 **Қабылбекова Л.Б.**, Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің» тарих және география пәні мұғалімі, Алматы қ.  
**ӘУЛИЕАТА Өңірінің ашаршылық жылдарындағы ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ**..... 69

19	<b>Әбдіжәми Ә.Ә.</b> , Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс магистранты.Қазақстан, Қызылорда қ.	
	<b>СЫРДАРИЯ ОКРУГІНДЕГІ ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫ</b> .....	74
20	<b>Алиев Ж.Б.</b> , Ақтөбе қаласы, Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі, зерттеуші. Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы.	
	<b>«XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛДЫ КЕҢЕСТЕНДІРУ МЕН ҰЖЫМДАСТЫРУ»</b> .....	79
21	<b>Отарбаева А.К.</b> , М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>XX ҒАСЫРДЫҢ 20 -30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕПРЕССИЯЛАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ</b> .....	81
22	<b>Онгарова А.А., Кадирғалиева А.Т., Сапарбекова Б.</b> , Шымкент университеті, магистр, аға оқытушылары. Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	85
23	<b>Орынтаева Э.О.</b> , М.Әуезов атындағы ОҚУ,аға оқытушы, тарих магистрі. Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН</b> .....	90
24	<b>Шынтаев Н.А., Байжанова А.А., Ж.Ташенов</b> университеті, «Тарих және география» кафедрасының оқытушылары. Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ САЛДАРЫ</b> .....	92
25	<b>Сыпабеков Н.С.</b> , старший преподаватель Шымкентского университета. Республика Казахстан.	
	<b>КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ: МАСШТАБЫ И ПЕРЕГИБЫ</b> .....	95
26	<b>Бохаева Б.И.</b> № 52 мектеп-лицей Тарих және география пәнінің мұғалімі	
	<b>АША ТҰЯҚ ҚАЛМАСЫН</b> .....	99

## II-СЕКЦИЯ

### 1937-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МЕН 1940-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ КОСМОПОЛИТШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ АЙЫПТАУ: ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

27	<b>Исабек Б.Қ.</b> т.ғ.к., доцент, профессор м.а.Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>Орынбасарова Г.Ж.</b> т.ғ.к., аға оқытушы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ - ҚАЗМҰХАММЕД КӘРІБАЙҰЛЫ ҚҰЛЕТОВ</b> .....	102
28	<b>Әбдіқали Б.Ә.</b> , Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің қор сақтаушы маманы,М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистранты. Қазақстан Республикасы.	
	<b>1928-1931 ЖЖ. Өңіріміздегі дәстүрлі дін өкілдерінің қуғындалуының себептері мен салдары</b> .....	105
29	<b>Шаймуханова С.Д., Чатыбекова К.К., Нуртазаева А.Б.</b>	
	Международный Инженерно-технологический университет Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана. г. Алматы, Республика Казахстан	
	<b>СУДЬБЫ РЕПРЕССИВНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КАЗАХСТАНА</b> .....	110
30	<b>Жанболатов С.Е.</b> , М.Әуезов атындағы ОҚУ Жалпы тарих және музей ісі кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Шымкент, Қазақстан Республикасы.	
	<b>ТАУҚІМЕТІ ТАУДАЙ –ДАРА ҰЛТ</b> .....	113

31	<b>Сабденова Ә.С.,</b> Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің оқытушысы, магистр <b>Мырзакулова Э.А.,</b> М. Әуезов атындағы ОҚУ оқытушысы, магистр, Қазақстан Шымкент <b>СӘДУАҚАС БОҚАЕВТЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....</b>	115
32	<b>Токжигитова М.А.,</b> Орталық Азия инновациялық университеті, аға оқытушы <b>ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ СИРАЖИДДИН ӘМІРХАНҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ.</b>	118
33	<b>Ералиев Берик Жарылқасынұлы,</b> №62 Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта мектебі <b>ӘЗІМХАН АХМЕТҰЛЫ КЕНЕСАРИН НЕ ҮШІН ЖАЗАЛАНДЫ.....</b>	125
34	<b>Ешмұратова Б.Ж.,</b> Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің құжаттарды пайдалану және жариялау бөлімінің басшысы. Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы <b>АЛАШОРДА ТАРИХЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ.....</b>	129
35	<b>Белгібай Ж.Қ., Сапарбекова Б.Р.,</b> М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан, Шымкент қ. <b>ҚАЙРАТКЕР ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....</b>	133
36	<b>Ахметов С.И.,</b> старший преподаватель Шымкентского университета. Республика Казахстан. <b>ТРАГИЧЕСКИЕ СУДЬБЫ РЕПРЕССИРОВАННЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КОНЦА 1930- х ГОДОВ ХХ СТОЛЕТИЯ..</b>	136
37	<b>Онгарова А.А.,</b> ст.преп. Шымкентского университета, магистр. Республика Казахстан. <b>НАРАСТАНИЕ МАССОВЫХ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КОНЦЕ 1940-х – НАЧАЛА 1950-х ГОДОВ ХХ СТОЛЕТИЯ: СУДЬБА Е.Б.БЕКМАХАНОВА.....</b>	141
38	<b>Наурызова Қ. Қ.,</b> ОҚМПУ, Тарих педагогін даярлау білім беру бағдарламасының 3 курс докторанты <b>Тәжі А.К.М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Философия» кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент, Қазақстан.</b> <b>«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ - ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ.....</b>	145
39	<b>Жукен А.,</b> магистрант специальности «История». Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева. Республика Казахстан. <b>ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ 40-50 ГГ. ХХ ВЕКА В МАТЕРИАЛАХ АРХИВОВ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....</b>	148
40	<b>Сейіткасымов А.А., т.ғ.к., доцент., Касымова Ж.М., магистрант.</b> Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Қазақстан Республикасы. <b>САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН 1920-1950 ЖЫЛДАРЫ ҚАЛАЙ ЖҮРДІ?.....</b>	150
41	<b>Сарибаев А.У.,</b> ОҚМПУ, Тарих мамандығы магистранты.Шымкент, Қазақстан Республикасы. <b>АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ.....</b>	153
42	<b>Шалдарбекова А.Б., Шалдарбекова М. Б.,Танкиш Н.П.</b> Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент <b>ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫН МЕКТЕПЕН БАЙЛАНЫСТЫРҒАН ОЙШЫЛ М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ БІЛІМ БЕРУ ІСІН ДАМУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....</b>	157
43	<b>Дархан М.Ұ.</b> ОҚМПУ, 2-курс магистрі. Шымкент, Қазақстан Республикасы. <b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-АУМАҚТЫҚ МЕЖЕЛЕУ САЯСАТЫНА ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....</b>	162

### III-СЕКЦИЯ

#### САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН МЕН ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ҚИРАТЫЛУЫНА ҚАРУЛЫ ҚАРСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЛАГЕРЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ

- 44 **Таштанов Ж.А.**  
PhD докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**КӨПҮЛТТЫ БОСТАНДЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ, СЕБЕПТЕРІ  
МЕН ТАРИХИ НӘТИЖЕЛЕРІ.....** 165
- 45 **Батырбекқызы Г.,** М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан тарихы кафедрасының  
PhD докторы. Шымкент, Қазақстан.  
**СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ҚАСІРЕТІ.....** 168
- 46 **Есенгельдиева С.М.,** Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. Қазақстан Республикасы.  
**САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ.....** 1172
- 47 **Алланиязов Т.К.,** профессор Жезказганского университета им. О.А.  
Байконуровак.и.н. Республика Казахстан  
**КАРСАКПАЙ В ВОДОВОРОТЕ БОЛЬШОГО ТЕРРОРА.....** 175
- 48 **Алланиязов Т.К.,** профессор Жезказганского университета им. О.А.  
Байконуровак.и.н. Республика Казахстан  
**КАЗАХИ В НАЦИОНАЛЬНОМ СОСТАВЕ ЗАКЛЮЧЕННЫХ ОСОБЫХ  
ЛАГЕРЕЙ.....** 181
- 49 **Алланиязов Т.К.,** профессор Жезказганского университета им. О.А.  
Байконуровак.и.н. Республика Казахстан  
**СУЗАКСКОЕ ВОССТАНИЕ: ОПЫТ И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ.....** 188
- 50 **Жұмабеков М.У. Түгелова М.**  
т.ғ.к. доцент М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
магистр М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
**ЧИМДОМЗАК - ГУЛАГ ЖҮЙЕСІНІҢ ОҢТҮСТІКТЕГІ АЛҒАШҚЫ  
ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАЛДАҒЫ.....** 192
- 51 **Ускембаев К.С., Ауелбеков М.Б**  
к.и.н., доцент Высшей школы социально-гуманитарных наук. Международный  
университет Астана.  
Магистрант Высшей школы социально-гуманитарных наук. Международный  
университет Астана  
**ТРАГИЧЕСКИЕ СТРАНИЦЫ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ.....** 195
- 52 **Ахметжанұлы Е.М. Қозыбаев** атындағы СҚУ магистранты. Қазақстан  
Республикасы  
**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ  
ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ.....** 198
- 53 **Сүлеймен Ғ.С., Утеева К.Қ.**  
Ж. Тәшенов атындағы университетінің аға оқытушысы  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
**СЫРДАРИЯ АЙМАҒЫНЫҢ, БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНДАҒЫҚАНДЫ  
БҮЛҒАҚ.....** 203
- 54 **Досалиева Г.А.,** Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы  
**АЛЖИРДІҢ ӘЙГІЛІ ТҮТҚЫН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ  
КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕР.....** 205
- 55 **Жұмағұлов Б.С.,** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Саяси қуғын-  
сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясы 1-жұмыс  
тобының жетекшісі (Абай атындағы ҚазҰПУ)  
**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ  
КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....** 209

#### IV-СЕКЦИЯ

### МҮСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ «ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ»: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ

- 56 **Ахмет А.Қ.**, т.ғ.д., профессор Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.  
Қазақстан Республикасы.  
**СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ**..... 215
- 57 **Ахмет А.Қ.**, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, т.ғ.д., профессор  
**Өмірзақова А.**, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, педагогика және  
психология магистрі. Қазақстан Республикасы  
**ТАМУҚТАН ӨТКЕН ТАҒДЫРЛАР**..... 219
- 58 **Әлібек С.Н.**, тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжінің директоры, Шымкент, Қазақстан.  
**ОҢТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ: ҚҰПИЯ  
ҚОРЛАР ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ**..... 223
- 59 **Исова Л.Т.**, т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар және  
әлемдік экономика кафедрасының доценті. Алматы, Қазақстан.  
**КСРО ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1934 ЖЫЛҒЫ (8 МАУСЫМ)  
«ОТАНДЫ САТУ» ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗАЛАУ ЗАҢЫ: ЕКІНШІ ДҮНИЕ  
ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚӘСКЕРИ  
ТҮТҚЫНДАРДЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ТАРИХИ ТАҒДЫРЫНДА**..... 227
- 60 **Әлібек С.Н.**, тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжінің директоры, Шымкент, Қазақстан Республикасы.  
**Досыбай Н.Ж.**, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің  
Қазақстан тарихы пәні оқытушысы  
**ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДА БОЛҒАН ҚЫЗЫЛҚҰМДЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ  
АЗАПТЫ ТАҒДЫРЫ**..... 230
- 61 **Ишанходжаева З.Р.**, профессор Национального университета Узбекистана им.  
Мирзо Улугбека. Доктор исторических наук. Ташкент, Республика Узбекистан.  
**ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ СОВЕТСКОЙ  
ВЛАСТИ В УЗБЕКИСТАНЕИ**..... 233
- 62 **Мулдахметова Ж.И.**, ст. преп. кафедры «История Казахстана» ЮКУ  
им. М. Ауэзова, кандидат исторических наук. г. Шымкент, Республика Казахстан  
**НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В  
КАЗАХСТАНЕ**..... 236
- 63 **Онгарова А.А., Кадирғалиева А., Сыпабеков Н.** Шымкент университеті,  
магистр, аға оқытушылары. Қазақстан Республикасы.  
**ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС ЖОЛЫНДАҒЫ ТҮРКІ  
ЗИЯЛЫЛАРЫ ҚҰРҒАН ПАРТИЯ МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН  
РӨЛІ**..... 238
- 64 **Кадирғалиева А.Т., Онгарова А.А., Бейсенбаев М.А.**, Шымкент университеті,  
магистр, аға оқытушылары. Қазақстан Республикасы.  
**АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК  
ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**..... 241
- 65 **Абдурахманов Н.А., Кадирғалиева А.Т., Купбаева Р.М.**  
Шымкент университеті, аға оқытушылары. Қазақстан Республикасы.  
**М. ШОҚАЙ БАСТАҒАН САЯСИ ЭМИГРАНТТАРДЫҢ ЕУРОПАДАҒЫ  
ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН ЖҮРГІЗГЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕСІ**..... 244
- 66 **Култаев Т.С.**, Кандидат исторических наук, главный научный сотрудник Архива  
Президента Республики Казахстан. г. Алматы.  
**КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЫ: ПРИЧИНЫ ЯВЛЕНИЯ**..... 247

67	<b>Қоскеева Ә.М.,</b> С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, PhD доктор. Алматы қ., ҚР. <b>ТҮТҚЫНДАҒЫ СКРИПКАШЫ (ӘЙТКЕШ ТОЛҒАНБАЕВ ХАҚЫНДА).....</b>	250
68	<b>Косанбаев К.,</b> д.ф.н., профессор университет «Мирас», Шымкент, Қазақстан. <b>Косанбаев С.К.,</b> к.и.н., доцент ЮКУ им. М.О.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>Садықұлова С.С.,</b> к.и.н., доцент ЮКУ им. М.О.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>М.ШОКАЙ: ЛИЧНОСТЬ, РОЖДЕННАЯ ВРЕМЕНЕМ.....</b>	254

## V-СЕКЦИЯ

### САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН КЕЗЕҢІНДЕГІ МИГРАЦИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР: ЖАППАЙ АУА КӨШУ ЖӘНЕ ДЕПОРТАЦИЯ

69	<b>Пазилов Е.Дж.,</b> М. Әуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент, Қазақстан. <b>1916-1930 ЖЖ. ТҮРЛІ НӘУБЕТТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ БОСҚЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.....</b>	260
70	<b>Мамраймов С.Д.,</b> ОҚМПУ, т.ғ.к. Шымкент, Қазақстан. <b>Мамраймова А.Е.,</b> «Intellect» физика-математикалық мектеп-лицейі. Шымкент, Қазақстан. <b>ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА КҮШТЕП КӨШІРЛГЕН ХАЛЫҚТАР.....</b>	264
71	<b>Саипова К.Д.,</b> д.и.н., и.о.профессора Национальный университет Узбекистана. <b>ПРОЯВЛЕНИЕ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ УЗБЕКСКОГО НАРОДА В ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....</b>	268
72	<b>Джалилов А.М.,</b> магистр гуманитарных наук, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>МАТЕРИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ АРМЯН ПОСЛЕ ДЕПОРТАЦИИ В КАЗАХСТАН НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ.....</b>	270
73	<b>Хомитов Р.,</b> старший преподаватель Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека, PhD <b>ВЛИЯНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ СОВЕТСКОЙ РОССИИ НА ИЗМЕНЕНИЕ ЭТНИЧЕСКОГО СОСТАВА В КАЗАХСТАНЕ.....</b>	273
74	<b>Исаев М.С., Батырхан Е.,</b> PhD, аға оқытушы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ. <b>КӘМШЕСКЕЛЕУ НАУҚАНЫНДА СЕМЕЙ ОКРУГІНЕН СЫРДАРИЯ ОКРУГІНЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАР.....</b>	276
75	<b>Отарбаева Д.К.,</b> ОҚМПУ, Тарих мамандығының магистранты. Шымкент қ., Қазақстан Республикасы <b>ҚУҒЫН-СҮРГІН КЕЗІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ.....</b>	279
76	<b>Найманбаев Б. Р.,</b> т.ғ.д., ҚР ҰҒА-ның профессоры <b>НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОГО ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 20-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....</b>	284
77	<b>Мәден А.Т.,</b> т.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті. Қазақстан Республикасы. <b>АҚТӨБЕ Өңіріне КӘРІСТЕРДІҢ КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУ ТАРИХЫ.....</b>	289
78	<b>Найманбаев Б.Р.,</b> т.ғ.д., ҚР ҰҒА-ның профессоры ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан. <b>Сыздықова Г.М.</b> ф.ғ.к., доцент ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан <b>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНАН.....</b>	292
79	<b>Абишева Ж.Р.</b> С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті. т.ғ.к., қауымдас.проф.м.а. Алматы қ., Қазақстан Республикасы. <b>ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДЫҢ ОЙРАНЫ.....</b>	295
80	<b>Козгамбаева Г.Б.,</b> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <b>Исабек Б.Қ.,</b> Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті <b>ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ШЕШЕН ЖӘНЕ ИНГУШ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНАН.....</b>	299

**2022 ЖЫЛЫ 2 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН «XX Ғ. БІРІНШІ  
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ САЯСИ  
ҚУҒЫН-СҮРГІН: ЖАҢАҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМ КӨЗҚАРАСЫМЕН  
ЗЕРДЕЛЕУ МЕН ЗЕРТТЕУ»АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ«ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В ЮЖНО-  
КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX В:  
ИЗУЧЕНИЕ И ИССЛЕДОВАНИЕ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ  
НОВОКАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА»**

Басуға 12.12.2022 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»  
Көлемі 19,5 шартты баспа табақ. Таралымы 100 дана.  
«Әлем» баспаханасы. Тапсырыс №1212.  
Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, 7

+ 7 702 331 44 37, +7 776 331 44 37  
Email: alembaspasy@mail.ru